

Том 26

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

26
ТОМ

Июль 1914 ~ август 1915

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1978

3К2
Л40

Л $\frac{10102-095}{401(07)-78}$ 2—78

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының жиырма алтыншы томы және бірқатар келесі томдар дүние жүзілік империалистік соғыс дәуіріне қатысы бар шығармаларды қамтиды. Бұл томға Лениннің соғыстың алғашқы жылында —1914 жылғы июльден 1915 жылғы авгусқа дейін жазған еңбектері еніп отыр.

Дүние жүзілік империалистік соғыс 1914 жылы 19 июльде (1 августа) басталып, төрт жылдан астам уақытқа созылды. Мұның өзі империалистік державалардың екі тобы арасында отарлар мен ықпал өрістерін қайта бөлісу, өзге халықтарды тонау және құлдану үшін жүргізілген соғыс еді. Бір топты герман империализмі бастады, оған Австро-Венгрия, Түркия және Болгария енді. Екінші топты (Антантаны) ағылшын және француз империалистері бастады, бұл топқа патшалық Россия да енді. Кейінірек Антантаға Италия, Жапония, Америка Құрама Штаттары және басқа мемлекеттер қосылды. Соғысқа бір жарым миллиардтан артық халқы бар 30-дан астам ел тартылды.

Халықтардың көз алдында соғысты ақтау үшін, бұқараны шовинистік желікпен уландыру үшін, соғысып жатқан елдер жұмысшыларының бірігуіне жол бермеу үшін, оларды бір-біріне айдап салу үшін үстем таптар, буржуазия мен помещиктер, идеологиялық ықпалдың барлық құралдарын пайдаланды. Әрбір елдің буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық партиялары соғыстың шын мақсаттарын жасырып, халық бұқарасын алдады,

соғыстың қорғаныс сипаты бар, ол «ұлтты аман сақтау» үшін жүргізіліп жатыр деп мәлімдеді, сөйтіп «отан қорғауға» шақырды.

Барлық елдердің социалистік партиялары алдында соғыстың шын мәні мен мақсаттарын ашып көрсету, үстем таптардың соғысты ақтау үшін таратып отырған өтірігін, софизмдері мен «патриоттық» жел сөздерін әшкерелеу, жұмысшы табының интернационалдық бірлігін қорғау, еңбекші бұқараны соғысқа қарсы, империализмге қарсы күреске көтеру міндеті тұрды. Халықаралық социалистік конгрестердің — Штутгарт (1907), Копенгаген (1910), Базель (1912) конгрестерінің — шешімдері социалистердің соғыс жағдайындағы тактикасын белгілеп берді, алдағы соғыс дүние жүзілік империалистік соғыс болады деп көрсетті және социалистерді соғыс туғызатын экономикалық және саяси дағдарысты революция мақсаттарына, капиталистік құрылысты құлату мақсаттарына пайдалануға міндеттеді.

Алайда соғыс басталған соң, социалистік партиялар мен II Интернационал лидерлерінің көпшілігі өздері қабылдаған осы шешімдерді естерінен шығарып, жұмысшы табына опасыздық жасады, өз елдерінің буржуазиясы жағына шықты, соғысты қолдады. Германияның және басқа көптеген елдердің социал-демократтары соғыс кредиттерін жақтап дауыс берді, Бельгия мен Францияның социалистері өз елдерінің империалистік үкіметтеріне енді. Патша өкіметі жүргізіп отырған соғысты Россиядағы меньшевиктер де қолдады. Социалистік партиялардың көсемдері буржуазияның шовинистік ұрандарын қайталап, соғысты ақтады, «азаматтық татулық» саясатын жүргізді, бұқараны езушілерге қарсы тап күресін соғыс кезінде тоқтата тұруға шақырды. Лениннің көрсеткеніндей, Европаның көптеген елдерінің социалистері ұстаған бұл сатқындық, масқара позиция үшін ең алдымен II Интернационалдың халықаралық социалистік қозғалыста үстем болған ең күшті әрі ықпалды партиясы — неміс социал-демократиясы жауапты еді. Ең ірі елдердің социалистік партияларында көсемдерінің сатқындығы салдарынан

іріткі туып, олар соғыс жөнінде дұрыс позиция ұстауға, буржуазиялық ұлтшылдық пен шовинизмнің тегеуріні- не төтеп беруге дәрменсіз болып шықты. II Интернационал күйреп, тарап кетті. Халықаралық социализм терең дағдарысқа ұшырады.

Дүние жүзілік-тарихи маңызы аса зор осы бір кезеңде тек Ленин бастаған большевиктер ғана соғыс жөнінде дұрыс, революциялық позиция ұстады. Соғыс басталғанға дейін көп уақыт бұрын большевиктік партия милитаризмге қарсы, соғысты болдырмау үшін дәйекті күрес жүргізген еді. Штутгарт социалистік конгресінің милитаризм және халықаралық жанжалдар туралы мәселе жөніндегі қарарына империалистік соғыс бола қалған күнде соғыс туғызатын дағдарысты социалистік революция мүддесіне пайдалану қажеттігі туралы аса маңызды қағида нақ Лениннің ұсынысы бойынша енгізілген болатын. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталғанда Ленин басшылық еткен большевиктік партия өзінің борышын абыроймен орындады, пролетарлық интернационализм туын жоғары көтерді, социализмге адал болып қалудың үлгісін көрсетті, Россия жұмысшы табының соғысқа қарсы, империализмге қарсы күресін басқарды.

1914—1918 жылдардағы дүние жүзілік империалистік соғыс мемлекеттердің тағдырларын бәске тігіп, капитализмнің барлық қайшылықтарын шегіне жеткізе шиеленістіріп, халықтардың өмірінде шұғыл өзгеріс туғызды. Соғысқа байланысты халықаралық жұмысшы қозғалысының жолдары мен перспективалары туралы, пролетарлық партиялардың жаңа тарихи жағдайдағы стратегиясы мен тактикасы туралы бірқатар жаңа мәселелер алға тартылды. Маркстік теорияны творчестволықпен дамыта отырып, Ленин осы проблемаларды түсіндіріп берді, большевиктік партия мен бүкіл халықаралық революциялық социал-демократияның соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөніндегі позициясын жан-жақты талдап белгіледі, жұмысшы табы мен бүкіл еңбекші бұқараға соғыстан шығуға мүмкіндік беретін бірден-бір революциялық жолын нұсқады.

Томға енген шығармаларды Ленин Швейцарияда жазған; ол соғыс басталғасын көп кешікпей Поронин-нен осында көшіп барған болатын. Бұл шығармалар-дың көпшілігі, бір жыл үзілістен кейін, Ленин қалпына келтірген РСДРП Орталық Органы—«Социал-Демо-крат» газетінде жарияланды. Том «Революциялық социал-демократияның европалық соғыстағы міндетте-рі» деген әйгілі лениндік тезистермен және Ленин сол тезистердің негізінде жазған РСДРП Орталық Комите-тінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» де-ген манифесімен ашылады, бұлар большевиктер пар-тиясының соғыс жөніндегі позициясын белгілеген және білдірген алғашқы документтер еді. Бұл доку-менттерде тұжырымдалған аса маңызды қағидалар большевиктердің Берн конференциясының Ленин жаз-ған қарарларында дамытылды, ал бұл конференция Жалпы россиялық конференцияның маңызына ие болды (қараңыз: «РСДРП шетелдік секцияларының конференциясы»). Лениннің томға еніп отырған «Со-циализм және соғыс (РСДРП-ның соғысқа көзқарасы)» деген, бірінші халықаралық социалистік конференция-ға арнап жазған кітапшасында большевиктік партия-ның соғыс кезіндегі бағыты кең көлемде түсіндірілді және негізделді.

Ленин өзінің шығармаларында дүние жүзілік соғыс-тың мәні мен себептерін терең ашып, партияның соғыс жағдайындағы дұрыс бағытын тек осы негізде ғана белгілеуге болады деп көрсетті. Сонымен бірге Ленин мынаны атап айтты: материалистік диалектика «нақты бір қоғамдық құбылысты оның дамуы жағынан алып қарауды және сыртқы, бұлдыр көрінетін нәрсені негізгі қозғаушы күштерге, өндіргіш күштердің дамуына және тап күресіне әкеліп саюды жан-жақты зерттеуді талап етеді» (осы том, 236-бет). Ленин бірінші дүние жүзілік соғыс империализм заманының жағдайларынан туған-дығын және капитализмнің әркелкі дамуы, империалис-тік державалар күштері арақатынасының өзгеруі нәти-жесінде пайда болғандығын көрсетіп берді. Империа-листік соғыс капиталистік елдердің соғысқа дейінгі империалистік тонаушылық саясатының жалғасы бол-

ды. «Бөтен ұлттардың жерін басып алып, олардың өздерін бағындыру, бәсекелес ұлтты күйзеліске ұшырату, оның байлықтарын тонау, еңбекшілер бұқарасының назарын Россияның, Германияның, Англияның және басқа елдердің ішкі саяси дағдарыстарынан басқа жаққа аудару, жұмысшылардың бірігуіне мүмкіндік бермей, ұлтшылдықпен олардың басын айналдыру және пролетариаттың революциялық қозғалысын әлсірету мақсатымен олардың авангардын қырғынға ұшырату,— деп жазды Ленин,— қазіргі соғыстың бірден-бір шын мазмұны, маңызы және мәні осындай» (15-бет).

Соғыстың империалистік сипатын негізге ала отырып, Ленин партияның соғыс жөніндегі позициясын белгіледі. Ол империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұранын ұсынды. «Соғыс кезіндегі революция —азамат соғысы»,— деп көрсетті Ленин. Сондықтан большевиктер дүние жүзілік империалистік соғыс жағдайында революция жолында күресkенде бұл соғысты азамат соғысына айналдыру ұранымен күресті. Бұл ұран соғыстың барлық жағдайларынан, Европаның көптеген елдерінде соғыстың революциялық жағдай жасағандығынан туды. Бірде-бір үкімет ертеңгі күніне сене алмады. Соғыс бұқараның күйзелісін адам айтқысыз ауырлатты, мұның өзі бұқара ішінде наразылық, қарсылық, дамудың белгілі бір сатысында қимылға айнала алатын революциялық пиғыл туғызды. 1915 жылдың өзінде-ақ барлық елдерде социалистік партиялардың жікке бөліну процесі де, пролетариат бұқарасының социал-шовинист көсемдерден революциялық идеялар мен пиғылдарға, революцияшыл көсемдерге ойысу процесі де, Лениннің көрсеткеніндей, революциялық дағдарыстың пісіп жетілгендігін көрсетті. Әлбетте, деп жазды Ленин, бұл революциялық жағдайдың революцияға алып баратын-бармайтындығын, революцияның дәл қай уақытта болатындығын күн ілгері білу мүмкін емес. Бірақ осы бағытта үнемі, үздіксіз жұмыс істеу, революциялық жағдайдың бар екендігін бұқараға түсіндіру, пролетариаттың революциялық санасы мен революциялық батылдығын ояту, оның революция-

лық қимылдарға көшуіне көмектесу, сөз жоқ, барлық социалистердің міндеті болып отыр. Империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұраны да осы жұмысты қорытатын және бағыттайтын ұран болды.

Революциялық социал-демократияның ол кезде айтқан азамат соғысы, Лениннің көрсеткеніндей, дамыған капиталистік елдерде буржуазияның өкіметін құлату үшін, Россияда демократиялық революция жасау үшін, артта қалған монархиялық елдерде республика орнату, т. б. үшін пролетариаттың қолға қару алып күресуі еді. Империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру жолындағы алғашқы адымдар ретінде Ленин мына шараларды белгілеп берді: соғыс кредиттеріне дауыс беруден сөзсіз бас тарту және буржуазиялық министрліктерден шығу, «ұлттық татулық» саясатынан толық қол үзу; құпия ұйым құру; соғысушы елдер солдаттарының бауырласуын қолдау; пролетариаттың революциялық бұқаралық қимылдарының қандайын болса да қолдау.

Азамат соғысы ұранымен қатар Ленин империалистік соғыста «өз» үкіметін қолдау, «отан қорғау» жөніндегі буржуазиялық және социал-шовинистік саясатқа қарама-қарсы «өз» үкіметінің жеңілуі ұранын ұсынды. «Империалистік соғыс жүргізіп жатқан өз үкіметіне қарсы әрбір елдегі күрес,— деп жазды Ленин,— революциялық үгіттің нәтижесінде сол елдің жеңілу мүмкіндігінен тартынып қалмауға тиіс. Үкімет армиясының жеңілуі сол үкіметті әлсіретеді, сол үкімет құлданып келген халықтардың азаттық алуына жағдай туғызады және билеуші таптарға қарсы азамат соғысын жеңілдетеді» (175-бет). Лениннің «Империалистік соғыста өз үкіметінің жеңілуі туралы» деген мақаласы осы ұранның маңызын түсіндіруге арналған. Бұл мақаласында Ленин «революцияшыл тап реакциялық соғыста өз үкіметіне жеңіліс тілемей тұра алмайды» деген принциптік маңызы бар қағиданы ұсынды. Ол дүние жүзілік империалистік соғыс жағдайында *барлық* империалистік елдерде пролетариат «өз» үкіметіне жеңіліс тілеп, осы жеңіліске жәрдемдесуі керек — мұнсыз империалистік соғыстың азамат соғысына айналуы

мүмкін емес деп атап көрсетті. Ленин Троцкийдің «жеңіс те, жеңіліс те болмасын» деген ұранын қатты сынады; бұл ұранды жақтаушылар, деп жазды ол, іс жүзінде «өз» үкіметін қолдайды, буржуазия мен социал-шовинистердің көзқарасын қостайды, жұмысшы табының «өз» үкіметтеріне қарсы интернационалдық революциялық қимыл жасауы мүмкіндігіне сенбейді, мұндай қимылдардың дамуына көмектескілері келмейді.

Буржуазия мен социал-шовинистер большевиктерді олардың патриотизмі, отанға деген сүйіспеншілігі жоқ деп кінәлады. Бұл жалақорлық әрекетке жауап ретінде Ленин «Великоростардың ұлттық мақтанышы туралы» деген мақала жазып, онда патриотизмді қалай ұғыну керектігін және оны интернационализммен қалай ұштастыру қажеттігін түсіндірді. «Біздерге, великорустардың саналы пролетарларына, ұлттық мақтаныш сезімі жат па? Әрине, жат емес!— деп жазды Ленин.— Біз өз тілімізді және өз отанымызды сүйеміз», орыс ұлтының езушілерге қарсы қаһарман күрескерлер шығарғанын, орыс жұмысшы табының қуатты революциялық партия құрғанын, орыс халқының адамзатқа «бостандық үшін, социализм үшін күресудің ұлы үлгілерін» бергенін біз мақтаныш етеміз. Империалистік соғыста патша үкіметінің жеңілуін жақтай отырып, большевиктер нағыз патриоттарша қимыл жасады, өйткені мұндай саясат патша өкіметін революциялық жолмен құлатуды жеңілдетуге, еңбекшілерді, яғни халықтың $^{9}/_{10}$ бөлігін, помещиктер мен капиталистердің езгісінен құтқаруға, «еркті, тәуелсіз, дербес, демократиялық, республикалық, абыройлы Великороссияның..., көрші елдермен өзінің қарым-қатынастарын ұлы ұлтты кемсітетін крепостниктік пұрсаттылық принципі негізінде құрмай, адамгершілік теңдік принципі негізінде құратын Великороссияның» (111—113-беттер) құрылуына бастады.

Ленин жұмысшыларды және барлық еңбекшілерді интернационализм рухында тәрбиелеудің, ұлттардың нағыз толық тең праволылығын, барлық халықтардың өзін өзі билеу правосын дәйекті қорғаудың маңыздылығын барынша атап көрсетті. Дұрыс түсінілген шын ұлттық мүдделер, өз халқыңның бақыты жолындағы күрес

барлық елдер жұмысшы табының социалистік мүдделеріне сай келеді. Бүкіл дүние жүзінің коммунистері Лениннің осы нұсқауларына сүйенеді, еңбекшілерді интернационализм мен социалистік патриотизм рухында, ұлтшылдық пен шовинизмнің қандай да болсын көріністеріне төзбеу рухында тәрбиелеуді өздерінің бірінші дәрежелі міндеті деп есептейді.

Большевиктердің дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарындағы дәйекті революциялық тактикасы, Лениннің атап көрсеткеніндей, партияның соғыс алдында ұстаған бағытының табиғи жалғасы және дамуы, «Россияда социал-демократияның отыз жылдық дамуының сөзсіз нәтижесі» болды. Лениннің басшылығымен большевиктер партиясы осы тактиканы жүзеге асыра отырып, соғыс жылдарында орасан зор революциялық жұмыс жүргізді. Швейцарияда болған кезінде Ленин шетелдердегі большевиктік топтарды біріктірді, Россиядағы партия ұйымдарымен байланыс орнатты, онда Орталық Комитет бюросының қалпына келтірілуін қамтамасыз етті, сөйтіп олардың қызметін бағыттап отырды. Соғыс басталғаннан кейінгі алғашқы айлардың өзінде-ақ «Россия жұмысшыларының саналы авангарды *іс жүзінде* Орталық Комитет пен Орталық Органның төңірегіне топтасқандығын», соғыс уақытының адам айтқысыз қиыншылықтарына қарамастан, партияның құпия революциялық жұмысы жүргізіліп отырғандығын Ленин қанағаттанғандықпен атап өтті. Ол жалпы және тұтас алғанда жұмысшы табы Россияда шовинизм дертіне шалдықпаған бірден-бір тап болғандығын мақтанышпен айтты.

Ленин IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттарының ерлікке толы қызметін жоғары бағалады: олар партияның саяси бағытын жүргізе отырып, соғыс кредиттеріне дауыс беруден бас тартып қана қойған жоқ, сонымен бірге соғысқа қарсы наразылық білдіріп, жұмысшы табының ең қалың ортасында жұмыс жүргізді, сол үшін сотқа тартылып, Сибирьге жер аударылған болатын. «РСДЖ Фракциясын соттау нені дәлелдеді?» деген мақаласында Ленин былай деп жазды: «Россияның саналы жұмысшылары бүкіл дүние жүзілік соғыс

кезінде және халықаралық оппортунизмнің бүкіл дүние жүзілік құлауы кезінде өзінің интернационалдық революцияшыл социал-демократтарға тән борышын орындауда бәрінен де гөрі көбірек қабілеттілік көрсеткен партияны құрып, сондай алдыңғы қатарлы отряд жасап шығарды» (182-бет).

Ленин жұмысшылардың интернационалдық топтасуын және оппортунизмнен батыл қол үзуді империалистік соғысқа қарсы күрес ісіндегі аса маңызды міндет деп есептеді. «Әрбір елдің социал-демократиясының міндеті,— деп жазды ол,— ең алдымен сол елдегі шовинизммен күресу болуға тиіс» (21-бет).

«Орыс зюдекумдері», «Ларин швед съезінде қандай «бірлікті» жариялады?», «Реакцияға малайлық етуді демократияны тәлкек етумен қалай ұштастырады?», «Бөтеннің жалауы астында», «Социал-шовинистердің софизмдері» деген мақалаларында Ленин меньшевиктердің социал-шовинизмін — Плехановтың, Аксельродтың, Потресовтың, Череваниннің және басқалардың позициясын әшкерелейді. Троцкий мен Мартов бастаған және «Наше Слово» журналының төңірегіне топталған орыс центристерінің позициясын Ленин аяусыз сынға алды, олар интернационализмді іс жүзінде емес, сөз жүзінде қорғауды және ашық социал-шовинистермен бірігу талабын ұштастыруға тырысып отыр деп көрсетті.

Сонымен бірге Ленин халықаралық социал-демократиядағы оппортунизмге қарсы батыл күресті кең өрістетті. «Біздің қазіргі міндетіміз,— деп жазды ол,— халықаралық оппортунизмге және оны бүркеушілерге қарсы сөзсіз және ашық күресу... Бұл — халықаралық міндет. Бұл міндет бізге жүктеліп отыр, өзге ешкімге де жүктеліп отырған жоқ. Бұл міндеттен шегіншектеуге болмайды» (Шығармалар, 35-том, 135-бет). «II Интернационалдың күйреуі», «Социалистік Интернационалдың жағдайы мен міндеттері», «Өлі шовинизм және тірі социализм (Интернационалды қалай қалпына келтіру керек?)», «Мұнан әрі не істеу керек? (Жұмысшы партияларының оппортунизм мен социал-шовинизм жөніндегі міндеттері туралы)» деген және басқа мақала-

ларында Ленин герман, француз, бельгия, ағылшын социал-демократиясындағы социал-шовинистер мен центристерді масқаралайды, II Интернационалдың күйреу себептерін ашып көрсетеді, солшыл социалистердің міндеттерін сипаттайды. Пролетарлық интернационализмді қорғау идеясы, жұмысшы табының жауларына деген таусылмас өшпенділік, халықаралық жұмысшы қозғалысын оны ірітіп-шіріткен шовинизм мен оппортунизмнен тазартуға ұмтылу бұл шығармалардың арқауы болды.

II Интернационалдың күйреуінің негізгі себебі, Лениннің атап көрсеткеніндей, онда жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бағындыру саясатын ұстаған оппортунистердің бел алып кетуі еді. Социал-шовинизм оппортунизмнің заңды жалғасы, оның дамуы болды. Ленин былай деп жазды: «Социал-шовинизм деп біз қазіргі империалистік соғыста отанды қорғау идеясын мойындаушылықты, бұл соғыста социалистердің «өз» елдерінің буржуазиясымен және үкіметтерімен одақтасуын ақтаушылықты, «өз» буржуазиясына қарсы пролетарлық-революциялық қимылдарды уағыздаудан және қолдаудан бас тартушылықты, т. т. айтамыз. Социал-шовинизмнің негізгі идеялық-саяси мазмұны оппортунизмнің негіздерімен әбден қабысып жатқандығы мүлде айқын. Бұл — *баяғы бір* ағым» (осы том, 263-бет).

Ленин социалистік партияларда социал-шовинизмнің басты екі сарыны пайда болғанын көрсетті: ол сарындардың бірі — ашық, арсыз сарын, ал екіншісі — жасырын, екіжүзді және сондықтан да неғұрлым қауіпті сарын. Оппортунизм мен социал-шовинизмнің бұл екі түрінің арасындағы алшақтық терең, принципті алшақтық емес; негізгі мәселеде екеуі қабысып жатады. Ленин жасырын оппортунизмге — центризмге, каутскийшілдікке қарсы күресудің маңыздылығын ерекше атап көрсетті. Кімде-кім каутскийшілдікке қарсы күрессе, кімде-кім «центр» принцип жағынан алғанда шовинистер мен оппортунистердің одақтасы болып қала беретінін түсінсе, тек сол адам ғана шын интернационалист болып табылады деп жазды Ленин.

Ленин өзінің шығармаларында социал-шовинизмнің әлеуметтік тамырларын, оның империализммен байланысын ашып көрсетті. Жұмысшы қозғалысында оппортунизмнің тууы, өсуі және күшеюі капитализмнің империализмге ұласу процесімен тікелей байланысты. Империализм жағдайында, капитализмнің барлық қайшылықтары шиеленіскен кезде өз үстемдігін сақтау үшін буржуазия жұмысшы қозғалысына іштен іріткі салуға тырысады. Үстеме пайда есебінен жұмысшы табының жоғарғы тобын сатып алу арқылы, оған экономикалық және саяси пұрсатты жағдайлар жасау, министрліктерден, парламенттерден, газет редакцияларынан табысы мол, жайлы орындар беру арқылы буржуазия осы жоғарғы топты өз жағына тартатынын, оны жұмысшы қозғалысына буржуазияның ықпалын таратушыға айналдыратынын Ленин көрсетіп берді. «Жұмысшы аристократиясы» дейтін тұтас бір жік пайда болып, ол пролетариат бұқарасынан бірте-бірте іргесін аулақ салды, сөйтіп буржуазия жағына шығып, оның мүдделерін қорғайтын болып алды. Ленин былай деп жазды: «Жұмысшы қозғалысындағы шовинизм мен оппортунизмнің экономикалық негізі бір; ол негіз — пролетариаттың азын-аулақ жоғарғы топтары мен мещандардың, «өздерінің» ұлттық капиталының пұрсатты жағдайларын там-тұмдап пайдаланып отырғандардың, пролетарлар бұқарасына қарсы, еңбекшілер бұқарасына қарсы, жалпы езілгендерге қарсы одағы» (266-бет).

Оппортунизм, деп көрсетті Ленин, буржуазияның жұмысшы қозғалысы ішіндегі ұйымдасқан қаруы бола отырып, пролетариаттың басты жауына айналды. Оппортунистер — жұмысшы табының буржуазиялық жаулары, олар бейбіт уақытта жұмысшы партияларының ішінде жүріп, өздерінің буржуазиялық жұмысын жасырын жүргізеді, ал дағдарыс дәуірінде бүкіл біріккен буржуазияның ашық одақтастары бола қалады. Ленин социал-шовинистермен және оппортунистермен ұйымдық жағынан ажырасу, басқа елдерде нағыз революциялық, маркстік партияларды ұйымдастыру және жаңа, III Интернационалды құру міндетін тұжырымды түрде алға қойды. Большевиктік партия, деп көрсетті Ленин,

оппортунистік топтармен және элементтермен ұйымдық жағынан әлдеқашан ажырасты, империалистік соғыс кезінде большевиктік партияның өзінің революциялық борышын өтеуіне нақ осы жағдай жәрдемдесті. Большевиктердің алдына социал-шовинистермен ажырасудың тиімді-тиімсіздігі туралы мәселе қойылуы мүмкін емес. Большевиктер бұл мәселені біржола шешкен. Большевиктер үшін осыны таяу уақытта халықаралық көлемде жүзеге асыру туралы мәселе ғана бар.

II Интернационал заманындағы социалистік партиялардың типіне өз ішінде оппортунистердің болуына төзетін, оппортунизм «ауытқушылық» болғанмен де, социал-демократиялық партияның заңды құрамдас бөлегі деп саналатын партия жататын. Партияның мұндай типінің күні өткен. Күрестің жаңа жағдайлары, социалистік революциялар заманы оппортунизмнен арылып болған жаңа түрпатты пролетарлық партияларға көшуді талап етті. Оппортунистермен және социал-шовинистермен толық ажырасу, революциялық пролетарлық партиялардың ұсақ буржуазиялық партиялардан — оппортунистік партиялардан сөзсіз бөліну қажеттігі осыдан келіп туды. Жаңа, үшінші Интернационал, деп көрсетті Ленин, нақ осындай, революциялық негізде құрылуға тиіс. Бірақ *«халықаралық* маркстік ұйымды жүзеге асыру үшін *әр түрлі* елдерде дербес маркстік партия құруға әзір тұрушылық болуға тиіс» (367-бет).

Көптеген социалистік партияларда солшыл, революциялық, элементтер бар болатын. Ленин олардың позициясы мен қызметін жіті қадағалап отырды, олардың көбімен хат жазысып тұрды, оларға өзінің ақыл-кеңесімен көмектесіп, бірқатар мәселелердегі олардың қателіктерін көрсетті, оппортунистерге қарсы неліктен және қалай күрес жүргізу керек екенін түсіндірді. Орыс интернационалистері, деп жазды Ленин, әлбетте, өздерінің солшыл жолдастарының ішкі істеріне араласуды мүлде қаламайды. «Біз тек істің жайы туралы өз пікірімізді ашық айтуды өзіміздің правомыз және борышымыз деп есептейміз» (363-бет). Ленин маркстік, солшыл элементтерді халықаралық көлемде топтастыруды ең шұғыл міндет деп есептеді және осыған күш салу-

ды талап етті. Соғыс кезінде болғалы отырған алдағы бірінші халықаралық социалистік конференцияда солшылдар бірыңғай күш ретінде көрінуі үшін Ленин көп күш-жігер жұмсады. 1915 жылы сентябрьде Циммервальдта өткен осы конференцияға солшылдар қарарының Ленин жазған жобасы томда жарияланып отыр.

Ленин жеке елдерде революциялық-пролетарлық партиялардың ұсақ буржуазиялық-оппортунистік партиялардан бөліну процесі дәл қандай жеделдікпен және дәл қандай формаларда өтетіндігін айту қиын деп көрсетті. Бірақ, деп жазды ол, «мұндай бөлінудің сөзсіз болатындығын айқын ұғу, жұмысшы партияларының бүкіл саясатын дәл осы тұрғыдан бағыттап отыру» (271-бет) қажет. Халықаралық жұмысшы қозғалысының дамуы Лениннің бұл қорытындысын дәлелдеп берді. Большевиктердің, Ұлы Октябрь социалистік революциясының үлгісімен рухтанған солшыл социалистер Германияда, Францияда, Англияда, Америка Құрама Штаттарында және басқа бірқатар елдерде көп кешікпей оппортунистерден қол үзді, сөйтіп жаңа түрпатты пролетарлық партиялар, коммунистік партиялар құрды. Бұдан әрі маркстік революциялық партиялар құру процесі капиталистік, тәуелді және отар елдердің бәрін дерлік қамтыды. Қазіргі уақытта коммунистік партиялар дүние жүзінің барлық елдерінде дерлік бар, олар өздерінің қатарларында ондаған миллион адамды біріктіріп отыр. Мұның өзі — марксизм-ленинизмнің тамаша жеңісі, жұмысшы табының орасан зор табысы.

Лениннің осы томға енген шығармалары маркстік теорияның революциялық практикамен біте қайнасқан байланысының, жұмысшы табының жаңа тарихи жағдайлардағы күрес тәжірибесін қорыту негізінде марксизмді творчестволықпен дамытудың жарқын үлгісі, партияның саясатын теориялық жағынан терең негіздеудің мысалы болып табылады. Соғыс жылдарында Ленин материалистік диалектиканы талдап жасауға баса назар аудара отырып, философиялық әдебиетті тағы да зерттейді, аграрлық мәселелер мен ұлт мәселелері жөніндегі, соғыстар жайындағы әдебиетті, әсіресе империализм жөніндегі әдебиетті зерттейді. Лениннің соғыс

жылдарында жазылған шығармаларының теориялық мазмұны өте-мөте бай, оның бұл еңбектері марксизмнің идеялық қазынасына қосылған аса ірі үлес болып табылады.

Осы кезеңде жазылған еңбектерінде Ленин соғыс және социалистердің соғыстарға көзқарасы туралы маркстік ілімді дамытады, бұл арада ең алдымен осы томға енген «Социализм және соғыс» деген кітапшасын атап өткен жөн.

Ленин соғыстың екі типі болады деп көрсетті:

Біріншіден, бөтен елдер мен халықтарды басып алуды және құлдануды, социалистік мемлекеттерді құртуды, социалистік, демократиялық және ұлт-азаттық қозғалыстарды басып-жаншуды мақсат ететін әділетсіз, империалистік соғыстар болады. Мұндай соғыстарда «отан қорғау» ұраны жалған ұран болып табылады, оны буржуазия бұқараны алдау мақсатымен, өзінің басқыншылық, тонаушылық мүдделерін жасыру үшін ұсынады. Мұндай соғыстарда жұмысшы табы мен барлық прогресшіл күштер «отан қорғау» ұранын қолдай алмайды, қайта, керісінше, оның империалистік сипатын әшкерелеуге тиіс. Әділетсіз, империалистік соғыстарға қарсы революция жасауға дейін, өз еліндегі империалистік үкіметті құлатуға дейін барып, барлық құралдарды қолданып, батыл күрес жүргізу қажет.

Екіншіден, халықты сыртқы шабуылдан және оны құлдану әрекеттерінен қорғауды, еңбекшілерді феодалдық және капиталистік езгіден азат етуді, отарлар мен тәуелді елдерді империализм тепкісінен құтқаруды, социалистік мемлекетті империалистердің шабуылынан қорғауды көздейтін әділетті соғыстар болады. Мұндай соғыстарды жұмысшы табы мен барлық прогресшіл күштер қолдауға тиіс. Ұлт-азаттық қозғалыстарында, ұлттық тәуелсіздікті қорғайтын соғыстарда «отан қорғау» ұраны дұрыс әрі қажетті ұран болып табылады және марксизм рухына толық сай келеді.

Ленин соғыстың сипатын қалай анықтау керек деген сұраққа да жауап береді. Соғыс, деп үйретті ол, белгілі бір державалардың және олардың ішіндегі әр түрлі таптардың соғысқа дейін жүргізген саясатының зорлық құ-

ралдарымен одан әрі жалғастырылуы, ал соғыстың сипаты — оның әділетті соғыс немесе әділетсіз соғыс болуы — соғысты қай таптың жүргізіп отырғандығына, ол соғыс арқылы қандай саясат одан әрі жалғастырылып отырғандығына байланысты болады. Коммунистік және маркстік-лениндік жұмысшы партиялар социалистердің соғыстарға көзқарасы жөніндегі Лениннің негізгі нұсқауларын ұдайы басшылыққа алып отырады.

Халықтарды қисапсыз көп қайғы-қасіретке душар еткен дүние жүзілік империалистік соғыс миллиондаған адамдарды қырғынға ұшыратты, орасан көп зиян келтірді, соғыс атаулыны қалай жоюға болатыны туралы мәселені адамзаттың алдына мейлінше қатты қойды. Бұқара арасында бейбітшілікті жақтаған пиғылдар өсе түсті. Осыны сылтауратқан империалистер бұл дүние жүзілік соғыс — соңғы соғыс, бітімге келуді үкіметтер де тілеп отыр деген ойды халықтардың құлағына құйып, шындығында «өз» ұлтының пайдасын көздейтін тонаушылық, империалистік бітімді көксейтінін жасырып қалды. Буржуазиялық пацифистер мен оппортунистер мұндай жағдайда бұқараның империалистік үкіметтерге қарсы революциялық күресінсіз-ақ әділетті, демократиялық бітімге жетуге болар еді-міс деп мәлімдеді.

«Социализм және соғыс» деген кітапшасында, «Буржуазияшыл филантроптар және революциялық социал-демократия», ««Бейбітшілік» ұранын бағалау жөнінде», «Бейбітшілік туралы мәселе» деген мақалаларында және басқа еңбектерінде Ленин сол жағдайда, дүние жүзілік империалистік соғыс жағдайында, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұранына қарама-қарсы қойылған, барлық ұлттарға өзін өзі билеу правосын беру талабынан тыс алынған бейбітшілік ұраны қате ұран болғанын, ол империалистер бұқара аңсап отырған әділетті, демократиялық бітімге жеткізе алады-мыс деген жалған үміт туғызатынын түсіндіріп берді. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет мемлекеті соғысушы елдердің барлық халықтары мен үкіметтеріне әділетті демократиялық бітім туралы, аннексиясыз және контрибуциясыз бітім туралы дереу келіс сөз бастау жөнінде ұсыныс жасады. Сонымен бірге Со-

вет үкіметі соғысты тезірек аяқтау мақсатымен бітімнің басқа шарттарының бәрін қарауға келісті. Бейбітшілік орнату, ал одан кейін баянды бейбітшілікті сақтау жолындағы күрес Коммунистік партия мен Совет мемлекеті сыртқы саясатының басты бағыты болды.

Дүние жүзілік империалистік соғысқа байланысты Ленин қоғам өмірінде соғыстарды болдырмаудың перспективалары жөнінде бірқатар аса маңызды қағидаларды тұжырымдады.

Ленин ең алдымен мынаны атап көрсетті: соғыс атаулыны жоюға, жер бетінде баянды бейбітшілік болуына ұмтылуға қоғамдық құрылыс ретінде социализм өзінің жаратылысы жағынан мүдделі, «соғыстарды тоқтату, халықтар арасында бейбітшілік орнату, тонаушылық пен зорлық-зомбылыққа тыйым салу — нағыз біздің мұратымыз» (325-бет). Сонымен бірге ол соғыстар капитализмнің серігі, әсіресе оның империалистік сатысындағы серігі болып табылады деп жазды және «таптарды жоймайынша және социализмді орнатпайынша соғыстарды жоюға болмайтындығын» (333-бет) атап көрсетті. Империализм тұсындағы соғыстар туралы тезисті ұсынғанда Ленин екі жағдайды ескерді. Біріншіден, империализм өзінің жаратылысы жағынан соғыс тудырмай қоймайтындығы, империализм өмір сүріп отырғандықтан агрессиялық соғыстардың экономикалық негізі де сақталатындығы фактісі. Лениннің бұл қағидасы капитализм системасымен қатар дүние жүзілік социализм системасы өмір сүріп отырған қазіргі жағдайда да өзінің күшін сақтайды. Әзірге жер шарында капитализм сақталып отырғанда, империалистік буржуазия алдағы уақытта да соғыс авантюрасы мен агрессияға ұмтыла бермек. Міне, сондықтан бейбітшіл күштер империалистердің агрессиялық тіміскі әрекеттері жөнінде аса зор қырағылық көрсетулері керек.

Екіншіден, Ленин империализм тұсында соғыстың болмай қоймайтыны жайында айтқанда мына жағдайға сүйенді: ол кезде империализм бірден-бір тұтас система болатын; барлық жерде мемлекеттік саясатты, жұмысшы табы емес, империалистік буржуазия белгілеп отырды, ол халықаралық аренада жеке-дара үстемдік етті, ал

бейбітшіл күштер әлсіз еді, сондықтан олар басқыншылық соғыстардың алдын алуға дәрменсіз болды. Бірақ Ленин бірқатар елдерде революцияның жеңіске жетуі халықаралық жағдайды өзгертетінін және дүние жүзілік соғыстарды болдырмауға мүмкіндік беретін жағдайлар жасайтынын болжай білді және атап көрсетті. Лениннің «бірқатар ойдағыдай революциялар жасалмаса, осы соғысқа ілесе көп ұзамай басқа соғыстар келеді» (42-бет) деген қағидасынан нақ осы қорытынды туады.

Лениннің бірқатар елдерде пролетариаттың өкімет басына келуі нәтижесінде соғыстарды болдырмау мүмкіндігі туралы мәселе жаңаша қойылады деген болжамы дәлелденді. Дүние жүзілік социализм системасы құрылып, бейбітшілікті жақтаушылардың қуатты қозғалысы туғаннан кейін соғыс болмай қоймайтын лажсыз нәрсе болудан қалды. Жаңа тарихи жағдайларды негізге алып және маркстік-лениндік ілімді творчестволықпен дамыта отырып, Совет Одағының Коммунистік партиясы жер бетінде социализм толық жеңіске жеткенге дейін-ақ қоғам өмірінен соғысты аластаудың нақты мүмкіндігі бар, қуатты социалистік лагерьдің, социалистік емес бейбітшіл мемлекеттердің, халықаралық жұмысшы табының және бейбітшілік ісін қорғайтын барлық күштердің біріккен күш-жігері арқылы дүние жүзілік соғысқа жол бермеуге болады деген аса маңызды қорытынды жасады. Бүкіл дүние жүзінде социализмнің жеңіске жетуі қандай да болсын соғыстың шығуының әлеуметтік және ұлттық себептерін біржолата жояды.

«Маркстің әдісі,— деп жазды Ленин,— ең алдымен мынада: осы нақты жағдайда *қай* таптың қозғалысы ықтимал прогрестің басты тетігі екендігін әуелі түсініп алу үшін осы нақты кезеңдегі, осы нақты жағдайдағы тарихи процестің *объективтік* мазмұнын еске алу керек» (148-бет). Тек осы негізде ғана, тек нақ сол заманның негізгі белгілерін білгенде ғана «біз өз тактикамызды дұрыс құра аламыз». XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында басталған заманға тән белгі, деп көрсетті Ленин, капитализмнің империализмге ұласуы,

капитализмнің күйреуіне, халықаралық пролетариаттың халықаралық империализмге қарсы күресуіне объективтік жағдайлар тууы болып табылады. Ленин басталған заманға «империализм, соғыстар және революциялар заманы» деп анықтама берді. Мұның өзі сол кез үшін әбден дұрыс еді. Ал Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Ленин заманның негізгі мазмұны капитализмнен социализмге көшу, «капитализмді және оның қалдықтарын жою, коммунистік тәртіптің негіздерін енгізу» (Шығармалар, 31-том, 401-бет) болып отыр деп көрсетті.

Ленин өзінің империалистік соғыс жылдарында жазылған алғашқы еңбектерінде-ақ империализмге ғылыми сипаттама берді, империализм — монополистік капитализм, капитализмнің жоғары және ақырғы сатысы болып табылады деп көрсетті, империализмнің негізгі белгілерін сипаттап берді. Ленин былай деп жазды: дүние жүзілік империалистік соғысты «капитализм өз дамуының жоғары сатысына жеткен кездегі, шетке тек товар шығару ғапа емес, енді шетке капитал шығару да неғұрлым елеулі маңыз алған кездегі, өндірісті картельдендіру және шаруашылық өмірді интернационалдандыру едәуір мөлшерге жеткен кездегі, отаршылдық саясат жер шарын түгел дерлік бөлісіп алуға жеткізген кездегі, дүние жүзілік капитализмнің өндіргіш күштері ұлттық-мемлекеттік бөліністің шектеулі шеңберлерінен асып шыққан кездегі, социализмді жүзеге асырудың объективтік шарттары әбден пісіп жетілген кездегі заманның жағдайлары туғызып отыр» (осы том, 171-бет).

Империализм заманын терең зерттеудің нәтижесінде Ленин империализм заманында капитализмнің экономикалық және саяси жағынан біркелкі дамымауы жөніндегі заңды ашты. Бұл заңның мәнісі мынада: капиталистік елдер біркелкі дамымайды, секірмелі түрде дамиды, күштердің арақатынасының өзгеруі, империалистік державалар арасында отарлар мен ықпал өрістерін қайта бөлісу жолындағы күрестің күшеюі осының салдары болып табылады. Ленин империализм заманында экономикалық дамудың біркелкі болмауы түрлі ел-

дерде социалистік революцияның жеңуі үшін саяси алғы шарттардың бір мезгілде пісіп жетілмеуіне әкеп соқтыратынын, ал капиталистік елдер арасындағы қайшылықтардың шиеленісуі мен жанжалдар империализм системасын әлсіретететінін, сөйтіп оның неғұрлым әлсіз буынынан үзілуін жеңілдететінін көрсетіп берді. Осыны негізге ала отырып, Ленин мынадай қорытындыға келді: социалистік революция барлық немесе басты-басты капиталистік елдерде тек бір мезгілде ғана жеңуі мүмкін деген Маркс пен Энгельстің ертеректе кең таралған қағидасы енді жаңа жағдайларға сай келмейді. Бұл формула жаңа қағидамен — социалистік революцияның барлық елдерде бір мезгілде жеңуі мүмкін еместігі туралы және социализм бастапқыда бір немесе бірнеше елде жеңуі мүмкін деген қағидамен алмастырылуы тиіс.

Ленин өзінің бұл данышпандық жаңалығын 1915 жылы августа «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласында тұңғыш рет тұжырымдады; бұл мақала осы томға еніп отыр. «Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі,— деп жазды Ленин,— капитализмнің сөзсіз заңы. Бұдан социализмнің әуелі бірнеше елде немесе тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін деген қорытынды шығады» (382-бет).

Лениннің социализм бастапқыда бір елде жеңуі мүмкін деген қорытындысы аса зор жаңалық болды; ол сонымен бірге марксизмді творчестволықпен дамытудың үлгісі болып табылады. Мұның өзі социалистік революцияның жаңа теориясы еді, ол халықаралық жұмысшы табына күрестің айқын перспективасын көрсетіп берді, өзінің ұлттық буржуазиясына шабуыл жасау үшін әрбір жеке ел пролетарларының жігерін тасытып, инициативасын күшейтті, оларды жеңіске деген ғылыми-негізделген сеніммен қаруландырды. Социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы Лениннің ілімі Совет Одағы Коммунистік партиясының социалистік революцияның жеңуі және елімізде социализм орнату жолындағы күресінде басшылыққа алатын принципіне айналды.

Империалистік соғыс жылдарында Ленин революциялық жағдай туралы маркстік қағиданы жан-жақты талдап жасады, ал маркстік партиялардың практикалық қызметі үшін бұл қағиданың орасан зор маңызы бар. Лениннің талай рет атап көрсеткеніндей, революцияның белгілі бір елге сырттан «әкелінуі» мүмкін емес, сондай-ақ оны әлдекімнің тілегі немесе бұйрығы бойынша туғызуға да болмайды. Революция әрбір елдің ішкі дамуының нәтижесі болып табылады, ол объективтік себептерден, әлеуметтік қайшылықтардың мейлінше шиеленісуінен туады және революциялық жағдайлар дейтін толғағы жеткен дағдарыстардан өсіп жетіледі.

Ленин революциялық жағдайдың өзіне тән мынадай басты-басты үш белгісі болады деп көрсетті: «1) Үстем таптардың өздерінің үстемдігін өзгеріссіз күйде сақтап тұруы мүмкін болмайды; «жоғарыдағылардың» біресе ол, біресе бұл дағдарысы, үстем тап саясатының дағдарысы туады, бұл дағдарыстың нәтижесінде езілген таптардың наразылығы мен ашу-ызасы сыртқа шығатын жарықшақ пайда болады. Революцияның тууы үшін әдетте «төмендегілердің» ескіше тұруды «тілемеуі» жеткіліксіз, оның үстіне «жоғарыдағылардың» ескіше тұра «алмауы» керек. 2) Езілген таптардың мұқтаждығы, күйзеліске ұшырауы әдеттегіден күштірек шиеленіседі. 3) «Бейбіт» заманда өзін тып-тыныш тоната беретін, ал дауылды уақыттарда дағдарыстың бүкіл жағдайы арқылы да, *«жоғарыдағылардың» өздері арқылы да* дербес тарихи аттанысқа тартылатын бұқараның белсенділігі, жоғарыда айтылған себептерге байланысты, анағұрлым артады.

Жеке топтар мен партиялардың ғана емес, сонымен қатар жеке таптардың да еркіне тәуелсіз осы объективтік өзгерістер болмайынша, революцияның болуы — жалпы ереже бойынша — мүмкін емес» (231-бет). Алайда революциялық жағдайлардың бәрі бірдей революцияға жеткізе бермейді. Революциялық жағдай революцияға айналуы үшін, деп көрсетті Ленин, жоғарыда аталған объективтік факторларға субъективтік фактор: ескі өкіметті құлатып, өз өкіметін орнату үшін мейлінше күшті әрі жігерлі бұқаралық революциялық қимыл-

дарға революцияшыл таптың қабілеттілігі қажет. Ленин жұмысшы табының революциялық күресіне маркстік партияның басшылық етуін социалистік революция жеңісінің шешуші шарты деп есептеді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы, СССР-де социализмнің толық және түпкілікті жеңуі, бірқатар елдердегі революциялар және социализм құрылысы, еңбекшілердің халықаралық азаттық қозғалысының бүкіл барысы социалистік революцияның лениндік теориясының дұрыстығы мен ұлы күшін дәлелдеп берді.

Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласы томда ерекше орын алады, ол бұл мақаласын Гранат баспасының Энциклопедиялық сөздігіне арнап жазған болатын. Мақалада Маркстің өмірі мен қызметі нағыз ғылыми тұрғыдан дәуір-дәуірге бөлінген, оның көзқарастарының дамуындағы негізгі кезеңдер ерекше атап көрсетілген, марксизмге, оның барлық құрамдас бөлімдеріне тұжырымды, сонымен бірге терең сипаттама берілген. Ленин марксизм қоғамдық ой-пікірдің дамуында нағыз революция жасады деп көрсетеді. Ол маркстік философиялық материализм мен Маркс диалектикасының негізгі белгілерін ашып көрсетеді, Маркстің тарихты материалистік тұрғыдап түсінуді ашуының аса зор маңызын түсіндіреді, Маркстің экономикалық ілімінің, ғылыми социализмнің мәнін, пролетариаттың таптық күресінің маркстік принциптерін сипаттайды. Ленин Маркс көзқарастарының тамаша дәйектілігі мен тұтастығын атап айтады, бұл көзқарастар жинақталған күйінде «дүние жүзіндегі барлық цивилизациялы елдердің жұмысшы қозғалысының теориясы мен программасы болып саналатын осы заманғы материализм мен осы заманғы ғылыми социализмді» (51-бет) беріп отыр. Ленин іске басшылық ретіндегі марксизмнің творчестволық сипатын, оның ревизионизммен және догматизммен сыйыспайтындығын атап айтып, марксизм ілімінің дұрыстығын өмір, тарихтың барысы толық дәлелдеп бергендігін көрсетеді. Лениннің «Карл Маркс» деген еңбегі марксизмнің теориясы мен тарихына қосылған аса көрнекті үлес болып табылады.

* *
*

Жиырма алтыншы томда Лениннің Шығармаларға бірінші рет енгізілген 9 жаңа документі жарияланып отыр. Олардың ішінде мынадай үш шығарма: ««Сұңқар туралы жырдың» авторына», ««Украина және соғыс» деген мақалаға «Редакциядан» ескерту» және «Халықаралық социалистік әйелдер конференциясы қарарының жобасы» бұрын «Социал-Демократ» газетінде қол қойылмай басылған болатын, енді Лениннің шығармалары ретінде тұңғыш рет жарияланып отыр.

««Сұңқар туралы жырдың» авторына» деген заметкасын Ленин буржуазиялық патриотизм рухында жазылған және орыс интеллигенциясының көрнекті өкілдері, олардың ішінде М. Горький де қол қойған үндеу хаттың баспасөзде жарық көруіне байланысты жазды. Өзінің сипаты жағынан алғанда бұл заметка Горькийге жазылған ашық хат сияқты, онда Ленин Горькийдің қылығын қатал айыптап, міней отырып, сонымен бірге оның қате әрекетін достық ниетпен түсіндіреді, өйткені Горькийдің бұл әрекеттері оны жақсы көретін, оған сеніммен қарайтын жұмысшы табына зиян келтіруі мүмкін еді. «Саналы жұмысшылардың міне осы сенімі Горькийге белгілі *міндет,*— деп атап көрсетеді Ленин,— өзінің аяулы есімін ардақтай білу міндетін жүктейді және санасы өсіп жетілмеген жұмысшыларды адастырып жіберуі мүмкін кез келген арзанқол шовинистік наразылықтарға қол қою үшін ол есімді пайдаландырмауды жүктейді... Струвенің есіміне ешбір жұмысшы алданбайды, ал Горький есіміне алданып қалуы мүмкін» (осы том, 99—100-беттер).

«Социал-Демократтың» 38-номерінде жарияланған, осы томда басылып отырған ««Украина және соғыс» деген мақалаға «Редакциядан» ескерту» пролетарлық интернационализмнің лениндік саясатын, ұлтшылдық пен шовинизмге қарсы шыққан интернационалистік пиғылдағы элементтерді Лениннің қолдауын сипаттайды.

«Халықаралық социалистік әйелдер конференциясы қарарының жобасы» Лениннің халықаралық жұмысшы қозғалысындағы солшылдарды топтастыру жөніндегі

қызметін бейнелейді. РСДРП Орталық Комитетінің делегациясы халықаралық социалистік жастар конференциясында да дәл осы қарарды ұсынған болатын.

«Дайындық материалдар» бөлімінде Лениннің жеті документі басылып отыр, олар мыналар: солшыл социал-демократтардың бірінші халықаралық социалистік конференцияға арнаған қарары жобасының нұсқасы, «Европалық соғыс және европалық социализм» деген кітапшаның жоспары, «Карл Маркс» деген мақаланың жоспары, өз елінің империалистік соғыста жеңілуі туралы мақаланың жоспары, «Империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұраны туралы» (бірінші рет жарияланып отыр), «Бірінші май және соғыс» деген рефераттың жоспары (Шығармалардың 4-басылуында жарияланған) және 1915 жылы Бернде РСДРП шетелдік секцияларының конференциясы қабылдаған «Орталық Орган және жаңа газет» деген қарардың үшінші пунктінің жобасы. Бұл жоба Лениннің большевиктердің шетелдік секцияларын топтастыру жолындағы, партияның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетін шығайту жолындағы күресін сипаттайды.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ЕВРОПАЛЫҚ СОҒЫСТАҒЫ МІНДЕТТЕРІ[1]

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫ ЕВРОПАЛЫҚ СОҒЫС ТУРАЛЫ

Европалық соғыс туралы мәселе жөнінде жуырда Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы басшы қайраткерлерінің кеңесі болып өтті деп, бізге өте сенімді жерден хабарлап отыр. Бұл кеңестің толық ресми сипаты болмаған, өйткені патша үкіметі тарапынан болған жаппай қамауға алудың және құлақ естіп, көз көрмеген қуғын-сүргіннің салдарынан Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Комитеті әлі бас қоса алмаған еді. Бірақ сөз болып отырған кеңес шынында да РСДЖ Партиясының аса беделді топтарының көзқарасын көрсеткендігін біз әбден дәл білеміз.

Кеңес мынадай қарар қабылдады, біз оның толық текстін документ ретінде келтіріп отырмыз:

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР ТОБЫНЫҢ ҚАРАРЫ

1) Европалық және бүкіл дүние жүзілік соғыста буржуазиялық, империалистік, династиялық соғыстың айқын белгіленген сипаты бар. Рыноктар үшін күресу және бөтен елдерді тонау, елдердің өз ішіндегі пролетариат пен демократияның революциялық қозғалысын тыйып тастауға тырысу, буржуазияның пайдасын көздеп бір ұлттың жалдама құлдарын екінші бір ұлттың жалдама құлдарына өшіктіріп, барлық елдердің пролетарларын ақымақ етуге, бірінен-бірін ажыратып, қырып-жоюға тырысу — соғыстың бірден-бір нақты мазмұны мен маңызы осындай.

2) Соғыс бюджетін жақтап дауыс берген және прусиялық юнкерлер мен буржуазияның буржуазиялық-шовинистік сөздерін қайталап отырған II Интернационалдың (1889—1914) ең күшті әрі беделді партиясы саналатын неміс социал-демократиялық партиясы көсемдерінің қылығы — социализмге тура опасыздық істегендік[2]. Неміс социал-демократиялық партиясы көсемдерінің қылығын еш уақытта да, бұл партия мүлдем әлсіз деп шамалағанда да және ұлттың буржуазиялық көпшілігінің еркіне уақытша бағыну қажет болған күнде де, ақтауға болмайды. Іс жүзінде бұл партия қазіргі уақытта ұлттық-либералдық саясат жүргізіп отыр.

3) Буржуазиялық министрліктерге еніп, социализмді сатып кеткен Бельгия және Франция социал-демократиялық партиялары көсемдерінің қылығын да дәл осылай айыптауға болады[3].

4) II (1889—1914) Интернационал көсемдері көпшілігінің социализмге опасыздық жасауы осы Интернационалдың идеялық-саяси күйреуі болып табылады. Бұл күйреудің негізгі себебі мұнда ұсақ буржуазиялық оппортунизмнің іс жүзінде басым болғандығы еді; ал ұсақ буржуазиялық оппортунизмнің буржуазияшылдығын және қауіптілігін барлық елдердің революцияшыл пролетариатының таңдаулы өкілдері баяғыда-ақ айтқан болатын. Социалистік революцияны теріске шығарып және оны буржуазиялық реформизммен ауыстырып, тап күресін, белгілі бір кезеңде оның азамат соғысына қажетті түрде айналатынын теріске шығарып және таптардың ынтымақтасуын уағыздап, патриотизм және отан қорғау деген сылтаумен буржуазиялық шовинизмді уағыздап және жұмысшылардың отаны жоқ[4] деп «Коммунистік Манифестің» өзінде айтылған социализмнің негізгі ақиқатын елемей немесе оны теріске шығарып, барлық елдердің буржуазиясына қарсы барлық елдер пролетарларының революциялық соғысының қажеттігін мойындаудың орнына, милитаризммен күресте сентименталдық-мещандық көзқараспен шектеліп, буржуазиялық парламентаризм мен буржуазиялық жариялылықты пайдалану қажеттігін осы жариялылық-



Россійская соціалдемократія
о европейской войнѣ.

Намъ сообщаютъ изъ самыхъ достовѣрныхъ источниковъ, что недавно состоялось совѣщаніе руководящихъ членовъ Россійской Соціалдемократической Рабочей Партіи по вопросу о европейской войнѣ. Вполнѣ оффиціальнаго характера это совѣщаніе не носило, ибо Центральный Комитетъ Росс. С.Д.Р. Партіи не могъ (еще) собраться вслѣдствіе массы арестовъ и неслыханныхъ преслѣдованій со стороны царскаго правительства. Но мы знаемъ вполнѣ точно, что совѣщаніе, о которомъ идетъ рѣчь, дѣйствительно выражало взгляды виднѣйшихъ круговъ Р.С.Д.Р. Партіи.

Совѣщаніе приняло слѣдующую резолюцію, полный текстъ которой мы приводимъ, какъ документъ:

В. И. Лениннің «Революциялық социал-демократияның европалық соғыстағы міндеттері» тезистеріне кіріспесінің қолжазбасы.— 1914 ж.

Кішірейтілген

ты бет алды дәріптеуге айналдырып және дағдарыстар заманында ұйым мен үгіттің құпия формаларының міндеттілігін ұмыт қалдырып,— оппортунистер II Интернационалдың күйреуін ертеден-ақ әзірлеген болатын. Оппортунизмнің халықаралық органдарының бірі, ұлттық-либералдық позицияға баяғыда-ақ көшкен неміс «Социалистік Әрайлығы»[5], өзінің европалық социализмді жеңгеніне енді әбден орынды масаттанып отыр. Неміс социал-демократиялық партиясындағы және басқа социал-демократиялық партиялардағы «центр» дейтініміз іс жүзінде қорқақтап оппортунистердің алдында тізе бүкті. Болашақ Интернационалдың міндеті социализмдегі осы буржуазиялық ағымнан біржолата және үзілді-кесілді арылу болуға тиіс.

5) Буржуазиялық және шовинистік софизмдер арқылы континенттегі бәсекелес басты екі ұлттың — герман және француз ұлттарының — буржуазиялық партиялары мен үкіметтері әсіресе бұқараны ақымақ қылып жүр және буржуазияның соңынан сүмеңдеп ерген ашық, сондай-ақ жасырын социалистік оппортунистер қайталап айтып жүрген осы софизмдердің әсіресе мына төмендегілерін атап көрсетіп, масқаралау керек:

неміс буржуасы отан қорғауды, патша өкіметімен күресуді, мәдени және ұлттық дамудың бостандығын қорғауды сылтауратқанда, олар өтірік айтады, өйткені Вильгельм бастаған Пруссия юнкерлері және Германияның ірі буржуазиясы әрдайым патшалық монархияны қорғау саясатын жүргізіп келген болатын және соғыс қалай біткен күнде де олар өздерінің күш-қуатын оны қолдауға жұмсамай қоймайды; олар өтірік айтады, өйткені іс жүзінде австриялық буржуазия Сербияға қарсы тонау жорығын бастады, неміс буржуазиясы, неғұрлым бай, неғұрлым еркін елдерді тонау мақсатымен, Бельгияға және Францияға қарсы шабуылды соғыс жүргізіп, соғыс техникасындағы ең жаңа жетістіктерді пайдалану үшін өзіне ең қолайлы деген кезеңде және Россияның ірі соғыс программасы дейтінді жүзеге асыруы қарсаңында шабуыл ұйымдастырып, датчандарды, поляктарды және Эльзас-Лотарингиядағы француздарды езіп отыр.

Француз буржуасы дәл осылай отан қорғауды және басқа сол сияқтыларды сылтауратқанда, олар да өтірік айтып отыр, өйткені іс жүзінде олар өздерінің миллиардтаған ақшасына орыс патша өкіметінің қаражүздік бандаларын шабуылды соғысқа жалдап алып, яғни Австрия жерлері мен неміс жерлерін тонау үшін жалдап алып, капиталистік техника жөнінде неғұрлым артта қалған және неғұрлым баяу дамып отырған елдерді қорғайды.

Соғыстың қаталдығына және варварлығына келгенде соғысушы ұлттардың екі тобы бірінен-бірі ешбір кем түспейді.

6) Россия социал-демократиясының міндеті әсіресе және ең алдымен великорустық, патшалық-монархистік шовинизмге және бұл шовинизмді орыс либералдарының, кадеттерінің[6], ішінара халықшылдардың[7] және басқа буржуазиялық партиялардың софистік қорғауына қарсы аяусыз және сөзсіз күрес жүргізу болып табылады. Россиядағы жұмысшы табының және барлық халықтардың еңбекші бұқарасының көзқарасы тұрғысынан қарағанда, Польшаны, Украинаны және Россияның толып жатқан халықтарын езіп отырған және великорустардың басқа ұлттарды езуін күшейту үшін, патшалық монархияның реакциялық, варварлық үкіметін нығайту үшін ұлт араздығын қоздырып отырған патшалық монархия мен оның әскерлерінің жеңілгені әлдеқайда аз залал болған болар еді.

7) Социал-демократияның қазіргі кездегі ұрандары төмендегілер болуға тиіс:

1-ден, социалистік революцияны және қаруды өз бауырларына, басқа елдердің жалдама құлдарына қарсы жұмсамай, барлық елдердің реакцияшыл және буржуазиялық үкіметтері мен партияларына қарсы жұмсау қажеттігін әскерлерге де, соғыс қимылдары болып жатқан жерлерге де тарайтын етіп жан-жақты насихаттау. Барлық тілдерде осындай насихат жүргізу үшін барлық ұлттардың әскерлері ішінде құпия ұялар мен топтар ұйымдастырудың сөзсіз қажеттігі. Барлық елдердің мещандары мен буржуасының шовинизмі мен «патриотизміне» қарсы түгелдей аяусыз күрес жүргізу.

Қазіргі Интернационалдың социализмге опасыздық жасаған басшыларына қарсы шығып, соғыстың бүкіл тауқыметін көтеріп, көп ретте оппортунизм мен шовинизмге дұшпан болып отырған жұмысшылар бұқарасының революциялық саналылығына міндетті түрде қол арту;

2-ден, Европаның барлық жеке мемлекеттерін Европаның республикалық Құрама Штаттарына[8] айналдырумен қатар, неміс, поляк, орыс және басқа ұлт республикасын ең таяудағы ұрандардың бірі ретінде насихаттау;

3-ден, әсіресе патшалық монархияға және великорустық, панславяндық, шовинизмге қарсы күресу және, демократиялық республиканы, помещиктік жерлердің конфискеленуін және 8 сағаттық жұмыс күнін ең таяудағы ұрандар ете отырып, Россияда революция жасауды, ал сонымен бірге Россияның езілген халықтарын азат етуді және олардың өзін өзі билеуін уағыздау.

Социал-демократтардың, РСДРП мүшелерінің тобы

1914 ж. кеш дегенде 24 августа (6 сентябрьде) жазылған

Бірінші рет 1929 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында толық басылған, XVIII том; кіріспесі — 1948 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында басылған, 21-том

Н. К. Крупская жазған, В. И. Ленин қарап, түзеткен көшірме бойынша басылып отыр; кіріспе — қолжазба бойынша басылып отыр

ЕВРОПАЛЫҚ СОҒЫС ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИЗМ

Социалиске бәрінен де гөрі соғыстың сұмдықтары емес — біз әрқашан «santa guerra di tutti gli oppressi per la conquista delle *loro* patrie!»* жағындамыз,— қайта қазіргі социализм басшылары опасыздығының сұмдықтары, қазіргі Интернационалдың күйреуінің сұмдықтары ауыр.

Неміс социалистерінің (Германия соғыс жариялағаннан кейін) бағыты таңқаларлық өзгергенін көріп отырмыз, бұл социал-демократиядағы опасыздық емес пе? патша өкіметіне қарсы азаттық соғыс жүргізу туралы жалған сөздер ше? герман империализмін елемеу ше? Сербияны тонауды елемеу ше? Англиямен соғыстың буржуазиялық мүдделері ше? etc. etc. Патриоттар, шовинистер, бюджетті жақтап дауыс беріп отыр-ау!!

Франция және Бельгия социалистерінікі де дәл осындай опасыздық емес пе? Олар герман империализмін келістіріп-ақ әшкерелейді, бірақ, амал не, ағылшын, француз және әсіресе варварлық орыс империализміне келгенде олар таңқаларлықтай соқыр! Француз буржуазиясының миллиардтаған ақшаға орыс патша өкіметінің қаражүздік бандаларын ондаған жылдар бойы жалдап келе жатқандығы,— осы патша өкіметінің Россиядағы көпшілік болып отырған бұратана халықты жаншып отырғаны, Польшаны тонап, великоростардың

---

* — «барлық езілушілердің *өз* отанын құру жолындағы қасиетті соғысы!». *Ред.*

жұмысшылары мен шаруаларын езіп отырғаны, т. т. жөніндегі өрескел фактіні олар көрмей ме екен?

Мұндай кездерде социалист, *«Avanti!»*[9]-дің ащы шындықты *Зюдекумнің* бетіне батыл және тура айтқанын, *империалистерсіңдер*, яғни шовинистерсіңдер деп неміс социалистеріне шындықты айтқанын оқып отырып, жан рақатына батады. Zibordi-дің («Avanti!», 2 сентябрь) тек неміс және австриялық шовинизмді ғана емес (бұл *итальян* буржуазиясының көзқарасы тұрғысынан қарағанда тиімді ғой), *француз* шовинизмін де әшкерелейтін, соғысты — *барлық* елдер буржуазиясының соғысы деп танитын мақаласын оқығанда, одан да бетер жан рақатына батасың!!

«Avanti!»-дің позициясы мен *Zibordi*-дің мақаласы—|революциялық социал-демократтар тобының (скандинав елдерінің бірінде жуырда болған кеңестегі) қарарымен бірге*| —бізге Интернационалдың күйрегені туралы дағдылы сөздердің несі дұрыс, несі бұрыс екенін көрсетеді. Бұл сөздерді буржуа мен оппортунистер («riformisti di destra»**) табалап қайталайды, ал социалистер (Zürich-тегі «Volksrecht»[10], «Bremer Bürger-Zeitung»[11]) қынжылып қайталайды. Бұл сөздерде едәуір көп шындық бар!! *Қазіргі* Интернационалдың *көсемдері* мен партияларының көпшілігінің күйрегені —*факт*. (Салыстырыңыз: «Vorwärts»[12], wiener «Arbeiter-Zeitung»[13], «Hamburger Echo»[14] versus*** «L'Humanité»[15] және Бельгия мен Франция социалистерінің үндеуі versus неміс Vorstand-ының «жауабы»[16].) **Бұқара** пікірін *әлі* айтқан жоқ!!!

Бірақ, «dottrina e sbagliata» емес, социализмнің «rimedio»-сы «errato» емес,—«semplicemente non erano in dose bastante», «gli altri socialisti non sono «abbastanza socialisti»»****—дегенде, *Zibordi*-дің айтып отырғаны 1000 мәрте дұрыс.

---

* Қараңыз: осы том, 1—7-беттер. *Ред.*

** — «оңшыл реформистер». *Ред.*

*** — жөнінде. *Ред.*

**** — «теория қате» емес, социализмнің «дәрісі» «теріс емес», «тек оның дозасы жеткілікті болған жоқ», «кейбір социалистер «мардымды социалистер» емес». *Ред.*

Қазіргі европалық Интернационал күйреді дегенде, күйреуге ұшыраған — социализм емес, мардымсыз социализм, яғни *оппортунизм* мен *реформизм* күйреп отыр. *Барлық жерде,* барлық елдерде болып отырған және Италияда Биссолати мен $К^0$ өте айқын көрсеткен нақ осы «тенденция» күйреп отыр, атап айтқанда нақ осы тенденция жылдар бойы тап күресін ұмытуға *үйретіп келді, т. т., т. т.—қарардан*[17].

Zibordi дұрыс айтады, ол европалық социалистердің басты кінәсы мынада деп біледі: олар «cercano nobilitare con postumi motivi la loro incapacità a prevenire, la loro necessità di partecipare al macello», олар «preferisce fingere di fare per amore ciò ch'è (европалық социализм) costretto a fare per forza», социалистер «*solidarizzarono* ciascuno con la propria nazione, col Governo *borghese* della propria nazione... in una misura da formare una delusione per noi» (және барлық оппортунист *емес* социалистерді) «e un compiacimento per tutti i non socialisti d'Italia»* (бір ғана Италияның емес, барлық елдердің: мысалы, орыс либерализмін қараңыз).

Иә, европалық социалистер тіпті мейлінше incapacità, қабілетсіз, дәрменсіз болып отырса да, олардың көсемдерінің қылығы опасыздық, арамдық: жұмысшылар қырғынға кетті, ал көсемдер ше? *жақтап* дауыс береді, *министрлікке* кіреді!!! Тіпті мейлінше дәрменсіз болған күнде де олар *қарсы* дауыс беруге тиіс еді, министрлікке *кірмеуге* тиіс еді, шовинистік арамдықты айтпаулары керек еді, өз «ұлтымен» *ынтымақтаспауы* керек еді, «өз» буржуазиясын *қорғамай,* қайта оның арамдығын әшкерелеулері керек еді.

Өйткені *барлық жерде де* буржуазия мен империалистер бар, барлық жерде де қырғынға арамдықпен

---

* — «өздерінің қырғынды болдырмауға қабілетсіздігін де, сондай-ақ сол қырғынға өздерінің қатысуын қажет еткен жағдайдың пайда болуын да едәуір уақыт өткізіп барып, астарлы ізгі сылтаумен ақтауға әрекет жасайды», олар «еріксіз істеуге мәжбүр болған нәрсені» (европалық социализм) «әбден-ақ өз еркімен істеп отырған болып көрінуді, социалистердің «әрқайсысы өз ұлтымен, өз ұлтының *буржуазиялық* үкіметімен... біздерді» (және барлық оппортунист *емес* социалистерді) «түңілдірерлік дәрежеде» «және Италияның барлық социалист еместерін риза етерлік дәрежеде *ынтымақтасып* отыр» деуді «тәуір көреді». *Ред.*

әзірлену бар: егер орыс патша өкіметі *өте-мөте* арам және варвар (бәрінен де реакцияшыл) болса, онда неміс империализмі де монархиялық империализм—феодалдық-династиялық мақсаттарды көздейтін, Франциядағыға қарағанда еркіндігі азырақ, дөрекі буржуазия. Патша өкіметінің жеңілуі — *біз үшін* аздау залал дегенде, *біздің* тікелей жауымыз—көбінесе *великорустық* шовинизм дегенде, орыс социал-демократтары дұрыс айтқан еді, ал әрбір елдің (оппортунист емес) социалистері біздің басты жауымыз «өзіміздегі» («отандық») шовинизм деп білуі керек еді.

Бірақ сондай-ақ мүлдем «incapacità» болды деу дұрыс па? Солай ма екен? fucilare? Heldentod* және опасыз өлім бе?? in vantaggio di *un'altra patria??*** Әрқашан да емес!! *Бастама* мүмкін болатын, міндетті болатын. Социалистер үшін құпия насихат және азамат соғысы *адалырақ* болар еді, міндеттірек болар еді (орыс социалистері *осыны* насихаттайды).

Мысалы, соғыс бітеді, бәрі орнына келеді деген жалған үмітпен өздерін өздері жұбатады... Жоқ!! Қазіргі (1889—1914) Интернационалдың күйреуі социализмнің күйреуі болмауы үшін, *бұқара* сырт айналып кетпеуі үшін, анархизм мен синдикализм үстем болмауы үшін (дәл Франциядағыдай масқара түрде), ақиқатқа тайсалмай қарау керек. Кім жеңсе де, Европаға шовинизмнің *күшеюі, «реванш»* etc. қауіп туғызып отыр. Неміс немесе великорус милитаризмі контршовинизмді etc. etc. қоздырады.

Біздің борышымыз— Италияда соншалықты салтанатпен жарияланған (және итальян жолдастар соншалықты шорт кесіп тастаған[18]) оппортунизмнің, реформизмнің толық күйрегені туралы қорытынды жасау және...***.

NB қосу керек: «**Neue Zeit**»[19]-тің итальян социалистеріне және *«Avanti!»*-ге жиреніп, менсін-

* — атуға ма? ерлік өлім. *Ред.*
** — *бөтен отан* үшін?? *Ред.*
*** Қолжазба осы жерден үзіледі. Осыдан кейінгі екі сөз сол беттің тұсына жазылған. *Ред.*

бей қарауы: оппортунизмге көніп қалушылық!!! «Қақ орта».

| «Центр» дейтініміз = оппортунистердің малайы. |

1914 ж. августың аяғында — сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1929 ж. 1 августа «Правда» газетінің 174-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОҒЫС ЖӘНЕ РОССИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ[20]

1914 ж. 28 сентябрьден (11 октябрьден) ертерек жазылған

1914 ж. 1 ноябрьде «Социал-Демократ» газетінің 33-номерінде басылған

Н. К. Крупскаяның қолымен жазылып, В. И. Ленин қарап, түзеткен көшірмемен салыстырылған газет тексті бойынша басылып отыр

Барлық елдердің үкіметтері мен буржуазиялық партиялары ондаған жылдар бойы әзірлеп келген европалық соғыс бұрқ ете түсті. Қару-жарақтың көбеюі, алдыңғы қатарлы елдердегі капитализм дамуының ең жаңа, империалистік, сатысы заманында рыноктар үшін күрестің мейлінше шиеленісуі, неғұрлым артта қалған шығыс европалық монархиялардың династиялық мүдделері осы соғысқа лажсыз әкеліп соқтыруға тиіс еді, соқтырды да. Бөтен ұлттардың жерін басып алып, олардың өздерін бағындыру, бәсекелес ұлтты күйзеліске ұшырату, оның байлықтарын тонау, еңбекшілер бұқарасының назарын Россияның, Германияның, Англияның және басқа елдердің ішкі саяси дағдарыстарынан басқа жаққа аудару, жұмысшылардың бірігуіне мүмкіндік бермей, ұлтшылдықпен олардың басын айналдыру және пролетариаттың революциялық қозғалысын әлсірету мақсатымен олардың авангардын қырғынға ұшырату — қазіргі соғыстың бірден-бір шын мазмұны, маңызы және мәні осындай.

Социал-демократияға ең алдымен жүктелетін борыш — соғыстың осы шын мәнін ашу және үстем таптардың, помещиктер мен буржуазияның, соғысты жақтай таратып жүрген өтірігін, софизмдерін және «патриоттық» бос сөздерін аяусыз әшкерелеу.

Соғысушы ұлттардың бір тобын бастап отырған — неміс буржуазиясы. Отанды, бостандық пен мәдениетті қорғау үшін, патша өкіметі езіп жатқан халықтарды

азат ету үшін, реакцияшыл патша өкіметін құрту үшін соғысып жатырмыз деп сендірмек болып, ол жұмысшы табы мен еңбекші бұқараның басын айналдыруда. Ал іс жүзінде нақ осы буржуазия, II Вильгельм бастаған пруссиялық юнкерлердің алдында құрдай жорғалап, әрқашан патша өкіметінің ең сенімді одақтасы және Россиядағы жұмысшылар мен шаруалардың революциялық қозғалысының жауы болып келді. Іс жүзінде бұл буржуазия юнкерлермен бірге, соғыс қалай біткен күнде де, өздерінің барлық күш-қуатын Россиядағы революцияға қарсы патшалық монархияны қолдауға жұмсайды.

Іс жүзінде неміс буржуазиясы Сербияны бағындыруды және оңтүстік славяндардың ұлттық революциясын тұншықтыруды көздей отырып, сонымен бірге неғұрлым бай бәсекелесін тонау үшін, өзінің әскери күштерінің басым көпшілігін анағұрлым еркін елдерге — Бельгия мен Францияға — қарсы жұмсай отырып, Сербияға қарсы тонаушылық жорығын бастады. Неміс буржуазиясы өз тарапымыздан қорғаныс соғысын жүргізіп жатырмыз деген ертегілерді тарата отырып, іс жүзінде соғыс техникасындағы өзінің ең жаңа жетістіктерін пайдаланып, Россия мен Францияда жасап шығарылуы шешілген жаңа қару-жарақтардың алдын алып, өз тұрғысынан қарағанда соғыс үшін неғұрлым қолайлы кезеңді таңдап алды.

Соғысушы ұлттардың екінші тобын бастап отырған — ағылшын және француз буржуазиясы; ол Германияның милитаризмі мен деспотизміне қарсы отан үшін, бостандық пен мәдениет үшін соғысып жатырмыз деп сендіруге тырысып, жұмысшы табы мен еңбекші бұқараның басын айналдыруда. Ал іс жүзінде бұл буржуазия өзінің миллиардтаған ақшасына Европадағы ең реакцияшыл, ең варварлық монархия—орыс патша өкіметінің әскерлерін әлдеқашан-ақ жалдап алып, Германияға шабуыл жасауға әзірлеп қойған-ды.

Іс жүзінде ағылшын және француз буржуазиясының күресу мақсаты неміс отарларын басып алу және экономикалық жағынан неғұрлым тез дамып келе жатқан бәсекелес ұлтты күйзелту болып табылады. Және де

осы ізгі мақсат үшін «алдыңғы қатарлы», «демократияшыл» ұлттар озбыр патша өкіметінің Польшаны, Украинаны, т. т. бұрынғыдан бетер тұншықтыруына, Россиядағы революцияны бұрынғыдан бетер басып тастауына көмектесіп отыр.

Соғысушы елдердің екі тобы да тонауға, айуандыққа және соғыстың шексіз қаталдығына келгенде біріненбірі кем түспейді, ал пролетариаттың басын айналдыру үшін және оның назарын бірден-бір шын азаттық соғыстан, атап айтқанда «өз» елінің, сол сияқты «бөтен» елдердің де буржуазиясына қарсы азамат соғысынан басқа жаққа аудару үшін, осындай биік мақсат үшін әрбір елдің буржуазиясы патриотизм туралы жалған сөздермен «өзінің» ұлттық соғысының маңызын мадақтауға тырысады, сөйтіп жауды жеңуге тырысқанда, оны тонау үшін, жерін тартып алу үшін емес, қайта өз халқынан басқа халықтардың бәрін «азат ету» үшін жеңуге тырысамыз деп сендірмек болады.

Алайда барлық елдердің үкіметтері мен буржуазиясы жұмысшыларды бір-бірінен ажыратып, біріне-бірін өшіктіруге тырысып баққан сайын, осы мадақталған мақсаты үшін соғыс ережелері мен әскери цензура (тіпті қазір, соғыс кезінде, сыртқы жаудан гөрі «ішкі» жауды анағұрлым көп қуғын-сүргінге салушы цензура) жүйесін қатал қолданған сайын,— саналы пролетариат өзінің таптық топтасқандығын, өзінің интернационализмін, өзінің социалистік сенімдерін барлық елдердің «патриоттық» буржуазиялық тобырларының жүгенсіз шовинизмінен қорғап қалуға соғұрлым борышты. Бұл міндеттен бас тарту саналы жұмысшылар тарапынан, тіпті социалистік талпыныстар туралы айтпағанның өзінде, өздерінің азаттық және демократиялық талпыныстарының бәрінен бас тартқандық болар еді.

Ең басты европалық елдердің социалистік партиялары өздерінің осы міндетін орындамағанын, ал бұл партиялардың — әсіресе неміс партиясының — көсемдерінің қылығы социализмге тура опасыздық жасаумен бірдей екенін қатты қынжыла айтуға тура келеді. Дүние жүзілік-тарихи маңызы аса зор кезеңде қазіргі,

екінші (1889—1914) социалистік Интернационал көсемдерінің көпшілігі социализмді ұлтшылдықпен ауыстыруға тырысып отыр. Олардың осындай қылығы салдарынан бұл елдердің жұмысшы партиялары өздерін үкіметтердің қылмысты қылығына қарсы қоймады, қайта жұмысшы табын өз позициясын империалистік үкіметтердің позициясымен *жымдастырып жіберуге* шақырды. Интернационалдың көсемдері соғыс кредиттерін жақтап дауыс беріп, «өз» елдері буржуазиясының шовинистік («патриоттық») ұрандарын қайталап айтып, соғысты ақтап және қорғап, соғысушы елдердің буржуазиялық министрліктеріне кіріп, т. т. және т. с. істеп, социализмге опасыздық жасады. Қазіргі Европаның ең беделді социалист көсемдері және ең беделді социалистік баспасөз органдары әсте социалистік көзқараста тұрған жоқ, шовинистік-буржуазиялық және либералдық көзқараста тұр. Социализмнің осылай масқаралanғаны үшін жауапкершілік ең алдымен II Интернационалдың ең күшті, ең беделді партиясы болған неміс социал-демократтарына жүктеледі. Бірақ өзінің отанын сатқан және Коммунаны жаныштау үшін Бисмаркке қосыла кеткен буржуазия үкіметінде министрлік қызмет алған француз социалистерін де ақтауға болмайды.

Герман және Австрия социал-демократтары олар соғысты қолдау арқылы орыс патша өкіметіне қарсы күрес жүргізеді-міс дегенді айтып, өздерінің соғысты қолдап отырғанын ақтауға тырысады. Біздер, орыс социал-демократтары, мұндай ақталуды құр әншейін софизм деп есептейтінімізді мәлімдейміз. Патша өкіметіне қарсы революциялық қозғалыс соңғы жылдары біздің елде тағы да орасан зор өріс алып отыр. Бұл қозғалыстың басы-қасында қашан да Россия жұмысшы табы болып келді. Соңғы жылдардағы миллиондаған адам қатысқан саяси стачкалар патша өкіметін құлатуды және демократиялық республика орнатуды талап ету ұранымен өтіп отырды. Соғыстың дәл қарсаңында француз республикасының президенті Пуанкаре II Николайға барған кезінде Петербург көшелерінде орыс жұмысшыларының қолымен тұрғызылған баррикада-

ларды өз көзімен көрді. Бүкіл адамзатты патшалық монархияның масқарасынан азат ету үшін Россия пролетариаты ешқандай құрбандықтан тартынып қалған емес. Бірақ біз мынаны айтуға тиіспіз: егер патша өкіметінің құруын белгілі бір жағдайларда бір нәрсе кешеуілдете алатын болса, егер бүкіл россиялық демократияға қарсы күресте патша өкіметіне бір нәрсе көмектесе алатын болса, ол—дәл қазіргі соғыс, ол патша өкіметінің реакциялық мақсаттарына жарату үшін ағылшын, француз және орыс буржуазиясының қапшық-қапшық ақшасын бергізіп отыр. Егер Россия жұмысшы табының патша өкіметіне қарсы революциялық күресін бір нәрсе қиындата алатын болса, ол—дәл Германия мен Австрия социал-демократиясы көсемдерінің қылығы, ал Россияның шовинистік баспасөзі олардың бұл қылығын бізге үлгі етіп көрсетуін қоймай-ақ келеді.

Тіпті герман социал-демократиясының күші мейлінше аз болғаны соншалық, бұл оны қандай да болсын революциялық қимылдардан бас тартуға мәжбүр етті деген күннің өзінде де,— осылай болған күнде де шовинистік лагерьге қосылмау керек еді, герман социал-демократтарының көсемдері пролетарлық Интернационалдың туының абыройын төгеді деп итальян социалистері әділ айтқан әрекеттерді істемеу керек еді.

Біздің партия, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы, соғысқа байланысты зор құрбандықтарға ұшырады, әлі де ұшырайды. Біздің бүкіл жария жұмысшы баспасөзіміз жойылып кетті. Одақтардың көпшілігі жабылды, біздің көптеген жолдастарымыз қамауға алынды және жер аударылды. Бірақ біздің парламенттегі өкілдеріміз — Мемлекеттік думадағы Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы— соғыс кредиттеріне дауыс бермеуді және өзінің наразылығын бұрынғыдан да батылырақ білдіру үшін тіпті Думаның мәжіліс залын тастап кетуді өзінің сөзсіз орындалуға тиіс социалистік борышы деп білді, европалық үкіметтердің саясаты империалистік саясат екенін әшкерелеуді өзінің борышы деп білді [21]. Сөйтіп, патша үкіметінің он есе күшейтілген езгісіне қарамас-

тан, Россияның социал-демократияшыл жұмысшылары өздерінің демократия мен Интернационал алдындағы борышын орындап, соғысқа қарсы алғашқы құпия үндеу хаттарды[22] шығара бастады.

Егер революциялық социал-демократияның өкілдері — неміс социал-демократтарының азшылығы және бейтарап елдердегі ең тәуір деген социал-демократтар II Интернационалдың осы күйреуі жөнінде қатты ұялып отырса, егер социалистер социал-демократиялық партиялардың көпшілігінің шовинизміне қарсы Англияда да, Францияда да үн көтеріп отырған болса, егер көптен бері национал-либералдық позицияда тұрған оппортунистер, мысалы, герман «Социалистік Әрайлығы» («Sozialistische Monatshefte») өздерінің европалық социализмді жеңгеніне әбден орынды масайрап жатса,— онда II Интернационалдың күйреуі жөнінде үндемей қалуға немесе оны дипломатиялық жел сөздермен бүркемелеуге тырысатын, оппортунизм мен революциялық социал-демократияның арасында (герман социал-демократиялық партиясындағы «центр» тәрізді) ауытқып жүрген адамдар пролетариатқа ең жаман қызмет көрсетеді.

Қайта, барлық елдер жұмысшыларының жаңа, анағұрлым берік социалистік топтасқандығына жету үшін бұл күйреуді ашықтан-ашық мойындап, оның себептерін ұғыну керек.

Барлық елдердің социалистерін барлық және қандай да болсын жағдайларда шовинизмге қарсы күресуге міндеттеген, социалистерді буржуазия мен үкіметтер бастаған қандай да болсын соғысқа азамат соғысы мен әлеуметтік революцияны уағыздау ісін күшейту арқылы жауап беруге міндеттеген Штутгарт[23], Копенгаген[24] және Базель[25] конгрестерінің шешімдерін оппортунистер іске асыртпай тастады. II Интернационалдың күйреуі өткен («бейбіт» деп аталатын) тарихи заманның ерекшеліктері негізінде өсіп жетілген және соңғы жылдары іс жүзінде Интернационалда үстемдік алған оппортунизмнің күйреуі болып табылады. Социалистік революцияны теріске шығарып және оны буржуазиялық реформизммен ауыстырып, тап күресін, оның бел-

гілі бір кезеңде азамат соғысына қажетті түрде айналатынын теріске шығарып және таптардың ынтымақтасуын уағыздап, патриотизм және отан қорғау деген атпен буржуазиялық шовинизмді уағыздап және социализмнің «Коммунистік Манифесте» айтылған жұмысшылардың отаны жоқ деген негізгі ақиқатын елемей немесе оны теріске шығарып, барлық елдердің буржуазиясына қарсы барлық елдер пролетарларының революциялық соғысының қажеттігін мойындаудың орнына, милитаризммен күресте сентименталдық-мещандық көзқараспен ғана шектеліп, буржуазиялық парламентаризм мен буржуазиялық жариялылықты пайдалану қажеттігін осы жариялылықты беталды дәріптеуге айналдырып және дағдарыстар заманында ұйым мен үгіттің құпия формаларын пайдаланудың міндеттілігін ұмыт қалдырып, оппортунистер бұл күйреуді баяғыда-ақ әзірлеп қойған болатын. Оппортунизмнің табиғи «қосымшасы»,— тап соның өзіндей буржуазиялық «қосымша» және пролетарлық көзқарасқа, яғни маркстік көзқарасқа дұшпан «қосымша»,— анархистік-синдикалистік ағым қазіргі дағдарыс кезінде шовинизм ұрандарын ешбір кем түспейтін масқаралықпен масаттана қайталауы арқылы көзге түсіп отыр.

Қазіргі уақытта оппортунизмнен іргені батыл түрде аулақ салмайынша, оның сәтсіздікке ұшырауы сөзсіз екендігін бұқараға түсіндірмейінше, социализм міндеттерін орындауға болмайды, жұмысшылардың шын интернационалдық топтасуын жүзеге асыруға болмайды.

Әрбір елдің социал-демократиясының міндеті ең алдымен сол елдегі шовинизммен күресу болуға тиіс. Россияда бұл шовинизм буржуазиялық либерализмді («кадеттер») түгел қамтыды және эсерлер мен «оңшыл» социал-демократтарға дейін халықшылдарды ішінара қамтыды. (Буржуазиялық-«патриоттық» баспасөз іліп әкетіп, кеңінен пайдаланып отырған, мысалы, Е. Смирновтың, П. Масловтың және Г. Плехановтың шовинистік сөздерін әсіресе міндетті түрде масқаралау керек.)

Қазіргі жағдайда, халықаралық пролетариаттың көз-

қарасы тұрғысынан алып қарағанда, соғысушы ұлттардың екі тобының қайсысының жеңілгені социализм үшін ең аз залал болатынын анықтауға болмайды. Ал біздер үшін, орыс социал-демократтары үшін, жұмысшы табының және Россиядағы барлық халықтардың еңбекші бұқарасының көзқарасы тұрғысынан қарағанда, патшалық монархияның жеңілгені, Европа мен Азияның ұлттарының көбін және халықтарының көбін езіп отырған ең реакцияшыл, ең варварлық үкіметтің жеңілгені ең аз залал екендігінде күмән жоқ.

Европа социал-демократиясының ең таяудағы саяси ұраны республикалық Европа Құрама Штаттарын құру болуға тиіс; соның өзінде пролетариатты шовинизмнің жалпы тасқынына әйтеуір тарту үшін қандай «уәде» беруден болса да тартынбайтын буржуазиядан өзгеше, социал-демократтар, герман, австриялық және орыс монархияларын революциялық жолмен құлатпайынша, бұл ұран жалған және мағынасыз ұран болып қалатынын түсіндіретін болады.

Россия әлі өзінің буржуазиялық революциясын аяқтамаған, анағұрлым артта қалған ел болғандықтан, мұндағы социал-демократтардың міндеттері дәйекті демократиялық өзгеріс жасаудың бұрынғысынша негізгі үш шарты болуға тиіс: демократиялық республика (барлық ұлттардың толық тең праволылығы және өзін өзі билеуі негізінде), помещиктік жерлерді конфискелеу және 8 сағаттық жұмыс күні. Бірақ алдыңғы қатарлы елдердің бәрінде соғыс социалистік революция ұранын кезекке қойып отыр; соғыс ауыртпалықтары пролетариаттың мойнына көбірек түскен сайын, ірі капитализм техникалық орасан зор табыстарға жетіп отырған қазіргі «патриоттық» варварлықтың сұмдықтарынан кейін, Европаны қайта құруда оның ролі күшейе түсуге тиіс болған сайын, бұл ұран соғұрлым көкейтесті ұран болуы керек. Пролетариатқа мүлде ауыз аштырмау үшін буржуазияның соғыс уақытындағы заңдарды пайдалануы пролетариаттың алдына үгіт пен ұйымның құпия формаларын сөзсіз құру міндеттерін қойып отыр. Мейлі, оппортунистер өздерінің сенімдеріне опасыздық жасау арқылы жария ұйымдарын

«сақтай» берсін,— революцияшыл социал-демократтар социализм жолындағы күрестің дағдарыс заманына сай келетін құпия формаларын жасау үшін және жұмысшыларды өз елінің шовинистік буржуазиясымен емес, барлық елдердің жұмысшыларымен біріктіру үшін жұмысшы табының ұйымдастырушылық дағдылары мен байланыстарын пайдаланады. Пролетарлық Интернационал мерт болған жоқ, мерт болмайды да. Кедергілердің бәрін жоя отырып, жұмысшы бұқарасы жаңа Интернационал құрады. Оппортунизмнің қазіргі салтанаты баянды бола алмайды. Соғыс құрбандығы көп болған сайын, оппортунистердің жұмысшы ісіне жасаған опасыздығы және қаруды әрбір елдің үкіметі мен буржуазиясына қарсы жұмсау қажеттігі жұмысшы бұқарасына соғұрлым айқын болады.

Қазіргі империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру — Коммунаның тәжірибесі нұсқаған, Базель (1912 ж.) қарары белгілеген және жоғары дәрежеде дамыған буржуазиялық елдер арасындағы империалистік соғыстың барлық жағдайларынан туып отырған бірден-бір дұрыс пролетарлық ұран. Қайсыбір сәтте империалистік соғысты азамат соғысына айналдырудың қиыншылықтары қаншама зор болып көрінгенімен, соғыстың өзі факт болып отырғандықтан, осы бағытта әзірлік жұмыстарын үнемі, үздіксіз әрі табандылықпен жүргізе беруден социалистер еш уақытта да бас тартпайды.

Тек осы жолға түскенде ғана пролетариат шовинистік буржуазияға тәуелділіктен құтыла алады, халықтардың шын бостандығына жеткізер жолда және социализмге апарар жолда, белгілі бір формада, азды-көпті тез арада, батыл қадамдар жасай алады.

Барлық елдер буржуазиясының шовинизмі мен патриотизміне қарсы жұмысшылардың халықаралық туысқандығы жасасын!

Оппортунизмнен арылған пролетарлық Интернационал жасасын!

Россия С.-Д. Жұмысшы Партиясының Орталық Комитеті

Г. В. ПЛЕХАНОВТЫҢ «СОЦИАЛИСТЕРДІҢ СОҒЫСҚА КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН РЕФЕРАТЫ ОҚЫЛҒАНДА 1914 ж. 28 СЕНТЯБРЬДЕ (11 ОКТЯБРЬДЕ) СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[26]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

«Партияның Орталық Комитеті жасаған біздің тезистеріміз,— деп бастады сөзін Ленин жолдас,— итальяндарға жіберілген болатын, Лугано қарарына бұл тезистер, амал не, түгел кірмеді, бірақ көбі кірді»[27].

Плеханов баяндамасының неміс социал-демократтарының опасыздығын сипаттауға арналған бірінші бөлімі оппонентке өте ұнады, бірақ Плеханов француз социалистерінің позициясын түгелдей ақтауға тырысқан екінші бөлім туралы мұны айтуға болмайды.

Итальяндарды соғысқа шақырған француз социализмін қалай жақтауға болады? Тіпті Интернационалдың тым екіұшты қарарларынан да бұл шақыруды ақтайтын жерлерді табу қиын.

Европалық социализмнің қойнауынан қандай зор оппортунистік толқынның көтерілгенін қазіргі соғыс көрсетіп берді. Европалық оппортунистер өздерін ақтап алу үшін «ұйымның тұтастығы» деген тозығы жеткен, ескі дәлелді пайдалануға тырысып бақты. Партияның формальды бірлігін сақтау үшін неміс ортодокстері өз позициясынан бас тартты. Ол, Ленин жолдас, мәселенің осылайша қойылысынан байқалатын оппортунизмді әрқашан атап көрсетіп, принциптерді аяққа басатын ымырашылдыққа қарсы әрқашан күресіп келді. Вандервельде мен Каутскийдің барлық қарарларының кемшілігі осы оппортунизмге бой ұру — бадырайып тұрған қайшылықтарды жуып-шаю болды. Каутский өзінің «Соғыс туралы»[28] деген мақаласында: өз көзқа-

расы тұрғысынан қарағанда жұрттың бәрінікі дұрыс, өйткені әркім *өз пікірінше* мен қауіпті жағдайдамын деп санайды және *өз пікірінше* менің өмір сүруге правом қорланды деп санайды дегенді айтып, тіпті жұрттың бәрін ақтауға дейін барды. Әрине, кезеңнің психологиясы, адамгершілік тұрғысынан қарағанда, француздардың мұндай пиғылы түсініктірек, сондықтан да ұнамдырақ еді, бірақ қалай дегенмен де социализм тек бір ғана шабуыл қорқынышына сүйеніп пайымдай алмайды, сондықтан француздардың қылығында социализмнен гөрі шовинизм көбірек болғанын ашық айту керек.

Плеханов, деді одан әрі Ленин, кім бірінші болып шабуыл жасағанын ажыратуға болмайды деп пайымдайтын жолдастарды сынайды. Оппоненттің пікірі бойынша, қазіргі соғыс әсте қайсыбір шабуылға байланысты болған *кездейсоқтық емес,* қайта буржуазиялық қоғам дамуының барлық жағдайлары әзірлеген соғыс. Бұл соғыстың дәл осындай комбинацияда және дәл осындай бағытта болатыны әлдеқашан болжанған еді. Базель конгресі бұл соғыс туралы айқын айтқан-ды және жанжалдың сылтауы Сербия болады деп тіпті күні бұрын болжаған-ды.

Бұдан әрі Ленин жолдас социалистердің соғыс уақытындағы борышы неде екенін анықтап берді. *Социал-демократтар өз елінің шовинистік желігімен күрескенде* ғана *өз борышын орындайды.* Ал борышты осылай орындаудың ең жақсы үлгісі Сербия социал-демократтары болып табылады[29].

Маркстің «жұмысшылардың отаны жоқ» деген сөздерін есте ұстай отырып, пролетариат буржуазиялық мемлекеттердің ескі шеңберлерін қорғауға емес, социалистік республикалардың жаңа шеңберлерін құруға қатысуы керек. Ал жаза баспас сезімтал пролетариаттың қалың бұқарасы мұны түсінбей отыра алмайды. Европада қазіргі кезде болып жатқан нәрсе ең жаман және сонымен бірге ең берік соқыр сенімдерді әдейі бетке ұстаудан басқа түк емес. «Біздің міндетіміз,— деді Ленин,— ағынмен бірге ыға беру емес, ұлттық,

жалған-ұлттық соғысты пролетариаттың билеуші таптармен үзілді-кесілді шайқасуына айналдыру».

Бұдан кейін Ленин социалистердің министрлікке кіргенін сынай келіп, үкіметтің барлық шараларын қостау арқылы социалистердің өздеріне қандай жауапкершілік алатынын атап көрсетеді.

«Министр болғаннан гөрі, бейтарап елге кетіп, сол жақтан шындықты айтқан жақсы, тәуелсіз еркін сөзбен пролетариатқа лебіз білдірген жақсы»,— оппонент өзінің қысқаша сөзін осылай аяқтайды.

«Голос» № 33, 21 октябрь, 1914 ж.

«Голос» газетінің тексті бойынша басылып отыр

1914 ж. 1 (14) ОКТЯБРЬДЕ «ПРОЛЕТАРИАТ ЖӘНЕ СОҒЫС» ДЕГЕН ТАҚЫРЫПТА ОҚЫЛҒАН РЕФЕРАТ[30]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Референт өз баяндамасын қазіргі соғыстың сипатын анықтау және бұл соғысқа социалистердің көзқарасы деген екі бөлімге бөлді.

Соғысқа өзінің көзқарасы туралы мәселені шешіп алуы үшін соғыстың сипатын анықтау марксиске қажетті алғы шарт болып табылады. Ал мұны анықтап алу үшін, ең алдымен, бұл соғыстың объективтік шарттары мен нақты жағдайын біліп алу керек. Бұл соғысты оның өзі өтіп жатқан тарихи жағдайға қойып көру керек, оған өзіңнің көзқарасыңды тек сонда ғана анықтауға болады. Әйтпесе мәселе материалистік тұрғыдан емес, эклектикалық тұрғыдан түсіндіріледі.

Тарихи жағдайға, таптардың арақатынасына және тағысын-тағыларға қарай соғысқа деген көзқарас түрлі уақытта түрліше болуға тиіс. Принципінде соғысқа қатысудан барлық уақытта бірдей біржолата бас тарту қисынсыз. Екінші жағынан, соғысты қорғаныс соғыстары, шабуыл соғыстары деп бөлу де қисынсыз. Маркстің 1848 жылы Россияны жек көрген себебі — ол кезде демократия Германияда жеңе және дами алмады, елді біртұтас ұлттық көлемде топтастыра алмады, өйткені артта қалған Россияның реакцияшыл қолы Германияға салмақ салып тұр еді.

Бұл соғысқа өз көзқарасыңды айқындап алу үшін оның бұрынғы соғыстардан айырмашылығы неде екенін, оның ерекшеліктері неде екенін түсініп алу керек.

Буржуазия мұндай түсінік берді ме? Берген жоқ. Бермегені былай тұрсын, тіпті оны еш уақытта бермейді де. Социалистердің арасында не болып жатқанына қарағанда, бұл соғыстың ерекше сипаты туралы олардың да түсінігі жоқ деп ойлауға болар еді.

Ал оның бер жағында социалистер бұл соғысты тамаша түсіндіріп, күні бұрын болжай білді. Ол ол ма, осындай түсінік айтылмаған социалист депутаттың бірде-бір сөзі, социалист публицистің бірде-бір мақаласы жоқ. Бұл түсініктің оңайлығы соншалық, оған жұрт бір түрлі көңіл бөлмейді, ал оның бер жағында бұл түсінік осы соғысқа дұрыс көзқараста болудың кілтін беріп отыр.

Қазіргі соғыс — империалистік соғыс, ал оның негізгі сипаты да осында.

Бұл сипатты анықтап алу үшін бұрынғы соғыстардың не екенін және империалистік соғыстың не екенін қарастыру керек.

Ленин XVIII ғасырдың аяғындағы және бүкіл XIX ғасырдағы соғыстардың сипаттамасына әжептәуір толық тоқталды. Олардың бәрі ұлттық мемлекеттерді құруға ықпал жасаған және соған себепші болған *ұлттық соғыстар* еді.

Бұл соғыстар феодализмді қирату, буржуазиялық жаңа қоғамның феодалдық қоғаммен күресінің көрінісі болды. Ұлттық мемлекет капитализмнің дамуындағы қажетті саты болды. Ұлттың өзін өзі билеуі жолындағы, оның дербестігі жолындағы, тіл бостандығы жолындағы, халық өкілдігі жолындағы күрес осы мақсатқа, ұлттық мемлекеттерді — капитализмнің белгілі бір сатысында өндіргіш күштерді дамытудың осы қажетті негізін құруға қызмет етті.

Ұлы француз революциясы кезінен бергі жердегі Италия және Пруссия соғыстарына дейінгі соғыстардың сипаты осындай.

Ұлттық соғыстардың бұл міндеті — соғыстарға қатысушылардың өз еркіне және санасына тәуелсіз — не демократияның өзі арқылы, не Бисмарктің жәрдемімен орындалды. Ұлттық соғыстар, капитализмнің бастапқы кезіндегі соғыстар осы заманғы цивилизацияның салта-

нат құруы үшін, капитализмнің толық гүлденуі үшін, бүкіл халықты, барлық ұлттарды капитализмге тарту үшін, міне, осы үшін қызмет етті.

Ал империалистік соғыс — басқа мәселе. Бұл жөнінде барлық елдердегі және барлық ағымдардағы социалистер арасында пікір алалығы болған да емес. Болуы мүмкін соғысқа көзқарас туралы қарарлар талқыланғанда барлық конгрестерде әрқашан жұрттың бәрі бұл соғыс *империалистік* соғыс болар еді деген пікірге келіп отырды. Европалық елдердің бәрі қазірдің өзінде капитализм дамуының тең сатысына жетті, бұлардың бәрі капитализмнің бере алатынының бәрін қазірдің өзінде-ақ берді. Капитализм қазірдің өзінде өзінің жоғарғы формасына жетті және шетке енді товар шығармай, капитал шығарып отыр. Өзінің ұлттық шеңбері оған тар бола бастады, сондықтан енді жер шарындағы ең соңғы бос жерлер үшін күрес жүріп жатыр. Егер XVIII және XIX ғасырлардағы ұлттық соғыстар капитализмнің басталу кезеңін көрсетсе — империалистік соғыстар оның аяқталу кезеңін көрсетіп отыр.

XIX ғасырдың бүкіл соңы мен XX ғасырдың басы империалистік саясатқа толы.

Империализм дегеніміз қазіргі соғысқа мүлде ерекше сипат беретін, оны бұрынғы соғыстардың бәрінен өзгеше ететін нәрсе.

Бұл соғысқа деген көзқарасымызды біз оны ерекше тарихи жағдайы тұрғысынан алып қарағанда ғана анықтай аламыз, оны осылай алып қарау марксист үшін міндетті нәрсе. Әйтпеген күнде біз басқа, ескі жағдайға арналған ескі ұғымдарға, дәлелдерге сүйенетін боламыз. Отан жөніндегі ұғым және жоғарыда айтылған қорғаныс соғыстары мен шабуыл соғыстары деп бөлу әлгі ескірген түсініктерге жатады.

Әрине, өмір шындығының жанды картинасында ескі бояудың дақтары қазір де бар. Мысалы, барлық соғысушы елдердің ішінен ұлт болып өмір сүру үшін тек сербтер ғана күрес жүргізіп жатыр. Индия мен Қытайдағы саналы пролетарлар да ұлттық жолдан басқа жолмен бара алмаған болар еді, өйткені олардың елдері ұлттық мемлекеттер болып әлі қалыптасқан жоқ.

Егер Қытайға бұл үшін шабуыл соғысын жүргізуге тура келсе, біз оған тек қана тілектес болар едік, себебі объективтік жағынан алғанда мұның өзі прогрестік соғыс болар еді. Дәл осылайша 1848 ж. Маркс те Россияға қарсы шабуыл соғысын уағыздай алды.

Сонымен, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы империалистік саясатпен сипатталады.

Империализм дегеніміз капитализмнің өзінің қолынан келгеннің бәрін істеп, енді құлдырауға бет алғандағы жағдайы. Бұл — социалистердің санасындағы емес, нақты қатынастарда болатын ерекше заман. Қалған жерлерді бөлісу үшін күрес жүріп жатыр. Мұның өзі — капитализмнің ең соңғы тарихи міндеті. Бұл заманның қанша уақытқа созылатынын — біз айта алмаймыз. Мүмкін, мұндай бірнеше соғыс болар, бірақ мынаны айқын ұғынып алу керек: бұл әсте ертеректе жүргізілген соғыстардай болмайды, демек, тиісінше, социалистердің алдына қойылатын міндеттер де өзгеріп отырады.

Бұл жаңа міндеттерді шешу үшін пролетариат партиясына енді мүлде басқа түрпатты ұйымдар керек болуы мүмкін.

Каутский өзінің «Weg zur Macht»* деген кітапшасында экономикалық құбылыстарды егжей-тегжейлі және зер сала қарастыра келіп, бұлардан өте сақтықпен қорытынды жасай отырып, біз бұрынғы бейбіт жолмен бірте-бірте дамуға мүлде ұқсамайтын кезеңге аяқ басып отырмыз... деп көрсетті.

Бұл кезеңге сәйкес келетін ұйымның жаңа формасы қандай болуға тиіс, мұны қазір айту қиын. Бірақ жаңа міндеттерге байланысты, пролетариаттың жаңа ұйымдар құруына немесе ескі ұйымдардың түрін өзгертуіне тура келетіні айқын. Герман социал-демократтарында соншалықты айқын көрініп отырған өз ұйымының берекесін кетіріп аламыз деп қорқудың одан бетер қисыны жоқ, қалай болғанда да жариялылық қажеттігінің қисыны тіпті келмейді-ақ. Біз Петербург комитетінің соғысқа қарсы құпия листок шығарғанын білеміз.

* — «Өкімет билігіне жеткізетін жол». *Ред.*

Кавказ және басқа кейбір орыс ұйымдары да осылай істеді. Шетелде де мұны істей алатынына және байланысты үзбейтініне күмән жоқ.

Жариялылық, әрине, өте бағалы нәрсе, сондықтан да Энгельс: «Буржуа мырзалар, өз жариялылықтарыңды бірінші болып бұзыңдаршы!»[31] — деп тегін айтпаған. Қазір болып жатқан нәрсе, мүмкін, неміс социал-демократтарын үйретер, өйткені өзінің жариялылығын әрқашан мақтаныш еткен үкімет сол жариялылықты қысылып-қымтырылмай-ақ барлық жағынан бұзды. Бұл ретте Берлин комендантының «Vorwärts»-тің[32] бірінші бетіне басып шығартқызған дөрекі бұйрығы пайдалы болып шығуы мүмкін. Бірақ өзінің жабылып қалуынан қорыққан «Vorwärts» тап күресінен безіп, соғыс біткенге дейін оған жоламауға уәде бергеннен кейін, ол өз түбіне өзі жетті. Қазір Европадағы ең жақсы социалистік газет болып табылатын Париж «Голосының» дұрыс атап өткеніндей, ол опат болып кетті. Мен Мартовпен неғұрлым жиірек және күштірек келісе алмаған сайын, социал-демократ не істеуге тиіс болса, бұл жазушының дәл соны істеп отырғанын мен соғұрлым айқынырақ айтуға тиіспін. Ол өз үкіметін сынап отыр, ол өз буржуазиясын әшкерелеп отыр, ол өз министрлеріне ұрсып отыр. Ал өз үкіметі алдында қарусыз қалған, басқа елдің министрлері мен билеуші таптарын әшкерелеумен және масқаралаумен шұғылданып жүрген социалистер буржуазияшыл жазушылардың ролін атқарады. Басқалардың француз-орыс одақтастары жөнінде агент ролін атқарып отырғанындай, Зюдекумнің өзі де шынына келгенде неміс үкіметінің агенті ролін атқарып жүр.

Қазіргі соғыстың империалистік соғыс екенін өздері түсініп ұға алмаған, оны тарихи жағынан алып қарамайтын социалистер бұл соғыстан ештеңе түсінбейді, сондықтан олар соғысты түн ішінде біреу екінші біреуді алқымынан ала түскенде, көршілердің шабуыл құрбандығын құтқарып қалуына немесе төбелестен қорыққанынан есігін «кілттеп» (Плехановтың сөзі) жауып алуына тура келетіні сияқты етіп балалық аңқаулықпен түсіне алады.

Өзімізді алдауға және буржуазияшыл ақылгөйлердің тып-тыныш өмір сүріп жатыр едік, біреу тиісе кетті — екінші біреу қорғанып жатыр деп соғысты әншейін түсіндіре салуына жол бермейік.

Ленин жолдас Луццаттидің бір итальян газетінде басылған мақаласынан үзінді оқыды. Бұл мақалада итальян саясатшысы соғыстағы ұлы жеңімпаз... отан, отан ұғымы болып шықты деп қуанады да, Цицеронның «азамат соғысы аса зор апат болып табылады» деген сөздерін есте ұстау керек деп қайталайды.

Буржуаның қолы жетіп үлгергені, міне, осы, оларды бәрінен де гөрі толғандырып отырған, оларды қуантып отырған, олардың толып жатқан қаражат пен күш-жігер жұмсаған нәрсесі, міне, осы. Олар мұның өзі баяғы бір ескі, дағдылы, ұлттық соғыс деп бізді сендіруге тырысады.

Жоқ, олай емес. Ұлттық соғыстар кезеңі өткен. Біздің көріп отырғанымыз — империалистік соғыс, ал социалистердің міндеті — «ұлттық» соғысты азамат соғысына айналдыру.

Осы империалистік соғысты біз бәріміз күткенбіз, біз оған әзірленгенбіз. Ал бұл осылай екен, онда кімнің шабуыл жасағаны мүлде маңызды емес; соғысқа бәрі әзірленді, ал кімде-кім мұны сол сәтте неғұрлым тимді деп санаса, сол шабуыл жасады.

Бұдан әрі Ленин жолдас «отан» ұғымын социалистік көзқарас тұрғысынан анықтауға көшті.

Бұл ұғымға «Коммунистік Манифест» тәжірибе жүзінде түгелдей тексеріліп, ақталған өзінің тамаша беттерінде дәл және айқын анықтама берген-ді. Ленин «Коммунистік Манифестен» үзінді оқыды, онда отан ұғымы қоғамның белгілі бір сатысында оның дамуына сай келетін, содан соң керексіз болып қалатын тарихи категория делінген. Пролетариат өзінде жоқ нәрсені сүйе алмайды. Пролетариаттың отаны жоқ.

Социалистердің қазіргі соғыстағы міндеттері қандай?

Ленин жолдас тағы да кейін Копенгаген мен Базельде расталған және толықтырылған Штутгарт қарарын оқыды. Бұл қарарда социалистердің соғысқа итермелейтін тенденцияларға қарсы жүргізетін күресінің әдіс-

Женевская секція

РОССІЙСКОЙ СОЦІАЛЬДЕМОКРАТИЧ. РАБОЧ. ПАРТІИ.

ЧЕТВЕРГЪ 15

ВЪ ~~СРЕДУ 14~~ ОКТЯБРЯ 1914 Г. ВЪ 8 1/2 Ч. В.

Въ помѣщеніи „MAISON DU PEUPLE",

№ 4, DUBOIS-MELLY № 4

Тов. Н. ЛЕНИНЪ

ПРОЧТЕТЪ ПУБЛИЧНЫЙ РЕФЕРАТЪ
НА ТЕМУ:

Европейская война и соціализмъ

Плата за входъ: 30 сант.

Типографія M. Gabriel. Goetz-Monin № 27

В. И. Лениннің «Европалық соғыс және социализм» деген рефераты туралы хабарландыру.— 2(15) октябрь, 1914 ж.
Кішірейтілген

тері және басталып кеткен соғыс жөніндегі міндеттері айқын көрсетілген. Бұл міндеттер орыс революциясы мен Париж Коммунасының мысалдары арқылы анықталып отыр. Алуан түрлі қылмыс заңдары еске алына отырып, Штутгарт қарары сақтықпен жазылған, бірақ онда міндет айқын көрсетілген. Париж Коммунасы дегеніміз — азамат соғысы. Қандай формада, қашан және қайда — бұл екінші мәселе, бірақ біздің жұмысымыздың бағыты айқын белгіленген.

Бұдан кейін Ленин жолдас әр түрлі елдер социалистерінің іс жүзінде ұстап отырған позицияларын осы тұрғыдан алып қарастырады. Сербтерден басқа, орыстар да өз борышын орындады, итальян газеті — «Avanti!»-дің атап көрсеткеніндей, Эдуард Грейдің саясатын әшкерелеуші Кейр-Гарди де өз борышын орындап отыр.

Соғыс басталған екен, одан сырт айналу ақылға сыймайды. Социалист өз ісін істеуге баруы керек және өз ісін істеуі керек. Соғыста жұрт, сірә, «үйдегіден» де гөрі неғұрлым көп ойланып-толғанатын болуы керек. Сонда барып, онда пролетариатты түпкілікті мақсат үшін ұйымдастыру керек, өйткені пролетариат ол мақсатқа бейбіт жолмен жетеді деп ойлау — бос қиял. Ұлттық идеяларсыз феодализмнен капитализмге көшу мүмкін болмағаны сияқты, ұлттық шеңберлерді бұзбайынша капитализмнен социализмге көшу мүмкін емес.

«Голос» №№ 37 және 38, 25 және 27 октябрь, 1914 ж.

«Голос» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ[33]

Қазіргі дағдарыстағы бәрінен де ауыры — европалық социализмнің ресми өкілдерінің көпшілігінде буржуазиялық ұлтшылдықтың, шовинизмнің басым болуы. Барлық елдердің буржуазиялық газеттерінің бұларды біресе мазақ етіп, біресе мүләйімсіп мақтауы тегін емес. Сондықтан социалист болып қалғысы келетіндер үшін социалистік дағдарыстың себептерін анықтаудан және Интернационалдың міндеттерін талдаудан маңызды міндет жоқ.

II Интернационалдың дағдарысы, дұрысырақ айтқанда: оның күйреуі оппортунизмнің күйрегені дейтін ақиқатты мойындаудан қорқатын адамдар бар.

Соғысқа көзқарас туралы мәселе жөнінде, мысалы, француз социалистерінің бірауыздылығын сылтауратады, социализмдегі ескі фракциялар бүтіндей өзгерді-міс дегенді сылтауратады. Бірақ бұл сылтаулар дұрыс емес.

Таптардың ынтымақтасуын қорғау, социалистік революция идеясынан және революциялық күрес әдістерінен безу, буржуазиялық ұлтшылдыққа бейімделу, ұлттың немесе отанның тарихи-өткінші шекараларын ұмыту, буржуазиялық жариялылықты беталды дәріптеу, «халықтың қалың бұқарасын» (ұсақ буржуазияны деп оқы) өзінен бездіріп алудан қорқып, таптық көзқарастан және тап күресінен бас тарту — күмән жоқ, оппортунизмнің идеялық негіздері осындай. II Интернационал көсемдерінің көпшілігінің қазіргі шовинистік

және патриоттық пиғылы нақ осы негізде өсті. Бұлардың арасында оппортунистердің іс жүзінде басым екенін әр алуан байқаушылар тіпті әр тараптан аңғарып ертеде-ақ айтқан болатын. Бұл басымдықтың шын мөлшерін соғыс тым тез және айқын ашып берді. Дағдарыстың мейлінше күшті болуы ескі фракцияларда бірқатар өзгерістер туғызған болса,— бұл таңырқарлық нәрсе емес. Бірақ жалпы және тұтас алғанда бұл өзгерістер тек жеке адамдарға ғана қатысты болды. Социализм ішіндегі бағыттар бұрынғы күйінде қалды.

Француз социалистерінің арасында толық бірауыздылық жоқ. Гедпен, Плехановпен, Эрвемен және басқаларымен бірге шовинистік бағыт ұстап отырған Вальянның өзі наразылық білдіруші француз социалистерінен бұл соғыс империалистік соғыс, бұл соғыста француз буржуазиясының айыбы басқалардікінен кем емес деген бірқатар хаттар алып отырғандығын мойындауға мәжбүр болды. Мұндай үндерді масаттанған оппортунизм ғана емес, әскери цензура да өшіріп тастап отырғанын ұмытпау керек. Ағылшындарда Гайндман тобы (ағылшын социал-демократтары — «Британ социалистік партиясы»)[34], тред-юниондардың жартылай либерал көсемдерінің көпшілігі сияқты, шовинизмге қарай толық ойысып кетті. Шовинизмге тойтарыс беріп отырғандар — оппортунистік «Тәуелсіз жұмысшы партиясынан»[35] Макдональд пен Кейр-Гарди. Бұл — шынында да әдеттегіден ерекше нәрсе. Бірақ Гайндманмен ертеден күресіп келе жатқан кейбір революцияшыл социал-демократтар енді «Британ социалистік партиясы» қатарынан шығып кетті. Немістердегі жағдай айқын: жеңіске жетіп, мәз-мейрам болған оппортунистердің «көңілдері көтеріңкі». Каутский бастаған «центр» оппортунизмге қарай ойысты, сөйтіп оны өте-мөте екіжүзді, пасық және тоқмейілсінген софизмдермен қорғап отыр. Революцияшыл социал-демократтардың арасынан Мерингтің, Паннекуктің, К. Либкнехттің, Германияда және неміс Швейцариясында бірқатар белгісіз адамдардың наразылық білдірген үндері естіліп жатты. Италияда да топталыс айқын: барып тұрған оппортунистер, Биссолати және К^0, «отан» жағында, Гед —

Вальян — Плеханов — Эрве жағында. «Avanti!» бастаған революцияшыл социал-демократтар («социалистік партия») алдыңғы қатарлы жұмысшылардың орасан зор көпшілігінің қолдауына сүйене отырып, шовинизмге қарсы күресуде және соғысқа шақырған ұрандардың буржуазиялық-құлқыншылдық сипатын әшкерелеуде. Россияда жойымпаздар лагеріндегі барып тұрған оппортунистер рефераттар мен баспасөзде шовинизмді қорғап әлден-ақ үн көтерді. П. Маслов пен Е. Смирнов отан қорғау деген сылтаумен патша өкіметін қорғап отыр (Германия, байқайсыздар ма, «бізге» сауда шарттарын «семсердің күшімен» таңу қатерін төндіріп отыр, ал патша өкіметі Россия халықтарының $^{9}/_{10}$ бөлігінің экономикалық, саяси және ұлттық өмірін, сірә, семсердің, қамшының және дардың күшімен тұншықтырып келмеген және тұншықтырып отырмаған болар!) және социалистердің буржуазиялық-реакциялық министрліктерге кіруін, бүгін соғыс кредитіне дауыс беріп, ертең жаңадан қарулануға дауыс беретінін ақтап отыр!! Плеханов, өзінің орыстық шовинизмін француэшылдығымен бүркемелей отырып, ұлтшылдыққа ойысты, Алексинский де ұлтшылдыққа ойысып кетті. Мартов, егер Париж «Голосына» қарап айтатын болсақ, бұл сыбайлас топтың ішінде бәрінен де гөрі өзін тым жақсы ұстап отыр; ол герман шовинизміне де, француз шовинизміне де тойтарыс беріп, «Vorwärts»-ке де, Гайндманға да, Масловқа да қарсы шығып отыр, бірақ ол бүкіл халықаралық оппортунизмге қарсы және оның «өте-мөте беделді» қорғаушысы болып табылатын неміс социал-демократиясының «центріне» қарсы шешуші соғыс жариялаудан қорқады. Волонтерлікті социалистік міндеттерді жүзеге асыру деп көрсету әрекетін (Париждегі орыс волонтерлері тобының, социал-демократтар мен социал-революционерлердің, сондай-ақ поляк социал-демократтарының, Ледердің және басқалардың декларациясын қараңыз)[36] тек Плеханов қана қорғады. Біздің партияның Париждегі секциясының көпшілігі бұл әрекеттерді айыптады[37]. Біздің партияның Орталық Комитетінің позициясын оқушылар осы номердің бас ма-

қаласынан* көре алады. Біздің партияның көзқарастарын тұжырымдаудың қалай қалыптасқандығының тарихы жөнінде, біз—түсінбеушілік болмауы үшін—төмендегі фактілерді анықтауымыз керек: соғыс үзіп кеткен ұйымдық байланысты қалпына келтірудегі зор қиыншылықтарды жеңе отырып, біздің партия мүшелерінің бір тобы әуелі «тезистер» жасап алды да, жаңаша 6—8 сентябрьде оларды жолдастарға таратты. Содан соң тезистерді ол Швейцария социал-демократтары арқылы Луганодағы итальян-швейцариялық конференциясының екі мүшесіне берді (27 сентябрьде). Байланыстарды қалпына келтіріп, партияның Орталық Комитетінің көзқарасын тұжырымдаудың сәті тек октябрьдің ортасында ғана түсті. Осы номердің бас мақаласы «тезистердің» ақырғы редакциясы болып табылады.

Европалық және россиялық социал-демократиядағы істердің жайы, қысқаша айтқанда, осындай. Интернационалдың күйрегені анық. Француз және неміс социалистері арасында болған баспасөз бетіндегі айтыс осыны әбден дәлелдеді. Солшыл социал-демократтар (Меринг және «Bremer Bürger-Zeitung»[38]) ғана емес, швейцариялық баяу органдар да («Volksrecht») мұны мойындап отыр. Каутскийдің бұл күйреуді бүркемелеуге жасаған әрекеттері — қорқақтың жалтарысы. Ал бұл күйреу — буржуазияның тұзағына түскен нақ оппортунизмнің күйреуі.

Буржуазияның позициясы айқын. Сондай-ақ буржуазияның дәлелдерін оппортунистердің құр әншейін түсінбей қайталап отырғаны да айқын. Бас мақалада айтылғанға енді тек «Neue Zeit»-тің интернационализмнің мәні, дәлдеп айтқанда, отан қорғауға бола бір ел жұмысшыларының екінші ел жұмысшыларына қарсы оқ атуында деген қорлаушылық сөздерін қоса көрсету ғана қалған болар!

Біз оппортунистерге былай деп жауап береміз: қазіргі соғыстың нақты тарихи сипатын ескермесек, отан туралы мәселені қоюға болмайды. Бұл — империалистік соғыс, яғни неғұрлым дамыған капитализм зама-

* Қараңыз: осы том, 13—23-беттер. *Ред.*

нындағы, капитализмнің *ақырғы* заманындағы соғыс. *«Коммунистік Манифест»:* жұмысшы табы әуелі «ұлт шеңберінде орналасуға» тиіс дейді; ол бұл арада буржуазиялық құрылыстың, демек, буржуазиялық отанның да қажетті формалары ретінде, ұлт пен отанды тануымыздың *шекаралары мен шарттарын* көрсетеді. Оппортунистер капитализмнің пайда болу заманы жөнінде дұрыс нәрсені капитализмнің ақырғы заманына қолданып, осы ақиқатты бұрмалайды. Ал енді осы заман туралы, пролетариаттың феодализмді емес, капитализмді қирату жолындағы күресте атқаратын міндеттері туралы «Коммунистік Манифест»: «жұмысшылардың отаны жоқ» деп әрі айқын, әрі ашық айтады. Оппортунистердің социализмнің осы ақиқатын мойындаудан неге қорқатындығы, тіпті көп ретте мұнымен ашықтан-ашық есептесуден неге қорқатындығы түсінікті. Социалистік қозғалыс отанның ескі шеңберінде жеңе алмайды. Социалистік қозғалыс адамзаттың қоғамдық тұрмысының жаңа, ең жоғарғы формаларын жасайды; ол кезде, қазіргі ұлттық кедергілер жойылған кезде, *әрбір* ұлттың еңбекші бұқарасының заңды тілектері мен прогресшіл талаптары интернационалдық бірлікте алғаш рет қанағаттандырылатын болады. Қазіргі буржуазияның «отан қорғау» деген екіжүзділік сылтаумен жұмысшыларды ыдырату, бөлу әрекеттеріне саналы жұмысшылар барлық ұлттар буржуазиясының үстемдігін жою жолындағы күресте әр түрлі ұлттар жұмысшыларының бірлігін орнату үшін үсті-үстіне жаңа, үсті-үстіне қайталап әрекет жасаумен жауап береді.

Буржуазия империалистік тонауды «ұлттық соғыс» деген ескі идеологиямен бүркеп, бұқараны ақымақ етеді. Пролетариат империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұранын жариялап, бұл алдауды әшкерелейді. Жалпы соғыстың емес, нақ қазіргі соғыстың болатындығын дәл болжай білген, «отан қорғау» туралы айтпай, «капитализмнің күйреуін тездету» туралы айтқан, соғыс тудыратын дағдарысты осы мақсатқа пайдалану туралы, Коммунаның өнегесі туралы айтқан Штутгарт және Базель қарарлары нақ осы ұранды бел-

гілеген болатын. Коммуна халықтар соғысын азамат соғысына айналдыру болды.

Халықтар соғысының азамат соғысына айналуы, әрине, оңай емес және ол жеке партиялардың «қалауымен» бола қоймайды. Ал дәл мұндай айналудың мүмкіншіліктері жалпы алғанда капитализмнің, әсіресе капитализмнің ақырғы заманының объективтік жағдайында жатыр. Социалистер өздерінің жұмысын осы бағытта, тек қана осы бағытта жүргізуге тиіс. Соғыс кредиттеріне дауыс бермеу керек, «өз» елінің (және одақтас елдердің) шовинизмін қолпаштамау керек, ең алдымен «өз» буржуазияңның шовинизмімен күресу керек, дағдарыс басталып, буржуазия өзі жасаған жариялылықты өзі жойған кезде, күрестің жария формаларымен шектеліп қалмау керек,— міне, азамат соғысына *бастайтын* және бүкіл европалық өрттің белгілі бір кезеңінде сол азамат соғысына жеткізетін жұмыс *бағыты* осы.

Соғыс — кездейсоқ іс емес, христиан поптарының (патриотизмді, адамгершілікті және бейбітшілікті оппортунистерден кем уағыздамайтын поптардың) ойлағанындай «күнә» емес, қайта капитализмнің болмай қоймайтын сатысы, бейбітшілік *капиталистік* өмірдің қандай заңды формасы болса, соғыс та дәл сондай заңды формасы. Біздің заманымыздағы соғыс — халық соғысы. Бұл ақиқаттан шовинизмнің «халықтық» ағынымен ыға беру керек деген қорытынды тумайды, қайта соғыс кезінде де, соғыста да және соғыстағыша халықтарды жұлқыстырып қоятын таптық қайшылықтар тоқталмайды, бола береді деген қорытынды туады. Әскери қызметтен бас тарту, соғысқа қарсы стачка жасау, т. с. құр әншейін кещелік, қарулы буржуазиямен қарусыз күрес жүргізу туралы пақырлық, қорғаншақтық қиял, жанталасқан азамат соғысын немесе бірқатар соғыстарды жасамай-ақ капитализмді жояр ма еді деп күрсіну. Әскер арасында да тап күресін насихаттау—социалистің борышы; халықтар соғысын азамат соғысына айналдыруға бағытталған жұмыс — барлық ұлттар буржуазиясының империалистік қарулы қақтығыстары заманындағы бірден-бір социалистік жұмыс. «Қайт-

кен күнде де бейбітшілік болса екен» дейтін поптық-сентименталдық және есуастық күрсіну жойылсын! Азамат соғысының туын көтерелік! Империализм европалық мәдениеттің тағдырын бәске тігіп отыр: бірқатар ойдағыдай революциялар жасалмаса, осы соғысқа ілесе көп ұзамай басқа соғыстар келеді — «соңғы соғыс» туралы ертегі — бос ертегі, зиянды ертегі, («Голостың» тауып айтқанындай[39]) мещандық «мифология». Азамат соғысының пролетарлық туы бүгін болмаса ертең,— қазіргі соғыс кезінде болмаса, осы соғыстан кейін,— бұл соғыста болмаса жуық арадағы келесі соғыста — жүз мыңдаған саналы жұмысшыларды ғана емес, сонымен бірге қазір шовинизм ақымақ қылып отырған миллиондаған жартылай пролетарлар мен ұсақ буржуаны өз төңірегіне жинайды; бұларды соғыстың сұмдықтары шошытып, тепкі көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге бұлардың көзін ашып, бұларды үйретіп, оятып, ұйымдастырып, шынықтырады және «өз» еліпің де, «бөтен» елдердің де буржуазиясына қарсы соғысқа даярлайды.

Оппортунизмнен жеңілген II Интернационал өлді. Оппортунизм жойылсын және («Голостың» тілегеніндей) «қашқындардан» ғана емес, оппортунизмнен де тазарған III Интернационал жасасын.

II Интернационал XIX ғасырдың соңғы үштен бірі мен XX ғасырдың басындағы ең қатал капиталистік құлдықтың және ең жедел капиталистік прогрестің ұзаққа созылған «бейбіт» заманында пролетарлық бұқараны алдын ала ұйымдастыру жөніндегі пайдалы әзірлік жұмысынан өзіне тиген үлесін орындады. III Интернационалдың алдында капиталистік үкіметтерге революциялық шабуыл жасау үшін, саяси өкімет билігі жолында, социализмнің жеңуі жолында барлық елдердің буржуазиясына қарсы азамат соғысын ашу үшін пролетариаттың күштерін ұйымдастыру міндеті тұр!

«Социал-Демократ» № 33,
1 ноябрь, 1914 ж.

«Социал-Демократ» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

КАРЛ МАРКС

(МАРКСИЗМДІ БАЯНДАЙТЫН ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНДЫҚ ОЧЕРК)[40]

1914 ж. июльде — ноябрьде жазылған

1915 ж. Гранаттың Энциклопедиялық сөздігінің 7-басылуының 28-томында басылған
Қол қойған: В. Ильин

Алғы сөз 1918 ж. мына кітапшада басылған: Н. Ленин. «Карл Маркс». Москва, «Прибой» баспасы

Кітапшаның текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

АЛҒЫ СӨЗ

Карл Маркс туралы қазір жеке басылып шыққалы тұрған мақаланы мен 1913 (ұмытпасам) жылы Гранаттың сөздігіне арнап жазған едім. Мақаланың соңында Маркс туралы әдебиеттің, көбінесе шетелдік әдебиеттің, әжептәуір толық көрсеткіші қоса берілген-ді. Ол бұл басылымда жоқ. Содан соң сөздік редакциясы өз тарапынан, цензуралық себептерге байланысты, Маркс туралы мақаланың оның революциялық тактикасын баяндауға арналған соңғы жағын алып тастаған еді. Амал не, мақаланың сол соңғы жағын бұл арада қалпына келтіруге менің мүмкіндігім жоқ, өйткені алғашқы қолжазбасы Краковта немесе Швейцарияда қағаздарымның арасында қалып қойыпты. Есімде қалғаны тек мынау ғана: мақаланың соңында мен, айтқандайын, Маркстің Энгельске 16. IV. 1856 ж. жазған хатының бір жерін келтірген едім; онда Маркс былай деп жазған болатын: «Германиядағы істің бәрі шаруалар соғысының қандай да болсың екінші рет қайталануы арқылы пролетарлық революцияны қолдау мүмкіндігіне байланысты болады. Сонда іс тамаша болады»[41]. Енді социализмге толық опасыздық жасауға дейін, буржуазия жағына шығуға дейін құлдырап кеткен біздің меньшевиктер 1905 жылдан бері міне осыны түсінген жоқ.

Москва, 14. V. 1918. *Н. Ленин*

Маркс Карл 1818 ж. жаңаша 5 майда Трир қаласында (Рейн жағасындағы Пруссияда) туды. Оның әкесі—адвокат, 1824 ж. протестант дінін қабылдаған еврей. Семьясы ауқатты, мәдениетті болған, бірақ революцияшыл семья болмаған. Трирдегі гимназияны бітіргеннен кейін Маркс әуелі Бонндағы, содан соң Берлиндегі университетке түсті, заң ғылымдарын, бірақ бәрінен де гөрі көбірек тарих пен философияны зерттеді. Эпикурдың философиясы туралы университеттік диссертация дайындап, оқуын 1841 ж. бітіріп шықты. Ол кезде Маркс өзінің көзқарасы жағынан гегельшіл-идеалист еді. Берлинде ол Гегельдің философиясынан атеистік және революциялық қорытындылар шығаруға тырысқан «солшыл гегельшілдердің» (Бруно Бауэрдің және басқалардың) үйірмесіне жақындасты.

Университетті бітіргеннен кейін Маркс профессор болуды көздеп, Боннға көшті. Бірақ үкіметтің 1832 ж. Людвиг Фейербахты кафедрадан айырған, 1836 ж. оны университетке жіберуге тағы да рұқсат бермеген, ал 1841 ж. жас профессор Бруно Бауэрдің Бонnда лекция оқу правосын жойған реакциялық саясаты Марксті ғылыми қызметтен бас тартуға мәжбүр етті. Бұл кезде Германияда солшыл гегельшілдердің көзқарастары өте тез дамыды. Людвиг Фейербах әсіресе 1836 жылдан теологияны сынап, материализмге бет бұра бастады, материализм Фейербахта 1841 ж. әбден басым болды («Христиандықтың мәні»); 1843 ж. оның «Болашақ

философиясының негізгі қағидалары» деген еңбегі басылып шықты. Фейербахтың осы шығармалары туралы Энгельс кейінірек былай деп жазды: осы кітаптардың «азаттық әсерін бастан кешіру керек болды». «Біздер» (ягни солшыл гегельшілдер, оның ішінде Маркс) «бірден фейербахшыл болдық»[42]. Осы кезде көзқарас жағынан солшыл гегельшілдерге жанасатын рейндік радикал буржуа Кёльнде «Рейн Газеті» деген оппозициялық газет құрды (1842 жылғы 1 январьдан шыға бастады). Маркс пен Бруно Бауэр газетке басты қызметкерлер есебінде шақырылды, ал 1842 ж. октябрьде Маркс осы газеттің бас редакторы болды да, Бонпан Кёльнге көшіп келді. Маркс редактор болған кезде газеттің революциялық-демократиялық бағыты барған сайын айқындала берді, сондықтан үкімет әуелі газетті екі-үш қайтара цензурадан өткізіп тұрды, содан соң 1843 ж. 1 январьда газетті мүлдем жауып тастауға ұйғарды. Осы мерзімге Маркстің редакторлықты тастауына тура келді, бірақ оның кетуі газетті қалай дегенмен де сақтап қала алмады, сөйтіп ол 1843 ж. мартта жабылды. Төменде айтылғандардан (*Әдебиеттерді*[43] қараңыз) басқа, Маркстің «Рейн Газетінде» басылған ең ірі мақалаларынан Энгельс Мозель аңғарындағы шарап жасаушы шаруалардың жағдайы туралы мақаланы атап көрсетеді[44]. Газет жұмысы Маркске оның саяси экономиямен жеткілікті таныс еместігін көрсетті, сондықтан ол саяси экономияны зерттеп үйренуге зейін қоя кірісті.

1843 ж. Крейцнахта Маркс балалық шағынан бірге өскен, студент кезінде некелесуге сөз байласқан құрбысы Дженни фон Вестфаленге үйленді. Оның әйелі Пруссияның реакцияшыл дворян семьясынан шыққан. Әйелінің ағасы Пруссияда ең реакциялық замандардың бірінде, 1850—1858 жылдары, ішкі істер министрі болған. Маркс 1843 жылдың күзінде Арнольд Ругемен (1802—1880; солшыл гегельшіл, 1825—1830 жылдары түрмеде отырған, 1848 жылдан кейін эмигрант; 1866—1870 жылдардан кейін бисмаркшыл) бірге шетелде радикалдық журнал шығару үшін Парижге келді. Бұл «Неміс-Француз Әржылдығы» журналының тек бірін-

ші кітапшасы ғана шықты. Германияда жасырын таратудың қиындығынан және Маркс пен Ругенің арасында пікір алалығы болғандықтан журналдың шығуы тоқталып қалды. Маркс өзінің осы журналдағы мақалаларында «бүкіл қазіргі тәртіпті аямай сынау», оның ішінде «қаруды сынау»[45] жөнінде жариялаған, *бұқараға* және *пролетариатқа* сүйенген революционер ретінде көрінді.

1844 ж. сентябрьде Фридрих Энгельс бірнеше күнге Парижге келді; ол сол кезден бастап Маркстің ең жақын досы болып кетті. Ол екеуі Париждің революцияшыл топтарының сол кездегі қайнаған өміріне мейлінше қызу қатысты (мұнда Прудон ілімінің маңызы ерекше болды; оған Маркс 1847 ж. өзінің «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде батыл соққы берді) және ұсақ буржуазиялық социализмнің әр түрлі ілімдерімен қатал күресе отырып, революциялық *пролетарлық социализмнің* немесе коммунизмнің (марксизмнің) теориясы мен тактикасын жасады. Маркстің сол дәуірдегі, 1844—1848 жылдардағы, шығармаларын қараңыз: төмендегі *Әдебиеттер*. 1845 ж. Пруссия үкіметінің талап етуі бойынша Маркс қауіпті революционер ретінде Парижден қуылды. Ол Брюссельге көшті. 1847 ж. көктемде Маркс пен Энгельс «Коммунистер одағы» деген жасырын насихат қоғамына кірді; осы одақтың II съезіне (1847 ж. ноябрьде Лондонда болған) белсене қатысты және сол съездің тапсыруы бойынша 1848 ж. февральда басылып шыққан атақты «Коммунистік партияның Манифесін» жазды. Бұл шығармада дүниеге жаңа көзқарас, әлеуметтік өмір саласын да қамтитын дәйекті материализм, даму туралы неғұрлым жан-жақты және терең ілім болып табылатын диалектика, тап күресі туралы және жаңа, коммунистік қоғам жасаушы пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік-тарихи революциялық ролі туралы теория данышпандықпен айқын да әсерлі баяндалған.

1848 жылғы февраль революциясы[46] бұрқ ете түскен кезде Маркс Бельгиядан қуылды. Ол қайтадан Парижге, март революциясынан[47] кейін Парижден Германияға, атап айтқанда Кёльнге келді. Онда 1848 жылғы 1

В. И. Лениннің
«Карл Маркс»
деген
қолжазбасының
бірінші беті.
Июль — ноябрь, 1914 ж.

Карл Маркс родился 5/V н. ст. 1818 г. в городе Трире (прирейнской Пруссия). Отец его был адвокат, еврей, в 1824 г. принявший протестантство. Семья была зажиточная, культурная, но не революцiонная. Окончив гимназiю в Трире, М. поступил в университет, сначала в Бонне, потом в Берлине, изучал юридические науки, но больше всего историю и философiю. Окончил курс в 1841 г., представив университетскую диссертацiю о философiи Эпикура. По взглядам своим М. был еще тогда гегельянцем-идеалистом. В Берлине он примыкал к кружку „левых гегельянцев" (Бруно Бауэр и др.), которые стремились делать из философiи Гегеля атеистические и революцiонные выводы.

По окончании университета М. переселился в Бонн, рассчитывая стать профессором. Но реакцiонная политика правительства, отправившего представителей в Бонне кафедры профессора Бруно Бауэра, заставила М. отказаться от ученой карьеры. В это время рейнские радикальные буржуа, имевшие точки соприкосновения с левыми гегельянцами, основали в Кельне оппозицiонную газету: „Рейнскую газету" (начала выходить с 1 янв. 1842 г.). М. и Бруно Бауэр были приглашены в качестве главных сотрудников, а в октябре 1842 г. М. сделался главным редактором и переселился из Бонна в Кельн. Революцiонно-демократическое направление газеты при редакторстве М. становилось все определеннее, и правительство сначала подчинило газету двойной и тройной цензуре, а затем решило вовсе закрыть ее с 1 янв. 1843 г. М. пришлось к этому сроку оставить редакторство, но его уход все же не спас газеты, и она была закрыта в марте 1843 г. Из наиболее крупных статей М. в „Рейнск. газ." Энгельс отмечает, кроме указанных ниже (см. Литературу), статью о положении крестьян-виноделов в долине Мозеля. Газетная работа показала М., что он недостаточно знаком с политической экономией, и он усердно принялся за ее изучение.

В 1843 г. М. женился в Крейцнахе на Женни фон Вестфален, подруге детства, с которой он был обручен еще будучи студентом. Жена его принадлежала к прусской реакцiонной дворянской семье. Ее старший брат был министром внутр. дел в Пруссии в одну из самых реакцiонных эпох, 1850-1858 гг. Осенью 1843 г. М. приехал в Париж, чтобы издавать за границей вместе с Арнольдом Руге (1802-1880; левый гегельянец; 1825-1830 в тюрьме, после 1848 г. эмигрант; после 1866-70 бисмаркианец) радикальный журнал. Вышла лишь первая книжка этого (журнала „Нем.-франц. Ежегодники"). Он прекратился из-за трудности тайного распространения в Германии и из-за разногласий с Руге. В своих статьях в этом журнале М. вы-

июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін «Жаңа Рейн Газеті» шығып тұрды; оның бас редакторы Маркс болды. 1848—1849 жылдардағы революциялық оқиғалардың барысы жаңа теорияны тамаша растады; ол теорияны кейін дүние жүзіндегі барлық елдердің пролетарлық және демократиялық қозғалыстарының бәрі де растап отырды. Жеңіп шыққан контрреволюция Маркстi әуелі сотқа берді (1849 ж. 9 февральда ақталып шықты), ал содан кейін Германиядан қуды (1849 ж. 16 майда). Маркс әуелі Парижге барды, 1849 жылғы 13 июнь демонстрациясынан[48] кейін одан да қуылды, содан Лондонға кетті де, қалған өмірін сонда өткізді.

Эмиграттық тұрмыс жағдайы өте-мөте ауыр болды, бұл Маркстің Энгельске жазған хаттарынан (1913 ж. басылып шықты)[49] ерекше айқын көрінеді. Мұқтаждық Маркстi және оның семьясын қатты қинады; егер қаржы жағынан Энгельс жан аямай, ұдайы жәрдемдесіп тұрмаған болса, Маркс, «Капиталды» аяқтай алмауы былай тұрсын, тіпті жоқшылықтың азабынан сөзсіз мерт болар еді. Оның үстіне тіпті пролетарлық емес, ұсақ буржуазиялық социализмнің ілімдері мен ағымдарының көптігі Маркстi ұдайы аяусыз күресуге мәжбүр етті, кейде тікелей өзіне жасалған нағыз арпалысқан, айуандық шабуылға тойтарыс беруге мәжбүр етті («Herr Vogt»[50]). Эмиграттық үйірмелерден аулағырақ жүріп, өз күшін негізінен саяси экономияны зерттеуге жұмсай отырып, Маркс бірқатар тарихи еңбектерінде (*Әдебиеттерді* қараңыз) өзінің материалистік теориясын жасады. Бұл ғылымды Маркс өзінің «Саяси экономия сыны жөнінде» (1859) және «Капитал» (I том, 1867) деген шығармаларында революцияшылдандырды (төменде Маркстің *ілімі* деген бөлімді қараңыз).

50-жылдардың аяқ кезіндегі және 60-жылдардағы демократиялық қозғалыстардың жандану заманы Маркстi қайтадан практикалық қызметке тартты. 1864 ж. (28 сентябрьде) Лондонда атақты I Интернационал — «Жұмысшылардың халықаралық серіктігі» құрылды. Маркс осы қоғамның жаны, оның бірінші «Үндеуінің»[51] және толып жатқан қарарларының, мәлімдемелерінің,

манифестерінің авторы болды. Әр түрлі елдердегі жұмысшы қозғалысын біріктіре отырып, Маркстен бұрынғы, пролетарлық емес социализмнің (Мадзини, Прудон, Бакунин, ағылшын либералдық тред-юнионизмі, Германиядағы лассальшылдық оңға бұлталақтау, т. с.) әр түрлі формаларын бірлесіп жұмыс істеу арнасына түсіруге тырыса отырып, барлық осы секталар мен мектепсымақтардың теорияларымен күресе отырып, Маркс әр түрлі елдердегі жұмысшы табының пролетарлық күресінің біртұтас тактикасын шыңдап шығарды. Маркс өте терең, дәл, тамаша әрі *пәрменді,* революциялық тұрғыда бағалаған («Франциядағы азамат соғысы», 1871) Париж Коммунасы (1871) құлағаннан кейін және Интернационалды бакунистер жікке бөлгеннен кейін, Европада Интернационалдың өмір сүруіне мүмкіндік қалмады. Интернационалдың Гаагадағы (1872) конгресінен кейін Маркс Интернационалдың Бас Советін Нью-Йоркке көшіру ісін жүзеге асырды. Дүние жүзіндегі барлық елдерде жұмысшы қозғалысының өлшеусіз зор көлемде өскен заманына, атап айтқанда: жұмысшы қозғалысының *кеңейе* өскен заманына, жеке ұлттық мемлекеттер негізінде жұмысшылардың *бұқаралық* социалистік партияларының құрылу заманына орын беріп, I Интернационал өзінің тарихи ролін аяқтады.

Интернационалдағы қауырт жұмыс, одан да гөрі қауырт жүргізілген теориялық жұмыстар Маркстің денсаулығын біржолата әлсіретті. Ол көптеген жаңа материалдар жинап, бірқатар тілдерді (мәселен, орыс тілін) үйрене жүріп, өзінің саяси экономияны қайта өңдеу және *«Капиталын»* аяқтау жөніндегі жұмысын жүргізе берді, бірақ *«Капиталды»* аяқтауына оның науқасы мүмкіндік бермеді.

1881 ж. 2 декабрьде Маркстің әйелі қайтыс болды. 1883 ж. 14 мартта, өзінің креслосында отырып, Маркс мәңгілік ұйқыға кетті. Ол өзінің әйелімен бір жерге, Лондондағы Хайгейт зиратына жерленді. Маркстің балаларының бірнешеуі Лондонда, семьясы өте-мөте жоқшылыққа ұшыраған шақта, сәби кезінде өлді. Үш қызы Англия мен Францияның социалистеріне тұрмысқа

шықты; олар: Элеонора Эвелинг, Лаура Лафарг және Дженни Лонге. Дженни Лонгенің ұлы — француз социалистік партиясының мүшесі.

МАРКСТІҢ ІЛІМІ

Марксизм—Маркстің көзқарастары мен ілімінің системасы. Маркс адамзаттың ең алдыңғы қатарлы үш елінен шыққан, XIX ғасырдағы идеялық басты үш ағымды: классикалық неміс философиясын, классикалық ағылшын саяси экономиясын және жалпы француз революциялық ілімдерімен байланысты француз социализмін ілгері апарушы және соларды данышпандықпен аяқтап шығушы болды. Маркс көзқарастарының тамаша дәйектілігі мен тұтастығын тіпті Маркстің дұшпандары да мойындайды, бұл көзқарастар жинақталған күйінде дүние жүзіндегі барлық цивилизациялы елдердің жұмысшы қозғалысының теориясы мен программасы болып саналатын осы заманғы материализм мен осы заманғы ғылыми социализмді беріп отыр; мұның өзі марксизмнің негізгі мазмұнын, атап айтқанда: Маркстің экономикалық ілімін баяндаудан бұрын, Маркстің жалпы дүние танымына қысқаша очерк арнауымызды керек етеді.

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛИЗМ

Маркс өзінің көзқарастары қалыптасқан 1844—1845 жылдардан бастап материалист, атап айтқанда Л. Фейербахтың жақтасы болды, кейін де Фейербахтың әлсіз жақтары оның материализмінің дәйектілігі мен жан-жақтылығының өте-мөте жеткіліксіздігінде деп білді. Маркс Фейербахтың «бір заманға барабар» бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы нақ Гегельдің идеализмінен үзілді-кесілді қол үзіп, материализмді жариялағандығында деп есептеді; бұл материализм тіпті «XVIII ғасырда әсіресе Францияда тек өмір сүріп отырған саяси мекемелерге ғана емес, сонымен бірге дін мен теологияға да, оның үстіне... метафизика атаулыға да» («есті философиядан» өзгеше «ессіз спекуляция» мағы-

насында) «қарсы күрес болды» («Әдеби Мұрадағы» «Қасиетті әулет»)[52]. «Гегельдің,— деп жазды Маркс,— идея деген атпен тіпті дербес субъектіге айналдыратын ойлау процесі Гегельше шындықтың демиургі (жасаушысы, құрушысы)... Ал менде, мұның керісінше, идеялық дегеніміз адамның ойына келген және сонда қайта жасалып шыққан материялықтан басқа еш нәрсе де емес» («Капитал», І, 2-басылуына соңғы сөз[53]). Маркстің осы материалистік философиясына толық сәйкес түрде және оны баяндай отырып, Фр. Энгельс «Анти-Дюрингте» былай деп жазды (*қараңыз*):— Маркс бұл шығармамен қолжазба күйінде танысқан — «...Дүниенің бірлігі оның болмысында емес, оның материалылығында; бұл... философия мен жаратылыс тану ғылымының ұзақ және қиын дамуымен дәлелденіп отыр... Қозғалыс дегеніміз материя болмысының формасы. Қозғалыссыз материя, материясыз қозғалыс ешқайда, ешқашан болған емес және болмақ та емес... Егер ойлау мен таным деген не, олар қайдан пайда болады деген сұрақ қоятын болсақ... онда біз ойлау мен таным — адам миының жемістері екенін, ал адамның өзі — белгілі бір табиғи жағдайда және сонымен бірге дамыған табиғат жемісі екенін көреміз. Сол себепті сайып келгенде өзі де табиғаттың жемістері болып табылатын адам миының жемістері табиғаттың басқа байланысына қайшы келмейді, қайта оған сәйкес келеді, бұл өзінен-өзі түсінікті». «Гегель идеалист еді, яғни ол үшін біздің басымыздағы ойлар шын заттар мен процестердің азды-көпті абстракт бейнелері (Abbilder, суреттері, кейде Энгельс «іздері» туралы сөз қылады) болған жоқ, қайта, керісінше, заттар және олардың дамуы Гегель үшін дүние жаратылғанға дейін әлдеқайда бар болған қандай да бір идеяның бейнелері болды»[54]. Фр. Энгельс өзінің «Людвиг Фейербах» деген шығармасында Фейербахтың философиясы жөнінде өзінің және Маркстің көзқарастарын баяндайды, шығарманы баспаға бергенде Энгельс өзінің және Маркстің Гегель туралы, Фейербах туралы және тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы мәселе жөніндегі 1844—1845 жылдардағы ескі қолжазбасын алдын ала қайта оқып

шығады; осы шығармасында Энгельс былай деп жазады: «Қандай философияның болса да, әсіресе ең жаңа философияның, негізгі ұлы мәселесі — ойлаудың болмысқа қатынасы, рухтың табиғатқа қатынасы туралы мәселе... қайсысы қайсысынан бұрын болған: рух табиғаттан бұрын ба, әлде табиғат рухтан бұрын ба... Осы мәселеге жауап беруіне қарай, философтар үлкен екі лагерьге бөлінді. Рух табиғаттан бұрын болды деп санаушылар, демек, қалай дегенмен де, дүниенің жаратылуын мойындаушылар... идеалистік лагерьді құрады. Бастапқы негіз табиғат деп есептеушілер материализмнің әр түрлі мектептеріне қосылды». Идеализм мен материализм (философиялық) ұғымдарын бұдан басқаша қолданудың қандайы болса да тек шатасушылыққа ғана бастайды. Маркс қалай болғанда да әрқашан дінмен байланысты идеализмді ғана емес, сонымен қатар әсіресе біздің заманымызда көбірек тараған Юм мен Канттың көзқарастарын, агностицизмнің, критицизмнің, позитивизмнің әр алуан түрлерін үзілді-кесілді теріске шығарып отырды, бұл сияқты философияны идеализмге «реакцияшылдықпен» жол бергендік және ең мықтағанда «жұрттың көзінше қуылатын материализмді ұяла-ұяла жасырын есіктен кіргізіп алғандық»[55] деп санады. Бұл мәселе жөнінде Энгельс пен Маркстің аталған шығармаларынан басқа, Маркстің 1866 ж. 12 декабрьде Энгельске жазған хатын қараңыз; онда Маркс белгілі табиғат зерттеуші Т. Гёкслидің әдеттегісінен гөрі «материалистікке жақындау» пікірін және оның «біз шын байқайтын және ойлайтын болғандығымыздан еш уақытта да материализмнің тұрғысынан шығып кете алмаймыз» деп мойындауын атап айта келіп, оны агностицизм, юмизм жағына «бұлтарғаны» үшін кінәлайды[56]. Әсіресе Маркстің еркіндіктің қажеттілікке қатынасы жөніндегі көзқарасын атап өту керек: «Әлі танылмай тұрғанда қажеттілік соқыр. Еркіндік дегеніміз қажеттілікті тану» (Энгельс «Анти-Дюрингте» келтірген) = табиғаттың объективтік заңдылығын және қажеттіліктің диалектикалық жолмен еркіндікке айналуын мойындау (танылмаған, бірақ танылатын «өзіндік заттың» «біздік затқа», «заттардың мәнінің» «құбылыс-

қа» айналуымен бірге). Маркс пен Энгельс «ескі» материализмнің, оның ішінде Фейербахтың материализмінің де (әсіресе Бюхнер-Фогт-Молешоттың «тұрпайы») материализмінің негізгі кемшілігі мыналар деп санады: (1) бұл материализм химия мен биологияның (ал біздің заманымызда бұған: материяның электрлік теориясын да қосу керек еді) ең жаңа дамуын ескерместен, «көбінесе механикалық» материализм болды; (2) ескі материализм тарихи болмады, диалектикалық болмады (антидиалектика мағынасында метафизикалық болды), даму көзқарасын дәйекті және жан-жақты жүзеге асырмады; (3) олар «адамның мәнін» (нақты-тарихи анықталған) «барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы» деп қарамай, абстракт түрде ұғынды, сондықтан олар әңгіме дүниені «өзгерту» туралы болып отырғанда, оны тек қана «түсіндірумен» болды, яғни «революциялық практикалық қызметтің» маңызын ұқпады.

ДИАЛЕКТИКА

Маркс пен Энгельс Гегельдің диалектикасын, даму туралы нағыз жан-жақты, мазмұнға бай және терең ілім ретінде, классикалық неміс философиясының аса ұлы табысы деп санады. Дамудың, эволюцияның принципін бұдан басқаша тұжырымдаудың қандайын болса да Маркс пен Энгельс табиғат пен қоғамдағы дамудың (секірмелері, апаттары, революциялары жиі болатын дамудың) шын барысына зақым келтіріп, зиян тигізетін сыңар жақ, мазмұнға кедей тұжырым деп санады. «Саналы диалектиканы сақтап қалуды» (идеализмнің, оның ішінде гегельшілдіктің талқандауынан сақтап қалуды) «және оны табиғатты материалистік тұрғыдан ұғуға қолдануды өздеріне міндет етіп қойған адамдар, бәлкім, тек Маркс екеуіміз ғана болсақ керек». «Табиғат — диалектиканың дәлелі және нақ ең жаңа жаратылыс тану ғылымы осы дәлелдің орасан бай екендігін көрсетіп те отыр» (радий, электрондар, элементтердің басқа түрлерге айналуы, т. с. ашылмай тұрғанда жазылған!), «бұл дәлел күн сайын көп материал жинайды

және табиғатта бәрі, сайып келгенде, метафизикаша емес, диалектикаша болатынын дәлелдейді»[57].

«Негізгі ұлы ой,— деп жазады Энгельс,— дүние дайын тұрған, әбден аяқталған заттардан құралмайды, процестердің жиынтығы болып табылады, мұнда өзгермейтін сияқты көрінетін заттар, сол сияқты олардың адам басы арқылы жасалатын ойдағы суреттері, ұғымдар, бір туып, бір жоғалып, үнемі өзгерісте болады,— міне осы негізгі ұлы ой Гегель кезеңінен бермен қарай жалпы жұрттың санасына мол енгендігі сонша, оны енді оның жалпы түрінде, сірә, ешкім таласқа сала қояр ма екен. Бірақ оны сөз жүзінде мойындау бір басқа да, әрбір жеке жағдайда және әрбір зерттеу саласында қолдану,— екінші басқа ғой». «Диалектикалық философия үшін мәңгілік қалыптасып болған, сөзсіз, қасиетті еш нәрсе жоқ. Барлық нәрсенің бәрінен ол сөзсіз құлау таңбасын көреді, сондықтан оның алдында үздіксіз туу және жойылу процесінен басқа, төменгіден жоғарыға қарай шексіз өрлеуден басқа еш нәрсе тұра алмайды. Оның өзі де осы процестің ойлаушы мидағы жай бейнесі ғана болып табылады». Сонымен, диалектика дегеніміз, Маркстше,—«сыртқы дүние қозғалысының да, адамзат ойлауы қозғалысының да жалпы заңдары туралы ғылым»[58].

Маркс Гегель философиясының осы революциялық жағын қабылдады және дамытты. Диалектикалық материализм «басқа ғылымдардан жоғары тұрған ешқандай философияны керек қылмайды». Бұрынғы философиядан қалатыны—«ойлау және оның заңдары туралы ілім—формальдық логика мен диалектика»[59]. Ал, Маркстің ұғымынша, сол сияқты Гегельдің пікірінше, диалектикаға қазір таным теориясы, гносеология деп аталып жүрген нәрсе кіреді; бұл теория танымның пайда болуы мен дамуын, *білмеуден* тануға көшуді зерттей және қорыта отырып, сонымен қатар өзінің зерттейтін затын тарихи тұрғыдан қарауға тиіс.

Біздің заманымызда даму, эволюция идеясы бүтіндей дерлік қоғамдық санаға енді, бірақ Гегель философиясы арқылы енген жоқ, басқа жолдармен енді. Алайда Маркс пен Энгельстің Гегельге сүйене отырып берген

тұжырымындағы бұл идея, көп айтылатын эволюция идеясынан гөрі, анағұрлым жан-жақты, мазмұнга анағұрлым бай. Өтіп кеткен сатыны бейне бір қайталайтын, бірақ басқаша түрде, неғұрлым жоғары негізде қайталайтын даму («терістеуді терістеу»), тура жолмен емес, былайша айтқанда, спираль бойымен даму;—секірмелі, апатты, революциялық даму;—«бірте-біртелік үзілістері»; санның сапаға айналуы;— не белгілі бір құбылыс шеңберінде, не белгілі бір қоғам ішінде белгілі бір денеге әсер ететін әр түрлі күштер мен тенденциялардың қайшылығы, қақтығысуы арқылы дамуға түрткі болатын ішкі импульстер; — әрбір құбылыстың *барлық* жақтарының (оның үстіне тарих барған сайын жаңа жақтарды аша береді) өзара тәуелділігі және мейлінше тығыз, ажырамас байланысы, қозғалыстың дүние жүзілік біртұтас, заңды процесін тугызатын байланысы,—даму туралы анағұрлым мазмұнды (әдеттегіден гөрі) ілім болып табылатын диалектиканың кейбір белгілері осылар. (Маркстің 1868 ж. 8 январьда Энгельске жазған хатын салыстырыңыз; бұл хатта Штейннің материалистік диалектикамен шатастыруға мүлде болмайтын «дөрекі трихотомиялары» әжуа етілген болатын[60].)

ТАРИХТЫ МАТЕРИАЛИСТІК ТҰРҒЫДАН ТҮСІНУ

Ескі материализмнің дәйексіздігін, аяқталып бітпегендігін, сыңар жақтылығын түсіну арқылы Маркс «қоғам туралы ғылымды материалистік негізбен сәйкестіру және оны сол негізге орай қайта құру»[61] қажет деген пікірге келді. Егер жалпы алғанда материализм болмыс санадан емес, қайта сана болмыстан туады, деп түсіндіретін болса, адамзаттың қоғамдық өміріне қолданғанда материализм *қоғамдық* сана *қоғамдық* болмыстан туады деп түсіндіруді талап етті. «Технология,— дейді Маркс («Капитал», I),— адамның табиғатқа жасайтын белсенді әрекетін, оның өмірі өндірісінің тікелей процесін, ал сонымен бірге оның қогамдық тұрмыс жағдайларын да, сол жағдайларынан туатын рухани түсініктерін де әйгілеп ашып береді»[62]. Адамзат

қоғамы мен оның тарихына қолданылған материализмнің негізгі қағидаларының сындарлы тұжырымын Маркс «Саяси экономия сыны жөнінде» деген шығармасының алғы сөзінде мына сөздермен баяндады:

«Өз өміріндегі қоғамдық өндірісте адамдар өздерінің еріктеріне байланыссыз, белгілі бір, қажетті қатынастар — өндірістік қатынастар жасайды, бұл қатынастар олардың материалдық өндіргіш күштерінің белгілі даму сатысына сәйкес келеді.

Осы өндірістік қатынастардың жиынтығы қоғамның экономикалық құрылымы, реалдық базисі болып табылады, юридикалық және саяси қондырма осыған келіп қондырылады және қоғамдық сананың белгілі бір формалары осыған сәйкес келеді. Материалдық өмірдің өндіріс әдісі жалпы алғанда өмірдегі әлеуметтік, саяси және рухани процестерді туғызады. Адамдардың болмысын олардың санасы билемейді, қайта, олардың санасын өздерінің қоғамдық болмысы билейді. Қоғамның материалдық өндіргіш күштері өз дамуының белгілі сатысында қазіргі өмір сүріп отырған өндірістік қатынастарға, немесе осы күнге дейін өздері ішінде өркендеп келген меншіктік қатынастарға қайшы келеді,— мұның өзі қайшылықтың тек заңды бейнесі ғана болып табылады. Бұл қатынастар өндіргіш күштердің даму формаларынан олардың бұғауына айналады. Сол кезде әлеуметтік революция заманы басталады. Экономикалық негіздің өзгеруімен бірге азды-көпті тез уақыт ішінде бүкіл зор қондырмада да төңкеріс жасалады. Мұндай төңкерістерді талдап қараған кезде өндірістің экономикалық жағдайларында табиғи-ғылыми жағынан дәл шығып отырған материалдық төңкерісті юридикалық, саяси, діни, көркемдік, немесе философиялық формалардан, қысқасы: идеологиялық формалардан әрқашан айыра білу қажет, адамдар осы идеологиялық формалардың ішінде бұл жанжалды ұғынып, оған қарсы күрес жүргізеді.

Жеке адамға сол адамның өзі туралы оз ойы тұрғысынан қарауға болмайтыны сияқты, мұндай төңкеріс заманына да сондағы сананың тұрғысынан қарауға болмайды. Қайта, бұл сананы материалдық өмірдің

қайшылықтарынан, қоғамдық өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар арасында болып отырған жанжалдан деп түсіндіру керек...» «Жалпы алғанда, азиаттық, антик, феодалдық және қазіргі, буржуазиялық, өндіріс әдістерін экономикалық қоғамдық формацияның прогрестік замандары деп айтуға болады»[63]. (Маркстің 1866 ж. 7 июльде Энгельске жазған хатындағы: «Еңбек ұйымдастыруды өндіріс құрал-жабдықтары арқылы анықтау туралы біздің теориямыз»[64] деген қысқаша тұжырымын салыстырыңыз).

Тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің ашылуы, немесе, дұрысырақ айтқанда, материализмнің дәйекті ұласуы, қоғамдық құбылыстар саласына қолданылуы бұрынғы тарихи теориялардың басты екі кемшілігін жойды. 1-ден, бұрынғы теориялар мықтағанда адамдардың тарихи қызметінің тек идеялық себептерін ғана талдады, ол себептердің неден туатынын зерттемеді, қоғамдық қатынастар системасының дамуындағы объективтік заңдылықты аңғара алмады, бұл қатынастардың түп тамырлары материалдық өндірістің даму дәрежесінде жатқанын білмеді; 2-ден, бұрынғы теориялар нақ халық *бұқарасының* іс-әрекеттерін қамтымады, ал тарихи материализм бұқара өмірінің қоғамдық жағдайларын және ол жағдайлардың өзгерістерін табиғитарихи жағынан дәл зерттеуге бірінші рет мүмкіндік берді. Маркске дейінгі «социология» мен тарихнама *мықтағанда* бөлек-бөлек алынған шикі фактілердің үйіндісін және тарихи процестің жеке жақтарының суретін ғана берді. Марксизм қоғамдық-экономикалық формациялардың туу, даму және құлау процесін толық қамтып, жан-жақты зерттеу жолын көрсетті, барлық қайшылықты тенденциялардың *жиынтығын* қарастырды, ол тенденцияларды қоғамның әр түрлі *таптарының* өмірі мен өндірісінің дәл анықталатын жағдайларына әкеп сайды, «үстем болып отырған» жеке идеяларды іріктеп алудағы немесе оларды түсіндірудегі субъективизмді және бетімен лағушылықты жойды, барлық идеялар мен барлық әр түрлі тенденциялардың бәрінің *түп тамырлары* материалдық өндіргіш күштердің күйінен шығатынын ашып берді. Адамдар өздерінің тари-

хын өздері жасайды; бірақ адамдардың, нақ адамдар бұқарасының себептері немен белгіленеді, қайшылықты идеялар мен ниеттердің қақтығыстары неден туады, адамзат қоғамдарының бүкіл бұқарасының осы қақтығыстарының бәрінің жиынтығы қандай, адамдардың бүкіл тарихи қызметінің базасын жасаушы материалдық өмір өндірісінің объективтік жағдайлары қандай, сол жағдайлардың даму заңдары қандай,— осылардың бәріне Маркс көңіл бөлді және өзінің әр жақтылығы мен қайшылықтылығы қаншама зор болса да біртұтас, заңды процесс болып табылатын тарихты ғылыми жағынан зерттеуге жол көрсетті.

ТАП КҮРЕСІ

Нақты бір қоғам мүшелерінің бірінің ниеттері екіншілерінің ниеттеріне қарсы келетіндігі, қоғамдық өмірдің қайшылықтарға толы екендігі, тарихтың бізге халықтардың және қоғамдардың арасындағы, сондай-ақ олардың өз ішіндегі күресті көрсететіндігі, оның үстіне революция мен реакция, бейбітшілік пен соғыс, тоқырау мен жедел прогресс немесе құлдырау дәуірлері ауысып тұратындығын көрсететіндігі — бұл фактілер жалпы жұртқа мәлім. Марксизм осындай бейне бір шым-шытырық пен былықтағы заңдылықты ашуға мүмкіндік беретін жетекші желі тауып берді, атап айтқанда: тап күресінің теориясын жасады. Нақты бір қоғамның немесе қоғамдар тобының барлық мүшелерінің ниеттерінің жиынтығып зерттеп білу ғана сол ниеттердің нәтижесін ғылыми тұрғыдан анықтауға жеткізе алады. Ал қайшылықты ниеттердің қайнар көзі әрбір қоғам бөлінетін *таптардың* алатын орны мен тұрмыс жағдайындағы айырмашылықта жатыр. «Осы күнге дейін өмір сүрген барлық қоғамдардың тарихы,—деп жазады Маркс «Коммунистік Манифесте» (алғашқы қауым тарихын есептемегенде — деп қосады кейін Энгельс),—таптар күресінің тарихы болды. Еркті мен құл, патриций мен плебей, помещик пен крепостной, мастер мен кіші мастер, қысқасы—езуші мен езілуші—бірімен-бірі ылғи антагонистік күйде болып, бірде жа-

сырын, бірде айқын түрде үздіксіз күресіп келді; бұл күрес әрқашан да бүкіл қоғам құрылысын революциялық түрде қайта құрумен немесе күресуші таптардың жалпы жойылуымен тынып отыратын... Құрыған феодалдық қоғамның қойнауынан шыққан қазіргі замандағы буржуазиялық қоғам таптық қайшылықтарды жойған жоқ. Ол тек қана ескілерінің орнына жаңа таптарды, езудің жаңа жағдайларын, күрестің жаңа формаларын туғызды. Алайда, біздің заманымыздың, буржуазия заманының, айырмасы—ол таптық қайшылықтарды айқындады: қоғам бірден-бірге, біріне-бірі жау екі үлкен лагерьге, біріне-бірі қарама-қарсы тұрған екі үлкен тапқа—буржуазия мен пролетариатқа бөлініп келеді». Ұлы француз революциясынан бергі жерде Европа тарихы оқиғалардың осы шын астарын — таптардың күресін бірқатар елдерде ерекше айқын көрсетті. Франциядағы реставрация заманының өзі-ақ бірқатар тарихшыларды (Тьерри, Гизо, Минье, Тьер) шығарды, олар болып жатқан оқиғаларды жинақтап қорыта келіп, бүкіл француз тарихын ұғудың кілті таптар күресі екендігін мойындамай тұра алмады. Ал ең жаңа заман, буржуазия толық жеңіске жеткен заман, өкілдік мекемелер, кең (жалпыға бірдей демегенде) сайлау правосы, арзанқол, бұқараға тарайтын күнделікті баспасөз, т. с. болған заман, жұмысшылардың барған сайын кеңейген, күшті одақтары мен кәсіпкерлердің одақтары, т. т. шыққан заман—таптардың күресін оқиғалардың қозғаушысы ретінде (кейде тіпті сыңар жақ, «бейбіт», «конституциялық» формада болса да) бұрынғыдан да гөрі айқын көрсетті. Әрбір таптың даму жағдайларына талдау жасаумен байланысты, қазіргі қоғамдағы әрбір таптың алатын орнына объективтік талдау жасау үшін Маркстің қоғамдық ғылымға қандай талаптар қойғанын Маркстің «Коммунистік Манифесінің» мына бір жері бізге айқын көрсетеді: «Қазір буржуазияға қарсы тұрған барлық таптардың ішінде тек пролетариат қана шын революцияшыл тап болып табылады. Өзге таптардың бәрі ірі өнеркәсіп дамыған сайын құлдырап, құри береді; ал пролетариат — осы өнеркәсіптің өз жемісі. Орта сословиелер: ұсақ өнеркәсіпші, ұсақ саудагер, қол-

өнерші, шаруа — бұлардың бәрі, орта сословиелер ретінде, өздерінің өмірін күйреуден сақтап қалу үшін буржуазияға қарсы күреседі. Демек, олар революцияшыл емес, консерватившіл. Ол ол ма, олар реакцияшыл: олар тарихтың тегершігін кері бұруға ұмтылады. Олар революцияшыл болған күнде, ақыры пролетариаттың қатарына кіретін болғандықтан ғана, өздерінің қазіргі емес, болашақтағы мүдделерін қорғайтын болғандықтан ғана: пролетариаттың көзқарасында болу үшін өздерінің көзқарасынан безетін болғандықтан ғана революцияшыл». Маркс бірсыпыра тарихи шығармаларында (*Әдебиеттерді* қараңыз) материалистік тарихнаманың, *әрбір* жеке таптың және кейде бір таптың ішіндегі әр түрлі топтардың немесе жіктердің жағдайына талдау жасаудың тамаша және терең мағыналы үлгілерін берді, неліктен және қалайша «тап күресі атаулының бәрі — саяси күрес»[65] екендігін айқын көрсетті. Тарихи дамудың бірдей әсер ететін барлық күшін есепке алу үшін Маркстің қоғамдық қатынастардың және бір таптан екінші тапқа, өткеннен келешекке *көшу* сатыларының қандай күрделі жүйелеріне талдау жасайтынын біз жоғарыда келтірген үзінді көрсетіп отыр.

Маркс теориясының неғұрлым терең, жан-жақты және егжей-тегжейлі түрде расталуы және қолданылуы Маркстің экономикалық ілімі болып табылады.

МАРКСТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ІЛІМІ

«Менің шығармамның түпкі мақсаты,— дейді Маркс «Капиталға» жазған алғы сөзінде,— қазіргі қоғам қозғалысының экономикалық заңын ашу»[66], яғни капиталистік, буржуазиялық қоғам қозғалысының экономикалық заңын ашу. Тарихи жағынан айқын, нақты бір қоғамның өндірістік қатынастарын олардың тууы, дамуы және құлауы тұрғысынан зерттеу — Маркстің экономикалық ілімінің мазмұны осындай. Капиталистік қоғамда *товар* өндірісі үстемдік етеді, сондықтан Маркстің талдауы товарға талдау жасаудан басталады.

ҚҰН

Товар дегеніміз, 1-ден, адамның қандай да болсын бір тұтыну қажетін қанағаттандыратын зат; 2-ден, басқа бір затқа айырбасталатын зат. Заттың пайдалылығы оны *тұтыну құны* етеді. Айырбас құны (немесе жай құн) бәрінен бұрын тұтыну құндарының бір түрінің белгілі бір мөлшерін тұтыну құндарының басқа бір түрінің белгілі бір мөлшеріне айырбастаудағы қатынас, пропорция болып табылады. Осындай миллиондаған және миллиардтаған айырбастар мейлінше әр түрлі және бірімен-бірін салыстыруға болмайтын тұтыну құндарының бәрін де, қандайын болса да біріне-бірін ұдайы теңестіріп отыратынын күнделікті тәжірибе бізге көрсетіп келеді. Қоғамдық қатынастардың белгілі бір системасында біріне-бірі ұдайы теңестіріліп отыратын осы әр түрлі заттардың арасындағы ортақ нәрсе не? Бұлардың арасындағы ортақ нәрсе: олар — *еңбек өнімдері.* Өнімдерді айырбастау арқылы адамдар еңбектің мейлінше әр алуан түрлерін теңестіріп отырады. Товар өндірісі дегеніміз—жеке өндірушілер әр түрлі өнімдер жасайтын (қоғамдық еңбек бөлінісі) және бұл өнімдердің бәрі айырбасқа түскенде біріне-бірі теңестіріліп отыратын қоғамдық қатынастар системасы. Демек, товарлардың бәріне ортақ нәрсе—өндірістің белгілі бір саласының нақты еңбегі емес, бір түрдегі еңбек емес, адамның *абстракт* еңбегі, жалпы адам еңбегі. Барлық товарлар құндарының жиынтығындағы белгілі бір қоғамның бүкіл жұмыс күші нақ сол адам жұмыс күші болып табылады: мұны айырбастың миллиардтаған фактілері дәлелдейді. Демек, әрбір жеке товар *қоғамдық-қажетті* жұмыс уақытының белгілі бір үлесі ғана бола алады. Құнның шамасы қоғамдық-қажетті еңбектің мөлшеріне немесе нақты бір товарды, нақты бір тұтыну құнын өндіру үшін жұмсалатын қоғамдық-қажетті жұмыс уақытына қарай белгіленеді. «Өздерінің әр түрлі өнімдерін айырбастарда бірін-біріне теңеу арқылы адамдар өз еңбегінің әр алуан түрлерін бір-біріне теңейді. Олар мұны түсінбесе де, осылай істейді»[67]. Бір байырғы экономистің айтқанындай,

құн дегеніміз—екі адамның арасындағы қатынас; оған тек қана заттық қауызбен бүркелген қатынас дегенді қоса айтуы керек еді. Құн дегеннің не екенін қоғамның белгілі бір тарихи формациясының қоғамдық өндірістік қатынастарының, соның өзінде айырбас құбылысының жаппай, миллиард рет қайталануы арқылы көрінетін қатынастарының системасы тұрғысынан қарап қана ұғуға болады. «Құн ретінде, товар дегеніміз жұмсалған жұмыс уақытының тек белгілі мөлшері ғана»[68]. Товарларға сіңген еңбектің екі жақты сипатын әбден талдап болғаннан кейін Маркс *құнның формасы* мен *ақшаға* талдау жасауға көшеді. Бұл ретте Маркстің басты міндеті—құнның ақшалай формасының *пайда болуын* зерттеу, айырбастың жеке, кездейсоқ актілерінен бастап («құнның қарапайым, жеке немесе кездейсоқ формасы»: бір товардың белгілі мөлшері басқа бір товардың белгілі мөлшеріне айырбасталады), әр түрлі товарлар сол белгілі товарға айырбасталатын кездегі құнның жалпылама формасына дейін және әлгі белгілі товар, жалпылама эквивалент алтын болған кездегі құнның ақшалай формасына дейін, айырбас дамуының *тарихи процесін* зерттеу болды. Айырбас пен товар өндірісі дамуының жоғарғы жемісі бола отырып, ақша жеке жұмыстардың қоғамдық сипатын, рынок арқылы біріккен жеке өндірушілердің арасындағы қоғамдық байланысты көлегейлеп, бүркейді. Маркс ақшаның әр түрлі функцияларына өте-мөте тәптіштеп талдау жасайды; оның бер жағында бұл арада да (жалпы алғанда «Капиталдың» алғашқы тарауларындағы сияқты) әсіресе мынаны атап өту қажет: баяндаудың абстракт және кейде таза дедуктивтік сияқты болып көрінетін формасы шынында айырбас пен товар өндірісі дамуының тарихы жөніндегі орасан мол нақты материалды қайта жаңғыртады. «Ақша товар айырбасының белгілі сатысын талап етеді. Ақшаның әр түрлі формалары—жай товар эквиваленті, немесе айналыс құралы, немесе төлем құралы, қазына және бүкіл дүние жүзілік ақша белгілі бір функциясын қолданудың әр түрлі мөлшеріне қарай, олардың біреуінің біршама ба-

сым болуына қарай, қоғамдық өндіріс процесінің мейлінше әр түрлі сатыларының бар екендігін көрсетеді» («Капитал», I)[69].

ҚОСЫМША ҚҰН

Товар өндірісі дамуының белгілі бір сатысында ақша капиталға айналады. Товар айналысының формуласы: Т (товар) — А (ақша) — Т (товар), яғни екінші бір товарды сатып алу үшін бір товарды сату болды. Капиталдың жалпы формуласы, керісінше: А—Т—А, яғни сату (пайдамен сату) үшін сатып алу. Маркс айналымға шығарылған ақшаның бастапқы құнының осы өсуін қосымша құн деп атайды. Капиталистік айналымда ақшаның бұл «өсу» фактісі жалпыға мәлім. Нақ осы «өсудің» өзі ақшаны ерекше, тарихи жағынан айқын, қоғамдық өндіріс қатынасы ретіндегі *капиталға* айналдырады. Қосымша құн товар айналысынан тууы мүмкін емес, өйткені товар айналысында тек эквиваленттер айырбасы ғана болады; қосымша құн бағаға қосылған үстемеден де тууы мүмкін емес, өйткені онда сатып алушылар мен сатушылардың өзара ұтылуы мен ұтуы теңелген болар еді, ал әңгіме жеке құбылыс туралы емес, нақ жаппай, орта, қоғамдық құбылыс туралы болып отыр. Қосымша құн алу үшін «ақша иесі рыноктан тұтыну құнының өзі құнның негізі боларлық ерекше қасиеті бар товар табуы керек»[70], тұтыну процесі сонымен бірге құн жасау процесі боларлықтай товар табуы керек. Мұндай товар бар да. Бұл — адамның жұмыс күші. Жұмыс күшінің тұтынылуы—еңбек, ал еңбек құн жасайды. Ақша иесі жұмыс күшін оның құнына қарай сатып алады; ол құн, әрбір басқа товардың құны сияқты, оны өндіруге керекті қоғамдық қажетті жұмыс уақыты арқылы (яғни жұмысшы мен оның семьясының күн көруіне жұмсалатын құн арқылы) белгіленеді. Жұмыс күшін сатып алғаннан кейін ақша иесінің оны тұтынуға правосы бар, яғни оған ұзақ күн, айталық, 12 сағат, жұмыс істетуге правосы бар. Ал оның бер жағында 6 сағаттың ішінде («қажетті» жұмыс уақыты) жұмысшы өзіне төленген ақыны өтейтін өнім жасайды, ал келесі 6 сағаттың ішінде («қо-

сымша» жұмыс уақыты) капиталист ақы төлемеген «қосымша» өнім немесе қосымша құн жасайды. Демек, өндіріс процесі тұрғысынан қарағанда, капиталдың екі бөлігін ажырата білу қажет: өндіріс құрал-жабдықтарына (машиналар, еңбек құралдары, шикі материал, т. т.) жұмсалатын тұрақты капитал—оның құны (бірден немесе біртіндеп) өзгеріссіз дайын өнімге көшеді—және жұмыс күшіне жұмсалатын өзгермелі капитал. Бұл капиталдың құны өзгермей қалмайды, қайта еңбек процесінде қосымша құн жасау арқылы өсіп отырады. Сондықтан капиталдың жұмыс күшін қанау дәрежесін көрсету үшін қосымша құнды барлық капиталмен емес, тек өзгермелі капиталмен ғана салыстыру керек. Бұл қатынасты Маркс қосымша құнның нормасы деп атайды; бұл норма, мәселен, біздің мысалымызда $\frac{6}{6}$, яғни 100% болады.

Капиталдың пайда болуының тарихи алғы шарты—1-ден, жалпы товар өндірісінің дамуы біршама жоғары дәрежеде болған жағдайда белгілі бір ақша сомасының жеке адамдардың қолына жиналуы және, 2-ден, екі жақты мағынада «еркін» жұмысшының—жұмыс күшін сатуда қысудың немесе тежеудің қандайынан болса да еркін және жері, жалпы өндіріс құрал-жабдықтары жоқтығынан еркін жұмысшының, қожасы жоқ жұмысшының, жұмыс күшін сатудан басқа күн көрерлік еш нәрсесі жоқ «пролетар»-жұмысшының болуы.

Қосымша құнды негізгі екі тәсілмен: жұмыс күнін ұзарту арқылы («абсолюттік қосымша құн») және қажетті жұмыс күнін қысқарту арқылы («относительдік қосымша құн») арттыруға болады. Бірінші тәсілге талдау жасағанда Маркс жұмысшы табының жұмыс күнін қысқарту жолындағы күресінің және мемлекеттік өкіметтің жұмыс күнін ұзартуға (XIV—XVII ғасырлар), оны қысқартуға (XIX ғасырдағы фабрикалық заң) араласуының орасан зор көрінісін суреттейді. «Капитал» жарық көргеннен кейін дүние жүзіндегі барлық цивилизациялы елдердің жұмысшы қозғалысының тарихы бұл көріністі сипаттайтын мың-мыңдаған жаңа фактілер берді.

Относительдік қосымша құнның өндірілуіне талдау жасағанда Маркс капитализмнің еңбек өнімділігін арттыруының негізгі тарихи үш сатысын: 1) қарапайым кооперацияны; 2) еңбек бөлінісі мен мануфактураны; 3) машиналар мен ірі өнеркәсіпті зерттейді. Бұл арада Маркстің капитализм дамуының негізгі, өзіне тән белгілерін қаншалықты терең ашып көрсеткендігі, айта кетелік, мынадан да байқалады: орыстың «майдагерлік» деп аталатын өнеркәсібін зерттеу жоғарыда аталған үш сатының алғашқы екеуін мысал арқылы көрсетуге орасан мол материал береді. Ал машиналы ірі индустрияның Маркс 1867 жылы баяндап берген революцияшылдандырушы ықпалы содан бері өткен жарты ғасырдың ішінде бірсыпыра «жаңа» елдерде (Россия, Жапония және басқалар) көрініп отыр.

Содан соң. Маркстегі өте маңызды және жаңа нәрсе — *капиталдың қорлануына* талдау жасау, яғни қосымша құнның бір бөлігінің капиталға айналуына, оның капиталистің жеке басының керегіне немесе еріккендегі ермегіне емес, жаңа өндіріске пайдаланылуына талдау жасау. Маркс капиталға айналатын бүкіл қосымша құн өзгермелі капиталға кетеді деп жорамалдаған бүкіл бұрынғы классикалық саяси экономияның (Адам Смиттен бастап) қатесін корсетіп берді. Ал шындығына келгенде қосымша құн *өндіріс құрал-жабдықтары* мен өзгермелі капиталға бөлінеді. Өзгермелі капиталдың үлесімен салыстырғанда тұрақты капиталдың (капиталдың жалпы жиынтығындағы) үлесінің неғұрлым тезірек өсуінің капитализмнің даму, оның социализмге айналу процесінде орасан зор маңызы бар.

Капиталдың қорлануы, машинаның жұмысшыларды ығыстыруын тездетіп, бір полюске байлық, екінші полюске жоқшылық орнатып, сонымен бірге «жұмысшылардың резервтік армиясы» дегенді, жұмысшылардың «относительдік артықтығын» немесе «халықтың капиталистік артық өсуін» туғызады, ал мұның өзі мейлінше алуан түрлі формаларға түсіп, капиталдың өндірісті өте-мөте тез ұлғайтуына мүмкіндік береді. Айта кетелік, бұл мүмкіндік, кредитпен және капиталдың өндіріс құрал-жабдықтарында қорлануымен байланыс-

ты, артық өндіру *дағдарыстарын* ұғудың кілтін тауып береді; ондай дағдарыстар капиталистік елдерде әуелі орта есеппен 10 жылда бір, одан соң ұзағырақ және белгісіз бір уақыт аралықтарында ауық-ауық болып тұрады. Капитализм базисіндегі капитал қорлануынан алғашқы қорлану дейтінді: қызметкерді өндіріс құрал-жабдықтарынан күшпен айыруды, шаруаларды жерден қууды, қауымдық жерді ұрлауды, отарлардың және мемлекеттік қарыздардың, қамқорлық баж салықтарының, т. т. системасын ажырата білу қажет. «Алғашқы қорланудың» нәтижесінде бір полюсте «еркін» пролетар, екінші полюсте ақша иесі, капиталист пайда болады.

«Капиталистік қорланудың тарихи тенденциясын» Маркс мынадай әйгілі сөздермен сипаттайды: «Тікелей өндірушілерді экспроприациялау нағыз аяусыз вандализм арқылы және нағыз арсыз, нағыз оңбаған, нағыз ұсақ және нағыз құтырған ниеттердің қысымы арқылы жүргізіледі. Меншікшінің» (шаруаның немесе қолөнершінің) «еңбегімен табылған, былайша айтқанда, жеке тәуелсіз жұмыскердің өзінің еңбек құрал-жабдықтарымен біте қайнасуына негізделген жеке меншікті өзгенің, бірақ формальды жағынан ерікті, жұмыс күшін қанауға негізделген капиталистік жеке меншік ығыстырып шығарады... Енді экспроприациялауға дербес шаруашылық жүргізетін жұмыскердің өзі емес, көптеген жұмысшыларды қанаушы капиталист жатады. Бұл экспроприация капиталистік өндірістің өзінің ішкі заңдарының әрекетімен, капиталдардың орталықтануы арқылы болып жатады. Бір капиталист көптеген капиталистерді жеңеді. Осы орталықтанумен немесе аз ғана капиталистердің көптеген капиталистерді экспроприациялауымен қояп-қолтық түрде еңбек процесінің кооперативтік формасы барған сайын кең, ірі көлемде дамиды, ғылымды саналы түрде техникалық жағынан қолдану, жерді жоспарлы түрде пайдалану, еңбек құрал-жабдықтарын тек коллективтік түрде ғана қолданылатын еңбек құрал-жабдықтарына айналдыру, өндіріс құрал-жабдықтарын құрамалас қоғамдық еңбектің өндіріс құрал-жабдықтары ретінде қолдану жолымен

барлық өндіріс құрал-жабдықтарын экономикалау, барлық халықтарды дүние жүзілік рыноктың желісіне тарту, ал сонымен қатар капиталистік режимнің интернационалдық сипат алуы дамиды. Өзгерудің осы процесінің барлық пайдалы жақтарын өзіне басып алатын және монополияландыратын капитал алпауыттары санының үнемі азаюымен бірге қайыршылық, езілушілік, құлдық, азғындаушылық, қаналушылық көлемі өседі, ал сонымен бірге капиталистік өндіріс процесінің өзінің механизмі арқылы үйренетін, бірігетін және ұйымдасатын, жұмысшы табының ашынуы да өседі. Капитал монополиясы өз тұсында және өзінің негізінде өсіп жетілген өндіріс әдісінің тұсауына айналады. Өндіріс құрал-жабдықтарының орталықтануы және еңбектің қоғамдастырылуы бұлардың өздерінің капиталистік қауызымен сыйыса алмайтындай дәрежеге жетеді. Қауыз жарылады. Капиталистік жеке меншіктің соңғы сағаты соғады. Экспроприаторларды экспроприациялайды» («Капитал», I)[71].

Одан соң өте маңызды және жаңа нәрсе — тұтас алғанда қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісіне Маркстің «Капиталдың» II томында жасаған талдауы. Бұл арада да Маркс жалқы құбылысты емес, жалпы құбылысты алады, қоғам экономиясының бөлшектенген кішкене бір бөлегін емес, бүкіл осы экономияның жиынтығын алады. Классиктердің жоғарыда көрсетілген қатесін түзей отырып, Маркс бүкіл қоғамдық өндірісті екі үлкен бөлімге бөледі: I) өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру және II) тұтыну заттарын өндіру; сөйтіп өзі алған сандық мысалдар арқылы, бүкіл қоғамдық капиталдың айналысын бұрынғы мөлшердегі ұдайы өндіріс бойынша да, қорлану бойынша да тұтас алып, егжей-тегжейлі зерттейді. «Капиталдың» III томында құн заңы негізінде орта пайда нормасының жасалуы туралы мәселе шешілген. Маркстің арқасында экономикалық ғылымның алға басқан ұлы қадамы сол — талдау көбінесе тұрпайы саяси экономия немесе қазіргі «шегіне жеткен пайдалылық теориясы» шектелетін жеке кездейсоқтықтар немесе бәсекенің сыртқы түрі тұрғысынан емес, жалпы экономикалық құбылыстар тұрғы-

сынан, қоғамдық шаруашылықтың бүкіл жиынтығы тұрғысынан жасалады. Маркс әуелі қосымша құнның қайдан шығатындығына талдау жасайды, содан соң оның пайда, процент және жер рентасы болып бөлінуіне көшеді. Пайда дегеніміз қосымша құнның кәсіпорынға жұмсалған бүкіл капиталға қатынасы. «Органикалық құрылымы жоғары» капитал (яғни қоғамдық орта мөлшерден жоғары өзгермелі капиталдан тұрақты капиталы басым капитал) пайда нормасын ортадан төмен береді. «Органикалық құрылымы төмен» капитал пайда нормасын ортадан жоғары береді. Капиталдар арасындағы бәсеке, олардың бір саладан екінші салаға еркін көшуі екі жағдайда да пайда нормасын орта нормаға келтіреді. Нақты бір қоғамдағы барлық товарлардың құндарының жиынтығы товарлардың бағаларының жиынтығына дәл келеді, бірақ жеке кәсіпорындарда және өндірістің жеке салаларында бәсекенің ықпалымен товарлар өздерінің құндарына қарай сатылмайды, *өндірілу бағаларына* қарай (немесе өндірістік бағаларға қарай) сатылады; бұл бағалар жұмсалған капитал мен орта пайданы қосқанға тең болады.

Сонымен, бағалардың құндардан ауытқуы және пайданың тең болуы жөніндегі жалпыға мәлім, даусыз фактіні Маркс құн заңына сүйеніп толық түсіндірді, өйткені барлық товарлардың құндарының жиынтығы бағалардың жиынтығына дәл келеді. Бірақ құнның (қоғамдық) бағаларға (жеке) әкеп сайылуы оңай, тікелей жолмен емес, өте қиын жолмен болады: тек рынок қана байланыстыратын бытыраңқы товар өндірушілер қоғамында біресе ол жаққа, біресе бұл жаққа жасалатын жеке ауытқулар бірін-бірі жойып отыратын жағдайда, заңдылықтың орта, қоғамдық, жалпы заңдылық түрінен басқа түрде көріне алмайтындығы әбден табиғи нәрсе.

Еңбек өнімділігінің артуы өзгермелі капиталмен салыстырғанда тұрақты капиталдың неғұрлым тезірек өсуін көрсетеді. Ал қосымша құн тек жалғыз өзгермелі капиталдың ғана функциясы болғандықтан, пайда нормасының (қосымша құнның капиталдың тек өзгермелі бөлігіне ғана емес, бүкіл капиталға қатынасы) төмен-

деуге бет алған тенденциясы бар екені түсінікті. Маркс осы тенденцияға және оны бүркейтін немесе оған қарсы әрекет жасайтын бірсыпыра жағдайларға егжей-тегжейлі талдау жасайды. III томның өсімқорлық капиталға, сауда капиталына және ақша капиталына арналған өте-мөте қызықты бөлімдерін баяндауға тоқталып жатпай-ақ, біз ең басты мәселеге: *жер рентасы* теориясына көшеміз. Капиталистік елдерде бүкіл жерді жеке қожайындар иемденіп, жер көлемі тарылғандықтан егіншілік өнімдерінің өндірістік бағасы орташа жердегі емес, нашар жердегі, өнімді рынокқа жеткізудің орташа жағдайлары тұсындағы емес, нашар жағдайлары тұсындағы өндіріс шығындарымен белгіленеді. Осы баға мен жақсы жерлерде (немесе жақсы жағдайлар тұсындағы) өндірістік бағаның айырмашылығы айырмалық немесе *дифференциалдық* рентаны құрайды. Осы рентаға егжей-тегжейлі талдау жасай отырып, жердің жекелеген учаскелерінің құнарлылығында айырмашылық болғанда, жерге жұмсалған капитал мөлшерінде айырмашылық болғанда осы рентаның қалай пайда болатынын көрсете отырып, Маркс дифференциалдық рента жақсы жерлерден нашар жерлерге кезегімен көшіп отырғанда ғана пайда болады-мыс деген Рикардоның қатесін әбден ашып көрсетті («Қосымша құн теорияларын» да қараңыз; онда Родбертустың сыналған жері ерекше көңіл бөлуге тұрарлықтай). Керісінше, нашар жерлерден жақсы жерлерге көшу де болады, жердің бір разрядының басқа разрядтарға айналуы да болады (агрикультура техникасының өркендеуі, қалалардың өсуі және басқа себептердің нәтижесінде), сондықтан атышулы «жер құнарлылығының кеми беру заңы» үлкен қате, капитализмнің кемшіліктерін, тар өрістілігін және қайшылықтарын табиғатқа аудару болып табылады. Бұдан соң, өнеркәсіп пен халық шаруашылығының барлық салаларында пайданың тең болуы жалпы алғанда бәсекенің толық еркіндігін, капиталдың бір саладан екінші салаға құйылу еркіндігін керек етеді. Оның бер жағында жерге жеке меншік монополияны туғызады, капиталдың осы еркін құйылуына кедергі жасайды. Осы монополияның салдарынан капитал

құрылымы неғұрлым төмен болатын, демек, жеке алғанда пайда нормасы неғұрлым жоғары болатып ауыл шаруашылық өнімдері пайда нормасын теңестірудің әбден еркін процесіне араласпайды; жер меншіктенуші, монополист ретінде, бағаны ортадан жоғары ұстауға мүмкіндік алады, ал бұл монополиялық баға *абсолюттік* рентаны туғызады. Капитализм өмір сүріп тұрғанда дифференциалдық рента жойылуы мүмкін емес, ал абсолюттік рента—мәселен, жер национализацияланғанда, жер мемлекет меншігіне көшкенде — жойылуы *мүмкін.* Жердің мемлекет меншігіне көшуі жеке меншікшілердің монополиясып жояр еді, егіншілікте бәсеке еркіндігін неғұрлым дәйекті, неғұрлым толық жүзеге асырар еді. Сондықтан да радикал буржуа, деп атап көрсетеді Маркс, жерді национализациялау жөніндегі осы прогрестік буржуазиялық талапты тарихта әлденеше рет алға қойды, бірақ бұл талап буржуазияның көпшілігінің үрейін ұшырады, өйткені ол тағы басқа бір монополияны, біздің заманымызда өте маңызды және «жанға бататын» монополияны: жалпы өндіріс құрал-жабдықтары монополиясын тым қатты «қозғайды». (Маркс өзінің капиталдың орта пайдасы және абсолюттік жер рентасы жөніндегі теориясын Энгельске 1862 ж. 2 августа жазған хатында тамаша түсінікті, қысқа, айқын түрде баяндап берді. «Хаттардың» III томының 77—81-беттерін қараңыз. Сонымен бірге сол томның 86—87-беттеріндегі 1862 ж. 9 августағы хатты салыстырыңыз)[72].— Жер рентасының тарихы жөнінде айтқанда, Маркстің жұмыспен өтеу рентасының (мұнда шаруа помещик жерінде істеп, өз еңбегімен қосымша өнім жасайды) өнім түріндегі немесе заттай рентаға (шаруа өз жерінде істеп, қосымша өнім өндіріп, оны «экономикадан тыс күштеу» салдарынан помещикке береді) айналуын, одан соң ақшалай рентаға (бұрынғы Русьтағы «оброк» тәрізді, товар өндірісінің дамуы себепті ақшаға айналған бәз-баяғы заттай рента) айналуын, ең ақырында, егіншілікте шаруаның орнын жалдама еңбек арқылы жер өңдейтін кәсіпкер басқан кезде, капиталистік рентаға айналуын көрсететін талдауын да атап өтудің маңызы бар. «Капиталистік жер

рентасының генезисіне» жасалған осы талдаумен байланысты, *егіншіліктегі капитализмнің эволюциясы* туралы Маркстің бірқатар терең (және Россия сияқты артта қалған елдер үшін өте-мөте маңызды) ойларын атап өту қажет. «Ақшаға жалданатын кедей күндікшілер табының құрылуы заттай рентаның ақшалай рентаға айналуымен сөзсіз қат-қабат болып қана қоймай, тіпті одан бұрын да болып отырады. Бұл таптың пайда болуы дәуірінде, ол тек арагідік қана шыға бастаған кезде, оброк төлеуге міндетті ауқаттырақ шаруаларда өз есебінен селолық жалдама жұмысшыларды қанау әдеті табиғи түрде күшейеді,— мұның өзі феодалдық дәуірде ауқатты крепостной шаруалардың өздерінің крепостной ұстағанына ұқсас-ақ. Сөйтіп, бұл шаруалардың белгілі мүлік қорын жасап алып, өздерінің болашақ капиталистерге айналуына бірте-бірте мүмкіндік туады. Демек, дербес шаруашылық жүргізіп отырған бұрынғы жер иелерінің арасында капиталистік арендаторлардың ұясы пайда болады; олардың өсіп-өркендеуі ауыл шаруашылығынан тыс капиталистік өндірістің жалпы дамуына байланысты болады» («Капитал», III^2, 332)[73]... «Село халқының бір бөлегінің экспроприациялануы және деревнядан қуылуы өнеркәсіп капиталы үшін жұмысшыларды, олардың тіршілік жабдықтарын, олардың еңбек құралдарын «босатып» қана қоймайды, сонымен бірге ішкі рынок жасайды» («Капитал», I^2, 778)[74]. Село халқының қайыршылануы және күйзелуі, өз тарапынан, капитал үшін жұмысшылардың резервтік армиясын жасау ісінде роль атқарады. Капиталистік елдердің қандайында болса да «село халқының бір бөлегі сол себептен әрдайым қала немесе мануфактура халқына (яғни егіншілікті кәсіп етпейтін халыққа) айналуға көшу қалпында болады. Халықтың относительдік артықтығының бұл қайнар көзі ұдайы ағып жатады... Село жұмысшысына жалақының ең төмені беріледі, сондықтан әрдайым оның бір аяғы пауперизмнің батпағында тұрады» («Капитал», I^2, 668)[75]. Шаруаның өзі өңдейтін жерге жеке меншігі — ұсақ өндірістің негізі және оның гүлденуінің, оның классикалық формаға көшуінің шарты. Бірақ бұл ұсақ өндірістің өзі

өндіріс пен қоғамның тек тар, қарапайым шеңберімен ғана сыйыса алады. Капитализм тұсында «шаруалардың қаналуы өнеркәсіптік пролетариаттың қаналуынан тек формасы жағынан ғана өзгеше. Қанаушы—бәзбаяғы капитал. Жеке капиталистер жеке шаруаларды ипотека мен өсімқорлық арқылы қанайды; капиталистер табы шаруалар табын мемлекеттік салықтар арқылы қанайды» («Франциядағы тап күресі»)[76]. «Шаруа парцелласы (ұсақ жер учаскесі) жер иесінің өз жалақысын өз қалауынша табуына ерік беріп, капиталистің жерден пайда, процент және рента алуына мүмкіндік беретін тек сылтау ғана болып табылады» («18-брюмер»)[77]. Әдетте шаруа капиталистік қоғамға, яғни капиталистер табына, тіпті жалақысының бір бөлегін де береді, сөйтіп «жеке меншікші ретінде ирландиялық арендатордың дәрежесіне түседі» («Франциядағы тап күресі»)[78]. «Капиталистік өндіріс әдісі басым елдердегіден гөрі ұсақ шаруа жер иелігі басым елдерде астық бағасының төмен болу себептерінің бірі» неде? («Капитал», III², 340). Оның себебі — шаруа қосымша өнімнің бір бөлегін қоғамға (яғни капиталистер табына) тегін береді. «Демек, мұндай төмен баға (астықтың және басқа ауыл шаруашылық өнімдерінің төмен бағасы) — ешбір ретте де өндірушілердің еңбек өнімділігінің нәтижесі емес, қайта олардың кедейлігінің салдары» («Капитал», III², 340). Капитализм тұсында ұсақ жер меншігі, ұсақ өндірістің қалыпты формасы, кері кетеді, құриды, жойылады. «Ұсақ жер меншігі өзінің мәні бойынша еңбектің қоғамдық өндіргіш күштерінің дамуын, еңбектің қоғамдық формаларын, капиталдардың қоғамдық шоғырлануын, ірі көлемдегі мал шаруашылығын, ғылымды барған сайын көбірек қолдануды мансұқ етеді. Өсімқорлық пен салықтар системасы қай жерде болса да ұсақ жер меншігінің қайыршылануына соқтырмай қоймайды. Капиталды жер сатып алуға пайдалану сол капиталды жер мәдениетіне пайдаланудан айырады. Өндіріс құрал-жабдықтары шексіз бытыратыла береді және өндірушілердің өздері бөлектене береді». (Кооперациялар, яғни ұсақ шаруалардың серіктіктері, өте-мөте прогрестік буржуазиялық роль ат-

қара отырып, бұл тенденцияны тек қана бәсеңдетеді, бірақ оны жоймайды; сонымен қатар мынаны ұмытпау керек: бұл кооперациялардың ауқатты шаруаларға беретіні көп те, кедейлер бұқарасына беретіні өте аз, тіпті түк бермейді деуге болады, ал содан соң серіктіктердің өздері жалдама еңбектің қанаушылары бола бастайды). «Адам күші орасан ысырап болады. Өндіріс жағдайларының барған сайын нашарлай беруі және өндіріс құрал-жабдықтарының қымбаттауы — парцеллалық (ұсақ) меншіктің заңы»[79]. Өнеркәсіптегі сияқты, егіншілікте де капитализм өндіріс процесін тек «өндірушілерді азаптау» арқылы ғана қайта құрады. «Село жұмысшыларының зор кеңістікке жайылған бытырандылығы олардың қарсыласу күшін мұқалтады, ал қала жұмысшыларының шоғырлануы бұл күшті көбейтіп еселей түседі. Осы күнгі өнеркәсіптегі сияқты, осы күнгі, капиталистік, егіншілікте де еңбектің өндіргіш күшінің артуы мен оның орасан шапшаңдығы жұмыс күшінің өзін күйретіп, титығына жету есебінен болып отырады. Оның үстіне капиталистік егіншіліктегі прогрестің қандайы болсын — жұмысшыны тонау өнеріндегі прогресс қана емес, сонымен қатар жерді тонау өнеріндегі прогресс... Демек, капиталистік өндіріс техника мен өндірістің қоғамдық процесінің комбинациясын дамытқанда, ол сонымен қатар байлық атаулының қайнар бұлағын: жер мен жұмысшыны бүлдіріп күйрететіндей жолмен ғана дамытады» («Капитал», I, 13-тараудың соңы)[80].

СОЦИАЛИЗМ

Капиталистік қоғамның социалистік қоғамға айналатындығы сөзсіз екенін Маркстің бүтіндей, тек қана қазіргі қоғам қозғалысының экономикалық заңынан шығарғандығы жоғарыда айтылғандардан көрініп отыр. Мыңдаған формаларда барған сайын жедел ілгерілеп отырған және Маркс қайтыс болғаннан бергі жарты ғасыр ішінде ірі өндірістің, капиталистер картельдерінің, синдикаттарының, трестерінің өсуінен, сондай-ақ финанс капиталының мөлшері мен қуатының орасан

зор өсе түсуінен өте-мөте айқын көрініп отырған еңбектің қоғамдастырылуы,—социализмнің сөзсіз туатындығының материалдық басты негізі міне осы. Капиталистік қоғамның социалистік қоғамға айналуының интеллектуалдық және моральдық қозғаушысы, іс жүзіндегі орындаушысы сол капитализмнің өзі өсіріп отырған пролетариат болып табылады. Оның буржуазияға қарсы күресі әр түрлі және мазмұнға неғұрлым бай формаларда көріне отырып, пролетариаттың саяси өкіметті («пролетариат диктатурасы») жеңіп алуына бағытталған саяси күреске созсіз айналады. Өндірістің қоғамдастырылуы өндіріс құрал-жабдықтарының қоғам меншігіне көшуіне, «экспроприаторлардың экспроприацияланууына» әкеп соқтырмай тұра алмайды. Еңбек өнімділігінің орасан зор артуы, жұмыс күнінің қысқаруы, ұсақ, қарапайым, бытыранды өндірістің қалдықтарын, қалған-құтқандарын коллективтік жетілдірілген еңбекпен ауыстыру—осындай көшудің тікелей нәтижелері міне осы. Капитализм егіншіліктің өнеркәсіппен байланысын біржолата үзеді, бірақ ол сонымен қатар озінің жоғары дәрежеде дамуымен сол байланыстың, ғылымды және коллективтік еңбек комбинациясын саналы түрде қолдану, адамзатты жаңаша қоныстандыру негізінде өнеркәсіпті егіншілікпен біріктірудің жаңа элементтерін әзірлейді (деревняның меңіреу түкпірлігін, дүниеден шалғайлығын, тағылығын, сол сияқты үлкен қалаларда орасан көп халықтың шамадан тыс тығылысуын да жояды). Семьяның жаңа формасын, әйелдердің тұрмысындағы және жасөспірім ұрпақтарды тәрбиелеудегі жаңа жағдайларды қазіргі капитализмнің жоғары формалары әзірлейді: әйелдер мен балалардың еңбегі, капитализмнің патриархтық семьяны ірітуі қазіргі қоғамда сөзсіз нағыз сорақы, күйзелісті және жиреніштi формаларға айналады. Бірақ солай бола тұрса да «ірі өнеркәсіп үйдегі от басының жұмысынан тыс өндірістің қоғамдық-ұйымдастыру процесінде әйелдерге, ұл және қыз жасөспірімдер мен балаларға шешуші роль бере отырып, семьяның жоғары формасы үшін және жыныстар арасындағы қарым-қатынастар үшін экономикалық негіз жасайды. Әлбетте,

семьяның христиандық-германдық формасын, сол сияқты ертедегі римдік, немесе ертедегі гректік немесе шығыстық формасын абсолютті форма деудің ешбір қисыны келмейді, ал оның бер жағында, бұлар бірімен-бірі байланысты күйінде дамудың бірыңғай тарихи тізбегін құрайды. Тегінде, екі жыныстан және әр жастағы адамдардан құрамалас жұмысшы персоналын жасау ісі өзінің стихиялық, орескел, капиталистік формасында, өндіріс процесі жұмысшы үшін емес, жұмысшы өндіріс процесі үшін өмір сүріп отырған кезде, апат пен құлдықтың дерт жайлаған қайнар көзі болса, мұның керісінше, тиісті жағдайларда оның өзі адамгершілік дамудың қайнар көзіне сөзсіз айналуға тиіс» («Капитал», I, 13-тараудың соңы). Фабрикалық система бізге «болашақ заман тәрбиесінің ұрығын көрсетеді; ол кезде белгілі жастан асқан барлық балалар үшін өндіргіш еңбек сабақ оқытумен, гимнастикамен ұштастырылғанда қоғамдық өндірісті ұлғайту құралдарының бірі ретінде ғана емес, сонымен қатар барлық жағынан бірдей жетілген адамдар дайындаудың бірден-бір құралы ретінде де ұштастырылатын болады» (бұл да сонда)[81]. Тек өткенді ғана түсіндіру мағынасында емес, сонымен бірге болашақты тайсалмай болжау және соны жүзеге асыруға бағытталған практикалық батыл қызмет істеу мағынасында, Маркстің социализмі ұлт туралы және мемлекет туралы мәселелерді де нақ әлгі тарихи негізге қояды. Ұлттар — қоғамдық дамудың буржуазиялық заманының болмай қоймайтын жемісі және болмай қоймайтын формасы. Сондықтан «ұлт шеңберінде құралмай тұрып», «ұлттық» болмай тұрып («дегенмен бұл тіпті де буржуазиялық ұғымдағы емес»), жұмысшы табының бекіп, есейіп, қалыптасуы мүмкін емес еді. Бірақ капитализмнің дамуы ұлттық межелерді барған сайын бұза береді, ұлттық оқшаулықты жояды, ұлттық антагонизмдердің орнына таптық антагонизмдерді қояды. Сондықтан дамыған капиталистік елдерде «жұмысшылардың отаны жоқ» екендігі және ең болмаса цивилизациялы елдердегі жұмысшылардың «күш-жігерін біріктіру» — «пролетариаттың азаттық алуының алғашқы шарттарының бірі» («Ком-

мунистік Манифест»[82]) екендігі толық ақиқат болып табылады. Мемлекет—осы ұйымдасқан зорлық—қоғам дамуының белгілі сатысында, қоғам бітіспейтін таптарға жіктелген кезде, қоғамнан жоғары тұрған және белгілі дәрежеде одан оқшауланған сияқты болып көрінген «өкіметсіз» қоғам өмір сүре алмайды-ау деген кезде, еріксіз туды. Таптық қайшылықтардың ішінде туып, мемлекет «ең күшті, экономика жағынан үстем таптың мемлекеті болады; бұл тап мемлекеттің жәрдемімен саясат жағынан да үстем тап болып алады, сөйтіп езілген тапты бағындыру және қанау үшін жаңа құралдарға ие болады. Мәселен, антик мемлекет, бәрінен бұрын, құл иеленушілердің құлдарды бағындыратын мемлекеті болды, феодалдық мемлекет дворяндардың крепостной шаруаларды бағындыратын органы болды, ал осы заманғы өкілдік мемлекет — капиталистердің жалдама жұмысшыларды қанайтын құралы болып отыр» (Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген кітабында өзінің және Маркстің көзқарастарын баяндайтын жері)[83]. Тіпті буржуазиялық мемлекеттің ең ерікті және прогресшіл формасы — демократиялық республика да бұл фактіні эсте жоймайды, тек оның формасын ғана өзгертеді (үкіметтің биржамен байланысы, чиновниктер мен баспасөздің—тікелей және жанама түрде—сатылғыштығы, т. т.). Социализм таптарды құртуға бастай отырып, бұл арқылы мемлекетті құртуға да бастайды. Энгельс «Анти-Дюрингте» былай деп жазады: «Мемлекеттің шынымен бүкіл қоғам өкілі болып танылатын бірінші актісі—өндіріс құрал-жабдықтарын бүкіл қоғам пайдасына экспроприациялау,— сонымен бірге оның мемлекет ретінде істеген ең соңғы дербес актісі болады. Мемлекеттік өкіметтің қоғамдық қатынастарға араласуы бір саладан соң екінші бір салада артық бола бастайды, сөйтіп өзінен-өзі тоқтайды. Адамдарды басқару заттарды басқарумен және өндірістік процесті реттеумен ауыстырылады. Мемлекет «қолдан жойылмайды», ол құриды»[84]. «Өндірісті өндірушілердің ерікті және тең ассоциациялары негізінде ұйымдастыратын қоғам мемлекеттік машинаны кезі келгенде тиісті орнына

қояды: ескілік мұраларының музейіне апарып, ұршықпен және қола балтамен қатар қояды» (Энгельс: «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы»)[85].

Ақырында, экспроприаторларды экспроприациялау заманында қала беретін ұсақ шаруаларға Маркс социализмінің көзқарасы туралы мәселе жөнінде Маркстің пікірін білдіретін Энгельстің мына мәлімдемесін көрсетіп өту қажет: «Біз мемлекеттік өкіметке ие болған кезде, біз ірі жер иелерін күшпен экспроприациялауға мәжбүр болғанымыздай, ұсақ шаруаларды күшпен экспроприациялау туралы (ол үшін ақы төленсе де, төленбесе де бәрібір) ойламаймыз да. Біздің ұсақ шаруалар жөніндегі міндетіміз—ең алдымен олардың жеке өндірісі мен жеке меншігін серіктікке көшіру, бірақ күштеу жолымен емес, үлгі көрсету және бұл мақсат үшін қоғамдық жәрдем беру арқылы көшіру. Ал ол кезде бізде мұндай серіктікке көшудің барлық артықшылықтарын шаруаға дәлелдерлік құралдар да, әрине, жеткілікті болады; ол артықшылықтар қазірдің өзінде-ақ шаруаға түсіндірілуге тиіс» (Энгельс: «Батыстағы аграрлық мәселе жөнінде», бастырып шығарған Алексеева, 17-бет; орысша аудармасының қателері бар. Түпнұсқасы «Neue Zeit»-те)[86].

ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ТАП КҮРЕСІНІҢ ТАКТИКАСЫ

Бұрынғы материализмнің негізгі кемшіліктерінің бірі революциялық практикалық қызметтің жағдайларын түсіне алмағандығы және оның маңызын бағалай білмегендігі екенін 1844—1845 жылдардың өзінде-ақ анықтаған соң, Маркс өзінің бүкіл өмірі бойы, теориялық еңбектермен қатар, пролетариаттың таптық күресінің тактикасы мәселелеріне баса көңіл бөлді. Маркстің *барлық* шығармалары және әсіресе Энгельспен жазысқан хаттарының 1913 ж. басылып шыққан төрт томдығы бұл жөнінен орасан көп материал береді. Бұл материал әлі де болса толық жиналып, бас-аяғы жинақталып, зерттеліп, талданып біткен жоқ. Сондықтан біз *б ұ л* жағы болмаса материализм жартыкеш, сыңар жақ,

жансыз болады деп Маркстің әділ есептегенін баса көрсетіп, бұл арада тек мейлінше жалпы әрі қысқаша ескертулермен ғана шектелуге тиіспіз. Пролетариат тактикасының негізгі міндетін Маркс өзінің дүниеге материалистік-диалектикалық көзқарасының барлық қағидаларына толық сәйкес белгіледі. Белгілі бір қоғамдағы түгелдей алғанда барлық таптардың өзара қатынастарының бүкіл жиынтығын объективті түрде есептеу ғана, демек, сол қоғамның дамуының объективтік сатысын есептеу ғана және сол қоғам мен басқа қоғамдардың өзара қатынастарын есептеу ғана алдыңғы қатарлы таптың дұрыс тактикасының тірегі бола алады. Бұл ретте барлық таптар мен барлық елдер статикалық түрінде емес, динамикалық түрінде қаралады, яғни қозғалыссыз күйінде емес, қозғалыста қаралады (қозғалыс заңдары әрбір таптың өмір сүруінің экономикалық жағдайларынан туады). Қозғалыстың өзі де тек өткендегінің ғана тұрғысынан емес, болашақтың да тұрғысынан қаралады және соның өзінде тек баяу өзгерістерді ғана көретін «эволюционистердің» дөрекі ұғымы бойынша емес, диалектикалық тұрғыдан қаралады: «Кейін 20 жылға татитын күндер тууы мүмкін болса да,— деп жазды Маркс Энгельске,— ұлы тарихи дамуларда 20 жыл бір күнге тең болады» («Хаттар», III том, 127-бет)[87]. Бір жағынан, саяси тоқырау немесе «бейбіт» даму деп аталатын өгіз аяң даму заманындағы алдыңғы қатарлы таптың санасын, күшін, жауынгерлік қабілетін даму үшін пайдалана отырып, екінші жағынан, сол бүкіл пайдалану жұмысын сол таптың қозғалысының «түпкі мақсаты» бағытында және осы таптың «20 жылға татитын» ұлы күндерде ұлы міндеттерді практика жүзінде шешуге қабілеттілігін туғызу бағытында жүргізе отырып, пролетариаттың тактикасы дамудың әрбір сатысында, әрбір кезеңде адамзат тарихының осы объективтік сөзсіз диалектикасын есептеп отыруға тиіс. Бұл мәселеде Маркстің екі пікірі ерекше маңызды: бірі — пролетариаттың экономикалық күресі мен экономикалық ұйымдары жөнінде «Философия қайыршылығында» айтқан пікірі, екіншісі — пролетариаттың саяси міндеттері жөнінде «Коммунистік

Манифесте» айтқан пікірі. Біріншісі былай дейді: «Ірі өнеркәсіп бірін-бірі білмейтін қисапсыз көп адамды бір жерге жияды. Бәсеке олардың мүдделерін екі айырады. Бірақ жалақыны қорғау, ол адамдардың қожайыны жөніндегі осы ортақ мүдде, оларды қарсыласудың, коалиция жасаудың ортақ бір идеясымен біріктіреді... Алғашқы кездегі бір-бірінен оқшау коалициялар топтарға бірігеді, сөйтіп жұмысшылардың ұдайы біріккен капиталға қарсы өздерінің одақтарын қорғауы олар үшін жалақыны қорғаудан гөрі анағұрлым қажет бола бастайды... Бұл күресте — нағыз азамат соғысында — болашақ шайқас үшін барлық элементтер бірігіп, дамиды. Осы пунктке жеткен соң, коалиция саяси сипат алады»[88]. Бұл арада біз пролетариаттың күшін «болашақ шайқасқа» дайындаудың бүкіл ұзақ заманы жолындағы экономикалық күрес пен кәсіптік қозғалыстың бірнеше ондаған жылдарға арналған программасы мен тактикасын көріп отырмыз. Мұны Маркс пен Энгельстің ағылшын жұмысшы қозғалысын мысалға ала отырып айтқан толып жатқан нұсқауларымен: өнеркәсіптік «гүлденудің» «жұмысшыларды сатып алу» («Энгельспен жазысқан хаттар», I, 136)[89], олардың назарын күрестен аудару әрекетін қалай тудыратындығы туралы, бұл гүлденудің жалпы алғанда қалай «жұмысшыларды аздыратындығы» туралы (II, 218), ағылшын пролетариатының қалай «буржуазияланып» бара жатқандығы туралы — «барлық ұлттардың ішіндегі ең буржуазиялық ұлттың» (ағылшын ұлтының) «шамасы, істі, сайып келгенде, буржуазиямен қатар буржуазиялық аристократия мен буржуазиялық пролетариат жасап алуға әкеп тірегісі келетіндігі» туралы (II, 290)[90], ол пролетариаттың «революциялық жігерінің» қалай құрып бара жатқандығы туралы (III, 124), «ағылшын жұмысшыларының өздерінің бейне бір буржуазиялық азғынданууынан құтылуын» азды-көпті ұзақ уақыт қалай күтуге тура келетіндігі туралы (III, 127), ағылшын жұмысшы қозғалысына «чартистердің өжеттігі» қалай жетпей отырғандығы туралы (1866; III, 305)[91], ағылшын жұмысшылары көсемдерінің «радикал буржуа мен жұмысшы арасындағы» аралық тип болып қалай жасалып жат-

қандығы туралы (Голиок туралы, IV, 209), Англия монополиясының салдарынан және бұл монополия күйремей тұрғандықтан «британ жұмысшыларына ештеңе істеуге болмайтындығы» туралы (IV, 433)[92] нұсқауларымен салыстыру керек. Бұл арада, жұмысшы қозғалысының жалпы барысымен *(және нәтижесімен)* байланысты, экономикалық күрес тактикасы тамаша кең, жан-жақты, диалектикалық, нағыз революциялық тұрғыдан қаралып отыр.

Саяси күрестің тактикасы туралы «Коммунистік Манифест» марксизмнің мынадай негізгі қағидасын ұсынды: «коммунистер жұмысшы табының ең таяудағы мақсаттары мен мүдделері үшін күреседі, бірақ сонымен қатар олар қозғалыстың келешегін де қорғайды»[93]. Сол үшін Маркс 1848 ж. Польшадағы «аграрлық революция» партиясын, «1846 жылғы Краков көтерілісін тудырған партияны»[94] қолдады. Германияда 1848—1849 жылдары Маркс ең революциялық демократияны қолдады және өзінің сол кезде тактика туралы айтқанын кейін еш уақытта да кері қайтып алған жоқ. Ол неміс буржуазиясына «әуел бастан-ақ халыққа опасыздық жасауға бейім» (тек шаруалармен одақ жасау ғана буржуазияға өзінің міндеттерін толық жүзеге асыруына мүмкіндік берген болар еді) «және ескі қоғамның тәж киген өкілдерімен ымыраласуға бейім» элемент ретінде қарады. Неміс буржуазиясының буржуазиялық-демократиялық революция заманындағы таптық жағдайына Маркстің жасаған қорытынды талдауы, айта кетейік, қоғамды қозғалыста алып қарайтын және де қозғалыстың тек *кері* қараған жағынан ғана емес, басқа жағынан да алып қарайтын материализмнің үлгісі болып табылатын талдауы мынау: «...өзіне-өзі сенбейтін, халыққа да сенбейтін; жоғарғылар алдында күңкілдейтін, төменгілер алдында қалтырайтын;... дүние жүзілік дауылдан үрейі ұшқан; еш жерде жігер көрсете алмайтын, қайда болса да плагиаттық істейтін;... инициативасы жоқ;... өзінің кәрілік мүддесі үшін жас және мықты халықтың жастық шағындағы алғашқы уытына басшылық ету пешенесіне жазылған қақбас шал...» («Жаңа Рейн Газеті», 1848 ж., қараңыз: «Әдеби

Мұра», III том, 212-бет)[95]. Шамасы 20 жыл өткеннен кейін Маркс Энгельске жазған хатында (III, 224) 1848 жылғы революцияның жеңе алмаған себебі —буржуазияның бостандық жолындағы күрестің перспективасынан гөрі құлдықпен бітім жасауды артық көруі болды деп көрсетті. 1848—1849 жылдардағы революциялар заманы аяқталғанда, Маркс революциямен ойнаудың қандайына болса да қарсы шықты (Шаппер—Виллих және олармен күресу), бейне бір «бейбіт түрде» жаңа революцияларды дайындап жатқан жаңа кезең заманында жұмыс істей білуді талап етті. Маркстің бұл жұмысты қандай рухта жүргізуді талап еткендігі оның 1856 жылғы нағыз қара түнек реакция дәуіріндегі Германиядағы жағдайға берген мына төмендегі бағасынан көрінеді: «Германиядағы істің бәрі шаруалар соғысының қандай да болсын екінші рет қайталануы арқылы пролетарлық революцияны қолдау мүмкіндігіне байланысты болады» («Энгельспен жазысқан хаттар», II. 108)[96] Германиядағы демократиялық (буржуазиялық) революция аяқталмай тұрған кезде Маркс социалистік пролетариаттың тактикасында бүкіл назарды шаруалардың демократиялық жігерін күшейтуге аударды. Ол, айта кетейік, нақ помещиктер мен пруссиялық ұлтшылдыққа жол бергені үшін Лассальды «Пруссияның пайдасы үшін жұмысшы қозғалысына объективті түрде опасыздық» (III, 210) жасап отыр деп санады. Таяуда өздерінің баспасөзге бірлесіп мақала жазуы жөнінде Маркспен пікір алыса отырып, Энгельс 1865 ж. былай деп жазды: «Егіншілік басым елде село жұмысшыларын феодалдық дворяндардың патриархтық түрде «таяқтап қанауы» туралы ұмытып, өнеркәсіп жұмысшылары атынан тек қана буржуаға қарсы шығу оңбағандық болады» (III, 217)[97]. Германиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияны аяқтау заманы, Пруссия мен Австрияның қанаушы таптары сол революцияны *жоғарыдан* аяқтаудың белгілі бір әдісі үшін күрескен заман аяқталуға айналған 1864—1870 жылдар кезеңінде Маркс Бисмаркпен ымдасқан Лассальды кінәлап қана қойған жоқ, сонымен бірге «австрияшылдыққа» және партикуляризмді қорғауға бой ұрған

Либкнехттің де қатесін түзетіп отырды; Маркс Бисмаркпен де, австрияшылдармен де бірдей аяусыз күресетін революциялық тактиканы, «жеңушінің»—Пруссия юнкерінің ырқына көнбейтін, қайта Пруссияның соғыстағы жеңістері арқылы жасалған *негізде де* оның өзіне қарсы революциялық күресті дереу қайта бастайтын тактиканы талап етті («Энгельспен жазысқан хаттар», III, 134, 136, 147, 179, 204, 210, 215, 418, 437, 440—441)[98]. Интернационалдың 1870 жылғы 9 сентябрьдегі атақты үндеуінде Маркс француз пролетариатын мезгілсіз көтерілістен сақтандырды[99], бірақ, ол көтеріліс қайткенмен де басталып қалған кезде (1871 ж.), Маркс «аспанмен арпалысқан» бұқараның революциялық инициативасын қуана құттықтады (Маркстің Кугельманга жазған хаты)[100]. Маркстің диалектикалық материализмі тұрғысынан қарағанда, басқа да көптеген жағдайлардағыдай, революциялық бой көрсетудің бұл жағдайда да жеңілуі пролетарлық күрестің жалпы барысында *және нәтижесінде* ұстаған позициядан бас тартудан, оны ұрыссыз бере салудан гөрі, неғұрлым аз залал еді: позицияны бұлай бере салу пролетариаттың берекесін кетірер еді, оның күреске қабілеттілігін әлсіретер еді. Саяси тоқырау және буржуазиялық жариялылықтың үстем болу замандарында күрестің жария құралдарын пайдалануды толық бағалай отырып, Маркс 1877—1878 ж., социалистерге қарсы ерекше заң[101] шығарылғаннан кейін, Мосттың «революциялық жел сөздерін» қатты мінеп, ал ерекше заңға жауап ретінде бірден құпия күреске көшуге дайындық, табандылық, беріктік, революцияшылдық көрсете білмеген ресми социал-демократиялық партияны сол кезде уақытша билеген оппортунизмді одан да гөрі қатты шенеді («Маркстің Энгельске жазған хаттары», IV, 397, 404, 418, 422, 424[102]. Зоргеге жазылған хаттарды да салыстырыңыз).

ӘДЕБИЕТТЕР

Маркстің шығармалары мен хаттарының толық жинағы осы күнге дейін әлі шыққан жоқ. Қандай да болсын басқа тілдерден гөрі орыс тіліне Маркс шығармалары көбірек аударылды. Осы шығармалардың мына төмендегі тізімі хронологиялық тәртіппен жасалды. Эпикурдың философиясы туралы Маркстің диссертациясы 1841 жылға жатады (қайтыс болғаннан кейін шыққан «Әдеби Мұраға» енген; ол туралы кейінірек айтылады). Бұл диссертациясында Маркс әлі де әбден идеалистік-гегельдік көзқараста болады. Маркстің «Рейн Газетіндегі» (Кёльн) мақалалары, әсіресе алтыншы рейндік ландтагтағы баспасөз бостандығы туралы, содан соң ағаш ұрлығы жөніндегі заң туралы жарыс сөздерді сынау, одан кейін: саясаттың теологиядан арылуын қорғау және басқалары 1842 жылға жатады (ішінара «Әдеби Мұраға» енген). Бұл тұста Маркстің идеализмнен материализмге және революциялық демократизмнен коммунизмге өтуі байқалады. 1844 жылы Парижде Маркс пен Арнольд Руненің редакциялауымен «Неміс-Француз Әржылдығы» шығады; мұнда идеализмнен материализмге және революциялық демократизмнен коммунизмге өту біржола іске асады. Маркстің өте-мөте тамаша мақалалары: «Гегельдің право философиясына сын жөнінде Кіріспе» («Әдеби Мұрадан» басқа жеке басылған кітапшасы бар) және «Еврей мәселесі жөнінде» (мұның да жеке басылған кітапшасы бар; кітапшаны «Знание» баспасы шығар-

ған, «Арзан Кітапхана» № 210). 1845 жылы Маркс пен Энгельс екеуі (Майндағы Франкфуртте) «Қасиетті әулет. Бруно Бауэрге және K⁰-ге қарсы» деген кітапша шығарады. («Әдеби Мұрадан» басқа орысша екі рет кітапша болып жеке басылып шыққан; «Новый Голос» баспасы, СПБ. 1906, және «Вестник Знания» баспасы, СПБ. 1907 ж.). Маркстің Фейербах туралы тезистері 1845 жылдың көктеміне жатады (Фр. Энгельстің «Людвиг Фейербах» деген кітапшасына қосымша ретінде басылған; орысша аудармасы бар). Маркстің 1845—1847 жылдары жазған бірсыпыра мақалалары (көбі жиналмаған, қайта басылмаған және орыс тіліне аударылмаған) мына газеттерде басылды: «Vorwärts»— Парижде шыққан, «Brüsseler Deutsche Zeitung» (1847), «Das Westphälische Dampfboot» (Bielefeld, 1845—1848), «Der Gesellschaftsspiegel» (1846, Elberfeld). Брюссель мен Парижде басылып шыққан Маркстің Прудонға қарсы жазған «Философия қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясына» жауап» деген негізгі шығармасы 1847 жылға жатады (орыс тілінде «Новый Мир» үш рет басып шығарды, біреуін — Г. Львович, біреуін—Алексеева, біреуін—«Просвещение» шығарды, бәрі де 1905—1906 жылдары шықты). 1848 жылы Брюссельде «Сауда еркіндігі туралы сөз» шықты (орысша аудармасы бар), одан кейін Лондонда, Фр. Энгельстің қатысуымен жазылған, Европаның барлық тілдеріне түгел дерлік және ішінара дүние жүзіндегі басқа елдердің тілдеріне аударылған атақты «Коммунистік партияның Манифесі» шықты (орысша аудармасы 1905—1906 жылдары шамасы 8 рет басылды, «Молот», «Колокол», Алексеева және басқалар шығарды, көбі конфискеленді; аттары әр түрлі: «Коммунистік Манифест», «Коммунизм туралы», «Қоғамдық таптар және коммунизм», «Капитализм және коммунизм», «Тарих философиясы»; Маркстің бұл шығармасының, сол сияқты басқа шығармаларының да толық және неғұрлым дәл аудармасын көбінесе «Еңбекті азат ету» тобы шығарған шетелдік басылымдардан қараңыз). 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылғы 19 майға

дейін Кёльнде «Жаңа Рейн Газеті» шығып тұрды; іс жүзінде оның бас редакторы Маркс болды. Бүгінге дейін революцияшыл пролетариаттың ең таңдаулы, теңдесі жоқ органы болып табылатын осы газетте басылған Маркстің толып жатқан мақалалары жиналмаған және толық қайта басылмаған. Ең маңыздылары «Әдеби Мұраға» енген. Маркстің осы газетте басылған «Жалдама еңбек және капитал» деген мақалалары талай рет жеке кітапша болып шықты (орысша 4 рет шықты, Козман, «Молот», Мягков, Львович шығарды, 1905—1906 жылдар). «Либералдар өкімет басында» деген мақаласы да сол газеттен алынып басылған («Знание» баспасы, «Арзан Кітапхана» № 272. СПБ. 1906). 1849 жылы Кёльнде Маркс «Екі саяси процесті» шығарды (баспасөздің қылмысы жөнінде және үкіметке қарулы қарсылық білдіруге шақыру жөнінде айыпталған, бірақ присяжныйлар соты ақтаған Маркстің өзін қорғап екі рет сөз сөйлеуі. Орысша аудармасы 1905—1906 жылдары 5 рет шықты, Алексеева, «Молот», Мягков, «Знание», «Новый Мир» шығарды). 1850 жылы Гамбургте Маркс «Жаңа Рейн Газеті» журналының 6 номерін шығарды. Мұндағы аса маңызды мақалалар «Әдеби Мұраға» енген. Әсіресе Энгельс 1895 жылы кітапша етіп қайта бастыртып шығарған Маркстің «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» деген мақалалары — тамаша мақалалар (орысша аудармасын бастырып шығарған М. Малых, «Кітапхана» № 59—60; сонымен қатар «Тарихи еңбектер жинағы» деген жинақта да бар, аударған Базаров пен Степанов, бастырып шығарған Скирмунт, СПБ. 1906 ж., бұл да: «XX ғасырдағы тұрмыс туралы ойлар мен көзқарастар», СПБ. 1912 ж.). 1852 жылы Нью-Йоркте Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген кітапшасы шықты (орысша аудармасы әлгі айтылған жинақтарда бар). Нақ сол жылы Лондонда «Кёльнде коммунистерге болған процесс туралы әшкерелеулер» шықты (орысша аудармасы: «Кёльнде коммунарларға болған процесс», «Көпшілік-Ғылыми Кітапхана» № 43, СПБ. 1906, 28 окт.). 1851 жылғы августан

1862 жылға дейін* Маркс Нью-Йорктегі «Трибуна» («The New York Tribune») газетінің тұрақты қызметкері болды; онда оның мақалаларының көбі редакциялық мақала ретінде қол қойылмай басылды. Әсіресе мына мақалалары тамаша: «Германиядағы революция және контрреволюция», олар Маркс пен Энгельс өлгеннен кейін немісшеге аударылып, қайта басылды (орысша аудармасы екі жинақта басылды, аударған Базаров пен Степанов; одан кейін 1905—1906 жылдары бес рет жеке кітапша болып шықты, Алексеева, «Общественная Польза», «Новый Мир», «Жалпыға бірдей Кітапхана», «Молот» шығарды). Маркстің «Трибунадағы» мақалаларының кейбіреуі, мәселен, 1856 жылы Пальмерстон туралы, «XVIII ғасырдың дипломатиялық тарихы жөніндегі әшкерелеулер» (Англиядағы либералдық партия министрлерінің пайдакүнемдіктен Россияға ұдайы тәуелді болуы туралы) және басқалары Лондонда жеке кітапша болып шықты. Маркс өлгеннен кейін оның қызы Элеонора Эвелинг оның «Трибунада» басылған шығыс мәселесі жөніндегі бірсыпыра мақалаларын мынадай ат қойып басып шығарды: «The Eastern Question». London. 1897. («Шығыс мәселесі»). Бірқатары орыс тіліне аударылған: «Соғыс және революция». I кітап. Маркс пен Энгельс. «Басылмаған мақалалар (1852, 1853, 1854 жылдар)». Харьков. 1919. («Наша Мысль» кітапханасы). Маркс 1854 жылдың аяғынан бастап және 1855 жыл бойы «Neue Oder-Zeitung» газетіне, ал 1861—1862 жылдары Венадағы «Presse» газетіне жазып тұрды. Маркстің көптеген хаттары сияқты, бұл мақалалар да жиналмаған, тек біразы ғана «Neue Zeit»-те жарық көрді. Маркстің «Das Volk» газетінде басылған (Лондон. 1859 ж.) 1859 жылғы итальян соғысының дипломатиялық тарихы жөніндегі мақалалары туралы да осыны айту керек. 1859 жылы Берлинде Маркстің «Саяси экономия сыны жөнінде» деген шы-

* Энгельс Маркс туралы мақаласында, «Handwörterbuch der Staatswissenschaften», Bd. 6. S. 603 («Мемлекеттік ғылымдар сөздігі», 6-том, 603-бет. *Ред.*) және Бернштейн Маркс туралы «Британ Энциклопедиясының» 1911 ж. 11-басылуындағы мақаласында 1853—1860 жылдар деп қате көрсеткен. Маркс пен Энгельстің 1913 жылы басылған хаттарын қараңыз.

ғармасы шықты (орысша аудармасы, М. 1896 ж., редакциялаған Мануилов және СПБ. 1907 ж., аударған Румянцев). 1860 жылы Лондонда Маркстің «Herr Vogt» («Фогт мырза») деген кітапшасы шықты.

1864 жылы Лондонда Маркс жазған «Жұмысшылардың Халықаралық серіктігінің үндеуі» шықты (орысша аудармасы бар). Маркс Интернационалдың Бас советінің толып жатқан манифестерінің, үндеулерінің және қарарларының авторы болды. Осы материалдардың бәрі әлі толық талданып бітпеген, тіпті жиналған да жоқ. Бұл жұмысқа кірісудің алғашқы бастамасы — Г. Иэкктің «Интернационал» деген кітабы (орысша аудармасы СПБ. 1906, «Знание» баспасы); онда, айтқандайын, Маркстің кейбір хаттары және ол әзірлеген қаулылардың жобалары басылған. Маркс жазған Интернационал документтерінің бірі — Бас советтің Париж Коммунасы жөніндегі манифесі; ол 1871 жылы Лондонда «Франциядағы азамат соғысы» деген атпен жеке кітапша болып шықты (орысша аудармасын редакциялаған Ленин, «Молот» баспасы және басқа баспалар). Маркстің Интернационал мүшесі Кугельманмен жазысқан хаттары 1862—1874 жылдар дәуіріне жатады (орысша аудармасы екі рет басылды, біреуін аударған А. Гойхбарг, екіншісін редакциялаған Ленин). 1867 жылы Гамбургте Маркстің басты шығармасы жарыққа шықты; «Капитал. Саяси экономия сыны», I том. Екінші және үшінші томдарын Маркс қайтыс болғаннан кейін 1885 және 1894 жылдары Энгельс бастырып шығарды. Орысша аудармасы: I том бес рет басылды (екеуін аударған Даниельсон, 1872 және 1898 жылдар; екеуін аударған Е. А. Гурвич пен Л. М. Зак, редакциялаган Струве, 1-басылуы — 1899, 2-басылуы — 1905; біреуін редакциялаған Базаров пен Степанов). II және III томдар Даниельсонның аудармасы бойынша (сапасы кемірек аударма) және Базаров пен Степанов редакциялаған аударма бойынша (тәуір аударма) шықты. 1876 жылы Маркс Энгельстің «Анти-Дюринг» («Herrn Eugen Dührings Umwälzung der Wissenschaft») деген кітабын құрастыруға қатысты, бүкіл шығарманы

қолжазба күйінде қарады және саяси экономия тарихына арналған тарауды толық жазып шықты.

Содан соң, Маркс қайтыс болғаннан кейін, оның мына төмендегі шығармалары басылып шықты: «Гота программасына сын» (СПБ. 1906 ж., немісшесі «Neue Zeit»-те, 1890/91, № 18). «Жалақы, баға және пайда» (1865 жылы 26 июньде оқылған баяндама, «Neue Zeit», XVI, 1897/98, орысша аудармасын 1906 жылы «Молот» және 1905 жылы Львович бастырып шығарған) «К. Маркстің, Фр. Энгельстің және Ф. Лассальдың Әдеби Мұрасы», 3 том, Штутгарт. 1902. (Орысша аудармасын Аксельрод және басқалар редакциялаған, 2 том, СПБ. 1908. I том оның үстіне Е. Гурвичтің редакциялауымен де шыққан, М. 1907. Лассальдың Маркске жазған хаттары жеке басылған, «Әдеби Мұраға» кіреді.) «К. Маркстің, Ф. Энгельстің және басқалардың Зоргеге жазған хаттары» (орысша екі рет басылды, біреуін редакциялаған Аксельрод, екіншісіне алғы сөз жазған Ленин, бастырып шығарған Дауге). «Қосымша құн теориялары», 3 том, 4 бөлімді, Штутгарт, 1905—1910, «Капиталдың» төртінші томының Каутский бастырып шығарған қолжазбасы (орысшаға тек бірінші томы ғана аударылып, үш рет басылды: СПБ. 1906, редакциялаған Плеханов; Киев, 1906, редакциялаған Железнов; Киев, 1907, редакциялаған Тучапский). 1913 жылы Штутгартта «К. Маркс пен Фр. Энгельстің жазысқан хаттарының» үлкен 4 томы шықты; бұл томдарда 1844 жылғы сентябрьден 1883 жылғы 10 январьға дейінгі дәуірдің ішінде жазылған 1386 хат басылған, оларда К. Маркстің өмірбаяны мен көзқарастарын зерттеуге қажетті толып жатқан аса құнды материал бар. 1917 жылы Маркс пен Энгельстің 2 томы: 1852—1862 жылдардағы мақалалары шықты (немісше). Қорытындыда Маркс шығармаларының бұл тізімі жөнінде мынаны ескерту қажет: бұл көрсеткішке көбінесе «Neue Zeit»-те, «Vorwärts»-те және неміс тіліндегі басқа да социал-демократиялық мерзімді басылымдарда жарияланған кейбір негұрлым шағын мақалалар мен жеке хаттар енген жоқ; орыс тіліне аударылған Маркс шығармаларының, әсіресе 1905—1906 жылдардағы кі-

тапшаларының, тізімі де толық емес екендігі күмәнсыз.

Маркс пен марксизм туралы әдебиеттер өте көп. Біз олардың ішінен тек ең мәнділерін ғана атап өтеміз және авторларын мынадай басты-басты үш топқа бөлеміз: мәнді мәселелерде Маркстің көзқарасын жақтайтын марксистер; шынында марксизмге жау буржуазиялық жазушылар; марксизмнің не ол, не бұл негіздерін мойындайтын сияқты, ал іс жүзінде оларды буржуазиялық көзқарастармен ауыстыратын ревизионистер. Маркс жөніндегі халықшылдық көзқарасты ревизионизмнің өзгеше бір орыстық түрі деп қарау керек. В. Зомбарт өзінің «Ein Beitrag zur Bibliographie des Marxismus» деген кітабында (Archiv für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik, XX, 2. Heft, 1905, S. S. 413—430) тіпті де толық емес тізімде 300 еңбекті атайды. Оны толықтыру үшін «Neue Zeit»-тең 1883—1907 жылдардың және одан кейінгі жылдардың көрсеткіштерін қараңыз. Одан кейін мынаны қараңыз: Josef Stammhammer: «Bibliographie des Sozialismus und Kommunismus». Bd. I—III. Jena (1893—1909). Одан соң марксизмнің толық библиографиясы үшін тағы да мынаны көрсетуге болады: «Bibliographie der Sozialwissenschaften». Berlin. Jahrgang 1, 1905 u. ff. Сондай-ақ мынаны қараңыз: *Н. А. Рубакин,* «Кітаптар әлемінде» (II том, 2-басылуы). Біз бұл арада тек ең мәнділерін ғана келтіріп отырмыз. Маркстің өмірбаяны туралы мәселе жөнінде бәрінен бұрын *Фр. Энгельстің* мақалаларын көрсету керек; олар мына басылымдарда: Брауншвейгте 1878 жылы Бракке шығарған «Volkskalender» және «Handwörterbuch der Staatswissenschaften». Bd. 6, S. 600—603. *W. Liebknecht:* «Karl Marx zum Gedächtniss». Nürnb. 1896. *Lafargue:* «K. Marx. Persönliche Erinnerungen». *В. Либкнехт:* «Карл Маркс». 2-басылуы. СПБ. 1906. *П. Лафарг:* «К. Маркс туралы менің естеліктерім». Одесса. 1905. (Түпнұсқасын қараңыз: «Neue Zeit», IX, I.) *«К. Маркстi еске түсіру».* СПБ. 1908, 410 бет, Ю. Невзоровтың, Н. Рожковтың, В. Базаровтың, Ю. Стекловтың, А. Финн-Енотаевскийдің, П. Румянцевтің, К. Реннердің, Г. Ролланд-Гольсттің, В. Ильин-

нің, Р. Люксембургтің, Г. Зиновьевтің, Ю. Каменевтің, П. Орловскийдің және М. Таганскийдің мақалалар жинағы. *Фр. Меринг:* «Карл Маркс». Маркстің ағылшын тіліндегі толық өмірбаяны, құрастырған американ социалисі Спарго *(Spargo:* «K. Marx, his life and work». London, 1911), қанағаттанарлық емес. Маркстің қызметіне жалпы шолуды мына басылымнан қараңыз: K. Kautsky: «Die historische Leistung von K. Marx. Zum 25. Todestag des Meisters». Berlin. 1908. Орысша аудармасы: «К. Маркс және оның тарихи маңызы». СПБ., 1908. Көпшілікке арналған мына кітапшаны да салыстырыңыз: *Klara Zetkin:* «K. M. und sein Lebenswerk» (1913). Маркс туралы естеліктер: *Анненковтың* естелігі, «Вестник Европы», 1880, № 4 (және «Естеліктер», III том, «Тамаша он жылдық». СПБ. 1882), Карл Шурцтің естелігі, «Русское Богатствода». 1906, № 12; *М. Ковалевскийдің* естелігі, «Вестник Европыда», 1909, VI және келесі номері.

Марксизм философиясы туралы және тарихи материализм туралы мәселе жөнінде Г. В. Плехановта жақсы баяндалған: «20 жыл ішінде». СПБ. 1909, 3-басылуы; «Қорғаныстан шабуылға». СПБ. 1910; «Марксизмнің негізгі мәселелері». СПБ. 1908; «Біздің сыншыларға сын». СПБ. 1906; «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде». СПБ. 1908, және басқа шығармалары. *Антонио Лабриола:* «Тарихқа материалистік көзқарас туралы мәселе жөнінде», СПБ. 1898. *Бұл да соныкі:* «Тарихи материализм мен философия». СПБ. 1906. *Фр. Меринг:* «Тарихи материализм туралы». СПБ. 1906 (2-басылуы: «Просвещение» мен «Молот» шығарған). *Бұл да соныкі:* «Лессинг туралы аңыз». СПБ. 1908 («Знание»). Мынаны да салыстырыңыз: (марксист емес) *Ш. Андлер:* «Коммунистік Манифест. Тарих, кіріспе, түсіндірмелер». СПБ. 1906. Сонымен қатар мынаны қараңыз: «Тарихи материализм». СПБ. 1908, Энгельстің, Каутскийдің, Лафаргтің және басқа көптеген адамдардың мақалалар жинағы. *Л. Аксельрод:* «Философиялық очерктер. Тарихи материализмнің философиялық сыншыларына жауап». СПБ. 1906. Дицгеннің марксизмнен сәтсіз ауытқуларын әдейі қорғаған

E. Untermann: «Die logischen Mängel des engeren Marxismus». München. 1910 (753 бет—көлемді, бірақ мәнсіз еңбек). *Hugo Riekes:* «Die philosophische Wurzel des Marxismus», «Zeitschrift für die gesamte Staatswissenschaft», 62. Jahrgang, 1906, 3. Heft, S. 407—432, маркстік көзқарастардың философиялық тұтастығын материализм тұрғысынан көрсететін, маркстік көзқарастарға қарсы адамның қызықты еңбегі. *Benno Erdmann:* «Die philosophischen Voraussetzungen der materialistischen Geschichtsauffassung», «Jahrbuch für Gesetzgebung, Verwaltung und Volkswirtschaft» (Schmollers Jahrbuch). 1907, 3. Heft, S. 1—56 Маркстің философиялық материализмінің кейбір негізгі қағидаларының өте пайдалы тұжырымы және жалпы алғанда кантшылдық пен агностицизмнің айтылып жүрген көзқарасынша жасалған қарсылықтардың жиынтығы. *R. Stammler:* «Wirtschaft und Recht nach der materialistischen Geschichtsauffassung». 2-басылуы, Lpz. 1906 (кантшыл). *Вольтман:* «Тарихи материализм», орысша аудармасы, 1901 ж. (бұл да кантшыл). *Форлендер:* «Кант және Маркс». СПБ. 1909 (бұл да). А. Богдановтың, В. Базаровтың және басқалардың («Марксизм философиясы жөніндегі очерктер», СПБ. 1908. *А. Богданов:* «Ұлы фетишизмнің құлауы». М. 1909 және басқа шығармалар) және В. Ильиннің («Материализм және эмпириокритицизм». Москва. 1909) арасындағы айтысты да салыстырыңыз. Тарихи материализм мен этика туралы мәселе жөнінде: *К. Каутский:* «Этика және тарихты материалистік тұрғыдан түсіну». СПБ. 1906 және Каутскийдің көптеген басқа да шығармалары. Содан соң *Boudin:* «Das theoretische System von K. Marx». Stuttg. 1909 (*Л. Б. Будин:* «К. Маркстің ең жаңа сын тұрғысынан алынған теориялық системасы», ағылшын тілінен аударылған, редакциялаған В. Засулич. СПБ. 1908). *Hermann Gorter:* «Der historische Materialismus», 1909. Марксизмге қарсылардың шығармаларынан мыналарды көрсетеміз: *Туган-Барановский:* «Марксизмнің теориялық негіздері». СПБ. 1907. *С. Прокопович:* «Маркске сын жөнінде». СПБ. 1901. *Hammacher:* «Das philosophischökonomische System des Marxismus» (Lpz.

1910, 730 бет—цитаттар жинағы). *В. Зомбарт:* «Социализм және XIX ғасырдағы әлеуметтік қозғалыс». СПБ. *Max Adler* (кантшыл): «Kausalität und Teleologie» (Wien. 1909: «Marx-Studien») және «Marx als Denker».

Гегельшіл идеалист *Giov. Gentile*-нің мына кітабы назар аударарлық: «La philosophia di Marx» (Pisa. 1899) — автор Маркстің материалистік диалектикасының кейбір маңызды жақтарын — әдетте кантшылдар, позитивистер, т. с. назар аудармайтын жақтарын—атап өтеді және *Lévy:* «Feuerbach»—Маркстің ең басты философиялық ізашарларының бірі туралы. Маркстің бірсыпыра шығармаларынан алынған цитаттардың пайдалы жинағы мынау: *Чернышев:* «Марксистің ескерме кітапшасы». СПБ. («Дело») 1908. Маркстің экономикалық ілімі туралы мәселе жөнінде: *К. Каутский:* «Маркстің экономикалық ілімі» (орысша талай рет басылды), *бұл да соныкі:* «Аграрлық мәселе», «Эрфурт программасы» және көптеген кітапшалар. Мынаны да салыстырыңыз: *Бернштейн:* «Маркстің экономикалық ілімі». «Капиталдың» 3-томы (орысша аудармасы, 1905); *Габриэль Девиль:* «Капитал» («Капиталдың» I томының мазмұнын баяндау, орысша аудармасы, 1907). Аграрлық мәселе жөнінде марксистер арасындағы ревизионизм дейтіннің өкілі *Э. Давид:* «Социализм және ауыл шаруашылығы» (орысша аудармасы. СПБ. 1902). Ревизионизмді сынау жөнінде мынаны қараңыз: *В. Ильин:* «Аграрлық мәселе», I бөлім. СПБ. 1908. Мынаны да қараңыз: *В. Ильин:* «Россияда капитализмнің дамуы». 2-басылуы. СПБ. 1908; *бұл да соныкі:* «Экономикалық этюдтер мен мақалалар». СПБ. 1899. *В. Ильин:* «Егіншіліктегі капитализмнің даму заңдары туралы жаңа деректер», I кітап. 1917. Франциядағы аграрлық қатынастар туралы жаңа мәліметтерге Маркстің көзқарастары кейбір шегіністермен қалай қолданылғанын мынадан қараңыз: *Compère-Morel.* «La question agraire et le socialisme en France». Paris. 1912 (455 бет). Шаруашылық өмірдің жаңа құбылыстарына қолдануда Маркстің экономикалық көзқарастарының одан әрі дамуын мынадан қараңыз: *Гильфердинг:* «Финанс капиталы». СПБ. 1911. (Автордың құн теориясына көз-

қарастарындағы елеулі қателіктердің түзетілуін Каутскийдің «Neue Zeit»-ке жазғанынан қараңыз: «Gold, Papier und Ware» — «Алтын, қағаз ақша және товарлар» — 30, I; 1912, S. 837, 886). *В. Ильин:* «Империализм—капитализмнің ең жаңа кезеңі». 1917 ж. Мәнді пункттерде марксизмнен шегінетін *П. Маслов:* «Аграрлық мәселе» (2 том) және «Халық шаруашылығы дамуының теориясы» (СПБ. 1910 ж.). Бұл шегіністердің кейбіреуінің сыналуын Каутскийден қараңыз—«Neue Zeit», XXIX, 1, 1911, «Мальтусшілдік және социализм» деген мақала.

Буржуазиялық профессорлардың арасында кең тараған «шегіне жеткен пайдалылық» теориясының тұрғысынан Маркстің экономикалық ілімінің сыналуы мыналарда: *Böhm-Bawerk:* «Zum Abschluss des Marxschen Systems» (Brl. 1896, «Staatswiss. Arbeiten», Festgabe für K. Knies). Орысша аудармасы бар: СПБ. 1897, «Маркстің теориясы және оның сыналуы», *бұл да соныкі:* «Kapital und Kapitalzins», 2-басылуы. Insbr. 1900—1902, 2-том («Капитал және пайда». СПБ. 1909). Содан соң қараңыз: *Riekes:* «Wert und Tauschwert» (1899); *v. Bortkiewicz:* «Wertrechnung u. Preisrechnung im Marxschen System» (Archiv f. Sozialw., 1906—1907); *Leo v. Buch:* «Über die Elemente d. polit. Ökonomie. I. Th. Die Intensität d. Arbeit, Wert u. Preis» (орысша да басылған). Бём-Баверктің сынын маркстік тұрғыдан талдау мыналарда: *Hilferding:* «Böhm-Bawerks Marx-Kritik» («Marx-Studien», Bd. I. Wien, 1904) және «Neue Zeit»-тегі кіші-гірім мақалалар.

Марксизмді түсіндіру мен дамытудағы басты екі бағыт—«ревизионистік» бағыт пен радикалдық («ортодокстік») бағыт туралы—мәселе жөнінде мынаны қараңыз: *Эд. Бернштейн:* «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (немісше түпнұсқасы. Stuttg. 1899; орысша аудармасы «Тарихи материализм», СПБ. 1901. «Әлеуметтік проблемалар», М. 1901), салыстырыңыз: *бұл да соныкі:* «Социализм тарихы мен теориясынан очерктер». СПБ. 1902. Оған жауап: *К. Каутский:* «Бернштейн және социал-демократиялық программа» (немісше түпнұсқасы. Stuttg. 1899.

Орысша аудармасы 1905—1906 жылдары 4 рет басылды). Француз тіліндегі маркстік әдебиеттерден: *Jules Guesde:* «Quatre ans de lutte des classes», «En garde!», «Questions d'hier et d'aujourd'hui» (Paris, 1911); *P. Lafargue:* «Le déterminisme économique de K. Marx» (Paris, 1909). *Ant. Pannekoek:* «Zwei Tendenzen in der Arbeiter-Bewegung».

Капитал қорлануының маркстік теориясы туралы мәселе жөніндегі жаңа еңбектер мыналар: *Rosa Luxemburg:* «Die Akkumulation des Kapitals» (Brl. 1913) және оның Маркс теориясын теріс түсіндіруін талдаған *Otto Bauer:* «Die Akkumulation des Kapitals» («Neue Zeit», 31-том, 1913, I, S. S. 831 u. 862). *Eckstein* «Vorwärts»-те, 1913 және *Pannekoek* «Bremer Bürger-Zeitung»-те, 1913.

Маркс туралы бұрынғы орыс әдебиеттерінен мыналар: *Б. Чичерин:* «Неміс социалистері», Безобразовтың «Мемлекеттік білімдер жинағы», СПБ. 1888, және «Саяси ілімдер тарихы», 5-бөлім. М. 1902, 156-бет. *Зибердің* жауабы: «Чичерин мырзаның көзілдірігімен қарағандағы неміс экономистері», «Шығармалар жинағы», II том, СПБ. 1900. *Л. Слонимский:* «К. Маркстің экономикалық ілімі». СПБ. 1898. *Н. Зибер:* «Давид Рикардо мен К. Маркс, олардың қоғамдық-экономикалық зерттеулері». СПБ. 1885 және «Шығармалар жинағы», 2 том, СПБ. 1900. *И. Кауфманның* (И. К—ның) «Капитал» жөніндегі рецензиясы, «Вестник Европы», 1872, № 5—тамаша жері: Маркс «Капиталдың» 2-басылуына арнаған соңғы сөзінде И. К—ның пікірлерін цитатқа келтіріп, өзінің материалистік-диалектикалық методын дұрыс баяндайтын пікірлер деп таныды.

Орыс халықшылдары марксизм туралы: *Н. К. Михайловский,* «Русское Богатство», 1894, № 10; 1895, № 1, № 2, Шығармалар жинағында қайта басылған,— П. Струвенің «Сын заметкалары» жөнінде (СПБ. 1894), бұл заметкаларды маркстік тұрғыдан *К. Тулин* (В. Ильин)—«Біздің шаруашылық дамуымызды сипаттайтын материалдарда» талдаған (СПБ. 1895, цензура жойған), қайта бастырушы *В. Ильин:* «12 жыл ішінде». СПБ. 1908. Содан соң, халықшылдық әдебиеттерден:

В. В.: «Біздің бағыттарымыз». СПБ. 1892. *Бұл да соныкі:* «70-жылдардан 900-жылдарға қарай». СПБ. 1907. *Николай—он:* «Біздің реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері». СПБ. 1893. *В. Чернов:* «Марксизм және аграрлық мәселе». СПБ. 1906. *Бұл да соныкі:* «Философиялық және социологиялық этюдтер». СПБ. 1907.

Халықшылдардан басқа тағы мыналарды корсетейік: *Н. Кареев:* «Тарихи материализм туралы ескі және жаңа этюдтер». СПБ. 1896. 2-басылуы. 1913 ж. «Экономикалық материализмге сын» деген атпен шыққан. *Масарик:* «Марксизмнің философиялық және социологиялық негіздері». М. 1900. *Кроче:* «Тарихи материализм және маркстік экономия». СПБ. 1902.

Маркстің көзқарастарын дұрыс бағалау үшін оның ең жақын пікірлесі және қызметтесі *Фридрих Энгельстің* шығармаларымен танысу сөзсіз қажет. Энгельстің *барлық* шығармаларымен санаспайынша, марксизмді ұғуға болмайды және оны тұтас баяндауға болмайды.

Анархизм тұрғысынан Маркстің сыналуын мынадан қараңыз: *В. Черкезов:* «Марксизм доктриналары». СПБ. 1905, 2 бөлім; *В. Текер:* «Кітап орнына». М. 1907. Синдикалист *Сорель:* «Осы заманғы экономияның әлеуметтік очерктері». М. 1908.

СОҒЫС ТУРАЛЫ БІР НЕМІС ҮНІ

«...Бір түннің ішінде дүние бейнесі өзгеріп кетті... Әркім кінәны көршісіне жабады. Әркім қорғану қажет болғандықтан ғана қорғанып, қимыл жасап отырмын деп жариялайды. Көріп отырсыздар ғой, бәрі де өзінің ең қасиетті игілігін, өз шаңырағын, өз отанын қорғап отыр... Ұлттық намыс пен ұлттық албырттық үстем болып алды. Тіпті ұлы интернационалист болып табылатын жұмысшы табы да... ұлттық бұйрыққа мойынсұнып, ұрыс даласында біріп-бірі соққыға жығуда... Біздің цивилизация күйреді... Европалық даңқы бар жазушылар оршеленген көзсіз шовинист болуға арланбайды. Экономикалық күйзеліске ұшырау қаупі империалистік есуастыққа тұсау болар-ау деп біз тым сеніп қалыппыз... Біз жер бетінде гегемон болу жолындағы империалистік жалаң күресті бастан кешіріп отырмыз. Мүмкін, әлде орыс минотаврын,.. өз елінің ізгі адамдарын жендет қолына беріп қойып отырған патшаны және оның ұлы князьдарын құлату туралы дейтін болмаса, әңгіме ұлы идеялар туралы болып жатыр дерлік ешбір жерде нышан да жоқ... Бірақ бостандық мұраттарын таратушы, ізгі ниетті Францияның жендет патшаның одақтасы болып келе жатқанын біз көрмей отырмыз ба? адал ниетті Германияның... сөзінен тайып, бейтарап отырған бейшара Бельгияны тұншықтырып жатқанын көрмей отырмыз ба?.. Бұл өзі немен бітпек? Егер қайыршылық тым ұлғайып бара жатқан болса, егер торығу бел алатын болса, егер кісі өз бауырын жаудың әскери мундирінен танитын болса,—мүмкін, әлі де мүлдем тосын оқиға болар, мүмкін, қаруды осы соғысқа айдап салушыларға қарай бұрар, мүмкін, өштестірілген халықтар кенет бірігер де, өшпенділігін ұмытар. Сәуегейлік жасағымыз келмейді, бірақ европалық соғыс бізді европалық әлеуметтік республикаға бір адым жақындататын болса, онда бұл соғыстың қалай дегенмен де, біздің қазіргі ойлағанымыздай оншалықты мағынасыз соғыс болмағаны».

Бұл кімнің үні? Мүмкін, неміс социал-демократының үні болар?

Қайда оларға! Олар қазір, Каутский бас болып, «контрреволюцияшыл бейшара мылжыңдарға»[103] айналды; социалистерге қарсы заң шығысымен-ақ, біздің заманымыздағы Гаазе, Каутский, Зюдекум және К⁰ тәрізді, өздерін «бүгінгіше» ұстаған неміс социал-демократтарын Маркс осылай атаған болатын.

Жоқ, біздің цитат Цюрихтегі ақпейіл попсымақтардың сыбайлас тобы шығаратын мещан христиан демократтардың журналынан («Neue Wege, Blätter für religiöse Arbeit», 1914, September*) алынды. Міне, біз қандай масқаралыққа жеткенбіз: құдайға сенетін филистерлер қаруды «соғысқа айдап салушыларға» қарсы бұру жаман бола қоймас еді-ау дегенге дейін барып отыр, ал «беделді» социал-демократтар, Каутский тәрізді, ең жексұрын шовинизмді «ғылыми жолмен» қорғайды немесе, Плеханов тәрізді, буржуазияға қарсы азамат соғысын уағыздауды зиянды «утопия» деп жариялайды!!

Иә, егер бұл тәрізді «социал-демократтар» көпшілік болғысы келетін болса және ресми «Интернационал» (=ұлттық шовинизмді интернационалдық жолмен ақтайтын одақ) болғысы келетін болса, онда осылар ластаған және қорлаған «социал-демократтар» деген аттан бас тартып, бұрынғы коммунистер деген маркстік атқа қайта оралған жақсы емес пе? Бернштейншіл-оппортунистер[104] неміс партиясын ресми түрде жеңіп алуға жақындады-ау деген кезде, Каутский осыны істемек болып қорқытып еді. Оның аузымен айтылғанда бос қорқыту болған сөз басқалар үшін, сірә, *іске* айналар.

«Социал-Демократ» № 34,
5 декабрь, 1914 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

---

* — «Жаңа жолдар, діни насихат листоктары», 1914, сентябрь. *Ред.*

«СҰҢҚАР ТУРАЛЫ ЖЫРДЫҢ» АВТОРЫНА

Неміс варварлығына қарсы шовинистік-поптық наразылыққа П. Струвенің қойған қолымен қатар Горькийдің қойған қолын әрбір саналы жұмысшы жүрегі сыздай отырып оқиды[105].

Бірде Шаляпиннің тізе бүккіштігі жайында болған әңгіме үстінде Горький: «оны тым қатты жазғыруға болмайды: біздердің, суреткерлердің, психологиямыз өзгеше ғой» деді. Басқа сөзбен айтқанда: суреткер көбінесе көңіл күйінің әсерімен әрекет етеді, ал көңіл күйі суреткердің бойындағы қандай да болсын басқа ойлардың бәрін басып тастайтындай күшке ие болады.

Солай-ақ болсын. Шаляпинді тым қатты жазғырмау керек-ақ болсын. Ол суреткер, бар болғаны сол. Ол пролетариат ісіне жат: көңіл күйіне қарай бүгін ол— жұмысшылардың досы болса, ертең—қаражүздік...

Ал Горькийді жұмысшылар өз адамымыз деп есептеуге дағдыланып алған. Жұмысшылар әрқашан өздері сияқты, Горький де пролетариат ісін жанындай жақсы көреді, ол өз талантын осы іске қызмет етуге сарп етті деп ойлап келді.

Сондықтан да олар Горькийге құттықтаулар жолдайды, сондықтан да оларға Горький есімі қымбат. Саналы жұмысшылардың міне осы сенімі Горькийге белгілі *міндет* — өзінің аяулы есімін ардақтай білу міндетін жүктейді және санасы өсіп жетілмеген жұмысшыларды адастырып жіберуі мүмкін кез келген арзанқол шовинистік наразылықтарға қол қою үшін ол есімді

пайдаландырмауды жүктейді. Санасы өсіп жетілмеген жұмысшылардың өздерінің де көп нәрсені түсінуге әлі шамалары жетпейді, сондықтан Горький есімі оларды жолдан тайдырып жіберуі ықтимал. Струвенің есіміне ешбір жұмысшы алданбайды, ал Горький есіміне алданып қалуы мүмкін.

Сондықтан «варвар-немістерге» қарсы жазылған әлгі екіжүзді наразылықтың бүкіл жалғандығы мен пасықтығын түсінетін саналы жұмысшылар «Сұңқар туралы жырдың» авторын кінәламай тұра алмайды. Олар: «қазір Россия пролетариаты бастан кешіріп отырған жауапты қиын кезеңде сіз Струве мырзамен және К^{0}-мен емес, пролетариаттың алдыңғы қатарлы күрескерлерімен қоян-қолтық бірге боларсыз деп күтіп едік!» — дейді оған.

«Социал-Демократ» № 34,
5 декабрь, 1914 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ӨЛІ ШОВИНИЗМ ЖӘНЕ ТІРІ СОЦИАЛИЗМ

(ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫ ҚАЛАЙ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ КЕРЕК?)

Неміс социал-демократиясы бүкіл дүние жүзінің социал-демократиясынан гөрі, Россия социал-демократиясына соңғы ондаған, тіпті бұдан да біршама көбірек жылдардың өн бойында үлгі болып келді. Сондықтан неміс социал-демократиясына өз көзқарасыңды мейлінше дәл анықтап алмай тұрып, қазіргі кезде үстем болып отырған социал-патриотизмге немесе «социалистік» шовинизмге саналы, яғни сын көзбен қарауға болмайтындығы түсінікті. Бұрын ол қалай еді? Қазір ол қалай? Ілгеріде ол қалай болады?

Бірінші сұраққа К. Каутскийдің 1909 жылы шыққан және көптеген европалық тілдерге аударылған «Өкімет билігіне жеткізетін жол» деген кітапшасы жауап бере алады; мұның өзі II Интернационалдағы ең беделді жазушының қаламынан туған, біздің заманның міндеттері жөніндегі көзқарастардың ең толық, неміс социал-демократтарына (олардың үміттендіруі мағынасында) ең ұпамды баяндалған туынды. Осы кітапшаны толығырақ еске салып өтейік; «ұмытылған сөздер» масқаралықпен жиірек лақтырылып тасталып жүрген қазіргі кезде мұның өзі соншалықты пайдалы болмақ.

Бу машинасының революцияшылдығы мағынасында ғана емес, сонымен бірге «басқа мағынада да» социал-демократия—«революцияшыл партия» (кітапшаның бірінші сөзі). Социал-демократия пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуына, пролетариат диктатурасына ұмтылады. «Революцияға күмәнданушыларды» үсті-үс-

тіне келекелей отырып, Каутский былай деп жазды: «Әлбетте, қандай да бір елеулі қозғалыстың және көтерілістің кезінде болса да, біз жеңіліске ұшырау мүмкіндігімен санасуға тиіспіз. Күрес алдында тек ақымақ адам ғана жеңетіндігіме кәміл сенімдімін деп есептей алады». Жеңіс мүмкіндігімен санасудан бас тарту «біздің ісімізге тура опасыздық жасағандық» болар еді. Соғысқа байланысты революция соғыс кезінде де, соғыстан кейін де болуы мүмкін. Таптық қайшылықтардың шиеленісуі революцияға нақ қашан әкеліп жеткізетіндігін анықтау мүмкін емес, бірақ «мен, соғыс өзімен бірге әкеле жатқан революция не соғыс кезінде, не соғыстан кейін іле-шала болады деп мейлінше анық айта аламын»: «социализмге бейбіт ұласу» теориясынан пасық теория жоқ. «Экономикалық қажеттілікті танып-білу еріктің әлсіреуін көрсетеді-міс деген пікірден асқан қате пікір жоқ». «Күресті тілеу ретіндегі ерік: 1) күресті бағалау; 2) күшті сезіну және 3) шын күш арқылы анықталады». «Франциядағы тап күресіне» жазған Энгельстің атақты алғы сөзін оппортунизм тұрғысында түсіндірмек болғанда (айта кетелік, «Vorwärts»-те), Энгельс ыза болып, өзін «қалай болғанда да заңдылықтың бейбіт табынушысы»[106] деп жорамалдаушылықты «масқара» деп атаған еді. «Біз мемлекеттік өкімет үшін күрес дәуіріне еніп отырмыз деп ойлауға біздің дәлеліміз толық»; бұл күрестің ондаған жылдарға созылуы мүмкін, ол бізге белгісіз, бірақ «бұл күрес таяу уақытта, Батыс Европада пролетариат диктатурасына жеткізбегенмен де, пролетариаттың едәуір күшеюіне жеткізуі ықтимал». Революцияшыл элементтер өсіп келеді: 1895 жылы Германияда 10 миллион сайлаушының 6 миллионы пролетарлар болды да, $3^1/_2$ миллионы жеке меншікке мүдделілер болды. 1907 жылы соңғылардың саны 0,03 миллионға, ал алғашқылардың саны 1,6 миллионға көбейді! Сөйтіп «революциялық толқу заманы туғанда ілгері жылжу қарқыны бірден жеделдей түседі». Таптық қайшылықтар бәсеңдемейді, қайта шиеленісе береді, қымбатшылық күшейеді, империалистік бәсеке, милитаризм құтырына түседі. «Революциялардың жаңа

заманы» жақындап келеді. «Егер нақ осы революция альтернативасы қарулы бейбітшіліктен де гөрі соғысқа жақын тұрмаған болса...» салықтардың сұрапыл өсуі «революцияның бірден-бір альтернативасы ретіндегі соғысқа баяғыда-ақ әкеліп соқтырған болар еді». «Дүние жүзілік соғыс қатерлі түрде жақындап қалды; ал соғыс дегеніміз әрі революция деген сөз». 1891 жылдың өзінде-ақ Германияда революцияның мезгілінен бұрын болуынан Энгельстің қорқуына болатын еді[107], бірақ одан бері «жағдай мықтап өзгерді». Пролетариат «ендігі жерде революцияның *мезгілсіздігі* (курсив Каутскийдікі) туралы әңгіме ете алмайды». Ұсақ буржуазия өте-мөте сенімсіз және пролетариатқа барған сайын дұшпан, бірақ дағдарыс заманында «ол топ-тобымен біздің жаққа шыға алады». Бүкіл әңгіме социал-демократияның «табанды, дәйекті, ымырасыз болып қалуында». Күмән жоқ, біз революциялық дәуірге ендік.

Каутский баяғыда өтіп кеткен уақытта, осыдан бақандай бес жыл бұрын міне осылай деп жазған еді. Неміс социал-демократиясы міне осындай болып еді немесе, дәлірек айтқанда, осылай болуға уәде беріп еді. Міне мұндай социал-демократияны құрметтеуге болады және құрметтеу керек еді.

Сөйткен Каутский енді не жазып отыр, соны қараңыздаршы. Оның «Соғыс кезіндегі социал-демократия» («Neue Zeit» № 1, 2/X. 1914) деген мақаласындағы аса маңызды мәлімдемелері мынау: «Біздің партия соғысқа қалай кедергі жасау керек деген мәселеден гөрі, соғыс кезінде өзіңді қалай ұстау керек деген мәселені тым сирек талқылады»... «Соғыс басталған кезде үкімет соншалық күшті болады, партиялар соншалық әлсіз болады». «Жайбарақат отырып талқылау үшін бәрінен де гөрі соғыс кезі қолайсыз». «Ендігі практикалық мәселе: өз елінің жеңуі немесе жеңілуі». Соғысқа қарсы әрекет жасау туралы соғысушы елдердің партиялары арасындағы келісім ше? «Бұл тәрізді нәрсе еш уақытта іс жүзінде сыналып көрілген емес. Біз әрқашан да мұның мүмкін екендігіне таласып келгенбіз»... Француз және неміс социалистерінің арасындағы келіспеушілік «принципті келіспеушілік емес» (олар да,

бұлар да отанын қорғайды)... «Барлық елдердің социал-демократтарының отан қорғауға қатысу правосы немесе міндеті бірдей: бірде-бір ұлт бұл үшін басқа ұлтты кінәламауға тиіс»... «Интернационал күйреді ме?» «Партия соғыс кезінде өзінің партиялық принциптерін тікелей қорғаудан бас тартты ма?» (Тағы да сол номердегі Мерингтің сөздері[108]). Қате пікір... Мұндай пессимизмге салынуға ешқандай негіз жоқ... Келіспеушілік принципті келіспеушілік емес... Принциптердің бірлігі сақталып отыр... Соғыс кезіндегі заңдарға мойынсұнбау «тек қана біздің баспасөзге тыйым салынуына» апарып соқтырар еді. Бұл заңдарға мойынсұну да «біздің партиялық баспасөздің социалистерге қарсы ерекше заңның үнемі төніп тұратын қатері астында отырып жұмыс істегені тәрізді, партиялық принциптерді қорғаудан бас тартқандық бола коймайды».

Біз цитаттарды түпнұсқадан әдейі келтірдік, өйткені бұл тәрізді нәрселердің жазылуы мүмкін деп сене қою оңай емес. Жалпы алганда социализмнен де, атап айтқанда нақ қазіргі сипаттағы европалық соғыс жөнінде бірауыздан қабылданған (мысалы, Штутгартта және әсіресе Базельде) халықаралық нақты шешімдерден де ашықтан-ашық безіп отырғандығын бүркемелеу үшін өзіне-өзі мәз болган мұндай пасықтықты, беті шімірікпей... ақиқаттан мұндай теріс айналып кетушілікті, мұндай көргенсіз айлакерлікті әдебиеттен (нағыз ренегаттардың «әдебиетінен» болмаса) таба қою оңай емес! Егер біз Каутскийдің дәлелдерін «шындай» көріп, оларды «талдауға» кірісе бастайтын болсақ, онымыз оқушыларды сыйламағандық болар еді: өйткені европалық соғыс әншейін және «шағын» еврей ойранына көп жағынан ұқсамайтын болса, онда бұл соғысқа қатысуды қорғайтын «социалистік» дәлелдер еврей ойранына қатысуды қоргайтын «демократиялық» дәлелдерге *әбден* ұқсас болып шыгар еді. Ойранды қорғайтын дәлелдерді талдап жатпайды: олардың авторларын бүкіл саналы жұмысшылардың алдында масқаралау үшін, сол дәлелдерді көрсетеді де қояды.

Бірақ II Интернационалдың ең ірі беделдісінің, мақаланың бас жағында келтірілген көзқарастарды қор-

рап жүрген жазушының осындай «ренегаттықтан да жаман» жағдайға дейін құлдырауы қалай *мүмкін* болды?— деп сұрайды оқушы. Бұл өзі, мұнда асылына келгенде ерекше ештеңе бола қойған жоқ, «ымыраласу және ұмыту» қиын емес, т. т. дейтін көзқарасты, яғни нақ ренегаттық көзқарасты—мүмкін, ойланбай жақтайтын адамға ғана түсініксіз,— деп жауап береміз біз. Бірақ социалистік сенімдерге шындап, ықыласымен иланған және мақаланың бас жағында баяндалған көзқарастарға қосылған адам ««Vorwärts»-тің өлгеніне» (Л. Мартовтың Париж «Голосындағы» сөзі) және Каутскийдің «өлгеніне» таңырқамайды. Дүние жүзілік ұлы өзгерістер заманында жеке адамдардың күйреуі таңырқарлық нәрсе емес. Өзінің зор еңбегіне қарамастан, Каутский үлкен дағдарыстар тұсында бірден жауынгерлік маркстік позиция ұстаған адамдардың қатарында ешқашан болған емес (мильеранизм[109] туралы мәселе жөнінде оның ауытқығанын еске түсірелік).

Ал біз нақ осындай заманды бастан кешіріп отырмыз. Бейбіт конституциялық даму деп аталатын замандағы буржуазиялық жариялылықты біздің, революционерлердің, пайдалануымызды жақтай келіп (және әбден әділ жақтай келіп), Энгельс 1891 ж. «Буржуа мырзалар, алдымен өздеріңіз атыңыздар!» деп жазды. Энгельстің пікірі анықтың анығы еді: біздер, саналы жұмысшылар, екінші болып атамыз, сайлау бюллетенінен «атысқа» (яғни азамат соғысына) көшу үшін буржуазияның өзі жасаған жария негізді өзі бұзған кезді пайдалану бізге енді тиімдірек. Сондықтан да Каутский 1909 жылы енді Европада революцияның *мезгілінен бұрын* болуы мүмкін емес және соғыс дегеніміз революция дегенде, барлық социал-демократ революционерлердің дау-дамайы жоқ пікірін білдірген болатын.

Бірақ «бейбіт» заманның ондаған жылдары із қалдырмай өткен жоқ: бұл жылдар барлық елдерде оппортунизмді лажсыздан тудырды, парламенттік, кәсіптік, журналистік, т. т. «көсемдердің» арасында оппортунизмнің басым болуын қамтамасыз етті. Революцияшыл пролетариатты аздыру, әлсірету үшін бүкіл буржуазия

миллиондаған айла-шарғылармен қолдап келген оппортунизмге қарсы белгілі бір формада ұзақ та қажырлы күрес жүргізілмеген бірде-бір ел Европада жоқ. Сол Каутскийдің өзі осыдан 15 жыл бұрын, бернштейншілдіктің алғашқы кезінде: егер оппортунизм пиғылдан бағытқа айналған болса, жікке бөліну күн тәртібіне қойылған болар еді, деп жазған-ды. Ал біздің Россияда жұмысшы табының социал-демократиялық партиясын құрған ескі «Искра»[110] 1901 жылдың басында, 2-номерінде «XX ғасырдың табалдырығында» деген мақаласында XX ғасырдағы революцияшыл таптың (XVIII ғасырдағы революцияшыл тап—буржуазия тәрізді) өз *Жирондасы* мен өз *Горасы*[111] бар, деп жазып еді.

Европалық соғыс — аса зор тарихи дағдарыс, жаңа заманның басы деген сөз. Барлық дағдарыстар тәрізді, соғыс тереңде жасырын жатқан қайшылықтарды шиеленістірді де, екіжүзді бет перделердің бәрін жыртып, шарттылықтардың бәрін лақтырып, шіріген немесе шіри бастаған беделдерді қиратып, сол қайшылықтардың бәрін сыртқа шығарды. (Жақшаның ішінде айтсақ, дағдарыс атаулының тек «бейбіт эволюцияға» табынушы топастар ғана түсінбейтін игілікті және прогрестік әсері осында.) 25—45 жылдың ішінде (қай кезден бастап: 1870 жылдан немесе 1889 жылдан деп есептеуімізге қарай) социализмді кеңінен таратуда және оның күштерін бастапқы, өте қарапайым, әзірлік түрінде ұйымдастыруда аса маңызды және пайдалы жұмыс істеп үлгерген II Интернационал өзінің тарихи ролін атқарды да, фон Клюктерден гөрі оппортунизмнен көбірек таяқ жеп, өлді. Мейлі, енді өліктерді өліктер жерлесін. Бейне бір біздің алдымызда Иван Никифорычты «ата қаз» деп салып, дұшпанымен достасу үшін «жұғысуға» ділгер болып жүрген Иван Иваныч[112] тұрғандай-ақ, босқа әуре болушылар (егер олар шовинистер мен оппортунистердің жанжал құмар малайлары болмаса) Вандервельделер мен Самбаларды Каутскиймен және Гааземен табыстыру үшін енді мейлі «еңбектене» берсін. Интернационал дегеніміз «отан қорғауға бола» неміс буржуазиясының француз жұмысшыларына оқ атуға шақыруын неміс социалистері

ақтаса, ал француз буржуазиясының неміс жұмысшыларына оқ атуға шақыруын француз социалистері ақтаса, міне осыны нағыз интернационализм деп есептейтін адамдардың бір стол басына отырып, екіжүзді және кесірлі қарар жазуы емес!!! Интернационал дегеніміз біздің қиын-қыстау заманымызда социалистік интернационализмді іс жүзінде қорғай алатын, яғни өз күштерін жинап, әрқайсысы *өз* «отанының» үкіметіне және үстем таптарына қарсы «екінші болып оқ ата» алатын адамдардың (алдымен идея жағынан, содан соң, кезі келгенде, ұйымдық жағынан да) өзара жақындасуы. Бұл — көп әзірлікті, үлкен құрбандықтарды керек ететін, жеңілістерсіз де болмайтын, қиын іс. Алайда бұл қиын іс болғандықтан, дәл сондықтан бұл істі істегісі *келетін*, шовинистерден және социал-шовинизмді жақтаушылардан мүлде ажырасып кетуден қорықпайтын адамдармен ғана істеу керек.

Шовинистік емес, социалистік интернационалды екіжүзділікпен емес, шын көңілімен қалпына келтіру үшін Паннекук сияқты адамдар бәрінен де көп жұмыс істейді; ол «Интернационалдың күйреуі» деген мақаласында: «егер көсемдер бас қосып, алауыздықтарын жымдастырып жіберуге тырысатын болса, мұның ешқандай маңызы болмайды»[113],— деп жазған болатын.

Бар нәрсені ашық айталық: бүгін болмағанмен ертең соғыс осыны істеуге бәрібір *мәжбүр етеді*. Халықаралық социализмде үш ағым бар: 1) оппортунизм саясатын дәйекті түрде жүргізіп отырған шовинистер; 2) оппортунизмнің барлық елдерде өздерін көрсете бастаған дәйекті жаулары (оппортунистер бұлардың көбін талқандап тастады, бірақ «соққы көрген армия жақсы үйренеді») және азамат соғысы бағытында революциялық жұмыс жүргізуге қабілетті адамдар; 3) қазір оппортунистердің соңында салпақтап жүрген және оппортунизмді ғылыми жолмен, маркстік жолмен (ойынға айналдырмаңыз!) дерлік ақтамақ болған екіжүзді әрекеттері арқылы пролетариатқа бәрінен де гөрі көп зиян тигізетін, сасқалақтаған, бұлталақтаған адамдар. Осы үшінші ағымдағы құрып бара жатқандардың бір бөлегі аман қалып, социализмге қайта оралуы мүмкін,

бірақ мұны бірінші ағымнан, кредитті жақтап дауыс беруді, «отан қорғауды», «соғыс кезінің заңдарына бағынуды», жариялылыққа қанағаттануды, азамат соғысынан безуді ақтағысы келетіндердің бәрінен мейлінше батыл ажырасу, жікке бөліну саясаты арқылы ғана істеуге болады. *Осы* саясатты жүргізушілер ғана социалистік Интернационалды іс жүзінде құра алады. Біз, өз тарапымыздан, Орталық Комитеттің орыс коллегиясымен және Питер жұмысшы қозғалысының жетекші элементтерімен қарым-қатынас жасап, солармен пікір алысып, негізінде ынтымақтылықтың бар екендігіне көзімізді жеткізіп, тек осы бағытта жүргізілетін жұмыс қана партиялық және социал-демократиялық жұмыс болып табылады деп Орталық Органның редакциясы ретінде партиямыздың атынан айта аламыз.

Неміс социал-демократиясы жікке бөлінеді деген ой өзінің «әдетте жоқтығымен» көптеген адамдарды тым үрейлендіретіндей болып көрінеді. Бірақ объективтік жағдай не осы әдетте жоқ нәрсенің жүзеге асатынына (1914 жылы июльде Халықаралық социалистік бюроның[114] соңғы мәжілісінде Адлер мен Каутский кереметке сенбейміз, сондықтан европалық соғысқа да сенбейміз! — деп мәлімдеді де), — немесе бір кезде неміс социал-демократиясы болғанның азап шегіп шіруіне куәгер болатындығымызға кепілдік береді. Кімде-кім *(«бұрынғы»)* неміс социал-демократиясына шектен тыс «сеніп» әдеттенген болса, ондайларға толып жатқан мәселелер жөнінде көп жыл бойы біздің жауымыз болып келген адамдардың осындай жікке бөліну туралы пікірге келіп отырғандығын әзірше тек қорытындыда ғана ескерте тұрамыз; — Л. Мартов «Голоста» былай деп жазды: ««Vorwärts» өлді»; «тап күресінен бас тартқандығын жариялаған социал-демократия бар нәрсені ашық мойындаса, өзінің ұйымын уақытша таратып жіберсе, өзінің органдарын жапса дұрыс істеген болар еді»; — Плеханов, «Голостың» есебінде, рефератта былай деді: «мен жікке бөлінуге өте-мөте қарсымын, бірақ егер ұйымның тұтастығына бола принциптерді құрбандыққа шалатын болса, онда жалған бірліктен гөрі жікке бөлінудің өзі артық». Плеханов мұны неміс ра-

дикалдары жайында айтқан болатын: ол немістердің бойындағы түймедей мінді көреді де, өз бойындағы түйедей мінді көрмейді. Бұл оның жеке басының ерекшелігі, Плехановтың теориядағы радикализмі мен практикадағы оппортунизміне соңғы 10 жылда бәріміз де тым үйреніп кеттік. Ал егер тіпті *осындай* даралық... оғаштықтары бар адамдар да немістердің жікке бөлінуі туралы сөйлей бастаған болса, онда бұл — замана нышаны.

«Социал-Демократ» № 35, 12 декабрь, 1914 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ВЕЛИКОРОСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫ ТУРАЛЫ

Осы күні ұлт туралы, отан туралы соншалық көп айтатын, әңгіме ететін, даурығатын болған десеңші! Англияның либерал және радикал министрлері, Францияның бықып жүрген «алдыңгы қатарлы» публицистері (реакцияшыл публицистермен әбден бірауызды болып алган публицистер), Россияның сансыз көп үстіртін, кадеттік және прогрестік жазымпаздары (кейбір халықшылдық және «маркстік» жазымпаздарға дейін) — бәрі де «отанның» азаттығы мен тәуелсіздігін, ұлттық дербестік принципінің ұлылығын мың құбылта жырлауда. Бұл арада жендет Николай Романовты немесе негрлер мен Индия тұрғындарын азаптаушыларды сатқын мақтаушылардың қай жерден бітетінін, топастығынан немесе тұрлаусыздығынан «ағынмен» ыға беретін кәдімгі мещандардың қай жерден басталатынын ажыратып болмайды. Мұны ажыратып жатудың да қажеті жоқ. Біздің алдымызда ұлы державалық ұлттардың помещик және капиталист мырзаларының мүдделерімен тамыры тым берік байланысып жатқан өте кең және өте терең идеялық ағым тұр. Осы таптарға тиімді идеяларды насихаттау ісіне жыл сайын ондаған, жүздеген миллион сом қаржы жұмсалады: нағыз шовинист Меньшиковтан бастап, оппортунизмімен немесе тұрлаусыздығымен шовинист болған Плеханов пен Масловқа, Рубанович пен Смирновқа, Кропоткин мен Бурцевке дейін, барлық жағынан су алып отыратын диірмен анау-мынау диірмен емес.

Великорус социал-демократтары біздер де, осы идеялық ағымға деген өз көзқарасымызды анықтап көрелік. Біздерге, Европаның қиыр шығысындағы және Азияның едәуір бөлігіндегі ұлы державалық ұлттың өкілдеріне,— әсіресе «халықтар түрмесі» деп әділ аталып отырған елде:— нақ сол Европаның қиыр шығысы мен Азияда капитализм толып жатқан үлкенді-кішілі «жаңа» ұлттардың өмірі мен санасын оятып жатқан уақытта;— патшалық монархия толып жатқан ұлт мәселелерін біріккен дворяндар советінің[115] және Гучковтар мен Крестовниковтардың, Долгоруковтардың, Кутлерлердің, Родичевтердің мүдделеріне сәйкестіріп «шешу» үшін миллиондаған великоростар мен «бұратана халықтарды» қаруландырып отырған кезде,— ұлт мәселесінің орасан зор маңызын ұмыту әдепсіздік болар еді.

Біздерге, великорустың саналы пролетарларына, ұлттық мақтаныш сезімі жат па? Әрине, жат емес! Біз өз тілімізді және өз отанымызды сүйеміз, біз *оның* еңбекші бұқарасын (яғни *оның* халқының $^9/_{10}$ бөлігін) демократтар мен социалистердің саналы өміріне дейін көтеруге бәрінен де гөрі көп еңбек сіңіріп жүрміз. Өзіміздің тамаша отанымызды патша жендеттерінің, дворяндар мен капиталистердің қандай зорлық-зомбылыққа, езгі мен қорлыққа ұшыратып жүргенін көріп және сезіп отыру біздің жанымызға бәрінен де гөрі қаттырақ батады. Бұл зорлық-зомбылықтарға өз ортамыздан, великорустар ортасынан, тойтарыс берілгендігін, *осы* ортаның Радищевті, декабристерді, 70-жылдардағы әртекті-революционерлерді шығарғандығын, великорус жұмысшы табы 1905 жылы бұқараның қуатты революцияшыл партиясын құрғандығын, сонымен қатар великорус мужигінің демократ бола бастағандығын, поп пен помещикті құлата бастағандығын біз мақтаныш етеміз.

Бұдан жарты ғасыр бұрын, өз өмірін революция ісіне құрбан ете отырып, великорус демократы Чернышевскийдің: «сор маңдай ұлт, құлдар ұлты, жоғарыдан төменге дейін — өңшең құлдар»[116] дегені біздің есімізде. Ашық және бүркемелі великоросс-құлдар (патша-

лық монархия тұрғысынан құлдар) бұл сөздерді еске түсіре беруді жақтырмайды. Ал, біздіңше, бұл сөздер отанға деген нағыз махаббат, великорус халқының бұқарасы ішінде революцияшылдықтың жоқтығы салдарынан мұңға толған махаббат лебізі еді. Ол кезде революцияшылдық жоқ еді. Қазір ол аз, бірақ енді ол бар. Бізде ұлттық мақтаныш сезімі күшті, өйткені великорус ұлты *да* революцияшыл тапты туғызды, тек ұлы ойрандарды, самсаған дар ағаштарын, зындандарды, сұрапыл ашаршылықтарды және поптардың, патшалардың, помещиктердің, капиталистердің алдында құрдай жорғалап, құлшылық ете беруді ғана емес, бостандық үшін, социализм үшін күресудің ұлы үлгілерін адамзатқа бере білуге қабілеті бар ұлт екендігін *де* дәлелдеді.

Бізде ұлттық мақтаныш сезімі күшті, нақ сондықтан да біз өзіміздің өткендегі құлдығымызды (Венгрияның, Польшаның, Персияның, Қытайдың бостандығын тұншықтыру үшін дворян помещиктердің мужиктерді соғысқа айдаған кезін) және өзіміздің қазіргі құлдығымызды — Польша мен Украинаны тұншықтыру үшін, Персия мен Қытайдағы демократиялық қозғалысты басу үшін, өзіміздің великорустық ұлттық қадірімізді түсіретін Романовтардың, Бобринскийлердің, Пуришкевичтердің шайкасын күшейту үшін капиталистердің жәрдемімен дәл сол помещиктердің бізді соғысқа апара жатқан кезін — біз өте-мөте жек көреміз. Егер ол құл болып туған болса, оған ешкім айыпты емес; бірақ өзіне бостандық алуға ұмтылмауы былай тұрсын, өзінің құлдығын ақтап, дәріптейтін (мысалы, Польшаны, Украинаны, т. т. тұншықтыруды великоростардың «отанын қорғау» деп атайтын) құл,— ондай құл — заңды түрде зығырданыңды қайнататын, жүрегіңді айнытып, жиіркеніш сезімін тудыратын арсыз малай.

«Басқа халықтарды езіп отырған халық ерікті халық бола алмайды»[117], революцияшыл пролетариаттың ұстаздары болған, XIX ғасырдағы дәйекті демократияның аса ұлы өкілдері Маркс пен Энгельс осылай деген еді. Сондықтан біз, ұлттық мақтаныш сезіміне бөлен-

ген великорус жұмысшылары, қалай болғанда да ерікті, тәуелсіз, дербес, демократиялық, республикалық, абыройлы Великороссияның болуын, көрші елдермен өзінің қарым-қатынастарын ұлы ұлтты кемсітетін крепостниктік пұрсаттылық принципі негізінде құрмай, адамгершілік теңдік принципі негізінде құратын Великороссияның болуын қалаймыз. Нақ соны қалайтындығымыздан да, біз былай дейміз: XX ғасырда, Европада (қиыр шығыстық Европада болса да) *өз* отанымыздағы монархияға, помещиктер мен капиталистерге қарсы, яғни отанымыздың ең *оңбаған* жауларына қарсы барлық революциялық құралдармен күреспейінше, басқа жолмен «отан қорғауға» болмайды;— Великороссия халқының $^9/_{10}$ бөлігі үшін әлдеқайда аз залал деп қарап, қандай соғыста болсын патша өкіметінің жеңілуін тілемейінше, великоростардың басқа жолмен «отан қорғауына» болмайды, өйткені патша өкіметі халықтың осы $^9/_{10}$ бөлігін экономикалық және саяси жағынан езіп қана қоймайды, сонымен қатар оны аздырып, қорлап, арын тогіп, салдақыға айналдырып, басқа халықтарды езуге үйретеді, екіжүзді, патриоттықсымақ сөздермен өзінің масқаралығын бүркеуге үйретеді.

Патша өкіметінен басқа және соның қанатының астында туып, қазірдің өзінде нығайып алған басқа бір тарихи күш — великорус капитализмі бар ғой, ол орасан зор салаларды экономика жағынан орталықтандыру және топтастыру арқылы прогрестік жұмыс жүргізіп отыр ғой деп, мүмкін, бізге қарсылық білдірушілер болар. Бірақ мұндай қарсылық біздегі социал-шовинистерді ақтамайды, қайта бұрынғыдан да қаттырақ айыптайды; бұл социал-шовинистерді патшалық-пуришкевичтік социалистер (Маркстің лассальшылдарды корольдік-пруссиялық социалистер деп атағаны сияқты)[118] деп атау керек болар еді. Тіпті тарих мәселені жүз де бір кішкене ұлтқа қарсы великорустық ұлы державалық капитализмнің пайдасына шешеді екен-ақ делік. Бұлай болуы да мүмкін, өйткені капиталдың бүкіл тарихы — зорлық-зомбылық жасау мен тонау, қан төгу мен сұрқиялық істеу тарихы. Және біз кішкене ұлттарды әсте сөзсіз жақтаушылар емеспіз;

біз, сөз жоқ, *басқа жағдайлары бірдей болған уақытта,* орталықтандыруды жақтаймыз және мещандық мұрат болып табылатын федерациялық қатынастарға қарсымыз. Дегенмен, тіпті солай болған күнде де, біріншіден, Романов-Бобринский-Пуришкевичтердің Украинаны, т. т. тұншықтыруына көмектесу — біздің ісіміз емес, демократтардың (социалистер туралы айтпағанның өзінде) ісі емес. Бисмарк өзінше, юнкерлерше, тарихи прогрестік іс істеді, бірақ осыған сүйеніп, Бисмаркке социалистік жәрдем беруді ақтамақшы болған «марксист» оңбас еді! Оның бер жағында Бисмарк басқа халықтар езіп келген бытыраңқы немістерді біріктіріп, экономикалық дамуға көмектесті. Ал Великороссияның экономикалық гүлденуі мен жедел дамуы великоростардың басқа халықтарға зорлық-зомбылық жасауынан елді азат етуді керек қылады—біздегі ақиқат орыстық Бисмарк-сымақтарға табынушылар осы айырмашылықты ұмытып жүр.

Екіншіден, егер тарих мәселені великорустық ұлы державалық капитализмнің пайдасына шешсе, онда бұдан шығатын қорытынды: капитализм туғызатын коммунистік революцияның басты қозғағышы ретінде великорус пролетариатының *социалистік* ролі одан сайын зор болады. Ал пролетариат революциясын жасау үшін жұмысшыларды *мейлінше толық* ұлт теңдігі мен туысқандығы рухында ұзақ уақыт тәрбиелеу қажет. Демек, нақ сол великорус пролетариатының мүдделері тұрғысынан қарағанда, великоростар езіп келген ұлттардың бәрінің толық тең праволылығын және өзін өзі билеу правосын мейлінше үзілді-кесілді, дәйекті, батыл, революциялық түрде қорғау мағынасында бұқараны ұзақ уақыт тәрбиелеу қажет. Великоростардың ұлттық (малайларша түсінілмеген) мақтанышының мүддесі великорус (және барлық басқа) пролетарларының *социалистік* мүддесімен үндеседі. Бізге Маркс үлгі болып қала бермек, ол ондаған жылдар Англияда тұрып, жартылай ағылшынға айналған және ағылшын жұмысшыларының социалистік қозғалысының мүддселері үшін Ирландияның бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігін талап еткен еді.

Ал біздің қолтума социалистік шовинистеріміз, Плеханов және тағысын-тағылар жоғарыда біз қарап өткен соңғы және болжамалы жағдайда, өз отанына, еркті және демократиялық Великороссияға ғана опасыздық жасап қоймай, сонымен бірге Россияның барлық халықтарының пролетарлық туысқандығына, яғни социализм ісіне опасыздық жасайды.

«Социал-Демократ» № 35,
12 декабрь, 1914 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

МҰНАН ӘРІ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

(ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯЛАРЫНЫҢ ОППОРТУНИЗМ МЕН СОЦИАЛ-ШОВИНИЗМ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ)

Европалық социализмдегі бүкіл дүние жүзілік соғыс тудырған аса зор дағдарыс әуелі (үлкен дағдарыстардың тұсында осылай болуға тиіс те) орасан зор абыржушылық туғызды, содан соң социализмдегі әр түрлі ағымдардың, сарындардың және көзқарастардың өкілдері арасында толып жатқан жаңа топтарды белгіледі, ақырында, дағдарыстың социалистік саясат *негіздерінде* нақ қандай өзгерістерді тудыратындығы және керек ететіндігі туралы мәселені ерекше қатты, табанды түрде қойды. 1914 жылғы августан декабрьге дейін Россия социалистері де осы үш «кезеңді» ерекше айқын түрде бастарынан кешірді. Алғашқы кезде абыржудың аз болмағанын және патша өкіметінің қудалауы, «европалықтардың» әрекеті, соғыс лайсаңы бұл абыржуды ұлғайта түскенін бәріміз де білеміз. Эмигранттардың бәрінен де көп жері, Россиямен байланыстың бәрінен де мол жері, еркіндіктің бәрінен де көп жері болған Париж бен Швейцарияда сентябрь және октябрь айлары айтыстарда, рефераттарда және газеттерде соғыс көтерген мәселелер жөнінде жаңадан ажырасу неғұрлым кең әрі толық жүріп жатқан дәуір еді. Россиядағы социализмнің (және болар-болмас социализмнің) бірде-бір ағымында (және фракциясында) көзқарастардың өзіне лайықты бейнесін және бағасын алмаған бірде-бір сарыны жоқ деп сеніммен айтуға болады. Жүйелі практикалық қызметке, насихатқа, үгітке, ұйымдастыру ісіне негіз бола алатын дәл, дұрыс

қорытындылар жасаудың кезі келгендігін жұрттың бәрі де сезеді: жағдай анықталды, бәрі де өз пікірлерін айтты; ал енді ақырында — *кімнің кіммен* болатынын *және кімнің қай жаққа* бет бұратынын анықтап көрелікші.

Жаңаша 23 ноябрьде, РСДЖ Фракциясының[119] қамауға алынғаны туралы Питерде үкімет хабары жарияланған күннің ертеңінде, швед социал-демократиялық партиясының Стокгольмдегі съезінде біз атап айтқан нақ осы екі мәселені түбегейлі және үзілді-кесілді күн тәртібіне қойған оқиға болды[120]. Оқушылар төменде осы оқиғаның баяндалуын, атап айтқанда: швед социал-демократиясының ресми есебінен Беленин (Орталық Комитеттің өкілі) мен Ларин (Ұйымдастыру комитетінің[121] өкілі) сөздерінің де, сондай-ақ Брантинг көтерген мәселе бойынша сөйленген сөздердің де толық аудармасын табады.

Соғыстан кейін бірінші рет, бейтарап ел социалистерінің конгресінде біздің партияның, оның Орталық Комитетінің өкілі және жойымпаздық Ұйымдастыру комитетінің өкілі кездесті. Бұлардың сөздерінде қандай айырмашылықтар болды? Беленин қазіргі социалистік қозғалыстың толғағы жеткен, қиын, бірақ оның есесіне ұлы мәселелері жөнінде мейлінше анық позиция ұстады және, партияның Орталық Органы «Социал-Демократқа» сүйене отырып, оппортунизмге барынша батыл соғыс жариялады, неміс социал-демократиясы көсемдерінің (және «көптеген басқалардың») әрекетін *опасыздық* деп атады. Ларин ешқандай позиция ұстамады және барлық елдердің оппортунистері мен социал-шовинистері қол шапалақтап қарсы алатын үйреншікті, бос, шірік сөздер айтумен құтылып, істің мәні жөнінде жұмған аузын ашпады. Оның есесіне Беленин Россиядағы басқа социал-демократиялық партияларға немесе топтарға біздің көзқарасымыз туралы мүлдем үндемеді: біздің позициямыз осы, ал басқа позициялар жайында үндемей-ақ қоялық, олардың *қалай* анықталғанын күте тұралық деген тәрізді болды. Ларин, керісінше, «бірлік» туын желбіретті, «Россиядағы жікке бөлінудің қайғылы нәтижелері» жайында көз жасын көл етті,

Плехановты да, кавказдықтарды да[122], бундистерді де, поляктарды да, *тағысын-тағыларды да* біріктірген Ұйымдастыру комитетінің «біріктіру» жұмысын ашық бояулармен ажарландыра суреттеді. Бұл арада Лариннің нені айтуы мүмкін екендігі туралы өз алдына әңгіме болады («Ларин қандай бірлікті жариялады?»* деген заметканы төменнен қараңыз). Қазір бізге керегі— бірлік туралы принциптік мәселе.

Біздің алдымызда екі ұран тұр. Біреуі: оппортунистер мен социал-шовинистерге соғыс жариялау, олар— опасыздар. Екіншісі: Россиядағы бірлік, атап айтқанда Плехановпен бірлік (жақшаның ішінде айта кетелік, немістерде Зюдекум**, ағылшындарда Гайндман және т. т. өздерін қалай ұстаса, бізде Плеханов та өзін дәл солай ұстайды). Лариннің, затты өз атымен атаудан қорқып, шындығына келгенде оппортунистер мен социал-шовинистерді жақтап шыққандығы анық емес пе?

Бірақ «бірлік» ұранының маңызын қазіргі заман оқиғалары тұрғысынан жалпы талдап көрелік. Пролетариаттың бірлігі— пролетариаттың социалистік революция жолындағы күрестегі аса зор қаруы. Осы даусыз ақиқаттан соншама даусыз мынадай шындық шығады: социалистік революция жолындағы күреске *кедергі* жасай алатын едәуір мөлшердегі ұсақ буржуазиялық элементтер пролетарлық партияға келіп жанасқан кезде, мұндай элементтермен бірлік жасау пролетариат ісі үшін зиянды және қатерлі деген қорытындының туатыны да даусыз. Қазіргі заман оқиғалары нақ мынаны көрсетті: бір жағынан, империалистік (яғни капитализмнің ең жоғары, соңғы сатысына сәйкес келетін) соғыстың объективтік жағдайлары пісіп жетілді, ал екінші жағынан, бейбіт заман дейтіннің ондаған жылдары Европаның барлық елдерінде социалистік партиялардың *ішіне толып жатқан* ұсақ буржуазиялық, оппортунистік қоқыстарды жинады. Міне он бес жылға жуық уақыттан, Германиядағы атышулы «бернштейншілдік заманынан» бері,— ал көптеген елдерде бұдан да бұры-

---

* Қараңыз: осы том, 133—135-беттер. *Ред.*

** Плехановтың жаңа ғана қолымызға тиген «Соғыс туралы» кітапшасы (Париж, 1914) тексте айтылғанды ерекше айқын растайды. Бұл кітапшаға біз әлі ораламыз[123].

нырақ,—пролетарлық партиялардағы осынау оппортунистік, *жат* элемент туралы мәселе күн тәртібіне қойылды, және оппортунистердің шынында да социалистік революцияға дұшпан, пролетарлық емес элемент екендігін әлденеше рет және әр түрлі себептермен мойындамаған тым болмаса бір көрнекті марксист табыла қояр ма екен. Осы әлеуметтік элементтің соңғы жылдары өте-мөте тез көбейіп бара жатқандығына күмән келтіруге болмайды, бұлар: бұқаралық жария қозғалыс тұсында ыңғайын тауып ың-шыңсыз жайғаса қойған жария жұмысшы одақтарының чиновниктері, парламентарлар және басқа да интеллигенттер, жақсы ақы төленетін жұмысшылардың, ұсақ қызметшілердің кейбір топтары, т. т. және т. с. Соғыс мынаны айқын көрсетті: дағдарыс кезінде (ал империализм заманы әр түрлі дағдарыстар заманы болмай тұра алмайды) буржуазия қолдап, ішінара тіке бағыттап отыратын (бұл өте-мөте маңызды!) оппортунистердің орасан көпшілігі буржуазияның жағына қашып шығады, социализмге опасыздық жасайды, жұмысшы ісіне зиянын тигізіп, оны күйретеді. Қандай дағдарыс тұсында болса да, буржуазия әрдайым оппортунистерге көмектеседі, пролетариаттың революцияшыл бөлегін жаныштап тастауға—еш нәрседен тайынбай, барынша заңсыз, барынша қатал *әскери* шаралармен жаныштап тастауға— көмектеседі. Оппортунистер — пролетарлық революцияның буржуазиялық жаулары; олар бейбіт уақытта жұмысшы партияларының ішінде бұғып жүріп, өздерінің буржуазиялық жұмысын жасырын жүргізеді, ал дағдарыс *заманында бірден-ақ* консерватор буржуазиядан бастап; ең радикал және демократияшыл буржуазияға дейін, еркін ойлы буржуазиядан бастап, діншіл және клерикалдық буржуазияға дейін бірігіп алған *бүкіл* буржуазияның ашық одақтасы болып шыға келеді. Басымыздан кешіріп отырған оқиғалардан *кейін* бұл ақиқатты түсінбеген адам өзін де, жұмысшыларды да әбден алдайды. Бұл ретте жеке адамдар бір жақтан екінші жаққа ауытқымай тұра алмайды, бірақ олардың маңызы ұсақ буржуазияшыл оппортунистер *тобы* мен *ағымының* бар-жоғына қарай анықталатынын есте ұстау

керек. Егер социал-шовинистер Гайндманның, Вандервельденің, Гедтің, Плехановтың, Каутскийдің буржуазиялық патриотизмді жақтап сөйлеген тұрлаусыз және пасық сөздерін оппортунистердің тұтас қоғамдық жіктері және буржуазиялық газеттер мен буржуазияшыл саясатшылардың тұтас топтары іліп әкетіп отырмаса, олардың жеке бастарының ешқандай маңызы болмас еді.

II Интернационал заманындағы социалистік партиялардың типі «бейбіт» дәуірдің ондаған жылдарында барған сайын көбірек жинақталған, бірақ бойын таса да ұстаған, революцияшыл жұмысшыларға бейімделіп, олардан олардың маркстік терминологиясын *үйренген,* айқын принциптік ажырасудың қандайынан болса да жалтарып келген оппортунизмге өз ортасында төзімділік жасаған партия болды. Бұл тип өзін өзі құртып тынды. Егер 1915 жылы соғыс бітетін болса, онда қандай да болсын келесі бір дағдарыстың тұсында, оппортунистердің (бұларға қоса барлық тұрлаусыз және абыржыған адамдар) *бірі қалмастан* таптық өшпенділік пен тап күресі туралы әңгімені тыюға қайтсе де сылтау табатын буржуазияны жақтайтынын *тәжірибеден біле тұрып,* 1916 жылы жұмысшы партияларын оппортунистермен *бірге* қайтадан қалпына келтіре бастауды тілейтін басында миы бар социалист табыла қояр ма екен?

II Интернационалдың заманы үшін Италиядағы партия ерекшелік болды: Биссолати бастаған оппортунистер партиядан қуылды. Дағдарыс кезіндегі нәтижелер *тамаша* болды: әр түрлі бағыттардағы адамдар жұмысшыларды алдамады, «бірлік» туралы әсіре қызыл сөздермен олардың көзін боямады, қайта әрқайсысы өз жолымен жүрді. Оппортунистер (және Муссолини тәрізді жұмысшы партиясынан қашып шыққандар) «қаһарман Бельгияны» мадақтап (Плеханов тәрізді) және мұнысымен қаһарман Италияның емес, Украина мен Галицияны... тіпті Албанияны, Туписті, т. т. және т. с. тонағысы келетін буржуазиялық Италияның саясатын бүркемелеп, социал-шовинизмге жаттықты. Ал социалистер *оларға қарсы* соғыспен соғыс жүргізді, *азамат* соғысына әзірлік жасады. Біз итальян социалистік

партиясын тіпті де дәріптемейміз, Италия соғысқа араласа қалған жағдайда ол мейлінше берік болып шығады деп кепіл де бола алмаймыз. Біз бұл партияның болашағы туралы айтып отырғанымыз жоқ, біз бұл жерде оның тек қазіргісі туралы ғана айтып отырмыз. Біз европалық елдердің көпшілігінде жұмысшылардың оппортунистер мен революционерлердің *жалған бірлігімен алданғандығы* және Италия сәтті ерекшелік екені — қазіргі уақытта жаңағыдай алдауға іліқпеген ел екені жөніндегі даусыз *фактіні* атап көрсетеміз. II Интернационал үшін сәтті ерекшелік болған нәрсе III Интернационал үшін ереже болуға тиіс және *болады да.* Пролетариат әрқашан,— капитализм бар болып отырғанда,— ұсақ буржуазиямен көршілес болады. Кейде онымен уақытша одақтасудан бас тарту жөнсіздік болады, бірақ онымен *бірігуді,* оппортунистермен бірігуді *ендігі жерде* тек пролетариаттың жаулары немесе өтіп кеткен заманның ақымақ кертартпалары ғана қорғай алады.

Социалистік революция жолындағы пролетарлық күрестің бірлігі енді, 1914 жылдан кейін, жұмысшы партияларының оппортунистер партияларынан сөзсіз бөлінуін талап етеді. Оппортунистер деп біздің нақ кімдерді түсінетініміз жөнінде Орталық Комитеттің Манифесінде анық айтылған (№ 33 «Соғыс және россиялық социал-демократия»)*.

Ал біз Россияда нені көріп отырмыз? Әрі пуришкевичтік, әрі кадеттік шовинизмге қарсы қалай болғанда да, азды-көпті дәйекті түрде күресіп жүрген адамдар мен Маслов, Плеханов, Смирнов тәрізді осы шовинизмге үн қосып жүрген адамдардың арасындағы бірлік біздің елдің жұмысшы қозғалысы үшін пайдалы ма, әлде зиянды ма? Соғысқа қарсылық көрсетіп жүрген адамдар мен «документтің» (№ 34)[124] ықпалды авторлары тәрізді соғысқа қарсылық көрсетпейміз деп жүрген адамдардың арасындағы бірлік пайдалы ма, әлде зиянды ма? Бұл сұраққа жауап беруге тек білгісі, көргісі келмеген адамдар ғана қиналады.

---

* Қараңыз: осы том, 13—23-беттер. *Ред.*

Мартов «Голоста» Плехановпен айтысты ғой деп және ол басқа да бірқатар достарымен, Ұйымдастыру комитетін жақтаушылармен бірге, социал-шовинизмге қарсы күресті ғой деп, бәлкім, бізге қарсы шығушылар да болар. Біз мұны теріске шығармаймыз және Орталық Органның 33-номерінде Мартовты тура құттықтаған да болатынбыз. Егер Мартовты «бұрып әкетпесе» («Мартовтың бұрылып кетуі» деген заметканы қараңыз), біз өте қуанар едік, антишовинистік бағыттың үзілді-кесілді Ұйымдастыру комитетінің бағытына айналуын тілер едік. Бірақ мәселе біздің тілегімізде *және басқа кімнің де болсын* тілегінде емес. Объективтік фактілер қандай? Біріншіден, Ұйымдастыру комитетінің ресми өкілі, Ларин, неге екенін кім білсін, «Голос» туралы үндемейді, бірақ социал-шовинист Плехановты атайды, бірде-бір айқын сөз айтпау үшін бір мақала жазған («Berner Tagwacht»)[125] Аксельродты атайды. Ал Ларин болса, өзінің ресми қызметіне қоса, Россиядағы жойымпаздардың ықпалды ұйтқысына тек географиялық жағынан ғана жақын тұрған *жоқ*. Екіншіден, европалық баспасөзді алалық. Франция мен Германияда газеттер «Голос» туралы үндемейді, бірақ Рубанович, Плеханов және Чхеидзе туралы айтып жатады. («Hamburger Echo» — Германияның шовинистік «социал-демократиялық» баспасөзінің ең шовинистік органдарының бірі — 8 декабрьдегі номерінде Чхеидзені Маслов пен Плехановтың жақтасы деп атайды; мұны Россиядағы кейбір газеттер де тұспалмен білдірген болатын. Зюдекумдердің саналы достарының бәрі Плехановтың Зюдекумдерге көрсетіп отырған идеялық қолдауын әбден бағалайтындығы түсінікті-ақ.) Россияда буржуазиялық газеттердің миллиондаған даналары Маслов-Плеханов-Смирнов туралы хабарды «халыққа» таратып жіберді, ал «Голостың» ағымы туралы ешбір хабар жеткізбеді. Үшіншіден, 1912—1914 жылдардағы жария жұмысшы баспасөзінің тәжірибесі мына фактіні: белгілі қоғамдық күштің және жойымпаздық ағым ықпалының қайнар көзі жұмысшы табында емес, жариятшыл жазушылардың негізгі ұйтқысын бөліп шығарған буржуазиялық-демократиялық интеллигенция то-

бында екенін әбден дәлелдеп берді. Бұл топтың *топ ретінде* национал-шовинистік пиғылда екендігін, Питер жұмысшысының хаттарына («Социал-Демократ», №№ 33, 35) және «документке» (№ 34) сай, Россияның бүкіл баспасөзі куәландырып отыр. Бұл топтың ішінде жеке адамдардың мүлде қайта жіктелулері әбден ықтимал, бірақ топ ретінде, мұның «патриоттық» және оппортунистік *болмауы* тіпті мүмкін емес.

Объективтік фактілер осындай. Бұл фактілермен есептесе отырып және көз алдау үшін сол қанатқа ие болу жұмысшыларға ықпал жасағысы келетін барлық буржуазиялық партиялардың бәріне (әсіресе бұл қанат ресми болмаса) өте тиімді екенін есімізге түсіре отырып, біз Ұйымдастыру комитетімен бірігу жайындағы пікірді жұмысшы ісі үшін зиянды елес деп тануға тиіспіз.

Алыстағы Швецияда 23/XI-де Плехановпен бірігу туралы мәлімдемелер жасап, барлық социал-шовинистердің жүрегіне жылы тиетін сөздер айтып, ал Париж бен Швейцарияда не 13/IX-дең («Голостың» шыққан күні) 23/XI-ге дейін, не 23/XI-ден бүгінгі күнге (23/XII) дейін өзі туралы ешбір мағлұмат бермей отырған Ұйымдастыру комитетінің саясаты оңбаған саясат құмарлыққа өте-мөте ұқсайды. Ал Цюрихте шығару ұйғарылған «Откликидің»[126] партиялық ресми сипаты болады деген үміттерді «Berner Tagwacht»-тың (12/XII) бұл газет *мұндай* сипатта болмайды деген тура мәлімдемесі бұзып кетіп отыр[127]... (Айта кетелік: «Голостың» 52-номерінде оның редакциясы: енді жойымпаздармен жікке бөліне беру «ұлтшылдықтың» ең жаманы болар еді деп мәлімдейді; грамматикалық мағынадан жұрдай бұл сөздердің саяси мағынасы тек мынау ғана: «Голостың» редакциясы социал-шовинизммен ымыраға бармайтын адамдармен жақындасудан да гөрі, социал-шовинистермен бірігуді артық көреді. «Голос» редакциясы жақсылап таңдай алмаған).

Картина толық болуы үшін бізге Париждегі социалист-революционерлердің «Мыслі»[128] туралы бір-екі ауыз сөз айту қалып отыр: *бұл да* «бірлікті» дәріптейді, өзінің партиялық көсемі Рубановичтің социал-шовиниз-

міп бүркемелейді («Социал-Демократтың» 34-номерін салыстырыңыз), Бельгия-Франция оппортунистері мен министериалистерін қорғайды, орыс трудовиктерінің ішіндегі ең бір солшылы Керенскийдің сөздеріндегі патриоттық әуендер хақында жұмған аузын ашпайды, марксизмді халықшылдық және оппортунистік рухта қайта қарау жайындағы әбден жауыр болған ұсақ буржуазиялық пасықтықтарды басып шығарады. Социалист-революционерлер туралы РСДРП-ның 1913 жылғы «жазғы» кеңесінің қарарында айтылғандарды[129] «Мысльдің» осы әрекеті толығынан және барынша растап отыр.

Сірә, кейбір орыс социалистері интернационализм дегеніміз барлық елдердің социал-ұлтшылдығын интернационалдық тұрғыдан ақтау туралы Плеханов пен Зюдекум, Каутский мен Эрве, Гед пен Гайндман, Вандервельде мен Биссолати, т. т. жазбақ болып дайындалып жатқан қарарды құшақ жайып қарсы алуға әзір тұру деп ойлайтын болса керек. Біз интернационализм дегеніміз өз партияңның ішінде тек айқын, интернационалдық саясатты ғана жүргізу деп ойлаймыз. Оппортунистермен және социал-шовинистермен бірге пролетариаттың шын мәніндегі интернационалдық саясатын жүргізуге болмайды, соғысқа қарсылық көрсетуді уағыздауға және бұл үшін күш жинауға болмайды. Осы ащы, бірақ социалист үшін қажет ақиқат жайында үндемей қалу немесе одан бойды аулақ салу жұмысшы қозғалысы үшін зиянды да апатты нәрсе.

«Социал-Демократ» № 36,
9 январь, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ОРЫС ЗЮДЕКУМДЕРІ

«Зюдекум» деген сөз өзіне-өзі мәз болған, арсыз оппортунист пен социал-шовинист типін білдіретін жалпы есімдік мағынаға ие болып кетті. Жұрттың Зюдекумдер туралы жиреніп айтуы— жақсы нышан. Бірақ бұл ретте өзіңнің шовинизмге түсіп кетпеуіңнің тек бір ғана жолы бар. Ол жол — орыс Зюдекумдерін әшкерелеуге қолдан келгенше жәрдемдесу.

«Соғыс туралы» кітапшасымағымен Плеханов өзін біржолата солардың басшысы етіп қойды. Оның пікірлері — диалектиканы ылғи софистикамен ауыстыру. Француз және орыс оппортунизмін бүркемелеу үшін неміс оппортунизмі софистік тұрғыдан айыпталады. Қорыта келгенде халықаралық оппортунизммен күресу емес, қайта оны қолдау болып шығады. Галиция туралы ештеңе делінбейді де, Бельгияның тағдыры жөнінде софистік тұрғыдан жоқтау айтылады. Империализм заманы (яғни, марксистердің жаппай мойындауы бойынша, капитализм күйреуінің объективтік жағдайлары пісіп жетілген және социалистік пролетариат бұқарасы бар болып отырған заман) буржуазиялық-демократиялық ұлттық қозғалыстар заманымен; пролетариаттың интернационалдық революциясымен буржуазия отандарының күйреуі пісіп жетілген заман сол отандардың туу және бірігу заманымен софистік тұрғыдан шатастырылады. Бейбітшілікті бұзды деп Германия буржуазиясы софистік тұрғыдан айыпталады да, «үш жақты келісім»[130] буржуазиясының Германияға қарсы

ұзақ уақыт және табанды түрде соғысқа әзірленгендігі үн-түнсіз қалдырылады. Базель қарары софистік тұрғыдан әдейі елеусіз қалдырылады. Софистік тұрғыдан социал-демократизм национал-либерализммен ауыстырылады: патша өкіметінің жеңуіне тілектестік Россияның экономикалық даму мүдделерімен дәлелденеді; бұл ретте Россияның ұлттары туралы мәселе де, оның экономикалық дамуын патша өкіметінің бөгеп отырғандығы туралы мәселе де, Германияда өндіргіш күштердің біршама анағұрлым тез және ойдағыдай өсіп бара жатқандығы туралы мәселе де тіпті қозғалмайды, т. т. және т. с. Плехановтың барлық софизмдерін талдау бірсыпыра мақала жазуды керек етер еді, оның үстіне Плехановтың күлкінді келтіретін өрескелдіктерінің көбінің талдауға тұратын-тұрмайтындығы әлі белгісіз. Оның тек бір дәлелсымағына ғана тоқталалық. 1870 жылы Энгельс Маркске: В. Либкнехт қателесіп, антибисмаркизмнен өзі үшін *бірден-бір* жетекші принцип жасайды[131] деп жазған еді. Плеханов осы цитатты тауып алды да, қуанып кетті: бізде патша өкіметіне қарсылық көрсету жөнінде де нақ осылай!— деді. Бірақ софистиканы (яғни оқиғалардың байланысын ескерместен жағдайлардың сыртқы ұқсастығына жармаса қою) диалектикамен (яғни оқиғаның бүкіл нақты жағдайын және оның дамуын зерттеумен) ауыстырып көріңізші. Германияны біріктіру қажет болды, сондықтан Маркс 1848 жылдың алдында да, одан кейін де мұны үнемі мойындап отырды. 1859 жылдың өзінде-ақ Энгельс неміс халқын бірігу үшін соғысуға тұп-тура шақырған болатын[132]. Революциялық жолмен біріктірудің сәті түспеген соң, Бисмарк оны контрреволюциялық жолмен, юнкерлік жолмен істеді. *Бірден-бір* принцип ретіндегі антибисмаркизм өрескелдікке айналды, өйткені қажетті бірігудің аяқталуы факт болды. Ал Россияда ше? Россияның дамуы үшін Галицияны, Царьградты, Арменияны, Персияны, т. б. жаулап алу қажет деп біздің Плеханов батырымыздың күн ілгері жар салуына ерлігі жетті ме екен? Осыны қазір айтуға оның ерлігі жетер ме екен? Германияның немістерді (Франция да, Россия да XIX ғасырдың алғашқы үштен екі бөлігінде

езіп келген немістерді) бытыратудан біріктіруге көшуі керек болғандығы туралы, ал Россияда великоростардың бірқатар басқа ұлттарды қаншалықты біріктіріп отырса, соншалықты жаншып отырғандығы туралы Плеханов ойлады ма екен? Плеханов бұл жайында ойламастан,—Франция мен Россияның одақтас әскерлеріне қарсы өліспей берісиеуге бел байлап күресу немістер үшін қажет екендігі туралы Энгельстің 1891 жылғы жазғанынан алынған цитатты Зюдекумнің бұрмалағаны тәрізді,— Энгельстің 1870 жылғы жазғанынан алынған цитаттың мәнін бұрмалай отырып, өзінің шовинизмін оп-оңай бүркемелейді.

«Наша Заря»[133] 7—8—9-номерлерінде шовинизмді басқа бір жағдайда басқа бір мағынада қорғайды. Череванин мырза, Германияға қарсы «Европа (!!) бас көтерді» деп сендіруге тырысып, «Германия жеңіледі» деп болжау жасайды және осылай болуына шақырады. А. Потресов мырза герман милитаризмінің «өз алдына, шектен тыс күнәлары» бар деп, «европалық бейбітшілікке қатер тудырып отырган белгілі бір орыс топтарының панславистік армандары емес» деп, герман социал-демократтарын «ең жаман қылмыстан бетер», «қатесі», т. т. үшін балағаттайды.

Жария баспасөзде Германияның «шектен тыс» кінәсы және оның жеңілуі қажет екендігі көпірме сөз болып жатса, мұның өзі Пуришкевич пен социал-шовинистерге үн қосу болмай ма? Россия милитаризмінің «шектен тыс» күнәларының жүз есе көп екендігі жайында патша цензурасының қысымынан үндемеуге тура келеді. Шовинист болгысы келмейтін адамдардың, ең болмаса, осындай жағдайда Германияның жеңілуі және оның «шектен тыс» күнәлары туралы *айтпауға* тиіс болғаны ма?

«Наша Заря» «соғысқа қарсылық жасамау» бағытын ұстап қана отырған жоқ; жоқ, ол «социал-демократиялық» дәлелдермен Германияның жеңілуін уағыздап және панславистерді қорғап, тура великорустық, патшалық-пуришкевичтік шовинизмнің диірменіне су құйып отыр. 1912—1914 жылдары жұмысшылар арасында жойымпаздықты жаппай насихаттаған, басқа-

лар емес, нақ осы «Наша Зарянық» жазғыштары еді ғой.

Ақырында, Мартов, «Наша Зарянық» жазғыштарына ара түскені сияқты, соншама ашулы түрде және соншама сәтсіз бүркемелеп, жақтап, қорғап жүрген Аксельродты алалық.

Аксельродтың көзқарастары, оның өзінің ықтиярымен, «Голостың» 86 және 87-номерлерінде[134] баяндалған. Бұл көзқарастар — социал-шовинистік көзқарастар. Франциялық және бельгиялық социалистердің буржуазиялық министрлікке енуін Аксельрод мынадай дәлелдермен қорғайды: 1) «Қазір жұрт орынсыз жүгіне беруді ұнататын тарихи қажеттілік дегеніміз Маркс үшін, социалистік төңкерісті күткенде, нақты залалға эсте селқос қараушылық емес». Бұл неткен былық? Мұның қандай қатысы бар? Тарихта болатын оқиғалардың бәрі қажетті түрде болады. Бұл—әліппе. Социал-шовинизмге қарсылар тарихи қажеттілікті емес, соғыстың *империалистік* сипатын дәлел етіп келді. Аксельрод мұны түсінбегенсиді, «нақты залалға» баға берудің осыдан туындайтындығын, барлық елдерде буржуазия үстем болып отырғандығын және «әлеуметтік төңкеріске» жеткізетін революциялық қимылдарды бастаудың *дер кезі* екендігін түсінбегенсиді. Осыны теріске шығаратын социал-шовинистер «селқостар» болып табылады. 2) Соғысты «нағыз бастаушы кім болды, сол арқылы соғыс шабуылына душар болған елдердің бәрін өз дербестігін қорғауға мәжбүр еткізген кім болды деген мәселені елемеуге» болмайды. Және нақ сол бетте «француз империалистері, әрине, екі-үш жылдан кейін соғыс ашуға тырысты» деген мойындау бар! Бұл уақыттың ішінде, байқайсыз ба, пролетариат және бейбітшілікті сақтау мүмкіндіктері күшейген болар еді-міс!! Бірақ біз мынаны білеміз: бұл уақыттың ішінде Аксельродтың жүрегіне майдай жағатын оппортунизм мен оның социализмге бұдан да бетер жексұрын опасыздық жасау мүмкіндіктері күшейген болар еді. Үш қарақшының (Англия, Россия, Франция буржуазиясы мен үкіметтері) Германияны тонау үшін *ондаған жылдар* бойы қаруланып келгендігін біз білеміз. *Үш* қарақшы

істеуге берген жаңа пышақтарын алып үлгергенше, екі қарақшы бұрын келіп бас салса, бұған таңқалуға бола ма? Базельде барлық социалистер сөзсіз, бірауыздан мойындаған барлық елдер буржуазиясының *бірдей «айыптылығын»* соғысты «бастаушылар» туралы құрғақ сөздермен боямалау софизм емей немене? 3) «Өз елін қорғағаны үшін Бельгия социалистерін сөгу» «марксизм емес, арсыздық». Польшаның көтерілісіне (1863 ж.) прудондық көзқарасты Маркс нақ осылай атаған болатын[135]. Патша өкіметіне қарсы Польша көтерілісінің тарихи прогрестігі туралы Маркс 1848 жылдан бастап ұдайы айтып келген. Мұны теріске шығаруға ешкімнің батылы бармады. Нақты жағдайлар Европаның шығысында ұлт мәселесінің шешілмегендігінде болатын, яғни патша өкіметіне қарсы соғыстың империалистік емес, буржуазиялық-демократиялық сипатында болатын. Бұл—әліппе.

Егер социалистік төңкеріске теріс немесе мазақтап, немесе салқын (Аксельродтар сияқты) қарайтын болса, осы нақты соғыста Бельгия «еліне» патша өкіметінің Украинаны тұншықтыруына жәрдемдесу арқылы ғана көмектесуге *болады.* Бұл — факт. Бұған соқпай өту орыс социалисі тарапынан арсыздық болады. Бельгия туралы айқай салып, Галиция туралы үндемеу арсыздық болады.

Ал Бельгия социалистерінің не істеуі керек еді? Егер олар француздармен, т. т. бірге әлеуметтік төңкеріс жасай алмаған болса, олар сол кезде ұлттың көпшілігіне бағынып, соғысқа аттанулары керек еді. Бірақ, құл иеленушілер табының еркіне көнген соң, жауапкерлікті соларға арту керек еді, кредиттерге дауыс бермеу керек еді, қанаушыларға Вандервельдені министрлік сапарға жібермей, «социалистік төңкерістің» және азамат соғысының революциялық құпия насихатын ұйымдастырушы етіп (барлық елдердің революциялық социал-демократтарымен *бірге*) жіберу керек еді; бұл жұмысты армияда да жүргізу керек еді (соғысушы армиялардың траншеяларында жұмысшы-солдаттардың «бауырласып» кетуі де мүмкін екендігін тәжірибе көрсетті!). Диалектика туралы, марксизм туралы мылжың-

дау, сөйте тұра көпшілікке қажетті түрде бағынуды (егер бұл бағыну уақытша қажет болса) қандай жағдайда да болсын революциялық жұмыспен біріктіре білмеу жұмысшыларды қорлағандық, социализмді мазақ еткендік болады. «Бельгия азаматтары! Еліміз зор бақытсыздыққа тап болды, бұған ұшыратып отырған— *барлық* елдердің, соның ішінде Бельгияның да буржуазиясы. Сіздердің ол буржуазияны құлатқыларыңыз келмей ме, Германияның социалистеріне шағым айтуға сенбейсіздер ме? Біз азшылықпыз, мен сіздерге бағынамын да соғысқа аттанамын, бірақ мен соғыста да барлық елдер пролетарларының азамат соғысын уағыздаймын, оны әзірлеймін, өйткені Бельгияның және басқа елдердің шаруалары мен жұмысшыларын сақтап қалудың бұдан басқа жолы жоқ!» Мұндай сөз үшін Бельгияның немесе Францияның, т. б. депутаты министр креслосында емес, түрмеде отырған болар еді, бірақ ол опасыз емес, социалист болған болар еді, ол туралы қазір траншеяларда француз жұмысшы-солдаттары да, неміс жұмысшы-солдаттары да, жұмысшы ісін сатып кетуші деп емес, *өзіміздің* көсеміміз деп жүрген болар еді. 4) «Отандар бар тұрғанда, пролетариаттың өмірі мен қозғалысы осы отандардың шеңберлерінде күні бүгінге дейінгі деңгейде қысылып отырғанда және ол осы отандардан тыс жерде ерекше, басқа бір интернационалдық негізді сезбей отырғанда, міне бұған дейін жұмысшы табы үшін патриотизм туралы және өзін өзі қорғау туралы мәселе әлі де өмір сүре береді». Пролетариаттың интернационалдық революциясы буржуазиялық отандарды қиратқанға дейін, ол отандар өмір сүре береді. Ондай революция үшін қазірдің өзінде-ақ негіз бар: мұны 1909 жылы Каутский де мойындаған болатын, мұны жұрт Базельде де бірауыздан мойындады және қазір мұны кредиттерге дауыс бермеген, қандай революциямен болса да байланысты «тарихи қажеттілікке» қарай түрмеден және басқа құрбандықтардан сескенбейтін адамдарға барлық елдер жұмысшыларының шын тілектестік білдіруі жөніндегі *факт* те дәлелдеп отыр. Аксельродтың сөздері — революциялық қызметтен қашудың тек *сылтауы* ғана, шовинистік бур-

жуазияның дәлелдерін тек қайталау ғана. 5) Оның: немістердің қылығы опасыздық *емес,* олардың қылығына себеп болған «неміс пролетариаты өмір сүріп, еңбек етіп отырған бір пұшпақ жермен, отанмен етене жақындықты терең сезіну, ұғыну» деген сөздерінің де мағынасы нақ осы. Іс жүзінде немістердің, сондай-ақ Гедтің және басқалардың да қылығы — күмәнсыз опасыздық; оны бүркемелеу және қорғау лайықты іс емес. Іс жүзінде құл мен құл иеленушінің «байланысын» жасап, неміс жұмысшысының неміс жерімен «етене жақындығын» күйрететін, қирататын, бұзатын, бүлдіретін —нақ осы буржуазиялық отандар. Іс жүзінде буржуазиялық отандарды күйрету *ғана* барлық елдердің жұмысшыларын «жермен байланыстыра» алады, оларға ана тілі бостандығын, бір үзім нан және мәдениет игілігін бере алады. Аксельрод—буржуазияның әншейін бір апологеті. 6) «Гед сияқты сыннан өткен марксистерді» «оппортунизм жөнінде айыптауда сақ болуды» жұмысшыларға уағыздау, т. т. жұмысшыларға көсемдердің алдында құлшылық етуді уағыздау деген сөз. Біз жұмысшыларға: Гедтің 1914 жылы социализмге көріне көзге опасыздық жасауынан *басқа,* бүкіл өмірінен үлгі алыңыздар дейміз. Мүмкін, оның айыбын жеңілдететін жеке басының немесе басқа бір жағдайлары бар да шығар, бірақ әңгіме *жеке адамдардың* айыптылығы туралы емес, *оқиғалардың* социалистік маңызы туралы болып отыр. 7) Қарарда «ерекше маңызды жағдайлар»[133] туралы пунктше бар ғой деп, министрлікке енудің *«формальдық»* мүмкіншілігін сылтаурату барып тұрған ұждансыз адвокаттық ілгішектікпен барабар, өйткені бұл пункттің мәні, сірә, пролетариаттың интернационалдық революциясына *қарсы* әрекет жасау емес, қайта *жәрдемдесу* болар. 8) Аксельродтың: «Россияның жеңілуі елдің табиғи дамуына әсер етпесе, мұның өзі ескі режимді жоюға көмектесер еді» деп мәлімдеуі бөлек алып қарағанда дұрыс, бірақ неміс шовинистерін ақтауға байланыстырып алғанда, мұның өзі Зюдекумдерге *жарамсақтану* әрекетінен басқа ештеңе де емес. Неміс социал-демократтары мен австриялық социал-демократтарды опасыздық жасады деп ашықтан-ашық айыпта-

май, Россияның жеңілуін пайдалы деп білу *іс жүзінде* олардың ақталуына, құтылып кетуіне, жұмысшыларды алдауына көмектескендік болады. Аксельродтың мақаласы екі жаққа бірдей: біресе неміс социал-шовинистері жағына, біресе француз социал-шовинистері жағына бас июшілік. Осы бас июшіліктер қосыла келе «россиялық-бундтық» социал-шовинизмнің үлгісі болып табылады.

Аксельродтың осы сорақы пайымдауларын басып, оның тек «кейбір қағидаларына» ғана қосылмайтындығын ескерткен, содан соң 96-номеріндегі бас мақалада «белсенді социал-патриотизмнің элементтерімен біржолата қол үзісуді» уағыздаған «Голос» редакциясының дәйектілігі туралы енді оқушы өзі төрелік ете берсін. «Голостың» редакциясы шындықты көре алмайтындай, Аксельродтың пайымдаулары *кілең* «белсенді (өйткені жазғыштың белсенділігі—оның шимайы) социал-патриотизмнің элементтері» екендігін көре алмайтындай соншама аңқау немесе соншама аңғырт болғаны ма? Ал «Наша Заряның» жазғыштары Череванин, А. Потресов және К° мырзалар белсенді социал-патриотизмнің элементтері емес пе екен?

«Социал-Демократ» № 37, 1 февраль, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЛАРИН ШВЕД СЪЕЗІНДЕ ҚАНДАЙ «БІРЛІКТІ» ЖАРИЯЛАДЫ?[137]

Лариннің біз келтірген (№ 36) сөзінде оның айтып отырғаны атышулы «үшінші июль» блогы[138], яғни Брюссельде 3. VII. 1914 Ұйымдастыру комитетінің, Троцкийдің, Роза Люксембургтің, Алексинскийдің, Плехановтың, бундшылдардың, кавказдықтардың, литвандардың, «солшылдардың»[139], поляк оппозициясының, т. т. араларында жасалған одақ болуы ғана мүмкін. Ларин неліктен тұспалдап айтумен шектелді? Бұл... ғажап. Егер Ұйымдастыру комитеті тірі болатын болса және осы одақ тірі болатын болса, онда біз бұл ақиқатты жасыру зиянды деп ойлаймыз.

Біздің партияның Орталық Комитеті мен латыш социал-демократтарының Орталық Комитеті бұл одаққа қатысқан *жоқ*. Біздің Орталық Комитет бірігудің нақты 14 шартын ұсынды; Ұйымдастыру комитеті мен «блок» бұл шарттарды қабылдамады және бұрынғы жойымпаздық саясаттың қандай да бір батыл бетбұрыс жасауына іс жүзінде мүмкіндік қалдырмаған және жол бермеген дипломатиялық, бұлталақ қарармен шектелді. Біздің 14 параграфымыздың *мәні* мынау: 1) Жойымпаздық туралы 1908 жылғы XII-дегі және 1910 жылғы I-дағы қарарлар[140] шүбәсыз қуатталады, атап айтқанда, астыртын ұйымға қарсы шығу, құпия баспасөзді жарнамалауға қарсы шығу, ашық партияны (немесе ашық партия үшін күресуді) жақтау, революциялық митингілерге, т. т. қарсы шығу («Наша Заря» мен «Наша Рабочая Газетаның»[141] қарсы шыққаны тә-

різді) социал-демократиялық партияға мүше болумен сыйыспайды деп танылады; 2) республика ұранына қарсы шығу, т. т. туралы да солай; 3) социал-демократиялық *емес* «солшылдар» партиясымен блок жасауға қарсы шығу туралы да—солай; 4) әрбір жерде ұлт-ұлтқа бөлінбеген, біртұтас социал-демократиялық ұйым болуға тиіс; 5) «мәдени-ұлттық автономия»[142] қабылданбайды; 6) жұмысшылар «төменнен бірігуге» шақырылады; тек құпия ұйымға енетін адам ғана партия мүшесі бола алады; жария баспасөзде көпшіліктің есебін жүргізу үшін 1913 жылдан бастап жұмысшылардың топтасып жинаған жарналары туралы мәліметтер алынады; 7) бір қаланың ішінде бәсекелес газеттерге жол берілмейді; «Н. Р. Г.» жабылады; айтыс журналы құрылады; 8) социалист-революционерлер партиясының буржуазияшылдығы туралы 1903 және 1907 жылдардағы съездердің қарарлары[143] қуатталады; социал-демократиялық партияның бір бөлегінің социалист-революционерлермен келісім жасауына жол берілмейді; 9) шетелдік топтар орыс Орталық Комитетіне бағынады; 10) кәсіптік одақтардағы жұмыс туралы лондондық Орталық Комитеттің қарары (I. 1908) қуатталады; құпия ұялар қажет; 11) «Қауіпсіздендіру советіне»[144] және басқа қауіпсіздендіру мекемелеріне қарсы шығуға жол берілмейді; «Страхование Рабочих»[145], бәсекелес орган ретінде, жабылады; 12) Кавказ социал-демократтары 5 және 4-параграфтарды айрықша қуаттайды; 13) Чхеидзе фракциясы[146] «мәдени-ұлттық автономиясын» қайтып алады да, жоғарыда көрсетілген шарттарды мойындайды; 14) Ұйымдастыру комитеті және оның достары «жала жабу» істері жөнінде (Малиновский, Икс, т. т.) не өздерінің таққан айыптары мен жапқан жалаларын қайтып алады, не өздерінің таққан айыптарының бәрін біздің партиямыздың алдағы съезінде қолдау үшін сол съезге өкіл жібереді.

Осы шарттар болмайынша, жойымпаздықтан беземіз деп сөз жүзінде қайта-қайта қандай «уәде» берілсе де (1910 жылғы пленумдағыдай), мүлде еш нәрсе өзгермеген болар еді; «бірлік» дегеніміз жалған нәрсе болар

еді және жойымпаздардың «тең праволылығын» мойындау болар еді; мұны аңғару қиын емес.

Социализмнің бүкіл дүние жүзілік соғыс тудырған орасан зор дағдарысы социал-демократияның барлық топтарының күш-қуатын орасан зор тасытты және соғысқа козқарастың түбегейлі мәселелері бойынша жақындаса *алатындардың* бәрін жинауға ұмтылдырды. Ларин мақтанған (мұны тура атаудан қорқып) «үшінші июль» блогы бірден-ақ жалған нәрсе болып шықты.

Іс жүзінде ымырасыз ажырасу болып отырғанда жалған бірлікке қарсы болып, үсті-үстіне сақтық жасау керек.

«Социал-Демократ» № 37,
1 февраль, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің текcті бойынша басылып отыр

АНТАНТА ЕЛДЕРІ СОЦИАЛИСТЕРІНІҢ ЛОНДОН КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА АРНАЛҒАН РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ДЕКЛАРАЦИЯСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[147]

Россия (Англия, т. б.) социал-демократиялық ұйымдарының төменде қол қойған өкілдері мына сенімге сүйенеді:

бұл соғыс тек Германия мен Австро-Венгрия тарапынан ғана емес, сонымен бірге Англия мен Франция (патша өкіметімен одақтасып қимыл жасап отырған) тарапынан да империалистік соғыс болып табылады, яғни капитализм дамуының соңғы сатысы заманындағы, ұлттық шекараларда буржуазиялық мемлекеттердің күні өткен замандағы соғыс, тек отарлар жаулап алуға, бәсекелесуші елдерді тонауға, бір елдің пролетарларын екінші бір елдің пролетарларына айдап салу арқылы пролетарлық қозғалысты әлсіретуге ғана бағытталған соғыс болып табылады.

Сондықтан барлық соғысушы елдер социалистерінің сөзсіз орындалуға тиіс борышы Базель қарарын дереу әрі батыл жүзеге асыру болып табылады, атап айтқанда:

1) ұлттық блоктар мен Burgfrieden-ді* барлық елдерде айыру;

2) өз елінің буржуазиясына, әскери жабдықтаудан адам айтқысыз көп пайда табуға құныққан және жұмысшылардың үнін шығармай, оларды езуді күшейте түсу үшін әскери өкімет орындарының қолдауына сүйенген буржуазияға қарсы жігерлі түрде жүргізілетін

---

* — азаматтық татулықты. *Ред.*

экономикалық, сондай-ақ саяси тап күресіне барлық соғысушы елдердің жұмысшыларын шақыру;

3) соғыс кредиттеріне дауыс берудің қандайын болса да батыл айыптау;

4) Бельгия мен Францияның буржуазиялық министрліктерінен шығу, министрліктерге енуді және кредиттерге дауыс беруді, Германия мен Австрия социал-демократтарының барлық әрекеттері сияқты, социализм ісіне опасыздық жасағандық деп тану;

5) соғыс кредиттеріне дауыс беруден бас тартып отырған интернационалистерге—неміс социал-демократиясының элементтеріне дереу қол ұшын беру және солармен бірге соғысты тоқтату жолында пацифистер, христиандар және ұсақ буржуазиялық демократтар рухында емес, қайта әрбір ел пролетарларының өз елінің үкіметтері мен буржуазиясына қарсы бұқаралық революциялық қимылдарын уағыздаумен және ұйымдастырумен тығыз байланыстыра отырып үгіт жүргізу үшін халықаралық комитет құру;

6) соғысушы елдер социалистері арасында, Англия, Германия, т. б. әскери өкімет орындарының тыйым салғанына қарамастан, әскерлердегі және траншеялардағы жақындасу және бауырласу әрекеттерінің бәрін қолдау;

7) соғысушы елдердің социалист әйелдерін жоғарыда көрсетілген бағытта үгітті күшейте түсуге шақыру;

8) патша өкіметіне қарсы күресті тек кредиттерге дауыс беруден бас тартып қана қоймай, сонымен бірге қуғынға ұшырау қаупінен қаймықпай, өздерінің социалистік жұмысын интернационалдық революциялық социал-демократия рухында жүргізіп отырған Россияның социал-демократ депутаттарын қолдауға бүкіл халықаралық пролетариатты шақыру.

1915 ж. 27 январьдан (9 февральдан) ертерек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылы отыр

«УКРАИНА ЖӘНЕ СОҒЫС» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА «РЕДАКЦИЯДАН» ЕСКЕРТУ

Редакциядан

Жоғарыда басылған мақаланы «Дзвін»[148] бағытының көрнекті жақтастарының бірі жазды. Тіпті осы жуырда ғана бұл бағытқа қарсы біздің күшті айтыс жүргізуімізге тура келген болатын. Осы бағыттың жазғыштарымен бізде болып отырған алауыздықтар қала береді. Біз олардың ұлтшылдыққа жасаған кеңшіліктерін дұрыс деп таппаймыз, біз «мәдени-ұлттық автономия» идеясын буржуазиялық ұлтшылдық деп санаймыз, біз пролетариатты ұйымдастырудың жақсы жолы оны ұлттық куриялар бойынша бөлшектеу болып табылады дегенге келіспейміз, біз олардың «ұлтқа қарсы», ұлттық және интернационалдық нәрселер арасындағы айырмашылық жөніндегі көзқарастарына қосылмаймыз. Дәйекті *интернационализмнің* жақтаушылары бола отырып, біздер жоғарыда жарияланған мақаланың авторы мен оның достары Европадағы соғыс оқиғаларынан тиісті сабақ алады деп үміттенеміз.

Қалай болған күнде де, біз нақ осы қиын кезеңде украин қайраткерлерінің жоғарыда аталған тобы өздерінің «Социал-Демократқа» жақындығын көбірек сезінетіндігін атап айтуға қуаныштымыз. Олардың атышулы «Украинаны азат ету одағынан»[149] іргесін аулақ сала білгені оларға абырой болады, өйткені бұл «Одақ» қызметінің социал-демократияға үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

«Социал-Демократ» № 38,
12 февраль, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

БӨТЕННІҢ ЖАЛАУЫ АСТЫНДА[150]

1915 ж. январьдан кешірек жазылған

Бірінші рет 1917 ж. Москвада «Прилив» кітап баспасының I Жинағында басылған
Қол қойған: Н. Константинов

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

«Наше Делоның» 1-номерінде (Петроград, январь, 1915)[151] А. Потресов мырзаның «Екі заман аралығында» деген ерекше сипатты программалық мақаласы басылды. Нақ осы автордың журналдардың бірінде осыдан бұрынырақ басылған алдыңғы бір мақаласы сияқты, бұл мақала да Россиядағы қоғамдық ойдың тұтас бір буржуазиялық ағымының, атап айтқанда,— жойымпаздық ағымның,— қазіргі замандағы маңызды және көкейтесті мәселелер жөніндегі негізгі идеяларын баяндайды. Шынын айтқанда, бұл өзі мақалалар емес, белгілі бағыттың манифесі, ал кімде-кім мұны зейін қоя оқып, мазмұнына ой жіберетін болса, ол адам автордың (және оның достарының, өйткені автор жалғыз емес) ойларының декларациясының немесе «кредоның» (сенімді уағыздаудың) неғұрлым қолайлы формасында айтылуына тек кездейсоқ, яғни таза әдеби мүдделерден тыс пікірлер ғана бөгет жасағандығын көреді.

А. Потресовтың басты ойы мынау: қазіргі демократия екі заман аралығында тұр, мұның өзінде ескі заманның жаңа заманнан түбірлі айырмашылығы ұлттық шектелуліліктен халықаралықтыққа көшуде болып отыр. А. Потресовтың қазіргі демократия деп отырғаны XVIII ғасырдың ақыры мен XIX ғасырдың алғашқы үштен екі бөлігіне тән ескі, буржуазиялық демократия емес, XIX ғасырдың ең ақырына және XX ғасырдың басына тән демократия.

Бір қарағанда автордың пікірі сөзсіз дұрыс сияқты болып көрінуі мүмкін, біздің алдымызда тұрған қазіргі демократияда осы күні үстем болып отырған ұлттық-либералдық бағыттың дұшпаны сияқты болып көрінуі, автор — национал-либерал емес, «халықаралықшыл» сияқты болып көрінуі мүмкін.

Шынына келгенде, халықаралықтықты қорғау, ұлттық шектелулілік пен ұлттық айрықшалықты ескі, өтіп кеткен заманның белгілеріне жатқызу — осының өзі национал-либерализмнің кесапатынан, қазіргі демократияның, немесе, дұрысырақ айтқанда, оның ресми өкілдерінің осынау жарасынан іргені батыл аулақ салу емес пе екен?

Бір қарағанда осылай болып көрінуі мүмкін ғана емес, сөзсіз солай болып көрінуге тиіс деуге де болады. Ал шынында мұның өзі түбегейлі қате. Автор өзінің жүгін бөтеннің жалауы астында алып өтіп отыр. Ол — әдейі ме, әдейі емес пе, қазіргі жағдайда мұның өзі бәрібір — кіші-гірім соғыс қулығын қолданды, «халықаралықтық» жалаудың астымен национал-либерализмнің контрабандалық жүгін неғұрлым қауіпсіз алып өту мақсатымен сол жалауды көтере қойды. Өйткені А. Потресовтың национал-либерал екендігі мүлде күмәнсыз. Оның мақаласының (және оның программасының, оның платформасының, оның «кредосының») бүкіл мәні, атап айтқанда, осы кіші-гірім, тіпті, білгіңіз келсе, жай бір соғыс қулығын қолдануында, халықаралықтықтың жалауы астында оппортунизмді алып өтуінде. Мақаланың мәнін түсіндіру үшін мейлінше толық тоқталу қажет, өйткені бұл — аса зор, бірінші дәрежелі маңызы бар мәселе. Ал А. Потресовтың бөтеннің жалауын пайдалануы өте-мөте қауіпті болатын себебі — ол тек «халықаралықтық» принципін ғана емес, сонымен бірге «маркстік методологияны» жақтаушы деген атақты да бетке ұстап отыр. Басқаша айтқанда, А. Потресов марксизмнің нағыз ізбасары әрі жақтаушысы болғысы келеді, ал іс жүзінде ол марксизмді национал-либерализммен алмастырады. Каутский «адвокаттық» жасайды, яғни біресе ол, біресе бұл ұлттың түсіне, әр түрлі ұлттардың түсіне боянған либерализмді қорғай-

ды деп айыптап, А. Потресов Каутскийді «түзеткісі» келеді. А. Потресов национал-либерализмге (өйткені қазір Каутскийдің национал-либерал болғандығы мүлде күмәнсыз жәнс талассыз) халықаралықтықты және марксизмді қарсы қойғысы келеді. Ал іс жүзінде А. Потресов *ала-құла* национал-либерализмге *бір түсті* национал-либерализмді қарсы қояды. Ал енді марксизм — осы нақты тарихи жағдай үшін де, барлық жағынан да национал-либерализм атаулының бәріне қас.

Енді әңгіме мұның шынында да осылай екендігі және неліктен осылай екендігі туралы болмақ.

I

Егер оқушы мақаланың мына төменде келтірілген жеріне қанығатын болса, А. Потресовты национал-либералдық жалау астында жүзуге әкеліп соқтырған қырсықтың түйінін бәрінен де гөрі оңай түсіне алады:

> «...Олар өздеріне (Маркске және оның жолдастарына) тән барлық қызумен қаншама қиын проблеманы болса да игеріп алуға күш салды, олар дау-жанжалдың тамырын ұстап корді, олар оз козқарастары тұрғысынан қарағанда қажет болатын мүмкіндіктерге *қай жақтың жеңгені* кеңірек өріс ашатындығын анықтауға тырысты, сөйтіп олар өздерінің тактикасын құру үшін белгілі негіз орнатты» (73-бет, цитаттағы курсив біздікі).

«Қай жақтың жеңгені қажеттірек» — міне осыны анықтау керек, мұның өзінде ұлттық тұрғыдан емес, халықаралық тұрғыдан анықтау керек; маркстік методологияның мәні міне осында; осылай «судьядан» (марксистен) «адвокатқа» (национал-либералға) айналып кетіп, Каутскийдің бере алмай отырғаны міне осы. А. Потресовтың ойы осындай. Екі жақтың бірінің (атап айтқанда оз жағының) жеңуі қажет екендігін қуаттағанда, тіпті де «адвокаттық» жасап отырған жоқпын, қайта екінші жақтың «шектен тыс» күнәлары туралы нағыз халықаралық пікірлерді басшылыққа алып отырмын деп А. Потресовтың өзі мейлінше кәміл сенеді...

Потресов та, Маслов та, Плеханов та, тағысын-тағылар да бұлардың алғашқысы жасап отырған қорытын-

дыларга келе отырып, нағыз халықаралық пікірлерді басшылыққа алады... Бұл дейінгі аңқаулық. Алайда, ілгері озып кетпелік, әуелі таза теориялық мәселені талдауды аяқтап алайық.

Маркс, мысалы, 1859 жылгы итальян соғысында «қай жақтың жеңгені қажеттірек» екендігін анықтаған болатын. А. Потресов «өзінің кейбір ерекшеліктеріне байланысты, біз үшін ерекше қызғылықты болып отырған» нақ осы мысалға тоқталады. А. Потресов таңдаған мысалды келтіруге біз де, өз тарапымыздан, қарсы емеспіз.

Италияны азат етпек болгансып, ал іс жүзінде өзінің династиялық мақсаттары үшін III Наполеон 1859 жылы Австрияға соғыс жариялады.

«III Наполеонның арт жағында,— деп жазады А. Потресов,— соның алдында гана француздардың императорымен құпия келісім жасасқан Горчаковтың бейнесі елестеп тұрды». Мұнап қайшылықтар шумағы келіп шығады: бір жағында — Италияны езіп отырған мейлінше реакцияшыл европалық монархия, екінші жағында — азаттыққа ұмтылған, революцияшыл Италияның ішінде Гарибальди де бар өкілдері; олар архиреакционер III Наполеонмен және т. т. қоян-қолтық бірлескен. ««Екеуі де жаман» деп, күнәдан аулақ болу оңай емес пе еді?— деп жазады А. Потресов.— Алайда не Энгельс, не Маркс, не Лассаль мұндай шешімнің «оңайлығына» қызықпады, қайта олардың бәріне қымбат іске қақтығыстың қалай болып бітуі көбірек мүмкіндік бере алады деген мәселені іздеуге кірісті» (А. Потресов: мәселені зерттеуге және тексеруге кірісті дегісі келеді).

Маркс пен Энгельс, Лассальға қарама-қарсы, Пруссия араласуға тиіс деп білді. Олардың пікірлерінің ішінде,— А. Потресовтың өзінің мойындауы бойынша,— «дұшпан коалициясымен қақтығысудың нәтижесінде Германияда толып жатқан билеп-төстеушілерінің ырқынан тыс ұлттық қозғалыстың өрістеп кету мүмкіндігі туралы пікір де, европалық концертте қай держава негізгі залал болып шығады: реакцияшыл придунай монархиясы ма, әлде осы концерттің басқа үздік өкілдері ме» деген пікір де болды.

Маркстікі жөн бе еді, әлде Лассальдікі жөн бе еді, бізге бұл қажет емес,— деп қорытады А. Потресов,— бізге қажеті — қай жақтың жеңгені қажеттірек екендігін халықаралық тұрғыдап анықтау керек дегенге жұрттың бәрінің қосылатындығы.

А. Потресовтың алған мысалы осындай; авторымыздың пайымдауы осындай. Егер Маркс соғысушы *екі жақтың да* үкіметтерінің барып тұрған реакцияшылдығына қарамастап, сол кезде «халықаралық дау-жанжалдарды бағалай» (А. Потресовтың сөзі) білген болса, онда қазір де марксистер *сол тәрізді* баға беруге міндетті,— деп қорытады А. Потресов.

Бұл қорытынды — аңқау-балалық немесе дөрекі-софистік қорытынды, ойткені мұның өзі мынаған: Маркс 1859 жылы қай *буржуазияның* жеңгені қажеттірек деген мәселені шешкендіктен, біз де, жарты ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін, нақ сондай мәселені шешуге тиіспіз дегенге келіп тіреледі.

Марксте 1859 жылы (және бұдан едәуір кейінгі бірсыпыра жағдайларда да) «қай жақтың жеңгені қажеттірек» деген мәселе «қай *буржуазияның* жеңгені қажеттірек» деген мәселемен тең екендігін А. Потресов *аңғармаған*. Өзімізге белгілі мәселені Маркс сөзсіз *прогресшіл буржуазиялық* қозғалыстар бар болған кезде,— тек бар болып қана қоймай, Европаның басты-басты мемлекеттеріндегі тарихи процестің алдыңғы легінде тұрған кезде — шешкендігін А. Потресов *аңғармаған*. Біздің заманымызда, мысалы, европалық «концерттің» Англия мен Германия сияқты сөзсіз негізгі және аса маңызды тұлғалары жөнінде прогресшіл буржуазия туралы, прогресшіл буржуазиялық қозғалыс туралы ойлау күлкі болар еді. Осы негізгі және аса маңызды мемлекеттік тұлғалардың ескі буржуазиялық «демократиясы» реакциялық демократияға айналды. Ал А. Потресов мырза бұл туралы «ұмытып», *қазіргі* (буржуазиялық емес) демократияның көзқарасы туралы мәселені *ескі* (буржуазиялық) демократиясымақтың көзқарасымен ауыстырып жіберіп отыр. Бөгде, сонымен бірге ескі, заманы өткен таптың көзқарасына көшу — барып тұрған оппортунизм. Мұндай көшуді ескі заман мен

жаңа замандағы тарихи процестің объективтік мазмұнын талдаумен ақтау туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Нақ сол буржуазия,— мысалы, Германияда, тіпті Англияда да — А. Потресов жасаған айырбасты жасауға, империалистік заманды буржуазиялық-прогресшіл, ұлт-азаттық және демократиялық-азаттық қозғалыстардың заманымен айырбастауға тырысады. А. Потресов сын көзімен қарамай, буржуазияның соңынан салпақтап ере береді. Мұның өте-мөте кешірімсіз болатын себебі — А. Потресов өзі келтірген мысалында сол баяғы өткен заманда Маркстің, Энгельстің және Лассальдың қандай пікірлерді басшылыққа алғандығын мойындауға әрі көрсетуге тиіс еді*.

1-ден, мұның өзі *ұлттық* қозғалыс (Германия мен Италияның ұлттық қозғалысы) *туралы*, ол қозғалыстың «орта ғасыр өкілдерінің» ырқынан тыс дамуы туралы пікірлер еді; 2-ден, европалық концертте реакциялық монархиялардың (австриялық, наполеондық, т. б. монархиялардың) «негізгі зұлымдығы» туралы пікірлер еді.

Бұл пікірлер әбден айқын әрі талассыз. Феодалдық-абсолютистік күштерге қарсы буржуазиялық-ұлттық азаттық қозғалыстарының прогресшілдігін марксистер ешқашан теріске шығарған жоқ. Дау-жанжалдар жөнінде біздің заманымыздағы негізгі, яғни ең басты, ең маңызды мемлекеттерде *мұндай ештеңе* жоқ екендігін және болуға тиіс емес екендігін А. Потресовтың білмеуі мүмкін емес. Ол кезде Италияда да, Германияда да *ондаған жылдарға* созылған ұлт-азаттық типіндегі халықтық қозғалыстар болған еді. Ол кезде батыс буржуазиясы белгілі басқа мемлекеттік тұлғаларды өз қар-

* Айта кетелік, 1859 жылғы соғыс жағдайларына дұрыс баға берген Маркс пе, әлде Лассаль ма деген мәселені шешуден А. Потресов бас тартады. Біздің ойымызша, (Мерингтің айтқанына қарама-қарсы) Маркстікі жөн, ал Лассаль сол кезде де, Бисмаркпен ауыз жаласуындағы сияқты, оппортунист еді. Лассаль Пруссия мен Бисмарктің жеңуіне, Италия мен Германияның демократиялық ұлттық қозғалыстарының жеткілікті күшінің болмауына бейімделді. Сонысымен Лассаль ұлттық-либералдық жұмысшы саясаты жағына ауытқыды. Ал Маркс ұлттық-либералдық қорқақтыққа қарсы дербес, дәйекті-демократиялық саясатты (1859 жылы Пруссияның Наполеонға қарсы соғысқа араласуы Германиядағы халық қозғалысына қозғау салған болар еді) қуаттап, дамытты: Лассаль көбінесе төменге емес, жоғарыға қарады, Бисмаркке жалтақтап қарай берді. Бисмарктің «жеңуі» Лассальдың оппортунизмін тіпті де ақтамайды.

жысымен қолдаған жоқ, қайта, керісінше, осы тұлғалар *нағыз* «негізгі залал» болған еді. Біздің заманымызда басқа мемлекеттік тұлғалардың *бірде-бірі* «негізгі залал» болмайды және бола да алмайды; мұны А. Потресовтың білмеуі мүмкін емес,— оның өзі де мұны сол мақаласында мойындайды.

Буржуазия (мысалы, герман буржуазиясы, алайда тек жалғыз сол буржуазия ғана емес) құлқыншылдық мақсаттар үшін ұлттық қозғалыстардың идеологиясын қыздыра түседі, сөйтіп оны империализм заманына, яғни мүлде басқа заманға көшіруге тырысады. Оппортунистер *қазіргі* демократияның көзқарасын *лақтырып тастап, ескі* (буржуазиялық) демократияның көзқарасына көшіп, әрқашандағысындай, буржуазияның соңынан салпақтап ере береді. А. Потресовтың және оның жойымпаз пікірлестерінің барлық мақалаларының, бүкіл позициясының, бүкіл бағытының негізгі күнәсы нақ осында. Маркс пен Энгельс *ескі* (буржуазиялық) демократия заманында либералдық-баяу қозғалыстың демократиялық-қауырт қозғалысқа қарай дамуына қамқорлық жасап, қай буржуазияның жеңгені қажеттірек деген мәселені шешті. А. Потресов *қазіргі* (буржуазиялық емес) демократия заманында, не Англияда, не Германияда, не Францияда буржуазиялық-прогресшіл қозғалыс туралы, не либералдық-баяу, не демократиялық-қауырт қозғалыс туралы сөз болуы да мүмкін емес кезде, буржуазиялық национал-либерализмді уағыздайды. Маркс пен Энгельс *өз* заманынан, буржуазиялық-ұлттық прогресшіл қозғалыстар заманынан *ілгері* кетті, *бұл* қозғалыстарды алға қарай итермеледі, бұлардың орта ғасыр өкілдерінің «ырқынан тыс» дамуына қамқорлық жасады.

А. Потресов ескі (буржуазиялық) демократияның баяғыда күні өткен, өлі және сондықтан да іштей жалған көзқарасына секіріп өтіп, барлық социал-шовинистер сияқты, *өз* заманының қазіргі демократиясынан шегіншектейді.

Сондықтан А. Потресовтың демократияға деген мынадай үндеуі аса зор шатасушылық және барып тұрған реакциялық үндеу болып табылады.

«...Кейін шегінбе, ілгері бас. Дарашылдыққа емес, өзінің бүкіл тұтастығымен және өзінің бүкіл күшімен көрінетін халықаралық санаға ұмтыл. Алға бас, яғни белгілі мағынада кейін қарай да: Энгельске, Маркске, Лассальға қарай, олардың халықаралық дау-жанжалдарды бағалаудағы әдісіне қарай, мемлекеттердің халықаралық әрекеттерін де демократиялық мақсатқа пайдаланудың жалпы тобына қосуға қарай шегін».

А. Потресов қазіргі демократияны «белгілі мағынасында» емес, барлық мағыналарында *кейін* қарай сүйреп отыр, ескі буржуазиялық демократияның ұрандары мен идеологиясына қарай, бұқараның буржуазияға тәуелді болуына қарай сүйреп отыр... Маркстің әдісі ең алдымен мынада: осы нақты жағдайда *қай* таптың қозғалысы ықтимал прогрестің басты тетігі екендігін әуелі түсініп алу үшін осы нақты кезеңдегі, осы нақты жағдайдағы тарихи процестің *объективтік* мазмұнын еске алу керек. Ол кезде, 1859 жылы, континенттік Европада тарихи процестің объективтік мазмұны империализм емес, қайта ұлттық-буржуазиялық азаттық қозғалыстары болатын. Басты тетік феодалдық-абсолютистік күштерге қарсы буржуазия қозғалысы болды. Ал данасынған А. Потресов, 55 жыл өткеннен кейін, реакцияшыл феодалдардың орнын осылардың өздері тәрізді қаусап қалған буржуазияның финанс капиталының шонжарлары басқан кезде, халықаралық дау-жанжалдарды *жаңа таптың тұрғысынан емес, буржуазияның* тұрғысынан қарап бағалағысы келеді*.

А. Потресов өзінің осы сөздерімен айтқан ақиқатының мәніне ой жібермеген. Айталық, буржуазиялық, ұлттық және азаттық қозғалыстардың заманында екі ел бірімен-бірі соғысып жатыр екен делік. Қазіргі демократияның тұрғысынан алғанда қай елдің жеңгенін тілеу керек? Әрине, қай жағының жеңгені буржуазияның азаттық қозғалысын күштірек қозғап, неғұрлым қауырт дамытатын болса, феодализмді қаттырақ қақырататын болса, сол жағының жеңгенін тілеу керек. Тағы да, ай-

* «Шынында,— деп жазады А. Потресов,— тоқырау кезеңі сияқты болып көрінетін нақ осы кезенде әрбір елдің өз ішінде аса зор молекулалық процестер жүріп жатты, халықаралық жағдайдың өзі де астыртын қайта өзгерді, өйткені онда отар басып алу саясатының, соғыс құмар империализм саясатының *шешуші* жағдайға айналуы барған сайын айқындала түсті».

талық, объективтік тарихи жағдайдың *шешуші* кезеңі өзгерді делік, ұлттық азаттыққа бет алған капиталдың орнын интернационалдық реакциялық, финанстық, империалистік капитал басты делік. Соғысушы елдердің біріншісі, айталық, Африканың 3/4 бөлігіне, екіншісі 1/4 бөлігіне иелік етеді екен делік. Олардың соғысының объективтік мазмұны — Африканы қайта бөлісу. Қай жағының жеңгенін тілеу керек? Мәселені бұрынғыша қоюдың қисыны келмейді, өйткені бізде бағалаудың бұрынғы өлшемдері жоқ: буржуазиялық азаттық қозғалыстың көп жылдық дамуы да жоқ, феодализм күйреуінің көп жылдық процесі де жоқ. Африканың 3/4 бөлігіне өзінің «правосын» бірінші елдің нығайта түсуіне көмектесу де, осы 3/4 бөлікті екіншісінің (бұл ел экономикалық жағынан бірінші елден гөрі неғұрлым жедел дамып отырса да) тартып алуына көмектесу де қазіргі демократияның ісі емес.

Егер қазіргі демократия бірде-бір империалистік буржуазияға қосылмайтын болса, егер «екеуі де жаман» дейтін болса, егер әрбір елде империалистік буржуазияның жеңілуін тілейтін болса, тек сонда ғана ол өзіне адал күйінде қала береді. Басқаша шешімнің бәрі де іс жүзінде нағыз халықаралықтыққа ешбір қатысы жоқ ұлттық-либералдық шешім болады.

А. Потресовтың өзінің буржуазиялық көзқарасқа көшуін бүркемелейтін шытырман терминологиясымен оқушы өзінің алдануына тек жол бермесін. А. Потресов: «дарашылдыққа емес, өзінің бүкіл тұтастығымен және өзінің бүкіл күшімен көрінетін халықаралық санаға ұмтыл» деп лепіргенде, ол Каутскийдің көзқарасына өзінің көзқарасын қарсы қоятындығын айтады. Ол Каутскийдің (және осы тәріздімердің) көзқарасын «дарашылдық» деп атайды; бұл ретте ол «қай жақтың жеңгені қажеттірек» екенін есепке алудан Каутскийдің бас тартатынын және әрбір «дара» елдің жұмысшыларының национал-либерализмін ақтайтынын айтып отыр. Ал біздер болсақ, А. Потресов, Череванин, Маслов, Плеханов және басқаларымыз болсақ, «өзінің бүкіл тұтас-

тығымен және күшімен көрінетін халықаралық санаға» жүгінеміз, өйткені біз белгілі бір түстегі национал-либерализмді жақтағанда тіпті де дара-мемлекеттік (немесе дара-ұлттық) тұрғыдан емес, нағыз-халықаралық тұрғыдан жақтаймыз, дейді... Бұл пайымдауға күлер едіңіз, бірақ ол соншама... масқара пайымдау болып отыр.

Сөйтіп, А. Потресов пен К^0 және Каутский пәлендей таптың өкіліміз деп күшенсе де, сол таптың көзқарасына опасыздық жасап, буржуазияның соңынан салпақтап ере береді.

II

А. Потресов өзінің мақаласын: «Екі заман аралығында» деп атаған болатын. Дау жоқ, біз екі заман аралығында өмір сүріп отырмыз. Сондықтан біздің көз алдымызда болып жатқан маңызы аса зор тарихи оқиғаларды ең алдымен бір заманнан екінші заманға көшудің объективтік жағдайларын талдағанда ғана түсінуге болады. Әңгіме үлкен тарихи замандар туралы болып отыр; әрбір заманда кейде ілгері, кейде кейін басқан жекелеген, ішінара қозғалыстар болып отырады, бола да береді, қозғалыстардың орташа типінен және орташа қарқынынан түрліше ауытқулар болып отырады, бола да береді. Белгілі нақты бір заманның жекелеген тарихи қозғалыстарының қандайлық тездікпен және қандайлық табыспен өрістейтінін біз біле бермейміз. Бірақ біз қайсыбір заманның басты мазмұнын, оның дамуының басты бағытын, сол заманның тарихи жағдайының басты ерекшеліктерін, т. т. анықтай келіп, біз сол заманның басты күші *қай тап* екенін біле аламыз және білеміз де. Тек осы негізде ғана, ягни ең алдымен әр түрлі «замандардың» айырмашылығының негізгі белгілерін (жеке елдер тарихының жеке оқиғаларын емес) ескере отырып, өзіміздің тактикамызды дұрыс құра аламыз; тек сол заманның негізгі белгілерін білу ғана қайсыбір елдің неғұрлым егжей-тегжейлі ерекшеліктерін ескеруге негіз бола алады.

А. Потресов пен Каутскийдің (мұның мақаласы «Наше Делоның» сол номерінде басылған)[152] оларды маркс-

тік емес, национал-либералдық қорытындыларға апарып соқтыратын негізгі софизмі немесе бұл екеуінің негізгі тарихи қателері нақ осы жағында жатыр.

Мәселе мынада: А. Потресов алған және ол «арнайы көңіл» бөлген мысал, 1859 жылғы итальян науқанының мысалы және Каутский алған *осындай* бірқатар тарихи мысалдар — «аралығында» өзіміз өмір сүріп отырған «*нақ сол* тарихи замандарға» жатпайды. Өзіміз аяқ басқалы тұрған (немесе аяқ б...қан, бірақ өзінің бастапқы (атысында тұрған) заманды қазіргі (немесе үшінші) заман деп аталық. Өзіміз жаңа ғана шыққан заманды кешегі (немесе екінші) заман деп аталық. Ендеше, А. Потресов пен Каутский оздерінің мысалдарын алған заманды бұрнағы күнгі (немесе бірінші) заман деп атауға тура келеді. А. Потресовтың да, Каутскийдің де өрескел софизмі және пайымдауларының төзуге болмайтын жалғандығы — олардың қазіргі (үшінші) заманның жағдайларын бұрнағы күнгі (бірінші) заманның жағдайларымен айырбастайтындығында.

Түсініселік.

Маркстік әдебиетте сан рет келтірілген, Каутский талай рет қайталаған және А. Потресов өзінің мақаласында қабылдаған тарихи замандардың кәдуілгі бөлінулері мынадай: 1) 1789—1871; 2) 1871—1914; 3) 1914—? Әлбетте, жалпы алғанда табиғаттағы және қоғамдағы шектердің бәрі тәрізді, бұл арада да шектер — шартты, өзгермелі, абсолюттік емес, относительдік шектер. Ал біз зор тарихи қозғалыстардың кезеңдері секілді, ерекше үздік және көзге айқын көрінетін тарихи оқиғаларды тек шамамен ғана белгілейміз. Ұлы француз революциясынан Франция-Пруссия соғысына дейінгі бірінші заман — буржуазия өрлеген, ол толық жеңіске жеткен заман. Бұл — буржуазияның қарыштау жолы, жалпы алғанда буржуазиялық-демократиялық, жеке алғанда буржуазиялық-ұлттық қозғалыстар заманы, дәурені өткен феодалдық-абсолютистік мекемелердің тездеп қирау заманы. Екінші заман — буржуазияның толық үстемдік ету және құлдырау заманы, прогресшіл буржуазиядан реакцияшыл және барып тұрған реакцияшыл финанс капиталына көшу заманы. Бұл — жаңа таптың,

қазіргі демократияның әзірлену және ептеп күш жинау заманы. Жаңа ғана басталып келе жатқан үшінші заман буржуазияны феодалдардың бірінші заманда болған «жағдайына» қояды. Бұл — империализм заманы, сондай-ақ империализмнен туатын империалистік сілкіністер заманы.

Басқа ешкім де емес, Каутскийдің өзі-ақ толып жатқан мақалаларында және «Өкімет билігіне жеткізетін жол» деген кітапшасында (1909 жылы шықты) туып келе жатқан үшінші заманның негізгі белгілерін барынша айқын бейнелеген, бұл заманның екінші (кешегі) заманнан түбірлі айырмашылығын атап айтқан, қазіргі демократияның тікелей міндеттерінің, сондай-ақ күрес жағдайлары мен формаларының өзгерісін,— объективтік тарихи жағдайлардың өзгеруінен туатын өзгерісті,— мойындаған. Қазіргі уақытта Каутский өзі табынып келген нәрсесін отқа жағып отыр, барынша сорақы, барынша әдепсіз, барынша ұятсыз түрде теріс айналып отыр. Аталған кітапшасында ол соғыстың, оның үстіне 1914 жылы болған нақ осы соғыстың жақындап келе жатқандығының белгілерін тура айтқан болатын. Өзінің сенімдеріне және асқан салтанатпен жариялаған мәлімдемелеріне Каутскийдің опасыздық жасағандығын мейлінше айқын көрсету үшін осы кітапшаның бірқатар жерлерін оның қазіргі шатпақтарымен жай салыстырудың өзі де жеткілікті болар еді. Ал енді Каутский бұл жөнінде некен-саяқ бірдеңе емес (оның үстіне әсте тек немістік қана емес), қайта қазіргі демократияның дағдарыс кезінде буржуазия жағына жалт бұрылған бүтін бір жоғарғы тобының кәдуілгі өкілі болып табылады.

А. Потресов пен Каутский келтірген тарихи мысалдардың бәрі бірінші заманға жатады. 1855, 1859, 1864, 1866, 1870 жылдардағы ғана емес, сонымен қатар 1877 жылғы соғыстың (орыс-түрік соғысы) және 1896—1897 жылдардағы соғыстың (Түркияның Грециямен соғысы және армяндардың толқулары) кезіндегі тарихи құбылыстардың негізгі объективтік мазмұны буржуазиялық-ұлттық қозғалыстар болатын немесе феодализмнің әр алуан түрлерінен құтылуға тырысқан буржуазиялық

қоғамның «жанталасы» болатын. Толып жатқан алдыңғы қатарлы елдерде қазіргі демократияның буржуазияның асқынып кету және құлдырау заманына сай келетін қандай да бір шын мәнінде дербес әрекет жасауы туралы ол кезде сөз болуы да мүмкін емес еді. Ол кезде, сол соғыстар тұсында және сол соғыстарға қатыса отырып, жоғары өрлеу жолымен жүрген және феодалдық-абсолютистік мекемелерге басым күштермен жалғыз өзі қарсы шыға алатын басты тап буржуазия болды. Әр түрлі елдерде *дәулетті* товар өндірушілердің әр түрлі топтарының өкілдерінен құралған осы буржуазия әр түрлі дәрежеде прогресшіл болды, ал кейде (мысалы, 1859 жылы итальян буржуазиясының бір бөлегі) тіпті революцияшыл да болды, бірақ заманның жалпы белгісі буржуазияның нақ осы прогресшілдігі болды, *яғни* оның феодализммен күресінің шешілмегендігі, бітпегендігі болды. Қазіргі демократия элементтерінің,— сол элементтердің өкілі ретінде Маркстің де,— феодализмге қарсы прогресшіл буржуазияны (күреске қабілетті буржуазияны) сөзсіз қолдау принципін басшылыққа ала отырып, ол кезде «қай жақтың жеңгені», яғни *қай* буржуазияның жеңгені қажеттірек деген мәселені шешкені әбден табиғи нәрсе. Соғыс өрті шарпыған басты-басты елдердегі халықтық қозғалыс ол кезде жалпы демократиялық қозғалыс болды, яғни өзінің экономикалық және таптық мазмұны жағынан буржуазиялық-демократиялық қозғалыс болды. Қандай комбинация тұсында, реакциялық (буржуазияның өрлеуіне бөгет жасайтын феодалдық-абсолютистік) күштердің қайсысы сәтсіздікке ұшырағанда, *қай* буржуазияның жеңгені қазіргі демократияға көбірек «өріс» ашуы мүмкін деген мәселеден *басқа* мәселені ол кезде қоюға да болмағаны әбден табиғи.

Және оның үстіне, А. Потресовтың өзі де мойындауға мәжбүр болып отырғанындай, Маркс буржуазиялық ұлттық және азаттық қозғалыстардың негізіндегі халықаралық дау-жанжалдарға «баға бергенде», қай жақтың жеңісі ұлттық және жалпы халықтық бүкіл демократиялық қозғалыстардың «дамуына» (А. Потресовтың мақаласының 74-беті) көбірек көмектесе алатын-

дығы туралы пікірлерді басшылыққа алды. Мұның мәнісі — жекелеген ұлттарда буржуазияның өкіметке өрлеуі негізінде туған соғыс дау-жанжалдарының тұсында Маркс, 1848 жылғыдай, неғұрлым қалың және неғұрлым «плебей» бұқараны, жалпы алғанда ұсақ буржуазияны, атап айтқанда шаруаларды, ақырында, дәулетсіз таптарды қатыстыру жолымен буржуазиялық-демократиялық қозғалыстарды ұлғайта және шиеленістіре түсудің қамып ойлады. Қозғалыстың әлеуметтік негізін кеңейту туралы, оны дамыту туралы Маркстің нақ осы пікірі Маркстің дәйекті-демократиялық тактикасының Лассальдың национал-либералдармен одақтасуға бейім тұратын дәйексіз тактикасынан түбірлі айырмашылығы болып табылады.

Халықаралық дау-жанжалдар өзінің *формасы* жағынан үшінші заманда да бірінші замандағыдай халықаралық дау-жанжалдар болып қалды, бірақ олардың әлеуметтік және таптық *мазмұны* түбірінен өзгерді. Объективтік тарихи жағдай мүлдем басқаша болды.

Ұлттық азаттыққа бет алып жоғары өрлеп бара жатқан капиталдың феодализмге қарсы күресінің орнын төмендеп, құлдырап бара жатқан, ескірген, заманы өткен, ең реакцияшыл финанс капиталының жаңа күштерге қарсы күресі келіп басты. Феодализмнен азат болуға ұмтылған адамзаттың өндіргіш күштерінің *дамуына* бірінші заманда тірек болған мемлекеттердің буржуазиялық-ұлттық шеңберлері, енді, үшінші заманда, өндіргіш күштердің одан әрі дамуына *кедергі* жасады. Буржуазия өрлеп бара жатқан алдыңғы қатарлы таптан төмендеп бара жатқан, құлдырап бара жатқан, іштей өлі, реакцияшыл тапқа айналды. Жоғары өрлеуші тап — тарихи кең көлемде — енді мүлдем басқа тап болды.

А. Потресов пен Каутский бұл таптың көзқарасынан қол үзді де, тарихи процестің объективтік мазмұны *қазір де* буржуазияның феодализмге қарсы прогресшіл қозғалысы болып табылады-мыс дегенге сүйенетін буржуазиялық алдауды қайталап, кері кетіп отыр. Ал шынында,— буржуазия мейлі тіпті қай «түсті» болғанымен де,— *қазіргі* демократияның *реакцияшыл,* импе-

риалистік буржуазияның соңынан салпақтап ере беруі туралы енді сөз болуы да мүмкін емес.

Бірінші заманда, объективтік жағынан алғанда, тарихи міндет мынау болды: құрып бара жатқан феодализмнің *басты* өкілдерімен өзінің күресінде, барлық, жалпы алғанда бүкіл дүние жүзілік буржуазиялық демократияның барынша ұтып шығуы үшін халықаралық дау-жанжалдарды прогресшіл буржуазия қалай «пайдалануы» керек? Ол кезде, бірінші заманда, осыдан жарты ғасырдан астам бұрын, феодализмнің езгісінде болған буржуазияның «өзінің» феодал езушілерінің жеңілуін тілеуі табиғи және сөзсіз еді, мұның үстіне жалпы европалық салмағы бар, басты-басты, орталық, феодалдық осы тіректердің саны мүлде аз еді. Сондықтан Маркс: *жалпы европалық* феодалдық тіректі әлсірету үшін сол нақты жағдайда (ситуацияда) буржуазиялық-азаттық қозғалыстың қай елде жеңуінің *мәндірек* болатынын «бағалады».

Енді, үшінші заманда, жалпы европалық маңызы бар феодалдық тіректер мүлде қалмады. «Пайдалану», әрине, қазіргі демократияның міндеті болып табылады, бірақ — А. Потресов пен Каутскийге қарама-қарсы — нақ осы *халықаралық* пайдалану — жекелеген ұлттық финанс капиталдарына қарсы емес, интернационалдық финанс капиталына қарсы бағытталуға тиіс. Және осыдан 50—100 жыл бұрын өрлеуші тап болған тап пайдалануға тиіс емес. Ол кезде әңгіме ең алдыңғы қатарлы буржуазиялық демократияның «халықаралық қимылы» (А. Потресовтың сөзі) туралы болған еді; енді бұл міндет тарихи жағынан өсіп, объективтік жағдай арқылы мүлде басқа таптың алдына қойылып отыр.

III

Екінші заманды немесе, А. Потресовтың айтуынша, «қырық бес жылдық кезеңді» (1870—1914) сол А. Потресов өте жеткіліксіз сипаттайды. Практикалық қорытындылар жөнінде Троцкий А. Потресовпен келіспесе де (мұны біріншінің екіншіден артықшылығына жатқызу керек), Троцкийдің немісше шығармасында да бұл

заманның сипаттамасы толық емес — және де бұлардың бір-біріне белгілі жақындығының себебі осы аталған екі жазғыштың екеуіне де күңгірт болып қалмады ма екен.

Біздің екінші немесе кешегі заман деп атаған заманымыз туралы А. Потресов былай деп жазады:

«Жұмыс пен күрестің тәптештелген тежеулілігі және жаппай өріс алып отырған бірте-біртелік заманының біреулер принцип етіп көтерген осынау нышандары, басқа біреулер үшін өз болмыстарының дағдылы фактісіне айналды, әрі сол күйімен олардың психикасына элемент болып, олардың идеологиясына сарын болып енді» (71). «Оның (осы заманның) жоспарлы-ұстамды түрде және сақтықпен ілгері жылжу талантының екінші жағы, біріншіден, бірте-біртеліктің бұзылу сәттеріне және әр түрлі апаттық құбылыстарға бейімделмегендігінің айқын біліііп тұратындығы болса, ал, екіншіден, ұлттық қимыл—ұлттық орта шеңберінде мейлінше түйықталып қалғандығы болды» (72)... «Революция да, соғыстар да болған жоқ» (70)... «Демократияның «позициялық күресінің» дәуірі неғұрлым ұзаққа созылған сайын, Европаның орталығында халықаралық дау-жанжалдарды кездестірмеген, демек, ұлттық-мемлекеттік территориялардың шегінен шығатын толқуларды да бастан кешірмеген, жалпы европалық немесе дүние жүзілік көлемдегі мүдделерді айқын сезіп көрмеген... кезең, европалық тарих кезеңі сахнадан неғұрлым ұзақ уақыт бойы кетпеген сайын, демократия соғұрлым ойдағыдай ұлттық түрге келе берді» (75—76).

Троцкийдің сол заманға берген тиісті сипаттамасы сияқты, бұл сипаттаманың да негізгі кемшілігі — әлгі айтылған негізде дамыған қазіргі демократияның терең ішкі қайшылықтарын көргісі келмегендік, мойындағысы келмегендік. Демек, осы заманның қазіргі демократиясы, жалпы айтқанда, бірте-біртелігі өріс алған, ұлттық түрге келген, бірте-біртеліктің бұзылулары мен апаттарды ұмыта бастаған, ұсақталған, тат басқан тұтас нәрсе болып қала берген сияқты көрінеді.

Шынында олай болуы мүмкін емес еді, өйткені аталған тенденциялармен бірге, дау жоқ, қарама-қарсы басқа да тенденциялар болды, жұмысшы бұқарасының «болмысы» интернационалданды,— қалаларға ұмтылу және бүкіл дүние жүзіндегі үлкен қалаларда тұрмыс жағдайларының тегістелуі (біркелкіленуі), капиталдың интернационалдануы, аса ірі фабрикаларда қала хал-

қы мен село халқының, байырғы халық пен бөтен ұлт халқының араласуы, т. т.,— тап қайшылықтары шиеленісті, кәсіпкерлер одақтары жұмысшылар одақтарын қаттырақ жаныштай түсті, мәселен, бұқаралық стачкалар түрінде күрестің неғұрлым күшті де ауыр формалары пайда болды, тұрмыс қымбаттай берді, финанс капиталының езгісі шыдатпауға айналды, тағы басқа сондайлар.

Шынында олай *болған жоқ,*— біз мұны анық білгенбіз. Осы заманның он бойында Европадағы ірі капиталистік елдердің бірде-бірі, тіпті жалғыз ел де, қазіргі демократияның ішіндегі қайшылықты екі ағымның арасындағы күрестен аяушылық көрген емес. Заманның жалпы «бейбіт», «тоқыраған», ұйқылы-ояу күйіне қарамастан, ірі елдердің әрқайсысында бұл күрес кейде жікке бөлінуге дейінгі аса қауырт формаларға ұласып отырды. Бұл қайшылықты ағымдар өмірдің алуан түрлі салаларының және қазіргі демократия мәселелерінің бәрінен: буржуазияға көзқарастап, либералдармен одақтасудан, кредиттерді жақтап дауыс беруден, отар саясатына, реформаларға, экономикалық күрестің сипатына, кәсіптік одақтардың бейтараптығына, т. б. көзқарастан біліпіп отырды.

«Жаппай өріс алып отырған бірте-біртелік», Потресов пен Троцкий айтқандай, әсте бүкіл қазіргі демократияның бірегей үстем пиғылы болған емес. Жоқ, бұл біртебіртелік осы дәуірдегі Европада қазіргі демократияның көбінесе жеке фракцияларын, кейде тіпті жеке партияларын құрған белгілі бір бағыт болып бекіді. Бұл бағыттың өз көсемдері, өз баспасөз органдары, өз саясаты болды, халық бұқарасына өзінің ерекше — және ерекше ұйымдасқан — ықпалы болды. Ол ол ма. Бұл бағыт барған сайын қазіргі демократияның *ішіндегі* белгілі бір қоғамдық топтың мүдделеріне сүйене бастады — және, ақырында, егер осылай деп айту мүмкін болса, біржолата «сүйенді».

«Жаппай өріс алып отырған бірте-біртелік», әрине, қазіргі демократияның қатарына толып жатқан ұсақ буржуазияшыл жолбикелерді тартты; содан соң, өмір сүрудің — демек, саяси бағдардың да (бағыттың, ұмты-

лыстың) — ұсақ буржуазиялық ерекшеліктері парламентарийлердің, журналистердің, одақтық ұйымдар чиновниктерінің белгілі бір тобында пайда болды; ажырасуы және жіктелуі азырақ немесе көбірек деңгейде болып, жұмысшы табының өзінше бір бюрократиясы мен аристократиясы бөлініп шықты.

Мысалы, отарларға ие болуды, отар жерлерді кеңейтуді алыңыз. Мұның өзі айтылып отырған заманның және ірі мемлекеттердің көпшілігінің айрықша белгілерінің бірі болғаны күмәнсыз. Ал енді бұл экономикалық жағынан не деген сөз? Буржуазия үшін белгілі бір үстеме пайданың және ерекше пұрсатты жағдайлардың жиынтығы деген сөз, ал содан соң, күмән жоқ, ұсақ буржуалардың болмашы азшылығы үшін де, одан соң жұмысшы қозғалысының неғұрлым тәуір қойылған қызметшілері, чиновниктері, т. с. үшін де осы «самсаның» қалған-құтқанын алу мүмкіндігі болады деген сөз. Жұмысшы табының болмашы азшылығының отарлардан, пұрсатты жағдайлардан түскен пайдалардың болмашы бөлегін осылай «пайдалануы», мысалы, Англияда болды, бұл — кезінде Маркс пен Энгельс көре білген және атап көрсеткен даусыз факт. Бірақ кезінде тек қана ағылшындық құбылыс болған нәрсе, Европаның барлық ірі капиталистік елдері отарларды кең көлемде иеленуге көшкен сайын, жалпы алғанда капитализмнің империалистік дәуірі дамып, өскен сайын, осы елдердің бәрі үшін ортақ құбылысқа айналды.

Бір сөзбен айтқанда, екінші (немесе кешегі) замандағы «жаппай өріс алып отырған бірте-біртелік», А. Потресовтың ойлағанындай, «бірте-біртеліктің бұзылуына» белгілі «бейімсіздікті» ғана, Троцкийдің шамалағанындай, белгілі «поссибилистік»[153] ыңғайды ғана тудырып қойған жоқ: ол қазіргі демократияның ішіндегі белгілі бір әлеуметтік топқа, өзінің ұлттық «түсіндегі» буржуазиямен экономикалық, әлеуметтік және саяси ортақ мүдделердің толып жатқан арқаулары арқылы байланысты топқа сүйенетін тұтас бір оппортунистік *бағытты,*— «бірте-біртеліктің бұзылуы» туралы идеялардың бәріне тікелей, ашық, барынша саналы түрде және ұдайы дұшпан бағытты тудырды.

Троцкийдің (А. Потресов туралы айтпағанның өзінде) толып жатқан тактикалық және ұйымдық қателерінің түп тамыры оппортунистік бағыттың толық «пісіп жетілгендігін», сондай-ақ біздің заманымыздағы национал-либералдармен (немесе социал-ұлтшылдықпен) бұл бағыттың ажырамас тығыз байланысы бар екендігін мойындаудан оның нақ осы қорқатындығында, немесе мойындағысы келмейтіндігінде, немесе мойындауға қабілетінің жоқтығында. Оппортунизмнің осы «пісіп жетілгендігін» және оның осы ажырамас байланысын теріске шығару іс жүзінде, ең кемі, үстем болып отырған социал-ұлтшылдық (немесе национал-либералдық) залал жөнінде барып тұрған абыржушылыққа және шарасыздыққа апарып соғады.

Оппортунизм мен социал-ұлтшылдықтың байланысын, жалпы айтқанда, А. Потресов та, Мартов та, Аксельрод та, Вл. Косовский де (ол демократтардың соғыс кредиттерін жақтап немістік национал-либералдық дауыс беруін қорғауға дейін барды), Троцкий де теріске шығарады.

Олардың «басты дәлелі» — демократияны «оппортунизм бойынша» кешегі бөлу мен оны «социал-ұлтшылдық бойынша» бүгінгі бөлудің арасында толық сәйкестік жоқ деуінде. Бұл дәлел, 1-ден, факт жағынан дұрыс емес, мұны біз қазір көрсетеміз, ал 2-ден, ол мүлдем сыңар жақ, толымсыз, маркстік принцип жағынан негізсіз. Жеке адамдар, топтар бір жақтан екінші жаққа көше алады — мұның өзі тек мүмкін ғана емес, мұның өзі қандай да бір ірі қоғамдық «сілкініс» тұсында тіпті болмай қоймайтын нәрсе; белгілі *ағымның* сипаты бұдан ешбір өзгермейді; белгілі бір ағымдардың идеялық байланысы да өзгермейді, олардың *таптық* маңызы да өзгермейді. Бұл пікірлер жұрттың бәріне белгілі және даусыз болып көрінетіндігі соншалық — оларды баса айтып жатудың өзі тіпті ыңғайсыз да. Ал оның бер жағында аталған жазғыштар нақ осы пікірлерді ұмытқан. Оппортунизмнің негізгі таптық маңызы — немесе, айта берсеңіз, әлеуметтік-экономикалық мазмұны — толып жатқан жеке мәселелер жөнінде қазіргі демократияның белгілі элементтерінің (іс жүзінде, яғни

мұны өздері мойындамаса да) буржуазия жағына шығып кеткендігінде. Оппортунизм дегеніміз либералдық жұмысшы саясаты. Кімде-кім бұл сөздердің «фракциялық» кейпінен қорқатын болса, біз оларға Маркстің, Энгельстің және Каутскийдің (бұл өзі «фракцияшылдыққа» қарсылар үшін өте-мөте қолайлы «беделді адам» ғой, рас емес пе?) ең болмаса ағылшын оппортунизмі туралы пікірлерін ерінбей зерттеп шығыңыздар деп кеңес береміз. Мұндай зерттеудің нәтижесі оппортунизм мен либералдық жұмысшы саясатының арасындағы түбірлі де елеулі сәйкестікті мойындау болатындығына титтей де күмәндануға болмайды. Біздің заманымыздағы социал-ұлтшылдықтың негізгі таптық мәні де нақ сондай. Оппортунизмнің негізгі *идеясы* — буржуазия мен оның антиподының одақтасуы немесе жақындасуы (кейде келісімге келуі, блок жасасуы, т. т.). Социал-ұлтшылдықтың негізгі идеясы да нақ сондай. Оппортунизм мен социал-ұлтшылдықтың идеялық-саяси туыстығына, байланысына, тіпті барабарлығына ешбір күмәндануға болмайды. Ал біз негіз етіп, әлбетте, жеке адамдарды және топтарды емес, нақ қоғамдық *ағымдардың таптық* мазмұнына жасалған талдауды және солардың басты, елеулі принциптерінің идеялық-саяси жағынан зерттелуін алуға тиістіміз.

Біз нақ сол тақырыпқа басқарақ бір жағынан келіп, мынадай сұрақ қоямыз: социал-ұлтшылдық *қайдан* шықты? Ол қалай өсті және өсіп жетілді? Оған маңыз берген, күш берген *не?* Кімде-кім бұл сұрақтарға жауап бермеген болса, ол адам социал-ұлтшылдықты мүлде түсінбеген және ол адам, социал-ұлтшылдықпен «идеялық ажырасуға» әзірмін деп ант-су ішсе де, онымен «идеялық ажырасуға», әлбетте, мүлде қабілетсіз.

Ал бұл сұраққа тек бір ғана жауап болуы мүмкін: социал-ұлтшылдық оппортунизмнен өсіп жетілді және нақ осы оппортунизм оған күш берді. Социал-ұлтшылдық қалай «бірден» туа қалды? Іште жатқанына тоғыз ай болған бала қалай «бірден» туса, бұл да нақ солай. Барлық европалық елдерде бүкіл екінші (немесе кешегі) заманның өн бойында оппортунизмнің толып жатқан көріністерінің әрқайсысы жылғалар болды да, бұл

жылғалардың бәрі қосыла келіп, өте тайыз болғанымен (ал жақшаның ішінде: лай, лас дегенді де айта кету керек),— енді «бірден» үлкен бір социал-ұлтшылдық өзенге құйылды. Іште жатқан соң тоғыз айдан кейін бала анасынан тууға тиіс; оппортунизм ұрық сепкеннен кейін бірнеше ондаған жыл өткен соң, оның пісіп жетілген жемісі, социал-ұлтшылдық,— азды-көпті қысқа мерзімнің ішінде (ондаған жылдармен салыстырғанда) қазіргі демократиядан бөлініп шығуға тиіс. Әр алуан игі адамдар бұл жайындағы пікірлер мен сөздер туралы қалай айқай салғанымен, ашуланғанымен, аласұрғанымен, бұл өзі болмай қоймайды, өйткені бұл қазіргі демократияның бүкіл әлеуметтік дамуынан және үшінші заманның объективтік жағдайынан туады.

Ал егер «оппортунизм бойынша» бөлу мен «социал-ұлтшылдық бойынша» бөлудің арасында толық сәйкестік жоқ болса, онда мұның өзі осы құбылыстардың арасында елеулі байланыс жоқ екендігін дәлелдемес пе екен? Біріншіден, дәлелдемейді, XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі буржуазиядан шыққан жекелеген адамдардың біресе феодалдардың жағына, біресе халықтың жағына шығуы буржуазияның өсуі мен 1789 жылғы ұлы француз революциясының арасында «байланыс жоқ» деп дәлелдемейтіні сияқты. Екіншіден, жалпы және тұтас алғанда — әңгіме нақ осы жалпы және тұтас алу туралы болып отыр — мұндай сәйкестік *бар*. Бір елді емес, бірқатар елдерді алыңыз, мысалы, европалық он елді: Германияны, *Англияны, Францияны, Бельгияны,* Россияны, Италияны, Швецияны, Швейцарияны, Голландияны және Болгарияны алыңыз. Асты сызылған үш ел ғана ерекшелеу болып көрінер; басқаларында оппортунизмнің үзілді-кесілді қарсыластарының *ағымдары* нақ осы социал-ұлтшылдыққа дұшпан *ағымдарды* тудырды. Белгілі «Әрайлықты» және оның Германиядағы қарсыластарын, «Наше Делоны» және оның Россиядағы қарсыластарын, Биссолати партиясын және оның Италиядағы қарсыластарын салыстырыңыздар; Швейцарияда Грейлих пен Гриммнің, Швецияда Брантинг пен Хёглундтың, Голландияда Трульстраның және Паннекук пен Гортердың жақтастарын салыстырыңыздар; ақы-

рында, Болгариядағы «общеделошылдар» мен «тесняктарды»[154] салыстырыңыздар. Ескі бөлу мен жаңа бөлудің арасында жалпы сәйкестік бар екендігі факт, ал Кама өзені келіп құйылғандағы Волга мен Кама құйылмай тұрған кездегі Волганың арасында толық сәйкестік болмайтыны сияқты, немесе бала мен оның ата-анасының арасында толық ұқсастық болмайтыны сияқты, табиғаттың тіпті қарапайым құбылыстары арасында да толық сәйкестік болмайды. Англия ерекше сияқты болып қана көрінеді; іс жүзінде онда соғысқа дейін *күнделікті* екі газеттің төңірегінде басты екі ағым болған — бұл ағымдардың бұқаралық түрде болғандығының ең дұрыс объективтік белгісі: атап айтқанда, оппортунистерде «Ежедневный Гражданин»[155] және оппортунизмнің қарсыластарында «Ежедневный Вестник»[156] газеттері болған. Екі газетті де ұлтшылдықтың толқыны шарпыған; бірақ оппозицияда біріншіні жақтаушылардың $^1/_{10}$ бөлігінен азырағы және екіншіні жақтаушылардың $^3/_7$ бөлігіне жуығы болды. Тек «Британ социалистік партиясы» мен «Тәуелсіз жұмысшы партиясы» ғана салғастырылатын әдеттегі салыстыру тәсілі дұрыс емес, өйткені осы соңғысының фабийшылдармен де[157], «Жұмысшы партиясымен» де[158] *іс жүзінде* блок жасасып отырғаны ұмытылады. Демек, 10 елден екі-ақ ел ерекше болады; бірақ мұнда да толық ерекшелік жоқ, өйткені бағыттар орындарын ауыстырған емес, тек қана толқын оппортунизмнің қарсыластарының бәрін дерлік шарпып өтті (мұның себептері түсінікті екендігі соншалық, оларға тоқталып жататын түгі де жоқ). Мұның өзі толқынның күшін көрсетеді, бұған дау жоқ; бірақ бұл ескі бөлу мен жаңа бөлудің жалпы европалық сәйкестігін тіпті де бекерге шығармайды.

Бізге: «оппортунизм бойынша» бөлу ескірген, халықаралықтықты жақтаушылар және ұлттық шектелулікті жақтаушылар деп бөлуде ғана мағына бар, дейді. Бұл түбірімен теріс пікір. Егер сіз «халықаралықтықты жақтаушы» деген ұғымды *нақты* дамытпасаңыз, мұнда ешқандай мазмұн, ешқандай мағына қалмайды, ал осындай нақты дамытудың әрбір қадамы оппортунизмге дұшпандықтың белгілерін санап шығу болады.

Практикада мұның өзі одан да гөрі дұрысырақ болады. Оппортунизмнің ең дәйекті әрі батыл қарсыласы болып табылмайтын халықаралықтықтың жақтаушысы сағыммен бірдей, басқа түк те емес. Мүмкін, мұндай жекелеген адамдар өздерін шынымен-ақ «халықаралықшылдармыз» деп есептер, бірақ жұрт адамдарға олардың өздері туралы не ойлайтындығына қарап емес, олардың саяси мінез-құлқына қарап баға береді: оппортунизмнің дәйекті әрі батыл қарсыласы болып табылмайтын мұндай «халықаралықшылдардың» саяси мінез-құлқы әрқашан ұлтшылдар ағымына көмек немесе сүйеніш болады. Екінші жағынан, ұлтшылдар да өздерін «халықаралықшылдармыз» деп атайды (Каутский, Ленч, Гениш, Вандервельде, Гайндман және басқалары) және өздерін осылай деп атап қана қоймайды, сонымен қатар халықаралық жақындасуды, келісімге келуді, адамдардың, олардың ой жүйесінің бірігуін толық мойындайды. Оппортунистер «халықаралықтыққа» *қарсы емес,* олар тек қана оппортунистерді халықаралық көлемде мақұлдауды және олардың халықаралық көлемде келісімге келуін жақтайды.

ПОЛИЦИЯ МЕН РЕАКЦИОНЕРЛЕР ГЕРМАН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ БІРЛІГІН ҚАЛАЙ КҮЗЕТІП ОТЫР

Неміс социал-демократиясының Готадағы газеті— «Готский Народный Листок» 9 январьдағы номерінде «Социал-демократиялық парламенттік фракцияның саясаты полицияның қорғауында» деген мақала басты.

«Алдын ала цензуралау практикасының алғашқы екі күні,— деп жазады әскери бастықтардың осынау жағымды қамқорлығына алынған газет,— біздің ішімізде социал-демократиялық фракция саясатының қолайсыз сыншыларының аузын аштырмауға орталық өкімет орындарының айрықша қамқорлық жасап отырғандығын мейлінше айқын көрсетті. Цензураның көздейтін мақсаты социал-демократиялық партияда «партиялық татулықты» сақтау, немесе, басқаша айтқанда, «біртұтас», «топтасқан» және қуатты неміс социал-демократиясын сақтау болып табылады. Үкімет қамқорлығына алып отырған социал-демократия,— міне, біздің «ұлы» заманда, неміс халқының қайта туу заманында ішкі саясаттағы ең маңызды оқиға осы. Біздің социал-демократиялық фракцияда мәжіліс құрушы саясатшылардың өз көзқарастарын жақтап құшырлана үгіт жүргізгеніне міне бірнеше апта болды. Бірнеше аса ірі партия орталығында олар күшті оппозицияға кездесті. Олардың насихаты жұмысшылар арасында соғыс кредиттеріне дауыс берушілерді жақтамау, қайта бұларға қарсы болу пиғылын туғызды. Сондықтан да әскери өкімет орындары бірде цензуралық тыйым салуды, бірде жиналыс бостандығын жоюды қолданып, оларға көмектесуге тырысты. Бізде Готада социал-демократиялық фракцияға — әскери цензура, Гамбургте—жиналыстар өткізуге белгілі дәрежеде тыйым салу көмектесіп отыр».

Швейцария социал-демократиясының Берндегі газеті[159] осы сөздерді келтіре отырып, Германиядағы толып жатқан социал-демократиялық газеттердің алдын ала жасалатын цензураға бағынғандығын атап көрсетеді және өз тарапынан былай деп қосады:

«Сөйтіп, көп ұзамай неміс баспасөзінің бірауыздылығына ешді еш нәрсе бөгет жасамайтын болады. Егер қайсыбір жерде мұны бұзуға әрекет жасалса,— партиялық татулықты жақтаушы «социал-демократтардың» тікелей және жанамалап жеткізген сөздері бойынша, әскери диктатура бұған дереу және қатал тыйым салады».

Шынында да, оппортунистік социал-демократиялық газеттер радикалдық газеттер жөнінде тікелей және жанамалап соз жеткізіп тұрады!

Демек, «Социал-Демократтың» 36-номерінде «оппортунистер—пролетарлық революцияның буржуазиялық жаулары; олар... дагдарыс заманында *бірден-ақ*... бірігіп алған бүкіл буржуазияның ашық одақтасы болып шыға келеді»*—деп жазғанымыздың әбден дұрыс екендігін фактілер дәлелдеп отыр. Біздің заманымыздағы социал-демократиялық партияның ұраны ретіндегі бірлік оппортунистермен бірлік жасауды және соларға (немесе олардың буржуазиямен жасаған блогына) бағынуды білдіреді. Бұл — *іс жүзінде* полиция мен реакционерлерге көмектесетін, жұмысшы қозғалысының түбіне жететін ұран.

Айтқандайын. Борхардттың «1914 жылғы 4 августқа дейін және одан кейін» деген тамаша кітапшасы «Неміс социал-демократиясы өзінен өзі безінді ме?» деген қосымша тақырыппен жарық көргенін (неміс тілінде) айта кетелік. 4 августқа *дейінгі* партиялық мәлімдемелер мен «төртінші август» саясатының арасындағы сұмдық қайшылықты көрсете келіп, автор: иә, безді, деп жауап береді. 1914 жылғы 4 августқа дейін Германияның (және басқа да елдердің) социал-демократтары: біз соғысқа қарсы соғыста ешқандай құрбандықтан тартынбаймыз деген болатын. Ал 1914 жылы 28 сентябрьде Орталық Комитеттің мүшесі Отто Браун жария газеттердегі 20 миллион капиталды және 11 000 қызметшіні сылтауратты. Жариялылықпен азғындаған ондаған мың көсемсымақтар, чиновниктер және пұрсатты жұмысшылар социал-демократиялық пролетариаттың миллиондаған армиясының шырқын бұзды.

* Қараңыз: осы том, 119-бет. *Ред.*

Бұдан алатын сабағымыз әбден айқын: шовинизм мен оппортунизмнен үзілді-кесілді ажырасу керек. Ал қаукөкірек социалист-революционер мылжыңдар (Ю. Гарденин мен К⁰) қаукөкірек Париж «Мыслінде» ұсақ буржуазиялық идеялардың пайдасына бола марксизмнен безіп отыр! Саяси экономияның әліппесі және тек бір ғана революциялық тапты — пролетариатты тудыратын капитализмнің дүние жүзілік дамуы ұмытылып отыр. Чартизм[160], 1848 жылғы июнь[161], Париж Коммунасы, 1905 жылғы октябрь мен декабрь[162] ұмытылып отыр. Жұмысшылар өздерінің бүкіл дүние жүзілік революциясына қарай бірқатар жеңілістер мен қателіктер арқылы ғана, сәтсіздіктер мен әлсіздіктер арқылы ғана бара жатыр, бірақ олардың бүкіл дүние жүзілік революцияға қарай бара жатқаны анық. Интернационалдың 1914 жылы масқара болып, күйреуінің негізгі және басты, түбірлі себебі пролетариатқа жасалған буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық ықпал екендігін көрмеу үшін соқыр болу керек. Ал сөзуар Гардениндер мен К⁰ социализмнің бірден-бір қоғамдық-тарихи негізінен, пролетариаттың таптық күресінен толық безу арқылы, марксизмді филистерлік, интеллигенттік-халықшылдық сылдыр суға біржолата араластырып жіберу арқылы социализмді емдемекші болады. Мұның өзі пролетарлық революциялық қозғалыстың оппортунизмнен толық ажырасуы бағытында қажырлы жұмыс жүргізу емес, қайта осы қозғалысты бұрнағы күні бомбалы либералдар болған, кеше либералдарша ренегаттық жасаған, ал бүгін «еңбек» негізі жайындағы буржуазиялық тәтті сөздерге елтіп жүрген Ропшиндер мен Черновтар сияқты оппортунистермен біріктіру!! Гардениндер Зюдекумдерден артық емес, социалист-революционерлер жойымпаздардан артық емес: социал-демократтар мен социалист-революционерлерді біріктіру программасын арнайы жүргізіп отырған «Современник»[163] журналында бұлардың соншалық тату-тәтті құшақтасуы тегін емес.

«Социал-Демократ» № 39,
3 март, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ЛОНДОН КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

РСДРП өкілінің хатын қысқартып келтірелік:

«Лондон, 14 февраль, 1915 жыл. Мені шақырсыншы деп емес, адресімді білдірейінші деп жазған хатыма жауап ретінде кеше түнде Интернационалдың Британ секциясының секретарынан конференцияның адресін алдым. Декларацияны оқып шықпақшы болып баруға ұйғардым. Онда социалист-революционерлерден Рубановичті (социал-шовинистерден), «Мысльден» Чернов пен Бобровты, Ұйымдастыру комитетінен Мартовпен бірге делегат етіп жіберілген Майскийді көрдім, Мартов пропуск ала алмағандықтан келмей қалыпты. Англиядан 11 делегат (Кейр-Гарди председатель, Макдональд және басқалар), Франциядан 16 (Самба, Вальян және басқалар), Бельгиядан 3 делегат (Вандервельде және басқалар) болды.

Председатель конференцияны ашып, оның мақсаты қарар қабылдау емес, пікір алысу деп хабарлады. Француздардың біреуі *көпшіліктің* пікірін қарармен бекіткен жөн емес пе?—деген түзету ұсынды. Үн-түнсіз қабылданды.

Күн тәртібінде: 1) ұлттар праволары—Бельгия, Польша; 2) отарлар; 3) бейбітшілік кепілдіктері. Мандат комиссиясы (Рубанович және басқалар) сайланды. Әрбір елден бір-бір өкіл соғысқа көзқарас туралы қысқаша хабарлама жасасын деп ұйғарылды. Мен сөз алдым да, Халықаралық социалистік бюродағы біздің партияның ресми өкілінің шақырылмағанына наразылық біл-

дірдім (үнемі Лондонда тұратын Максимович жолдас көптен бері, бір жылдан астам, біздің партиядан Халықаралық социалистік бюроның мүшесі). «Аттары белгілілердің» бәрі де шақырылған деп, председатель менің сөзімді бөліп жіберді. Мен шын өкілдердің хабарланбағандығына екінші рет наразылық білдірдім. Бұдан кейін соғысқа жалпы көзқарасты білдірген және Халықаралық социалистік бюроға *жіберілген* өзіміздің Манифесті (қараңыз: «Социал-Демократ» № 33: «Соғыс және россиялық социал-демократия»)* тілге тиек еттім. Бітім шарттарын айтудан бұрын оған қандай жолдармен жететіндігімізді айқындап алу керек, ал бұл үшін жалпы революциялық социал-демократиялық негіз бар ма, біз мәжілісті шовинистерше, пацифистерше жүргізіп отырмыз ба немесе социал-демократтарша жүргізіп отырмыз ба — осыларды анықтап алу қажет. Мен өзіміздің декларацияны оқи бастадым, бірақ председатель менің делегат ретінде жағдайымның әлі анықталмағандығын (!!) және өздерінің «әр түрлі партияларды сынау үшін» жиналмағандығын (!!!) айтып, сөзімді аяқтатпай қойды. Мен сөзімді мандат комиссиясының баяндамасынан кейін жалғастырамын деп мәлімдедім». (Оқып шығуымызға берілмеген декларацияның тексті келесі номерде басылады.)

«Жалпы позиция туралы Вальян, Вандервельде, Макдональд, Рубанович қысқаша мәлімдемелер жасады. Содан кейін мандат комиссиясының баяндамасы бойынша Майскийге бір өзің Ұйымдастыру комитетінің өкілі бола алатын-алмайтындығыңды өзің шеш деген ұсыныс жасалды, ал маған қатысуға «рұқсат етілді». Мен көрсеткен «құрметі» үшін конференцияға алғысымды айттым да, қалу-қалмауымды анықтау үшін декларацияны одан әрі жалғастырғым келді. Конференцияға «шарт» қоюға рұқсат етпей, председатель сөзімді бөлді. Осы кезде мен конференцияға қандай себептермен *қатыспайтынымды* хабарлауға рұқсат сұрадым. Қабылданбады. Онда РСДРП-ның конференцияға қатыспайтынын мәлімдеуге рұқсат етіңіз, ал оның се-

* Қараңыз: осы том, 13—22-беттер. *Ред.*

бептері туралы председательге жазбаша декларация қалдырамын, дедім. Қағаздарымды жинап алдым да, шығып кеттім...

Председательге Латыш социал-демократиясы Орталық Комитеті председателінің (Берзиннің) біздің декларацияға түгелдей қосылатындығы туралы мәлімдемесі табыс етілді».

Конференция делегаттарының баспасөзге бірдеңе хабарлауына тыйым салынды, бірақ Максимовичтің кетуіне мұның, әлбетте, қатысы жоқ, сондықтан Кейр-Гарди қатынасатын орган «Labour Leader»[164] Максимовичтің кетуін және оның көзқарасын жалпылама айтып өтті.

Орын жеткіліксіз болғандықтан, біз Лондон конференциясына және оның қарарларына келесі номерде қайта оралуға мәжбүр болып отырмыз. Әзірше оның социал-шовинизмді бүркемелейтін қарарларының мүлдем түкке тұрғысыздығын атап өтеміз.

Орыс өкілдігінің бейнесі: Орталық Комитет және латыш социал-демократтары социал-шовинизмге үзілді-кесілді және айқын түрде қарсы. Жойымпаздардың Ұйымдастыру комитеті көзден ғайып болып барады немесе аяққа оралғы болып жүр. Социалист-революционерлердің «партиясы» (Рубанович) социал-шовинизм *жағында*, «Мысль» (Бобров пен Чернов) оппозицияда, оны біз олардың мәлімдемесі қандай болатынын білген соң бағалаймыз.

«Социал-Демократ» № 39, 3 март, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ШЕТЕЛДІК СЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ[165]

Жуырда РСДРП шетелдік секцияларының Швейцарияда болған конференциясы өзінің жұмысын аяқтады. Бірыңғай шетелдік істерді талқылаумен бірге,—біз бұл істер жайында Орталық Органның келесі номерлерінде қысқаша болса да айтуға тырысамыз,— конференция соғыс туралы маңызды және көкейтесті мәселе жөнінде қарарлар қабылдады. Интернационализмді сөз жүзінде мойындауға, ал іс жүзінде қалай болған күнде де, әйтеуір бір есебін тауып социал-шовинизммен ымыраласуға тырысуға барып тірелетін қазіргі пікірлер былығынан арылып, қызу іске кірісу жолын шын іздейтін барлық социал-демократтар үшін пайдалы болар деген үмітпен бұл қарарларды дереу басып шығарып отырмыз. «Европа Құрама Штаттары» ұраны туралы мәселе жөніндегі айтыс сыңар жақ саяси сипат алғандығын, сондықтан мәселені баспасөзде істің *экономикалық* жағы талқыланғанға дейін кідірте тұруға шешім қабылданғандығын қоса айтамыз.

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ҚАРАРЛАРЫ

33-номерде* басылған Орталық Комитет манифесінің негізіне сүйене отырып, конференция насихаттың неғұрлым жоспарлы болуы үшін мынадай қағидаларды белгілейді:

---

* Қараңыз: осы том, 13—23-беттер. *Ред.*

СОҒЫСТЫҢ СИПАТЫ ТУРАЛЫ

Қазіргі соғыстың империалистік сипаты бар. Бұл соғысты капитализм өз дамуының жоғары сатысына жеткен кездегі, шетке тек товар шығару ғана емес, енді шетке капитал шығару да неғұрлым елеулі маңыз алған кездегі, өндірісті картельдендіру және шаруашылық өмірді интернационалдандыру едәуір мөлшерге жеткен кездегі, отаршылдық саясат жер шарын түгел дерлік бөлісіп алуға жеткізген кездегі, дүние жүзілік капитализмнің өндіргіш күштері ұлттық-мемлекеттік бөліністің шектеулі шеңберлерінен асып шыққан кездегі, социализмді жүзеге асырудың объективтік шарттары әбден пісіп жетілген кездегі заманның жағдайлары туғызып отыр.

«ОТАН ҚОРҒАУ» ҰРАНЫ ТУРАЛЫ

Қазіргі соғыстың шын мәні отарларды бөлісіп алу үшін және бәсекелес елдерді тонау үшін Англияның, Францияның және Германияның арасында болып жатқан күресте және патша өкіметі мен Россияның билеуші таптарының Персияны, Монғолияны, Азиялық Түркияны, Константинопольды, Галицияны, т. т. басып алуға тырысуында. Австрия-Сербия соғысындағы ұлттық элемент, соғыстың жалпы империалистік сипатын өзгертпей, мүлде бағыныштылық маңыз алып отыр.

Соңғы ондаған жылдардағы бүкіл экономикалық және дипломатиялық тарих соғысушы ұлттардың екі тобы да ұдайы нақ осы тәрізді соғысты әзірлегендігін көрсетеді. Социалистердің тактикасын белгілеуде қай топ соғыста бірінші болып соққы берді немесе бірінші болып соғыс жариялады деген мәселенің ешкандай маңызы жоқ. Екі жағының да отан қорғау туралы, жау шапқыншылығына тойтарыс беру туралы, қорғаныс соғысы, т. с. туралы сөздері бастан-аяқ халықты алдау болып табылады.

Әсіресе 1789—1871 жылдардағы заманда болған нағыз ұлттық соғыстардың негізінде бұқаралық ұлттық қозғалыстардың, абсолютизмге және феодализмге қар-

сы күрестің, ұлттық езгіні құлатудың және капиталистік дамудың алғы шарты ретінде ұлттық негізде мемлекет құрудың ұзаққа созылған процесі жатқан еді.

Сол заман тудырған ұлттық идеология ұсақ буржуазия бұқарасында және пролетариаттың бір бөлегінде терең із қалдырды. Енді мұны мүлде басқа, империалистік заманда, жұмысшыларға жік салу үшін және оларды таптық міндеттерден, буржуазияға қарсы революциялық күрестен бұрып әкету үшін буржуазия софистері мен солардың соңынан салпақтап ергендер, социализмге опасыздық жасаушылар, пайдаланып отыр.

«Жұмысшылардың отаны жоқ» деген «Коммунистік Манифестің» сөздері басқа қай уақыттағыдан болса да әсіресе қазір дұрыс айтылған сөз болып отыр. Пролетариаттың буржуазияға қарсы интернационалдық күресі ғана оның қол жеткен жеңістерін қорғап, езілген бұқараға жақсы болашаққа жетудің жолын аша алады.

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ҰРАНДАРЫ

«Қазіргі империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру — Коммунаның тәжірибесі нұсқаған, Базель (1912 ж.) қарары белгілеген және жоғары дәрежеде дамыған буржуазиялық елдер арасындағы империалистік соғыстың барлық жағдайларынан туып отырған бірден-бір дұрыс пролетарлық ұран»*.

Қазіргі заманда революциялық социал-демократия азамат соғысына шақырып отыр, ал азамат соғысы дегеніміз алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде капиталистер табын экспроприациялау үшін, Россияда демократиялық революция жасау үшін (демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні, помещиктердің жерлерін конфискелеу),— жалпы алғанда артта қалған монархиялық елдерде республика құру, т. т. үшін пролетариаттың қолға қару алып буржуазияға қарсы жүргізетін күресі.

Соғыс салдарынан бұқараның өте-мөте күйзелуі революциялық пиғылдар мен қозғалыстарды тудырмай

---

* Қараңыз: осы том, 23-бет. *Ред.*

қоймайды; азамат соғысы ұраны осы пиғылдар мен қозғалыстарды қорытып, бағыттап отыруға қызмет етуі керек.

Қазіргі кезде жұмысшы табының ұйымы қатты соққы жеп қалды. Бірақ қалай дегенмен де революциялық дағдарыс пісіп жетілуде. Соғыстан кейін барлық елдердегі үстем таптар пролетариаттың азаттық қозғалысын әлденеше ондаған жылдарға кейін шегіндіріп тастау үшін бұдан да қатты күш салып бағады. Революциялық даму шапшаң қарқын алған жағдайда да, дағдарыс созалаң сипат алған жағдайда да революциялық социал-демократияның міндеті ұзаққа кететін, күнбекүнгі жұмыстан бас тартпау, тап күресінің бұрынғы әдістерінің ешқайсысын елеусіз қалдырмау. Парламентаризмді де, экономикалық күресті де бұқараның революциялық күресі рухында оппортунизмге қарсы бағыттау оның міндеті болып табылады.

Қазіргі империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру жолындағы алғашқы адымдар ретінде мыналарды атап көрсету керек: 1) соғыс кредиттеріне дауыс беруден сөзсіз бас тарту және буржуазиялық министрліктерден шығу; 2) «ұлттық татулық» саясатынан (bloc national, Burgfrieden) толық қол үзу; 3) үкіметтер мен буржуазия соғыс жағдайын енгізіп, конституциялық бостандықтарды жойған жерлердің бәрінде де құпия ұйымдар құру; 4) траншеяларда және жалпы соғыс майдандарында соғысушы ұлттар солдаттарының бауырласуын қолдау; 5) пролетариаттың жалпы революциялық бұқаралық бой көрсетулерінің бәрін қолдау.

ОППОРТУНИЗМ ЖӘНЕ II ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ КҮЙРЕУІ

Екінші Интернационалдың күйреуі — социалистік оппортунизмнің күйреуі. Оппортунизм жұмысшы қозғалысы дамуының бұдан бұрынғы «бейбіт» заманының жемісі ретінде өсіп шықты. Бұл заман жұмысшы табын парламентаризмді және барлық жария мүмкіндіктерді пайдалану, күрестің бұқаралық экономикалық және саяси ұйымдарын, кең көлемдегі жұмысшы баспасөзін, т. т. құру сияқты маңызды құралдарын қолдануға үй-

ретті. Екінші жағынан, бұл заман тап күресін теріске шығару және әлеуметтік татулықты уағыздау, социалистік революцияны теріске шығару, құпия ұйымдарды принципті түрде теріске шығару, буржуазиялық патриотизмді мойындау тенденциясын, т. т. тудырды. Жұмысшы табының белгілі бір топтары (жұмысшы қозғалысындағы бюрократия және отарларды қанаудан, өздерінің «отандарының» дүние жүзілік рыноктағы пұрсатты жағдайынан үлесіне азын-аулақ пайда тиіп қалып отырған жұмысшы аристократиясы), сондай-ақ социалистік партиялардың ішіндегі ұсақ буржуазиялық жолбикелер осы тенденциялардың әлеуметтік басты тірегі және пролетариатқа буржуазиялық ықпалды өткізушілер болды.

Оппортунизмнің бүлдіргіш ықпалы әсіресе соғыс кезінде II Интернационалдың ресми социал-демократиялық партияларының көпшілігінің саясатында айқын көрінді. Кредиттерге дауыс беру, министрліктерге ену, «азаматтық татулық» саясаты, жариялылық жойылып отырғанда құпия ұйымдардан бас тарту—Интернационалдың аса маңызды шешімдерін бұзу әрі социализмге тура опасыздық жасау деген сөз.

III ИНТЕРНАЦИОНАЛ

Соғыс тудырған дағдарыс оппортунизмнің шын мәнін ашып, оны пролетариатқа қарсы буржуазияның тікелей жәрдемшісі ролінде көрсетті. Каутский бастаған социал-демократиялық «центр» дейтін өте-мөте зиянды екіжүзділік жел сөздермен және марксизмді империализмге бейімдеп бұрмалау арқылы оппортунизмді бүркеп, іс жүзінде оппортунизмге қарай мүлдем сырғып кетті. Тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: мысалы, Германияда партияның жоғарғы топтары көпшілігінің еркін батыл бұзу ғана социалистік көзқарасты қорғап шығуға мүмкіндік берді. Оппортунистермен ұйымдық жағынан толық ажыраспайынша, нағыз социалистік Интернационалды қалпына келтіреміз деп дәмелену зиянды жалған үміт болар еді.

Интернационалдың барлық антишовинистік элементтерін жақындастыруға тыpыса отырып, РСДРП пролетариаттың интернационалдық және революциялық-бұқаралық бой көрсетулерінің қандайын болсын қолдап отыруға тиіс.

ПАЦИФИЗМ ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК ҰРАНЫ

Жұмысшы табын ақымақ етудің бір түрі—пацифизм және бейбітшілікті абстракциялы түрде уағыздау. Капитализм тұсында, әсіресе оның империалистік сатысында, соғыс болмай қоймайды. Ал екінші жағынан, социал-демократтар революциялық соғыстардың, яғни империалистік емес соғыстардың, мысалы, ұлттық езгіні жою және феодалдық бөлшектенген мемлекеттерден ұлттық капиталистік мемлекеттер құру үшін 1789 жылдан 1871 жылға дейін жүргізілген соғыстардың, немесе буржуазиямен күресте жеңіп бара жатқан пролетариаттың жеңістерін сақтап қалу үшін болуы мүмкін соғыстардың позитивтік маңызын теріске шығара алмайды.

Қазіргі уақытта бұқараны революциялық қимылдарға шақырумен қабаттастырыла жүргізілмеген бейбітшілік насихаты тек жалған үміт таратуға ғана, буржуазияның адамгершілігіне сендіру арқылы пролетариатты аздыруға ғана және оны соғысушы елдердің жасырын дипломатиясының қолындағы ойыншық етуге ғана қабілетті. Атап айтқанда, бірқатар революцияларсыз демократиялық бітім дейтіннің мүмкін екендігі туралы ой мейлінше қате.

ПАТША МОНАРХИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІЛУІ

Империалистік соғыс жүргізіп жатқан өз үкіметіне қарсы әрбір елдегі күрес революциялық үгіттің нәтижесінде сол елдің жеңілу мүмкіндігінен тартынып қалмауға тиіс. Үкімет армиясының жеңілуі сол үкіметті әлсіретеді, сол үкімет құлданып келген халықтардың азаттық алуына жағдай туғызады және билеуші таптарға қарсы азамат соғысын жеңілдетеді.

Россияға қолданғанда бұл қағида өте-мөте дұрыс. Россияның жеңуі дүние жүзілік реакцияның күшеюіне, елдің өз ішінде реакцияның күшеюіне бастайды және қазірдің өзінде-ақ басып алынған облыстардағы халықтарды толық құлдыққа түсіреді. Сондықтан қандай жағдайда болса да Россияның жеңілуі әлдеқайда аз залал болады.

БАСҚА ПАРТИЯЛАР МЕН ТОПТАРҒА КӨЗҚАРАС

Соғыс шовинизмді құтыртып, демократиялық (халықшылдық) интеллигенцияның да, социалист-революционерлер,— бұлардың «Мысльдегі» оппозициялық ағымының мейлінше тұрақсыздығы жағдайында,— партиясының да және жойымпаздардың («Наша Заря») Плеханов қолдаған негізгі ұйтқысының да шовинизмге бағынатындығын ашты. Ұйымдастыру комитеті де, оны Ларин мен Мартовтың бүркемелі қолдауынан бастап патриотизм идеяларын Аксельродтың принципті түрде қорғауына дейін,— германшылдық шовинизмі басым Бунд та[166] іс жүзінде шовинизмді жақтайды. Брюссель (3 июль, 1914 ж.) блогы мүлде ыдырап кетті. Ал «Наше Словоның»[167] төңірегіне топтасып жатқан элементтер интернационализмге құрғақ тілектестік білдірудің және «Наша Зарямен» де, Ұйымдастыру комитетімен де қайткен күнде де бірлік жасауға ұмтылудың аралығында ауытқып жүр. Бір жағынан, плехановшыл, яғни шовинист Маньковты шығарып жіберген, екінші жағынан, Плехановтың, «Наша Заряның», Аксельродтың, Бундтың, т. т. шовинизмін қайткен күнде де бүркегісі келетін Чхеидзенің социал-демократиялық фракциясы да дәл осылай ауытқуда.

Россиядағы социал-демократиялық жұмысшы партиясының міндеті 1912—1914 жылдары көбінесе «Правда»[168] құрған пролетарлық бірлікті бұдан былай да нығайта беру, социал-шовинистерден ұйымдық жағынан батыл ажырасу негізінде жұмысшы табының партиялық социал-демократиялық ұйымдарын қалпына келтіру болып табылады. Ұйымдастыру комитетінен, «Наша

Зарядан» және Бундтан ұйымдық жағынан батыл қол үзісуді жақтайтын социал-демократтармен ғана уақытша келісім жасауға болады.

1915 ж. кеш дегенде 19 февральда (4 мартта) жазылған

1915 ж. 29 мартта «Социал-Демократ» газетінің 40-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

РСДЖ ФРАКЦИЯСЫН СОТТАУ НЕНІ ДӘЛЕЛДЕДІ?

1914 ж. 4 ноябрьде Питер түбіндегі конференцияда ұсталған РСДЖ Фракциясының бес мүшесі мен басқа алты социал-демократқа болған патша өкіметінің соты аяқталды[169]. Бәрін де қоныстануға жер аудару жөнінде үкім шығарылды. Жария газеттер сот хабарларын басты; бұл хабарлардың патша өкіметі мен патриоттарға қолайсыз жерлерін цензура қиып тастады. «Ішкі жауларды» жазалау тез өтті, қоғамдық өмірдің бетінде тағы да құжынаған буржуазияшыл шовинистердің құтырынған айқай-шуынан және ат төбеліндей социал-шовинистердің бұларға қосыла салған айқайынан басқа ештеңе көрінбейді де, естілмейді де.

Сонымен РСДЖ Фракциясын соттау нені дәлелдеді?

Біріншіден, ол Россияның революциялық социал-демократиясының осы алдыңғы қатарлы отрядының сотта оншама берік болмағанын көрсетті. Сотталушылар Россияда Орталық Комитеттің мүшесі болған кім екенін және партия жұмысшы ұйымдарымен белгілі қарым-қатынас жасағанда оның өкілі кім болғанын прокурордың ашуына қиындық келтіру мақсатын көздеді. Бұл мақсат орындалды. Бұған жету үшін партияның көптен бері және ресми түрде ұсынып жүрген тәсілін — жауап беруден бас тартуды — бұдан былай да қолдану керек. Бірақ социал-патриот Иорданский мырзамен, Розенфельд жолдастың істегеніндей, өзінің пікірлес екендігін дәлелдеуге тырысу немесе Орталық Комитетпен өзінің келіспейтіндігін дәлелдеуге тыры-

Россійская Соціаль-Демократическая Рабочая Партія | LE SOCIAL-DÉMOCRATE | Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

СОЦІАЛЬДЕМОКРАТЪ

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ ОРГАНЪ РОССІЙСКОЙ СОЦІАЛЬДЕМОКРАТИЧЕСКОЙ РАБОЧЕЙ ПАРТІИ

№ 40. Женева, 29 Марта 1915. Цѣна 10 ст.

ЧТО ДОКАЗАЛЪ СУДЪ НАДЪ Р.С.-Д.Р. ФРАКЦІЕЙ?

ДЕКЛАРАЦІЯ ЦЕНТРАЛЬНАГО КОМИТЕТА Р.С.-Д.Р.П.

ПО ПОВОДУ ЛОНДОНСКОЙ КОНФЕРЕНЦІИ

В. И. Лениннің «РСДЖ Фракциясын соттау нені дәлелдеді?» және «Лондон конференциясы жөнінде» деген мақалалары басылған «Социал-Демократ» газетінің 1915 ж. 29 марттағы 40-номерінің бірінші беті

Кішірейтілген

су — теріс және революциялық социал-демократ тұрғысынан жол беруге болмайтын тәсіл.

Айта кетелік, «Деньнің» (№ 40)[170] есебі бойынша — сот туралы ресми және толық есеп жоқ — Петровский жолдас былай деп мәлімдеді: «нақ сол кезде (ноябрьде) мен Орталық Комитеттің қарарын алдым... және, оның үстіне, жұмысшылардың соғысқа көзқарасы туралы жеті пункттен тұратын, *Орталық Комитеттің көзқарасына дәл келетін* жұмысшы қарарлары маған табыс етілді».

Бұл мәлімдеме Петровскийге абырой әпереді. Шовинизм төңіректе өте-мөте күшті еді. Петровскийдің күнделік дәптерінде: *тіпті* радикалдық пиғылдағы Чхеидзе де «азаттық» соғысы туралы шабыттанып сөйлейді деген сөздердің болуы кездейсоқ емес. РСДЖ Фракциясының депутаттары еркіндікте жүрген кезінде осы шовинизмге тойтарыс беріп келген, ал шовинизмнен іргені аулақ салу сотта да олардың міндеті болды.

Кадеттік «Речь»[171] социал-демократиялық депутаттар патша өкіметі әскерлерінің жеңілуін тілейді екен деген «аңызды сейілтті» деп, патша өкімет сотына малайша жарамсақтанып «алғыс айтып» отыр. Кадеттер Россияда социал-демократтардың қол-аяғы матаулы екендігін пайдаланып, сотталушылар өздерінің жауаптарын соттан қорқып берген жоқ деп сендіріп, партия мен фракцияның арасындағы жалған «дау-жанжалды» шынға балап отырғансиды. Неткен бейкүнә нәрестелер еді десеңізші! Істің алғашқы кезеңінде депутаттарды әскери сотпен және өлім жазасымен қорқытқандығын олар білмегенсиді.

Құпия ұйым туралы мәселе жөнінде жолдастар жауап беруден бас тартулары керек еді және бүкіл дүние жүзілік-тарихи кезеңді түсініп, жалпы патша өкіметіне ғана емес, сонымен бірге барлық әр түрлі сарындардағы социал-шовинизмге қарсы социал-демократиялық көзқарастарды тура баяндау үшін, сот есігінің ашықтығын пайдаланып қалулары керек еді.

Үкіметтік және буржуазиялық баспасөз РСДЖ Фракциясына, мейлі, өршеленіп шаптыға берсін, социал-революционерлер, жойымпаздар және социал-

шовинистер әлсіздік немесе «Орталық Комитетпен» жалған «келіспеушілік» көріністерін «тауып алып», мейлі, табалай берсін (олар бізбен принципті түрде күресе алмаған соң, әйтеуір өйтіп-бүйтіп күресулері керек қой!). Өзін өзі ашық сынау үшін, қателік пен әлсіздікті ешбір жалтақсыз қателік деп, әлсіздік деп атау үшін революцияшыл пролетариат партиясының күші әбден жетеді. Россияның саналы жұмысшылары бүкіл дүние жүзілік соғыс кезінде және халықаралық оппортунизмнің бүкіл дүние жүзілік құлауы кезінде өзінің интернационалдық революцияшыл социал-демократтарға тән борышын орындауда бәрінен де гөрі көбірек қабілеттілік көрсеткен партияны құрып, сондай алдыңғы қатарлы отряд жасап шығарды. Біз жүріп келген жол аса зор дағдарыста сыналды және — үстіүстіне—бірден-бір дұрыс жол болып шықты: осы жолмен бұрынғыдан да батыл, бұрынғыдан да нық басып ілгерілей береміз, алдыңғы қатарлы жаңа отрядтар жасап шығарамыз, олардың сол жұмысты тек орындауын ғана емес, сонымен бірге оны неғұрлым дұрыс аяқтап шығуын қамтамасыз етеміз.

Екіншіден, сот *революциялық* социал-демократияның парламентаризмді пайдалануының халықаралық социализмде әлі болып көрмеген картинасын ашып берді. Осылай етіп пайдаланудың үлгісі пролетарлық бұқараның санасы мен сезіміне сөздердің қандайынан болсын анағұрлым жақсы әсер етеді, жарияшыл-оппортунистерге, анархизмнің сөзуарларына дәлелдердің қандайынан болсын анағұрлым сенімді етіп тойтарыс береді. Мурановтың құпия жұмыс туралы есебі және Петровскийдің жазбалары ұзақ уақыт бойы депутаттар *жұмысының* үлгісі болып қалады; бұл жұмысты біз барынша жасыруға тиіс болдық және ендігі жерде Россияның барлық саналы жұмысшылары бұл жұмыстың маңызына барған сайын көбірек зер салып ойланатын болады. Европаның «социалистік» (бұл сөзге тілім тигені үшін кешіріңіз!) депутаттарының бәрі дерлік шовинистер және шовинистердің малайлары болып шығып отырғанда, біздің либералдар мен жойымпаздардың көзін қызықтырған атышулы «европеизм» құлдық ұрған жа-

риялылыққа бейімделген топас әдет болып шығып отырғанда, міне осындай уақытта, Россияда бір жұмысшы партиясы табылды, оның депутаттары сөзуарлықпен емес, буржуазиялық, интеллигенттік салондарға «кіргіштікпен» емес, европалық адвокатқа және парламентарийге тән іскерлік ептілікпен емес, жұмысшы бұқарасымен жасаған байланыстарымен, сол бұқараның ішінде жүргізген жанқиярлық жұмысымен, құпия насихатшының және ұйымдастырушының көзге ілінө қоймайтын, ауыр, тауқыметті, өте-мөте қатерлі, қарапайым қызметін орындаумен жарқырап көзге түсті. Жоғарылап, «қоғамда» беделді депутат немесе министр атағына көтерілу—«европалық» (малайлық деп оқы) «социалистік» парламентаризмнің мағынасы *іс жүзінде* осындай еді. Төмендеп, қаналушылар мен езілушілердің көзін ашуға, бірігуіне жәрдемдесу — Муранов пен Петровскийдің үлгілерінде міне осындай ұран алға қойылды.

Ал бұл ұран бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңыз алады. Жариялылық барлық алдыңғы қатарлы елдерде қаламның сүйкеуімен бірден жойылып кетіп, оппортунистер мен буржуазияның іс жүзінде аса тығыз одақ жасасуына әкеліп соқтырғаннан кейін — ойлай алатын бірде-бір жұмысшы дүние жүзінің бірде-бір елі үшін буржуазия парламентаризмінің жариялылығын бұрынғыша қанағат етуге көнбейді. Кімде-кім революциялық социал-демократиялық жұмысшылардың кешегі—*және бүгінгі* —тәріздес «европалық» жарияшыл социал-демократтармен «бірлігі» туралы арман етсе, ол адам еш нәрсе үйренбеген, бәрін де ұмытқан, ол адам іс жүзінде буржуазияның одақтасы, пролетариаттың жауы. Кімде-кім жариялылықпен және оппортунизммен бітімге келген социал-демократиялық фракциядан РСДЖ Фракциясының неліктен, не үшін бөлініп кеткендігін осы күнге дейін түсінбесе, ол адам енді Муранов пен Петровскийдің жұмысы туралы сот процесінің есебінен үйренсін. Бұл жұмысты жүргізген *тек* бұл екі депутат *қана* емес және мұндай жұмысты «Наша Заряға» немесе «Северная Рабочая Газетаға»[172], «Современникке», Ұйымдастыру комитетіне немесе Бундқа «достық, тө-

зімді көзқараспен» біріктіруге болады деп тек зердесіз-аңқау адамдар ғана арман ете алады.

Үкімет РСДЖ Фракциясының мүшелерін Сибирьге айдаумен жұмысшыларды қорқытуға болады деп үміттене ме? Ол қателеседі. Жұмысшылар қорықпайды, қайта жойымпаздар мен социал-шовинистердей емес, өз міндеттерін, жұмысшы партиясының міндеттерін анағұрлым жақсы түсінетін болады. Жұмысшылар Думаға бұқара арасындағы дәл осындай және бұрынғыдан да гөрі кең, сонымен бірге бұрынғыдан да гөрі *жасырын* қызмет үшін РСДЖ Фракциясының мүшелері сияқты адамдарды ғана сайлауды үйренеді. Үкімет Россиядағы «құпия парламентаризмді» құртып жіберуді ойлай ма? Ол мұнысымен пролетариаттың *тек қана* осындай парламентаризммен байланысын нығайтады да қояды.

Үшіншіден,— және бұл ең бастысы,— РСДЖ Фракциясына болған сот алғаш рет россиялық қоғамның *әр түрлі таптарының* соғысқа көзқарасы туралы ең маңызды, негізгі, мейлінше мәнді мәселе жөнінде Россия көлеміне миллиондаған дана болып тараған ашық, объективтік материал беріп отыр. «Отан қорғауды» «принциптік» (сөз жүзіндегі немесе екіжүзді деп оқы) интернационализммен біріктіруге болатындығы туралы мейлінше ығыр қылған интеллигенттік мылжыңды тыятын уақыт жеткен жоқ па? Құрғақ сөздердің ондаған сабаздарына емес, *таптарға,* яғни миллиондаған тірі адамдарға қатысы бар *фактілерге* көз салатын кез болған жоқ па?

Соғыс басталғалы жарты жылдан астам уақыт өтті. Барлық бағыттардағы жария және құпия баспасөз пікірлерін айтты, Думадағы партиялық топтардың бәрі анықталды; бұл—өте жеткіліксіз, бірақ біздің таптық топтасулардың бірден-бір объективтік көрсеткіші. РСДЖ Фракциясына болған сот және баспасөз пікірлері осы материалдардың бәрін қорытындылады. Россиядағы пролетариаттың алдыңғы қатарлы өкілдері жалпы алғанда шовинизмге дұшпан ғана емес, сонымен бірге жеке алғанда нақ біздің Орталық Органның позициясына қосылатындығын сот дәлелдеп берді. Депутаттар

1914 ж. 4 ноябрьде қамалған еді. Демек, олар өз жұмысын екі айдан астам жүргізген. Олар жұмысын кіммен және қалай жүргізді? Олар жұмысшы табындағы қандай ағымдарды көрсетті және білдірді? Бұған «тезистер» мен «Социал-Демократтың» конференция үшін материал болғандығы және партиямыздың Питер комитетінің әлденеше рет нақ сол мазмұнда листоктар шығарғандығы жөніндегі факт жауап береді. Конференцияда басқа материалдар болған жоқ. Конференцияға жұмысшы табындағы басқа ағымдар туралы баяндап беруді депутаттар ойламады, өйткені басқа ағымдар болған жоқ.

Мүмкін, РСДЖ Фракциясының мүшелері тек жұмысшылардың азшылығының ғана пікірін білдірген болар? Біз мұндай жорамал жасауға праволы емеспіз, өйткені $2^1/_2$ жылдың ішінде, 1912 жылдың көктемінен 1914 жылдың күзіне дейін, осы депутаттар толық идеялық ынтымақта болып жұмыс істеген «Правданың» төңірегіне Россияның саналы жұмысшыларының $^4/_5$ бөлігі топтасты. Бұл—факт. Жұмысшылардың арасында Орталық Комитеттің позициясына қарсы азды-көпті елеулі наразылық болса,— бұл наразылық қарардың жобасынан немесе жобаларынан білінбей қалмас еді. Сот РСДЖ Фракциясының жұмысынан көп нәрсе «тапты» деуге болғанымен, бұл наразылық сияқты ештеңе таба алмады. Петровскийдің қолымен жасалған жөндеулер тіпті ешқандай сарынды да көрсетпейді.

Соғыстан кейінгі алғашқы айлардың ішінде-ақ Россия жұмысшыларының саналы авангарды *іс жүзінде* Орталық Комитет пен Орталық Органның төңірегіне топтасқандығын фактілер көрсетіп отыр. Бұл факт қайсыбір «фракцияларға» қаншама жағымсыз болғанымен,— мұны бекерге шығара алмайсың. Айыптау актісіндегі цитатқа алынған сөздер: «Қаруды өз бауырларыңа қарсы емес, басқа елдердің жалдама құлдарына қарсы емес, барлық елдердің реакциялық және буржуазиялық үкіметтері мен партияларына қарсы жұмсау қажет»— деген осы сөздер, соттың арқасында, пролетарлық интернационализмге, пролетарлық революцияға шақыруды бүкіл Россияға таратады және таратып

та жіберді. Россия жұмысшылары авангардының таптық ұраны енді ең қалың бұқараға соттың арқасында барып жетті.

Буржуазияның және ұсақ буржуазияның бір бөлегінің жаппай шовинизмі, екінші бір бөлегіндегі ауытқулар және жұмысшы табының жаңағыдай үндеуі—міне, біздің саяси бөліністердің іс жүзіндегі, объективтік бейнесі осы. Өзіңнің «болжауларыңды», үміттеріңді, ұрандарыңды интеллигенттердің және топсымақтар құрушылардың ізгі ниеттеріне қарай емес, әлгі іс жүзіндегі бейнеге қарай орайластырып отыру керек.

Правдистік газеттер және «мурановтікі тәріздес» жұмыс Россияның саналы жұмысшыларының $^4/_5$ бөлігінің бірлігін жасады. 40 000-ға жуық жұмысшы «Правда» газетін сатып алып отырды, ал оны оқығандар бұдан анағұрлым көп. Соғыс, түрме, Сибирь, каторга оларды, мейлі, тіпті бес есе, он есе талқандасын. Бұл топты жойып жіберуге *болмайды*. Ол тірі. Ол өн бойына революцияшылдық пен антишовинизмді сіңірген. Еңбекшілердің, қаналушылардың, езілгендердің интернационализмін уағыздаушы ретінде халық бұқарасы арасында және осы бұқараның жуан ортасында тұрған *тек* сол *ғана*. Жаппай құлауда мызғымай қалған *тек* сол *ғана*. Жартылай пролетарлық топтарды кадеттердің, трудовиктердің, Плехановтың, «Наша Заряның» социал-шовинизмінен социализмге *қарай* бастап бара жатқан тек сол ғана. Оның өмір сүріп отырғандығын, оның идеяларын, оның жұмысын, оның «басқа елдердің жалдама құлдарын бауырластыққа» шақырғандығын бүкіл Россияға көрсеткен — РСДЖ Фракциясына болған сот.

Бұл топпен жұмыс істеу керек, оның социал-шовинистерге қарсы бірлігін қорғау керек, Россияның жұмысшы қозғалысы, ұлттық-либералдық «европалық» типке қарай емес, әлеуметтік революцияға қарай бағыт алып, осы бірден-бір жолмен дами алады.

«Социал-Демократ» № 40,
29 март, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің текcті бойынша басылып отыр

ЛОНДОН КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ЖӨНІНДЕ

РСДРП Орталық Комитетінің өкілі Максимович жолдастың біз басып шығарып отырған декларациясы партияның осы конференцияға көзқарасын толық көрсетеді. Буржуазиялық француз баспасөзі ағылшын-француз буржуазиясының құралы немесе соның тарапынан жасалған маневр ретіндегі бұл конференцияның мәнін тамаша ашып берді. Рольдер былайша бөлінген еді: «Le Temps» пен «L'Écho de Paris»[173] интернационализмге тым көп кеңшілік жасады деп француз социалистеріне тиісті. Бұл тиісу парламентте премьер Вивианидің патриоттық-басқыншылық рухта сөйленген белгілі сөзі үшін негіз дайындау мақсатымен жасалған маневр ғана болатын. Ал екінші жағынан, «Journal des Débats»[174] сырды тікелей ашып тастап, былай деп мәлімдеді: осы кезге дейін соғысқа қарсы болып, адам жинауға қарсы болып келген ағылшын социалистері, басы Кейр-Гарди болып, Германияны жеңгенге дейін соғысуды жақтап дауыс берулері керек еді, істің мәні осында болатын. Бұған қол жетті. Мұның маңызы зор. Бұл — ағылшын социалистерін де, француз социалистерін де ағылшын-француз буржуазиясының жағына тартудың саяси нәтижесі. Ал енді интернационализм, социализм, референдум және сондайлар туралы сөздер—бұлардың бәрі де ешқандай мағынасы жоқ *тек* құрғақ сөздер, бос сөздер *ғана!*

Күмән жоқ, француз буржуазиясының ақылды реакционерлері былшылдап, шын сырын айтып қойды.

Германияны, Австрияны, Түркияны күйзелту және тонау мақсатымен соғыс жүргізіп отырған—ағылшын-француз буржуазиясы және орыс буржуазиясы. Буржуазияға адам жинаушылар керек, оған Германияны жеңгенге дейін соғысуға социалистердің келісімі керек, ал қалғаны—бос, бәтуәсіз сөзуарлық, социализмді, интернационализмді және басқа ұлы сөздерді арамдау. Іс жүзінде — буржуазияның соңынан еру, басқа елдерді тонауда оған көмектесу, ал сөз жүзінде—«социализм мен Интернационалды» екіжүзділікпен мойындау арқылы бұқараны алдау,— оппортунизмнің негізгі күнәсы, II Интернационалдың күйреуінің негізгі себебі нақ осынысында.

Сондықтан социал-шовинистерге қарсылардың Лондон конференциясындағы міндеті айқын еді, ол міндет—германшылдыққа *салынбай*, айқын антишовинистік принциптер үшін бұл конференциядан кету еді. Өйткені германшылдар басқа себептер бойынша емес, нақ осы *шовинистік* себептер *бойынша* Лондон конференциясының қас жаулары болып табылады!! Максимович жолдас неміс социалистерінің *опасыздығы* туралы анық айтты да, міндетті орындады.

Бундистер және Ұйымдастыру комитетін жақтаушылар осы қарапайым әрі айқын нәрсені түсіне алмайды. Біріншілері—неміс социал-демократтарының соғыс кредиттеріне дауыс беруін *тура ақтап отырған* (қараңыз: Бундтың «Информационный Листогы» № 7, январь, 1915 жыл, 7-бет, § V, бас жағында)[175] Косовский сияқты германшылдар. Бұл листоктың редакциясы (орыс патриотизмін қорғаушы Борисовпен келіспейтіндігін әдейі ескерте отырып) Косовскиймен келіспейтіндігі туралы ләм деп ескерткен жоқ. Бундтың Орталық Комитетінің манифесінде (бұл да сонда, 3-бет) социал-шовинизмге қарсы бірде-бір анық айтылған сөз жоқ.

Ұйымдастыру комитетін жақтаушылар германшыл шовинизмді французшыл шовинизммен ымыраластыруды жақтайды. Мұны Аксельродтың мәлімдемелерінен («Голостың» 86 және 87-номерлері) және Ұйымдастыру комитетінің шетелдік секретариаты «Известиясының»[176] 1-номерінен (1915 жылғы 22 февраль) көруге

болады. «Наше Словоның» редакциясы «ресми социал-шовинизмге» қарсы бірлесіп бой көрсетелік деп ұсынғанда, біз өз декларациямыздың жобасын қосып және Максимович жолдастың шешуші даусы бар екендігін айтып, Ұйымдастыру комитеті мен Бундтың өздері ресми социал-патриотизмнің[177] жағында деп *тура* жауап бергенбіз.

«Наше Слово» өзінің 32-номеріндегі бас мақаласында бұл туралы *үндемей,* өзін де, басқаларды да неге алдайды? Біздің декларацияның жобасында да неміс социал-демократтарының *опасыздығы* туралы сөздердің бар екендігін неге үнсіз қалдырады? «Наше Словоның» декларациясы осы бір аса маңызды «негізгі» пунктті *қалдырып кеткен;* не біз, не Максимович бұл декларацияны қабылдамадық және қабылдай да алмадық. Сондықтан Ұйымдастыру комитеті мен бізде қимыл бірлігі *болмады.* Ендеше, «Наше Слово» қимыл бірлігі үшін негіз бар деп сендіріп, өзін де, басқаларды да неге алдап отыр??

«Ресми социал-патриотизм» — қазіргі социализмнің ең басты кеселі. Бұл кеселмен күресу үшін (онымен ымыраласу үшін емес, осы пункт жөнінде өзара интернационалдық «кешірім жасау» үшін емес) барлық күш дайындалып, жиналуы керек. Каутский және басқалар социал-шовинизмге «кешірім жасаудың» және онымен бітімге келудің мейлінше айқын программасын ұсынды. Біз онымен күресудің айқын программасын ұсынуға тырыстық — «Социал-Демократтың» әсіресе 33-номерін және басылып жатқан қарарларды қараңыз. «Наше Слово» «интернационализмге құрғақ тілектестіктің» және социал-шовинизммен бітімге келудің арасында ауытқудан гөрі айқынырақ бірдеңеге көшсе екен деп тілек білдіру ғана қалады.

«Социал-Демократ» № 40,
29 март, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

АЗАМАТ СОҒЫСЫ ҰРАНЫНЫҢ ДӘЛЕЛДЕМЕСІ ЖӨНІНДЕ

Жақаша 8 январьда швейцариялық газеттерге Берлиннен былай деп хабарлады:

«Соңғы кезде газеттер немістер мен француздардың траншеялары арасындағы бейбіт жақындасу әрекеттері туралы хабарларды талай рет басты. «Tägliche Rundschau»[178]-дың хабарына қарағанда, 29 декабрьде армия бойынша шығарылған бұйрық бауырласуға және жалпы алғанда траншеяларда жаумен жақындасудың қандайына болса да тыйым салады; бұл бұйрықты бұзу мемлекетке опасыздық жасау ретінде жазаланады».

Сонымен, бауырласу және жақындасу әрекеттері факт болып отыр. Германияның әскери бастықтары бұған мазасызданууда: демек, олар бұған елеулі маңыз беріп отыр. Ағылшын жұмысшы газеті «Labour Leader» 1915 жылы 7 январьда ағылшын және неміс солдаттарының «48 сағатқа уақытша бітім» жасап (рождество қарсаңында), траншеялар аралығындағы жарым жолда достық сезіммен кездесіп, т. т. бауырласқан кездері жайлы ағылшын буржуазиялық газеттерінен *толып жатқан* цитаттар алып басқан. Ағылшын әскери бастықтары бауырласуға *ерекше бұйрықпен тыйым салған*. Ал социалистік оппортунистер және олардың қорғаушылары (немесе малайлары ма?), өздеріне өздері айрықша мәз болып, әскери цензура қарсы мәлімдеме жасаудан өздерін сақтайтындығын емін-еркін біле отырып,—соғысушы елдердің социалистері арасында соғысқа қарсы әрекеттер жасау туралы келісімге келу

мүмкін емес (бұл—Каутскийдің «Neue Zeit»[179]-тегі өз сөзі) дей отырып, баспасөз жүзінде жұмысшыларды (Каутский сияқты) сендірмек болды!!

Мысалы, Гайндман, Гед, Вандервельде, Плеханов, Каутский, т. т. өздерінің қазіргі істеп жүргеніндей, буржуазияға жәрдемдесу орнына, соғысушы елдердің социалистері арасында «траншеяларда» да, жалпы әскер ішінде де «бауырласу және жақындасуға әрекет жасау» жолында үгіт жүргізу үшін халықаралық комитет құрған екен делік. Егер қазір, соғыс басталғаннан кейін 6 ай өткен соң, социализмді сатып кеткен барлық басшыларға, көсемдерге және бірінші дәрежелі шонжарларға *қарсы,* кредитке дауыс бергендерге қарсы және министериалистерге қарсы барлық жерлерде оппозиция күшейіп отырған болса, әскери бастықтар «бауырласу» үшін өлім жазасымен қорқытып отырған болса,— бірнеше айдан кейін әлгінің нәтижесі қандай болар еді!

Оппортунистердің малайы Каутский Гедке, Плехановқа және К^0-ге қосып: «Практикалық мәселе біреу: өз елінің жеңісі не жеңілісі»,— деп жазған еді. Иә, егер социализм мен тап күресі туралы ұмытса, мұнысы дұрыс болады. Ал егер социализм туралы ұмытпаса, мұнысы дұрыс емес: басқа *бір практикалық* мәселе бар. Дүлей де дәрменсіз құл бола жүріп, құл иеленушілер арасындағы соғыста өлу керек пе, немесе құлдықты құлату мақсатымен құлдар арасындағы «бауырласу әрекеті» жолында өлу керек пе?

Іс жүзінде «практикалық» мәселе міне осындай.

«Социал-Демократ» № 40,
29 март, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ШОВИНИСТЕРДІҢ СОФИЗМДЕРІ

Петроградта жойымпаздар шығаратын «Наше Дело» (1915 ж., № 1) Каутскийдің «Халықаралықтық және соғыс»[180] деген кітапшасының аудармасын басып жүр. А. Потресов мырза бұл ретте өз пікірінше кейде «адвокат» ретінде (яғни социал-шовинизм бағытының французша-орысша түрінің жөн екендігін мойындамайтып неміс социал-шовинизмінің қорғаушысы ретінде), кейде «судья» ретінде (яғни Маркстің әдісін әділетті түрде қолдануға тырысатын марксист ретінде) көрініп жүрген Каутскиймен өзінің келіспейтіндігін мәлімдейді.

Ал шынында А. Потресов мырза да, Каутский де национал-либералдық жұмысшы саясатын көріне көзге софизмдермен қорғай отырып, негізінде марксизмге опасыздық жасап жүр. А. Потресов мырза Каутскиймен жеке мәселелер жайында айтысады да, оқушылардың назарын негізгі мәселеден басқа жаққа аударып жібереді. А. Потресов мырзаның пікірінше, ағылшын-француз «демократиясының» (автор жұмысшы демократиясын айтып отыр) соғысқа көзқарас туралы мәселені «шешуі»— «жалпы алғанда жақсы шешім» (69-бет); олардың шешімі саналы түрде қабылданудан гөрі «сәтті кездейсоқтық арқылы... ұлттық шешімге сәйкес келіп» отырса да,— «олар (бұл демократиялар) дұрыс істеген».

Бұл сөздердің мағынасы айқын: А. Потресов мырза, ағылшын-француздарды бетке ұстап, үш жақты келісім социалистерінің патриоттық тактикасын ақтай ке-

ліп, орыс шовинизмін қорғайды. Каутскиймен айтысқанда А. Потресов мырза марксистің шовиниспен айтысқанындай емес, орыс шовинисінің неміс шовинисімен айтысқаны сияқты айтысады. Бұл өзі — қадірі кетіп, ерғашты болған тәсіл және, айта кету керек, А. Потресов мырза өз сөздерінің қарапайым, айқын мағынасын барынша бүркемелеп, шатыстырып отыр.

Істің мәні А. Потресов мырзаның да, Каутскийдің де не жөнінде *келіскендігінде.* Мысалы, «қазіргі пролетариаттың интернационализмі отан қорғаумен сыйыса алады» (К. Каутский, 34-бет, Каутский кітапшасының немісше басылуы) дегенге екеуі де келіседі. А. Потресов мырза «талқандалуға душар болған» мемлекеттің ерекше жағдайы туралы жазады. Каутский былай деп жазады: «Халықтың ең жаман қорқатыны — жаудың шапқыншылығы... Егер халық соғыстың себебін өз үкіметінен емес, көрші мемлекеттің жауыздығынан деп білетін болса,— баспасөз, т. т. арқылы халық бұқарасын осы көзқарасқа сендіруге қай үкімет тырыспайды дейсіз!— онда... бүкіл халық бір кісідей лап қойып, шекарасын жаудан қорғауға ұмтылады... Ашынған тобыр шекараға әскер жіберуге бөгет жасаған адамды өз қолымен өлтірген болар еді» (К. Каутский, 33-бет, 1911 жылғы мақаласынан)[181].

Барлық социал-шовинистердің негізгі идеясын бейне бір маркстік қорғау міне осы.

Үкімет (және буржуазия) айыпты басқа елдің «жауыздығына» жауып, «халықты, жұртты, тобырды» *алдайтындығын* Каутскийдің өзі 1911 жылы-ақ өте жақсы білген болатын. Мұндай алдауды қолдаушылық — кредиттерге дауыс беру арқылы бола ма, сөз сөйлеу, мақала жазу, т. с. арқылы бола ма, бәрібір — халықаралықтықпен және социализммен сыйыса ала ма, әлде бұл қолдаушылық национал-либералдық жұмысшы саясатына тең нәрсе ме,— мәселе осында. Каутский бұл мәселені басқа мәселемен, өз үкіметінен алданған халықтың көпшілігінің еркіне қарамастан, «жалғыз-жарым» адамдардың «әскер жіберуге бөгет жасауы» дұрыс бола ма деген мәселемен ауыстырады да, ар-ұяттан жұрдай болған «адвокаттың», ең оңбаған софистің ісін іс-

тейді. Талас бұл туралы емес. Істің мәні бұл емес. Алданған ұсақ буржуаларды иландыру керек, олардың алданғанын түсіндіру керек; кейде олармен бірге соғысқа барып, соғыс тәжірибесі арқылы олардың көзі ашылуын күте білу керек. Әңгіме бұл туралы емес, буржуазияның «халықты» алдауына социалистердің қатысуының жөн болатын-болмайтындығы туралы. Каутский мен А. Потресов осындай алдауды ақтап отыр. Өйткені олар 1914 жылғы империалистік соғыста барлық «ұлы» державалардың, Англияның да, Францияның да, Германияның да, Россияның да, үкіметтері мен буржуазиясының «жауыздықтары» бірдей айыпты екендігін өте жақсы біледі. Бұл туралы, мысалы, 1912 жылғы Базель қарары айқын айтады.

«Халық», яғни ұсақ буржуа бұқарасы және ақымақ етілген жұмысшылардың бір бөлегі дұшпанның «жауыздығы» туралы буржуазиялық ертегіге сенеді, бұл күмәнсыз. Бірақ социал-демократтардың міндеті алдауды қолдау емес, қайта онымен күресу. Іс жүзінде ұлы державалардың *әрқайсысы* отарларға үстемдігін нығайтуға және кеңейтуге, кішкентай ұлттарды езуге, т. т. тырысады деп барлық елдердегі социал-демократтардың бәрі соғыстан көп бұрын айтып келген және Базельде осыны қуаттаған болатын. Соғыс отарларды бөлісу және басқалардың жерлерін тонау үшін болып жатыр; ұрылар төбелесуде,— ал енді ұрылардың мүддесін халықтың немесе отанның мүддесі деп көрсету үшін, қазіргі шақта пәлендей ұры жеңіліске ұшырап отыр дегенді сылтаурату — ар-ұяттан жұрдай буржуазиялық өтірікті айта салу. Соғыс тауқыметін тартып отырған «халыққа» біз *шындықты* айтуымыз керек; ал шындық мынада: әрбір соғысушы елдің үкіметі мен буржуазиясын құлатпайынша соғыс лаңынан қорғану мүмкін емес. Галицияны немесе Венгрияны тұншықтыру *арқылы* Бельгияны қорғау «отанды қорғау» болып табылмайды.

Бірақ Маркстің өзі, мысалы, 1854—1876 жылдардағы соғыстарды айыптай келіп, социалистердің еркінен тыс, соғыс факт болған кезде, соғысушы державалардың бірінің жағына шыққан. Каутский кітапшасының басты

мазмұны және басты «көзірі» осындай. Ұлттық мүдделердің емес, *бүкіл дүние жүзілік* пролетариат мүдделерінің тұрғысынан қарағанда соғыста *қайсысының жеңуінің* қажеттірек немесе зияны азырақ екендігін анықтауды «халықаралықтық» деп түсінетін А. Потресов мырзаның позициясы да осындай. Соғысты үкіметтер мен буржуазия жүргізіп отыр; пролетариат бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары үшін *қай* үкіметтің жеңуінің қаупі азырақ екендігін анықтауы керек.

Бұл пайымдаулардың софизмі қазіргі заманның орнына бұрынғы, баяғыда өтіп кеткен тарихи заманды қойып, алмастыратындығында. Каутский дәлел етіп отырған бұрынғы соғыстардың негізгі белгілері мыналар болатын: 1) бұрынғы соғыстар буржуазиялық-демократиялық өзгерістер жасау және абсолютизмді немесе жат ұлттық езгіні құлату мәселелерін шешті; 2) ол кезде социалистік революцияның объективтік жағдайлары әлі пісіп жетілмеген еді, сондықтан сол соғысты, Штутгарт (1907) және Базель (1912) қарарларында айтылганындай, «капитализмнің күйреуін тездету үшін» пайдалану туралы *соғысқа дейін* бірде-бір социалист айта алмады; 3) ол кезде соғысушы *екі* жақтың мемлекеттерінде бірқатар шайқастарда сыналған, белгілі дәрежеде күшті, бұқаралық социалистік партиялар болмады.

Қысқасын айтқанда: барлық соғысушы елдердің үкіметтері мен буржуазиясына қарсы жалпы пролетарлық қозғалыс туралы сөз болуы да мүмкін емес уақытта бүкіл дүние жүзілік пролетариат үшін *қай* буржуазияның жеңуінің зиянсызырақ (немесе пайдалырақ) екендігін анықтаумен Маркстің және марксистердің шектелгендігіне таңдануға бола ма?

Дүние жүзінің тарихында алғаш рет барлық соғысушы елдердің социалистері соғыстан көп уақыт бұрын бас қосып, біз соғысты «капитализмнің күйреуін тездету үшін» (1907 ж., Штутгарттағы қарар) пайдаланамыз деп мәлімдеп отыр. Демек, олар осындай «күйреуді тездету» үшін, яғни социалистік революция үшін объективтік жағдайлар пісіп жетілді деп есептеп отыр. Демек, олар үкіметтерді революциямен қорқытып отыр.

Коммунаға және 1905 жылғы октябрь — декабрьге, яғни азамат соғысына сүйеніп, мұны Базельде (1912) бұрынғыдан да гөрі анық айтты.

Үкіметтерді революциямен қорқытқан және пролетариатты революцияға шақырған социалистер соғыс басталған кезде бұдан жарты ғасыр бұрын болған нәрсені сылтаурата бастады, сөйтіп социалистердің үкіметтер мен буржуазияны қолдауын ақтап отыр! Марксист Гортер өзінің Голландияда шыққан «Империализм, бүкіл дүние жүзілік соғыс және социал-демократия» (84 бет) деген кітапшасында Каутский тәрізді «радикалдарды» сөзге келгенде батыр, іске келгенде опасыз 1848 жылғы либералдармен салыстырып, мың мәрте дұрыс істеп отыр.

Европалық социализмнің ішінде революциялық-социал-демократиялық және оппортунистік элементтердің арасындағы қайшылық ондаған жылдар бойы өсіп отырды. Дағдарыс пісіп жетілді. Соғыс жараның аузын ашты. Ресми партиялардың көпшілігін «өз», «отандас» буржуазиясының пұрсатты жағдайларын, *оның* отарлар иемдену, кішкентай ұлттарды басып-жаншу, т. т. жөніндегі артықша праволарын қорғап жүрген национал-либералдық жұмысшы саясатшылары жеңді. Каутский де, А. Потресов та национал-либералдық жұмысшы саясатын пролетариат алдында әшкерелеу орнына, оны бүркемелеп, қорғап, ақтап отыр. Социал-шовинизм софизмінің мәні міне осында.

«Штутгарт формуласы принцип жағынан негізсіз» (79-бет) деп мойындағанда, А. Потресов мырза не айтқанын аңдамай қалды. Мейлі! Пролетариат үшін жасырын ренегаттардан ашық ренегаттар пайдалырақ. Осы бетіңізден қайтпаңыз, А. Потресов мырза, адалырақ болып, Штутгарт пен Базельден безіңіз.

Дипломат Каутский А. Потресов мырзадан гөрі ептірек: ол Штутгарт пен Базельден безбейді, ол тек қана... «тек қана»!.. Базель манифесінен, революцияны нұсқаған жерлерінің бәрін *алып тастап,* цитаттар келтіреді!! Потресовқа да, Каутскийге де цензура бөгет жасаған болуы керек. А. Потресов пен Каутский цензура

рұқсат еткен кезде ғана революция туралы сөз етуге келіскен болуы керек...

А. Потресов, Каутский немесе оларды жақтаушылар Штутгарт және Базель қарарларын шамамен айтқанда былай етіп өзгертуді ұсынар деп үміт етеміз: «егер соғыс, біздің күш салуымызға қарамастан, бұрқ ете түсетін болса, онда біз бүкіл дүние жүзілік пролетариат тұрғысынан пролетариатқа не тиімдірек болатындығын анықтауымыз керек: Индияны Англияның немесе Германияның тонағаны тиімді ме, Африкадағы негрлерді французлардың немесе немістердің арақпен суарғаны және тонағаны тиімді ме, Түркияны австро-германдардың немесе ағылшын-француз-орыстардың жаншығаны тиімді ме, Бельгияны немістердің, әлде Галицияны орыстардың тұншықтырғаны тиімді ме, Қытайды жапондардың немесе американдардың бөлісіп алғаны тиімді ме», т. т.

«Социал-Демократ» № 41,
1 май, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТЕРДІ БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Соғыс бүкіл халықаралық социализмнің терең дағдарысын туғызды. Дағдарыс атаулының бәрі тәрізді,— социализмнің қазіргі дағдарысы оның ішкі қайшылықтарын тереңірек және анығырақ ашты, жалған және шартты перделердің көбін сыпырып тастады, социализмде ненің шірігенін, ненің заманы өткенін, бұдан былайғы дамудың және жеңіске қарай қозғалудың кепілі неде екенін мейлінше ашық та айқын түрде көрсетті.

Россия социал-демократтарының бәрі дерлік ескі бөліністер мен топталыстардың — біз ескірді деп айтпаған болар едік — өзгеріп отырғандығын сезеді. Соғыс қойған негізгі мәселе жөніндегі топталыс, атап айтқанда: «интернационалистер» және «социал-патриоттар» болып бөліну бірінші қатарға қойылып отыр. Біз бұл терминдерді,— оларды революцияшыл социал-демократтарды национал-либералдық жұмысшы саясатшыларына қарама-қарсы қою арқылы толықтыра түскен жөн емес пе деген мәселеге қазір тоқталып жатпай-ақ,— «Наше Словоның» 42-номеріндегі бас мақаладан алып отырмыз.

Әңгіме, әрине, атында емес. Қазіргі негізгі топталыстың мәнін «Наше Слово» дұрыс аңғарып отыр. Интернационалистер — деп жазады ол — «Плеханов өкілі болып отырған социал-патриотизмге теріс көзқарасты құ-

аттайды»... Сондықтан редакция «қазір бытырап кеткен топтарды» «тек бір ғана іс үшін болса да — Россия социал-демократиясының қазіргі соғысқа және орыс социал-патриотизміне өз көзқарасын білдіруі үшін болса да — түсінісуге және бірігуге» шақырады.

«Наше Словоның» редакциясы әдебиет жүзінде бой көрсетумен тынбай, осы мәселе жөнінде — өзінің қатысуымен — кеңес өткізуді ұсынып, бізге және Ұйымдастыру комитетіне хат жазды. Біз «арамызда негізінен алғанда ынтымақтың бар-жоғын білу үшін алдын ала кейбір мәселелерді анықтап алудың» қажет екендігін айтып жауап қайырдық. Біз негізінен алдын ала екі мәселеге тоқталдық: 1) «Россияның алдыңғы қатарлы пролетариатының еркін бұрмалаушы» («Наше Слово» редакциясының сөзі) «социал-патриоттарды» (редакция Плехановты, Алексинскийді және Петербургтегі жойымпаз-әдебиетшілердің белгілі тобын, X. Y. Z.[182] журналын жақтаушыларды атаған) әшкерелеу үшін ешқандай декларацияның жәрдемі болмайды. Ұзақ күрес қажет. 2) Ұйымдастыру комитетін «интернационалистерге» жатқызуға негіз қайда?

Екінші жағынан, Ұйымдастыру комитетінің шетелдік секретариаты «Наше Словоға» берген өз жауабының көшірмесін бізге жіберген. Бұл жауап мынаған келіп сайған: бір топтарды *«алдын ала»* іріктеуге және «басқаларын шығарып тастауға» болмайды, «соғыс алдында Брюссельдегі Халықаралық социалистік бюро жанындағы конференцияда болған... барлық партиялық орталықтар мен топтардың шетелдік өкілдіктері кеңеске шақырылуға тиіс» (1915 жылғы 25 марттағы хат).

Сонымен, Ұйымдастыру комитеті, социал-патриоттармен де кеңескісі келіп (Плеханов пен Алексинский ағымдары өкілдерінің Брюссельде болғаны белгілі), *интернационалистердің* кеңесінен принципті түрде бас тартады. Нервьтегі социал-демократтардың («Наше Слово» № 53) Ионовтың баяндамасынан кейін қабылданған (және Бундтың неғұрлым солшыл немесе интернационалистік элементтерінің осы өкілінің көзқарастарын айқын көрсететін) қарары да нақ осы рухта пікір білдірді[183].

Осы қарарда, шетелдерде көптеген адамдар іздеп жүрген «орта бағытты» бейнелеу үшін жалпы алғанда мейлінше сипатты және бағалы қарарда,— «Наше Словоның» «принциптеріне» тілектестік білдіріліп отыр, бірақ сонымен бірге «Наше Словоның» позициясымен— «ұйымдық жағынан ажырасу, социалист-интернационалистерді айрықша біріктіру, тарихи жағынан қалыптасқан социалистік, пролетарлық партиялардағы жікке бөлінулердің қажеттігін қорғау» позициясымен келіспеушілік мәлімделіп отыр. Жиналыс ««Наше Слово» газетінің» (бұл мәселелерді) «сыңар жақ түсіндіруі» «Интернационалды қалпына келтіруге байланысты міндеттерді анықтауға мейлінше зиянын тигізеді» деп есептейді.

Ұйымдастыру комитетінің ресми өкілі Аксельродтың көзқарастары социал-шовинистік көзқарас деп біз атап көрсеткенбіз. «Наше Слово» баспасөзде де, жазысқан хаттарында да бұған жауап берген жоқ. Біз Бундтың позициясы да нақ осындай, тек қана онда германшылдық шовинизмнің сарыны басымырақ деп атап көрсеткенбіз. Нервь қарары жанамалап болса да, өте-мөте маңызды нақты дәлелдеме берді: *тек* интернационалистердің *ғана* бірігуі зиянды және жікшілдік деп жарияланды; мәселе, қалай мақтауга да тұрарлықтай, айқын қойылды.

Ұйымдастыру комитетінің жауабы бұдан да айқын; ол социал-патриоттар*сыз* емес, *солармен бірге* кеңесу керек деп, іске жанама емес, мейлінше тура және ресми көзқарас білдірді.

Ұйымдастыру комитеті жөніндегі біздің көзқарасымыздың дұрыстығын «Наше Словоның» алдында қуаттағаны үшін біз Ұйымдастыру комитетіне алғыс айтуға тиіспіз.

Бұдан «Наше Словоның» интернационалистерді біріктіру жөніндегі *бүкіл идеясы* күйреді деген мағына туа ма? Жоқ. Идеялық ынтымақтастық және социал-патриотизмге қарсы күресті шын ниетпен тілеушілік болғандықтан, қандай да бір кеңестің қандай да бір сәтсіздігі интернационалистердің бірігуін тоқтата алмайды. «Наше Словоның» редакциясы күнделікті газеттің

үлкен құралына ие болып отыр. Ол кеңестер мен декларациялардан гөрі анағұрлым іскер және елеулі бірдеңе істей алады: атап айтқанда, *барлық* топтарды шақыруға және өзі 1) интернационализмнің мазмұны туралы (әйтпесе Вандервельде де, Каутский де, Плеханов та, Ленч те, Гениш те өздерін интернационалистер деп атап жүр ғой!), оппортунизм туралы, II Интернационалдың күйреуі туралы, социал-патриотизммен күресудің міндеттері мен құралдары, т. т. туралы сұрақтарға толық, дәл, анық, барынша айқын жауаптар беруге, 2) шетелдерде ғана емес, ең алдымен Россияда пәлендей бір принциптер жолында елеулі күрес жүргізу үшін күш жинауға дереу кірісе алады.

Интернационализмнің социал-патриотизмді жеңуінің *басқа* жолы жоқ екендігін және болуға тиіс емес екендігін жоққа шығаруға шынында кімнің батылы барар екен? *Егер* Россиядағы белгілі бір қоғамдық топтың *ұзақ* қозғалысы қолдамаса, шетелдердегі барлық декларациялардың, кеңестердің, т. с. дәрменсіз, байыпсыз, жалған болатындығын Россиядағы эмиграцияшылдықтың жарты ғасырлық тарихы (және *социал-демократиялық* эмиграцияның 30 жылдық тарихы) көрсеткен жоқ па? Піспеген немесе шіри бастаған нәрсенің бәрі, шартты және дипломатиялық нәрсенің бәрі алғашқы соққыдан-ақ күл-талқан болатындығын қазіргі соғыстың өзі бізге үйретіп отырған жоқ па?

Соғыстың сегіз айының ішінде социал-демократиялық орталықтардың, топтардың, ағымдардың және пікір сарындарының *бәрі* кеңесе алатын және кеңескісі келетін адамдарымен кеңесіп болды, «декларациялап» болды, яғни өздерінің пікірін жұртқа естірте мәлімдеп болды. Ендігі міндет — басқаша, *іске жақындай түсу. Салтанатты* декларациялар мен кеңестерге сенімді азайта түсу. Әдебиетшілерге, насихатшыларға, үгітшілерге, ойлай білетін жұмысшылардың бәріне дәл жауаптар мен кеңестер беріп, бұл кеңестерді *түсінбей қалудың болмауына* көбірек күш жұмсау. Бұл кеңестерді жүзеге асыру жөнінде ұзақ жұмыс істеу үшін күш жинағанда айқындық пен анықтықтың көбірек болуы.

Қайталап айтамыз, «Наше Словоның» редакциясына көп нәрсе — күнделікті газет — беріліп отыр!— сондықтан ол редакция тіпті осы «минимум-программаны» да орындамаса, одан көп талап етіледі.

Бір ескертпені қосалық: осыдан дәл 5 жыл бұрын, 1910 жылы майда, біз шетелдік баспасөзде *өте-мөте* «күшті», көптеген социал-демократиялық орталықтардың кеңестері мен декларацияларынан гөрі неғұрлым «күшті», аса ірі саяси фактіні, атап айтқанда: Россияда *нақ сол* X. Y. Z. журналының бір топ жарияшыл-әдебиетшілерінің топтасқандығын атап көрсеткен болатынбыз. Россияның және бүкіл дүние жүзінің жұмысшы қозғалысының тарихында оқиғаларға мейлінше бай 5 жылдың *фактілері* нені көрсетті? Фактілер Россиядағы национал-либералдық («европалық» типтегі!) *жұмысшы партиясы* элементтерінің топтасуы үшін бізде белгілі әлеуметтік ұйтқы бар екендігін көрсетпей ме? Қазір біз Россияда «Вопросы Страхованиядан»[184] басқа, «Наше Делоның», «Страхование Рабочихтың», «Северный Голостың»[185], Масловтың және Плехановтың, тек осы бағыттың ғана ашық бой көрсеткендігін көріп отырмыз,— бұл жағдай барлық социал-демократтарды қандай қорытындылар жасауға міндеттейді?

Тағы да: салтанатты сөздерге сенімді азайта түсіп, елеулі саяси реалдылықтардың бетіне тура қарайтындай батылырақ болайық!

«Социал-Демократ» № 41, 1 май, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БУРЖУАЗИЯШЫЛ ФИЛАНТРОПТАР ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ

Ағылшын миллионерлерінің журналы — «Экономист» («The Economist»)[186] соғысқа көзқарас жөнінде өте тағылым аларлық бағыт ұстап отыр. Ең ескі және ең бай капиталистік елдің алдыңғы қатарлы капиталының өкілдері соғысқа қатты қайғырып үнемі бейбітшілікті тілейтінін көрсетуде. Оппортунистер мен Каутскийдің ізінше социалистік программа бейбітшілікті уағыздауда деп ойлайтын социал-демократтар ағылшын «Экономисін» оқығанда өздерінің қателескеніне әбден көз жеткізеді. Олардың программасы — социалистік программа емес, буржуазиялық-пацифистік программа. Революциялық қимылдарды уағыздамастан бейбітшілікті арман ету соғыстан үрейленушілікті ғана көрсетеді, оның социализммен ортақ ештеңесі жоқ.

Ол ол ма. Ағылшын «Экономисі» нақ революциядан қорыққандықтан да бейбітшілікті жақтап отыр. Мысалы, 1915 жылғы 13 февральдағы номерінен мынаны оқимыз:

> «Филантроптар бейбітшілік қарулануды халықаралық көлемде тежеуге жеткізеді деп үміт етеді... Бірақ европалық дипломатияны қандай күштердің іс жүзінде бағыттап отырғанын білетіндер ешқандай утопияға елікпейді. Соғыс ашып отырған перспектива—қантөгіс революциялардың перспективасы, еңбектің капиталға қарсы, немесе халық бұқарасының континенттік Европадағы үстем таптарға қарсы кескілескен соғыстарының перспективасы».

1915 жылғы 27 марттағы номерінен Эдуард Грей уәде еткен ұлт бостандығын және басқаларды қамтамасыз

стетін бейбітшілік тілеуін тағы да оқимыз. Егер бұл үміт жүзеге аспаса, онда... «соғыс революциялық ойран-топырға әкеліп соқтырады. Бұл ойран-топырдың қай жерден басталып, немен бітерін ешкім айта алмайды...»

Ағылшын миллионер-пацифистері оппортунистерден гөрі, Каутскийді жақтаушылардан гөрі және бейбітшілікті арман етуші осылар тәрізді социалистерден гөрі қазіргі саясатты анағұрлым дұрыс түсінеді. Буржуа мырзалар, біріншіден, демократиялық бейбітшілік туралы сөздер — әлі бұрынғы «күштер дипломатияны іс жүзінде бағыттап отырғанда», яғни капиталистер табы әзірше экспроприацияланбай отырғанда, бос, сөлекет утопия екенін біледі. Екіншіден, буржуа мырзалар перспективаны: «қантөгіс революцияларды», «революциялық ойран-топырды» дұрыс бағалайды. Социалистік төңкеріс буржуазияға әрқашан да «революциялық ойран-топыр» болып көрінеді.

Капиталистік елдердің нақты саясатынан біз бейбітшілікке деген тілектестіктің үш түрін көреміз:

1) Саналы миллионерлер революциядан қорқып, бейбітшілікті тездеткісі келеді. Олар «демократиялық» (аннексияларсыз, қарулануды тежейтін, т. т.) бейбітшілікті шындық тұрғысынан дұрыс пайымдап, капитализм тұсындағы утопия деп жариялайды.

Осы мещандық утопияны оппортунистер, Каутскийді жақтаушылар, т. б. уағыздайды.

2) Санасы төмен халық бұқарасы (ұсақ буржуалар, жартылай пролетарлар, жұмысшылардың бір бөлегі, т. б.) мейлінше тиянақсыз формада бейбітшілікті тілеу арқылы соғысқа қарсы күшейіп келе жатқан наразылықты, күшейіп келе жатқан күңгірт революциялық пиғылды білдіреді.

3) Пролетариаттың алдыңғы қатарлы саналылары, революцияшыл социал-демократтар, бұқараның пиғылына көңіл бөліп, зер салып отырады, олардың бейбітшілікке деген күшейіп келе жатқан ұмтылысын капитализм тұсындағы «демократиялық» бейбітшіліктің оңбаған утопияларын қолдау үшін емес, филантроптарға, бастықтарға, буржуазияға үмітті күшейту үшін емес, қайта революциялық пиғылды күңгірттіктен арылтып,

айқын ету үшін пайдаланады; — ұдайы, тапжылмай, таймай, бұқараның тәжірибесі мен пиғылына сүйене отырып, соғысқа дейінгі саясаттың мыңдаған фактілерімен бұқараның көзін аша отырып,

— демократия мен социализмге жетудің *бірден-бір* жолы ретінде, өз елінің буржуазиясы мен үкіметтеріне қарсы бұқаралық революциялық қимылдардың қажет екендігін *дәлелдеу* үшін пайдаланады.

«Социал-Демократ» № 41, 1 май, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖЕЛБУАЗ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМНІҢ КҮЙРЕУІ

Егер «Наше Слово» өз интернационализмін шын нәрсе деп қарау мүмкін болуын қаласа, онда ол ең құрығанда өз платформасын дәл баяндап шығуға тиіс, деп біз айтқанбыз («Социал-Демократтың» 41-номерін қараңыз)* «Наше Словоның» 85-номерінде (9/V), бізге жауап ретінде, «Наше Слово» редакциясының және оның Париждегі қызметкерлері коллегиясының жиналысында қабылданған қарар басылды, бұл ретте «редакцияның 2 мүшесі, қарардың жалпы мазмұнымен келісе отырып, Россиядағы ішкі партиялық саясаттың ұйымдастыру әдістері туралы ерекше пікір береміз деп мәлімдеген»[187]. Бұл қарар саяси абыржудың және дәрменсіздіктің өте керемет бір документі болып табылады.

Интернационализм деген сөз үсті-үстіне қайталанады, «социалистік ұлтшылдықтың барлық түрлерімен идеялық жағынан толық ажырасқандық» жарияланады, Штутгарт және Базель қарарларынан цитаттар алынады. Ниет түзу екендігінде сөз жоқ. Бірақ... бірақ құрғақ сөз болып шығады, өйткені капитализмнің жауы болу үшін капиталистік қанаудың барлық түрлерін түгел санап шығуға болмайтыны және оның қажеті де жоқ екендігі тәрізді, социал-ұлтшылдықтың шын мәнінде «барлық» түрлерімен шын мәнінде «толық» ажырасуға болмайды және оның қажеті де жоқ. Бірақ басты-басты түрлерімен, мысалы: плехановтық, потресов-

* Қараңыз: осы том, 198—202-беттер. *Ред.*

тік («Наше Дело»), бундтық, аксельродтық, каутскийлік түрлерімен күміліжімей-ақ ажырасуға болады және қажет те. Қарар тым көп дәмелендіреді, бірақ берері жоқ; ол барлық түрлермен толық ажыраспақшы болып айбаттанады, бірақ тіпті тым болмаса солардың ең бастыларын атап өтуден де қорқады.

... Ағылшын парламентінде біреуді есімі бойынша атау әдепсіздік болып есептеледі, «ізгі лорд» деп қана және «пәлендей округтан сайланған аса құрметті депутат» деп қана сөйлеседі. Осы «нашесловошылдар» неткен тамаша ағылшыншылдар, қандай ибалы-инабатты дипломаттар еді десеңізші! Бұлар істің мәніне соқпай, жып-жылмағай өте шығады, өздерінің пікірлерін бүркемелейтін формулалармен оқушыларды соншама сыпайы сыйлайды. Олар «революциялық интернационализм принциптерін... жүзеге асыратын болғандықтан»... барлық ұйымдармен «достық қарым-қатынас» жариялайды (Тургеневтің бір кейіпкерінің: Гизо және нақ өзі! — деп айтатыны сияқты[188])... және олар нақ осы принциптерді жүзеге асырмайтындармен «достық қарым-қатынасты» сақтап қалады.

Нашесловошылдардың өздері неғұрлым аз бергісі келген сайын және неғұрлым аз бере алатын болған сайын, соғұрлым салтанатты түрде жариялайтын «идеялық ажырасуы» олардың социал-ұлтшылдық *қайдан* шыққандығын, оған күш берген *не* екендігін, онымен *қалай* күресу керектігін анықтауында болып отыр. Социал-ұлтшылдар өздерін социал-ұлтшылдар деп атамайды және мойындамайды. Олар бүркеншік аттың тасасына жасырыну үшін, жұмысшы бұқарасының көзіне топырақ шашу үшін, өздерінің оппортунизммен байланыстарының ізін жасыру үшін, өздерінің опасыздығын, яғни өздерінің іс жүзінде буржуазия жағына шыққандығын, өздерінің үкіметтермен және бас штабтармен одақтасқандығын бүркеу үшін олар өздерінің барлық күш-жігерін жұмсайды және жұмсауға мәжбүр болып отыр. Социал-ұлтшылдар осы одаққа сүйене отырып, барлық позицияларды өз қолына ала отырып, енді социал-демократиялық партиялардың «бірлігі» туралы басқалардың бәрінен бетер байбалам салады және оппортунизмнің

жауларын жікшілдер деп айыптайды — *шын* мәнінде интернационалистік журналдарға: «Lichtstrahlen» («Жарық Сәулесі»)[189] мен «Die Internationale»-ге («Интернационал»)[190] қарсы неміс социал-демократиялық партиясы басқармасының («форштандының») соңғы ресми нұсқауын қараңыз. Бұл журналдарға революционерлермен «достық қарым-қатынасты» да, «социал-ұлтшылдықтың барлық түрлерімен идеялық жағынан толық ажырасуды» да жариялаудың керегі жоқ еді; бұл журналдар ажырасуды тіке бастады және оппортунистердің шынында да *«барлық* түрлері» есіре айғай-шу көтеретіндей етіп бастады, осынысымен олар жебенің нысанаға жақсы тигендігін көрсетті.

Ал «Наше Слово» ше?

Ол социал-ұлтшылдыққа қарсы тізе бүгіп отырып көтеріліс жасайды, өйткені «Наше Слово» осы буржуазиялық ағымның ең қауіпті қорғаушыларын (Каутский тәрізділерді) әшкерелемейді, оппортунизмге соғыс жарияламайды, қайта, керісінше, ол туралы жұмған аузын ашпайды, социализмді патриоттық тұтқынның масқаралығынан құтқарып алу жөнінде ешқандай нақты шара қолданбайды және нұсқамайды. Бірігу міндетті емес, сонымен бірге буржуазия жағына өтіп кеткендермен жікке бөліну де міндетті емес дегенде, «Наше Слово» іс жүзінде оппортунистердің ырқына көнеді, алайда ол сыпайы рай танытады, мұны ол өзінің ызғарлы ашуымен оппортунистерді қорқытып тұр деп те, соларға сәлем жолдап тұр деп те түсінуге болады. Бәрінен де ықтималы мынау: солшыл құрғақ сөздерді баяу практикамен біріктіруді бағалай білетін шынында да епті оппортунистер «Наше Словоның» қарарына, шамамен айтқанда, редакцияның екі мүшесінің берген жауабындай: «жалпы мазмұнымен» біз келісеміз (өйткені біз, айта көрмеңіз, тіпті де социал-ұлтшылдар емеспіз!), ал «ішкі партиялық саясаттың ұйымдастыру әдістері» жөнінде кезінде «ерекше пікір» береміз деп жауап берген (егер оларды қарарға жауап беруге мәжбүр етсе) болар еді. Қасқыр да тоқ, қой да аман.

Россия туралы айтуға келгенде «Наше Словоның» нәзік дипломатиясы күл-талқан болды.

«Осының алдындағы заманның жағдайында партиялық бірігу Россияда мүмкін болмай шықты»,— деп мәлімдейді қарар. Мұны: жұмысшы партиясын жарияшыл-жойымпаздар тобымен біріктіру мүмкін болмай шықты,— деп оқыңыз. Бұл — жойымпаздарды аман алып қалу үшін жасалған Брюссель блогының күйреуін жанама мойындау. «Наше Слово» бұл күйреуді тура мойындаудан неге қорқады? Ол бұл күйреудің себептерін жұмысшылар алдында ашық анықтаудан неге қорқады? Бұл блоктың күйреуі осы блокқа қатысушылардың бәрінің саясатының жалғандығын іс жүзінде дәлелдегендіктен қорықпай ма екен? «Наше Слово» социал-ұлтшылдықтың екі (кемінде екі) түрімен, атап айтқанда: Брюссель блогының қайта тірілуін өздерінің күтетіндігі мен үміт ететіндігін куәландырып баспасөзде мәлімдеме жасаған бундшылдармен және Ұйымдастыру комитетімен (Аксельродпен) «достық қарым-қатынастарын» сақтағысы келгендіктен қорықпай ма екен?

«Жаңа жағдайлар... ескі фракциялардың аяғының астындағы негізді бүлдіреді...»

Керісінше емес пе екен? Жаңа жағдайлар жойымпаздықты титтей де тайдырған жоқ, барлық жеке ауытқулары мен жалтаруларына қарамастан, оның негізгі ұйтқысын («Наша Заряны») тіпті шайқалтқан да жоқ, онымен алшақтықты тереңдете және шиеленістіре түсті, өйткені ол жойымпаздық болудың үстіне социал-ұлтшылдыққа айналды! «Наше Слово» жойымпаздық туралы өзіне жағымсыз мәселеден ат-тонын ала қашады, өйткені ескіні жаңа әлсіретіп жіберді дейді, сөйтіп *ескі*... жойымпаздықтың *аяғының астындағы жаңа,* социал-ұлтшылдық *негіз* туралы жұмған аузын ашпайды! Қызық айлакерлік. «Наша Заря» туралы біз үндемейміз, өйткені ол енді жоқ, ал «Наше Дело» туралы үндемейтін себебіміз, сірә, Потресовтың, Череваниннің, Масловтың және $К^0$-нің саяси сәбилер ретінде қаралуы мүмкін екендігінен болар...

Бірақ тек Потресов пен $К^0$-ні ғана емес, «Наше Словоның» редакторлары тіпті өздерін де сәбилерміз деп қарағысы келер еді. Тыңдаңыздар:

«Өткен заманда құрылған фракциялық және фракцияаралық топтар қазіргі өтпелі кезеңде де алдыңғы қатарлы жұмысшылардың мейлінше жетілмеген болса да ұйымдасқан топтасуының бірден-бір» (мұны байқап қойыңыздар!) «пункттері болып отырғандығы жөніндегі фактіге байланысты «Наше Слово» былай деп есептейді: интернационалистерді біріктіру жөніндегі оның негізгі қызметінің мүдделері газетті ұйымдық жағынан партиялық ескі топтардың біріне тіке немесе жанама бағындыруды да, сондай-ақ өзінің пікірлестерін ескі топтарға саяси жағынан қарама-қарсы тұрған ерекше фракция етіп жасанды түрде топтастыруды да қажет етпейді».

Бұл не? Бұл қалай? Жаңа жағдайлар ескі топтарды әлсіретіп отыр, *сондықтан* біз соңғыларды *бірден-бір* реалды деп таниды екенбіз! Жаңа жағдайлар, жойымпаздық бойынша емес, интернационализм бойынша, жаңа топтарды қажет етіп отыр, *сондықтан* біз, «жасанды» деп, интернационалистерді топтастырудан бас тартады екенбіз! Бұл — саяси дәрменсіздікті дәріптеудің нағыз өзі.

Интернационализмді 200 күн уағыздағаннан кейін, «Наше Слово» ескі топтарға «бағынбаймыз» (осындай үрейленген сөз неменеге керек? неге «қосылмасқа», неге «қолдамасқа», неге «ынтымақтаспасқа»?), жаңа топтар құрамаймыз деп, саяси жағынан өзінің әбден толық күйрегендігіне қол қойды. Ескіше, жойымпаздық бойынша топтарда өмір сүреміз, соларға «бағынамыз», ал «Наше Слово» интернационалистік сөзуарлықтың баубақшаларындағы анадайдан айқайлап тұратын жарнама немесе мерекелік серуен сияқты бірдеңе болып қала берсін. «Наше Словоның» жазғыштары жазып жатады, «Наше Словоның» оқушылары оқып жатады.

Біз интернационалистердің топтасуы туралы 200 күн сөйледік те, ешкімді де, тіпті «Наше Словоның» редакторлары мен қызметкерлерінің өздерін де топтастыра алмай отырмыз және мұндай топтастыруды «жасанды» топтастыру деп жариялап отырмыз деген қорытындыға келдік. Мұның өзі Потресов үшін, бундшылдар үшін, Аксельрод үшін неткен қуаныш десеңізші! Және жұмысшыларды жалпылдатып қалай алдайды десеңізші: тыс жағы — заманы өткен ескі топтардан арылған нағыз фракцияшыл емес «Наше Словоның» әсерлі ин-

тернационалистік құрғақ сөздері; астар жағы—топтасудың «бірден-бір» пункттері, ескі топтар...

Енді «Наше Слово» мойындап отырған идеялық-саяси күйреу—кездейсоқ нәрсе емес, күштердің нақты арақатынастарынан сөзбен құтылып кету әрекетінің лажсыз нәтижесі. Россияның жұмысшы қозғалысындағы бұл қатынастар жойымпаздар мен социал-патриоттар («Наше Дело») ағымының және 1912 жылғы Январь конференциясында[191] қалпына келтірілген, IV Мемлекеттік думаның жұмысшы куриясы бойынша өткен сайлауында[192] ныгайтылған, 1912—1914 жылдардағы правдистік газеттер бекіткен, Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясын өкіл етіп отырған маркстік социал-демократиялық жұмысшы партиясының күресіне келіп саяды. Бұл партия өзінің жойымпаздықтың буржуазиялық ағымына қарсы күресін социал-патриотизмнің одан кем түспейтін буржуазиялық ағымына қарсы күреспен *жалғастырды*. Бұл партияның, біздің партияның, бағытының дұрыстығын европалық соғыстың ұлы, бүкіл дүние жүзілік-тарихи тәжірибесі растады және «Наше Словоның» фракциясыз-біріктіру жөніндегі мың бірінші жаңа әрекетінің кішi-гірім, титтей тәжірибесі растады: бұл әрекет «желбуаз» интернационалистер* туралы Берн кеңесінің қарарын («Социал-Демократ» № 40) растап, сәтсіздікке ұшырады.

Шын интернационалистер ескі, жойымпаздық топтарда отырып та (мұны жұмысшылардан жасырып) қалғылары келмейді, ешқандай топтардан тысқары қалғылары да келмейді. Олар біздің партияға келеді.

«Социал-Демократ» № 42, 21 май, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 176-бет. *Ред.*

СОЦИАЛ-ШОВИНИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ

Осы бір көкейтесті мәселе жөніндегі өте-мөте қызғылықты және өте-мөте жаңа материалды жуырда Бернде аяқталған халықаралық социалистік әйелдер конференциясы[193] берді. Конференцияның сипаттамасын және онда қабылданған қарардың да, қабылданбаған қарардың да текстерін оқушылар төменде оқып көреді. Біз бұл мақаламызда істің тек бір жағына ғана тоқталмақпыз.

Ұйымдастыру комитеті жанындағы әйелдер ұйымдарының өкілдері, Трульстра партиясынан келген голланд әйелдері, «Berner Tagwacht» газетінің бейне бір шектен тыс солшылдығы үшін онымен қатты күресуші ұйымдардан келген швейцар әйелдері, социал-шовинистік көзқараста екендігі жұртқа мәлім ресми партиядан азды-көпті маңызы бар қандай да бір мәселе жөнінде ажырасқысы келмейтін француз әйелдерінің өкілі, пацифизмді революциялық пролетарлық тактикадан айқын ажырату туралы пікірге қаны қас ағылшын әйелдері,— осылардың бәрі «солшыл» неміс социал-демократ әйелдерімен бір қарарда табысты. Біздің партиямыздың Орталық Комитеті жанындағы әйелдер ұйымдарының өкілдері *мұндай* блокқа қатысудан гөрі, уақытша жеке қалғанды артық көріп, олармен ажырасты.

Алауыздықтың мәнісі неде еді? Бұл ажырасушылықтың принциптік және жалпы саяси маңызы қандай еді?

Оппортунистерді және солшылдардың бір бөлегін біріктірген «орташа» қарар бір қарағанда өте қолайлы

және принциптік жағынан дұрыс сияқты болып көрінеді. Соғыс империалистік соғыс деп танылды, «отан қорғау» идеясы айыпталды, жұмысшылар бұқаралық демонстрацияларға шақырылды, т. т., т. т. Біздің қарамыздың айырмашылығы «опасыздық», «оппортунизм», «буржуазиялық министрліктерден шығу», т. с. секілді қаттырақ айтылған *тек* бірнеше *сөзде ғана* сияқты.

Біздің партиямыздың Орталық Комитеті жанындағы әйелдер ұйымдары делегаттарының бөлінуін жұрттың нақ осы тұрғыдан сынайтындығы да күмәнсыз.

Мұндай сынның толық қисынсыздығын көру үшін іске ұқыптырақ қарап, белгілі бір ақиқатты «формальды түрде» мойындаумен шектелмеудің өзі жеткілікті.

Конференцияда дүниеге екі түрлі көзқарас, соғысты және Интернационалдың міндеттерін екі түрлі бағалау, пролетарлық партиялардың екі тактикасы қақтығысып қалды. Бір көзқарас: Интернационал күйреген жоқ, шовинизмнен социализмге қайтып оралу үшін күрделі және елеулі кедергі жоқ, оппортунизм тәрізді күшті «ішкі жау» жоқ, оның социализмге тікелей, күмәнсыз, көпе-көрінеу жасаған опасыздығы жоқ. Осыдан шығатын қорытынды: ешкімді де сөкпейміз, Штутгарт және Базель қарарларын бұзғандарға «кешірім» береміз, бағытты солға таман алуға, бұқараны демонстрацияларға шақыруға кеңес берумен тынамыз.

Осы айтылып өткен пункттердің бәрі жөніндегі екінші көзқарас бұған мүлде қарама-қарсы. Оппортунистермен және социал-шовинистермен партия ішінде болып келген *дипломатияны* соза түсуден гөрі пролетарлық іске зияндырақ және қауіптірек еш нәрсе жоқ. Көпшіліктің қарары түгелімен дипломатия рухында жазылғандықтан, ол оппортунист әйелдер үшін және қазіргі ресми партияларды жақтаушы әйелдер үшін қолайлы болып шықты. Мұндай дипломатия *қазір* нақ сол ресми социал-патриоттар басшылық етіп отырған жұмысшы бұқарасының көзіне шөп салып жүр. Бағытты өзгерту және теріс бағыттың орнына дұрыс бағыт алу қазіргі социал-демократиялық партиялардың және олардың қазіргі басқармаларының *қолынан келеді* деген сөзсіз қа-

те және зиянды пікір жұмысшы бұқарасына таратылып жүр.

Бұл олай емес. Бұл — апатқа ұшырататын аса қатты адасқандық. Бағытты елеулі түрде өзгерту қазіргі социал-демократиялық партиялардың және олардың басқармаларының *қолынан келмейді. Іс жүзінде* бәрі де ескіше қала береді, ендеше көпшіліктің қарарында айтылған «солшыл» тілектер жай тілектер болып қала береді,— мұндай қарарға дауыс бере отырып, Трульстраның партиясын немесе француз партиясының қазіргі басқармасын жақтаушы әйелдер мұны айнымас саяси инстинкт арқылы сезе қойды. Бұқараны демонстрацияларға шақыру ісі социал-демократиялық партиялардың қазіргі басқармалары аса белсенді түрде қолдағанда ғана іс жүзінде, елеулі практикалық маңыз ала алады.

Мұндай қолдауды күтуге бола ма? Күтуге болмайтындығы анық. Мұндай шақырудың басқармалар тарапынан әсте қолдауды емес, қатаң (және көп ретте *бүркемелі түрдегі)* қарсылықты кездестіретіндігі белгілі.

Егер бұл жұмысшыларға тікелей айтылған болса, онда жұмысшылар *шындықты* білген болар еді. Олар «солшыл» тілектерді *жүзеге* асыру үшін социал-демократиялық партиялардың бағытын түбірінен өзгерту керектігін, оппортунистермен және олардың «центрлік» достарымен аянбай күресу керектігін білген болар еді. Ал енді залалды, залал болғанда онымен күреспейінше әлгі тілектерді жүзеге асыруға болмайтып залалды, дауыстап және айқын түрде атап айтудан *бас тартып,* жұмысшыларды солшыл тілектермен *жұбатты.*

Қазіргі социал-демократиялық партияларда шовинистік саясат жүргізуші дипломат-бастықтар көпшілік қарарының әлсіздігін, жалтақтығын, жеткілікті түрде анық еместігін тамаша пайдаланады. Олар әдісқой парламентарларша рольдерді өзара бөлісіп алады; біреулері: Каутскийдің және К^0-нің «елеулі» дәлелдері бағаланбады, талданбады, келіңдер, кеңірек құрамда талқылайық,—дейді; екінші біреулері: көрдіңіздер ме, егер Трульстраның партиясы мен Гед — Самбаның партиясын жақтаушы әйелдер солшыл неміс әйелдерімен ор-

тақ тіл тапса, онда біздің үлкен алауыздық жоқ дегеніміз дұрыс болып шықпады ма?— дейді.

Әйелдер конференциясы Шейдеманның, Гаазенің, Каутскийдің, Вандервельденің, Гайндманның, Гед пен Самбаның, Плехановтың, т. т. жұмысшы бұқарасын қалғытуына көмектеспеуі керек еді, қайта, керісінше, ол бұқараны оятып, оппортунизмге қарсы үзілді-кесілді соғыс жариялауы керек еді. Тек сонда ғана практикалық нәтиже—аталған «көсемдердің» «түзелуіне» үміттенушілік болмай, қайта қиын және елеулі күрес үшін күш жинағандық болар еді.

Оппортунистер мен «центрліктердің» Штутгарт және Базель қарарларын бұзғандығы туралы мәселені алыңыз: істің *түйіні* осында ғой! Істің қалай болғандығын дипломатиясыз, тура және айқын ойлап көріңіздерші.

Соғыстың боларын күні бұрын сезгендіктен, Интернационал бас қосты және былай деп біраууыздан шешім қабылдады: соғыс бола қалған күнде *«капитализмнің күйреуін тездету»* жолында жұмыс істеу керек, *Коммуна* рухында, *1905 жылғы октябрь мен декабрь* рухында жұмыс істеу керек (түп-тура Базель қарарының сөздері!!!), «бір ел жұмысшыларының екінші елдің жұмысшыларына» оқ атуын *«қылмыс»* деп тану рухында жұмыс істеу керек.

Интернационалдық, пролетарлық, революциялық рухта жұмыс істеу бағыты бұл арада әбден айқын көрсетілген, айқындығы сонша — жариялылықты сақтай отырып, бұдан да гөрі айқынырақ айтуға болмайтын еді.

Соғыс басталды — Базельде болжанған дәл сол соғыс, дәл сол бағыт бойынша жүргізілетін соғыс басталды. Ресми партиялар тура қарама-қарсы рухта: интернационалистерше емес, ұлтшылдарша, пролетариатша емес, буржуазияша, революциялық түрде емес, барып тұрған оппортунистік түрде қимыл жасап отыр. Егер біз жұмысшыларға: социализм ісіне тура *опасыздық жасалды,*— дейтін болсақ, онда біз бұл сөздер арқылы Каутский мен Аксельрод à la сылтаулары мен жалтарыстарының бәрін, софизмдерінің бәрін бірден лақты-

рып тастаймыз, біз залалдың тереңдігі мен күшін айқын көрсетеміз, залалға көнуге шақырмаймыз, қайта айқын түрде күреске шақырамыз.

Ал көпшіліктің қарары ше? Опасыздарды әшкерелеу жөнінде ешбір үн қатпаған, оппортунизм туралы ешбір сөз айтпаған, Базель қарарының идеяларын жай *қайталаған* да қойған!!! Тұп-тура елеулі еш нәрсе болмаған секілді,—кездейсоқ бір қателік болыпты, енді ескі шешімді *қайталай салса* болғаны,— принципті емес кішкене алшақтық байқалыпты, енді соны *бітей салса* болғаны!!!

Ал мұның өзі Интернационалдың шешімдерін тура *мазақ еткендік* қой, жұмысшыларды мазақ еткендік қой. Социал-шовинистер, шынында, ескі шешімдерді жай *қайталаудан* басқа ештеңе тындырмайды, тек іс жүзінде еш нәрсе өзгертпесе болғаны. Шынына келгенде, мұның өзі — қазіргі партиялардың көпшілігінің социал-шовинистік жақтаушыларына үн-түнсіз, екіжүзді-бүркемелі түрде *кешірім жасау*. Нақ осы жолмен жүруге, бірнеше солшыл сөзбен шектелуге «бейім тұратындардың көп» екендігін біз білеміз. Біздің жолымыз мұндай адамдармен бір емес. Біз *басқа* жолмен жүріп келдік және жүре береміз де, біз жұмысшы қозғалысына және жұмысшы партиясының құрылысына *іс жүзінде,* оппортунизм мен социал-шовинизмге ымырасыздық рухында көмектескіміз келеді.

Неміс делегат әйелдерінің бір бөлегі тек бір ғана партия ішіндегі, атап айтқанда өз партиясы ішіндегі, шовинизммен күресудің даму *қарқынына* ғана қатысы бар пікірлер бойынша, сірә, әбден айқын қарардан қорыққан болуы керек. Бірақ мұндай пікірлер мүлдем орынсыз еді және қате еді, өйткені халықаралық қарар *жеке* елдердегі социал-шовинизммен күресудің қарқынына да, нақты жағдайларына да тіпті тоқталған жоқ және тоқтала да алмайтын еді; бұл жөнінде жеке партиялардың автономиялылығында ешбір талас жоқ. Интернационалдық трибунадан социал-демократиялық жұмыстың бүкіл бағыты жөнінде, бүкіл сипаты жөнінде социал-шовинизмнен біржолата қол үздік деп жариялау

керек еді; ал мұның орнына көпшіліктің қарары ескі қатені — оппортунизмді және сөз бен істің арасындағы алшақтықты дипломаттыққа салынып бүркемелеп келген II Интернационалдың қатесін тағы да қайталады. Қайталап айтамыз: біз *бұл* жолмен жүрмейміз.

«Социал-Демократ» газетінің 42-номеріне қосымша, 1 июнь, 1915 ж.

Қосымшаның тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК ӘЙЕЛДЕР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Орталық Комитет делегациясы ұсынған қарар

Бұрқ ете түскен жерінің бәрінде соншама зардап шектірген, Бельгия мен Галицияны ойрандап, жайпап кеткен, мың-мыңдаған жұмысшылардың өмірін еш еткен қазіргі дүние жүзілік соғыс — әр түрлі елдердің билеуші таптарының отарларды бөлісу, дүние жүзілік рынокта үстемдік ету жолындағы күресінен және династиялық мүдделерден туған империалистік соғыс. Бұл соғыс барлық елдердің капиталистер табы мен үкіметтері саясатының табиғи жалғасы болып табылады, сондықтан да бірінші болып соққы берген кім деген мәселенің, социалистік тұрғыдан алғанда, ешқандай мәні жоқ.

Бұл соғыс жұмысшылардың мүдделеріне зәрредей де қызмет етпейтіні былай тұрсын, қайта билеуші таптардың жұмысшылардың интернационалдық ынтымағын бұзу үшін, ал әрбір елдің ішінде олардың қозғалысы мен таптық күресін әлсірету үшін жұмсайтын қаруы болып табылады. Дәл сол сияқты буржуазия ұсынып, оппортунистер қолдап отырған «отан қорғау» паролі алдаудан басқа түк те емес, ал буржуазия өз мүдделері үшін қанын төгіп, жанын қиюға пролетариатты осы алдау арқылы көндіруге тырысып отыр.

Осының бәрін еске ала келіп, социалист-әйелдердің кезектен тыс интернационалдық конференциясы,—соғыс туғызған экономикалық және саяси дағдарысты капиталистік құрылыстың құлауын тездету мақсатымен халықты күреске көтеру үшін пайдалануды ұсынған

Штутгарт қарарына, депутаттар соғыс кредиттеріне қарсы дауыс беруге тиіс дейтін Копенгаген қарарына және бір-біріне оқ атуды жұмысшылар қылмыс деп санайды дейтін Базель қарарына сүйене отырып,— соғысушы елдердегі социалистік партиялар көпшілігінің өкілдері мүлде осы қарарларға сәйкес әрекет етпеді, қайта жағдайдың қысымына көніп, социализмге нағыз опасыздық жасады, оны ұлтшылдықпен ауыстырды деп мәлімдейді;— конференция барлық елдер пролетарларының өздерінің таптық жауы — капиталистер табынан басқа жауы жоқ деп кесіп айтады.

Осы соғыс туғызған сұрапыл қайғы-қасіреттер барлық әйелдердің, әсіресе пролетар-әйелдердің, бейбітшілікті барған сайын көбірек көксеуіне себепкер болып отыр. *Империалистік* соғыс *атаулының бәріне соғыс* жариялай отырып, конференция сонымен қатар былай деп есептейді: бейбітшілікті осылай көксеудің *саналы саяси күшке* айналуы үшін *жұмысшы әйелдер дәулетті таптардың тек қана* аннексияға, жаулап алушылыққа және үстемдікке *ұмтылатынын*, империализм заманында соғыстың болмай қоймайтынын және егер *пролетариат капитализмді біржолата құлатып, капиталистік құрылысты құртуға өз бойынан жеткілікті күш таба алмайтын болса*, онда империализм дүние жүзіне талай соғыс қаупін төндіретінін *жақсы түсінетін болуы қажет*. Егер жұмысшы әйел империалистік соғыстар заманымен байланысты қайғы-қасірет дәуірін қысқартқысы келсе, оның бейбітшілікке ұмтылуы *ашу-ызаға және социализм жолындағы күреске* ұласуы керек. *Тек бұқараның революциялық қозғалысы арқылы ғана, социалистік күресті күшейтіп, үдету арқылы ғана жұмысшы әйел* бұл күресте *өз мақсатына жете алады*. Сонымен, оның бірінші міндеті—кәсіптік және социалистік ұйымдарды қолдау, соғыс кредиттеріне қарсы, буржуазиялық министрліктерге кіруге қарсы күресу арқылы, ұрыс майданындағы траншеяларда солдаттардың бауырласуын қолдап, насихаттау арқылы, үкімет конституциялық бостандықтарды тартып алған жердің бәрінде құпия ұйымдар құру арқылы және, ақырында, бұқара-

ны манифестациялар мен революциялық қозғалыстарға қатыстыру арқылы азаматтық татулықты бұзу.

Социалист-әйелдердің интернационалдық конференциясы барлық елдердің жұмысшы әйелдерін осы күресті дереу жүргізуге, мұны интернационалдық жолмен ұйымдастыруға, өз жұмысын барлық елдердің социалистерінің жұмысымен, ұлтшылдыққа қарсы күресті, революциялық социалистік күресті Либкнехт сияқты жүргізіп отырған социалистердің жұмысымен тығыз байланыстыруға шақырады.

Сонымен бірге конференция жұмысшы әйелдерге мынаны ескертеді: Европаның ең алдыңғы қатарлы елдерінде социалистік өндіріс үшін керекті объективтік жағдайлар қазірдің өзінде-ақ пісіп жетілді, бүкіл қозғалыс жаңа кезеңге аяқ басып отыр, қазіргі бүкіл дүние жүзілік соғыс оларға жаңа әрі елеулі міндеттер жүктейді, олардың қозғалысы бұқараның жаппай бой көрсетуіне мұрындық бола алады, ал мұның өзі бүкіл социалистік қозғалысқа жаңа өріс ашып, біржола азат болу сәтін жақындататын болады. Демонстрациялар мен революциялық манифестациялар ұйымдастыру ісінде инициативаны өздеріне ала отырып және пролетариатпен қол ұстаса отырып, жұмысшы әйелдер пролетарлық күрестің жаңа дәуірін бастай алады, ал бұл дәуір ішінде пролетариат неғұрлым алдыңғы қатарлы елдерде — социализм, ал неғұрлым артта қалған елдерде демократиялық республика орнатады.

«Социал-Демократ» газетінің 42-номеріне қосымша, 1 июнь, 1915 ж.

Қосымшаның тексті бойынша басылып отыр

II ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ КҮЙРЕУІ[194]

1915 ж. майдың екінші жартысында — июньнің бірінші жартысында жазылған

1915 ж. сентябрьде «Коммунист» журналының 1—2-номерінде басылған, Женева
Қол қойған: Н. Ленин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

Интернационалдың күйреуі деп жұрт кейде істің тек формальдық жағын, соғысып жатқан елдердің социалистік партиялары арасындағы интернационалдық байланыста үзіліс болғанын, халықаралық конференцияны да, Халықаралық социалистік бюроны да шақыруға мүмкіндік болмағанын, т. с. түсініп жүр. Бейтарап, кішкене елдердегі кейбір социалистер, сірә, тіпті олардағы ресми партиялардың көпшілігі де, одан кейін оппортунистер және олардың қоргаушылары осындай көзқараста болып отыр. Орыс баспасөзінде барынша алғыс айтуға лайық ашықтықпен Вл. Косовский мырза Бундтың «Информациялық Листогының» 8-номерінде осы позицияны қорғады; соның өзінде «Листоктың» редакциясы автордың пікіріне қосылмайтындығы туралы бір ауыз сөз айтпады. Соғыс кредиттерін жақтап дауыс берген неміс социал-демократтарын ақтауға дейін аузы барған Косовский мырзаның ұлтшылдықты қорғауы Бундтың буржуазиялық-ұлтшылдық сипатына көптеген жұмысшылардың біржолата көз жеткізуіне көмектеседі деп үміттенуге болады.

Саналы жұмысшылар үшін социализм—ымырашылмещандық және ұлтшыл-оппозициялық талпыныстардың қолайлы бүркеніші емес, байсалды сенім. Интернационалдың күйреуі деп олар ресми социал-демократиялық партиялардың көпшілігінің өз сенімдеріне, Штутгарт және Базель халықаралық конгрестерінде сөйлеген сөздерінде, осы конгрестердің қарарларында, т. т.

салтанатпен айтылған мәлімдемелерге адам айтқысыз опасыздық жасағанын түсінеді. Бұл опасыздықты көрмесе оны көргісі *келмейтіндер* ғана, оны көру өздеріне тиімді болмағандар ғана көрмейді. Істі ғылыми жағынан, яғни қазіргі қоғам таптары арасындағы қатынастар тұрғысынан қарап тұжырымдағанда, біз мынаны айтуға тиіспіз: социал-демократиялық партиялардың көпшілігі және, ең алдымен, оларды бастаушы — II Интернационалдың ең үлкен, ең ықпалды партиясы — герман партиясы пролетариатқа қарсы өздерінің бас штабының жағына, өз үкіметінің жағына, өз буржуазиясының жағына шығып кетті. Бұл — бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар оқиға, сондықтан оған мүмкіндігінше жан-жақты толық талдау жасамауға болмайды. Соғыстардың, қаншама сұмдық сергелдеңдері мен апаттары бола тұрса да, адам қауымындағы толып жатқан шірік, күні өткен, өлі нәрселерді аяусыз ашып, әшкерелеп, қирата отырып, азды-көпті ірі пайда келтіретіндігі әлдеқашан мойындалған. Сол сияқты 1914—1915 жылғы европалық соғыс та, цивилизациялы елдердің алдыңғы қатарлы табына оның партияларында әлдеқандай бір жиіркеніштi жараның іріңдеп, жарылғалы тұрғандығын, әлдеқайдан адам шыдай алмайтын өлік иісі мүңкитіндігін көрсетіп, адамзатқа күмәнсыз пайда келтіре бастады.

I

Европаның басты-басты социалистік партиялары өздерінің сенімдері мен міндеттерінің бәріне опасыздық істеп отырғаны айқын ба? Әлбетте, опасыздардың өздері де, олармен достасуына, бітісуіне тура келетінін жақсы білетіндер де — немесе көмескі сезетіндер де — бұл туралы сөз қылуды ұнатпайды. Бірақ, осының өзі II Интернационалдың әр түрлі «беделділеріне» немесе россиялық социал-демократтардың арасындағы олардың фракцияшыл достарына қаншама қолайсыз болғанымен, біз әр нәрсеге тура қарап, оны өз атымен атап, жұмысшыларға шындықты айтуға тиіспіз.

Қазіргі соғыстың алдында және оны болжауда социалистік партиялар өздерінің міндеттері мен өздерінің

тактикасына қалай қарады деген мәселе жөнінде факт жүзіндегі мәліметтер бар ма? Дау жоқ, бар. Ол—1912 жылы болған Базель халықаралық социалистік конгресінің қарары; біз бұл қарарды сол жылы Хемницте болған герман социал-демократиясы съезінің[195] қарарымен бірге, социализмнің «ұмытылған сөздерін» еске салу ретінде, қайта басып отырмыз. Барлық елдердің соғысқа қарсы орасан зор насихаттық және үгіттік әдебиетіне қорытынды жасай келіп, бұл қарар соғыс жөніндегі социалистік көзқарастарды және соғысқа көзқарас жөніндегі тактиканы нағыз дәл және толық, нағыз салтанатты және ресми баяндау болып табылады. Кешегі Интернационалдың және бүгінгі социал-шовинизмнің беделділерінің бірде-бірі Гайндман да, Гед те, Каутский де, Плеханов та, осы қарарды өздерінің оқушыларының есіне салуға батылы бармай, немесе ол туралы мүлде үндемей отыр, немесе (Каутский сияқты) оның барлық мәнді жерлерін елеусіз қалдырып, екінші дәрежелі жерлерінен цитат келтіріп жүр; осы фактінің өзін-ақ опасыздық демей, басқаша атауға болмайды. Нағыз «солшыл», мейлінше революцияшыл қарарлар алу және оларды мейлінше ұятсыз түрде ұмыту немесе олардан безу—міне Интернационалдың күйреуінің ең айқын көріністерінің бірі осы; сонымен қатар бұл—теңдесі жоқ аңқаулығы бұрынғы екіжүзділікті мәңгілік етпек болған айлакер тілегімен ұштасқан адамдар ғана енді жалаң қарарлар арқылы социализмді «түзетушілікке», «оның бағытын жөндеп жіберушілікке» сене алатындығын нағыз айқын көрсететін дәлелдердің бірі.

Күні кеше деуге болады, Гайндман соғыс алдында империализмді қорғауға бет бұрған кезде, «жөні түзу» социалистердің бәрі оны алжасқан аусар деп есептеген еді және ол туралы сөз қылғанда ешкім де менсінбеген пішіннен басқа пішінмен сөз қылмаушы еді. Ал қазір барлық елдердің аса көрнекті социал-демократиялық көсемдері,— бір-бірінен тек сарындары мен қызулығы жөнінен ғана өзгеше болып,— бүтіндей Гайндманның позициясына түсіп кетті. Сондықтан, мысалы, «Наше Слованың» жазғыштары сияқты, Гайндман «мырза» туралы жек көрген пішінде жазып, ал Каутский «жол-

дас» туралы қошемет көрсету (немесе жарамсақтану?) түрінде сөз қылатын—немесе үндемей қалатын—адамдардың азаматтық ерлігін қандай да болсын парламенттік тілмен бағалауға және сипаттауға біздің тіпті шамамыз келетін емес. Мұндай көзқарасты социализмді құрметтеушілікпен, жалпы алғанда өзіңнің сеніміңді құрметтеушілікпен келістіруге бола ма? Егер сіз Гайндманның шовинизмінің арамдығына және апаттылығына сенетін болсаңыз, онда сын мен шабуылды сондай көзқарастардың *анағұрлым ықпалды* және анағұрлым қауіпті жақтаушысына — Каутскийге қарсы бағыттау керек емес пе?

Соңғы кезде гедист Шарль Дюма өзінің «Біз қандай бейбітшілікті тілейміз» деген кітапшасында Гедтің көзқарастарын бәрінен де дерлік толығырақ білдірді. Осы «Жюль Гед кабинетінің бастығы»,— кітапшаның бастапқы бетінде өзі осылай деп қол қойған,— әлбетте, социалистердің бұрынғы патриоттық рухтағы мәлімдемелерінен «цитат» келтіреді (отан қорғау туралы өзінің соңғы кітапшасында неміс социал-шовинисі Давидтің дәл сондай мәлімдемелерден цитат келтіргені сияқты)[196], бірақ ол Базель манифесінен цитат келтірмейді! Әдеттен тыс мәз болған пішінмен шовинистік сорақылықтарды айтып, бұл манифест туралы Плеханов та үндемейді. Каутский Плехановқа ұқсас: ол Базель манифесінен цитат келтіргенде оның барлық революцияшыл жерлерін (яғни оның бүкіл мәнді мазмұнын!) *тастап кетеді,*— сірә, цензураның рұқсат етпейтіндігін сылтаурататын болса керек... Полиция мен әскери өкімет орындары тап күресі туралы, революция туралы сөйлеуге цензуралық тыйым салулары арқылы социализмге опасыздық жасаушыларға «дегендей-ақ» жәрдем көрсетті!

Әлде, бәлкім, Базель манифесі осы нақты соғысқа сөзсіз қатысы бар тарихи да, тактикалық та ешқандай дәл мазмұны жоқ әлдененей бір мазмұнсыз үндеу шығар?

Жоқ, нақ керісінше. Өзге қарарлардан гөрі Базель қарарында құрғақ тақпақшылдық кемірек те, нақты мазмұн көбірек. Базель қарары *дәл* осы басталып

отырған соғыс туралы, атап айтқанда 1914—1915 жылдары өршіген *империалистік* жанжалдар туралы сөз қылады. Австрия мен Сербияның Балқан үшін жанжалдасуы, Австрия мен Италияның Албания, т. т. үшін жанжалдасуы, Англия мен Германияның жалпы рыноктар мен отарлар үшін жанжалдасуы, Россияның Түркиямен және басқалармен Армения үшін және Константинополь үшін жанжалдасуы,— міне Базель қарары осылар туралы айтып, дәл қазіргі соғысты болжады. Базель қарары «Европаның ұлы державалары» арасындағы дәл қазіргі соғыс туралы былай деді: бұл соғысты *«қандай да болсын халық мүддесі үшін деген сәл ғана сылтаумен де ақтауға болмайды»!*

Ал егер қазір Плеханов пен Каутский—нағыз әйгілі жәпе бізге өте-мөте жақын, бірі орысша жазатын, бірінікін жойымпаздар орысшаға аударатын, беделді екі социалисті алып отырмыз—соғысқа әр түрлі «халықтық (немесе, дұрысырақ айтқанда, көшедегі буржуазиялық баспасөзден алынған қара халықтық) ақтаулар» іздестіріп жүрген болса (Аксельродтың көмегімен), егер олар ғалымсынған пішінмен, Маркстен жалған цитаттар жинап алып, «мысалдарға», 1813, 1870 жылдардағы (Плеханов) немесе 1854—1871, 1876—1877, 1897 жылдардағы (Каутский) соғыстарға сүйенетін болса,— онда, расында да, социалистік сенімнің көлеңкесі де жоқ, социалистік ар-ұяттың тамшысы да жоқ адамдар ғана мұндай дәлелдерді «шынға» жори алады, бұларды адам айтқысыз иезуиттік деп, екіжүзділік деп, социализмді масқаралау деп *атамай* кете алады! Немістік партия басқармасы («форштанд») Меринг пен Роза Люксембургтің жаңа журналына («Интернационал») Каутскийді дұрыс бағалағаны үшін қарғыс айта берсін, Вандервельде, Плеханов, Гайндман және К°, «үш жақты келісім» полициясының көмегімен, өздеріне қарсыларды да кемсіте берсін,— біз көсемдердің опасыздық деуден басқаша айтуға болмайтын бет бұрысын әшкерелейтін Базель манифесін қайта басып шығарумен жауап береміз.

Базель қарары Европада талай рет болған, тіпті 1789—1871 жылдардағы заманға тән нәрсе болған ұлттық соғыс туралы, халықтық соғыс туралы сөз қылмайды, социал-демократтар еш уақытта безіп көрмеген революциялық соғыс туралы сөз қылмайды, қайта «капиталистік империализм» мен «династиялық мүдделердің» салдарынан, соғысушы державалардың *екі* тобының да, австриялық-германиялық топтың да, ағылшын-француз-орыс тобының да, «басқыншылық саясатының» салдарынан туған *қазіргі* соғыс туралы сөз қылады. Плеханов, Каутский және K^0 осы империалистік, отарлық, тонаушылық соғысты халықтық, қорғаныстық (кім үшін болса да) соғыс деп көрсетуге бар күшін салып тырысатын барлық елдер буржуазиясының құлқын құмарлық өтірігін қайталап және империалистік *емес* соғыстардың тарихи мысалдарынан бұған ақтау іздестіріп, жұмысшыларды тура алдап отыр.

Бұл соғыстың империалистік, тонаушылық, пролетариатқа қарсы сипаты туралы мәселе таза теориялық мәселенің сатысынан әлдеқашан өтті. Империализм, өзінің барлық басты-басты белгілері жағынан алғанда, құрып бара жатқан, қаусаған, шіріген буржуазияның дүниені бөлісіп алу жолындағы және «ұсақ» ұлттарды кіріптарлыққа салу жолындағы күресі болып табылатындығы теория жүзінде әлдеқашан бағаланып қана қойған жоқ; бұл қорытындылар *барлық* елдер социалистерінің бүкіл ұшы-қиырсыз газет әдебиетінде мыңдаған рет қайталанып қана қойған жоқ; мәселен, бізге «одақтас» ұлттың өкілі француз Дэлэзи «Болашақ соғыс» туралы кітапшасында (*1911 жылғы!*) қазіргі соғыстың француз буржуазиясы тарапынан да тонаушылық сипаттағы соғыс екендігін әбден ұғымды етіп түсіндіріп қана қойған жоқ. Ол жеткіліксіз. Барлық елдердің пролетарлық партияларының өкілдері дәл империалистік сипаттағы соғыстың болатындығына берік сенетіндіктерін Базельде бірауыздан және ресми түрде білдіріп, бұдан *тактикалық* қорытындылар жасады. Сондықтан, айта кетелік, ұлттық тактика мен интернационалдық тактиканың арасындағы айырмашылық жеткілікті талқыланбады деген (Аксельродтың «Наше Сло-

нонның» 87, 90-номерлеріндегі соңғы интервьюін салыстырып қараңыз), т. т., т. с. дәлелдердің бәрі де, софизм ретінде, бірден керексіз етіліп тасталуға тиіс. Бұл — софизм, өйткені империализмді ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеу—бір мәселе; мұндай зерттеу енді ғана басталып отыр және, асылында, ғылым атаулының шексіз болатыны сияқты, бұл зерттеу де шексіз. Социал-демократиялық газеттердің миллиондаған даналарында және Интернационалдың шешімінде баяндалған, капиталистік империализмге қарсы социалистік тактиканың негіздері— екінші мәселе. Социалистік партиялар—айтыс клубтары емес, күресіп жатқан пролетариаттың ұйымдары; сондықтан батальондардың бірқатары жау жағына шығып кеткенде, оларды опасыздар деп атап масқаралауымыз керек, империализмді «жұрттың бәрі бір мағынада» түсінбей жүр деген, мына шовинист Каутский мен шовинист Кунов бұл туралы тұтас томдар жаза алады деген, мәселе «жеткілікті талқыланған жоқ» деген, т. б., т. с. екіжүзділік сөздермен алдауға өзімізді «ұстап» бермеуіміз керек. Капитализм тонаушылығының *барлық* көріністері, оның тарихи дамуының және оның ұлттық ерекшеліктерінің мейлінше ұсақ тарамдарының бәрі *еш уақытта ақырына дейін* зерттеліп бітпейді; жеке мәселелер туралы ғалымдар (және әсіресе педанттар) таласуын еш уақытта қоймайды. «Осының негізінде» капитализмге қарсы социалистік күрестен, өзіңді осы күреске опасыздық жасаушыларға қарама-қарсы қоюдан бас тарту күлкі болар еді,— ал Каутский, Кунов, Аксельрод, т. с. бізге осыдан басқа не ұсынып отыр?

Қазір, соғыс басталғаннан кейін, Базель қарарын талдауға, оны дұрыс емес деп көрсетуге ешкім тіпті әрекет те жасаған жоқ қой!

II

Әлде, бәлкім, адал ниетті социалистер соғыстың революциялық жағдай туғызатынын болжап, Базель қарарын жақтаған шығар, бірақ оқиғалар булардың бол-

жауын бекерге шығарып, революция мүмкін болмай қалған шығар?

Кунов («Партияның күйрегені ме?» деген кітапшасында және басқа бірқатар мақалаларында) өзінің буржуазия лагеріне көшкендігін нақ осындай софизммен ақтауға тырысады, ал ишарат түрінде осындай «дәлелдерді» біз Каутский бастаған социал-шовинистердің бәрінен дерлік кездестіріп отырмыз. Революциядан үміт ету жалған үміт болып шықты, ал жалған үмітті жақтау марксистің ісі емес,— деп пайымдайды Кунов, соның өзінде бұл струвист Базель манифесіне қол қоюшылардың бәрінің «жалған үміті» туралы бір ауыз сөз айтпайды да, айтулы-ізгі адам болғансып, істің түйінін Паннекук пен Радек сияқты әсіре солшылдарға аудара салуға тырысады!

Шынында да, Базель манифесінің авторлары шын ниетімен-ақ революция болады деп жорыған еді, бірақ оқиғалар бұлардың ойын бекерге шығарды дейтін дәлелді алып қарайықшы. Базель манифесі былай дейді— 1) соғыс экономикалық және саяси дағдарыс туғызады; 2) жұмысшылар өздерінің соғысқа қатысуын қылмыс деп, «капиталистердің пайдаларына бола, династиялардың даңққұмарлығына бола, дипломатиялық құпия шарттарды орындауға бола бір-біріне оқ атып», қылмыс жасау деп есептейтін болады; соғыс жұмысшылардың арасында «ыза мен ашу» туғызады; 3) осы айтылған дағдарысты және жұмысшылардың осы айтылған рухани күйін социалистер «халықты ашындыру үшін және капитализмнің күйреуін тездету үшін» пайдалануға міндетті; 4) «үкіметтер» — бәрі де бірі қалмастан — соғысты «өздеріне қауіпсіз түрде» бастай алмайды; 5) үкіметтер «пролетарлық революциядан қорқады»; 6) үкіметтер Париж Коммунасын (яғни азамат соғысын), Россиядағы 1905 жылғы революцияны, т. т. «еске түсірулері керек». Мұның бәрі — мүлдө айқын пікірлер; бұларда революция болады деген *кепілдік* жоқ; бұларда *фактілер* мен *тенденциялардың* дәл сипаттамасы баса айтылған. Кімде-кім бұл сияқты ойлар мен пайымдаулар жөнінде революцияны жақында болады деп күту құр елес болып шықты десе, ол

адам революция жөнінде маркстік көзқараста емес, струвелік және полициялық-ренегаттық көзқараста екендігін көрсетеді.

Революциялық жағдай болмайынша революцияның болуы мүмкін емес екендігіне, соның өзінде революциялық жағдай атаулының бәрі бірдей революцияға жеткізе бермейтіндігіне марксист күмәнданбайды. Жалпы айтқанда, революциялық жағдайдың белгілері қандай? Мынадай басты үш белгіні атап көрсетсек, біз қателесе қоймаспыз: 1) Үстем таптардың өздерінің үстемдігін өзгеріссіз күйде сақтап тұруы мүмкін болмайды; «жоғарыдағылардың» біресе ол, біресе бұл дағдарысы, үстем тап саясатының дағдарысы туады, бұл дағдарыстың нәтижесінде езілген таптардың наразылығы мен ашу-ызасы сыртқа шығатын жарықшақ пайда болады. Революцияның тууы үшін әдетте «төмендегілердің» ескіше тұруды «тілемеуі» жеткіліксіз, оның үстіне «жоғарыдағылардың» ескіше тұра «алмауы» керек. 2) Езілген таптардың мұқтаждығы, күйзеліске ұшырауы әдеттегіден күштірек шиеленіседі. 3) «Бейбіт» заманда өзін тып-тыныш тоната беретін, ал дауылды уақыттарда дағдарыстың бүкіл жағдайы арқылы да, *«жоғарыдағылардың» өздері арқылы да* дербес тарихи аттанысқа тартылатын бұқараның белсенділігі, жоғарыда айтылған себептерге байланысты, анағұрлым артады.

Жеке топтар мен партиялардың ғана емес, сонымен қатар жеке таптардың да еркіне тәуелсіз осы объективтік өзгерістер болмайынша, революцияның болуы — жалпы ереже бойынша — мүмкін емес. Осы объективтік өзгерістердің жиынтығы революциялық жағдай деп аталады. Мұндай жағдай Россияда 1905 жылы болды және Батыста революциялардың барлық замандарында болды; бірақ ол жағдай өткен ғасырдың 60-жылдарында Германияда да болды, 1859—1861, 1879—1880 жылдары Россияда да болды, әйтсе де бұл реттерде революциялар бола қойған жоқ. Неге? Неге десеңіз, революциялық жағдай атаулының бәрінен бірдей революция туа бермейді, жоғарыда айтылған объективтік өзгерістерге субъективтік өзгеріс қосылғанда, атап айтқанда: ең уақытта, тіпті дағдарыстар заманында да, «түсіріп

жібермесе» өздігінен «құламайтын» ескі үкіметті қиратарлықтай (немесе әлсіретерліктей) жеткілікті *күшті* бұқаралық революциялық қимылдар жасауға революцияшыл *таптың* қабілеттілігі қосылғанда, тек осындай жағдайдан ғана революция туады.

Революцияға маркстік көзқарас міне осындай; бұл көзқарасты марксистердің бәрі талай рет дамытып, талассыз нәрсе деп тапқан, бұл көзқарасты біздер үшін, орыстар үшін, 1905 жылдың тәжірибесі өте-мөте айқын растап берген болатын. Бұл жөнінде 1912 жылы Базель манифесі нені жорамалдады, 1914—1915 жылы не болды?— деген сұрақ туады.

«Экономикалық және саяси дагдарыс» деген сөздермен қысқаша баяндалған революциялық жағдай жорамалданған еді. Ол жағдай туды ма? Күмән жоқ, туды. Социал-шовинист Ленч (ол шовинизмді екіжүзді Куновтан, Каутскийден, Плехановтан және К°-ден гөрі турарақ, ашығырақ, әділірек қорғайды) «біз өзгеше *революцияны* бастан кешіріп отырмыз» деп те айтып салды (оның «Герман социал-демократиясы және соғыс» деген кітапшасының 6-беті, Берлин, 1915). Саяси дағдарыстың туғаны айқын: үкіметтердің бірде-бірінің ертеңгі күніне сенімі жоқ, бірде-бірі финанстық күйреу қаупінен, территориясының тартып алыну қаупінен, өз елінен қуылу қаупінен (Бельгиядан үкіметтің қуылғаны сияқты) ада емес. Үкіметтердің бәрі де вулкан үстінде отыр, бәрі де *өздері-ақ* бұқараның талапкерлігіне, ерлігіне шағынып отыр. Европаның саяси режимі бүтіндей сілкінулі, сондықтан біздің аса зор саяси сілкіністер заманына енгендігімізді (және тереңірек еніп бара жатқандығымызды—мен муны Италияның соғыс жариялаған күні жазып отырмын) ешкім де, сірә, бекер дей алмас. Егер Каутский соғыс жарияланганнан кейін екі ай өткен соң (1914 ж. 2 октябрьде «Neue Zeit»-те) «соғыс басталған кездегідей үкімет ешқашан күшті болмақ емес те, партиялар ешқашан әлсіз болмақ емес» деп жазған болса, бұл — Каутскийдің тарих ғылымын Зюдекумдерге және басқа оппортунистерге қолайлы етіп бұрмалауының бір үлгісымағы. Үкімет үстем таптардың барлық партияларының татулығына,

езілген таптардың осы үстемдікке «бейбіт түрде» бағынуына соғыс уақытындағыдай ешқашан да мұқтаж болмайды. Бұл—1-ден; ал 2-ден, егер «соғыс басталған кезде», әсіресе жедел жеңісті күткен елде, үкімет мейлінше күшті *тәрізді болып көрінсе,* онда дүние жүзінде ешкім, еш уақытта, еш жерде революциялық жағдайды күтуді соғыстың «басталу» кезеңімен ғана байланыстырған емес, ал «тәрізді» нәрсені *шын* нәрсемен бірдей деп тіпті де есептеген емес.

Европалық соғыстың басқа соғыстардан гөрі ауыр болатындығын жұрттың бәрі білді, көрді және мойындады да. Соғыстың тәжірибесі мұны одан сайын растап отыр. Соғыс ұлғаюда. Европаның саяси тірегі барған сайын шайқалуда. Бұқараның күйзеліске ұшырауы сұрапыл, ал үкіметтердің, буржуазияның және оппортунистердің бұл күйзеліс туралы үндемей өте шығуға күш салуы үсті-үстіне күйреуде. Капиталистердің белгілі топтарының соғыстан тапқан пайдалары құлақ естіп, көз көрмеген дәрежеде сұмдық көп. Қайшылықтардың шиеленісуі орасан. Бұқараның іштен тынуы, жапшылған, қараңғы топтардың қайырымды («демократиялық») бітімді көмескі тілеуі, «төмендегілерде» басталып отырған күңкіл — осылардың бәрі де бар. Ал соғыс ұзаққа созылған сайын және шиеленіскен сайын үкіметтердің өздері бұқараны шамадан тыс күш жұмсауға, өзін құрбан етуге шақырып, бұқараның белсенділігін өршіте береді және өршіте беруге тиіс. Тарихтағы дағдарыс атаулының тәжірибесі сияқты, ұлы күйзеліс атаулының, адам өміріндегі өзгеріс атаулының тәжірибесі сияқты, соғыстың тәжірибесі де біреулерді топастандырады, әлсіретеді, *бірақ оның есесіне басқалардың көзін ашып, шынықтырады,* соның өзінде жалпы және тұтас алғанда, бүкіл дүние жүзінің тарихында, белгілі бір мемлекеттің құлдырап, мерт болған жеке бір реттері ғана болмаса, алғашқылардікінен гөрі бұл соңғылардың саны да, күші де анағұрлым көп болып шығып отырды.

Бітімнің жасалуы бұл күйзелістердің бәрін және қайшылықтардың осы шиеленісулерінің бәрін «бірден» тоқтата алмайтыны былай тұрсын, қайта, керісін-

ше, көп ретте бұл күйзелістерді халықтың нағыз артта қалған бұқарасына бұрынғыдан да айқын және мейлінше көрнекі етіп шығарады.

Қысқасы, Европаның алдыңғы қатарлы елдерінің және ұлы державаларының көпшілігінде революциялық жағдай туып отыр. Бұл жөнінен Базель манифесінің болжағаны *толық* расталды. Кунов, Плеханов, Каутский және К⁰ сияқты, бұл ақиқатты тікелей немесе жанамалап теріске шығару немесе бұл туралы үндемей қалу масқара өтірік айтқандық, жұмысшы табын алдағандық, буржуазияға итаршы болғандық болып табылады. «Социал-Демократта» (№№ 34, 40, 41) біз революциядан *қорқатын* адамдардың, христиандық поптардың-мещандардың, бас штабтардың, миллионерлер газеттерінің Европада революциялық жағдайдың белгілері бар екендігін атап отуге мәжбүр болғандығын көрсететін мәліметтерді келтіргенбіз*.

Бұл жағдай ұзаққа созылар ма екен және қаншалық дәрежеде тағы да шиеленісе түсер екен? Ол революцияға жеткізер ме екен? Мұны біз білмейміз және мұны ешкім де біле алмайды. Мұны алдыңғы қатарлы таптың, пролетариаттың, революциялық пиғылдарының даму және революциялық қимылдарға көшу *тәжірибесі* ғана көрсететін болады. Бұл арада қандай да болсын «жалған үміттер» туралы да, оларды бекерге шығару туралы да сөз болуы мүмкін емес, ойткені бірде-бір социалист еш жерде, еш уақытта дәл осы (келесі емес) соғыс қана, дәл бүгінгі (ертеңгі емес) революциялық жағдай ғана революцияны туғызады деп кепіл болған емес. Бұл арада әңгіме барлық социалистердің нағыз талассыз және нағыз негізгі міндеті туралы: революциялық жағдайдың бар екенін бұқара алдында ашып көрсету, оның кеңдігі мен тереңдігін түсіндіру, пролетариаттың революциялық санасын ояту және революциялық батылдығын өршіту, оның революциялық қимылдарға көшуіне жәрдемдесу және осы бағытта жұмыс істеу үшін революциялық жағдайға сәйкес ұйымдарды құра беру міндеті туралы болып отыр.

---

* Қараңыз: осы том, 97—98, 190—191, 203—205-беттер. *Ред.*

Социалистік партиялардың міндеті нақ осы екендігіне беделді және жауапты социалистердің бірде-бірінің күмән келтіруге еш уақытта батылы барған емес, сондықтан Базель манифесі, титтей де «жалған үмітке» сенбей және оны таратпай, социалистердің дәл осы міндеті туралы: халықты ашындырып, «серпілту» керек (Плеханов, Аксельрод, Каутский сияқты шовинизм арқылы халықты қалғытпау керек), дағдарысты капитализмнің күйреуін *«тездету»* үшін «пайдалану» керек, Коммунаның және 1905 жылғы октябрь — декабрьдің *үлгілерін* басшылыққа алу керек деп отыр. Қазіргі партиялардың өздерінің осы міндетін орындамауы — олардың опасыздығы, олардың саяси мерт болғандығы, олардың өз рольдерінен безгендігі, олардың буржуазия жағына шығып кеткендігі.

III

Ал енді II Интернационалдың ең көрнекті өкілдері мен көсемдерінің социализмге опасыздық жасауы қалайша *мүмкін* болды? Біз бұл мәселеге төменде толық тоқталамыз; әуелі осы опасыздықты «теория жағынан» ақтамақ болған әрекеттерді қарастырайық. Социал-шовинизмнің басты теорияларын сипаттап көрейік; бұл теориялардың өкілдері деп Плехановты (ол көбінесе ағылшын-француз шовинистерінің, Гайндманның және оның жаңа жақтастарының дәлелдерін қайталайды) және Каутскийді (ол теориялық жағынан қомақтырақ көрінетін анағұрлым «нәзік» дәлелдерді ұсынады) есептеуге болады.

«Бастап беруші» туралы теория бәрінен де гөрі дерлік жабайырақ. Бізге шабуыл жасап отыр, біз өзімізді қорғаймыз; пролетариаттың мүдделері Европадағы бейбітшілікті бұзушыларға соққы беруді талап етеді-міс. Бұл — барлық үкіметтердің мәлімдемелерін және бүкіл дүние жүзінің күллі буржуазиялық және арсыз баспасөзінің тақпақтарын қайта жырлау. Плеханов тіпті осы жауыр болған пасықтықты да әлгі жазғыштың диалектикаға міндетті түрде жасаған иезуиттік сілтемесімен бүркемелейді: басқа мәселелердің бәрін келесі

жағдай туғанға дейін кідірте тұрып, нақты жағдайды есепке алу үшін ең алдымен бастап берушіні тауып, соның сазайын тарттыру керек дейді ол (мына кітапшаны қараңыз: Плеханов. «Соғыс туралы», Париж, 1914 және Аксельродтың осы кітапшадағы пікірлерді, «Голостың» 86 және 87-номерлерінде қалай қайталағанын қараңыз). Диалектиканы софистикамен алмастыру сияқты игі істе Плеханов рекорд жасады. Софист «дәлелдердің» бірін суырып ала салады; дүниедегінің бәріне түп-түгел «дәлелдер» табуға болады деп Гегель тіпті баяғыда-ақ әділ айтқан болатын. Диалектика нақты бір қоғамдық құбылысты оның дамуы жағынан алып қарауды және сыртқы, бұлдыр көрінетін нәрсені негізгі қозғаушы күштерге, өндіргіш күштердің дамуына және тап күресіне әкеліп саюды жан-жақты зерттеуді талап етеді. Плеханов неміс социал-демократиялық баспасөзінен цитат суырып алады да: немістердің өздері соғыстан бұрын-ақ Австрия мен Германияны бастап беруші деп таныған дейді,— осымен тына қалады. Патша өкіметінің Галицияны, Арменияны, т. т. басып алмақ болған жоспарларын орыс социалистерінің талай рет әшкерелегені туралы Плеханов үндемейді. Онда тым болмаса соңғы отыз жылдың экономикалық және дипломатиялық тарихына жанасуға әрекет етудің көлеңкесі де жоқ, ал бұл тарих нақ отарларды басып алу, өзгенің жерлерін тонау, пайданы көбірек алып отырған бәсекешіні ығыстырып шығару және күйзеліске ұшырату осы күні соғысып жатқан державалардың *екі* тобының да саясатының ең басты түйіні болғандығын талассыз дәлелдеп береді*.

* Өзін социалист етіп көрсетуге тырысудан да аулақ емес ағылшын пацифисі Брэйлсфордтың: «Болат пен алтынның соғысы» (Лондон, 1914; кітап 1914 жылы мартта шығарылған!) деген кітабы өте-мөте ғибратты. Автор ұлт мәселелерінің, жалпы алғанда, кейінде қалғандығын, шешіліп те қойғандығын (35), қазір әңгіме мұнда емес екендігін, «қазіргі дипломатияның өзіне тән мәселесі» (36) — Бағдад жолы, оған рельс жеткізу, Мароккодағы рудниктер, т. с. екендігін әбден айқын түсінген. «Европалық дипломатияның ең жаңа тарихындағы мейлінше ғибратты оқиғалардың бірі—Кайоның (1911, 1913 жылдары) отарлық ықпал өрістерін бөлісу туралы және герман қағаздарының Париж биржасына енуіне жол беру туралы келісім негізінде Германиямен бітісуге әрекет етуіне қарсы француз патриоттары мен ағылшын империалистерінің күресуі деп автор өбден дұрыс айтады. *Ағылшын* және *француз* буржуазиясы мұндай келісімді *болғызбай тастады* (38—40). Империализмнің мақсаты — неғұрлым әлсіз елдерге

Буржуазияның пайдасына бола Плеханов соншалықты ұятсыздықпен бұрмалап отырған диалектиканың соғыстар жөнінде қолданылатын негізгі қағидасы сол — *«соғыс — саясаттың тек басқа құралдармен»* (атап айтқанда күштеу *құралдарымен) «жүргізілген жалғасы»*. Соғыс тарихының мәселелері жөніндегі ұлы жазушылардың бірі Клаузевицтің* тұжырымы осы; оның идеяларын Гегель жандандырды. Маркс пен Энгельстің көзқарасы да әрдайым дәл осындай болатын; олар *әрбір* соғысты нақты бір, мүдделі державалардың—және олардың ішіндегі *әр түрлі таптардың* — нақты бір уақыттағы саясатының *жалғасы* деп қарады.

Плехановтың дөрекі шовинизмі Каутскийдің анағұрлым нәзік, жүрек айнырлық-ымырашыл шовинизмінің дәл сол теориялық позициясында тұр; Каутский барлық елдердің социалистері «өз» капиталистерінің жағына шығып кетуін мынадай пікірлермен мадақтайды:

капитал шығару (74). Англияда мұндай капиталдан түскен пайда 1899 ж. 90—100 миллион фунт стерлинг болды (Джиффен), 1909 ж. 140 миллион фунт стерлинг болды (Пэйш), ал Ллойд-Джордж жақында сөйлеген сөзінде бұл пайданы 200 миллион фунт стерлинг, 2 миллиард сомға жуық, деп есептегенін қоса айта кетейік.— Жиіркенішті қылықтар және түрік ақсүйектерін сатып алу, балаларына Индия мен Египеттен орын сайлау — міне істің мәні осында (85—87). Қарулanудан және соғыстардан болмашы ғана азшылық олжа табады, бірақ қоғам мен финансистер осы азшылық жағында, ал бейбітшілікті жақтаушылардың жағында бытыраңқы халық (93). Бүгін бейбітшілік пен қарусыздану туралы сөз қылып жүрген пацифист күні ертең-ақ соғыс мердігерлеріне толық тәуелді партияның мүшесі болып шығады (161). Үш жақты келісім күштірек болып шығады, ол Мароккоңы алып, Персияны бөліске салады,— үш жақты одақ Триполиді алады, Боснияда орнығады, Түркияны өзіне бағындырады (167). Лондон мен Париж патша өкіметінің азаттық қозғалысын жаныштауына көмектесіп, 1906 ж. мартта Россияға миллиардтаған сом қаржы берді (225—228): Англия қазір Россияның Персияны тұншықтыруына жәрдемдесіп отыр (229). Россия Балқан соғысын тұтатты (230).— Мұның бәрі де жаңалық емес қой, солай емес пе? Мұның бәрі жұртқа мәлім және бүкіл дүние жүзінің социал-демократиялық газеттерінде 1000 рет қайталанған нәрселер емес пе? Соғыс қарсаңында буржуа-ағылшын мұны айдан айқын көріп отыр. Бірақ осы қарапайым және жұртқа мәлім фактілердің алдында Плеханов пен Потресовтың Германия айыпты деген теориясы немесе Каутскийдің капитализм тұсындағы қарусызданудың және ұзақ уақыттық бейбітшіліктің «перспективалары» туралы теориясы неткен жөн-жосықсыз сандырақ, неткен жан түршігерлік екіжүзділік, неткен жүрек айнырлық өтірік десеңізші!

* *Karl von Clausewitz:* «Vom Kriege», Werke, I Bd., S. 28. III томның 139—140-беттерімен салыстырып көріңіз: «Жұрттың бәріне мәлім, соғыстар үкіметтердің арасындағы және халықтардың арасындағы саяси қатынастардан ғана туады; бірақ әдетте істің жайы соғыс басталысымен бұл қатынастар бітіп, өзінің ерекше заңдарына ғана бағынған мүлде басқа жағдай туатындай болып көрсетіледі. Біз керісінше айтамыз: соғыс дегеніміз саяси қатынастардың өзге құралдар араласқан жалғасы, бұдан басқа түк емес».

Өз отанын қорғауға жұрттың бәрі де праволы және міндетті; ақиқат интернационализм дегеніміз барлық ұлттардың, соның ішінде менің ұлтыммен соғысып жатқан ұлттардың да социалистерінің осы праволарын мойындау... (1914 жылғы 2 октябрьдегі «Neue Zeit»-ті және осы автордың басқа да шығармаларын қараңыз).

Бұл теңдесі жоқ сорақы пікірдің социализмді шексіз арамдықпен қорлау екендігі сонша — бір жағына II Вильгельм мен II Николайдың суретін салып, екінші жағына Плеханов пен Каутскийдің суретін салып медаль жасату бұған ең жақсы жауап болар еді. Байқайсыз ба, «отанды қорғауға» бола француз жұмысшыларының неміс жұмысшыларына, неміс жұмысшыларының француз жұмысшыларына оқ атуын ақтау ақиқат интернационализм болып табылады екен!

Ал егер Каутскийдің пайымдауларының теориялық алғы шарттарына көз жіберетін болсақ, Клаузевиц бұдан шамасы 80 жыл бұрын келемеждеген көзқарастың дәл өзі келіп шығады: соғыс басталғаннан кейін халықтар мен таптардың арасындағы тарихи жағынан дайындалған саяси қатынастар тоқтайды-мыс, мүлде басқа жағдай туады-мыс! «әншейін» шабуыл жасаушылар мен қорғанушылар, «әншейін» «отанның жауларын» тойтару болады-мыс! Жер шарындағы халықтың жартысынан көбірегі болған талай-талай ұлттарды ұлы державашыл империалистік халықтардың езіп отыруы, олжаны бөлісу жөнінде осы елдердің буржуазиясы арасындағы бәсеке, капиталдың жұмысшы қозғалысын жікке бөліп, жаныштап тастауға ұмтылуы — міне осының бәрі Плеханов пен Каутскийдің көз алдынан бірден ғайып болды, ал олардың өздері соғыстан бұрын ондаған жылдар бойы дәл осындай «саясатты» суреттеп келген еді.

Бұл жөнінде Маркс пен Энгельске көріне теріс сүйену социал-шовинизмнің екі басшысының «көзірлік» дәлелі болып отыр: Плеханов Пруссиядағы 1813 жылғы және Германиядағы 1870 жылғы ұлттық соғыстарды есіне түсіреді, Каутский ғалым бола қалғансып, Маркс 1854—1855, 1859, 1870—1871 жылдардағы соғыстарда, ал марксистер 1876—1877 және 1897 жылдардағы соғыстарда қай жақтың (яғни қай буржуазияның) жең-

гені қажеттірек деген мәселені шешті деп дәлелдемек болады. Барлық софистердің барлық замандардағы тәсілі: принцип жағынан мүлде ұқсастығы жоқ оқиғаларға қатысты мысалдарды алу. Бізге айтылып отырған бұрынғы соғыстар буржуазияның көп жыл бойғы ұлттық қозғалыстары, жат, өзге ұлттың езгісіне қарсы және абсолютизмге (түрік және орыс абсолютизміне) қарсы қозғалыстары «саясатының жалғасы» болды. Ол кезде белгілі бір буржуазияның жеңісіне артығырақ мән беру мәселесінен басқа ешқандай басқа мәселе болуы мүмкін емес еді; марксистер, ұлт өшпенділігін *қоздыра отырып,* бұл сияқты соғыстарға халықтарды *күн ілгері шақыра* алды; Маркс 1848 ж. және одан кейінірек Россиямен соғысуға осылайша шақырған болатын, Энгельс 1859 жылы немістердің өз езушілеріне қарсы, III Наполеон мен орыс патша өкіметіне қарсы ұлт өшпенділігін осылайша қоздырған болатын*.

Феодализмге және абсолютизмге қарсы күрес жүргізу «саясатының жалғасын», еркіндік алып келе жатқан буржуазия саясатының жалғасын қаусаған буржуазияның, *яғни* империалистік буржуазияның, *яғни* бүкіл дүние жүзін тонаған, феодалдармен одақтасып, пролетариатты жаншып отырған реакцияшыл буржуазияның «саясатының жалғасымен» салыстыру—аршынды пұтпен салыстыру деген сөз. Мұның өзі Робеспьер, Гарибальди, Желябов сияқты «буржуазия өкілдерін» Мильеран, Саландра, Гучков сияқты «буржуазия өкілдеріне» теңегендікке ұқсайды. Жаңа ұлттардың ондаған миллиондарын феодализмге қарсы күресте цивилизациялы

* Айта кетейік, Маркстің 1848 ж. іс жүзінде өздерінің контрреволюцияшыл екендігін көрсеткен Европа халықтарына қарсы, атап айтқанда: «славяндарға және әсіресе орыстарға» қарсы революциялық соғыстың жағында болғандығын Гарденин мырза «Жизньде» «революциялық шовинизм», өйтсе де Маркстің тарапынан болған шовинизм деп атайды. Маркстi бұлай кінәлау осы «солшыл» социал-революционердің оппортунизмін (немесе—дұрысырақ айтқанда *және*—мүлде пайымсыздығын) тек қана тағы да бір рет дәлелдей түседі. Біз, марксистер, әрқашан да *контрреволюцияшыл* халықтарға қарсы *революциялық* соғысты жақтап келдік және жақтап отырмыз. Мәселен, егер социализм Америкада немесе Европада 1920 ж. *жеңсе,* ал Жапония мен Қытай, айталық, *сол кезде* бізге қарсы — әуелі дипломатиялық түрде болса да — өздерінің Бисмарктарын аттандырса, біз бұларға қарсы тегеурінді, революциялық соғыс *жағында* боламыз. Бұл сізге оғаш көріне ме, Гарденин мырза? Сіз Ропшин тәрізді революционерсіз ғой!

тұрмысқа көтерген буржуазиялық «отандар» атынан сөйлеуге дүние жүзілік-тарихи правосы болған буржуазиялық ұлы революционерлерге орасан зор құрмет көрсетпейінше, марксист болуға болмайды. Және неміс империалистерінің Бельгияны тұншықтырып отырғандығы жөнінде немесе Австрия мен Түркияны тонауға Англияның, Францияның, Россияның және Италияның империалистерінің келісіп отырғандығы жөнінде «отан қорғау» туралы сөз ететін Плеханов пен Каутскийдің софистикасын жек көрмейінше, марксист болуға болмайды.

Социал-шовинизмнің тағы бір «маркстік» теориясы мынау: социализм капитализмнің жедел дамуына сүйенеді; менің елімнің жеңіп шығуы онда капитализмнің дамуын жеделдетеді, демек, социализмнің тууын да жеделдетеді; менің елімнің жеңілуі оның экономикалық дамуын кідіртеді, демек, социализмнің тууын да кідіртеді. Осындай струвелік теорияны[197] бізде Плеханов, немістерде Ленч және басқалар дамытып отыр. Каутский бұл дөрекі теорияға қарсы, бұл теорияны турадан-тура жақтап отырған Ленчке қарсы, бұл теорияны жасырын жақтап отырған Куновқа қарсы таласады, бірақ таласқанда тек анағұрлым нәзік, анағұрлым иезуиттік шовинистік теория негізінде барлық елдердің социал-шовинистерін ымыраластыру үшін ғана таласады.

Бұл дөрекі теорияны талдауға біздің көп тоқталуымызға тура келмейді. Струвенің «Сын заметкалары» 1894 жылы шықты; содан бергі 20 жылдың ішінде орыс социал-демократтары орыс оқымысты буржуаларының революцияшылдықтан *тазартылған* «марксизмді» бүркеніп, өздерінің көзқарастары мен тілектерін өткізіп жіберудегі осы «амалымен» әбден танысты. Струвизм — буржуазия теоретиктерінің марксизмді «мақтамен бауыздауға», оны құшағында қысып тұншықтыруға, марксизмнің «үгітшілік», «демагогиялық», «бланкистік-утопиялық» жақтарынан *басқа* «барлық» «ақиқат ғылыми» жақтары мен элементтерін мойындағансу арқылы тұншықтыруға орыстық көлемде тырысушылығы ғана емес, соңғы оқиғалар өте-мөте айқын көрсетіп

отырғанындай, халықаралық көлемде де тырысушылығы. Басқаша айтқанда: марксизмнен либерал буржуазияға қолайлының бәрін алып, тіпті реформалар үшін күресуге дейін, тіпті тап күресіне дейін (пролетариат диктатурасынсыз), тіпті «социалистік мұраттарды» және капитализмнің орнына «жаңа құрылыс» болуын «жалпы» мойындауға дейін бәрін де алып, марксизмнің «тек қана» асыл мәнін, оның «тек қана» революцияшылдығын лақтырып тастамақ.

Марксизм дегеніміз пролетариаттың азаттық қозғалысының теориясы. Сондықтан марксизмді струвизммен алмастыру процесіне сапалы жұмысшылардың орасан зор көңіл бөлуге тиіс екендігі түсінікті. Бұл процестің қозғаушы күштері толып жатыр және әр алуан. Біз тек ең басты үшеуін ғана атап өтпекпіз. 1) Ғылымның дамуы Маркстің жолы дұрыс екендігін дәлелдейтін материалдарды барған сайын мол беріп отыр. Марксизмнің негіздеріне ашықтан-ашық қарсы шықпай, қайта оны мойындағансып, оның мазмұнын софизмдер арқылы жұтата отырып, марксизмді буржуазияға зиянсыз, қасиетті «иконага» айналдыра отырып, Маркске қарсы екіжүзділік арқылы күресуге тура келеді. 2) Социал-демократиялық партиялардың арасында оппортунизмнің дамуы марксизмді оппортунизмге әр түрлі кеңшіліктер берушілікті ақтауға итермелей отырып, оны осылайша «қайта жасауды» қолдайды. 3) Империализм дәуірі дегеніміз басқа ұлттардың бәрін езіп отырған пұрсатты жағдайдағы «ұлы» ұлттардың арасында дүние жүзін бөліске салу. Бұл пұрсатты жағдайдан және бұл езгіден түсетін олжалардан, күмән жоқ, ұсақ буржуазияның және жұмысшы табындағы аристократияның, сол сияқты бюрократияның белгілі топтарына тамтұмдап бірдеңе тиеді. Пролетариаттың және еңбекшілер бұқарасының болмашы ғана азшылығы болғандықтан, мұндай топтар «струвизмге» бой ұрады, өйткені ол олардың *барлық* ұлттардың езілген бұқарасына қарсы «өздерінің» ұлттық буржуазиясымен одақтасуын ақтайды. Интернационалдың күйреу себептері туралы мәселеге байланысты, бұл жөнінде төменде тағы да айта кетуімізге тура келеді.

IV

Социал-шовинизмнің мейлінше шеберлікпен ғылыми және халықаралық түр берілген ең нәзік теориясы — Каутский ұсынған «әсіре империализм» теориясы. Өзінің осы теориясын автордың нағыз айқын, нағыз дәл және нағыз жаңа баяндауы мынадай:

«Англияда протекционистік қозғалыстың бәсеңдеуі, Америкада баж салығының төмендеуі, қарусыздануға ұмтылу, соғыс алдындағы соңғы жылдарда Франция мен Германиядан капиталдың шетке шығарылуының жедел азаюы, ақырында, финанс капиталының әр түрлі топтарының халықаралық ұштасуының күшеюі,—міне осының бәрі мені ұлттық финанс капиталдарының өзара күресінің орнына интернационалдық көлемде бірлескен финанс капиталының дүние жүзін жаппай қанауын орнататын жаңа, әсіре империалистік саясат осы күнгі империалистік саясатты ығыстырып шығара алмас па екен деп салмақтауға талаптандырды. Капитализмнің осындай жаңа кезеңінің болуы қалай болғанда да ақылға сыяды. Ал мұның жүзеге асырылуы мүмкін бе, оны шешу үшін әзір жеткілікті алғы шарттар жоқ» («Neue Zeit» № 5, 30. IV. 1915, 144-бет).

«...Бұл жөнінен қазіргі соғыстың барысы мен нәтижесі шешуші жағдай болуы мүмкін. Бұл соғыс ұлт өшпенділігін финанс капиталистері арасында да мейлінше қоздыра отырып, қаруландыруды және бұл жағынан біреуді біреудің басып озуға ұмтылушылығын күшейтіп, дүние жүзілік екінші соғысты болмай қоймайтын етіп, әсіре империализмнің әлсіз өркендерін мүлде жаншып кетуі мүмкін. Олай болғанда, менің «Өкімет билігіне жеткізетін жол» деген кітапшамда тұжырымдаған болжауым сұрапыл мөлшерде жүзеге асады, таптық қайшылықтардың шиеленісуі үдейді, сонымен бірге капитализмнің моральдық құрып бітуі (сөзбе-сөз айтқанда: «қожайындықтан айрылуы, Abwirtschaftung», күйреуі) үдейді»... (Айта кету керек, Каутский бұл астарлы сөзімен, турадан-тура «пролетариат пен финанс капиталының арасындағы аралық топтардың», атап айтқанда: «интеллигенцияның, ұсақ буржуаның, тіпті ұсақ капиталистердің де» капитализмге «дұшпандығын» айтып отыр)... «Бірақ соғыс басқаша аяқталуы да мүмкін. Ол әсіре империализмнің әлсіз өркендерінің күшейіп кетуіне әкеп соғуы мүмкін. Оның сабақтары» (мұны байқап қойыңыз!) «бейбіт уақытта ұзақ күтуге тура келерлік дамуды жеделдетіп жіберуі мүмкін. Егер іс осыған әкеп соқса, ұлттардың келісуіне, қарусыздануға, ұзақ уақыттық бітімге әкеп соқса, онда соғыстан бұрын капитализмнің моральдық құрып бітуіне барған сайын күштірек әкеп соққан себептердің ең нашарлары жойылуы мүмкін». Жаңа кезең, әлбетте, пролетариатқа «жаңа күйзелістерді», «бәлкім, бұрынғыдан да гөрі нашарырақ» күйзелістерді

ала келеді, бірақ «әсіре империализм» «уақытша» «капитализм шеңберінде жаңа үміттер мен күтулер заманын туғыза алар еді» (145-бет).

Бұл «теориядан» социал-шовинизмді ақтау қалайша шығады?

«Теоретик» үшін мейлінше оғаш түрде, атап айтқанда, мына түрде шығады:

Германиядағы солшыл социал-демократтар: империализм және оның тудырған соғыстары кездейсоқ нәрсе емес, финанс капиталының үстемдігіне жеткізген капитализмнің қажетті нәтижесі дейді. Сондықтан бұқараның революциялық күресіне көшу қажет, өйткені біршама бейбіт даму заманының күні өтті дейді. «Оңшыл» социал-демократтар өрескел түрде: империализм «қажет» болған соң, біз де империалист болуымыз керек дейді. Каутский «центр» ролін атқарып, бұларды бітістіреді:

«Нағыз солшылдар»,— деп жазады ол өзінің «Ұлттық мемлекет, империалистік мемлекет және мемлекеттердің одагы» (Нюрнберг, 1915) деген кітапшасында,— болмай қоймайтын империализмге социализмді «қарама-қарсы қойғысы» келеді, яғни «біз жарты ғасыр бойына капиталистік үстемдіктің барлық формаларына қарама-қарсы қойып келе жатқан социализм насихатын ғана емес, социализмді дереу жүзеге асыруды қарама-қарсы қойғысы келеді. Мұның өзі өте радикалдық нәрсе сияқты болып көрінеді, бірақ социализмнің практика жүзінде дереу жүзеге асырылуына *сенбейтіндердің қай-қайсысын болса да* империализм лагеріне *итеріп тастау* ғана қолынан келетін нәрсе» (17-бет, курсив біздікі).

Социализмнің дереу жүзеге асырылуы туралы сөз қылғанда Каутский Германияда, әсіресе әскери цензура тұсында, революциялық қимылдар туралы айтуға болмайтындығын пайдаланып, шылғи өтірікті «жүзеге асырады». Солшылдардың партиядан өсте «социализмді практика жүзінде дереу жүзеге асыруды» емес, революциялық қимылдарды *дереу* насихаттауды және әзірлеуді талап етіп отырғанын Каутский жақсы біледі.

Империализмнің қажеттігінен солшылдар революциялық қимылдар қажет деген қорытынды шығарады. «Әсіре империализм теориясы» Каутскийге *оппортунистерді ақтау үшін* қажет, істің жайын оппортунистер

буржуазия жағына әсте шыққан жоқ, олар біздің алдымызда қарусызданудың және ұзақ уақыттық бейбітшіліктің жаңа «заманы» «болуы мүмкін» деп күтіп, социализмнің дереу жүзеге асырылуына әншейін «сенбейді» деп көрсету үшін қажет. «Теорияның» сыры мынада және *тек қана* мынада: Каутский капитализмнің *жаңа* бейбіт заманынан *үміттену* арқылы оппортунистердің және ресми социал-демократиялық партиялардың буржуазияға қосылып кеткендігін ақтайды және, Базель қарарының салтанатпен мәлімдеуіне қарамастан, олардың *қазіргі дауылды заман* кезіндегі революциялық (яғни пролетарлық) тактикадан бас тартуын ақтайды.

Байқасаңыз, Каутский бұл ретте жаңа кезең пәлендей жағдайлар мен шарттардан туады және тууға тиіс, деп айтпайтыны былай тұрсын,—қайта, керісінше, турадан-тура: жаңа кезеңнің *«жүзеге асу-аспауы»* туралы мәселенің өзін де мен әлі шеше алмай отырмын дейді. Шынында да, Каутский көрсеткен жаңа заманға қарай бейімделген «тенденцияларға» көз салыңызшы. Автордың экономикалық фактілерге «қарусыздануға ұмтылуды» қосатыны ғажап! Мұның мәнісі: қайшылықтардың мұқалу теориясымен әсте бітіспейтін шүбәсыз фактілерден қашып, мүләйімсіген мещандық әңгімелер мен қиялдардың саясына тығылу деген сөз. Каутскийдің «әсіре империализмі»,— айта кетейік, бұл сөз автордың айтайын дегенінің мағынасын мүлде бере алмайды,— капитализмнің қайшылықтарын орасан *мұқалту* болып табылады. «Англия мен Америкада протекционизмнің бәсеңдеуі»— деседі бізге. Бұл арада жаңа заманға бейімделген титтей де болсын тенденция қайда? Американың шегіне жеткен протекционизмі бәсеңдеді, бірақ ағылшын отарларының Англияның пайдасы үшін қолданылатын пұрсатты жағдайлары, артықшылық тарифтері қалып қойғаны сияқты, протекционизм де қалып қойды. Капитализмнің бұдан бұрынғы, «бейбіт» заманының қазіргі империалистік заманмен ауысуы не нәрсеге негізделгенін еске түсірелік: еркін бәсекенің капиталистердің монополистік одақтарына орын беруіне негізделген және бүкіл жер шарының бөлініп қоюына

негізделген болатын. Бұл екі фактінің (және факторлардың) екеуінің де шынында дүние жүзілік маңызы бар екендігі айқын: капитал отарларды тоқтаусыз көбейтіп, Африкадан, т. с. бос жатқан жерлерді басып ала алған кезде, еркін сауда мен бейбіт бәсеке мүмкін де, қажет те еді, оның бер жағында капиталдың шоғырлануы әлі де нашар еді, монополистік кәсіпорындар, яғни өнеркәсіптің *бүкіл* белгілі бір саласында үстемдік етерлік орасан ірі кәсіпорындар, әлі де жоқ еді. Мұндай монополистік кәсіпорындардың пайда болуы және өсуі (сірә, бұл процесс Англияда да, Америкада да тоқтап қалмаса керек? соғыс бұл процесті жеделдеткендігін және шиеленістіргендігін бекер деуге тіпті Каутскийдің де батылы бара қояр ма екен?) бұрынғы еркін бәсекені *мүмкін емес* нәрсе етеді, оны табан тірейтін негізінен айырады, ал жер шарының бөлініп қойылғандығы отарлар мен ықпал өрістерін бейбіт түрде ұлғайтудан бұларды *қайта бөлісу* жолындағы қарулы күреске көшуге *мәжбүр етеді.* Екі елде протекционизмнің *бәсеңдеуі* бұл жөнінде бір нәрсені өзгерте алады деп ойлаудың өзі күлкі.

Содан соң, бірнеше жылдың ішінде *екі* елден капиталдың шетке шығарылуының азаюы. Бұл екі елдің, Франция мен Германияның, статистика бойынша, мәселен, Хармстың 1912 жылғы статистикасы бойынша, шетелдерде әрқайсысының шамамен алғанда 35 миллиард марка (17 миллиард сом шамасында) капиталы бар еді, ал Англияның бір өзінің шетелдердегі капиталы екі есе артық еді*. Капиталдың шетке шығарылуының өсуі капитализм тұсында еш уақытта біркелкі болған емес және болуы да мүмкін емес. Капиталдың қорлануы бәсеңдеді деуге, немесе, мәселен, бұқараның жағдайын мықтап түзеу арқасында ішкі рыноктың ау-

---

* Қараңыз: *Bernhard Harms.* «Probleme der Weltwirtschaft». Jena, 1912. *(Бернгард Хармс.* «Дүние жүзілік шаруашылық проблемалары». Иена, 1912. *Ред.). George Paish.* «Great Britains Capital Investments in Colonies etc.», «Journal of the Royal Statist. Soc.», vol. LXXIV, 1910/11, p. 167 *(Джордж Пэйш.* «Ағылшын капиталының отарларда жұмсалуы», «Корольдік Статистикалық Қоғамның Журналы», LXXIV том, 1910/11, 167-бет. *Ред.).* Ллойд-Джордж 1915 жылдың бас кезінде сөйлеген сөзінде Англияның шетелдердегі капиталын 4 миллиард фунт стерлинг деп, яғни 80 миллиард марка шамасында деп есептеді.

қымы елеулі түрде өзгерді деуге Каутскийдің аузы бармайды. Мұндай жағдайда бірнеше жылдың ішінде екі елдің капиталды шетке шығаруының азаюынан жаңа заман туды деп қорытынды жасауға әсте болмайды.

«Финанс капиталы топтарының халықаралық ұштасуының күшеюі». Бұл—бірнеше жылдың емес, екі елдің емес, бүкіл дүние жүзінің, бүкіл капитализмнің шын мәнінде жаппай және шүбәсыз бірден-бір тенденциясы. Бірақ бұдан, осы күнге дейінгі сияқты қарулануға ұмтылу емес, қарусыздануға ұмтылу тууға тиіс болатын себебі не? «Зеңбірек» жасайтын (және жалпы соғыс жабдықтарын жасайтын) бүкіл дүние жүзілік фирмалардың кез келген біреуін, мәселен, Армстронг фирмасын алып қарайық. Таяуда ағылшын «Экономисі» (1915 жылғы 1 майда): бұл фирманың *пайдалары* 1905/6 жылғы 606 мың фунт стерлингтен (6 миллион сомға жуық) 1913 жылы 856 мың фунт стерлингке, 1914 жылы 940 мың фунт стерлингке *(9 миллион сом)* жетті деп хабарлады. Мұнда финанс капиталының ұштасуы өте зор және үнемі өсіп барады; неміс капиталистері ағылшын фирмасының жұмысына «қатысып» отыр; ағылшын фирмалары Австрияға арнап сүңгуір қайықтар жасап жатыр, т. т. Халықаралық көлемде ұштасқан капитал қарулануды және соғыстардың арқасында тамаша істер істеуде. Әр түрлі ұлттық капиталдардың бірыңғай интернационалдық тұтас болып бірігуінен және ұштасуынан қарусызданудың экономикалық тенденциясы туралы қорытынды шығару—таптық қайшылықтардың шын шиеленісуінің орнына олардың мұқалуы туралы мещандық игі тілектерді тықпалау деген сөз.

V

Каутский соғыс «сабақтары» туралы мүлде филистерлік рухта айтып, бұл сабақтарды соғыстың апаттары алдында әлдеқандай моральдық үрейлену мағынасында түсінеді. Мәселен, оның «Ұлттық мемлекет» деген кітапшасында, т. б. айтатын пікірлері мынадай:

«Бүкіл дүние жүзілік бейбітшілікке және қарусыздануға мейлінше мүдделі болып отырған топтардың бар екені күмән-

сыз және дәлелдеуді керек етпейді. Ұсақ буржуа мен ұсақ шаруалар, тіпті капиталистер мен интеллигенттердің де көбі империализмге байланысты болғанда бұл топтардың соғыстан және қаруланудан шегетін зиянынан күштірек боларлықтай мүдделермен байланысты емес» (21-бет).

Бұл 1915 жылы февральда жазылған! Тіпті ұсақ буржуа мен «интеллигенцияға» дейін дәулетті таптардың бәрі де империалистерге жапа-тармағай қосылып кеткенін фактілер көрсетіп отыр, ал Каутский, бейне бір құндақтаулы адамша, өзіне өзі мейлінше мәз болған пішінмен, жылымшы сөздер арқылы фактілерден бұлтарады. Ол ұсақ буржуазияның мүдделері туралы, оның *мінез-құлқы* бойынша емес, кейбір ұсақ буржуаның *сөздері* бойынша, бұл сөздер қадам басқан сайын олардың істері арқылы бекерге шығарылып отырса да, осы сөздер бойынша төрелік айтады. Егер біз жалпы буржуазияның «мүдделері» туралы, оның істері бойынша емес, қазіргі құрылысқа христиандықтың идеялары сіңген деп ант-су ішетін буржуазияшыл поптардың мейірбандық сөздері бойынша пайымдайтын болсақ, Каутскийдің мына айтып отырғаны да дәл осындай болар еді. Каутский марксизмді қолданғанда оның мазмұны бүтіндей желге ұшып кететіндей етіп, сөйтіп нендей бір жаратылыстан тыс, спиритуалистік мағынадағы «мүдде» деген сөз ғана қалатындай етіп қолданады, өйткені Каутскийдің айтып отырғаны—нақты экономика емес, жалпы игілік туралы мүләйім тілектер.

Марксизм «мүдделер» туралы пайымдағанда күнделікті тұрмыстың миллиондаған фактілерінен көрінетін таптық қайшылықтар мен тап күресіне сүйеніп пайымдайды. Ұсақ буржуазия қайшылықтарды шиеленістірудің «зиянды зардаптары» болады деген «дәлелдерді» келтіріп, қайшылықтардың мұқалуы туралы арман етеді, сол туралы мылжыңдайды. Империализм дегеніміз дәулетті таптардың барлық топтарының финанс капиталына бағынуы және көпшілігі қазір соғысқа қатысып отырған 5—6 «ұлы» державаның дүние жүзін бөлісіп алуы. Ұлы державалардың дүние жүзін бөлісіп алуы — олардағы барлық дәулетті топтар отарларды, ықпал өрістерін иемденуге, бөтен ұлттарды езуге *құш-*

тар; «ұлы» державаға және езуші ұлтқа жататындығына байланысты азды-көпті табысты орындар мен пұрсатты жағдайларға *құштар* деген сөз*.

Бір тегіс эволюцияланып және бірте-бірте жаңа елдерге жайылып келе жатқан капитализмнің біршама жайбарақат мәдени, бейбіт жағдайында ескіше өмір сүруге *болмайды*, өйткені басқа заман туды. Финанс капиталы нақты бір елді ұлы державалардың қатарынан *ығыстыра* береді және ығыстырып шығарады, оның отарларын және оның ықпал өрістерін тартып алады (Англияға соғыс ашқан Германияның осылай етемін деп қорқытып отырғаны сияқты), ұсақ буржуазиядан оның «ұлы державалық» пұрсатты жағдайлары мен қосымша табыстарын тартып алады. Бұл — соғыс дәлелдеп отырған факт. Жұрттың бәрі әлдеқашан-ақ мойындаған, соның ішінде осы Каутский де өзінің «Өкімет билігіне жеткізетін жол» деген кітапшасында мойындаған қайшылықтардың шиеленісуі іс жүзінде осыған *әкеліп соқты*.

Сөйтіп, ұлы державалық пұрсатты жағдайлар үшін қарулы күрес факт болып отырғанда, Каутский,— дәл христиан попының кафедрада тұрып, адамды сүюшілік құдайдың өсиеті, жанның ынтықтығы және цивилизацияның моральдық заңы деп капиталистерге үгіт айтқаны сияқты және дәл сондай нәтижелі етіп,— соғыс деген сұмдық нәрсе, ал қарусыздану деген жақсы нәрсе деп капиталистер мен ұсақ буржуазияны *үгіттей* бастайды. Каутскийдің «әсіре империализмге» бейімделген

* Э. Шульце 1915 жылдың қарсаңында бүкіл дүние жүзіндегі бағалы қағаздардың сомасы мемлекеттік, коммуналдық заемдарды да, закладтарды да, сауда-өнеркәсіп қоғамдарының акцияларын да, т. т. қосқанда, 732 миллиард франк деп есептеліп еді дейді. Бұл сомадан Англияның үлесі 130 миллиард франк, Америка Құрама Штаттарынікі— 115, Францияникі — 100, Германияникі — 75,— демек, бұл төрт ұлы державанікі — 420 миллиард франк, яғни барлық соманың жартысынан көбірегі. Өзге халықтарды басып озған, оларды езіп, тонап отырған алдыңғы қатарлы, ұлы державалық ұлттардың олжалары мен пұрсатты жағдайлары қаншалықты орасан зор екендігін осыдан-ақ топшылауға болады (*Dr. Ernst Schultze*. «Das französische Kapital in Russland», «Finanz-Archiv». Berlin, 1915, Jahrg. 32, S. 127) (*Д-р Эрнст Шульце*. «Россиядағы француз капиталы», «Финанс Архиві», Берлин, 1915, шыға бастағанына 32 жыл, 127-бет. *Ред.*). Ұлы державалық ұлттардың «отанын қорғау» дегеніміз бөтен ұлттарды тонаудан олжа табу правосын қорғау. Жұртқа мәлім, Россияда капиталистік империализм әлсізірек, бірақ оның есесіне әскери-феодалдық империализм күштірек.

экономикалық тенденциялар деп атап отырғаны — шынында финансистерді зұлымдық істемеуге ұсақ буржуазияша *үгіттегендіктің* дәл өзі.

Капиталдың шетке шығарылуы ма? *Бірақ* капитал отарлардан гөрі, дербес елдерге, мәселен, Америка Құрама Штаттарына көбірек шығарылады ғой. Отарларды басып алу ма? *Бірақ* олардың бәрі де басып алынған ғой және олардың бәрі дерлік азаттыққа ұмтылуда: «Индия Англияның иелігі болудан қалуы мүмкін, бірақ ол еш уақытта, тұтас империя ретінде, басқа бір бөтен үстемдіктің еншісіне тимейді» (цитат алынған кітапшаның 49-беті). «Қандай да бір өнеркәсіпті капиталистік мемлекеттің өзіне шикізат алып тұру жөнінде шетелдерге тәуелді болмауы үшін жетерліктей отарлық империя иемденуіне ұмтылған талабының қандайы болса да басқа капиталистік мемлекеттердің бәрін оған қарсы біріктіруге тиіс болар еді, оны өзінің көздеген мақсатына жуықтатпай, ұшы-қиыры жоқ, титықтатарлық соғыстарға ұрындырар еді. Бұл саясат мемлекеттің бүкіл шаруашылық тіршілігінің банкрот болуына апаратын мейлінше тура жол болар еді» (72—73-беттер).

Міне бұл финансистерді империализмнен бас тартуға филистерше үгіттегендік емес пе? Капиталистерді банкрот боласың деп қорқыту биржада ойнамау керек, өйткені «жұрттың көбі осылай етіп бүкіл дәулетінен айрылады» деп биржевиктерге кеңес берумен бірдей. Бәсекелесуші капиталистің және бәсекелесуші ұлттың банкрот болуынан капитал одан сайын шоғырлана түсіп, *ұтып шығады;* сондықтан экономикалық бәсеке, яғни банкроттыққа экономика жағынан итермелеу неғұрлым шиеленісе түссе және «тығызырақ» болса, капиталистердің бұған бәсекелесушіні банкроттыққа *соғыс* жағынан итермелеуді қосуға ұмтылуы соғұрлым күштірек болады. Отарларға және тәуелді мемлекеттерге шығаргандай тиімді етіп капитал шығаруға болатын Түркия сияқты елдер неғұрлым азайған сайын,— өйткені *бұл* реттерде финансист капиталды Америка Құрама Штаттары сияқты азат, дербес және цивилизациялы елге шығарғандағымен салыстырғанда үш есе көп пайда та-

бады,— Түркияны, Қытайды және басқаларын бағындырып, бөлісіп алу үшін күрес соғұрлым *қатаң* болады. Финанс капиталы мен империализм заманы туралы экономикалық теория осылай дейді. Фактілер осылай дейді. Ал Каутский бәрін де пасық мещандық «моральға» айналдырады: тым қызбалыққа салынудың жөні жоқ, Түркияны бөлісіп алу үшін немесе Индияны басып алу үшін соғысудың одан бетер жөні жоқ, өйткені «бәрібір ол ұзаққа бармайды», мұнан гөрі капитализмді бейбіт дамыта берген жақсырақ болар еді... дейді. Әлбетте, жалақыны арттыру арқылы капитализмді дамыту және рынокты ұлғайту бұдан да жақсырақ болар еді: бұл әбден «ақылға сыярлық» нәрсе, ал финансистерді осы рухта үгіттеу — поптың уағызына ең қолайлы тақырып... Мейірімді Каутский: отарларға бола Англиямен соғысудың жөні жоқ, өйткені ол отарлар өте тез арада бәрібір бостандық алады... деп неміс финансистерін мүлде дерлік сендіріп, көндіріп те қойды!..

Англияның Египетке бұйым шығаруы және одан бұйым әкелуі 1872 жылдан 1912 жылға дейін Англияның жалпы шетке бұйым шығаруы мен шеттен бұйым әкелуінен гөрі баяуырақ өсті. «Марксист» Каутскийдің моралы: «Египетті соғыс арқылы басып алмағанда онымен сауда жасау экономикалық факторлардың жай салмағы ықпалымен кемірек өсер еді деп шамалауға біздің ешқандай дәлеліміз жоқ» (72-бет). «Капиталдың ұлғаюға ұмтылуына» «империализмнің зорлық әдістері арқылы емес, *бейбіт демократия арқылы бәрінен де гөрі жақсырақ* жетуге болады» (70-бет).

Неткен тамаша байсалды, ғылыми, «маркстік» талдау десеңізші! Каутский осы ақылға сыймайтын тарихты ғажап «түзеді» де, мынаны «дәлелдеді»: ағылшындардың француздардан Египетті әсте тартып алмауы керек еді, ал неміс финансистерінің ағылшындарды Египеттен қуып шығу үшін соғысты бастайтын және өзге шаралармен бірге, түрік жорығын ұйымдастыратын тіпті де жөні жоқ еді! Мұның бәрі де түсініспеушілік, бұдан артық түк емес,— Египетке зорлық жасаудан бас тарту және (капиталды шетке шығаруды *Каутскийше* ұлғайту мүдделері үшін!) «бейбіт демо-

кратияға» көшу «бәрінен де гөрі жақсырақ» екендігін ағылшындар әлі ұқпаса керек...

«Әлбетте, егер буржуазиялық фритредерлер сауда еркіндігі капитализм туғызған экономикалық қайшылықтарды мүлде жояды деп ойласа, бұл олардың жалған үміті болады. Еркін сауда да, демократия да оларды жоя алмайды. Бірақ бұл қайшылықтардың еңбекші бұқараға бәрінен де гөрі азырақ азап шектіріп, азырақ құрбандыққа ұшырататын күрес формалары арқылы жойылуына біз барлық жағынан да мүдделіміз» (73-бет)...

Құдай басқа салмасын! Құдай сақтасын! Филистер деген не?— деп Лассаль сұрақ қойып, ақынның әйгілі нақыл сөзімен: «филистер дегеніміз қорқынышқа және құдай аяр деген үмітке лық толы бос бүйен»[198] деп жауап берген.

Каутский марксизмді құлақ естімеген дәрежеде масқаралап, нағыз попқа айналды. Поп капиталистерді бейбіт демократияға көшуге *үгіттейді,*— және мұны диалектика деп атайды: егер алғашқы кезде еркін сауда болып, одан кейін монополиялар мен империализм болған болса, онда «әсіре империализмнің» және тағы да сол еркін сауданың болмайтын несі бар? Бұл поп, «әсіре империализмнің» «жүзеге асатын-аспайтындығын» айтуға батылы бармаса да, осы «әсіре империализмнің» игілігін суреттеп, езілген бұқараны *жұбатады!* Дін адамды жұбатады деген дәлелмен дінді жақтаушыларға Фейербах: кімде-кім құлды құлдыққа қарсы көтеріліске аттандырудың орнына, оны жұбататын болса, ол адам құл иелеріне көмектеседі, деп әлгі жұбатудың реакциялық маңызын әділ көрсеткен болатын.

Езуші таптардың бәрі және қандайы болса да өздерінің үстемдігін қорғау үшін екі әлеуметтік қызметке: жендеттің қызметі мен поптың қызметіне мұқтаж болады. Жендет езілгендердің наразылығы мен ашу-ызасын жаншып отыруға тиіс. Поп езілгендерді жұбатуға тиіс, таптық үстемдік сақталып тұрғанда күйзелістер мен құрбандықтарды жеңілдету перспективаларын суреттеуге тиіс (мұны ондай перспективалардың «жүзеге асатындығына» кепіл болмай-ақ істеу өте-мөте қолай-

лы...), сөйтіп оларды осы үстемдікке көндіктіруге тиіс, оларды революциялық қимылдарға беттей алмайтындай етуге тиіс, олардың революциялық пиғылын бәсеңдетуге тиіс, олардың революциялық батылдығын тойтаруға тиіс. Каутский марксизмді нағыз жиіркенішті, контрреволюциялық топас теорияға, нағыз лас попшылдыққа айналдырды.

1909 жылы, «Өкімет билігіне жеткізетін жол» деген кітапшасында Каутский — ешкім де бекерге шығармаған және бекерге шығаруға болмайтын нәрсені — капитализм қайшылықтарының шиеленісуін, соғыстар мен революциялар заманының, жаңа «революциялық дәуірдің» жақындап келе жатқандығын мойындайды. Ол «мезгілсіз» революцияның болуы мүмкін емес дейді және, күресте жеңілу мүмкіндігін теріске шығаруға болмаса да, көтеріліс кезінде жеңіп шығу мүмкіндігімен санасудан бас тарту «біздің ісімізге турадан-тура опасыздық жасағандық» деп мәлімдейді.

Соғыс басталды. Қайшылықтар бұрынғыдан да *бетер* шиеленісті. Бұқараның күйзеліске ұшырауы орасан зор мөлшерге жетті. Соғыс созылып барады, оның өрісі барған сайын ұлғая түсуде. Каутский кітапша үстіне кітапша жазады, цензордың бұйрығына мойын ұсынып, жерлерді тонаушылық туралы, соғыстың сұмдықтары туралы, соғыс жабдықтарын жеткізушілердің сұрапыл пайдалары туралы, қымбатшылық туралы, мобилизацияланған жұмысшыларды «әскери құлдапушылық» туралы мәліметтер келтірмейді, бірақ оның есесіне пролетариатты жұбата береді — буржуазия революцияшыл немесе прогресшіл болған кездегі, «Маркстің өзі» қайсыбір буржуазияның жеңуіне тілектес болған кездегі соғыстардан мысалдар келтіру арқылы жұбатады, отарлары жоқ және тонамайтын, соғыспайтын және қару-жарақ жасамайтын капитализм болуы «мүмкін» екендігін дәлелдейтін, «бейбіт демократияның» артық екендігін дәлелдейтін ұшы-қиырсыз цифрлар арқылы жұбатады. Бұқараның күйзеліске ұшырауының өршігендігін және іс жүзінде, біздің көз алдымызда, революциялық жағдайдың туғандығын (бұл туралы айтуға болмайды! цензура рұқсат етпейді...) теріске шығаруға

батылы бармай, Каутский жаңа кезеңде «құрбандықтар мен азаптар аз» болатын күрес формаларының «болашағын» суреттей отырып (оның «жүзеге асатындығына» ол *кепіл бола алмайды)*, буржуазия мен оппортунистердің алдында құрдай жорғалайды... Каутскийді осынысы үшін салдақы (Mädchen für alle) деп атаған Фр. Меринг пен Роза Люксембург әбден дұрыс айтқан.

*

*

1905 ж. августа Россияда революциялық жағдай айқын болды. Қобалжыған бұқараны «жұбату» үшін патша булыгиндік Думаны шақыруға уәде берді[199]. Егер финансистердің қаруланудан бас тартуын және олардың арасындағы «ұзақ уақыттық бейбітшілік» туралы келісімді «әсіре империализм» деп атауға болатын болса, булыгиндік заң-кеңесу режимін «әсіре самодержавие» деп атауға болар еді. Жүздеген орасан зор кәсіпорындарда «ұштасқан» дүние жүзінің жүз шамалы аса ірі финансистері соғыстан кейін қарусыздану жағында тұруға халыққа күні ертең *уәде береді* деп бір минутқа болса да осылай жориықшы. (Каутскийдің есалаңдық теориясынан саяси қорытынды шығару үшін біз бір минутқа осындай жорамал жасалық). Тіпті соның өзінде де пролетариатқа революциялық қимылдардан бас тартуға кеңес беру оған турадан-тура опасыздық істегендік болар еді, ал революциялық қимылдарсыз барлық уәделер, барлық игі перспективалар құр алданыш болып табылады.

Соғыс капиталистер табына орасан көп пайда келтіріп, жаңа тонаушылықтың (Түркия, Қытай және басқалар), миллиардтаған жаңа заказдардың, проценттерін арттыру шартына негізделетін жаңа заемдардың тамаша перспективаларын ашып қана қойған жоқ. Ол ол ма. Пролетариатты жікке бөліп және азғындатып, соғыс капиталистер табына одан да зор саяси олжалар әперді. Каутский осы азғындатушылыққа көмектеседі, күресіп жатқан пролетарлардың осы интернационалдық *жікке бөлінуін* «өз» ұлтының оппортунистерімен, Зюдекумдермен, *бірігуге бола* дәріптейді! Ескі партияларды

біріктіру ұраны ұлттық пролетариатты өз ұлттық буржуазиясымен «біріктіру» және әр түрлі ұлттардың пролетариатын *жікке бөлу* екендігін түсінбейтін адамдар да табылады-ау...

VI

«Социал-демократияның күйреуі» туралы Каутскийдің қорытынды пікірі (оның Куновқа қарсы пікірінің 7-параграфы) басылған «Neue Zeit»-тің 28 майдағы номері (№ 9) жарыққа шыққанда біздің жоғарыда айтқан сөздеріміз жазылып та қойған еді. Социал-шовинизмді қорғау үшін айтылған барлық ескі софизмдерді және бір жаңа софизмді Каутский былай жинақтап, қорытып айтты:

> «Соғысты таза империалистік соғыс деу, соғыс басталған кезде альтернатива: не империализм, не социализм деп қойылып еді деу, Германияның, Францияның, көп ретте Англияның да социалистік партиялары мен пролетарлық бұқарасы ойланбастан, ат төбеліндей парламентарлардың тек бір ғана үндеуі бойынша империализмнің құшағына ұмтылды, социализмді сатып кетті, сөйтіп бүкіл тарихта бұрын болып көрмеген күйреу туғызды деу шылғи өтірік».

Жаңа софизм және жұмысшыларды жаңадан алдау: соғыс, байқайсыз ба, «таза» империалистік соғыс емес екен!

Қазіргі соғыстың сипаты мен маңызы туралы мәселеде Каутский ғажап бұлталақтайды, және де ұры өзінің соңғы ұрлық жасаған жеріне қандай сақтықпен соқпай өтетін болса, бұл партиялық көсем де үнемі Базель съезі мен Хемниц съезінің дәл және ресми мәлімдемелеріне нақ сондай сақтықпен соқпай өтеді. «Ұлттық мемлекет, т. т.» туралы 1915 ж. февральда жазылған кітапшасында Каутский: соғыс «қалайда сайып келгенде империалистік соғыс» (64-бет) деген еді. Енді жаңа ескерту енгізіліп отыр: *таза* империалистік соғыс емес екен — тағы да қандай болмақ?

Бақсақ, тағы да — ұлттық соғыс болады екен! Каутскийдің осындай өрескел нәрсені айтуға мынадай «плехановтық» жалған диалектика арқылы аузы барды:

«Қазіргі соғыс — тек империализмнің ғана емес, орыс революциясының да перзенті». Ол, Каутский, 1904 жылы-ақ мынаны болжапты: орыс революциясы панславизмді жаңа формада жаңғыртады, «демократиялық Россия қайтсе де австриялық және түркиялық славяндардың өздерінің ұлттық тәуелсіздігіне жетуге талпынуын қатты қаулатуға тиіс... Онда Польша мәселесі де шұғыл мәселе болады... Онда Австрия құлайды, өйткені патша өкіметінің күйреуімен бірге, осы күнгі бірінен-бірі аулақ болуға ұмтылып отырған элементтерді ұстап тұрған темір құрсау да сөгіліп кетеді» (соңғы цитатты енді Каутскийдің өзі 1904 жылғы мақаласынан келтіріп отыр)... «Орыс революциясы... Шығыстың ұлттық талпыныстарына жаңадан күшті демеу болды, европалық проблемаларға азиялық проблемаларды қосты. *Бұл проблемалардың бәрі де қазіргі* соғыстың тұсында өздерін айрықша корсетіп отыр және *халық* бұқарасының, соның ішінде *пролетарлық* бұқараның *да* пиғылы үшін мейлінше зор маңызды болып отыр; ал үстем таптарда империалистік тенденциялар басым болып отыр» (273-бет, курсив біздікі).

Міне марксизмді масқаралаудың тағы бір үлгісі осындай! «Демократиялық Россия» Европаның шығысындағы ұлттардың бостандыққа талпынуын қаулатар *еді* (бұл даусыз), *сондықтан* бірде-бір ұлтты азат етпейтін, қайта қалай аяқталса да көптеген ұлттарды құлдыққа салатын қазіргі соғыс «таза» империалистік соғыс емес екен. «Патша өкіметінің күйреуі» Австрияның ұлттық құрылысының демократиялық еместігі салдарынан Австрияның ыдырап-құлауы болып табылар *еді, сондықтан* уақытша нығайып алған контрреволюцияшыл патша өкіметі, Австрияны тонай отырып және Австрия ұлттарын *бұрынғыдан да көбірек* езе отырып, «қазіргі соғысқа» таза империалистік емес, қайта белгілі мөлшерде ұлттық сипат беріпті-міс. «Үстем таптар» топас мещандарды және қараңғы шаруаларды империалистік соғыстың ұлттық мақсаттары туралы ертегілермен алдап отыр *екен, сондықтан* ғылымның адамы, «марксизмнің» беделдісі, II Интернационалдың өкілі: үстем таптарда империалистік тенденциялар бар, ал халықта және пролетарлық бұқарада «ұлттық» талпыныстар бар деген формула арқылы бұқараны осы алдаушылыққа көндіріп беруге праволы-мыс.

Диалектика нағыз зұлым, нағыз арам софистикаға айналып отыр!

Қазіргі соғыста ұлттық элемент *тек* Сербияның Австрияға қарсы соғысында *ғана* бар (мұны, айтпақшы, біздің партияның Бернде болған кеңесінің қарары атап көрсеткен болатын)*. Тек Сербияда ғана және тек сербтер арасында ғана миллиондаған «халық бұқарасын» қамтып отырған, көп жылға созылған ұлт-азаттық қозғалысы бар; Сербияның Австрияға қарсы соғысы осы қозғалыстың «жалғасы» болып табылады. Егер бұл соғыс оқшауланған болса, яғни жалпы европалық соғыспен, Англияның, Россияның және басқаларының құлқынқұмарлық және тонаушылық мақсаттарымен байланысты болмаған болса, онда барлық социалистер серб *буржуазиясының* жеңуін тілеуге *міндетті* болар еді — қазіргі соғыстағы ұлттық жағдайдан шығатын бірденбір дұрыс және өте-мөте қажетті қорытынды осы. Бірақ бұл күнде австриялық буржуаның, клерикалдардың және генералдардың қызметінде жүрген софист Каутский осы қорытындыны әсте жасамайды!

Содан соң. Маркстің диалектикасы, ғылыми-эволюциялық әдістің ең соңғы табысы болғандықтан, мәселені нақ осы оқшау, яғни сыңаржақ қарауға және өңін айналдыра бұрмалап қарауға тыйым салады. Сербия—Австрия соғысының ұлттық жағдайының жалпы европалық соғыста *ешқандай* елеулі маңызы жоқ, бола да алмайды. Егер Германия жеңіп шықса, ол Бельгияны, оның үстіне Польшаның бір болегін, бәлкім, Францияның да бір бөлегін және басқаларды тұншықтырады. Егер Россия жеңіп шықса, ол Галицияны, оның үстіне Польшаның бір бөлегін, Арменияны, т. т. тұншықтырады. Егер «жеңісе алмаса», бұрынғы ұлттық езгі сол күйінде қалады. Сербия үшін, яғни қазіргі соғысқа қатысушылардың болмашы ғана жүзден бір бөлегі үшін, соғыс буржуазиялық-азаттық қозғалыс «саясатының жалғасы» болып табылады. Ал $^{99}/_{100}$ бөлегі үшін бұл соғыс империалистік буржуазияның, яғни ұлттарды азат ету емес, аздыру ғана қолынан келетін қаусаған буржуазияның саясатының жалғасы болып табылады. Үш жақты келісім, Сербияны «азат ете» отырып, Австрия-

---

* Қараңыз: осы том, 171-бет. *Ред.*

ны тонауға көмектескені үшін Италия империализміне серб бостандығының мүдделерін *сатып жібереді.*

Осының бәрі де жалпыға мәлім, осының бәрін де Каутский оппортунистерді ақтауға бола арсыздықпен бұрмалап отыр. «Таза» құбылыстар табиғатта да, қоғамда да *жоқ* және бола алмайды — бізге тазалық ұғымының өзі мәселені бүкіл күрделі күйінде түгел қамти алмайтын адам танымының біршама тарлығы, сыңар жақтығы деп көрсетіп отырған Маркстің диалектикасы нақ осыны үйретеді. Дүниеде «таза» капитализм жоқ, бола да алмайды, қашан да болсын не феодализмнің, не мещандықтың, не тағы басқа бірдеңенің *қоспасы* болады. Сондықтан ашықтан-ашық тонау мақсаттарын «ұлттық» жел сөздермен әдейі бүркемелеп отырған империалистердің «халық бұқарасын» сорақы алдағандығы туралы сөз болып отырғанда, соғысты «таза» империалистік соғыс емес еді деп еске түсіру — мейлінше топас педант немесе кесір және алдаушы болу деген сөз. Істің бүкіл мәні нақ мынада: Каутский «халық бұқарасы үшін, соның ішінде пролетарлық бұқара үшін де» ұлттық проблемалардың, *ал* үстем таптар үшін «империалистік тенденциялардың» «шешуші маңызы болды» (273-бет) деп және мұнысын «ұшы-қиыры жоқ әр алуан өмір шындығына» бейне бір диалектикалық сүйенуімен «бекітіп» (274-бет), империалистердің халықты алдауын *қолдайды.* Күмән жоқ, өмір шындығы ұшы-қиыры жоқ әр алуан, бұл — қасиетті ақиқат! Бірақ осы ұшы-қиыры жоқ әр алуандықта басты және негізгі екі ағым бар екендігі де күмәнсыз: соғыстың объективтік мазмұны — империализм «саясатының жалғасы», яғни «ұлы державалардың» қаусаған буржуазиясының (және олардың үкіметтерінің) өзге ұлттарды тонау саясатының жалғасы, ал «субъективтік» басым идеология — бұқараны ақымақ ету үшін таратылып отырған «ұлттық» жел сөздер.

Каутскийдің «солшылдар» істің жайын «соғыс басталған кезде» альтернатива: не империализм, не социализм деп қойылғандай етіп көрсеткен еді деген, өзі үсті-үстіне қайталап айтып отырған ескі софизмін біз жоғарыда талдадық. Мұнысы ұяттан безген шылғи өті-

рік, өйткені солшылдардың: не партияның империалистік тонау мен алдауға қосылуы, не революциялық қимылдарды насихаттап, әзірлеу деп *басқа* альтернатива қойғандығын Каутский жақсы біледі. Өзінің Зюдекумдердің алдында құрдай жорғалап таратып жүрген сөлекет ертегілерін Германиядағы «солшылдардың» әшкерелеуінен *тек* цензура *ғана* қорғайтынын да Каутский жақсы біледі.

Ал енді «пролетарлық бұқара» мен «ат төбеліндей парламентарлардың» арасындағы қатынастарға келсек, мұнда Каутский әбден тозығы жеткен қарсы даулардың бірін ұсынып отыр:

«Өзімізді өзіміз қорғамас үшін немістерді былай қоя тұралық; ал Вальян мен Гед, Гайндман мен Плеханов сияқты адамдар бір күннің ішінде империалист болып кетті, социализмді сатып кетті деп кім шынымен айтқысы келер екен? Парламентарлар мен «инстанцияларды» былай қоя тұралық»... (Каутский инстанциялардың, яғни герман социал-демократиялық партиясының ресми басшы орындарының, оның Орталық Комитетінің—«форштандтың», оның парламенттік фракциясының, т. т. саясатын әбден орынды түрде жек көріп, мысқылдаған Роза Люксембург пен Фр. Мерингтің «Интернационал» атты журналын тұспалдап айтып отыр)... «ал 24 сағаттың ішінде оңға қарай сырт айналып, турадан-тура өзінің бұрынғы мақсаттарына қарсы бұрылуы үшін 4 миллион саналы неміс пролетарына ат төбеліндей парламентарлардың жалғыз бұйрығы да жеткілікті деп айтуға кімнің батылы барады? Егер бұл рас болатын болса, онда бұл, әрине, масқара күйрегендікті көрсеткен болар еді, бірақ тек біздің партияның ғана емес, *бұқараның* да күйрегендігін (курсив Каутскийдікі) көрсеткен болар еді. Егер бұқара осындай жайылып жүрген бір қора қой болса, онда біз өзімізді өзіміз жерлеуге риза болар едік» (274-бет).

Саяси және ғылыми жағынан аса беделді Карл Каутский өзінің қылығымен және бейшаралық сылтауларды желеу етуімен өзін жерлеп те қойды. Кімде-кім мұны ұқпаса немесе, ең құрығанда, мұны сезбесе, ол адам социализм жөнінде үмітсіз, дәл сондықтан да Каутскийді және К⁰-ні нағыз жексұрын субъектілер деп сөгіп, Меринг, Роза Люксембург және олардың жақтастары «Интернационалда» бірден-бір дұрыс бағыт ұстап отыр.

Ойлап қараңызшы: соғысқа көзқарас туралы аздыкөпті еркін түрде (яғни дереу ұстап алынып, казарма-

ларға жөнелтілмей, бірден атылу қаупіне ұшырамай) *тек* «ат төбеліндей парламентарлар» (олар еркін түрде, правосы бойынша, дауыс берді, олар қарсы дауысты да әбден бере алатын еді — бұл үшін тіпті Россияда да ұрып-соққан жоқ, ойран салған жоқ, тіпті қамауға да алған жоқ), ат төбеліндей чиновниктер, журналистер, т. т. *ғана* пікір айта *алды*. Енді Каутский ізгілік көрсетіп, осы қоғамдық *топтың* опасыздығы мен тұрлаусыздығын *бұқараға* аударып отыр, ал бұл топтың оппортунизмнің тактикасымен және идеологиясымен *байланысы* бар екенін осы Каутскийдің өзі бірнеше жыл бойы ондаған рет жазған еді! Жалпы алғанда ғылыми зерттеудің, әсіресе маркстік диалектиканың, ең бірінші және негізгі ережесі жазушыдан социализмдегі *бағыттардың* — опасыздық туралы айтып, айқайлап, ол жөнінде дабыл қағып отырған бағыттың да, опасыздықты көрмей отырған бағыттың да — қазіргі күресінің бұдан бұрын *тұтас ондаған жылдар* бойы жүргізіліп келген күреспен *байланысын* талдап қарауды талап етеді. Каутский бұл туралы жұмған аузын ашпайды, тіпті бағыттар мен *ағымдар* туралы мәселе де қойғысы келмейді. Бұған дейін ағымдар болып келген еді, енді олар болмай қалып отыр! Енді малай жандар әрдайым-ақ мақтан ете беретін «беделділердің» дардай аттары ғана бар. Бұл ретте бір-біріне сүйеніп, жең ұшынан жалғасады деген ереже бойынша өздерінің «күнәларын» достарша бүркемелеп отыру өте-мөте қолайлы. Гед, Плеханов, Каутский болған соң... бұл оппортунизм болушы ма еді! — деп Л. Мартов Берндегі рефератта (қараңыз: «Социал-Демократ» № 36) даурыққан еді. Гед сияқты адамдарды оппортунизм жөнінен айыптауда сағырақ болу керек,— деп жазды Аксельрод («Голос» № 86 және 87). Өзімді қорғамай-ақ қоямын,— деп үн қосады Берлинде Каутский,— ал... Вальян мен Гед, Гайндман мен Плеханов! Қораз көкекті мақтағаны үшін көкек қоразды мақтайды.

Малайлық тыраштанудың құмарына түскен Каутский Гайндманды осыдан бір-ақ күн бұрын империализм жағына шыққан кісі етіп көрсетіп, тіпті Гайндманды да қолынан сүйіп отыр. Ал сол «Neue Zeit»-тің өзінде жә-

не бүкіл дүние жүзінің ондаған социал-демократиялық газеттерінде Гайндманның империализмі туралы тіпті *көп жыл бойы* жазылып келеді! Егер Каутский өзі атаған *адамдардың* саяси өмірбаянымен шындап шұғылданған болса, ол мынаны есіне түсіруге тиіс еді: бұл өмірбаянда олардың империализмге көшуін «бір күнде» емес, ондаған жылдар бойы әзірлеп келген белгілер, оқиғалар болмап па еді, Вальян жоресшілдердің[200], ал Плеханов меньшевиктер мен жойымпаздардың жетегінде болмап па еді? маңызды мәселелердің бірде-бірінде дербес позиция ұстау қолынан келмейтін, өмірге ешбір жанаспайтын, жұғымсыз, гедшіл «Социализм»[201] журналындағы Гедтің *бағыты*[202] жұрттың бәрінің көз алдында-ақ өлмеп пе еді? мильеранизм туралы мәселеде, бернштейншілдікке қарсы күрестің бас кезінде, т. т. Каутский (оны да Гайндманмен және Плехановпен — әбден әділ түрде — қатар қойып жүргендерге арнап қоса кетейік) тұрлаусыздық көрсетпеп пе еді?

Бірақ бұл көсемдердің өмірбаянын ғылыми түрде зерттеуге ұмтылудың болмашы көлеңкесін де көре алмай отырмыз. Мынаны тексеріп қарауға әрекет етушілік те жоқ: бұл көсемдер қазір өздерін *өз* дәлелдерімен қорғап отыр ма екен, әлде оппортунистер мен буржуаның дәлелдерін қайталау арқылы қорғап отыр ма екен? Бұл көсемдердің істеген істерінің елеулі саяси маңыз алуы олардың ерекше ықпалдылығының арқасында болды ма екен, әлде олардың шынында да «ықпалды» және әскери ұйым қолдаған бөтен ағымға, атап айтқанда буржуазиялық ағымға қосылғандығының арқасында болды ма екен? Каутский тіпті мәселені зерттеуге де кіріскен жоқ; ол бұқараның көзін бояуды ғана, беделді адамдарды атап, бұқараның құлағын тұндыруды ғана, бұқараның талас мәселені айқын қойып, оны жан-жақты талдауына кедергі жасауды ғана ойлайды*.

---

* Каутскийдің Вальян мен Гедке, Гайндман мен Плехановқа сүйенуі тағы бір жағынан назар аударарлық. Ленч пен Гениш сияқты ашық империалистер (оппортунистер туралы айтпағанның өзінде) *өздерінің* саясатын ақтау үшін Гайндман мен Плехановқа сүйенеді. Олар бұларға сүйенуге *праволы* да, олар бұл шынында да баяғы бір саясат деп, осы жағынан *шындықты* айтып отыр. Ал Каутский Ленч пен Гениш туралы, империализмге бет бұрған осы радикалдар туралы, менсінбей сөйлейді. Каутский: бұл сергелдеңге салушыларға ұқсама-

«...4 миллиондық бұқара ат төбеліндей парламентарлардың бұйрығы бойынша оңға қарай сырт айналды...»

Мұнда әрбір сөз өтірік. Немістердің партия ұйымында 4 миллион емес, 1 миллион адам болды; соның өзінде бұқараның бұл ұйымының (қандай да болсын ұйымдікі сияқты) бірыңғай еркін *тек қана* оның біртұтас саяси орталығы, «ат төбеліндейлер» білдірді, ал бұлар социализмді сатып кетті. Осы ат төбеліндейлердің пікірі сұралды, олар дауыс беруге шақырылды, олар дауыс бере алды, мақалалар жаза алды, т. т. Ал бұқараның пікірі сұралмады. Бұқараға дауыс беруге рұқсат етілмегені былай тұрсын, қайта әсте ат төбеліндей парламентарлардың емес, әскери өкімет орындарының *«бұйрығы бойынша»* бұқара ыдыратылып, қуылды. Әскери ұйым анық бар еді, *онда* көсемдердің опасыздығы болған жоқ, ол: әскерге бар (өз көсемдерінің кеңесі бойынша), әйтпесе атыласың деп ультиматум қойып, «бұқараны» *бір-бірлеп* шақырды. Бұқара ұйымдасқан түрде қайрат қыла алмады, өйткені оның күн ілгері құрылып қойған ұйымы, «ат төбеліндей» Легиндер, Каутскийлер, Шейдемандар тұлға болған ұйымы, бұқараны сатып кетті, ал *жаңадан* ұйым құру үшін уақыт керек, ескі, шірік, күні біткен ұйымды лақтырып тастайтындай батылдық керек.

Каутский өзіне қарсыларды, солшылдарды, жықпақшы болып, оларға мынадай соракылықты таңады: олар мәселені соғысқа «жауап» ретінде «бұқара» «24 сағат ішінде» революция жасауға тиіс, империализмге қарсы «социализмді» енгізуге тиіс, әйтпесе «бұқара» «тұрлаусыздық пен опасыздық» көрсеткен болар еді деген тұрғыдан қойып отыр дейді. Бұл барып тұрған сандырақ қой; буржуазиялық және полициялық сауатсыз кітапшасымақтарды құрастырушылар бұған дейін революционерлерді осы сандырақпен «жығып» келген еді, енді Каутский де осы сандырақты алға тартып отыр. Революцияны «жасай қоюға» болмайтындығын, революция-

---

дым, олармен келіспедім, революционер болып қалдым деп құдайға рақмет айтады — ойнамаңыз! Ал *іс жүзінде* Каутскийдің позициясы да дәл сондай. Тәлімсіп сөйлейтін, екіжүзді шовинист Каутский қарабайырлау шовинистер Давид пен Гейнеден, Ленч пен Геништен анағұрлым жексұрын.

лар объективтік түрде (партиялар мен таптардың еркіне қарамастан) толғағы жеткен дағдарыстардан және тарихтың өзгерістерінен *өсіп шығатындығын,* ұйымы жоқ бұқараның бірыңғай еркі де болмайтындығын, орталықтанған мемлекеттердің қуатты, террорлық, әскери ұйымымен күресу ұзаққа созылатын қиын іс екендігін Каутскийдің солшыл қарсыластары жақсы біледі. Өзінің көсемдері қиын-қыстау сәтте опасыздық істеп кеткен соң, бұқара ештеңе істей *алмады,* ал осы «ат төбеліндей» көсемдердің кредиттерге қарсы дауыс беруіне, «азаматтық татулыққа» және соғысты ақтаушылыққа қарсы шығуына, *өз* үкіметтерінің жеңілуін жақтай сөйлеуіне, траншеяларда бауырласуды насихаттау үшін халықаралық аппаратты жолға қоюына, революциялық қимылдарға көшудің қажеттігін уағыздайтын құпия әдебиетті* ұйымдастыра беруіне, т. т. істеуіне *әбден болатын еді* және осылай істеуге тиіс те еді.

Германиядағы «солшылдардың» нақ осындай немесе, дұрысырақ айтқанда, осыған *ұқсас* қимылдарды көздейтіндігін және әскери цензура тұсында бұларды *тура,* ашық айтуға шамалары келмейтіндігін Каутский жақсы біледі. Каутский, әскери цензорлардың артына тығылып, өзін әшкереленуден цензорлар қорғайтындығына сеніп, солшылдарға осы көрінеу сандырақты таңып отыр, сөйтіп оппортунистерді қайткен күнде де қорғап қалу тілегі оны теңдесі жоқ пасықтыққа әкеп соқтырып отыр.

VII

Каутский неше түрлі айла-амалдар арқылы әдейі соқпай өткен және осынысымен оппортунистерді кере-

---

* Айта кетелік. Бұл үшін таптық өшпенділік туралы және таптық күрес туралы жазуға тыйым салушылыққа жауап ретінде *барлық* социал-демократиялық газеттерді жабу тіпті де міндет емес еді. «Vorwärts»-тің істегеніндей, бұл туралы жазбау шартына көну пасықтык және қорқақтық болды. «Vorwärts» осылай істеп, *саяси* мерт болды. Л. Мартов осылай дегенде дұрыс айтқан еді. Бірақ бұл газеттер партиялық газеттер емес және *социал-демократиялық газеттер емес,* әншейін жұмысшылардың бір бөлегінің техникалық мұқтаждарын өтейтін газеттер еді, яғни *саяси газеттер емес еді* деп мәлімдеп, жария газеттерді сақтап қалуға болатын еді. Соғысқа *баға беретін* социал-демократиялық құпия әдебиет және *ондай баға бермейтін,* өтірікті айтпайтын, бірақ шындық туралы үндемейтін жария жұмысшы әдебиеті,— неге осылай етуге мүмкін емес еді?

мет риза қылған елеулі ғылыми және саяси мәселе — II Интернационалдың аса көрнекті өкілдері социализмге қалайша опасыздық жасай *алды?* деген мәселе.

Бұл мәселені біз, әлбетте, пәлендей беделділердің жеке өмірбаяны мағынасында қоймауға тиіспіз. Келешекте олардың өмірбаянын жазушылар мәселені бұл жағынан да қарап талдауға тиіс болар, бірақ социалистік қозғалыстың қазір мүдделі болып отырғаны әсте бұл емес, оның мүдделі болып отырғаны—социал-шовинистік *ағымның* тарихи тегін, жағдайын, маңызын және күшін зерттеу. 1) Социал-шовинизм қайдан пайда болды? 2) оған күш берген не? 3) онымен қалай күресу керек? Мәселені осылайша қою ғана дұрыс болады, ал істі «жеке адамдарға» көшіру практика жүзінде софистің жай бұлталағы, айла-амалы болып табылады.

Бірінші мәселеге жауап беру үшін мынаны талдап қарау керек: 1-ден, социал-шовинизмнің идеялық саяси мазмұны социализмдегі бұрынғы бір ағыммен *байланысты* болып тұрған жоқ па? 2-ден, іс жүзіндегі саяси бөліністер тұрғысынан қарағанда, социалистердің қазір социал-шовинизмнің қарсыластары мен қорғаушылары болып бөлінуінің бұрынғы, тарихи жағынан алдыңғы бөлінулерге қандай қатынасы бар?

Социал-шовинизм деп біз қазіргі империалистік соғыста отанды қорғау идеясын мойындаушылықты, бұл соғыста социалистердің «өз» елдерінің буржуазиясымен және үкіметтерімен одақтасуын ақтаушылықты, «өз» буржуазиясына қарсы пролетарлық-революциялық қимылдарды уағыздаудан және қолдаудан бас тартушылықты, т. т. айтамыз. Социал-шовинизмнің негізгі идеялық-саяси мазмұны оппортунизмнің негіздерімен әбден қабысып жатқандығы мүлде айқын. Бұл — *баяғы бір* ағым. 1914—1915 жылғы соғыс жағдайындағы оппортунизм — социал-шовинизм деген сөз. Оппортунизмдегі басты нәрсе — таптардың ынтымақтасуы туралы идея. Соғыс бұл идеяны ақырына дейін жеткізеді, соның өзінде оның әдеттегі факторлары мен стимулдарына толып жатқан мейлінше қарапайым факторлар мен стимулдар қосады, тоғышар және бытыраңқы бұқараны ерекше қорқыту, зорлау арқылы буржуазиямен ынтымақтасуға

амалсыз көндіреді: бұл жағдай, әлбетте, оппортунизмді жақтаушылардың тобын көбейтіп, кешегі көптеген радикалдардың осы лагерьге ауып кету себебін түсіндіреді.

Оппортунизм дегеніміз бұқараның түбегейлі мүдделерін жұмысшылардың болмашы ғана азшылығының уақытша мүдделеріне құрбап ету немесе, басқаша айтқанда, жұмысшылардың бір бөлегінің пролетариат бұқарасына қарсы буржуазиямен одақтасуы. Соғыс мұндай одақты өте-мөте айқын және лажсыз етеді. Оппортунизмді ондаған жылдар бойы капитализмнің даму заманының ерекшеліктері туғызды; бұл заманда жұмысшылардың пұрсатты жағдайдағы тобының біршама бейбіт және мәдениетті өмір сүруі бұларды «буржуаландырды», бұларға өзінің, ұлттық капиталының пайдаларынан там-тұмдап бірдеңе беріп тұрды, бұларды жоқшылыққа, қайыршылыққа ұшыраған бұқараның күйзелісінен, азап-бейнетінен және революциялық пиғылынан бөліп әкетіп отырды. Империалистік соғыс дегеніміз осындай жағдайдың тікелей жалғасы және аяқталуы, өйткені бұл соғыс—ұлы державалық ұлттардың *пұрсатты жағдайлары* үшін, олардың арасында отарларды қайта бөлісу үшін, олардың басқа ұлттарға үстемдік етуі үшін жүргізіліп жатқан соғыс. Мещандардың «жоғарғы тобы» немесе жұмысшы табының аристократиясы (және бюрократиясы) ретіндегі өзінің пұрсатты жағдайын сақтап қалып, баянды ету — міне ұсақ буржуазиялық-оппортунистік үміттердің және соғыс кезіне сәйкес тактиканың табиғи жалғасы осы, міне біздің заманымыздағы социал-империализмнің экономикалық негізі осы*. Және, әлбетте, дағдының күші, біршама

* Жұмысшыларды жікке бөлу үшін және олардың назарын социализмнен басқа жаққа аударып жіберу үшін империалистер мен буржуаның «ұлы державалық» және ұлттық пұрсатты жағдайлардың маңызын қаншалықты жоғары бағалайтындығын көрсететін бірнеше мысал келтірейік. Ағылшын империалисі Люкас «Ұлы Рим және Ұлы Британия» деген шығармасында (Оксфорд, 1912) осы күнгі Британия империясында қызыл өңділердің толық праволы еместігін мойындайды (96—97-беттер) және былай деп ескертеді: «Біздің Империямызда, ақ өңді жұмысшылар қызыл өңді жұмысшылармен қатар жұмыс істеп тұрғанда, жолдастарша істемейді, қайта ақ өңді жұмысшы көбінесе қызыл өңді жұмысшының үстінен қараушы болып табылады» (98).— Социал-демократтарға қарсы империялық одақтың бұрынғы секретары Эрвин Бельгер «Социал-демократия соғыстан кейін» (1915)

«бейбіт» эволюциядағы ескішілдік, ұлттық соқыр сенімдер, қауырт өзгерістерден қорқу және оларға сенбеу — осының бәрі оппортунизмді де күшейтетін, тек уақытша ғана дегенсіп, тек ерекше себептер мен дәлелдер бойынша ғана дегенсіп, осы оппортунизммен екіжүзді, қорқақтық түрде ымыраласуды да күшейтетін қосалқы жағдайлардың ролін атқарды. Соғыс ондаған жылдар бойы өсірілген оппортунизмнің түрін өзгертті, оны жоғары сатыға көтерді, оның сарындарының саны мен алуан түрлілігін молайтты, оны жақтаушылардың қатарын көбейтті, олардың дәлелдерін толып жатқан жаңа софизмдермен байытты, оппортунизмнің, былайша айтқанда, негізгі тасқынына көптеген жаңа жылғалар мен ағындарды құйды, бірақ негізгі тасқын жоғалған жоқ. Қайта керісінше.

Социал-шовинизм дегеніміз оппортунизм, осы буржуазиялық шиқанның *бұрынғыша* социалистік партиялардың ішінде өмір сүруі мүмкін болмайтын дәрежеге дейін пісіп жетілген оппортунизм.

Социал-шовинизм мен оппортунизмнің нағыз тығыз, айырылмас байланысын көргісі келмейтін адамдар жеке оқиғалар мен «әдеттен тыс» жағдайларды аңдиды — пәлендей оппортунист интернационалист болды, пәлендей радикал шовинист болды дейді. Бірақ бұл — *ағым-*

деген кітапшасында: социал-демократтар «интернационалдық, утопиялық», «революциялық» идеяларсыз (44) «таза жұмысшы партиясы» (43), «ұлттық партия», «неміс жұмысшы партиясы» (45) болуға тиіс деп, социал-демократтардың қылығын мақтайды.— Неміс империалисі Сарториус фон Вальтерсхаузен капиталды шетелдерге орналастыру жөніндегі шығармасында (1907)[203] неміс социал-демократтарын отарлар басып алудағы «ұлттық игіліктерді» елемейтіндігі үшін сөгеді (438) және ағылшын жұмысшыларын олардың «реализмі» үшін, мысалы, олардың иммиграцияға қарсы күресі үшін мақтайды.— Неміс дипломаты Рюдорфер дүние жүзілік саясаттың негіздері туралы кітабында[204] капиталдың интернационалдануы ұлттық капиталдардың билік, ықпал жолындағы, «акциялардың көп болуы» жолындағы шиеленіскен күресін ешбір жоймайды (161) деген жалпыға мәлім фактіні атап көрсете келіп, осы шиеленіскен күрес жұмысшыларды тартады дейді (175). Кітап 1913 ж. октябрьде шыққан деп белгіленген; ал автор осы заманғы соғыстардың себебі ретінде «капиталдың мүдделері» туралы (157), «ұлттық тенденция» туралы мәселе социализмнің «түйіні» болып бара жатқандығы туралы (176), іс жүзінде біртіндеп ұлттық болып бара жатқан (103, 110, 176) социал-демократтардың интернационалистік манифестацияларынан үкіметтердің қорқатын түгі де жоқ екендігі туралы (177) мейлінше айқын айтып отыр. Егер жұмысшыларды ұлт ықпалынан шығарып алса, халықаралық социализм жеңіп шығады, өйткені жалаң зорлықпен түк істей алмайсың; бірақ егер ұлттық сезім үстем болса, халықаралық социализм жеңіліс табады (173—174).

дардың дамуы туралы мәселеде нағыз орынсыз дәлел. 1-ден, жұмысшы қозғалысындағы шовинизм мен оппортунизмнің экономикалық негізі бір; ол негіз — пролетариаттың азын-аулақ жоғарғы топтары мен мещандардың, «өздерінің» ұлттық капиталының пұрсатты жағдайларын там-тұмдап пайдаланып отырғандардың, пролетарлар бұқарасына қарсы, еңбекшілер бұқарасына қарсы, жалпы езілгендерге қарсы одағы. 2-ден, бұл екі ағымның екеуінің де идеялық-саяси мазмұны бір. 3-ден, жалпы және тұтас алғанда, социалистердің оппортунистік ағым мен революциялық ағым болып бұрынғы бөлінуі, II Интернационал заманына (1889—1914) тән бөлінуі, олардың шовинистер мен интернационалистер болып жаңадан бөлінуіне *сәйкес келеді.*

Осы соңғы қағиданың дұрыстығына көз жеткізу үшін қоғамдық ғылымда (жалпы ғылымдағы сияқты) әңгіме жеке оқиғалар туралы емес, *жалпы* құбылыстар туралы болады деген ережені есте ұстау керек. Европалық 10 елді: Германияны, Англияны, Россияны, Италияны, Голландияны, Швецияны, Болгарияны, Швейцарияны, Францияны, Бельгияны алып қараңыз. Алғашқы 8 елде социалистердің жаңадан (интернационализміне қарай) бөлінуі бұрынғы (оппортунизміне қарай) бөлінуіне сәйкес келеді: Германияда оппортунизмнің қамалы, «Социалистік Әрайлық» («Sozialistische Monatshefte») журналы, шовинизмнің қамалы болып алды. Интернационализм идеяларын нағыз солшылдар қолдап отыр. Англияда Британ социалистік партиясында $^3/_7$ бөлігіндейі интернационалистер (соңғы есеп бойынша, интернационалдық қарарға 66 адам жақтап дауыс берді де, 84 адам қарсы болды), ал оппортунистердің *блогында* (Жұмысшы партиясы+Фабийшылдар+Тәуелсіз жұмысшы партиясы) $^1/_7$ бөлігінеп *азырағы* интернационалистер*. Россияда оппортунистердің негізгі ұйтқысы, жойымпаздық «Наша Заря», шовинистердің негізгі

* Әдетте *бір* «Тәуелсіз жұмысшы партиясын» «Британ социалистік партиясымен» салыстырып жүр. Бұл дұрыс емес. Ұйымдық формаларды емес, істің мәнін алу керек. Күнделікті газеттерді алып қараңыз: бұлар *екеу* еді — біреуі («Daily Herald») Британ социалистік партиясынікі, екіншісі («Daily Citizen») оппортунистер блогынікі. Күнделікті газеттер іс жүзіндегі насихат, үгіт, ұйымдастыру жұмыстарын көрсетеді.

ұйтқысы болып алды. Плеханов пен Алексинский көбірек қиқу салады, бірақ 1910—1914 жылдардағы бес жылдың тәжірибесінен-ақ Россияда бұқара арасында жүйелі насихат жүргізу олардың қолынан келмейтіндігін біз білеміз. Россиядағы интернационалистердің негізгі ұйтқысы—«правдизм» және 1912 жылы январьда партияны қайта құрған алдыңғы қатарлы жұмысшылардың өкілі болып табылатын Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы.

Италияда Биссолатидің және К°-нің таза оппортунистік партиясы шовинистік партия болды. Интернационализмнің өкілі *жұмысшы* партиясы еді. Жұмысшылар *бұқарасы* осы партия жағында; оппортунистер, парламентарлар, ұсақ буржуа шовинизм жағында. Италияда бірнеше ай ішінде емін-еркін таңдау жасауға болатын еді және бұл таңдау кездейсоқ жасалмай, бұқара-пролетарлардың және ұсақ буржуазиялық топтардың таптық жағдайының айырмашылығына сәйкес жасалды.

Голландияда Трульстраның оппортунистік партиясы жалпы шовинизм атаулыға төзіп отыр (Голландияда ұсақ буржуа ірі буржуа сияқты, бәрінен бетер оларды «жұтып қоюға» шамасы келетін Германияны өте-мөте жек көреді дегенге алданбауымыз керек). Дәйекті, шын адал, жалынды, сенімі күшті интернационалистерді Гортер мен Паннекук бастаған маркстік партия туғызды. Швецияда оппортунистердің көсемі Брантинг неміс социалистерінің опасыз деп айыптағанына қатты ашуланады, ал солшылдардың көсемі Хёглунд өзін жақтаушылардың арасында дәл осылай қарайтын адамдар бар деп мәлімдейді (қараңыз: «Социал-Демократ» № 36). Болгарияда оппортунизмге қарсылар, «тесняктар», өздерінің органында («Новое Времяда»[205]) герман социал-демократтарын «арамдық жасады» деп баспасөз жүзінде айыптайды. Швейцарияда оппортунист Грейлихтің жақтастары неміс социал-демократтарын ақтауға бейім (олардың органын — Цюрихтегі «Народное Правоны» қараңыз), ал анағұрлым радикалырақ Р. Гриммнің жақтастары Берн газетінен («Berner Tagwacht») неміс солшылдарының органын құрды. 10 елден екі-ақ ел, Франция мен Бельгия, оқшау тұр; соның өзінде мұнда

да шынында интернационалистердің жоқтығын емес, олардың шамадан тыс (ішінара әбден түсінікті себептер бойынша) әлсіздігі мен жаншылғандығын байқаймыз; өзінің оқушыларынан интернационалистік бағыттағы хаттар алып, олардың *біреуін де* газетке толық баспағандығын Вальянның өзі «L'Humanité»-де мойындап отырғандығын ұмытпауымыз керек!

Жалпы және тұтас алғанда, егер ағымдар мен бағыттарды алатын болсақ, европалық социализмнің нақ оппортунистік қанаты социализмге опасыздық жасап, шовинизмге қарай ауып кеткендігін мойындамауға болмайды. Оған күш қайдан бітті, ресми партияларда оның құдіретті болып көрінуі қайдан пайда болды? Әсіресе ерте замандағы Рим туралы және сол сияқты жанды өмірге оншама жуық емес материялар туралы әңгіме қозғалса, тарихи мәселелерді өте жақсы қоя білетін Каутский,— қазір, іс оның өзіне тіреліп отырған кезде, мұны түсінбегенсіп, екіжүзділікке салынады. Бірақ іс айдан анық. Оппортунистер мен шовинистерге зор күш берген — *олардың* буржуазиямен, үкіметтермен және бас штабтармен *одақтасуы*. Біздің Россияда жұрт осыны өте жиі ұмытып кетіп жүр және, филистерлердің барлық жазбаларында жазылғаны сияқты, істің жайына оппортунистер — социалистік партиялардың *бір бөлегі*, бұл партияларда шеткері екі қанат әрқашан болып келді және бола береді, барлық әңгіме «шеткеріліктерге» жоламауда, т. т. және т. с. деп қарап жүр.

Шынында оппортунистердің ресми түрде жұмысшы партияларында болуы олардың— объективтік жағынан— буржуазияның саяси отряды, буржуазияның ықпалын іске асырушылар, буржуазияның жұмысшы қозғалысындағы агенттері екенін ешбір жоққа шығармайды. Геростратша әйгілі болған оппортунист Зюдекум осы әлеуметтік, таптық ақиқатты айқын көрсетіп бергенде, талай көңілшек адамдар аһ ұрды. Француз социалистері мен Плеханов Зюдекумді саусақпен көрсете бастады,— ал Вандервельде, Самба және Плеханов айнаға қараса, сәл басқарақ ұлттық бейнелі *дәл Зюдекумнің өзін* көрген болар еді. Каутскийді мақтап, Каутскийден

мақтау алып жүрген неміс цекистері («форштанд») Зюдекумнің бағытымен «келісе алмаймыз» деп сақтықпен, кішіпейілділікпен және сыпайылықпен (Зюдекумнің атын атамай) мәлімдеуге асықты.

Бұл кісі күлерлік нәрсе, өйткені іс жүзінде герман социал-демократиялық партиясының практикалық саясатында Зюдекумнің бір өзі шешуші кезеңде жүздеген Гаазелер мен Каутскийлерден күштірек болып шықты («Наша Заряның» бір өзі онымен жікке бөлінуден қорыққан Брюссель блогының барлық ағымдарынан да күштірек болғаны сияқты).

Себебі не? Мұның дәл себебі—Зюдекум ұлы державаның буржуазиясына, үкіметіне, бас штабына сүйенеді. Олар Зюдекумнің саясатын мыңдаған тәсілдермен қолдайды, ал оған қарсылардың саясатын тіпті түрмеге жабуға дейін, атуға дейін барлық тәсілдер арқылы тыйып отырады. Зюдекумнің даусын (сол сияқты Вандервельденің, Самбаның, Плехановтың даусын да) буржуазиялық баспасөз миллиондаған дана газеттерде таратып отырады, ал оған қарсылардың дауыстарын жария баспасөзде естуге *болмайды,* өйткені дүниеде әскери цензура деген бар!

Оппортунизм — кездейсоқ нәрсе емес, жеке адамдардың күнәсы емес, ағаттығы емес, опасыздығы емес, тұтас бір тарихи заманның әлеуметтік нәтижесі дегенге жұрттың бәрі де келіседі. Бірақ бұл ақиқаттың маңызына жұрттың бәрі бірдей ой жібере бермейді. Оппортунизмді өсірген — жариялылық. 1889—1914 жылдардағы заманның жұмысшы партиялары буржуазиялық жариялылықты пайдалануға тиіс болды. Дағдарыс туғаннан кейін құпия жұмысқа көшу керек еді (ал бұған толып жатқан соғыс айлаларымен қосылған орасан зор жігермен, батылдықпен ғана көшуге болады, бұдан басқаша көшу мүмкін емес). Оған көшуге кедергі жасау үшін *жалғыз* Зюдекумнің бір *өзі-ақ* жеткілікті, өйткені тарихи-философиялық тілмен айтқанда, бүкіл «ескі дүние» Зюдекум жағында,— өйткені ол, Зюдекум, практикалық-саяси тілмен айтқанда, буржуазияға оның тап жауының барлық соғыс жоспарларын әрқашан әшкерелеп беріп келді және әрқашан әшкерелеп береді де.

Бүкіл неміс социал-демократиялық партиясы (бұл сөздің француздарға да, *тағысын-тағыларға да* қатысы бар) Зюдекум сүйсінерлік істерді *ғана* немесе Зюдекум төзе алатын істерді *ғана* істейді; бұл—факт. Жария түрде бұдан басқа түк істеуге *болмайды*. Герман социал-демократиялық партиясында істеліп жатқан *адал*, шын социалистік істердің бәрі де оның орталықтарына *қарсы*, оның Орталық Комитетіне және Орталық Органына *жанаспай сырттан* істеледі, ұйымдық тәртіпті *бұза отырып* істеледі, мәселен, үстіміздегі жылы 31 майда «Berner Tagwacht»-та басылған неміс «солшылдарының» үндеу хаты[206] аноним түрде жарияланғаны сияқты, жаңа партияның анонимдік жаңа орталықтарының атынан *фракциялық түрде* істеледі. Іс жүзінде, Легин—Зюдекум—Каутский — Гаазе — Шейдемандардың және К⁰-нің ескі, шірік, национал-либералдық партиясы емес, *жаңа* партия, шын жұмысшы партиясы, шын революциялық-социал-демократиялық партия өсіп, нығайып, ұйымдасып келеді*.

Сондықтан оппортунист Monitor консерваторлық «Пруссия Әржылдығында»[207] осындай терең тарихи шындықты аңдамай айтып салып, былай деді: егер қазіргі социал-демократия *оңшылданса*, оппортунистерге *(буржуазияға деп оқы)* зиянды болар еді,— өйткені ол уақытта жұмысшылар одан кетіп қалар еді. Оппортунистерге (және буржуазияға) оң қанат пен сол қанатты *біріктіріп* отырған, Каутский ресми өкілі болып отырған дәл қазіргі партия керек, ал Каутский дүниедегінің бәрін жып-жылмағай және «мүлде маркстік» сөздер арқылы бітістіре алады. Сөз жүзінде социализм

* 4 августағы тарихи дауыс беру алдында болған оқиға назар аударарлықтай. Ресми партия бұған кәдуілгі екіжүзділіктің жамылтқысын бүркеді: көпшілік шешті де, жұрттың бәрі бір адамдай *жақтап* дауыс берді. Бірақ Штребель «Die Internationale» журналында бұл екіжүзділікті әшкерелеп, шындықты айтып берді. Социал-демократиялық фракцияда дайын *ультиматуммен*, яғни фракциялық, яғни жікшілдік шешіммен келген *екі* топ болды. Бір топ, оппортунистер тобы, 30 шақты адам, *қайткен күнде де жақтап* дауыс беруге бел байлады, екіншісі, солшыл топ, 15 шақты адам — тым табанды түрде болмаса да — қарсы дауыс беруге бел байлады. Ешқандай табанды позициясы жоқ «центр» немесе «батпақ» оппортунистермен бірге дауыс беріп қалғанда, солшылдар тас-талқан болып күйреді де... бағынды! Герман социал-демократиясының «бірлігі» деген — іс жүзінде оппортунистердің ультиматумдарына лажсыз бағынғандықты бүркемелейтін шылғи екіжүзділік.

мен революцияшылдық— халық үшін, бұқара үшін, жұмысшылар үшін; іс жүзінде—зюдекумшілдік, яғни қандай да болсын елеулі дағдарыс кезеңінде буржуазияға қосылғандық. Біз: *қандай да болсын* дағдарыс кезеңінде дейміз, өйткені тек соғыс салдарынан ғана емес, сонымен бірге қандай да болсын елеулі саяси стачка салдарынан «феодалдық» Германия да, «еріктіпарламентарлық» Англия да немесе Франция да *дереу*, бір сылтаумен, соғыс жағдайын енгізеді. Ақылы түзу, есі бүтін бірде-бір адам бұған күмәндана алмайды.

Жоғарыда қойылған: социал-шовинизмге қарсы қалай күресу керек? деген сұраққа жауап осыдан келіп туады. Социал-шовинизм дегеніміз оппортунизм; оның толысып піскендігі сонша, біршама «бейбіт» капитализмнің ұзақ заманында нығайып алып, құтырғандығы сонша, идеялық-саяси жағынан қалыптасқандығы сонша, буржуазиямен және үкіметтермен өте жақындасқандығы сонша — *мұндай ағымның* социал-демократиялық жұмысшы партияларының *ішінде* болуына төзуге *болмайды.* Егер провинциялық кішкене қаланың мәдениетті тротуарларында жүруге тура келгенде жұқа, әлсіз ұлтанмен жүруге көну мүмкін болса да, тауға бара жатып, шеге қаққан қалың ұлтансыз жүруге болмайды. Социализм Европада біршама бейбіт, ұлттық тар шеңберлі сатыдан өтті. Ол 1914—1915 жж. соғыспен бірге революциялық қимылдар сатысына кірді, сондықтан оппортунизмнен толық ажырасудың, оны жұмысшы партияларынан аластаудың толғағы жеткендігі сөзсіз.

Әлбетте, социализмнің дүние жүзілік дамуының жаңа заманы социализмнің алдына қойып отырған міндеттерді бұлайша белгілеуден: жеке елдерде революциялық-социал-демократиялық жұмысшы партияларының ұсақ буржуазиялық-оппортунистік партиялардан бөліну процесі дәл қандай жеделдікпен және дәл қандай формаларда өтетіні әлі тікелей тумайды. Бірақ бұдан мұндай бөлінудің сөзсіз болатындығын айқын ұғу, жұмысшы партияларының бүкіл саясатын дәл осы тұрғыдан бағыттап отыру қажеттігі туады. 1914—1915 жылдардағы соғыс тарихтың ұлы өзгерісі екендігі сонша — оппортунизмге көзқарас бұрынғы қалпында қала ***алмай-***

ды. Болғанды болмады деуге болмайды, оппортунистер дағдарыс кезеңінде жұмысшы партияларының ішінде буржуазия жағына шығып кеткен элементтердің ұйтқысы болғандығы фактісін жұмысшылардың санасынан да, буржуазияның тәжірибесінен де, жалпы алғанда заманымыздың саяси табыстарынан да шығарып тастауға болмайды. Оппортунизм — егер жалпы европалық көлемде айтатын болсақ—соғысқа дейін жастық шағында болды деуге болады. Соғыспен бірге ол да біржолата есейді, енді оны тағы да «бейкүнә», жас етуге болмайды. Парламентарлардың, журналистердің, жұмысшы қозғалысындағы чиновниктердің, пұрсатты жағдайдағы қызметшілердің және пролетариат ішіндегі кейбір жіктердің тұтас бір қоғамдық тобы жетілді; бұл топ өзінің ұлттық буржуазиясымен *біте қайнасты* және мұны осы буржуазия әбден бағалап, өзіпе «үйлестіре» білді. Тарихтың тегершігін кері бұруға да, тоқтатуға да болмайды — жұмысшы табының әзірлік ретіндегі, жария түрдегі, оппортунизмнің тұтқынына түскен ұйымдарынан «өкіметті алу үшін күресуге», буржуазияны құлату үшін күресуге кірісетін пролетариаттың жариялылықпен шектеліп *қалмайтын,* өзін оппортунистік опасыздықтан қауіпсіз ете алатын революциялық ұйымдарына қарай тайсалмастан ілгері баса беруге болады және солай сту керек те.

Оның бер жағында, II Интернационалдың пәлендей аса көрнекті беделділерін, Гедті, Плехановты, Каутскийді, т. т. қайтеміз деген мәселе арқылы өздерінің санасын және жұмысшылардың санасын тұмандататын адамдардың іске қаншалықты теріс қарайтындығы осыдан-ақ көрінеді. Шындығында мұнда ешқандай мәселе жоқ: егер бұл адамдар жаңа міндеттерді ұқпаса, бұларға шетте қалуға тура келеді немесе, осы күнгісіндей, оппортунистердің тұтқынында болуға тура келеді. Егер бұл адамдар «тұтқыннан» құтылса, олардың революционерлер лагеріне қайта келуіне *саяси* кедергілер бола қояр ма екен. Қайткен күнде де ағымдардың күресі туралы және жұмысшы қозғалысы замандарының ауысуы туралы мәселені жеке адамдардың ролі туралы мәселемен алмастыру өрескел.

VIII

Жұмысшы табының бұқаралық жария ұйымдары II Интернационал заманындағы социалистік партиялардың ең маңызды дерлік айрықша белгісі болып табылады. Герман партиясында бұл ұйымдар бәрінен де күштірек болды, сондықтан мұнда 1914—1915 жылдардағы соғыс бәрінен де күштірек өзгеріс туғызды, мәселені бәрінен де гөрі тікелей қойды. Революциялық қимылдарға көшу полицияның жария ұйымдарды таратып жіберуін тудыратыны айқын еді, сондықтан ескі партия, Легиннен бастап Каутскийге дейін бәрі, осы күнгі жария ұйымдарды сақтап қалу үшін пролетариаттың революциялық мақсаттарын құрбан етті. Олар мұны қаншама теріске шығарғанымен, бұл айқын факт болып отыр. Қазіргі полициялық заң рұқсат еткен ұйымдардың бұршақ көжесіне бола бұлар пролетариаттың революция жасау правосын сатып кетті.

Германияның социал-демократиялық кәсіптік одақтарының көсемі Карл Легиннің «Кәсіптік одақтардың чиновниктері партияның ішкі өміріне неліктен көбірек қатысуы керек?» (Берлин, 1915) деген кітапшасын алып қараңыз. Бұл — автордың 1915 ж. 27 январьда кәсіптік қозғалыс чиновниктерінің жиналысында жасаған баяндамасы. Легин өзінің баяндамасында аса қызық бір документті оқып берді және кітапшасында басып шығарды; басқа ретте әскери цензура мұны басуға еш уақытта рұқсат етпеген болар еді. «Нидербарним» (Берлин маңы) «округының референттеріне материал» деп аталатын осы документ—неміс солшыл социал-демократтарының көзқарастарын баяндау, олардың партияға қарсы наразылығы. Революцияшыл социал-демократтар — делінген бұл документте — бір факторды, атап айтқанда мынадай факторды болжай білмеді және болжай да алмады:

«Герман социал-демократиялық партиясының және кәсіптік одақтардың бүкіл ұйымдасқан күші соғысып жатқан үкіметтің жағына шықты, бүкіл осы күш бұқараның революциялық жігерін жаныштау мақсатына жұмсалды» (Легин кітапшасының 34-беті).

Бұл — сөзсіз шындық. Осы документтің мына пайымдауы да шындық:

Социал-демократиялық фракцияның 4 августағы дауыс беруі мынаны көрсетті: басқа козқарас, егер ол тіпті бұқараның ішіне терең тамыр жайған болса да, сыннан өткен партияның басшылығымен емес, партиялық инстанциялардың еркіне қарсы, партия мен кәсіптік одақтардың қарсылығын жеңу шарты арқылы ғана өзіне жол салған болар еді» (бұл да сонда).

Бұл — сөзсіз ақиқат.

«Егер социал-демократиялық фракция 4 августа өзінің борышын отеген болса, онда, бәлкім, ұйымның сыртқы формасы жойылған болар еді, бірақ рухы, рух болғанда — ерекше заңның тұсында партияға қуат беріп, оның барлық қиыншылықтарды жеңуіне көмектескен рухы сол қалпынша қалған болар еді» (бұл да сонда).

Өзінің баяндамасын тыңдатуға Легин шақырып алған, кәсіптік одақтардың басшылары, чиновниктері деп аталатын «көсемдердің», сыбайлас тобы осы айтылғандарды естіп *қарқ-қарқ күліпті;* мұның өзі Легиннің кітапшасында атап көрсетіледі. Оларға дағдарыс кезінде құпия (ерекше заң тұсындағы сияқты) революциялық ұйымдар құруға болатындығы және солай ету керектігі туралы ойлаудың өзі *күлкілі.* Ал Легин, буржуазияның нағыз сенімді қарғылы төбеті болғандықтан, кеудесін қағып, былай деп лепіріпті:

«Мәселені бұқараның өзі шешетіндей етіп ұйымдарды қирату — бұл көріне көзге анархиялық пікір. Бұл идеяның анархиялық идея екендігіне менің ешқандай күмәным жоқ».

Өздерін жұмысшы табының социал-демократиялық ұйымдарының көсемдері деп атайтын буржуазия малайлары «дұрыс!» деп шу ете қалыпты (бұл да сонда, 37-бет).

Ғибрат аларлық оқиға. Бұларды буржуазиялық жариялылық аздырып, топас етіп тастағаны сонша—олар тіпті революциялық күреске басшылық ету үшін *басқа, құпия* ұйымдардың қажеттігі туралы пікірді де *ұға* алмайды. Бұлар: полицияның рұқсаты бойынша өмір сүріп отырған жария одақтар — аттап өтуге болмайтын

шек, тегінде, дағдарыстар заманында мұндай одақтарды, *басшы* одақтар ретінде, *сақтап қалуға* болады-мыс деп ойлайды; бұлар осындай халге жетті! Оппортунизмнің жанды диалектикасы мынадай: жария одақтардың әншейін өсуі, кеңсе кітаптарын жүргізумен қанағаттанатын топастау, бірақ ақ пейіл филистерлердің әншейін дағдысы дағдарыстар кезінде бұл ақ пейіл мещандардың сатқындар, опасыздар, бұқараның революциялық жігерін *тұншықтырушылар* болып кетуіне әкеп соқтырды. Ал бұл кездейсоқ нәрсе емес. Революциялық ұйымға көшу қажет, өзгеріп отырған тарихи жағдай осыны талап етеді, пролетариаттың революциялық қимылдарының заманы осыны талап етеді,—бірақ бұған көшуді ескі көсемдердің, революциялық жігерді тұншықтырушылардың *басынан аттап өтіп,* ескі партияның *басынан аттап өтіп,* ол партияны *қирату арқылы* ғана жүзеге асыруға болады.

Ал оппортунист Эд. Давидтің Карл Либкнехтті балағаттап «анархизм» туралы байбалам салғаны сияқты, контрреволюцияшыл мещандар да, әлбетте, «анархизм!» деп байбалам салады. Германияда анархизмге салынады деп оппортунистер сөгіп отырған көсемдер ғана, сірә, адал социалистер болып қалса керек...

Қазіргі әскерді алып қарайық. Ұйымның жақсы үлгілерінің бірі—міне осы. Бұл ұйымның жақсы болатын жалғыз-ақ себебі—ол *оңтайлы,* сонымен бірге миллиондаған адамдарда *бірыңғай ерік* туғыза біледі. Бүгін бұл миллиондаған адамдар елдің түрлі түкпірлерінде, үйді-үйлерінде отыр. Ертең мобилизация туралы бұйрық шықса, олар белгіленген пункттерге жиналады. Бүгін олар траншеяларда жатыр, кейде айлап жатады. Ертең олар басқа тәртіппен шабуылға аттанады. Бүгін олар оқтан, шрапнельден жасырына отырып, небір кереметтер көрсетіп жатыр. Ертең олар ашық ұрыста кереметтер көрсетеді. Бүгін олардың алдыңғы саптағы отрядтары жер астына мина қойып жатыр, ертең олар жер үстінде ұшқыштардың нұсқауымен ондаған шақырым жерге жылжып кетеді. Бір мақсат үшін, бір ерікпен рухтанған миллиондаған адамдар өзгерген жағдайға және күрес талаптарына сәйкес өз қатынастары мен

өз қимылдарының формаларын өзгертсе, әрекет ету орындары мен тәсілдерін өзгертсе, құралдары мен каруларын өзгертсе, міне, бұл ұйым деп аталады.

Бұл айтылғанның жұмысшы табының буржуазияға қарсы күресіне де қатысы бар. Бүгін революциялық жағдай әлі туған жоқ, бұқараның ішіндегі қобалжуларға, оның белсенділігін арттыруға жағдайлар жоқ, бүгін сенің қолыңа сайлау бюллетенін береді екен—оны ал да, түрмеден қорқып мансапқа жармасатын адамдарды парламенттегі жылы орындарға өткізу үшін емес, сол бюллетень арқылы өзіңнің жауларыңды соққылау үшін ұйымдаса біл. Ертең сенен сайлау бюллетенін тартып алып, қолыңа мылтықты және машиналы техниканың соңғы табыстары бойынша жасалған, тамаша, шапшаң атқыш зеңбіректі береді екен—өлтіру мен қиратудың бұл құралдарын да ала бер, соғыстан қорқатын күйрек жылауықтарды тыңдама; жұмысшы табын азат ету үшін оттың, темірдің күшімен құртылуға *тиісті* нәрселер дүниеде әлі тым көп қалып отыр, сондықтан, егер бұқара арасында ашу мен ыза ұлғайып келе жатса, егер революциялық жағдай туған болса, жаңа ұйымдар құруға және өлтіру мен қиратудың сонша пайдалы болып отырған құралдарын *өзіңнің* үкіметіңе *қарсы, өзіңнің* буржуазияңа *қарсы жұмсауға* әзірлеп.

Сөз жоқ, бұл оңай емес. Бұл қиын әзірлік іс-әрекеттерді керек етеді. Бұл зор құрбандықтарды керек етеді. Бұл — ұйымдасу мен күресудің *жаңа* түрі, мұны да *үйрену керек,* ал ғылым қателерсіз, жеңілістерсіз қолға түсе қоймайды. Шабуылдың маневрлерге, марштарға немесе траншеяларда жатуға қатысы қандай болса, тап күресінің бұл түрінің де сайлауға қатынасуға сондай қатысы бар. Күрестің бұл түрі тарихта күн тәртібіне *өте сирек* қойылады,—оның есесіне мұның маңызы мен нәтижелері ондаған жылдарға кетеді. Күрестің күн тәртібіне оның *осындай* тәсілдерін қоюға болатын және қоюды керек қылатын *күндер* басқа тарихи замандардың талай *20 жылына* тең болады.

...К. Каутскийді К. Легинмен салыстырып қараңыз:

«Партия кішкентай болып тұрғанда,— деп жазады Каутский,— соғысқа қарсы наразылық атаулы насихат жағынан алып қарағанда ер жүректік іс есебінде әсер етті... орыс жолдастар мен серб жолдастардың ісін соңғы уақытта жалпы жұрт мойындады. Партия неғұрлым күшті бола берген сайын, оның шешімдерінің себептерінде насихаттық пікірлер практикалық нәтижелерді есепке алумен соғұрлым көбірек ұштасады, екі түрлі себептің екеуіне де тең мөлшерде баға беру соғұрлым қиынырақ бола береді, ал оның бер жағында осы екеуінің ешқайсысын да елеусіз қалдыруға болмайды. Сондықтан біз неғұрлым күшті бола берген сайын, әрбір жаңа, күрделі жағдай тұсында біздің арамыздағы алауыздықтар соғұрлым оңай туа береді» («Интернационалшылдық және соғыс», 30-бет).

Легиннің пайымдауларынан Каутскийдің бұл пайымдауларының жалғыз-ақ айырмашылығы — екіжүзділік пен қорқақтық. Шындығында, Каутский революциялық қызметтен Легиндердің арамдықпен безуін қолдап, ақтайды, бірақ мұны байқатпайды, айқын пікір айтпайды, тұспалмен құтылады, Легиндер жағына да, орыстардың революциялық істері жағына да бас изеумен тынады. Революционерлерге бұлайша қарауды біз, орыстар, тек либералдарда ғана кездестіруге әдеттеніп едік: либералдар қашан да болсын революционерлердің «ер жүректігін» мойындауға дайын тұрады, бірақ сонымен бірге олар өздерінің мейлінше оппортунистік тактикасынан әсте бас тартпайды. Өздерін құрметтейтін революционерлер Каутскийдің «алғыс айтуын» қабылдамайды, қайта мәселені бұлайша қоюды ашу-ызамен серпіп тастайды. Егер революциялық жағдай нақты бар болмаса, егер революциялық қимылдарды уағыздау міндетті болмаса, онда орыстар мен сербтердің істері *теріс* болғаны, онда олардың тактикасы дұрыс болмағаны. Легин мен Каутский сияқты сабаздар тым болмаса өздерінің пікірін білдіруде ер жүрек болсын, мұны тура айтсын.

Ал егер орыс және серб социалистерінің тактикасы «мойындауға» татырлық болса, онда «күшті» партиялардың, неміс және француз партияларының, т. т. *қарама-қарсы* тактикасын ақтау орынсыз, қылмыс. Әдейі көмескі айтылған «практикалық нәтижелер» деген сөздер арқылы, Каутский мынадай қарапайым ақиқатты *бүркемеледі:* үлкен және күшті партиялар үкімет тара-

пынан өз ұйымдарының таратылып жіберілуінен, өз кассаларының басып алынуынан, өз көсемдерінің тұтқынға алынуынан *қорыққты*. Мұның аты — Каутский социализмге опасыздық жасаушылықты революциялық тактиканың жағымсыз «практикалық нәтижелері» туралы пікірлермен ақтайды деген сөз. Бұл — марксизмді масқаралағандық емес пе?

Кредиттер берілуін жақтап 4 августа дауыс берген социал-демократ депутаттардың бірі Берлинде жұмысшылардың жиналысында: бізді тұтқынға алатын еді— депті деген қауесет бар. Ал жұмысшылар оған жауап ретінде: «ал бұдан нендей жаманшылық болар еді?» деп айқай салыпты.

Егер Германияның да, ***Францияның да*** жұмысшы бұқарасына революциялық пиғыл тудыруға және революциялық қимылдарды әзірлеу қажеттігі туралы пікірлерді білдіруге басқа *дабыл* жоқ болса, онда батыл сөз сөйлегені үшін депутаттың тұтқынға алынуы, әр түрлі елдер пролетарларының революциялық жұмыста *бірігуі* үшін жар салған үндеу ретінде, пайдалы роль атқарған болар еді. Мұндай бірігу *оңай емес:* сондықтан да дәл осы жоғарыда отырған, бүкіл саясатты көріп отырған депутаттардың *бастаманы өздеріне жүктеуі* бәрінен де гөрі міндетті еді.

Соғыс кезінде ғана емес, сөз жоқ, саяси жағдайдың қандай да болсын шиеленісуі тұсында да, бұқараның пәлендей революциялық қимылдары туралы айтпағанның өзінде, *нағыз еркін* буржуазиялық елдің үкіметі әрдайым жария ұйымдарды таратып жіберемін, кассаларды басып аламын, көсемдерді тұтқындаймын деп және сол сияқты басқа да «практикалық нәтижелермен» қорқытатын болады. Сонда қалай ету керек? Каутскийдің істеп отырғанындай, осыны сылтау етіп оппортунистерді ақтау керек пе? Бірақ бұлай ету — социал-демократиялық партиялардың национал-либералдық жұмысшы партияларына айналдырылуын дәріптеу деген сөз.

Социалист үшін бір-ақ қорытынды болуы мүмкін: «европалық» партиялардың таза жариялылығының, жалаң жариялылығының күні өтті және капитализмнің

империализмге дейінгі сатысының дамуы салдарынан ол буржуазиялық жұмысшы саясатының негізіне айналды. Оны құпия база жасаумен, құпия ұйым құрумен, құпия социал-демократиялық жұмысты ұйымдастырумен толықтыру қажет, соның өзінде бірде-бір жария позициядан айрылып қалмау керек. Мұны дәл *қалай* істеу керек—оны тәжірибе көрсетер, тек қана осы жолға түсуге құштарлық болса екен, мұның қажеттігін ұғынушылық болса екен. Мұның орындаларлық міндет екендігін 1912—1914 жылдары Россияның революцияшыл социал-демократтары көрсетіп берді. Сотта өзін өзгелерден жақсырақ ұстаған және патша өкіметі Сибирьге айдаған жұмысшы депутат Муранов *министрлікшіл* парламентаризмнен (Гендерсоннан, Самбадан, Вандервельдеден Зюдекум мен Шейдеманға дейін; бұлар да мейлінше «министрлікшіл» болып отыр, тек қана бұларды есік алдынан әрі өткізбейді!) басқа тағы да *құпия және революциялық* парламентаризм бар екендігін айқын көрсетті. Косовскийлер мен Потресовтар малайлардың «европалық» парламентаризміне сүйсіне берсін немесе сонымен келісе берсін,— біз Легиндердің, Каутскийлердің, Шейдемандардың *ондай* жариялылығы, *ондай* социал-демократиясы тек қана жиіркеніш тұғызатындығын жұмысшылардың құлағына құя беруден жалықпаймыз.

IX

Қорытынды жасалық.

II Интернационалдың күйреуі Европаның ресми социал-демократиялық партиялары көпшілігінің өз сенімдеріне және Штутгарт пен Базельдегі өздерінің салтанатты қарарларына сұмдық опасыздық жасағанынан бәрінен де гөрі айқынырақ көрінді. Бірақ оппортунизмнің толық жеңуі болып табылған, социал-демократиялық партиялардың национал-либералдық жұмысшы партияларына айналуы болып табылған осы күйреу— II Интернационалдың XIX ғасырдың аяғындағы және XX ғасырдың бас кезіндегі бүкіл тарихи заманының

нәтижесі ғана. Осы заманның —Батыс Европада буржуазиялық және ұлттық революциялардың аяқталуынан социалистік революциялардың басталуына көшу заманының — объективтік жағдайлары оппортунизмді туғызды және қоректендірді. Европаның бір елдерінде біз осы уақыттың ішінде жұмысшы қозғалысы мен социалистік қозғалыста — жалпы және тұтас алғанда — дәл оппортунизм бағытында жікке бөліну туып отырғандығын (Англия, Италия, Голландия, Болгария, Россия), екінші бір елдерінде нақ осы бағытта ағымдардың ұзақ та қажырлы күресі болып жатқандығын (Германия, Франция, Бельгия, Швеция, Швейцария) көріп отырмыз. Ұлы соғыс туғызған дағдарыс жамылтқыларды жұлып алды, шарттылықты сыпырып тастады, әлдеқашан пісіп жеткен жараның аузын ашты, сөйтіп оппортунизмді буржуазияның одақтасы ретіндегі нағыз шынайы рөлінде көрсетті. Бұл элементті жұмысшы партияларынан ұйымдық жағынан толық бөліп шығару қажет болды. Империалистік заман бір партияның ішінде революцияшыл пролетариаттың алдыңғы қатардағыларының және жұмысшы табының «өз» ұлтының «ұлы державалық» жағдайының пұрсаттылықтарынан там-тұмдап пайдаланатын, жартылай мещандық аристократиясының қатар өмір сүруіне көне алмайды. Оппортунизм —біртұтас, «шеткеріліктерден» аулақ партияның «заңды сарыны» деген ескі теория енді жұмысшыларды мейлінше алдаушылыққа және жұмысшы қозғалысына орасан зор кедергі жасаушылыққа айналып отыр. Жұмысшы бұқарасын бірден-ақ өзінен бездіретін ашық оппортунизм маркстік сөзсымақтар арқылы оппортунистік практиканы ақтайтын, толып жатқан софизмдер арқылы революциялық қимылдардың мезгілі жетпегендігін және басқаларды дәлелдемек болатын қақ орта теориясындай онша қорқынышты да, зиянды да емес. Осы теорияның аса көрнекті өкілі және сонымен бірге II Интернационалдың аса көрнекті беделдісі, Каутский, марксизмді масқаралау ісінде өзін нағыз екіжүзді және асқан шебер ретінде көрсетті. Немістің миллиондық партиясында Зюдекумдер мен Шейдемандар жанталаса жақтап отырған мұндай «беделдіден»

мейлінше жиреніп сырт айналмаған пәлендей бір адал, саналы, революцияшыл социал-демократтар қалған жоқ.

Бұрынғы басшы тобының, сірә, $^9/_{10}$ бөлігіне жуығы буржуазия жағына шығып кеткен пролетарлық бұқара шовинизмнің өршуі тұсында, соғыс жағдайлары мен әскери цензураның езгісі тұсында бытыраңқы және дәрменсіз болып шықты. Бірақ соғыс туғызған және барған сайын ұлғайып, барған сайын тереңдеп бара жатқан объективтік революциялық жағдай сөзсіз революциялық пиғылдарды туғызады, барлық таңдаулы және мейлінше саналы пролетарларды шынықтырып, көзін ашады. Артта қалған пролетарлық топтардан бірнеше айдың ішінде, кейде тіпті бірнеше аптаның ішінде, пролетариаттың революцияшыл авангардының соңынан ерген миллиондық армия өсіп шыққан 1905 жылдың бас кезіндегі Россияда «гапоншылдықпен»[208] байланысты болған өзгеріс сияқты, бұқараның пиғылында жедел өзгерістің болуы мүмкін екендігі былай тұрсын, қайта барған сайын ықтимал болып келеді. Қуатты революциялық қозғалыс *осы* соғыстан кейін іле-шала, осы соғыстың тұсында және т. с. жағдайда өрістей ме, жоқ па, оны білу мүмкін емес, бірақ қалай болғанда да *тек* осы бағытта жүргізілген жұмыс *қана* социалистік жұмыс деп аталуға лайық. Бұл жұмысты қорытатын және бағыттайтын ұран, пролетариаттың өз үкіметіне қарсы және өз буржуазиясына қарсы революциялық күресіне көмектескісі келгендердің бірігуіне, ұйымдасуына жәрдемдесетін ұран —азамат соғысы ұраны.

Россияда революцияшыл-социал-демократиялық пролетарлық элементтердің ұсақ буржуазиялық-оппортунистік элементтерден толық ажырасуын жұмысшы қозғалысының бүкіл тарихы әзірледі. Кімде-кім бұл тарихтан ат-тонын ала қашса және, «фракцияшылдыққа» қарсы даурығып, Россияда оппортунизмнің әр алуан түрлерімен көп жыл бойы күресудің нәтижесінде қалыптасқан пролетарлық партияның құрылуының шын процесін түсіну мүмкіндігінен өзін мақұрым етсе, ол адам жұмысшы қозғалысына ең нашар қызмет көрсетеді. Қазіргі соғысқа қатысып отырған барлық «ұлы»

державалардың ішінде тек жалғыз Россия ғана соңғы уақытта революцияны басынан кешірді: бұл революцияның буржуазиялық мазмұны, пролетариат шешуші роль атқарып отырғанда, жұмысшы қозғалысындағы буржуазиялық және пролетарлық ағымдардың жіктелісін туғызбай тұра алмады. Россия социал-демократиясы бұқаралық жұмысшы қозғалысымен байланысты ұйым ретінде (1883—1894 жылдардағы идеялық ағым түрінде ғана емес) өмір сүрген бүкіл жиырма жылға жуық (1894—1914) кезеңде пролетарлық-революциялық ағым мен ұсақ буржуазиялық-оппортунистік ағымның арасында күрес болып келді. 1894—1902 жылдардағы заманның «экономизмі», күмән жоқ, осы соңғы түрдегі ағым еді[209]. Оның идеологиясының толып жатқан дәлелдері мен белгілері — марксизмді «струвеше» бұрмалау, оппортунизмді ақтауда «бұқараға» сүйену, т. т. Каутскийдің, Куновтың, Плехановтың және басқаларының осы күнгі, өңі айналдырылған марксизміне керемет ұқсас. Ескі «Рабочая Мысль» мен «Рабочее Делоны»[210] қазіргі Каутскиймен қатар қойып, социал-демократияның қазіргі ұрпағының есіне салу өте-мөте игі міндет болар еді.

Келесі (1903—1908) кезеңдегі «меньшевизм» тек идея жағынан ғана емес, ұйымдық жағынан да «экономизмнің» тікелей мұрагері болды. Ол орыс революциясы кезінде пролетариаттың либерал буржуазияға тәуелділігін объективті түрде көрсететін және ұсақ буржуазиялық оппортунистік тенденцияларды білдіретін тактиканы жүргізді. Одан кейінгі кезеңде (1908—1914) меньшевиктік ағымның басты тасқыны жойымпаздықты туғызған кезде,— бұл ағымның осы таптық мәнінің айқын көрінгендігі сонша — меньшевизмнің таңдаулы өкілдері «Наша Заря» тобының саясатына үнемі қарсылық жасап отырды. Ал бұл топ,—жұмысшы табының революциялық-маркстік партиясына *қарсы* соңғы 5—6 жылдың ішінде бұқара арасында үздіксіз жұмыс жүргізіп келген осы бірден-бір топ,— 1914—1915 жылдардағы соғыста *социал-шовинистік* топ болып шықты! Және осының өзі самодержавие өмір сүріп отырған елде, буржуазиялық революция әлі әбден аяқталып болмаған

елде, халықтың 43 проценті «бұратана» ұлттардың көпшілігін езіп отырған елде болды. Ұсақ буржуазияның белгілі бір топтары, әсіресе интеллигенция және жұмысшы аристократиясының болымсыз бір бөлегі «өз» ұлтының «ұлы державалық» жағдайының пұрсаттылықтарын «пайдалана» алатын кездегі дамудың «европалық» типі Россияға да әсерін тигізбей қала алған жоқ.

«Интернационалистік» тактикаға, яғни шын революциялық және дәйекті революциялық тактикаға, Россияның жұмысшы табы мен социал-демократиялық жұмысшы партиясын олардың бүкіл тарихы әзірледі.

P. S. Бұл мақала теріліп те қойған кезде, Каутский мен Гаазенің Бернштейнмен ымы-жымы бір болып жазған «манифесі» газеттерде басылып шықты; олар бұқараның солшылданып бара жатқандығын көріп, енді солшылдармен «табысуға» дайын отыр,— мұны, әрине, Зюдекумдермен «татулықты» сақтау арқылы істеп отыр[211]. Шынында да, Mädchen für alle!

АҒЫЛШЫН ПАЦИФИЗМІ ЖӘНЕ ТЕОРИЯНЫ АҒЫЛШЫНША ҰНАТПАУШЫЛЫҚ

Европаның басқа елдеріне қарағанда, Англияда саяси бостандық осы уақытқа дейін әлдеқайда кеңірек болып келді. Мұнда буржуазия басқару ісіне бәрінен де гөрі көбірек дағдыланған және басқара да біледі. Басқа мемлекеттердегіге қарағанда, мұнда таптардың арасындағы қарым-қатынастар көбірек дамыған және көп жағынан алғанда айқынырақ. Міндетті әскери қызмет міндеткерлігінің жоқтығы әркімнің әскерге барудан бас тартуына ерікті болуы *мағынасында* халықты соғысқа көзқарас туралы мәселеде еркіндеу етеді, сондықтан да үкімет (Англияда үкімет дегеніміз буржуазия істерін басқаратын комитеттің тап-таза түрі) «халықтың» соғысқа деген ыптасын арттыру үшін барлық күш-жігерін салуға мәжбүр болып отыр; оның бер жағында заңдарды түбірімен бұзбайынша, жақсырақ жағдайдағы, маман, одақтарға ұйымдасқан жұмысшылардың азшылығы либералдық, яғни буржуазиялық саясат жағына ауып, пролетариат бұқарасы әбден ыдырап, азғындамайынша, бұл мақсатқа жету тіпті мүмкін болмас еді. Ағылшын тред-юниондары жалдама жұмысшылардың $^{1}/_{5}$ бөлігіне жуығын қамтиды. Бұл тред-юниондардың басшыларының көбі — либералдар, сондықтан Маркс оларды әлдеқашан буржуазияның агенттері деп атаған болатын.

Англияның осы ерекшеліктерінің бәрі, бір жағынан, бізге қазіргі социал-шовинизмнің мәнін оңай ұғуға жәрдемдеседі,— өйткені оның мәнінің өзі самодержавиелік және демократиялық, милитаристік елдерде, әскери міндеткерлік дегенді білмейтін елдерде *бірдей,*—

ал, екінші жағынан, олар бізге, фактілерге сүйене отырып, социал-шовинизммен ымыраға келушіліктің маңызын бағалауға жәрдемдеседі; бұл ымыраға келушілік, мәселен, бейбітшілік ұранын, т. с. дәріптеу түрінде көрініп отыр.

Оппортунизмнің және либералдық жұмысшы саясатының нағыз толық түрін біз, күмән жоқ, «Фабий қоғамынан» табамыз. Оқушы Маркс пен Энгельстің Зоргемен жазысқан хаттарын (орысша аудармасы екі рет басылып шыққан)[212] қарап көрсін. Оқушы одан бұл қоғамға Энгельстің берген тамаша сипаттамасын табады; онда Энгельс Сидней Вебб пен К⁰ мырзаларды жұмысшыларды аздырғысы келетін, оларға контрреволюциялық мағынада әсер еткісі келетін буржуазиялық алаяқтардың шайкасы деп масқаралайды. Екінші Интернационалдың аз да болса жауапты және беделді басшыларының бірде-біреуі Энгельстің бұл бағасын ешқашан да теріске шығаруға тырыспағаны былай тұрсын, қайта оның дұрыстығына тіпті күмән келтірмегеніне де кепілдік беруге болады.

Бір сәтке *теорияны* былай қоя тұрып, енді *фактілерді* салыстырып көріңіз. Сонда сіз фабийшылдардың (мәселен, олардың «The new Statesman»[213] деген апталығын қараңыз) және Каутскийді қоса алғанда неміс социал-демократиялық партиясының соғыс кезіндегі *әрекетінің мүлде бірдей* болғандығын көресіз. Социал-шовинизмді, тікелей де, жанамалап та, бәз-баяғы қорғау; мұндай қорғаушылықты бейбітшілік, қарусыздану, т. с. және т. т. туралы қандай да болсын қайырымды, адамгершілік және солшыл дерлік құрғақ сөздер айтуға әзір тұрушылықпен бәз-баяғы ұштастыру.

Факт осындай, ал бұдан шығатын сөзсіз және талассыз қорытынды, ол түрлі адамдарға қандай ұнамсыз болса да, мынадай: фабийшылдарды Энгельс әлдеқашан буржуазияның қандай агенттері деп атаған болса, Каутскийді қоса алғанда қазіргі неміс социал-демократиялық партиясының басшылары іс жүзінде буржуазияның дәл сондай агенттері. Фабийшылдардың марксизмді мойындамауы және оны Каутский мен К⁰-нің «мойындауы» істің мәнін, іс жүзіндегі саясатты титтей

де өзгерте алмайды, ол тек кейбір жазушылардың, саясатшылардың және басқалардың марксизмді струвизмге айналдырғанын ғана дәлелдейді. Олардың екіжүзділігі олардың жеке басының кемшілігі *емес*, кейбір жағдайларда олар аса қайырымды семья басы болуы да мүмкін,— олардың екіжүзділігі — олардың әлеуметтік жағдайындағы объективтік жалғандықтың нәтижесі, мұнда олар өздерін бейне бір революциялық пролетариаттың өкілдеріміз деп есептеді, ал іс жүзінде пролетариат арасына буржуазиялық, шовинистік идеяларды тарататын агенттер болды.

Каутский мен $К^0$-ге қарағанда, фабийшылдар шыншылырақ және адалырақ, өйткені олар революцияны жақтаймыз деп уәде берген жоқ, бірақ саяси жағынан алғанда екеуі *бір* нәрсе.

Англияда саяси бостандықтың «ежелден» келе жатқандығы және жалпы алғанда оның саяси өмірінің, әсіресе оның буржуазиясының дамығандығы арқасында буржуазиялық пікірлердің әр түрлі *сарындары* бұл елде жаңа саяси ұйымдардан өздерінің жаңа бейнесін тез, оңай, еркін тапты. Осындай ұйымдардың бірі «Демократиялық бақылау одағы» (Union of Democratic Control) болып табылады. Бұл ұйымның секретары және казначейі—Морель (E. D. Morel); ол қазір «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» орталық органы—«Labour Leader» газетінің де тұрақты қызметкері болып саналады. Бұл субъект Беркенхед (Birkenhead) округында бірнеше жыл бойы либералдық партияның кандидаты болып келген-ді. Соғыс басталысымен Морель оған *қарсы* пікір айтқаннан кейін, Беркенхед либералдық ассоциациясының комитеті 1914 жылы 2 октябрьде Морельге хат жазып, бұдан былай оның кандидатурасы либералдарға қолайсыз екенін хабарлады, яғни, турасын айтқанда, оны партиядан шығарды. Морель бұған 14 октябрьдегі хатымен жауап қайтарды, ол хатын кейін «The outbreak of the war» («Соғыс қалай бұрқ ете түсті») деген атпен жеке кітапша етіп шығарды. Бұл кітапшада, бірсыпыра басқа да мақалаларындағыдай, Морель соғыстың басталуына Бельгия бейтараптығының бұзылуы себеп болды, соғыстың мақсаты *Пруссия*

империализмін қирату деген және т. б., т. с. сылтаулардың жалғандығын дәлелдеп, *өз* үкіметін әшкереледі. Морель «Демократиялық бақылау одағының» программасын қорғайды; бұл программа бейбітшілікті, қарусыздандыруды, барлық облыстарға өз тағдыры туралы мәселені плебисцит бойынша шешуге ерік беруді және сыртқы саясатқа демократиялық бақылау жасауды жақтайтын еді.

Осылардың бәрінен мынаны көруге болады: Морель, жеке адам ретінде, демократизмге шынайы тілектестігі үшін, шовинистік буржуазиядан пацифистік буржуазияға бет бұрғандығы үшін, күмән жоқ, қадірлеуге тұратын кісі. Морель фактілер арқылы мынаны дәлелдейді: *оның* үкіметі, құпия шарттар іс жүзінде бола тұрса да, оларды жоқ деп мәлімдеп, халықты алдады;—ағылшын буржуазиясы 1887 жылдың өзінде-ақ герман-француз соғысы бола қалған күнде Бельгияның бейтараптығы бұзылмай қоймайтындығын әбден айқын мойындап, оған араласу пікірінен батыл бас тартты (ол кезде Германия әлі қауіпті бәсекелес емес еді!);—полковник Бушэ (Boucher) секілді француз милитаристері соғысқа дейінгі толып жатқан кітаптарында Франция мен Россияның Германияға қарсы *шабуылды* соғысы жөніндегі өздерінің жоспарларын мүлде ашық мойындады;—Англияның соғыс жөніндегі әйгілі беделді адамы полковник Репингтон Россияда 1905 жылдан кейін қарулanудың өсуін Германияға қауіп төндіру деп *1911 жылы* баспасөз жүзінде мойындады;—Морель осылардың бәрін дәлелдегенде, біз оның өз партиясынан қол үзуден тайынбайтын мейлінше адал әрі батыл буржуа екендігін мойындамай отыра алмаймыз.

Бірақ әйтсе де оның бейбітшілік пен қарусыздану туралы айтқан сөздері тек құрғақ сөз болып қала беретін буржуа екендігіне кім де болсын бірден келіседі, өйткені пролетариаттың революциялық қимылдарынсыз демократиялық бітім туралы да, қарусыздану туралы да сөз болуы мүмкін емес. Сөйтіп, осы соғыс туралы мәселе жөнінде қазір либералдармен ажырасып отырған Морель басқа барлық экономикалық және саяси мәселелер жөнінде либерал болып қала береді. Ал бей-

бітшілік пен қарусыздану туралы *нақ сол буржуазиялық жел сөздерді* Германияда Каутский бейне бір маркстілденген сөздермен бүркемелеп отырғанда мұны Каутскийдің екіжүзділігі деп білмей, оның елеулі еңбегі деп білудің себебі не? Германияда Каутскийдің программасымен бейбітшіліктің және қарусызданудың буржуазиялық лигасының Англиядағыдай жедел әрі оңай құрылуына Германиядағы саяси қатынастардың мешеулігі мен саяси бостандықтың жоқтығы ғана бөгет жасап отыр.

Каутский, революцияшыл социал-демократтың емес, пацифистік буржуаның позициясында тұр деген шындықты мойындамасқа не лаж бар.

Біз «бет-жүзге қарамай» шындықты мойындауға батылымыз барарлықтай мейлінше ұлы оқиғаларды бастан кешіріп отырмыз.

Абстракт теорияларды ұнатпайтын, өздерінің практицизмін мақтаныш ететін ағылшындар жиі саяси мәселелерді *тікелей* қояды, сонысымен басқа елдердің социалистеріне қандай да болсын (соның ішінде «маркстік») сөзуарлықтың *ішкі* астарындағы шын мазмұнды аңғаруға жәрдемдеседі. Бұл ретте шовинистік «Clarion» газеті соғысқа дейін бастырып шығарған «Социализм және соғыс»* деген кітапша сабақ бола алады. Кітапшада американ социалисі Эптон Синклердің (Upton Sinclair) соғысқа қарсы «манифесі» және Гайндманның империалистік көзқарасын көптен бері қолдаушы шовинист Роберт Блэчфордтың (Blatchford) оған қайтарған жауабы бар.

Синклер—теориялық білімі жоқ, сезімнің социалисі. Ол төніп келе жатқан соғысқа ызаланып, одан құтылудың жолын социализмнен іздеп, мәселені «қарапайым» қояды.

«Бізге,— деп жазады Синклер,— социалистік қозғалыс әлі тым әлсіз, біз эволюцияны күтуіміз керек деседі. Бірақ эволюция жұрттың жүрегінде болып жатыр ғой; біз — эволюцияның құралымыз, егер біз күреспесек, онда ешқандай эволюция болмайды. Бізге — біздің қозғалысымыз» (соғысқа қарсы қозға-

* «Socialism and war», «The Clarion Press», 44, Warship Street, London E. C.

лыс) «жаншылып тасталады деседі; бірақ мен асқан адамгершілік дәлелдермен соғысты болғызбауды мақсат еткен ызаланудың қандайын болса да басып-жаншудың өзі социализмнің қашаннан бергі қолы жеткен аса ұлы жеңісі болатындығына,— оның өзі цивилизацияның ар-намысын қозғап, бүкіл дүние жүзінің жұмысшыларын тарихта әлі еш нәрсе сілкіндірмегендей етіп сілкіндіретіндігіне,— өзімнің кәміл сенетіндігімді мәлімдеймін. Өзіміздің қозғалысымыз жөнінде тым қорқа бермелік, күштің саны мен сыртқы көріністеріне онша көп мән бермелік. Сақтыққа, әдептілікке (байсалдылыққа) салынған миллион адамнан албырт сенімі бар және батыл мың адам күштірек. Ал социалистік қозғалысқа қалыптасқан мекемеге айналу қаупінен асқан қауіп жоқ».

Көрдіңіз бе, бұл — аңқаулық, теориялық жағынан ойластырылмаған, бірақ социализмнің қадірін кетірушіліктен өте дұрыс сақтандыру және революциялық күреске шақыру.

Синклерге Блэчфорд не деп жауап қайтарды екен?

Соғысты капиталистік және милитаристік мүдделер туғызады, мұның бәрі дұрыс,— дейді ол. Бейбітшілікке және капитализмді социализмнің жеңуіне мен де қандай социалистен болса да кем ұмтылмаймын. Бірақ «көркем, сұлу сөздермен» Синклер мені сендіре алмайды, фактілерді жоя алмайды. «Досым Синклер, фактілерге қарсы дәлел айту қиын, ал герман қаупі—факт». Бізде де, неміс социалистерінде де соғысты болғызбайтын күш жоқ. Синклер біздің күштерімізді шектен тыс асыра бағалап отыр. Біз бірікпегенбіз, бізде ақша да, қару да, «тәртіп те» жоқ. Бізге тек британ үкіметінің өз флотын көбейтуіне *көмектесу* ғана қалады, өйткені бейбітшіліктің басқа кепілдігі жоқ және болуы да мүмкін емес.

Соғысқа дейін де, соғыстан кейін де шовинистер континенттік Европада өз пікірін дәл осылай ашық айтқан емес еді. Германияда пікірді ашық айтудың орнына Каутскийдің екіжүзділігі және софизмге салыну үстем болып отыр, Плеханов та сол сияқты. Дәл сондықтан да неғұрлым дамыған елдегі қатынастарға көз жіберген абзал. Мұнда софистікпен және марксизмді келемежге айналдырушылықпен ешкімді алдай алмайсың. Мәселелер тікелей және дұрысырақ қойылған. «Алдыңғы қатардағы» ағылшындардан үйренелік.

Ұранының өзі негізінде өте дұрыс бола тұрса да, Синклер өзінің ұранымен аңқаулық жасап отыр,— аңқау, өйткені бұқаралық социализмнің жарты ғасыр бойы дамуын, ондағы ағымдар күресін елемейді, объективтік-революциялық жағдай мен революциялық ұйым болып отырғанда революциялық қимылдардың өсу шарттарын елемейді. Оны «сезіммен» ауыстыра алмайсың. Социализмдегі күшті ағымдардың, оппортунистік және революциялық ағымдардың, қатал да аяусыз күресінен ділмарлықпен құтыла алмайсың.

Блэчфорд турасын айтады және шындықты айтудан қорқатын каутскийшілдер мен $К^0$-нің құпия сырларын айтып қояды. Біз әлі әлсізбіз — бар айтатыным осы,— дейді Блэчфорд. Бірақ ол өзінің оппортунизмін, өзінің шовинизмін туралығымен бірден әшкерелеп, аша түседі. Оның буржуазия мен оппортунистерге қызмет ететіні — бірден көрініп тұр. Социализмнің *«әлсіздігін»* мойындаған ол антисоциалистік, буржуазиялық, саясатты уағыздау арқылы социализмді *өзі әлсіретеді.*

Синклер сияқты, бірақ керісінше, күрескер емес, қорқақ есебінде, «көзсіз-батыл» емес, опасыз есебінде, революциялық жағдай жасау шарттарын ол да елемейді.

Бірақ өзінің практикалық қорытындылары жөнінен, өзінің саясаты жөнінен (революциялық қимылдардан, оларды насихаттап, дайындаудан бас тарту) тұрпайы шовинист Блэчфорд Плехановпен және Каутскиймен *әбден* үйлесіп жатыр.

Бұл күндері марксистік сөздер марксизмнен мүлдем безудің бүркеншігіне айналды; марксист болу үшін Екінші Интернационал көсемдерінің «марксистік екіжүзділігін» әшкерелеу керек, социализмдегі екі ағымның күресіне тайсалмай қарау керек, бұл күрестің мәселелерін ақырына дейін ойластыру керек. Бізге істің *маркстік* мәнін марксистік *сөздерсіз* көрсететін ағылшын қатынастарынан шығатын қорытынды осындай.

1915 ж. июньде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. 27 июльде «Правда» газетінің 169-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РЕАКЦИЯҒА МАЛАЙЛЫҚ ЕТУДІ ДЕМОКРАТИЯНЫ ТӘЛКЕК ЕТУМЕН ҚАЛАЙ ҰШТАСТЫРАДЫ?

«Россия соғыстан не күтеді» деген кадеттік жинақ (Петроград, 1915) либерал интеллигенцияның саясатымен танысу үшін өте пайдалы басылым болып табылады. Біздің кадеттер мен либералдардың қандай шовинистерге айналғандығы әбден мәлім; біздің журналымыздың[214] осы кітапшасында бұл мәселеге ерекше мақала арналып отыр. Бірақ аталған жинақтағы әр түрлі кадеттердің соғысқа байланысты әр түрлі тақырыптарға арналған шығармаларының жинақталуы тек конституциялық-демократиялық партияның ғана емес, сонымен бірге жалпы либерал интеллигенцияның да қазіргі империалистік саясаттағы ролін өте-мөте айқын көрсетеді.

Мұндай интеллигенция мен осы партияның ерекше қызметі — реакция мен империализмді әр түрлі демократиялық сөздермен, сендірулермен, софизмдермен, жалтарулармен бүркемелеу. Жинақтағы «Россияның территориялық олжалары» деген негізгі мақала конституцияшыл-демократтардың көсемі Милюков мырзаныкі. Онда Россия тарапынан болып жатқан қазіргі соғыстың *мәнісі:* Галицияны басып алуға, Австрия мен Германиядан Польшаның бір бөлегін, Түркиядан Константинопольді, бұғаздарды, Арменияны тартып алуға тырысу екенін айтпауға болмайтын еді. Демократиялық тұрғыдан бүркемелеу үшін «славяншылдық» туралы, «аз халықтардың» мүдделері туралы, «европалық бейбітшілікке» Германия тарапынан төніп отырған «қауіп» туралы сөздер айтылады. Тек мүлде жол-жөнекей,

байқаусызда дерлік, бір ауыз сөзбен ғана Милюков мырза мынадай шындықты айтып салады:

«Шығыс Галицияны қайта қосып алуға орыс саяси партияларының бірі көптен бері тырысып келеді; бұл партия Галициядағы «москвофильдер» деп аталатын саяси партиялардың бірінен қолдау тапты» (49). Міне дәл солай! «Орыс партияларының бірі» дегені — нағыз реакцияшыл партия, Пуришкевичтер мен К°, патша өкіметі басқарып отырған крепостниктер партиясы. Бұл «партия» — патша өкіметі, Пуришкевичтер, т. т.— «москвофильдерді» парамен сатып алуға миллиондаған сом қаржыны аямай, «қайта қосу» жөніндегі ұлы мақсат үшін қандай қылмыс жасаудан болса да тартынбай, Галицияда да, Арменияда да және басқаларында да көптен бері тіміскі жанжал шығарып келеді. Соғыс — *осы* партияның «саясатының жалғасы». Соғыстың келтірген пайдасы сол — ол шарттылық атаулыны лақтырып тастады, бүркеніштердің бәрін сыпырып алды, халыққа толық шындықты айқын көрсетіп берді: патшалық монархияның сақталуы — миллиондаған өмірді (және миллиардтаған сом халық қаржысын) бөтен халықтарды кіріптар ету үшін құрбан ету қажет деген сөз. Конституцияшыл-демократтар партиясы іс жүзінде дәл осы саясатты қолдады, дәл осы саясатқа қызмет етті.

Бұл шындық өзін қайырымды, бостандық сүйгіш, демократпын деп санайтын және өзін Пуришкевичтердің малайы дегенге «жала» деп қатты қынжылатын либерал интеллигентке ұнамайды. Бірақ соғыс бұл «жаланың» нағыз айқын ақиқат екенін көрсетті.

Жинақтың басқа мақалаларына назар салыңыз:

«...Халықаралық саясат тек әділеттік негізге сүйенгенде ғана біздің болашағымыз бақытты әрі жарқын бола алады. Өмірге, оның бағалылығына сену сонымен бірге бейбітшіліктің салтанат құруы болады» (215)... «Орыс әйелі, ал онымен бірге бүкіл ойлай білетін адамзат»... мынаған сенеді: «соғысып жатқан мемлекеттердің бәрі бітім жасаған кезде... дереу шартқа да қол қояды; бұл шарт бойынша бұдан былай халықаралық түсініспеушіліктердің бәрі»... (асыл сөз деп, міне, осыны айт! мұның өзі тек мемлекеттер арасындағы «түсініспеушіліктен» басқа ештеңе емес екен!)... «аралық біреудің тексеруімен шешілуге тиіс» (216)...

«Орыс әйелі—халық өкілі—халық арасында христиандық сүйіспеншілік пен халықтар туысқандығы идеясын таратады» (216)... (осы арадан цензура тағы да бір жарым жолды түгелдей алып тастапты, шамасы, бостандық, теңдік, туысқандық... тәрізді өте-мөте ерекше «адамгершіл» сөздер болар...)... «Кімдо-кім осы сөздерді жазушыны ұлтшыл деп бәрінен де гөрі аз күдіктенуге болатындығын білсе, ол адамды бұл арада қозғалған пікірлердің қандай да болсын ұлттық ерекшелікке мейлінше жанаспайтындығына сендіріп жатудың қажеті жоқ» (83)... «Қазіргі соғыстарда қанша бағалы болса да отарлардан айрылу немесе басқа халықтарды азат етуде сәтсіздікке ұшырау қаупі емес, мемлекеттің өзінің құлау қаупі төнетіндігін біз тек енді ғана түсініп, айқын сезе бастадық...» (147).

Оқыңыз да *мұның қалай жасалатындығын* түсініңіз! Демократияшылсымақ партияның саясатты қалай жүргізетінін, яғни *бұқараны* өзінің соңынан қалай ертетінін үйреніңіз!

Пуришкевичтердің табына қызмет ету үшін тарихтың шешуші кезеңдерінде (осы таптың мақсатын соғыс арқылы жүзеге асыру кезеңдерінде) оған жәрдемдесу керек немесе *«соғысқа қарсылық жасамау керек»*. Ал сонымен бірге «халықты», «бұқараны», «демократияны»: әділдік, бейбітшілік, ұлт азаттығы, халықаралық дау-жанжалдарды аралық біреудің тексеруімен шешу, халықтардың туысқандығы, бостандық, реформалар, демократия, жалпыға бірдей сайлау правосы және басқалары сияқты жақсы сөздермен *жұбату* керек. Және де «бізді» «ұлтшыл деп бәрінен де гөрі аз күдіктенуге болады», «біздің» идеяларымыз «қандай да болсын ұлттық ерекшелікке мейлінше жанаспайды», біз тек «мемлекеттің құлауына» қарсы күресеміз деп өзіңді өзің кеудеге ұрып, қарғанып, ант-су ішу керек!

Міне бұл «осылай жасалады».

Либерал интеллигенттер саясатты міне осылай жүргізеді...

Либерал жұмысшы саясатшылары да, тек басқа ортада және сәл өзгертілген формада, істі асылында дәл осылай жүргізеді: алдымен «Наша Заря» халық пен пролетариатты «соғысқа қарсылық жасамауға» үйретеді; содан соң «Наше Дело» Потресов пен К° мырзалардың (№ 2, 19-бет) және Плехановтың (№ 2, 103-бет) көзқарастарына қосылады, Аксельродтың осы тәріздес

пікірлерін ешбір ескертусіз қайта басып шығарады (№ 2, 107—110-беттер); содан соң «Наше Слово» мен «Известия ОК»-да Семковский «құлауға» қарсы күреседі; ақырында, Чхеидзе фракциясы және Ұйымдастыру комитеті мен Бунд «жікке бөлінуге» («Наше Дело» тобымен жікке бөлінуге) барынша қарсы шығады. Осылардың бәрі де жұмысшылардың туысқандығын, бейбітшілікті, интернационализмді, нені болса да жақтайды, неге болса да қол қоя салады, «ұлтшылдықтан» миллион рет безеді,— ол үшін бір «кішкене» шарт керек: жұмысшыларды журнал мен газетте оппортунизмге, ұлтшылдыққа, соғысқа қарсылық жасамауға үйреткен және үйретіп отырған орыстың бірден-бір нақты (бүкіл осы сыбайлас топтағы) саяси тобымен «бірлікті» бұзбаса болғаны.

Міне бұл «осылай жасалады».

1915 ж. июньде жазылған

Бірінші рет 1925 ж. «На Ленинском Пути» журналында («Спутник Коммуниста» журналының арнаулы номері) басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

НЕМІС ОППОРТУНИЗМІНІҢ СОҒЫС ТУРАЛЫ БАСТЫ ЕҢБЕГІ

Эдуард Давидтің: «Социал-демократия бүкіл дүние жүзілік соғыста» (Берлин, «Vorwärts» баспасы, 1915) деген кітабы ресми герман социал-демократиялық партиясының қазіргі соғыстағы тактикасына қатысты фактілер мен дәлелдердің жақсы жиынтығы болып табылады. Оппортунистердің және жалпы неміс социал-демократиясының әдебиетін қадағалап жүрген кісілер үшін кітапта ешқандай жаңалық жоқ. Бірақ, солай бола тұрса да, кітап тек анықтама ретінде ғана емес, басқа жағынан да өте пайдалы. Неміс социал-демократиясының бүкіл дүние жүзілік-тарихи күйреуіне дұрыстап ой жібергісі келген кісіге, социал-демократияның алдыңғы қатарлы партиясынан «кенеттен» (кенеттен тәрізді) неміс буржуазиясы мен юнкерлері малайларының партиясы қалай және неге пайда болғанын шынымен түсінгісі келген кісіге, сол күйреуді ақтауға және бүркемелеуге қызмет ететін әйгілі софизмдердің мәнін көңіл қойып білгісі келген кісіге,— ондай кісіге Э. Давидтің жалықтырып жіберетін кітабы жалықтырарлық болып көрінбейді. Асылында, Давидте либерал жұмысшы саясатшысына тән белгілі бір көзқарастар тұтастығы мен сенімділік бар, ал бұл, мәселен, екіжүзді және «мұрнын желдің ыңғайына қарай» ұстайтын Каутскийде мүлде жоқ.

Давид— нағыз барып тұрған оппортунист, немістік «Наше Дело»—«Социалистік Әрайлықтың» байырғы

қызметкері, социализм мен марксизмнің журналы да жоқ аграрлық мәселе жөніндегі қалың кітаптың авторы[215]. Бүкіл өмірі жұмысшы қозғалысын буржуазиялық жолмен аздыруға арналған осындай субъектінің партияның көптеген, дәл соншалықты оппортунист *көсемдерінің* біріне айналуы, неміс социал-демократиясының парламенттік фракциясының депутаты және тіпті оның басқармасының («форштанд») мүшесі болуы, осының өзі-ақ, герман социал-демократиясындағы іріп-шіру процесінің ертеден-ақ, терең және күшті болып келе жатқандығы туралы елеулі ой туғызады.

Давид кітабының ешқандай да ғылыми маңызы жоқ, өйткені автор мәселені,—атап айтқанда: осы заманғы қоғамның басты таптары соғысқа өздерінің қазіргі көзқарасын ондаған жылдар бойы *пәлендей бір* таптық мүдделерге негізделген *пәлендей бір* саясат арқылы қалай дайындап, өрістетіп, қалыптастырды деген мәселені тіпті қоя алмайды немесе қойғысы келмейді. Мұндай зерттеусіз соғысқа маркстік көзқарас туралы сөз қозғауға да болмайтыны және тек осындай зерттеу ғана әр түрлі таптардың соғыс жөніндегі *идеологиясын* талдауға негіз бола алатыны жөніндегі ойдың өзі Давидке мүлдем жат. Давид — либералдық жұмысшы саясатының *адвокаты;* ол өзінің бүкіл баяндауы мен барлық дәлелдерін *жұмысшы* аудиториясына ықпал жасауға, өз позициясының осал пункттерін одан жасыруға, либералдық тактиканы жұмысшыларға қабылдатуға, пролетарлық-революциялық инстинкттерді «батыс мемлекеттердегі социалистер тактикасының» (Давид кітабының VII тарауының аты) толып жатқан беделді үлгілерімен тұншықтыруға, т. т. және т. с. бейімдейді.

Сондықтан Давид кітабындағы бүкіл идеялық мүдде *жұмысшыларға ықпал жасау үшін* буржуазия олармен қалай сөйлесуге *тиіс* дегенді талдауға саяды. Осы (бірден-бір дұрыс) тұрғыдан қарағанда Э. Давидтің идеялық позициясының мәнісі оның өзінің мына қағидасына келіп тіреледі: «біздің дауыс беруіміздің маңызы» (соғыс кредиті үшін дауыс берудің) = *«соғыс үшін емес, жеңілуге қарсы»* (3-бет, кітаптың мазмұны және толып жатқан жеке жерлері). Бұл — Давидтің бүкіл кітабы-

ның арқауы. Германияның ұлттық соғыстарына Маркстің, Энгельстің, Лассальдың қалай қарағаны туралы мысалдар да (II тарау), «үш жақты келісім державаларының орасан зор жаулап алушылық саясаты» туралы мәліметтер де (IV тарау), соғыс қарсаңында ресми түрде алысылған кісі күлерліктей болмашы, дәл сондай кісі күлерліктей маңызсыз телеграммаларға негізделіп, Германияны ақтауға апарып соққан соғыстың дипломатиялық тарихы да (V тарау), т. т. осыған «үйлестірілген». «Қауіп мөлшерлері» деген ерекше тарауда (VI) үш жақты келісім күштерінің басымдығы туралы, патша өкіметінің реакцияшылдығы және басқалар туралы пікірлер мен мәліметтер келтіріледі. Давид, әлбетте, толығымен *бейбітшілік* жағында. Автор өзінің кітабына 1915 жылы 1 майда жазылған алғы сөзін «Жер бетінде бейбітшілік болсын!» деген ұранмен аяқтайды. Давид, әлбетте, интернационалист: неміс социал-демократиясы, байқайсыз ба, «Интернационал рухына опасыздық жасаған жоқ» (8), ол «халықтар арасындағы өшпенділіктің улы егісіне қарсы күресті» (8), «ол соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ өз елінің қауіпсіздігіне жетісімен бітім жасауға принциптік жағынан дайын екендігін мәлімдеді» (8).

Давидтің кітабы мынаны өте-мөте айқын көрсетеді: жұмысшыларға және жалпы алғанда бұқараға ықпал жасау үшін либерал буржуа (және олардың жұмысшы қозғалысындағы агенттері, яғни оппортунистер) өздерінің интернационализмі, бейбітшілік ұранын қабылдайтындығы, соғыстың жаулап алушылық мақсаттарынан безетіндігі, шовинизмді айыптайтындығы, т. б., т. с. жөнінде қанша рет болса да сендіре беруге дайын. Өз үкіметіне қарсы революциялық қимыл жасаудан *басқаның* бәрі бола берсін; тек «жеңілуге қарсы болса» бәрі де бола берсін. Шынында да, бұл идеология, математика тілімен айтқанда, жұмысшыларды ақымақ қылуға нақ *қажет және жетіп те жатыр:* жұмысшыларға бұдан кемді ұсынуға болмайды, өйткені бұқараға әділетті бітім жасау жөнінде уәде бермейінше, оны шапқыншылықтың болуы қаупімен қорқытпайынша, интернационализмге адал болуға ант-су ішпейінше, бұқараны со-

ңынан ертуге болмайды; бұдан артықты ұсынуға *болмайды,* өйткені бұдан артығын—яғни отарларды басып алуды, бөтен жерлерді аннексиялауды, жеңілген елдерді тонауды, тиімді сауда шарттарын жасауды, т. с.— тікелей либерал буржуазия *емес,* империалистік-милитаристік, әскери-үкіметтік топ соғыстан *кейін* жүзеге асырады.

Рольдер дұрыс бөлінген: үкімет пен әскери топ соғысты миллиардерлерге, бүкіл «іскер» буржуазияға сүйене отырып жүргізеді,— ал либералдар соғыстың ұлттық-қорғаныстық идеологиясымен, демократиялық бітім жөніндегі уәделермен, т. т. бұқараны алдарқатып, ақымақ етеді. Либерал, қайырымды, пацифист буржуаның идеологиясы — Э. Давидтің де идеологиясы, сондай-ақ ол жеңілу керек екендігіне қарсы, Россияның құлауына қарсы, бейбітшілік ұраны, т. с. үшін күресуші Ұйымдастыру комитетіндегі орыс оппортунистерінің де идеологиясы.

Соғысқа қатысуды ақтаудың *барлық* түрлерімен батыл ажырасу басталған жерде ғана, соғыс кезінде және соғыс қиыншылықтарын пайдалана отырып, өз үкіметіне қарсы революциялық қимылдарды насихаттап, дайындау саясаты *іс жүзінде* жүргізіліп жатқан жерде ғана либералдық емес, басқа, принциптік тактика қолданыла бастайды. Давид осы шекке, буржуазиялық және пролетарлық саясат арасындағы нағыз шекке *жақындап келеді,* бірақ қолайсыз тақырыпты бүркеп қоя салу үшін ғана жақындап келеді. Ол Базель манифесін бірнеше рет еске алады, бірақ оның революциялық тұстарының бәріне әдейі соқпай кетеді, ол Базельде Вальянның «әскери стачкаға және әлеуметтік революцияға» (119-бет) қалай шақырғанын еске алады, бірақ оны Базель конгресінің қарарынан цитат келтіріп, қарардың өзінің революциялық нұсқауларын талдау үшін емес, шовинист Вальянды мысалға алып, тек өзін өзі *қорғау* үшін ғана еске алады.

Давид біздің Орталық Комитет манифесінің едәуір үлкен бөлегін, соның ішінде оның басты ұранын— империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұранын көшіріп басады, бірақ оны осы, «орыстық», так-

тиканы «ақылсыздық» және «Интернационалдың шешімдерін өрескел бұрмалағандық» (169, 172) деп жариялау үшін ғана істейді. Мұның өзі, байқайсыздар ма, эрвеизм екен (176-бет): Эрвенің кітабында «Лениннің, Люксембургтің, Радектің, Паннекуктің, т. т. бүкіл теориясы бар» екен. Сүйікті Давид-ау, Базель қарарының және «Коммунистік Манифестің» революциялық тұстарында «эрвеизм» жоқ па екен? Біздің журналдың «Коммунистік Манифесті» еске салатын аты Семковскийге қандай қолайсыз болса, «Коммунистік Манифесті» еске түсіру Давыдке де сондай қолайсыз. «Жұмысшылардың отаны жоқ», «Коммунистік Манифестің» осы қағидасы, Давидтің пікірінше, «әлдеқашан бекерге шығарылған» (176 және басқа беттер). Ұлт туралы мәселе жөнінде Давид тұтас бір қорытынды тарауда, «жіктелудің биологиялық заңы» (!!) туралы нағыз оңбаған буржуазиялық былшылды, т. с. алға тартады.

Интернационалдық дегеніміз ұлтқа қарсы деген сөз емес, біз ұлттардың өзін өзі қалыптастыру правосын жақтаймыз, біз әлсіз ұлттарға зорлық корсетуге қарсымыз— деп сендірмек болады Давид; ол империалистік соғысқа қатысуды ақтаудың өзі, бұл соғыста «жеңілуге қарсы» ұран көтерудің өзі тек антисоциалистік саясатшы ғана емес, сонымен бірге ұлтқа қарсы саясатшы болу деген сөз екендігін түсінбейді (немесе, дұрысырақ айтқанда, ол мұны түсінбегенсиді). Өйткені қазіргі империалистік соғыс—ұлы державалық (=толып жатқан басқа ұлттарды езуші) халықтардың жаңа ұлттарды езу *үшін* жүргізетін соғысы. Социалистік саясатшы болмай тұрып, яғни езілген ұлттардың азат етілу, олардың езуші ұлы державалардан бөлініп шығу правосын мойындамай тұрып, империалистік соғыста «ұлттық» болуға болмайды. Империализм заманында ұлы державалық ұлттар пролетариатының ұлттық шеңберден шығатын, сол шеңберді қирататын, интернационалдық буржуазияны құлататын революциялық қимылынан басқа жолмен дүние жүзі ұлттары *көпшілігінің құтқарылуы* мүмкін емес. Мұндай құлату болмайынша ұлы державалық ұлттар қала береді, *яғни* бүкіл дүние жүзі ұлттарының оннан тоғызының езілуі қала береді. Ал мұндай

құлату ұлттық *қоршаулардың* бәрінің және қандайының болса да жойылуын орасан зор мөлшерде тездете түседі, мұнымен рухани өмірдің және идеялық ағымдардың, талпыныстардың, сарындардың көптігі мен алуан түрлілігі жағынан адамзаттың «жіктелуі» кемімейді, қайта миллион есе көбейе түседі.

1915 ж. июнь—июльде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. 27 июльде «Правда» газетінің 169-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОЛШЫЛ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ БІРІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНФЕРЕНЦИЯҒА АРНАҒАН ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ[216]

Қазіргі соғысты империализм туғызды. Капитализм осы анағұрлым жоғары сатысына жетіп отыр. Қоғамның өндіргіш күштері мен капиталдың мөлшері жекелеген ұлттық мемлекеттердің тар шеңберінен асып кетті. Ұлы державалардың шикізат көздері мен капитал шығаратын жерлер ретінде өзге ұлттарды құлдыққа салуға, отарларды басып алуға ұмтылуы осыдан келіп шықты. Бүкіл дүние жүзі бір шаруашылық организм болып қосылып кетті, бүкіл дүние жүзі ат төбеліндей ұлы державалардың арасында бөліске түсті. Социализмнің объективтік шарттары әбден пісіп жетілді, ал қазіргі соғыс — капиталистердің пұрсаттылықтар үшін және капитализмнің күйреуін кешеуілдете тұратын монополиялар үшін жүргізіп жатқан соғысы.

Еңбекті капиталдың езгісінен азат етуге ұмтыла отырып, жұмысшылардың бүкіл дүние жүзілік бауырластығын қорғай отырып, социалистер езгі атаулыға және ұлттардың тең праволы болмауына қарсы күресуде. Буржуазия прогресшіл болған заманда, феодализмді, абсолютизмді құлату, бөтен ұлттардың езгісін жою мәселесі тарихи күн тәртібіне қойылған заманда әрқашан ең дәйекті және ең батыл демократтар болған социалистер «отан қорғау» дегенді осы мағынада, тек осы мағынада ғана түсінді. Және қазіргі уақытта да, егер Европаның шығысында немесе отарларда езілген ұлттардың оларды езушілерге, ұлы державаларға, қарсы

соғысы тұтана қалған болса, социалистердің тілектестігі бүтіндей езілгендер жағында болар еді.

Бірақ қазіргі соғыс буржуазия прогресшіл болудан қалып, реакцияшыл болып алған мүлдем басқа тарихи заманда туып отыр. Соғысып жатқан державалардың екі тобы тарапынан да бұл соғыс — құл иеленушілердің құлдықты сақтап қалып, нығайта түсу үшін: отарларды қайтадан бөліске салу үшін, өзге ұлттарды езуге «право» алу үшін, ұлы державалық капиталдың пұрсаттылықтары мен монополиялары үшін, әр түрлі елдердің жұмысшыларын жікке бөлу және оларды реакциялық жолмен басып-жаншу арқылы жалдама құлдықты мәңгілік ету үшін жүргізіліп жатқан соғыс. Сондықтан соғысып жатқан екі топ тарапынан да «отан қорғау» туралы айтылып жүрген сөздер буржуазияның халықты алдауы болып табылады. Қандай да болсын бір топтың жеңіске жетуі де, status quo*-ға қайта оралу да дүние жүзі ұлттары көпшілігінің бостандығын оларды ат төбеліндей ұлы державалардың империалистік езгіге салуынан қорғай да алмайды, жұмысшы табының тіпті қазіргі жұпыны мәдени жеңістерін қамтамасыз ете де алмайды. Біршама бейбіт капитализм заманы біржолата келмеске кетті. Империализм жұмысшы табын тап күресінің, жоқшылықтың, жұмыссыздықтың, қымбатшылықтың, трестердің, милитаризмнің езгісінің бұрын-соңды болып көрмеген шиеленісіне, барлық елдерде, тіпті ең ерікті деген елдерде де, бас көтере бастаған саяси реакцияға ұрындырады.

Осы соғыстағы «отан қорғау» ұранының шын мағынасы — «өзіңнің» ұлттық буржуазияңның өзге ұлттарды езу «правосын» қорғау деген сөз, национал-либералдық жұмысшы саясатын жүргізу деген сөз, пролетарларға және қаналушылар бұқарасына қарсы пұрсатты жағдайдағы жұмысшылардың болмашы бөлегінің «өзінің» ұлттық буржуазиясымен одақ жасасуы деген сөз. Мұндай саясатты жүргізуші социалистер іс жүзінде шовинистер, социал-шовинистер болып табылады. Соғыс кре-

---

* — бұрынғы жағдайға. *Ред.*

диттеріне дауыс беру, министрлікке кіру, Burgfrieden*
саясаты, т. с. дегеніміз социализмге опасыздық жасау
деген сөз. Өтіп кеткен «бейбіт» заман жағдайында тамыр жайған оппортунизм енді социализмнен толық қол үзуге дейін пісіп жетілді, сөйтіп пролетариаттың азаттық қозғалысының тікелей жауы болып алды. Ашық оппортунизм мен социал-шовинизмге (Францияның, Германияның, Австрияның социал-демократиялық партияларының көпшілігі, Англияда Гайндман, фабийшылдар және тред-юнионшылдар, Россияда Рубанович, Плеханов және «Наша Заря», т. т.) қарсы, сондай-ақ марксизм позициясын шовинистерге беріп қойған «центр» деп аталатынға қарсы барынша батыл күрес жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи мақсаттарына жете алмайды.

Қазір ұлы державалар арасында басталып отырған нақ осындай соғысты алдын ала болжап, бүкіл дүние жүзінің социалистері бірауыздан қабылдаған 1912 жылғы Базель манифесі бұл соғыстың империалистік, реакциялық сипатын айқын таныды, бір ел жұмысшыларының екінші ел жұмысшыларына оқ атуын қылмыс деп есептейтіндігін мәлімдеді, сөйтіп нақ осы соғысқа байланысты *пролетарлық революцияның* жақындап келе жатқандығын жариялады. Шынында да, соғыс революциялық жағдай жасайды, бұқара арасында революциялық пиғылдар мен наразылықтар туғызады, оппортунизмнің апатқа ұшырататындығын қай жерде болса да пролетариаттың таңдаулы бөлегінің сапасына сіңіреді және оппортунизмге қарсы күресті өршіте түседі. Еңбекшілер бұқарасы арасында бейбітшілікке деген ниеттің өсе түсуі олардың түңілгендігін, отан қорғау туралы буржуазиялық өтіріктің күйрегендігін, бұқараның революциялық сапасының ояна бастағандығын білдіреді. Бұл пиғылды өздерінің революциялық үгіті үшін пайдаланатын, өздерінің революциялық үгітінде «өз» отанының жеңіліске ұшырауы туралы ойлаудан қорықпайтын социалистер қазіргі үкіметтерді революциялық жолмен құлатпайынша азды-көпті берік, ұлттарды езу-

* — азаматтық татулық. *Ред.*

ге жол бермейтін демократиялық бітімнің, қарусыздануының, т. с. тез арада жүзеге асуы мүмкін деген үмітпен халықты алдамайды. Тек пролетариаттың әлеуметтік революциясы ғана бейбітшілікке және ұлттардың бостандығына жол ашады.

Империалистік соғыс әлеуметтік революция дәуірін бастап береді. Ең жаңа заманның барлық объективтік жағдайлары пролетариаттың революциялық бұқаралық күресін күн тәртібіне қойып отыр. Социалистердің борышы — жұмысшы табының жария күресінің бірде-бір құралынан бас тартпай, олардың бәрін осы бір көкейтесті және ең басты міндетке қоса бағындыру, жұмысшылардың революциялық санасын өсіре беру, оларды интернационалдық революциялық күреске топтастыру. революциялық бой көрсетулер атаулыны қолдап, алға жылжытып отыру, халықтар арасындағы империалистік соғысты езілген таптардың өздерін езушілерге қарсы азамат соғысына, капиталистер табын экспроприациялау жолындағы, пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуы жолындағы, социализмді жүзеге асыру жолындағы соғысқа айналдыруға ұмтылу.

1915 ж. 13 (26) июльден ертерек жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ИМПЕРИАЛИСТІК СОҒЫСТА ӨЗ ҮКІМЕТІНІҢ ЖЕҢІЛУІ ТУРАЛЫ

Реакциялық соғыста революцияшыл тап өз үкіметінің жеңілуін тілемей тұра алмайды.

Бұл — аксиома. Ал бұған тек социал-шовинистердің көрінеу жақтастары немесе дәрменсіз малайлары ғана таласады. Біріншілердің қатарына, мәселен, Ұйымдастыру комитетінен Семковский қосылады (оның «Известиясының» 2-номері). Екіншілердің қатарына Троцкий мен Буквоед, ал Германияда Каутский қосылады. Россияның жеңілуін тілеу,— деп жазады Троцкий,—«социал-патриотизмнің саяси методологиясына ешбір себепсіз және ешбір дәлелсіз кеңшілік жасағандық болады; социал-патриотизм соғысқа қарсы және оны туғызған жағдайларға қарсы революциялық күрес жүргізуді қазіргі жағдайларда тым еркін түрде әлдеқайда аз залал жағына қарай бағдар ұстаушылықпен ауыстырып отыр» («Наше Слово» № 105).

Троцкийдің әрқашан оппортунизмді ақтағанда қолданатын көпірме сөздерінің үлгісі міне осындай. *Егер* «соғысқа қарсы революциялық күресті» соғыс кезінде де *өз үкіметіне* қарсы революциялық қимыл жасау деп түсінбесек, оның өзі бос және мағынасыз даурығу болып шығады; бұған II Интернационалдың сабаздары шебер-ақ. Мұны ұғыну үшін сәл ойланудың өзі жеткілікті. Ал соғыс кезінде өз үкіметіне қарсы революциялық қимыл жасау — тек оның жеңілуін ғана тілеу емес, сонымен бірге оның жеңілуіне іс жүзінде көмектесу екендігіне күмән да, дау да жоқ. («Зерек оқушы» үшін: бұл тіпті

де «көпірлерді қирату» керек, сәтсіз әскери стачкалар ұйымдастыру керек, жалпы алғанда үкіметтің революционерлерді жеңіліске ұшыратуына көмектесу керек деген сөз емес.)

Құрғақ сөзге салынып, Троцкий үш қарағай арасында адасып жүр. Оның ойынша, Россияның жеңілуін тілеу Германияның жеңуін тілеу *болып табылады* (Буквоед пен Семковский Троцкий мен өздеріне ортақ осы бір «ойды» — дәлірек айтқанда: жетесіз ойды ашығырақ айтады). Сондықтан да Троцкий «социал-патриотизмнің методологиясы» осы деп біледі! Ойлай білмейтін адамдарға көмектесу үшін Берн қарары («Социал-Демократтың» 40-номері) былай деп түсіндірген: *барлық* империалистік елдерде пролетариат ендігі жерде өз үкіметінің жеңілуін тілеуі керек*. Буквоед пен Троцкий бұл ақиқатты орағытып өтуді артық көрді, ал Семковский (буржуазиялық асқан даналықты аңқаулықпен ашықтан-ашық қайталап, жұмысшы табына бәрінен де гөрі көп пайда келтіретін оппортунист), Семковский: бұл мағынасыз сөз, өйткені не Германияның, не Россияның жеңуі мүмкін («Известияның» 2-номері) деп, «сыпайылап айтып салды».

Коммунаның мысалын алыңыздар. Германия Францияны жеңді, ал Бисмарк Тьермен бірігіп жұмысшыларды жеңді!! Егер Буквоед пен Троцкий ойланыңқыраса, онда *олар өздерінің үкіметтер мен буржуазияның* соғысын қолдайтын көзқараста тұрғандықтарын көрер еді, яғни, Троцкийдің астарлы сөзімен айтқанда, «социал-патриотизмнің саяси методологиясы» алдында өздерінің құрдай жорғалайтындықтарын көрер еді.

Соғыс кезіндегі революция дегеніміз азамат соғысы, ал үкіметтердің соғысын азамат соғысына *айналдыруды*, бір жағынан, үкіметтердің соғыстағы сәтсіздіктері («жеңілуі») жеңілдетеді, ал екінші жағынан, — іс жүзінде үкіметтердің жеңілуіне жәрдемдеспейінше, үкіметтердің соғысын азамат соғысына айналдыруға тырысу ***мүмкін емес***.

---

* Қараңыз: осы том, 175-бет. *Ред.*

Шовинистердің (Ұйымдастыру комитетімен, Чхеидзе фракциясымен бірге) жеңілу «ұранынан» безетін себебі—бұл ұранның *тек бір өзі ғана* соғыс кезінде өз үкіметіне қарсы революциялық қимыл жасауға дәйекті түрде шақыру болып табылады. Ал мұндай қимылсыз «соғысқа және жағдайларға, т. т.» қарсы соғысу туралы миллиондаған рреволюциялық бос сөздердің көк тиындық құны болмайды.

Кімде-кім империалистік соғыста өз үкіметінің жеңілу «ұраны» шыпымен бекерге шығармақшы болса, ол адам мына үш мәселенің біреуін дәлелдеуге тиіс еді: не 1) 1914—1915 жылдардағы соғыс реакциялық соғыс емес; не 2) бұл соғысқа байланысты революция жасау мүмкін емес; не 3) соғысып жатқан елдердің *бәріндегі* революциялық қозғалыстардың бір-біріне сәйкес келуі және жәрдемдесуі мүмкін емес. Соңғы пікір Россия үшін өте-мөте маңызды, өйткені ол — ең артта қалған ел, онда социалистік революцияның тікелей жасалуы мүмкін емес. Дәл сондықтан да орыс социал-демократтары жеңілу «ұранының» «теориясы мен практикасын» бірінші болып ұсынуға тиіс болды. Демек, патша үкіметінің: РСДЖ Фракциясының үгіті — Интернационалдағы жалғыз парламенттік оппозицияның емес, бұқара арасында өз үкіметіне қарсы жүргізілген нағыз революциялық үгіттің *бірден-бір* үлгісі — бұл үгіт Россияның «соғыс қуатын» әлсіретті, оның жеңілуіне көмектесті деуі әбден дұрыс еді. Бұл факт. Бұдан жалтарамын деу ақылсыздық болады.

Жеңілу ұранына қарсы адамдар үкіметке қарсы революциялық үгіт жүргізу мен үкіметтің жеңілуіне жәрдемдесу арасында тығыз байланыс бар екені жөніндегі мейлінше айқын фактіге тура қарағысы келмей, өздерінен өздері қорқады.

Россиядағы буржуазиялық-демократиялық мағынадағы революциялық қозғалыс пен Батыстағы социалистік қозғалыстың бір-біріне сәйкес келуі және жәрдемдесуі мүмкін бе? Соңғы 10 жыл ішінде жұрт алдында пікір айтқан бірде-бір социалист бұған күмәнданған емес, ал Австрия пролетариаты арасындағы 1905 жылғы 17 ок-

тябрьден[217] кейінгі қозғалыс бұл мүмкіндікті *іс жүзінде* дәлелдеді.

Өзін интернационалиспін деп атайтын кез келген социал-демократтан сұрап байқаңыз: ол әр түрлі соғысушы елдердегі социал-демократтардың барлық соғысушы үкіметтерге қарсы бірлесіп революциялық қимыл жасауы жөнінде келісімге келуіне тілектес пе екен? Олардың көбі, Каутскийдің жауап бергеніндей («Neue Zeit», 2 октябрь, 1914), бұл мүмкін емес деп жауап беріп, сонысымен өздерінің социал-шовинизмін *толық дәлелдер еді*. Өйткені, бір жағынан, бұл — жалпы жұртқа мәлім фактілер мен Базель манифесіне қарсы шығатын әйгілі, өрескел өтірік. Ал, екінші жағынан, егер бұл рас болса, *онда оппортунистердің айтқандарының көбі дұрыс болар еді!*

Олардың көбі тілектеспіз деп жауап береді. Сонда біз: егер бұл тілектестіктеріңіз екіжүзділік болмаса, онда соғыста және соғыс үшін мынадай «форма бойынша» келісімге келу: өкілдер іріктеп алу керек, жолығу, шартқа қол қою, күні мен сағатын белгілеу керек деп ойлау күлкі болар еді — дейміз. Бұлайша тек Семковскийлер ғана ойлай алады. Бірнеше ел туралы айтпағанда, тіпті *бір* елдің өзінде де, революциялық қимылдар туралы келісімге келу *тек* елеулі революциялық қимылдар жасау, оларға *кірісу,* оларды *дамыту* жөніндегі *өнеге* күшімен *ғана* жүзеге асады. Ал жеңілуді тілемейінше және жеңілуге жәрдемдеспейінше революциялық қимылдарға кірісудің өзі де мүмкін емес. Революцияны қолдан «жасауға» болмайтыны сияқты, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыруды да қолдан «жасауға» болмайды,— оның өзі империалистік соғыстың толып жатқан әр алуан құбылыстарынан, жақтарынан, белгілерінен, сипаттарынан, салдарларынан *туады*. Ал мұның тууы үкіметтер *өздерінің* езілген таптарынан соққы жеп, соғыста бірсыпыра сәтсіздіктерге кездесіп, жеңілістерге ұшырамайынша *мүмкін емес.*

Жеңілу ұранынан бас тарту — өзіңнің революцияшылдығыңды бос сөзге немесе кілең екіжүзділікке айналдыру деген сөз.

Сөйтіп, бізге жеңілу «ұранын» немен алмастыру керек дейді? «Жеңіс те, жеңіліс те болмасын» деген ұранмен алмастырылсын дейді (Семковский «Известияның» 2-номерінде осылай дейді. *Бүкіл* Ұйымдастыру комитеті де 1-номерде осылай деген-ді). Бірақ бұл *«отан қорғау»* ұранын басқа сөздермен айтудан басқа түк те емес қой! Мұның өзі — мәселені езілген таптардың өз үкіметіне қарсы *күресіне* көшіру емес, қайта оны дәл үкіметтер соғысының (ұранның мазмұны бойынша үкіметтер бұрынғы күйінде *қалып,* «өздерінің позицияларын сақтауға» тиіс) арнасына көшіргендік! Мұның өзі — *барлық* империалистік ұлттардың шовинизмін ақтағандық; ол ұлттардың буржуазиясы — біз «жеңілуге қарсы» «тек қана» күресіп жатырмыз деуге қашан да болсын дайын тұрады және осылай деп *халыққа айтып та жүр.* Оппортунистердің көсемі Э. Давид өзінің кітабында былай деп жазады: «4 августағы дауыс беруіміздің мәні: соғысты жақтау емес, *жеңіліске қарсы болу».* «Окистер», Буквоедпен және Троцкиймен бірге, жеңіс те, жеңіліс те болмасын деген ұранды қорғап, *толығымен* Давидтің жолына түсіп отыр!

Бұл ұран, егер оған ой жіберсек,— «азаматтық татулық», соғысып жатқан елдердің бәрінде езілген таптың таптық күресінен бас тарту деген сөз, өйткені «өз» буржуазиясы мен «өз» үкіметіне соққы бермейтін тап күресі болуы мүмкін емес, ал соғыс кезінде өз үкіметіне соққы беру мемлекетке опасыздық жасағандық *болып табылады* (бұл Буквоедтің есінде болсын!), өз елінің жеңілуіне жәрдемдескендік *болып табылады.* Кімде-кім «жеңіс те, жеңіліс те болмасын» деген ұранды мойындаса, ол адам тап күресін, «азаматтық татулықты бұзуды» тек екіжүзділікпен ғана қолдауы мүмкін, ол адам *іс жүзінде* дербес, пролетарлық саясаттан безеді, соғысып жатқан барлық елдердің пролетариатын *толығымен буржуазиялық* міндетке — белгілі бір империалистік үкіметтерді жеңіліске ұшыраудан қорғау міндетіне бағындырады. «Азаматтық татулықты» сөз жүзінде емес, іс жүзінде бұзып, тап күресін мойындайтын бірден-бір саясат — пролетариаттың өз үкіметі мен өз буржуазиясының *қиыншылықтарын оларды құлату үшін пайда-*

лану саясаты болып табылады. Ал өз үкіметінің жеңілуін тілемейінше, ондай жеңілуге жәрдемдеспейінше, бұған жетуге болмайды, бұған *ұмтылуға болмайды.*

Соғыс алдында итальян социал-демократтары бұқаралық стачка туралы мәселе көтергенде, буржуазия оларға *өз* көзқарасы тұрғысынан сөзсіз дұрыс жауап беріп: бұларың мемлекетке опасыздық жасау болады, сондықтан сендерге опасыздар ретінде шара қолданылады,— деді. Траншеяларда бауырласудың мемлекетке опасыздық жасау болып табылатындығы рас екені сияқты, бұл да рас. Кімде-кім Буквоед сияқты «мемлекетке опасыздық жасауға» қарсы, ал Семковский сияқты «Россияның құлауына» қарсы жазса, ол адам пролетарлық көзқарасты емес, буржуазиялық көзқарасты жақтайды. «Мемлекетке опасыздық» *істемейінше,* «өздерінің» империалистік «ұлы» державасының жеңілуіне *жәрдемдеспейінше,* оның *құлауына* көмектеспейінше, пролетарлар өздерінің үкіметіне таптық соққы *бере де алмайды,* өздерінің бауырларына, «бізбен» соғысып жатқан «бөтен» елдің пролетарларына қолын (іс жүзінде) соза да алмайды.

Кімде-кім «жеңіс те, жеңіліс те болмасын» деген ұранды жақтаса, ол — біліп немесе білмей шовинист болған адам, ең мақтағанда ол — ымырашыл ұсақ буржуа, бірақ қалай болғанда да пролетарлық саясаттың *жауы,* қазіргі үкіметтердің, қазіргі үстем таптардың жақтасы.

Мәселеге тағы да бір жағынан қарап көрелік. Соғыс бұқара арасында ұйқылы-ояу психиканың дағдылы қалпын бұзатын ең қызу сезімдерді туғызбай қоймайды. Сондықтан осы жаңа, қызу сезімдерге сәйкес келмейінше, революциялық тактиканың болуы *мүмкін емес.*

Бұл қызу сезімдердің басты тасқындары қандай? 1) Қорқыныш пен өкініш. Осыдан барып дін күшейеді. Шіркеулер тағы да тола бастаса, реакционерлер шаттанады. «Азап қайда болса, дін сонда»,— дейді архиреакционер Баррес. Мұнысы дұрыс та. 2) «Дұшпанға» деген өшпенділік — буржуазия (поптан да гөрі) әдейі қоздыратын және экономика мен саясат жағынан *тек соның өзіне ғана* пайдалы сезім. 3) «*Өз* үкіметі мен

өз буржуазиясына деген өшпенділік — барлық саналы жұмысшылардың сезімі; олар, бір жағынан, соғыс империализм «саясатының жалғасы» екендігін түсінеді де, оған өзінің тап жауына өшпенділігін «жалғастыру» арқылы жауап береді, ал, екінші жағынан, *өз* үкіметіне қарсы революция жасамай-ақ, «соғысқа қарсы соғыс ашу» былшыл сөз екендігін түсінеді. Өз үкіметің мен өз буржуазияңның жеңілуін тілемейінше, оларға деген өшпенділігіңді өршітуге болмайды,— және өз үкіметің мен өз буржуазияңа деген өшпенділігіңді өршітпейінше, «азаматтық (=таптық) татулықтың» екіжүзді **емес** жауы бола алмайсың!!

«Жеңіс те, жеңіліс те болмасын» деген ұранды жақтаушылар жұмысшы табының өз үкіметтеріне қарсы интернационалдық революциялық қимылдар жасау мүмкіндігіне «сенбей», сондай қимылдарды өрбітуге,— дау жоқ, қиын, бірақ пролетарға бірден-бір лайық, бірден-бір социалистік міндетті орындауға *көмектескісі келмей,* іс жүзінде буржуазия мен оппортунистер жағында болып отыр. Атап айтқанда соғысып жатқан ұлы державалардың ішінен ең артта қалған державаның пролетариаты, әсіресе неміс және француз социал-демократтары масқара опасыздық жасаған жағдайда, өз партиясы арқылы революциялық тактиканы ұсынуға тиіс болды; ал бұл тактика өз үкіметінің «жеңілуіне жәрдемдеспейінше» мүлде мүмкін емес, бірақ европалық революцияға, социализмнің баянды бейбітшілігіне, адамзатты қазір етек алып отырған қорқыныштардан, апаттардан, тағылықтан, айуандықтан құтқаруға тек осы тактика ғана жеткізеді.

«Социал-Демократ» № 43, 26 июль, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНДАҒЫ ІСТІҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ

Ұйымдастыру комитетінің «Известиясы» мен «Наше Делоның» екінші номерлері бұл жағдайды өте-мөте уағыз боларлықтай етіп, айқын баяндайды. Екі басылым да, әрқайсысы өзінше, шығатын жерлерінің әр түрлі болуына және саяси міндеттеріне қарай, социал-шовинизмді нығайту жолымен батыл адымдап барады.

«Наше Дело» редакция ішіндегі ешқандай алауыздықтар немесе сарындар туралы хабарламайтыны былай тұрсын, «потресовшылдыққа» титтей де болса қарсылық білдірмейтіні былай тұрсын, қайта, керісінше, «редакциядан» деген арнаулы мәлімдемесінде (19-бет) потресовшылдықты қостайды, «интернационализм» пролетариат үшін қазіргі соғыста *қай* буржуазияның жеңгені қажеттірек деген мәселені шешу жөнінде дәл «халықаралық жағдайды бағдарлай білуді» талап етеді деп жариялайды. Мұның өзі—негізгі және маңызды мәселеде *бүкіл* редакция социал-шовинистік бағытта деген сөз. Ал оның үстіне редакция, Каутскиймен социал-шовинизмнің тек сарындары жөнінде ғана келісе алмағанымен, Каутскийдің социал-шовинизмді бүтіндей интернационалдық жағынан ақтауға арнаған кітапшасын «тамаша», «толық қамтыған», «теориялық жағынан құнды» деп мақтайды. Көзі ашық адамның мынаны көрмеуі мүмкін емес: сонымен, «Наше Дело» редакциясы, біріншіден, россиялық шовинизмді дәріптеп отыр, ал екіншіден, интернационалдық социал-шовинизмге «кешірім» жасап, онымен ымыраласуға дайын екендігін білдіріп отыр.

«Россияда және шетелде» деген бөлімде Плеханов пен Аксельродтың көзқарастары баяндалады; олардың арасына редакция ешқандай айырмашылық жасамайды (онысы әбден дұрыс). Арнаулы ескертуінде тағы да *редакция атынан* (103-бет): Плехановтың көзқарастары «Наше Делоның» «көзқарастарымен көп ретте үйлесіп отыр» деп мәлімделген.

Мәселе айдан анық. «Наше Делода» бейнеленген және өзінің либерал буржуазиямен мыңдаған байланыстары арқасында бүкіл «Брюссель блогынан» 1910—1915 жылдары Россияда бірден-бір нақты ағым болған жарияшылдар «ағымы», жойымпаздықты социал-шовинизммен ойдағыдай толықтырып, өзінің оппортунистік дамуын толық баянды етті және аяқтады. 1912 жылы январьда біздің партиядан шығарылған топтың шын программасы тағы да бір өте маңызды пунктпен: великорус помещиктері мен буржуазиясының ұлы державалық артықшылықтары мен пұрсаттылықтарын, тіпті соғыс арқылы болса да, қорғау және нығайту қажет дейтін идеяларды жұмысшы табына енгізе беру керек деген пунктпен толықтырылды.

Осы саяси шындықты «солшыл» құрғақ сөздермен және социал-демократиялық сияқтанған идеологиямен бүркемелей беру керек — Чхеидзе фракциясының жария қызметінің және Ұйымдастыру комитетінің құпия қызметінің нағыз саяси мәні осындай. Идеялық жағынан: «жеңіс те, жеңіліс те болмасын» деген ұран көтеру, практикалық жағынан «жікшілдікке» қарсы күрес жүргізу—«Наше Деломен» және Плехановпен «бітімге» келудің іскерлік және әбден дұрыс (оппортунистердің көзқарасы тұрғысынан) программасы міне осындай, ал «жікшілдікке» қарсы күрес жүргізу «Известияның» 2-номерінің, әсіресе Мартовтың, Ионовтың және Машинадзенің *барлық* мақалаларының арқауы болды. «Бұрынғы революционер» Алексинский мырзаның «демократия міндеті» ретіндегі «ел қорғау» туралы «Речьтің» 143-номеріндегі (1915 жылғы 27 майдағы) хатын оқып шығыңыз,— сонда сіз қазіргі шовинист Плехановтың әлгі елгезек қол баласының «жеңіс те, жеңіліс те болмасын» деген ұранмен толық келісетіндігін көресіз.

Мұның өзі — атап айтқанда Плехановтың, «Наше Делоның», Аксельрод пен Косовскийдің, Мартов пен Семковскийдің *ортақ* ұраны; олардың арасында, әрине, (о, әрине!) «заңды өзгешеліктер» мен «жеке алауыздықтар» бола береді. Бұл бауырластардың бәрі «жеңіс те, жеңіліс те болмасын» (жақша ішінде айта кетелік: *кімдердің? қазіргі үкіметтердің,* қазіргі үстем таптардың екені айқын!) деген ортақ қағиданы мойындап, басты және негізгі мәселеде, идеялық жағынан қанағаттанады. Практикалық-саяси жағынан олар «бірлік» ұранымен қанағаттанады. Бұл — *«Наше Деломен» бірлік жасау* деген сөз, яғни Россияда «Наше Делоның», Чхеидзе фракциясының көмегімен, бұқара арасындағы елеулі саясат пен елеулі (буржуазиялық-«елеулі») жұмысты бұрынғысынша жүргізе беруіне, ал шетелде және астыртын жағдайда Ұйымдастыру комитеті мен К° «солшыл» ескертулер жасап, революциялық дерлік сөздер сөйлеуіне, т. т. және т. с. іс жүзінде толық көну деген сөз. Өзімізге жалған үміт жасамалық: бірден ыдырап кетіп, сонысымен өзінде екіжүзділіктен басқа еш нәрсе жоқ екендігін дәлелдеген Брюссель блогы нақ сондықтан да саяси шірік қағиданы бүркемелеуге өте қолайлы. 1914 жылы июльде ол еш нәрсеге міндеттемейтін солшыл-дерлік қарарлар арқылы «Наша Заря» мен «Северная Рабочая Газетаны» бүркемелеу үшін қызмет етті. 1915 жылы июльде «достардың жолығуы» да, протокол да әлі жоқ, бірақ «Наше Делоның», Плехановтың және Аксельродтың социал-шовинизмін тағы да белгілі бір солшыл-дерлік сөздер арқылы бірлесіп бүркемелеу жөнінде басты «актерлердің» принциптік келісімі бар. Бір жыл — Европа тарихындағы ұлы және ауыр жыл өтті. Национал-либералдық жұмысшы саясатының дерті Европадағы социал-демократиялық партиялардың көпшілігін *тұншықтырғаны,* ол дерт жойымпаздықты да әбден меңдеп алғаны байқалды,— ал «достар» Крыловтың «Квартетіндегі» музыканттардай орындарын алмастырды да, жасанды дауысқа салып: бірлік, бірлік... («Наше Деломен») деп тағы да жабыла шулап қоя берді!

«Бірліктің» адал жақтаушылары үшін париждік «Наше Словоның» үлгісі ерекше ғибрат аларлықтай. Ұйымдастыру комитеті «Известиясының» 2-номері «Наше Словоға» өлімші етіп соққы берді, ал енді оның өлуі (саяси өлуі ме әлде «біржолата» өлуі ме, ол маңызды емес) — тек уақыттың ғана мәселесі. Ұйымдастыру комитеті «Известиясының» 2-номері «Наше Словоны» мынадай қарапайым мәлімдемемен «өлтірді»: Мартов (Ұйымдастыру комитеті секретариатының мүшесі болып алған Мартов,—шамасы, оны «Vorwärts»-тің «өлуі» туралы ойланбай айтқан сөздерін енді қайталамауға келіскені үшін Семковский мен Аксельрод «бірауыздан» кооптациялаған болар) — Мартов және «ұйымдық жағынан Ұйымдастыру комитетіне жанасатын «Наше Слово» қызметкерлерінің тең жартысы» *өздерінің қатесін мойындайды,* олар тек *«аңқаулықпен»* ғана (Мартов ingénu* ролінде — онысы теріс емес) «Наше Словоны» «орыс интернационалистерінің ортақ органы» деп санап келді, ал іс жүзінде «Наше Слово» әрі «жікшілдік», әрі «фракциялық» (Семковский өз тарапынан «анархистік-синдикалистік» дегенді қосады) орган, әрі «лениндік «Социал-Демократ» алдында өзін өзі ақтаушы» орган болып шықты.

«Наше Словоның» 7 немесе 8 ай бойы бастары ойдағыдай бірікпеген 3 бөлегі жұрт алдында бой көрсетті: 1) редакцияның («Наше Словоның» 107-номері) интернационализмге шын тілектес және «Социал-Демократқа» бейім («Наше Словоның» 122-номеріндегі оларды біздің партияның Париждегі секциясы атынан құттықтаған қарарды қараңыз) екі солшыл мүшесі; 2) Мартов пен «окистер» («тең жартысы»); 3) Троцкий, ол, әрқашандағысындай, социал-шовинистермен ешбір мәселе жөнінде принципті түрде келіспейді, бірақ олармен *барлық мәселелер жөнінде практика жүзінде* келіседі (айтқандайын, Чхеидзе фракциясының «сәтті делдалдығы» арқасында,— бұл дипломатиялық тілде осылай аталса керек?).

---

* — анайы аңқау. *Ред.*

Бірлікті шынымен жақтаушылардың алдында мынадай сұрақ туады: «Наше Слово» неліктен күйреп, жікке бөлініп кетті? Әдетте, жікке бөліпулер ашушаң «ленишілдердің» адамды жеккөргіш «жікшілдігі» салдарынан болды деп түсіндіріледі (Семковскийдің «Известияның» 2-номеріндегі мақаласын, Аксельродтың «Наше Словодагы» мақаласын, т. т. және т. с. қараңыз). Бірақ бұл ашушаң адамдар «Наше Словоға» мүлде қатысқан жоқ және осы қарапайым себеп бойынша олардың жікке бөлініп шығуы немесе одан кетіп қалуы *мүмкін емес*.

Іс түйіні неде? Кездейсоқтықта ма? Әлде социал-демократиялық жұмысшылардың «Наше Делодағы» буржуазиялық ықпалды жүзеге асырушылармен (іс жүзінде: либерал және шовинистік буржуазияның агенттерімен) бірлік жасауының мүмкін емес және зиянды екендігінде ме?

«Бірлікті» жақтаушылар бұл жайында ойлапсын.

Европалық социал-демократияда «бірлікті» енді, біраз басқаша жағдай мен формада, Бернштейннің өзімен қосылып, Каутский мен Гаазе қолдай бастады. Бұқараның солшылданып бара жатқанын байқап, бұл «беделділер» Зюдекумдермен үнсіз бітімге келу шарты негізінде солшыл социал-демократтарға бітімге келуді ұсынады. «4 август саясатынан» сөз жүзінде безіп, национал-либералдық және социал-демократиялық жұмысшы саясатының жікке бөліпуін еш нәрсеге міндеттемейтін (сондықтан кейбір реттерде тіпті Гинденбург пен Жоффрға да тиімсіз емес) қайдағы бір «бітім» туралы құрғақ сөздермен (бітім ұраны осыған дәл келеді), аннексияларды құрғақ айыптаумен, т. с. бүркемелеу керек. Каутскийдің Бернштейнмен бірлесіп жасаған программасы, шамамен алғанда, осындай; бұл программаға бейімделуге француз социал-шовинистері де қарсы емес, мұны «L'Humanité»-дегі кейбір әуендерден аңғаруға болады. «Тәуелсіз жұмысшы партиясындағы» ағылшындар солға бірсыпыра тәжім етумен бүркемеленген түрде социал-шовинизмге осылайша кешірім жасаушылықты, әрине, барынша қолдайды. Әлбетте, «окистер» мен Троцкийдің енді Каутский мен Берн-

штейннің етегіне жабысып айрылмауына құдайдың өзі әмір еткен.

Біз оппортунистердің көсемінің және «радикалдық» лагерьдегі екіжүзді шовинистердің көсемінің бұлайша солға бұрылуын комедия деп санаймыз; бұл комедияның мәні солға қарай тәжім ету арқылы социал-демократиядағы *шірікті қорғауда,* «солшылдарға» сөз жүзінде болмашы кеңшілік жасау арқылы іс жүзінде национал-либералдық жұмысшы саясатын нығайтуда болып отыр.

Европадағы объективтік жағдай мынадай: бұқара арасында торығушылық, наразылық, қарсылық, ызаланушылық, өз дамуының белгілі сатысында шектен тыс жеделдікпен қимылға айнала алатын революциялық пиғыл өсіп келеді. Мәселе енді іс жүзінде былайша және тек қана былайша қойылып отыр: *өз* буржуазияң мен өз үкіметіңе қарсы революциялық қимылдардың өсіп, өркендеуіне көмектесу керек немесе революциялық пиғылды тежеп, тұншықтырып, тыныштандырып отыру керек. Екінші мақсатқа жету үшін либерал буржуа мен оппортунистер солшыл сөздердің қандайына болса да, қарусыздану, бітімге келу, аннексиялардан бас тарту, әр түрлі реформалар жасау жөнінде шексіз уәделер беруге де, бұқараның оппортунистік көсемдерінен ажырасуына және барған сайын елеулі революциялық қимылдарға көшуіне кедергі келтіру үшін неге болса да барады (және *өз* мүдделері тұрғысынан қарағанда неге болса да баруға *тиіс).*

Біз бұқараға былай дейміз: ешқандай лепірме программаларға сенбеңдер, өз үкіметтерің мен өз буржуазияларыңа қарсы өздеріңнің, бұқаралық, революциялық қимылдарыңа сеніңдер, сондай қимылдарды өрбітуге тырысыңдар; социализм жолындағы азамат соғысы болмайынша тағылықтан құтылу мүмкін емес, Европада прогресс болуы мүмкін емес.

P. S. Біз Плеханов мырзаның, «бұрынғы революционер» Г. Алексинскийдің және $К^0$-нің «Соғыс» деген жинағын алған кезімізде бұл мақала теріліп қойған болатын. Мұның өзі патша өкіметінің тонаушылық және

нағыз реакциялық соғысын «әділетті» соғыс, «қорғаныс» соғысы, т. с. деп санайтын социал-шовинистердің софизмдері мен өтіріктерінің коллекциясы болып табылады! II Интернационалдың күйреу себептерін шынымен білгісі келетіндердің бәріне біз патша өкіметіне малайлық етудің осы масқаралық гүл шоғын ұсынамыз. Айтқандайын, қызығы сол — бұл ашық социал-шовинистер Чхеидзеге де, оның бүкіл фракциясына да *әбден* риза. Ол фракцияға Ұйымдастыру комитеті де, Троцкий де, Алексинскиймен және К⁰-мен бірге Плеханов та риза,— бұл табиғи нәрсе, өйткені Чхеидзе фракциясы өзінің оппортунистерді бүркемелей білетіндігін және оларға қызмет ете білетіндігін жылдар бойы дәлелдеді.

Сибирьге кеткен РСДЖ Фракциясы туралы өтірікті соққанда Плеханов пен Алексинский мырзалардың беттері бүлк етпейді. Бірақ суайттардың өтірігін документ арқылы бекерге шығаруға болатын уақыт енді, сірә, алыс болмаса керек.

«Социал-Демократ» № 43,
26 июль, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

«БЕЙБІТШІЛІК» ҰРАНЫН БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕ

Венаның «Рабочая Газетасы», Австрия социал-демократтарының орталық органы, 1915 жылы 27 июньде Германия үкіметтік газетінің («Norddeutsche Allgemeine Zeitung») бір ғибрат аларлық мәлімдемесін жариялады.

Әңгіме Германияның «социал-демократиялық» партиясының аса көрнекті (және аса жексұрын) оппортунистерінің бірі Кварктің мақаласы жайында болып отыр; ол, айтқандайын, былай деген: «Біздер, неміс социал-демократтары, және біздің австриялық жолдастар, тынбастан былай деп мәлімдейміз: біздер бітім туралы келіссөздерді бастау үшін (ағылшын және француз социал-демократтарымен) қарым-қатынас жасауға кірісуге толық даярмыз. *Неміс императорлық үкіметі бұл туралы біледі және бізге титтей де кедергі жасамайды*».

Осы сөздер жөнінде Германияның бір национал-либералдық газеті («Nationalliberale Korrespondenz»): бұл сөздерді екі түрлі түсінуге болады деп жазды. Біріншi: социал-демократтар заң шегінен шықпайтындықтан және «мемлекетке қауіпті болмағандықтан» олардың «интернационалдық саяси қимылдарына» үкімет кедергі жасамайды. Мұның өзі «саяси бостандық» тұрғысынан қарағанда әбден түсінікті.

Екінші: Германия үкіметі «социал-демократиялық интернационалдық бейбітшілік насихатын ең болмағанда үнсіз мақұлдайды және ол оны тіпті бейбітшілік мұм-

кіндігін талқылау үшін бастапқы база жасауға қолайлы құрал деп санайды».

Әлбетте, национал-либералдық газет екінші түсінікті мүмкін емес деп санайды, ал үкіметтік газет оған ресми түрде қосылады, оның үстіне былай деп мәлімдейді: «үкіметтің интернационалдық бейбітшілік насихатына ешқандай қатысы жоқ және ол бұл мақсат үшін социал-демократиялық бітістірушілерді де, қандай да болсын басқа бітістірушілерді де керек қылмайды».

Шынында да, ғибрат аларлық комедия емес пе? Германия үкіметі, «Vorwärts»-ке тап күресі жайында жазуға тыйым салған үкімет, халық жиналыстарын өткізуге қарсы әскери қаталдық орнатып, пролетарлардың нағыз «әскери құлдығын» енгізген үкімет, міне осы үкімет *либералшылдығынан* Кварк пен Зюдекум мырзаларға «кедергі жасамайды» дегенге кім сенеді? осы үкімет сол мырзалармен ұдайы қарым-қатынас жасап отырған жоқ дегенге кім сенеді?

Кварк *байқамай* шындықты (яғни бейбітшілік насихатын неміс социал-демократтары өздерінің үкіметімен тікелей немесе жанамалап сөз байласқаннан кейін бастап отырғандығын) айтып салды және оның сөзін әдейі шындықты жасыру үшін «ресми түрде бекерге шығарды» деу мың есе шындыққа үйлесімділеу емес пе?

Мұның өзі, Троцкий сияқты («Наше Словоның» 105-номерін қараңыз), бізге қарсы шығып, бейбітшілік ұранын қорғап, айтқандайын, «барлық солшылдар» нақ осы ұранның астына «пәрменді түрде» бірікті дегенді сылтау етіп көкитіндерге сабақ болсын!! Юнкерлердің үкіметі біздің Бернде қабылдаған қарарымыздың («Социал-Демократтың» 40-номері) дұрыстығын қазір дәлелдеп отыр; онда былай делінген болатын: «бұқараны революциялық қимылдарға шақырумен қабаттастырыла жүргізілмеген» бейбітшілік насихаты тек «жалған үміт таратуға» ғана, «пролетариатты *соғысушы елдердің жасырын дипломатиясының қолындағы ойыншық етуге ғана қабілетті»**.

Бұл бүтіндей расталып отыр!

---

* Қараңыз: осы том, 175-бет. *Ред.*

Бейбітшілік пайдасы жайындағы былшыл туралы оппортунистер мен үкіметтер арасында тікелей немесе жанамалап сөз байласу *болғандығын,* оның болған жері *тек* Германия *ғана емес* екендігін дипломатия тарихы бірнеше жылдан кейін дәлелдейді! Мұндай нәрселерді дипломатия жасырады, бірақ қап түбінде біз жатпас.

Солшылдар бейбітшілік ұранымен біріге бастаған кезде,— *егер* мұның өзі, қараңғы орыс жұмысшысының гапоншылдықта патшаға қарсы жасқана наразылық білдіргені сияқты, шовинистерге қарсы наразылықтың *алғашқы адымы* болса, мұны қолдауға болар еді. Бірақ солшылдар қазір де осы *ұранмен* шектеліп отырғандықтан да (ұран—*саналы* саясатшылардың ісі), сондықтан да олар — ең нашар солшылдар, сондықтан да олардың қарарларында *«пәрменділіктің» жұрнағы да жоқ,* сондықтан да олар — Зюдекумдердің, Кварктердің, Самбалардың, Гайндмандардың, Жоффрлардың және Гинденбургтердің қолындағы ойыншықтар.

Кімде-кім мұны тіпті қазір де түсінбейтін болса, бейбітшілік ұранын («бұқараны революциялық қимылдарға шақырумен қабаттастырыла жүргізілмеген ұранды») Вена конференциясы[218], Бернштейн + Каутский мен K^0 және Шейдемандар (неміс «форштанды» = Орталық Комитеті) масқаралап отырған кезде де түсінбейтін болса, ол адам халықты социал-шовинистік жолмен алдауға кәдімгі санасыз қатысушы болып табылады.

1915 ж. июль—августа жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 5-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БЕЙБІТШІЛІК ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Бейбітшілік туралы мәселе, социалистердің көкейтесті программасы болып табылатын мәселе, ал сонымен байланысты бітім шарттары жайындағы мәселе де, жұрттың бәрін алаң етіп отыр. Бұл мәселені әдеттегі, ұсақ буржуазиялық-ұлттық тұрғыдан емес, шын пролетарлық, интернационалдық, тұрғыдан қоюға әрекет жасағаны үшін «Berner Tagwacht» газетіне ризалық білдірмеске болмайды. Бейбітшілік тілейтін неміс социал-демократтары юнкерлік үкіметтің саясатынан қол үзуге (sich lossagen) тиіс деген редакцияның 73-номердегі («Friedenssehnsucht»*) ескертпесі тамаша болып шықты. Бейбітшілік туралы мәселені ұсақ буржуазиялық тұрғыдан шешуге босқа арамтер болатын «дәрменсіз қызылөңештердің кісімсінуіне» қарсы (Wichtigtuerei machtloser Schönredner) А. П. жолдастың мақаласы да (73 және 75-номерлер) тамаша болып шықты.

Енді бұл мәселені социалистер қалай қоюға тиіс екендігіне назар аударалық.

Бейбітшілік ұранын не белгілі бір бітім шарттарымен байланысты немесе ешқандай шарттарсыз, белгілі бір бітім үшін емес, жалпы бейбітшілік үшін күрес ретінде (Frieden ohne weiters) қозғауға болады. Мұның соңғы жағдайда социалистік ұран болмайтыны былай тұрсын, сонымен бірге ол жалпы алғанда мүлде мазмұнсыз, мағынасыз ұран болып шығады. Китченерге, Жоффрға, Гинденбургке және Қанқұйлы Николайға дейін жұрттың бәрі де жалпы алғанда бейбітшілікті сөзсіз жақтайды, өйткені олардың *әрқайсысы* соғысты аяқта-

---

* — «Бейбітшілікті аңсау». *Ред.*

ғысы келеді:— мәселе дәл солардың әрқайсысының «өз» ұлтының пайдасына империалистік (яғни басқа халықтарды езетін, тонаушылық) бітім шарттарын ұсынуында болып отыр. Ұрандарды насихат пен үгіт арқылы социализм мен капитализм (империализм) арасындағы ымыраға келмейтін айырмашылықты бұқараға түсіндіру үшін көтеру керек, ұрандарды мейлінше әр түрлі нәрселерді «біріктіретін» сөз арқылы бір-біріне қас екі тапты, бір-біріне қас екі саясатты *ымыраластыру* үшін көтермеу керек.

Содан соң. Әр түрлі елдердің социалистерін белгілі бір бітім *шарттары* негізінде біріктіруге бола ма? Егер болса, онда сол шарттардың ішінде барлық ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындау және «аннексиялар» атаулыдан бас тарту, яғни сол правоны бұзудан бас тарту сөзсіз болуға тиіс. Ал егер бұл право тек *кейбір* ұлттар жөнінде ғана мойындалса, онда бұл — белгілі бір ұлттардың *пұрсаттылықтарын* қорғау, яғни социалист емес, ұлтшыл және империалист болу деген сөз. Егер бұл право *барлық* ұлттар жөнінде мойындалса, онда, мәселен, жалғыз Бельгияны бөліп алуға болмайды, қайта *барлық* езілген халықтарды: Европадағы халықтарды да (Англиядағы ирландиялықтарды, Ниццадағы итальяндарды, Германиядағы даттарды, т. т., Россия халқының 57 процентін және басқаларды), *Европадан тыс* халықтарды *да,* яғни барлық отарларды алу керек. А. П. жолдас олар жөнінде өте орынды ескертті. Англияда, Францияда және Германияда тұтас алғанда 150 миллионға жуық адам бар, ал бұл мемлекеттер отарларда 400 миллионнан астам адамды езіп отыр!! Империалистік соғыстың, яғни капиталистердің мүдделері үшін жүргізілетін соғыстың мәні — соғыс тек жаңадан басқа ұлттарды езу үшін, отарларды бөлісу үшін ғана жүргізілмейді, сонымен бірге соғысты, көбінесе, бірсыпыра басқа халықтарды *езуші,* жер жүзі халқының *көп бөлегін* езуші алдыңғы қатарлы ұлттар жүргізеді.

Бельгияның басып алынуын ақтайтын немесе соған көнетін неміс социал-демократтары—іс жүзінде социал-демократтар емес, империалистер және ұлтшылдар, өйткені олар неміс буржуазиясының (ішінара неміс жұ-

мысшыларының да) бельгиялықтарды, эльзастықтарды, даттарды, поляктарды, Африкадағы негрлерді, т. т. езу «правосын» қорғайды. Бұлар — социалистер емес, неміс буржуазиясының басқа ұлттарды тонауына жәрдемдесетін *малайлары.* Бірақ Бельгияны азат етіп, оның тілегін қанағаттандыру жөнінде *тек* бір *ғана* талап қоятын Бельгия социалистері де іс жүзінде Конгодағы 15 миллион адамды бұрынғыша тонап, басқа елдерден концессия мен пұрсатты жағдайлар алуды қалайтын Бельгия буржуазиясының талабын қорғайды. Бельгия буржуасы шетелдерге 3 миллиардқа жуық қаржы орналастырды; алдаудың, арбаудың әлденеше түрін қолданып, осы миллиардтардан түсетін пайданы қорғау — «қаһарман Бельгияның» «ұлттық мүддесі» *іс жүзінде* міне осындай. Дәл осыны — бұдан да гөрі көбірек мөлшерде — Россия, Англия, Франция, Жапония жайында да айтуға болады.

Демек, егер ұлттар бостандығын талап ету *кейбір жеке* елдердің империализмі мен ұлтшылдығын бүркемелейтін жалған сөз болмаса, онда бұл талап *барлық* халықтарға және *барлық* отарларға бірдей қолданылуға тиіс. Ал мұндай талап *барлық* алдыңғы қатарлы елдерде бірқатар революциялар *болмайынша* мүлде мазмұнсыз талап болып шығады. Ол ол ма. Бұл талап ойдағыдай *социалистік* революция болмайынша жүзеге аспайды.

Мұның өзі барған сайын көбейе түсіп отырған қалың бұқараның бейбітшілікті талап етуіне социалистердің немқұрайды қарай алатындығын білдіре ме? Тіпті де білдірмейді. Жұмысшылардың саналы авангардының ұрандары бір басқа да, бұқараның стихиялық талаптары бір басқа. Бейбітшілікке талпыну — соғыстың «азаттық» мақсаттары жайындағы, «отан қорғау» жайындағы және қара халықты капиталистер табының басқа да алдаулары жайындағы буржуазиялық өтіріктен *түңіле* бастаудың ең маңызды *белгілерінің* бірі. Бұл белгіге социалистер аса зор көңіл бөлуге тиіс. Барлық күш-жігерді бұқараның пиғылын бейбітшілік кәдесіне жаратуға жұмсау керек. Бірақ *қалай* пайдалану керек? Бейбітшілік *ұранын* мойындап, оны қайталау «дәрменсіз

(көбінесе одан да жаман: *екіжүзді)* қызылөңештердің кісімсінуін» қолдағандық болар еді. Мұның өзі қазіргі үкіметтер, қазіргі билеуші таптар, оларды бірқатар революциялар арқылы «үйретіп алмай» (немесе, дұрысырақ айтқанда, жойып жібермей) тұрып, демократияны және жұмысшы табын аздап болса да қанағаттандырарлық бейбітшілікке *жете алады* деген жалған үмітпен халықты *алдағандық* болар еді. Бұлайша алдаудан зиянды ештеңе жоқ. Капитализм мен социализм арасындағы қайшылықтар *терең емес* деген алдамшы ойды жұмысшылардың санасына сіңіріп, олардың көзін бояуда бұдан асатын ештеңе жоқ, капиталистік құлдықты *дәріптеуде* бұдан асатын ештеңе жоқ. Жоқ, біз бейбітшілікті жақтаған пиғылды бұқараға оның бейбітшіліктен күтетін игіліктері бірқатар революцияларсыз жүзеге асуы мүмкін емес екендігін түсіндіру үшін пайдалануымыз керек.

Соғыстарды тоқтату, халықтар арасында бейбітшілік орнату, тонаушылық пен зорлық-зомбылыққа тыйым салу — нағыз біздің мұратымыз, бірақ тек буржуазиялық софистер ғана бұл мұратты дереу, тікелей революциялық қимылдарды уағыздаудан бөліп алып, сонымен бұқараның басын айналдыруы мүмкін. Бұлайша уағыздауға негіз бар; бұлайша уағыздау үшін тек буржуазияның одақтастарынан, оппортунистерден қол үзу керек; олар тікелей де (тіпті тыңшылық жасауға дейін барып), жанамалап та революциялық жұмысқа кедергі жасайды.

Капитализмнің империалистік заманымен *байланысты* ұлттардың өзін өзі билеу ұраны да бірдей алға қойылуға тиіс. Біздің қолдайтынымыз status quo емес, ұлы соғыстардан *тысқары қалудың* мещандық утопиясы емес. Біз империализмге, яғни капитализмге қарсы революциялық күрес жүргізуді қолдаймыз*. Империализмнің өзі бірқатар басқа ұлттарды езуші ұлттардың сол езгіні ұлғайтуға, нығайтуға, отарларды қайта бөлісуге тырысуында болып отыр. Сондықтан да ұлттардың

---

* Қолжазбада одан кейінгі мына сөздер сызылып тасталған: «Бірақ ұлттардың өзін өзі билеуі туралы мәселені *социалистік* тұрғыдан коймайынша бұл бағыттағы насихаттың, шын революциялық насихаттың болуы мүмкін емес». *Ред.*

өзін өзі билеуі туралы мәселенің *түйіні* біздің заманымызда нақ *езуші* ұлттар социалистерінің мінез-құлқында болып отыр. Езілген ұлттардың өзін өзі билеу правосын (яғни еркін бөлініп шығуын) мойындамайтын және соны қуаттамайтын езуші ұлттың (Англияның, Францияның, Германияның, Жапонияның, Россияның, Құрама Штаттардың және басқалардың) социалисі — іс жүзінде социалист емес, шовинист.

Тек осындай көзқарас қана империализмге қарсы екіжүзді емес, дәйекті күрес жүргізуге,—ұлт мәселесін мещандық тұрғыдан емес, пролетарлық тұрғыдан қоюға (біздің заманымызда) алып келеді. Тек осындай көзқарас қана ұлттарды езу атаулының бәрімен күресу принципін дәйекті түрде жүргізеді, езуші ұлттар мен езілуші ұлттардың пролетарлары арасындағы сенімсіздікті жояды, капитализм тұсында жалпы барлық ұсақ мемлекеттердің бостандық алуы жөніндегі мещандық утопия үшін емес, социалистік революция үшін (яғни ұлттың толық тең праволылығын жүзеге асыра алатын бірденбір режим үшін) ынтымақты, интернационалдық күреске бастайды.

Біздің партиямыз, яғни Орталық Комитетке қосылатын Россия социал-демократтары дәл осы көзқараста болып отыр. Пролетариатты «өзге халықтарды езуші халық еркін болуы мүмкін емес» деп үйреткен Маркс дәл осы көзқараста болған. Маркс Ирландияның Англиядан бөлінуін дәл осы тұрғыдан, *ағылшын* жұмысшыларының (тек ирланд жұмысшыларының ғана емес) азаттық қозғалысының мүдделері тұрғысынан талап еткен.

Егер Англияның социалистері Ирландияның бөліну правосын мойындамаса және қолдамаса, француздар — итальян Ниццасының, немістер — Эльзас-Лотарингияның, дат Шлезвигінің, Польшаның, орыстар — Польшаның, Финляндияның, Украинаның және басқаларының, поляктар — Украинаның бөліну правосын мойындамаса және қолдамаса, егер «ұлы», яғни ұлы тонаушылықты жүзеге асырып жатқан, державалардың барлық социалистері отарлар жөнінде дәл осы правоны қолдамаса, оның себебі дәл мынадан, тек қана мынадан: олар іс жүзінде социалистер емес, империалистер. Сон-

дықтан өздері езуші ұлттардан бола тұрып, езілген ұлттардың «өзін өзі билеу правосын» *қолдамайтын* адамдар социалистік саясатты жүргізе алады деген жалған үмітке берілу — кісі күлерлік нәрсе.

Екіжүзді қызылөңештердің халықты демократиялық бітімнің болу мүмкіндігі жөніндегі құрғақ сөздермен және уәделермен алдауына жол берудің орнына, социалистер бірқатар революциялар жасалмайынша және әрбір елде *өз* үкіметімен революциялық күрес жүргізілмейінше азды-көпті демократиялық бітім болуы мүмкін емес екендігін бұқараға түсіндіруге тиіс. Буржуазиялық саясат құмарлардың халықтарды ұлттар бостандығы туралы құрғақ сөздермен алдауына жол берудің орнына,— социалистер *езуші* ұлттардың бұқарасына, егер олар басқа ұлттарды езуге жәрдемдесетін болса, сол ұлттардың өзін өзі билеу правосын, яғни еркін бөлініп шығуын мойындамайтын және қолдамайтын болса, олардың өздерінің азат етілуі мүмкін емес екендігін түсіндірулері керек. Бейбітшілік туралы мәселеде және ұлт мәселесінде барлық елдер үшін ортақ, империалистік емес, социалистік саясат осындай. Рас, бұл саясат көбінесе мемлекетке опасыздық жасау туралы заңдарға үйлеспейді,— бірақ ол заңдарға Базель қарары да үйлеспейді; бұл қарарға езуші ұлттардың барлық социалистері түгелдей дерлік масқара опасыздық жасады.

Екінің бірін таңдау керек: социализм жағына немесе Жоффр және Гинденбург мырзалардың заңдарына бағыну жағына шығу керек,— революциялық күрес жағына немесе империализм алдында малайлық ету жағына шығу керек. Мұнда аралық жол жоқ. Сондықтан «аралық жол» саясатын ойлап шығарған екіжүзді (немесе топас) адамдар пролетариатқа аса зор зиян келтіреді.

1915 ж. июль—августа жазылған
Қол қойған: Ленин

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 5-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОЦИАЛИЗМ ЖӘНЕ СОҒЫС

(РСДРП-ның СОҒЫСҚА КӨЗҚАРАСЫ)[219]

1915 ж. июль—августа жазылған

1915 ж. августа Женевада «Социал-Демократ» газетінің редакциясы жеке кітапша етіп бастырып шығарған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

1-(ШЕТЕЛДІК) БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Соғыстың созылғанына бір жыл болып қалды. Біздің партия соғысқа өзінің көзқарасын соғыс басталған кезде-ақ, Орталық Комитеттің манифесінде белгілеген болатын; бұл манифест 1914 ж. сентябрьде жазылып (оны Орталық Комитеттің мүшелеріне және біздің партияның Россиядағы жауапты өкілдеріне жіберіп, олардың келісімін алғаннан кейін), партиямыздың Орталық Органы «Социал-Демократтың» 33-номерінде 1914 ж. 1 ноябрьде басылған болатын*. Одан кейін 40-номерде (29 март, 1915 ж.) біздің принциптер мен біздің тактиканы неғұрлым дәл баяндайтын Берн конференциясының қарарлары** басылды.

Қазіргі уақытта Россияда бұқара ішінде революциялық пиғыл анық өсіп келеді. Өз үкіметтері мен өз буржуазиясы жағына шыққан ресми социал-демократиялық партиялардың көпшілігі пролетариаттың революциялық талпыныстарын тұншықтыра басып отырғанына қарамастан, басқа елдердің қай жерінде болсын нақ осындай құбылыстың белгілері байқалады. Істің бұл жағдайы соғыс жөніндегі социал-демократиялық тактикаға қорытынды жасайтын кітапша шығаруды ерекше қажет етеді. Жоғарыда аталған партиялық документтерді толық қайта басумен бірге, біз оларға қысқаша түсініктер беріп, әдебиетте және партия жиналыстарында буржуазиялық тактика мен пролетарлық тактиканы жақтап айтылған басты-басты дәлелдердің бәрін ескеруге тырысамыз.

---

* Қараңыз: осы том, 13—23-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 170—177-беттер. *Ред.*

2-БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітапша 1915 жылдың жазында Циммервальд конференциясының дәл қарсаңында жазылды. Кітапша неміс және француз тілдерінде де шықты және норвег тілінде норвег социал-демократ жастарының органында толық қайта басылды. Кітапшаның Германияға — Берлинге, Лейпцигке, Бременге және басқа қалаларға құпия түрде апарылған немісше басылымын циммервальдтық солшылдарды жақтаушылар және Карл Либкнехт тобы құпия түрде таратты. Французша басылымы Парижде құпия түрде басылып, онда оны француз циммервальдистері таратты. Орысша басылымы Россияға өте аз мөлшерде жеткізілді, сондықтан оны Москвада жұмысшылар қолдан көшіріп жазды.

Біз бұл кітапшаны енді, документ ретінде, толық қайта басып отырмыз. Кітапшаның 1915 жылы августа жазылғанын оқушы үнемі жадында сақтауға тиіс. Әсіресе әңгіме Россия туралы болған жерлерде мұны есте ұстау керек: Россия ол кезде патшалық, романовтық Россия еді...

1918 ж. шыққан кітапшада басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

I ТАРАУ
СОЦИАЛИЗМ ПРИНЦИПТЕРІ ЖӘНЕ 1914—1915 ЖЫЛДАРДАҒЫ СОҒЫС

СОЦИАЛИСТЕРДІҢ СОҒЫСТАРҒА ҚӨЗҚАРАСЫ

Социалистер халықтар арасындағы соғысты варварлық жәпе айуандық іс деп, әрқашан кінәлап келді. Бірақ буржуазиялық пацифистерге (бейбітшілікті жақтаушылар мен уағыздаушыларға) және анархистерге қарағанда, біздің соғысқа көзқарасымыз принцип жағынан басқаша. Алдыңғылардан біздің айырмашылығымыз: біз соғыстардың ел ішіндегі таптар күресімен сөзсіз байланыстылығын түсінеміз, таптарды жоймайынша және социализмді орнатпайынша соғыстарды жоюға болмайтынын түсінеміз, сондай-ақ біз азамат соғыстарының, яғни езілуші таптың езуші тапқа қарсы, құлдардың құл иеленушілерге қарсы, крепостной шаруалардың помещиктерге қарсы, жалдама жұмысшылардың буржуазияға қарсы соғыстарының заңды екенін, прогресшіл екенін және қажет екенін әбден мойындаймыз. Пацифистерден де, анархистерден де біздердің, марксистердің, айырмашылығымыз: біз әрбір соғысты жеке алып, тарихи жағынан (Маркстің диалектикалық материализмі тұрғысынан) зерттеудің қажет екендігін мойындаймыз. Соғыс атаулының қайсысында болса да кездеспей қоймайтын барлық сұмдықтарға, айуандықтарға, апаттарға және азаптарға қарамастан, прогресшіл болған, яғни ерекше зиянды және реакциялық тәртіптерді (мәселен, самодержавиені немесе крепостниктік тәртіпті), Европадағы ең варварлық деспотияларды (түрік және орыс деспотияларын) қиратуға жәрдемдесіп, адамзаттың дамуына пайда келтірген соғыстар та-

рихта талай рет болған. Сондықтан нақ қазіргі соғыстың тарихи ерекшеліктерін алып қарау керек.

ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ СОҒЫСТАРДЫҢ ТАРИХИ ТИПТЕРІ

Адамзат тарихындағы жаңа заманды ұлы француз революциясы ашты. Сол кезден Париж Коммунасына дейін, 1789 жылдан 1871 жылға дейін, соғыстардың бір типі буржуазиялық-прогресшіл, ұлттық-азаттық сипаттағы соғыстар болды. Басқаша айтқанда, бұл соғыстардың басты мазмұны және тарихи маңызы абсолютизм мен феодализмді құлату, оларды әлсірету, жат ұлттық езгіні жою болды. Сондықтан олар прогресшіл соғыстар еді және барлық адал ниетті, революцияшыл демократтар, сондай-ақ барлық социалистер, *мұндай* соғыстардың тұсында, феодализмнің, абсолютизмнің және бөтен халықтарды езушіліктің ең қауіпті тіректерін құлатуға немесе әлсіретуге жәрдемі тиетін елдің (яғни буржуазияның) жеңуіне әрқашан тілектес болды. Мәселен, Францияның революциялық соғыстарында француздардың бөтен жерлерді тонаушылық және жаулап алушылық элементтері болды, бірақ мұның өзі бүкіл ескі, крепостниктік Европаның феодализмі мен абсолютизмін қиратқан және шайқалтқан осы соғыстардың негізгі тарихи маңызын титтей де өзгертпейді. Франция-Пруссия соғысында Германия Францияны тонады, бірақ мұның өзі, ондаған миллион неміс халқын феодалдық бытырандылықтан және екі деспоттың, орыс патшасы мен III Наполеонның, езгісінен азат еткен осы соғыстың негізгі тарихи маңызын өзгертпейді.

ШАБУЫЛДЫ СОҒЫС ПЕН ҚОРҒАНЫС СОҒЫСЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

1789—1871 жылдардағы заман терең іздер мен революциялық естеліктер қалдырды. Феодализмді, абсолютизмді және жат ұлттық езгіні құлатқанға дейін социализм жолындағы пролетарлық күрестің дамуы туралы сөз болуы да мүмкін емес еді. *Мұндай* замандағы соғыстар жөнінде «қорғаныс» соғысының заңдылығы туралы

айтқанда социалистер әрқашан орта ғасырлық пен крепостниктік тәртіпке қарсы революция жасауға апарып тірейтін нақ осы мақсаттарды айтқан болатын. Социалистер әрқашан да «қорғаныс» соғысы деп осы мағынадағы *«әділетті»* соғысты түсінген болатын (В. Либкнехт бір жолы осылай деп айтқан да)[220]. Социалистер «отан қорғаудың» немесе «қорғаныс» соғысының заңдылығын, прогресшілдігін, әділеттігін тек осы мағынада ғана мойындап келген және қазір де мойындайды. Мәселен, егер ертең Марокко—Францияға, Индия — Англияға, Персия немесе Қытай — Россияға соғыс жарияласа, т. с. болса, қайсысы алдымен шабуыл жасағанына *қарамастан,* бұлар «әділетті» және «қорғаныс» соғыстары болар еді, сондықтан езуші, құл иеленуші, тонаушы «ұлы» державаларға қарсы езілуші, тәуелді, толық праволы емес мемлекеттердің жеңуіне әрбір социалист тілектес болар еді.

Ал 100 құлы бар құл иеленуші 200 құлы бар құл иеленушімен құлдарды неғұрлым «әділ» бөлісіп алу үшін соғысады екен делік. Әрине, «қорғаныс» соғысы немесе «отан қорғау» деген ұғымды мұндай жағдайға қолдану тарихи жалғандық және практика жүзінде жай халықты, мещандарды, қараңғы адамдарды епті құл иеленушілердің алдағандығы болар еді. Құл иеленушілер арасында құлдықты нығайту және күшейту үшін болып жатқан осы күнгі соғыста қазіргі, империалистік буржуазия «ұлттық» идеология арқылы және отан қорғау ұғымы арқылы халықтарды нақ осылай алдап отыр.

ҚАЗІРГІ СОҒЫС — ИМПЕРИАЛИСТІК СОҒЫС

Жұрттың бәрі дерлік қазіргі соғысты империалистік соғыс деп таниды, бірақ көбінесе бұл ұғымды бұрмалайды, немесе мұны бір жақты қолданады, немесе қалайда бұл соғыстың буржуазиялық-прогресшіл, ұлттық-азаттық маңызы болуы мүмкін дегенді тықпалайды. Империализм дегеніміз капитализм дамуының тек XX ғасырда ғана жеткен ең жоғары сатысы. Ұлттық мемлекеттер құрылмағанда капитализм феодализмді құлата алмаған болар еді; енді ескі ұлттық мемлекеттер ка-

питализмге тар болып отыр. Капитализмнің шоғырландыруды дамытқаны соншалық — өнеркәсіптің тұтас салаларын капиталист-миллиардерлердің синдикаттары, трестері, одақтары басып алды, сөйтіп жер шарын түгел дерлік отарлар формасында немесе бөтен елдерді финанс қанауының мыңдаған бұғауларымен шырмап алу арқылы осы «капитал қожалары» өзара бөлісіп алды. Монополияға ұмтылушылық, капитал жұмсау, шикізатты әкету, т. т. үшін жер жаулап алуға тырысушылық еркін сауда мен бәсекенің орнын басты. Феодализмге қарсы күресте капитализм ұлттарды азат етуші болса, империалистік капитализм ұлттардың сұмдық езушісіне айналды. Капитализм прогресшілден реакцияшылға айналды, оның өндіргіш күштерді дамытқаны соншалық — адамзаттың не социализмге көшуіне, не отарлар, монополиялар, пұрсатты жағдайлар және әр түрлі ұлттық езгілер арқылы «ұлы» державалардың капитализмді әдейі сақтау жолындағы қарулы күресін жылдар бойы және тіпті ондаған жылдар бойы бастан кешіруіне тура келіп отыр.

ЕҢ ІРІ ҚҰЛ ИЕЛЕНУШІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰЛДЫҚТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ НЫҒАЙТУ ЖОЛЫНДАҒЫ СОҒЫС

Империализмнің мәнін түсіндіру үшін «ұлы» (яғни ұлы тонаушылықта табысы бар) державалар дейтіндердің дүние жүзін бөлісуі туралы дәл мәліметтер келтірелік [337-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Бұдан мынаны көреміз: 1789—1871 жылдары көбінесе басқаларға бас болып бостандық үшін күрескен халықтар енді, 1876 жылдан кейін, жоғары дәрежеде дамыған және «тым есейіп кеткен» капитализмнің негізінде, бүкіл жер шарының халықтары мен ұлттарының көпшілігін езушілерге және құлданушыларға айналған. 1876 жылдан 1914 жылға дейін алты «ұлы» держава 25 миллион шаршы километр жерді, яғни бүкіл Европадан $2^1/_2$ есе көп жерді тонаған! Алты держава отарлардағы *жарты миллиардтан астам* (523 миллион) адамды құлданып отыр. «Ұлы» державалардың әрбір 4 тұрғынына «олардың» отарларында тұратын 5 кісіден келеді. Ал

«Ұлы» құл иеленуші державалардың дүние жүзін бөлісуі

«Ұлы» державалар	Отарлар 1876 шаршы километр	халқы	Отарлар 1914 шаршы километр	халқы	Метрополиялар 1914 шаршы километр	халқы	Барлығы шаршы километр	халқы
	миллион		миллион		миллион		миллион	
Англия	22,5	251,9	33,5	393,5	0,3	46,5	33,8	440,0
Россия	17,0	15,9	17,4	33,2	5,4	136,2	22,8	169,4
Франция	0,9	6,0	10,6	55,5	0,5	39,6	11,1	95,1
Германия	—	—	2,9	12,3	0,5	64,9	3,4	77,2
Жапония	—	—	0,3	19,2	0,4	53,0	0,7	72,2
Солтүстік Америка Құрама Штаттары	—	—	0,3	9,7	9,4	97,0	9,7	106,7
Алты «ұлы» держава	40,4	273,8	65,0	523,4	16,5	437,2	81,5	960,6
Ұлы держава *емес*терге (Бельгияға, Голландияға және басқа мемлекеттерге) тиісті отарлар			9,9	45,3			9,9	45,3
«Жартылай отар» үш ел (Түркия, Қытай және Персия)							14,5	361,2
Жиыны:							105,9	1367,1
Қалған мемлекеттер мен елдер							28,0	289,9
Бүкіл жер шары (поляр облысынан басқа)							133,9	1657,0

отарлардың оқпен және семсермен жаулап алынғандығы, отарларда халыққа айуандықпен қарайтындығы, халықты мыңдаған әдістермен (капитал шығару, концессиялар, т. с. арқылы, товар сатқанда алдау, «үстем» ұлттың өкімет орындарына бағындыру, тағысын-тағылар, тағы сондайлар арқылы) қанайтындығы жұрттың бәріне мәлім. Ағылшын-француз буржуазиясы халықтардың және Бельгияның бостандығы үшін соғыс жүргізіп жатырмыз дегенде, халықты алдайды: ол іс жүзінде өзінің басып алған шектен тыс көп отарын сақтап қалу үшін соғысып отыр. Егер ағылшындар мен француздар өздерінің отарларын герман империалистерімен «құдайшылығымен» бөліссе, герман империалистері Бельгияны және басқаларды бірден босатып жіберген болар еді. Жағдайдың өзгешелігі мынада: бұл соғыста отарлардың тағдыры континенттегі соғыс арқылы шешіледі. Буржуазиялық әділеттілік және ұлттық бостан-

дық (немесе ұлттардың өмір сүруге правосы) тұрғысынан қарағанда Англиямен және Франциямен салыстырғанда Германиянікі сөзсіз жөн болар еді, өйткені Германияға отарлардан «үлес тимей» қалған, оның жаулары бұған қарағанда шектен тыс көп ұлтты езіп отыр, ал оның одақтасында, Австрияда, езілген славяндар патшалық Россиядағыдан, осы бір нағыз «халықтар түрмесіндегіден», көбірек еркіндікпен пайдаланып отырғандығына күмән жоқ. Бірақ Германияның өзі ұлттарды азат ету үшін емес, езу үшін соғысып жатыр. Социалистердің ісі неғұрлым жас әрі күшті қарақшының (Германияның) неғұрлым картайған және әбден семірген қарақшыларды тонауына жәрдемдесу емес. Қарақшылардың бәрін де құлату үшін социалистер сол қарақшылардың арасындағы күресті пайдаланып қалулары керек. Бұл үшін социалистер ең алдымен халыққа шындықты айтулары керек, атап айтқанда, бұл соғыс үш мағынада құл иеленушілердің құлдықты нығайту жолындағы соғысы екендігін айтулары керек. Бұл соғыс, 1-ден, отарларды неғұрлым «әділ» бөлісу және келешекте неғұрлым «ынтымақтаса» қанау арқылы оларды құлдануды нығайту жолындағы соғыс; 2-ден, «ұлы» державалардың өздеріндегі жат ұлттарды езуді нығайту жолындағы соғыс, өйткені Австрия *да*, Россия *да* (Австриядан гөрі Россия анағұрлым артық және анағұрлым жаман) тек қана осы езгінің арқасында, езгіні соғыс арқылы күшейту арқасында жан сақтап отыр; 3-ден, жалдама құлдықты нығайту және оны соза беру жолындағы соғыс, өйткені пролетариат жікке бөлініп, жанышталып отыр, ал капиталистер соғыстан баю, ұлттық соқыр сенімдерді қоздыру және барлық елдерде, тіпті ең ерікті және республикалық елдерде де, бас көтерген реакцияны күшейту арқылы ұтып шығып отыр.

«СОҒЫС — САЯСАТТЫҢ БАСҚАША ҚҰРАЛДАРМЕН (АТАП АЙТҚАНДА: КҮШТЕУ ҚҰРАЛДАРЫМЕН) ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖАЛҒАСЫ»

Бұл әйгілі нақыл сөзді соғыс мәселелерін өте жетік білген жазушылардың бірі Клаузевиц[221] айтқан болатын. Марксистер осы қағиданы әрбір нақты соғыстың

мәні жөніндегі көзқарастардың теориялық негізі деп әрқашан әділ есептеп келді. Маркс пен Энгельс әр түрлі соғыстарға әрқашан нақ осы тұрғыдан қарады.

Осы көзқарасты қазіргі соғысқа қолданыңызшы. Сонда сіз мынаны көресіз: ондаған жылдар бойы, жарты ғасыр бойы дерлік, Англияның да, Францияның да, Германияның да, Италияның да, Австрияның да, Россияның да үкіметтері мен үстем таптары отарларды тонау, жат ұлттарды езу, жұмысшы қозғалысын жаныштау саясатын жүргізіп келді. Қазіргі соғыста нақ осындай, тек қана осындай саясат одан әрі жүргізіліп отыр. Атап айтқанда, Австрияда да, Россияда да бейбіт кездің де, соғыс кезінің де саясаты — ұлттарды азат ету емес, оларды құлдапу саясаты. Керісінше, Қытайда, Персияда, Индияда және басқа тәуелді елдерде біз соңғы онжылдықтар ішінде ондаған және жүздеген миллион адамдарды ұлттық өмірге оята бастау саясатын, оларды реакцияшыл «ұлы» державалардың езгісінен азат ету саясатын көреміз. Мұндай тарихи негіздегі соғыс қазір де буржуазиялық-прогресшіл, ұлт-азаттық соғыс болуы мүмкін.

Қазіргі соғыста «отан қорғау» идеясын ақтауға болады деген пікірдің сорақы түрде тарихқа қайшы келетіндігін, оның жалған екендігін, екіжүзділік екендігін бірден аңғару үшін бұл соғыста «ұлы» державалардың және олардың ішіндегі негізгі таптардың саясатын одан әрі жүргізу тұрғысынан бір қарап өтсе жеткілікті.

БЕЛЬГИЯ МЫСАЛЫ

Үш жақты (қазір торт жақты) келісім[222] елдерінің социал-шовинистері (Россияда Плеханов және К°) Бельгия мысалын сылтауратуды тым жақсы көреді. Бірақ бұл мысал олардың өздеріне қарсы шығады. Соғысушы мемлекеттердің қашан және қайда болса да *барлық* шарттар мен міндеттемелерді қажет кезінде аяққа басып келгеніндей, герман империалистері ар-ұятқа қарамай Бельгияның бейтараптығын бұзды. Айталық, халықаралық шарттардың орындалуына мүдделі мемлекеттердің бәрі Бельгияны азат етуді және оның шығы-

нын өтеуді талап етіп, Германияға соғыс жариялаған екен делік. Бұл ретте социалистердің тілектестігі, әрине, Германияның жаулары жағында болар еді. Алайда мәселе нақ мынада: «үш жақты (төрт жақты) келісім» елдері Бельгияны азат ету үшін соғысып жатқан *жоқ:* бұл әбден белгілі, мұны тек екіжүзділер ғана жасырады. Англия Германияның отарлары мен Түркияны, Россия Галиция мен Түркияны тонауда, Франция Эльзас-Лотарингияны және тіпті Рейннің сол жақ жағалауын басып алмақшы; Италиямен олжаны (Албанияны, Кіші Азияны) бөлісіп алу туралы шарт жасалды; Болгариямен және Румыниямен тағы да сол олжа бөлісу үшін сауда жүріп жатыр. Қазіргі үкіметтердің қазіргі соғысы негізінде Австрияны немесе Түркияны, т. т. тұншықтыруға көмектеспейінше, Бельгияға *басқаша* көмек көрсетуге *болмайды!* Бұл арада «отан қорғаудың» қандай қатысы бар?? Империалистік соғыстың, тарихи тұрғыдан алғанда күні өткен реакцияшыл-буржуазиялық үкіметтердің арасында басқа ұлттарды езу үшін жүргізіліп жатқан соғыстың, ерекшелігі міне нақ осында. Кімде-кім бұл соғысқа қатысуды ақтаса, ол адам ұлттарды империалистік езушілікті мәңгілік етеді. Кімде-кім үкіметтердің қазіргі қиыншылыққа ұшырауын әлеуметтік революция жолындағы күреске пайдалануды уағыздаса, ол адам тек социализм тұсында ғана жүзеге асатын, шынымен барлық ұлттардың шын бостандығын жақтайды.

РОССИЯ НЕ ҮШІН СОҒЫСЫП ЖАТЫР?

Россияда ең жаңа типті капиталистік империализм патша өкіметінің Персия, Маньчжурия, Монғолия жөніндегі саясатында өзін әбден көрсетті, бірақ жалпы алғанда Россияда әскери және феодалдық империализм басым. Елдегі халықтың көпшілігін Россиядағыдай езу дүние жүзінде басқа ешбір жерде жоқ: великоростар халықтың тек 43 проценті ғана, яғни жартысынан аз, ал қалғандарының бәрі, бұратаналар ретінде, правосыз. Россияның 170 миллион халқының *100 миллионға жуығы* езілуде және правосыз. Патша өкіметі Галицияны басып алу үшін, украиндардың бостандығын біржола

тұншықтыру үшін, Арменияны, Константинопольды, т. т. басып алу үшін соғысып жатыр. Патша өкіметі соғысты ел ішіндегі наразылықтың өсуінен назарды басқа жаққа бұрып әкетудің және үдей түскен революциялық қозғалысты басудың құралы деп есептейді. Қазір Россияда екі великоросқа екіден үшке дейін правосыз «бұратанадан» келеді: патша өкіметі соғыс арқылы Россияның езіліп отырған ұлттарының санын көбейткісі келеді, оларды езуді нығайтқысы келеді, сөйтіп бұл арқылы великоростардың өздерінің де бостандық жолындағы күресін әлсіреткісі келеді. Бөтен халықтарды езу және тонау мүмкіндігі экономикалық тоқырауды нығайтады, өйткені өндіргіш күштерді дамытудың орнына «бұратаналарды» жартылай феодалдық қанау көбінесе табыс көзі болып табылады. Сөйтіп, Россия тарапынан болып отырған соғыс—барынша реакциялық және азаттыққа қарсы сипаттағы соғыс, оның өзгешелігі осында.

СОЦИАЛ-ШОВИНИЗМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Социал-шовинизм дегеніміз — осы соғыста «отан қорғау» идеясын жақтау. Бұдан соң осы идеядан соғыс кезінде тап күресінен бас тарту, соғыс кредиттеріне дауыс беру, т. с. келіп шығады. Іс жүзінде социал-шовинистер антипролетарлық, буржуазиялық саясат жүргізеді, өйткені олар іс жүзінде жат ұлттық езгіге қарсы күресу мағынасында «отан қорғауды» емес, қайта белгілі бір «ұлы» державалардың отарларды тонау және бөтен халықтарды езу «правосын» жақтайды. Социал-шовинистер буржуазияның соғыс бостандықты және ұлттардың өмір сүруін қорғау үшін жүргізіліп жатыр деп халықты алдауын қайталайды, сөйтіп бұл арқылы олар пролетариатқа қарсы буржуазия жағына шығады. Соғысушы державалар топтарының *біреуінің* үкіметтері мен буржуазиясын ақтаушылар мен дәріптеушілер де, сондай-ақ, Каутский сияқты, *барлық* соғысушы державалардағы социалистердің «отан қорғауға» правосы бірдей деп танушылар да социал-шовинистерге жатады. Іс жүзінде «өз» империалистік буржуазиясының (немесе

жалпы қандай болса да империалистік буржуазияның) пұрсатты жағдайларын, артықшылықтарын, тонаушылығын және зорлық-зомбылығын қорғайтын социал-шовинизм барлық социалистік сенімдерге және Базельдегі Халықаралық социалистік конгрестің шешімдеріне толық опасыздық жасау болып табылады.

БАЗЕЛЬ МАНИФЕСІ

1912 жылы Базельде соғыс туралы бірауыздан қабылданған манифест 1914 жылы бұрқ ете түскен, қазіргі одақтастарымен бірге алғанда нақ сол Англия мен Германия арасындағы соғысты айтады. Манифест ұлы державалардың империалистік, тонаушылық саясаты негізінде «капиталистердің пайдасы және династиялардың қамы үшін» жүргізіліп жатқан соғысты ешқандай халықтық мүдде ақтай алмайды деп тура мәлімдейді. Манифест «үкіметтер үшін» (бірі қалмай бәрі үшін) соғыс қауіпті деп тура мәлімдейді, олардың «пролетарлық революциядан» қорқатындығын айтады, 1871 жылғы Коммунаның және 1905 жылғы октябрь — декабрьдің мысалын, *яғни революция мен азамат соғысының мысалын* мейлінше айқын көрсетеді. Сонымен, Базель манифесі нақ осы соғыс үшін жұмысшылардың өз үкіметтеріне қарсы интернационалдық колемдегі революциялық күресінің тактикасын, пролетарлық революцияның тактикасын белгілейді. Базель манифесі Штутгарт қарарының: соғыс бастала қалған күнде социалистер сол соғыс тудыратын «экономикалық және саяси дағдарысты» «капитализмнің құлауын тездету» үшін пайдалануға тиіс, яғни үкіметтердің соғыс тудырған қиыншылықтарын және бұқараның ашу-ызасын социалистік революция үшін пайдалануға тиіс деген сөздерін қайталайды.

Социал-шовинистердің саясаты, олардың соғысты буржуазиялық-азаттық көзқарас тұрғысынан ақтауы, олардың «отан қорғауды» жақтауы, кредиттерге дауыс беруі, министрліктерге кіруі, тағысын-тағы басқалары социализмге тура опасыздық жасау болып табылады; бұл опасыздықты европалық партиялардың көпшілігі ішін-

де оппортунизмнің және национал-либералдық жұмысшы саясатының жеңуімен ғана түсіндіруге болады, мұны төменде көреміз.

МАРКС ПЕН ЭНГЕЛЬСТІ ӨТІРІК СЫЛТАУ ЕТУ

Орыс социал-шовинистері (басы Плеханов болып) Маркстің 1870 жылғы соғыстағы тактикасына сүйенеді;—неміс социал-шовинистері (Ленч, Давид сияқтылар және K^0) Россиямен және Франциямен бірдей соғысқан жағдайда неміс социалистері үшін отан қорғаудың міндетті екендігі туралы Энгельстің 1891 жылы айтқан пікірін сылтауратады;— ақырында, интернационалдық шовинизмді ымыраластырғысы және заңды еткісі келетін Каутский сияқты социал-шовинистер Маркс пен Энгельстің, соғысты айыптай отырып, дегенмен үнемі, 1854—1855 жылдардан 1870—1871 және 1876—1877 жылдарға дейін, соғыс әйтеуір басталған соң, сол соғысушы мемлекеттердің біреуінің жағына шыққандығын сылтауратады.

Анархист Гильом мен K^0-нің шимайлары анархизмді ақтау үшін Маркс пен Энгельстің козқарастарын қалай бұрмаласа, бұл сылтаулардың бәрі буржуазия мен оппортунистердің пайдасына бола Маркс пен Энгельстің көзқарастарын дәл солай сорақы түрде бұрмалайды. 1870—1871 жылғы соғыс, қашан III Наполеон жеңілгенге дейін, Германия тарапынан тарихи-прогресшіл соғыс болды, өйткені III Наполеон, патшамен бірге, Германияның феодалдық бытырацдылығын қолдап, ұзақ жылдар бойы оны езіп келді. Ал соғыс Францияны тонауға көшкен кезде (Эльзас пен Лотарингияны аннексиялау) Маркс пен Энгельс немістерді батыл түрде айыптады. Тіпті осы соғыс басталған кездің өзіндеақ Маркс пен Энгельс Бебель мен Либкнехттің кредиттерге дауыс беруден бас тартқанын мақұлдады және буржуазияға қосылмай, пролетариаттың дербес таптық мүдделерін қорғау керек деп социал-демократтарға кеңес берді. Бұл соғысқа, буржуазиялық-прогресшіл және ұлт-азаттық соғысқа, берілген бағаны қазіргі империалистік соғысқа қолдану ақиқатты мазақ еткендік бола-

ды. 1854—1855 жылдардағы соғысқа және XIX ғасырдағы соғыстардың бәріне мұның одан да зор қатысы бар; ол кезде қазіргі империализм *де,* социализмнің пісіп жетілген объективтік шарттары *да,* соғысушы елдердің *бәрінде* бұқаралық социалистік партиялар *да* жоқ еді, яғни Базель манифесі ұлы державалардың арасындағы соғысқа *байланысты* «пролетарлық революцияның» тактикасын қорытып шығарған жағдайлар жоқ еді.

Кімде-кім қазір *прогресшіл* буржуазия заманындағы соғыстар жөніндегі Маркстің көзқарасына сүйенсе және Маркстің «жұмысшылардың отаны жоқ» деген сөздерін — *атап айтқанда* күні өткен, реакциялық буржуазияның заманына, социалистік революцияның заманына қатысы бар сөздерін—ұмытса, ол адам Маркстің пікірін беті бүлк етпестен бұрмалайды және социалистік көзқарасты буржуазиялық көзқараспен ауыстырады.

II ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ КҮЙРЕУІ

Бүкіл дүние жүзінің социалистері алдағы европалық соғысты *барлық* үкіметтердің капитализмге қарсы революцияны туғызбай қоймайтын, оның күйреуін тездете түсуге тиіс «қылмысты» әрі мейлінше реакциялық ісі деп есептейміз деп 1912 ж. Базельде салтанатты түрде мәлімдеген болатын. Соғыс басталып еді, дағдарыс басталды. Социал-демократиялық партиялардың көпшілігі өз үкіметтері мен өз буржуазиясының жағына шығып, революциялық тактиканың орнына реакциялық тактика жүргізді. Социализмге жасалып отырған бұл опасыздық—II (1889—1914) Интернационалдың күйреуі деген сөз, сондықтан біз бұл күйреудің неден болғандығы, социал-шовинизмнің неден туғандығы, оған не нәрсе күш бергендігі жөнінде өзімізге есеп беруге тиіспіз.

СОЦИАЛ-ШОВИНИЗМ ДЕГЕНІМІЗ ШЕГІНЕ ЖЕТКЕН ОППОРТУНИЗМ

II Интернационал заманының бүкіл өн бойына социал-демократиялық партиялардың ішінде революциялық және оппортунистік қанаттардың арасында барлық

жерде күрес жүріп жатты. Бірқатар елдерде (Англия, Италия, Голландия, Болгария) осы бағытта жікке бөлінушілік болды. Оппортунизм жұмысшы қозғалысындағы буржуазиялық саясатты бейнелейтіндігіне, ұсақ буржуазияның мүдделерін білдіретіндігіне және пролетарлар бұқарасының, езілгендер бұқарасының мүдделеріне қарсы буржуазияланған жұмысшылардың болмашы бөлегінің *«өз»* буржуазиясымен одағының мүдделерін білдіретіндігіне бірде-бір марксист күмәнданған емес.

XIX ғасырдың аяғындағы объективтік жағдайлар буржуазиялық жариялылықты пайдалануды оның алдында құлшылық етушілікке айналдырып, жұмысшы табының бюрократиясы мен аристократиясының кішкене тобын құрып және социал-демократиялық партиялардың қатарына көптеген ұсақ буржуазиялық «жолбикелерді» тарта отырып, оппортунизмді тым күшейтіп жіберді.

Оппортунизмді социал-шовинизмге айналдырып, оппортунистердің буржуазиямен жасырын одағын ашық одаққа айналдырып, соғыс дамуды тездетті. Бұл тұста әскери өкімет орындары барлық жерлерде соғыс жағдайын енгізді және ескі көсемдері түгел дерлік буржуазия жағына шығып кеткен жұмысшы бұқарасын тұмылдырықтап тастады.

Оппортунизм мен социал-шовинизмнің экономикалық негізі бір; ол негіз —өздерінің пұрсатты жағдайын қорғайтын, «өздерінің» ұлттық буржуазиясының бөтен ұлттарды тонауынан, оның ұлы державалық жағдайының тиімді жақтарынан түскен пайдалардан болмашы үлес алуға өздерінің «праволылығын» қорғайтын пұрсатты жағдайдағы жұмысшылардың болмашы тобы мен ұсақ буржуазияның мүдделері, т. т.

Оппортунизм мен социал-шовинизмнің идеялық-саяси мазмұны бір; ол мазмұн—таптардың күресі орнына олардың ынтымағы, күрестің революциялық құралдарынан бас тарту, «өз» үкіметі қиын жағдайға душар болғанда оның қиын жағдайын революция үшін пайдаланудың орнына, оған жәрдемдесу. Егер барлық европалық елдерді бүтіндей алатын болсақ, егер жеке

кісілерге (ең беделді кісілер болса да) назар аудармайтын болсақ, онда нақ осы оппортунистік *ағым* социал-шовинизмнің басты тірегі болып шығады, ал революционерлер лагерінен жер-жердің бәрінде дерлік бұған қарсы азды-көпті дәйекті наразылық білдіріледі. Егер, мысалы, 1907 жылғы Штутгарт халықаралық социалистік конгресіндегі бағыттардың топтасуын алатын болсақ, онда халықаралық марксизм империализмге қарсы болып шығады, ал халықаралық оппортунизм сол кездің өзінде-ақ империализм жағында болған еді.

ОППОРТУНИСТЕРМЕН БІРЛІК ДЕГЕНІМІЗ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ «ӨЗДЕРІНІҢ» ҰЛТТЫҚ БУРЖУАЗИЯСЫМЕН ОДАҚТАСУЫ ЖӘНЕ ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ЖІККЕ БӨЛІНУІ

Өткен заманда, соғысқа дейін, оппортунизм екінің бірінде «ауытқушылық», «шеткерілік» болып есептелуші еді, бірақ, дегенмен, социал-демократиялық партияның заңды құрамды бөлегі болып саналатын. Соғыс болашақта мұның мүмкін емес екендігін көрсетті. Оппортунизм «пісіп жетілді», жұмысшы қозғалысында буржуазияның эмиссары болу жөніндегі өзінің рөлін ақырына дейін жеткізді. Оппортунистермен бірлік жаппай екіжүзділікке айналды, біз мұның мысалын герман социал-демократиялық партиясынан көріп отырмыз. Оппортунистер маңызды оқиғалардың бәрінде (мысалы, 4 августағы дауыс беруде) өздерінің ультиматумымен көзге түседі, оны буржуазиямен толып жатқан байланыстары арқылы, кәсіптік одақтардың басқармаларындағы көпшілігі, т. т. арқылы жүзеге асырып отырады. Оппортунистермен *бірлік* дегеніміз қазір *іс жүзінде* жұмысшы табын «өзінің» ұлттық буржуазиясына бағындыру, бөтен ұлттарды езу үшін және ұлы державалық пұрсатты жағдайлар жолында күресу үшін сол буржуазиямен одақтасу деген сөз, барлық елдердің революцияшыл пролетариатының *жікке бөлінуі* деген сөз.

Көптеген ұйымдарда үстем болып отырған оппортунистермен күресу кейбір жағдайларда қаншама қиын болғанымен, жұмысшы партияларын оппортунистерден

тазарту процесі кейбір елдерде қаншама ерекше болғанымен, бұл процесс—болмай коймайтын және жемісті процесс. Реформистік социализм өліп барады; қайта туып келе жатқан социализм, француз социалисі Павел Голэйдің[223] дәл айтқанындай, «революциялық, ымырасыз, көтерілістік социализм болады».

«КАУТСКИЙШІЛДІК»

II Интернационалдың неғұрлым беделді адамы Каутский марксизмді сөз жүзінде мойындау іс жүзінде оның «струвизмге» немесе «брентанизмге»[224] айналуына апарып соққандығының мейлінше көрнекі және айқын мысалы болып табылады. Біз мұны Плехановтың мысалынан да көріп отырмыз. Олар нағыз софизмдер арқылы марксизмнен оның революциялық асыл мәнін сылып тастайды, марксизмде күрестің революциялық құралдарынан, оларды уағыздаудан және дайындаудан, бұқараны нақ осы бағытта тәрбиелеуден *басқаның бәрін* мойындайды. Каутский социал-шовинизмнің негізгі пікірін, қазіргі соғыста отан қорғау ісін мойындауды, кредиттерге дауыс бергенде қалыс қалу, өзінің оппозицияда екендігін сөз жүзінде мойындау, т. с. арқылы солшылдарға көз алдау үшін жасалған дипломатиялық кеңшіліктермен идеясыз «ымыраластырады». Революциялар заманының жақындап келе жатқаны туралы және соғыстың революциямен байланысы туралы 1909 жылы тұтас бір кітап жазған Каутский, алдағы соғысты революция үшін пайдалану туралы Базель манифесіне 1912 жылы қол қойған Каутский, енді келіп социал-шовинизмді сан саққа жүгірте ақтап, дәріптеп отыр және, Плеханов сияқты, революция туралы ниеттердің бәрін, тікелей-революциялық күреске қарай қадам басудың бәрін әжуа ету үшін буржуазиямен бірігіп отыр.

Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді теория жүзінде бұрын болып көрмеген дәрежеде масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды. Каутскийшілдік кездейсоқ нәр-

се емес, II Интернационалдың қайшылықтарының, сөз жүзінде марксизмге адал болу мен іс жүзінде оппортунизмге бағынуды біріктірудің әлеуметтік нәтижесі.

Әр түрлі елдерде «каутскийшілдіктің» бұл негізгі жалғандығы әр түрлі формаларда көрінеді. Голландияда Роланд-Гольст отан қорғау идеясын бекерге шығарады да, оппортунистер партиясымен бірлікті қорғайды. Россияда Троцкий де осы идеяны бекерге шығарады, сонымен қатар «Наша Заряның» оппортунистік және шовинистік тобымен бірлікті қорғайды. Румынияда Раковский Интернационалдың күйреуіне оппортунизм айыпты деп, оған соғыс жариялайды да, сонымен бірге отан қорғау идеясының заңдылығын мойындауға әзір тұрады. Мұның бәрі — голландиялық марксистер (Гортер, Паннекук) «енжар радикализм» деп атаған және революциялық марксизмді теориядағы эклектизммен ауыстыруға және практика жүзінде оппортунизмге құлшылық етумен немесе дәрменсіздік көрсетумен ауыстыруға барып тірелетін кеселдің белгілері.

МАРКСИСТЕРДІҢ ҰРАНЫ — РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ҰРАНЫ

Күмән жоқ, соғыс барынша қатты дағдарыс тудырды және бұқараның күйзелісін орасан шиеленістірді. Бұл соғыстың реакциялық сипаты, өздерінің тонаушылық мақсаттарын «ұлттық» идеологиямен бүркейтін *барлық* елдер буржуазиясының ар-ұятсыз өтірігі, осылардың бәрі объективті-революциялық жағдай негізінде бұқара арасында революциялық пиғыл тудырмай қоймайды. Біздің борышымыз — осы пиғылды түсінуге жәрдемдесу, оны тереңдете түсу және қалыптастыру. Бұл міндетті империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұраны ғана дұрыс көрсетеді және соғыс кезіндегі дәйекті таптық күрестің *қандайы болсын*, елеулі түрде жүргізілетін «бұқаралық қимылдар» тактикасының қандайы болсын осыған жеткізбей қоймайды. Күшті революциялық қозғалыстың ұлы державалардың 1-ші немесе 2-ші империалистік соғысына байланысты, осы соғыс кезінде немесе одан кейін тұта-

натынын білу қиын, бірақ қалай болғанда да нақ осы бағытта ұдайы және тапжылмастан жұмыс істеу — біздің сөзсіз борышымыз.

Базель манифесі Париж Коммунасының мысалына, яғни үкіметтер соғысын азамат соғысына айналдыру мысалына тікелей сүйенеді. Жарты ғасыр бұрын пролетариат тым әлсіз еді, социализмнің объективтік шарттары әлі пісіп жетілген жоқ еді, барлық соғысушы елдерде революциялық қимылдардың сәйкес болуы және бір-біріне жәрдемдесуі мүмкін емес еді, Париж жұмысшыларының бір бөлегінің «ұлттық идеологиямен» (1792 жылғы дәстүрмен) елігуі олардың, Маркс дер кезінде айтқандай, ұсақ буржуазиялық әлсіздігі еді және Коммунаның күйреуінің бір себебі еді. Жарты ғасырдан соң, ол кездегі революцияны әлсіреткен жағдайлар жоғалды, сондықтан қазіргі уақытта нақ осы Париж коммунарларының рухында әрекет істеуден бас тартуға көну социалистерге кешірілмейді.

ТРАНШЕЯЛАРДА БАУЫРЛАСУ МЫСАЛЫ

Барлық соғысушы елдердің буржуазиялық газеттері соғысушы ұлттар солдаттарының тіпті траншеялардағы бауырласуынан мысалдар келтірді. Ал әскери өкімет орындарының (Германия, Англия) осындай бауырласуға қарсы қатал указдар шығаруы үкіметтер мен буржуазияның бұған елеулі маңыз бергендігін дәлелдеді. Егер Батыс Европаның социал-демократиялық партияларының басшылығында оппортунизм толық үстем болып отырған кезде және социал-шовинизмді бүкіл социал-демократиялық баспасөз, II Интернационалдың барлық беделді адамдары қолдап отырған кезде бауырласу оқиғалары мүмкін болса, онда мұның өзі бізге барлық соғысушы елдердің ең болмағанда солшыл социалистері осы бағытта ұдайы жұмыс істеген күнде қазіргі қылмысты, реакциялық және құл иеленушілік соғысты тоқтату және революциялық интернационалдық қозғалыс ұйымдастыру қаншалықты мүмкін екендігін көрсетеді.

ҚҰПИЯ ҰЙЫМДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бүкіл дүние жүзінің көрнекті анархистері бұл соғыста өздерін социал-шовинизммен (Плеханов пен Каутский рухында) масқаралағанда оппортунистерден кем түскен жоқ. Күмән жоқ, бұл соғыстың пайдалы нәтижелерінің бірі сол—ол оппортунизмді де, анархизмді де құртады.

Ешбір ретте және ешбір жағдайда бұқараны ұйымдастыру және социализмді уағыздау үшін титтей де болсын жария мүмкіндікті пайдаланудан бас тартпай, социал-демократиялық партиялар жариялылыққа табынушылықтан қол үзулері керек. Нақ азамат соғысына және жариялылықты буржуазия бұзғаннан *кейін* оны біздің бұзуымыз қажет екендігіне меңзеген Энгельс: «Алдымен өздерің атыңдар, буржуа мырзалар» деп жазған болатын. Барлық елдерде, тіпті ең ерікті елдерде де, буржуазияның жариялылықты бұзып отырғандығын және күрестің революциялық құралдарын уағыздау, талқылау, бағалау, әзірлеу үшін құпия ұйымдар құрмайынша бұқараны революцияға бастауға болмайтындығын дағдарыс көрсетті. Мысалы, Германияда социалистердің *адал* істерінің бәрі де жауыз оппортунизм мен екіжүзді «каутскийшілдікке» қарсы істеледі және нақ құпия істеледі. Англияда әскерге барма деп үндеу басып шығарғандар каторгаға айдалады.

Насихаттың құпия тәсілдерін бекерге шығару және бұларды жария баспасөзде әжуа ету социал-демократиялық партияның қатарында болумен сыйысады деп есептеу социализмге опасыздық жасау болып табылады.

ИМПЕРИАЛИСТІК СОҒЫСТА «ӨЗ» ҮКІМЕТІНІҢ ЖЕҢІЛУІ ТУРАЛЫ

Бұл соғыста өз үкіметінің жеңуін қорғаушылар да, «жеңіс те, жеңіліс те болмасын» деген ұранды қорғаушылар да, екеуі бірдей социал-шовинизмнің позициясында тұр. Революцияшыл тап реакциялық соғыста өз үкіметінің жеңілуін тілемей отыра алмайды, оның со-

ғыстағы сәтсіздігі мен оны құлату ісінің жеңілдеуі арасындағы байланысты көрмей тұра алмайды. Үкіметтер бастаған соғыс қайткен күнде де үкіметтер арасындағы соғыс ретінде аяқталады деп сенетін және осыны тілейтін буржуа ғана *барлық* соғысушы елдердің социалистері *барлық* «өз» үкіметтерінің жеңілуін тілеуі керек деген идеяны «кісінің күлкісін келтіретін» «сөлекет» идея деп біледі. Қайта, нақ осылай тілеу әрбір саналы жұмысшының көкейтесті ойына сай келер еді және империалистік соғысты азамат соғысына айналдыруға бағытталған біздің іс-әрекетіміздің бағдарына тура келер еді.

Күмән жоқ, ағылшын, неміс, орыс социалистерінің бір бөлегінің соғысқа қарсы елеулі үгіті тиісті үкіметтердің «соғыс қуатын әлсіретті», бірақ мұндай үгіт социалистердің еңбегі еді. Бұқара үшін «өз» үкіметтерін революциялық жолмен құлатудан басқа жол жоқ екендігін және бұл үкіметтердің қазіргі соғыстағы қиыншылықтарын нақ осы мақсат үшін пайдалану керек екендігін социалистер бұқараға түсіндіруге тиіс.

ПАЦИФИЗМ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК ҰРАНЫ ТУРАЛЫ

Бұқараның бейбітшілікті жақтаған пиғылы оның наразылық білдіруін, ашынуын, соғыстың реакциялық соғыс екенін ұғына бастауын көрсетеді. Осы пиғылды пайдалану — барлық социал-демократтардың борышы. Олар осы негізде қандай қозғалысқа болсын, қандай демонстрацияға болсын мейлінше қызу қатысады, бірақ олар революциялық қозғалыс болмаған күнде аннексиясыз, ұлттарды езусіз, тонаусыз, қазіргі үкіметтер мен үстем таптардың арасында жаңа соғыстардың тамыры қалмайтын бітім болуы мүмкін деп ойлап, халықты алдамайды. Халықты бұлай алдау тек соғысушы үкіметтердің жасырын дипломатиясы мен олардың контрреволюциялық жоспарларына ғана тиімді болар еді. Кімде-кім баянды және демократиялық бітімді қалайтын болса, ол адам үкіметтер мен буржуазияға қарсы азамат соғысын жақтауға тиіс.

ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ

Бұл соғыста буржуазияның халықты алдауының ең көп тараған түрі соғыстың тонаушылық мақсаттарын «ұлт-азаттық» идеологиямен бүркемелеу болып табылады. Ағылшындар Бельгияға, немістер Польшаға бостандық әпермекші болып уәде береді, т. т. Іс жүзінде, біздің көріп отырғанымыздай, бұл соғыс — дүние жүзіндегі ұлттардың көпшілігін езушілердің осы езгіні нығайту және кеңейту жолындағы соғысы.

Ұлттарды езудің қандайына болсын қарсы күреспейінше, социалистер өздерінің ұлы мақсатына жете алмайды. Сондықтан олар *езуші* елдердің (әсіресе «ұлы» державалар дейтіндердің) социал-демократиялық партиялары *езілуші* ұлттардың өзін өзі билеу правосын, осы сөздің нақ саяси мағынасындағы правосын, яғни саяси жағынан бөлініп шығу правосын мойындауын және жақтауын сөзсіз талап етуге тиіс. Ұлы державалық немесе отарлары бар ұлттардың бұл правоны жақтамайтын социалисі шовинист болып табылады.

Бұл правоны жақтау ұсақ мемлекеттердің құрылуына жол ашпайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, бұқараға неғұрлым тиімді және экономикалық дамуға неғұрлым сәйкес аса ірі мемлекеттердің және мемлекеттер арасындағы одақтардың неғұрлым ерікті, батыл, сондықтан да неғұрлым кең түрде және барлық жерде құрылуына жол ашады.

Езілуші ұлттардың социалистері, өз тарапынан, езілуші және езуші халықтар *жұмысшыларының* толық (сонымен бірге ұйымдық) бірлігі үшін сөзсіз күресуге тиіс. Бір ұлттан екінші бір ұлттың право жағынан бөлініп шығу идеясы (Бауэр мен Реннердің «мәдени-ұлттық автономиясы» дейтін идеясы) — реакциялық идея.

Империализм дегеніміз бүкіл дүние жүзіндегі ұлттарды ат төбеліндей «ұлы» державалардың барған сайын күшті езген заманы, сондықтан да ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындамайынша, империализмге қарсы социалистік интернационалдық революция жолында күрес жүргізу мүмкін емес. «Бөтен халықтарды езуші халық еркін болуы мүмкін емес» (Маркс және Эн-

гельс). «Өз» ұлтының басқа ұлттарға титтей де болсын зорлық жасауына төзуші пролетариат социалистік пролетариат бола алмайды.

II ТАРАУ
РОССИЯДАҒЫ ТАПТАР МЕН ПАРТИЯЛАР
БУРЖУАЗИЯ ЖӘНЕ СОҒЫС

Орыс үкіметі өзінің европалық сыбайластарынан бір нәрседе қалыспады: нақ солар сияқты, орыс үкіметі де «өз» халқын алдауды орасан зор көлемде жүзеге асыра білді. Бұқараға шовинизм ауруын жұқтыру үшін, патша үкіметі «әділетті» соғыс жүргізіп жатыр, «бауырлас-славяндарды», т. т. адал пиетпен қорғап отыр деген түсінік тудыру үшін Россияда да өсек-өтірік пен айла-шарғының сұмдық зор аппараты іске қосылды.

Помещиктер табы және сауда-өнеркәсіп буржуазиясының жоғарғы тобы патша үкіметінің соғысқұмарлық саясатын қызу қолдады. Олардың Түркия мен Австриядан қалатын мұраны бөлісіп алудан орасан зор материалдық пайда мен пұрсаттылықтар күтуінің жөні бар. Олардың толып жатқан съездері патша армиясы жеңген күнде қалталарына келіп құйылатын пайдаларды күні бұрын-ақ сезіп отыр. Оның үстіне, егер Романовтар монархиясының құлауын тағы да бір нәрсе кешеуілдете алатын болса, Россияда жаңа революцияны тағы да бір нәрсе кідірте алатын болса, ол нәрсе патшаның сыртқы соғыста жеңіп шығуы ғана екендігін реакционерлер өте жақсы түсінеді.

Қалалық «орташа» буржуазияның, буржуазиялық интеллигенцияның, еркті кәсіп адамдарының, т. т. қалың тобы да — ең болмағанда, соғыстың бас кезінде — шовинизм ауруына шалдықты. Россиялық либерал буржуазияның партиясы — кадеттер — патша үкіметін түгелдей және сөзсіз қолдады. Шетелдік саясат саласында кадеттер ертеден-ақ үкіметтік партия болып келеді. Патша дипломатиясы өзінің орасан зор саяси алдауларын панславизм арқылы талай рет жүзеге асырған еді, осы панславизм кадеттердің ресми идеологиясы болып

алды. Орыс либерализмі *национал*-либерализм болып азғындады. Ол «патриотизм» мәселесінде қаражүздікпен бәсекеге түседі, милитаризмге, маринизмге, т. с. әрқашан құлшына дауыс береді. Орыс либерализмінің лагерінде де шамамен айтқанда сол құбылыс — 70-жылдары Германияда «еркін ойлы» либерализм азып, өз ішінен национал-либералдық партияны бөліп шығарған кездегі құбылыс байқалады. Орыс либерал буржуазиясы контрреволюция жолына біржола түсіп отыр. РСДРП-ның бұл мәселедегі көзқарасы толық дәлелденді. Орыс либерализмі әлі де болса Россиядағы революцияның қозғауыш күші болып табылады дейтін біздегі оппортунистердің көзқарасын өмірдің өзі талқандады.

Буржуазиялық баспасөздің, дін басыларының, т. т. көмегімен билеуші топтар шаруалар арасында да шовинистік пиғыл тудыра алды. Бірақ, солдаттардың қырғын майданнан қайтып келуіне қарай, деревнядағы пиғыл, патша монархиясының пайдасына емес, басқаша өзгеретінінде күмән жоқ. Шаруаларға жанасатын буржуазиялық-демократиялық партиялар шовинистік толқынға төтеп бере алмады. Трудовиктер партиясы Мемлекеттік думада соғыс кредиттеріне дауыс беруден бас тартты. Бірақ бұл партия өзінің көсемі Керенскийге монархияның жапына ерекше жағып кеткен «патриоттық» декларацияны жариялатты. «Халықшылдардың» бүкіл жария баспасөзі жалпы алғанда либералдарға еріп кетті. Тіпті буржуазиялық демократияның сол қанаты да—Халықаралық социалистік бюроға өкіл жіберуге право алған социалист-революционерлер партиясы дейтін де — осы ағынға ілесіп кетті. Бұл партияның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі Рубанович мырза ашық социал-шовинист ретінде көрініп жүр. «Келісім» социалистерінің Лондондағы конференциясында осы партия делегаттарының жартысы шовинистік қарарды жақтап дауыс берді (екінші жартысы қалыс қалды). Социалист-революционерлердің құпия баспасөзінде («Новости»[225] газеті және басқалар) шовинистер басым болып отыр. «Буржуазиялық ортадан шыққан» революционерлер, яғни жұмысшы табымен

байланысы жоқ буржуазиялық революционерлер, осы соғыста қатты күйреді. Кропоткиннің, Бурцевтің, Рубановичтің қайғылы тағдыры айрықша мәнді нәрсе.

ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ЖӘНЕ СОҒЫС

Россияда шовинизм ауруын жұқтырмаған бірден-бір тап—пролетариат. Соғыстың бас кезіндегі жекелеген қолайсыз оқигалар жұмысшылардың тек ең қараңғы топтарын ғана шарпыды. Немістерге қарсы Москвада болған тәртіпсіздіктерге жұмысшылардың қатысуы өтемөте асыра көрсетілген. Жалпы және тұтас алғанда Россияның жұмысшы табы шовинизмді өзіне дарытпайтын болып шықты.

Бұған себеп — елдегі революциялық жағдай мен россиялық пролетариаттың жалпы тұрмыс халі.

1912—1914 жылдар Россияда аса зор жаңа революциялық өрлеудің басы болды. Біз тағы да дүние жүзінде болып көрмеген ұлы стачкалық қозғалыстың куәсы болдық. 1913 жылы бұқаралық революциялық стачка, мүлде азайтып есептегеннің өзінде, $1^{1}/_{2}$ миллион адамды қамтыды, ал 1914 жылы 2 миллионнан асып түсіп, 1905 жылдың деңгейіне жақындады. Соғыс қарсаңында Петербургте мәселе алғашқы баррикадалық ұрыстарға дейін жетті.

Россия социал-демократиялық құпия жұмысшы партиясы Интернационал алдында өзінің борышын орындады. Оның қолындағы интернационализм туы қалтыраған жоқ. Біздің партия ұйымдық жағынан оппортунистік топтармен және элементтермен баяғыда-ақ қол үзісті. Оппортунизм мен «сөзсіз жариялылықтың» тасы біздің партияның аяғына оралғы болған жоқ. Міне осы жағдай — итальян жолдастарға да Биссолатидің оппортунистік партиясынан бөлінудің көмектескені сияқты— біздің партияның революциялық борышты орындауына көмектесті.

Біздің елдегі жалпы жағдай жұмысшы бұқарасы арасында «социалистік» оппортунизмнің гүлдеруіне қарсы. Біз Россияда интеллигенцияның, ұсақ буржуазияның, т. т. арасында оппортунизм мен реформизмнің

толып жатқан сарындарын көріп отырмыз. Бірақ мұның өзі жұмысшылардың саяси жағынан белсенді топтарының ішінде мейлінше аз. Бізде пұрсатты жағдайдағы жұмысшылар мен қызметшілер тобы өте әлсіз. Бізде жариялылық фетишизмі қалыптаса алмады. Жойымпаздардың (Аксельрод, Потресов, Череванин, Маслов және басқалар басшылық еткен оппортунистер партиясының) жұмысшы бұқарасында соғысқа дейін ешқандай елеулі тірегі болмады. IV Мемлекеттік думаның сайлауында *барлық* 6 жұмысшы-депутат жойымпаздарға қарсылардан өтті. Петроград пен Москвада жария жұмысшы баспасөзінің тиражы мен жиналған ақшалай қаржысы саналы жұмысшылардың $^4/_5$ бөлігі оппортунизм мен жойымпаздыққа қарсы екенін айқын көрсетті.

Соғыс басталысымен патша үкіметі мың-мыңдаған алдыңғы қатарлы жұмысшыларды, біздің құпия РСДРП-ның мүшелерін тұтқынға алды және жер аударды. Бұл жағдай,— елде соғыс жағдайының енгізілуімен, біздің газеттердің жабылуымен және басқалармен бірге,— қозғалысты кідіртті. Бірақ, әйткенмен, біздің партияның революциялық құпия жұмысы жүріп жатыр. Петроградта біздің партияның комитеті құпия «Пролетарский Голос»[226] газетін шығарады.

Шетелде шығатын Орталық Орган «Социал-Демократтағы» мақалалар Петроградта қайта басылып, провинцияларға жіберіледі. Құпия прокламациялар шығып тұрады, олар казармаларда да таратылады. Қала сыртында, әр түрлі қалтарыс жерлерде, жұмысшылардың құпия жиналыстары өткізіледі. Соңғы кезде Петроградта металлист жұмысшылардың ірі стачкалары басталды. Осы стачкаларға байланысты біздің Петроград комитеті жұмысшыларға арнап бірнеше үндеу хат шығарды.

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДАҒЫ РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ФРАКЦИЯСЫ ЖӘНЕ СОҒЫС

1913 жылы Мемлекеттік думаның социал-демократиялық депутаттары арасында жікке бөліну туды. Бір жағында— оппортунизмді жақтаушы 7 депутат, бұларға

Чхеидзе басшылық етті. Бұлар 214 мың жұмысшысы бар пролетарлық емес 7 губерниядан сайланған болатын. Екінші жағында — 6 депутат, *бәрі* де жұмысшы курияларынан, бұлар Россияның 1008 мың жұмысшысы бар ең өнеркәсіпті орталықтарынан сайланды.

Ажырасудың басты себебі: революциялық марксизм тактикасы ма *әлде* оппортунистік реформизм тактикасы ма деген мәселе болды. Практика жүзінде ажырасушылық бұқара арасында парламенттен *тыс* жүргізілетін жұмысқа бәрінен де гөрі көбірек әсер етті. Бұл жұмыс, егер осы жұмысты жүргізушілердің революциялық негізде қалғылары келсе, Россияда құпия жүргізілуге тиіс еді. Чхеидзе фракциясы құпия жұмысты бекерге шығарған жойымпаздардың ең сенімді одақтасы болып қала берді және оларды жұмысшылармен болған әңгімелердің, жиналыстардың бәрінде қорғады. Осыдан келіп жікке бөліну туды. 6 депутат Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясын құрды. Орыс жұмысшыларының басым көпшілігі нақ осы фракция жағында екенін бір жылғы жұмыс айқын көрсетті.

Соғыстың бас кезінде ажырасушылық ерекше айқын сезілген еді. Чхеидзенің фракциясы парламенттік негізбен қанағаттанды. Ол кредиттерді жақтап дауыс бермеді, өйткені бұлай етпесе, ол өзіне қарсы жұмысшылар тарапынан күшті наразылық тудырған болар еді. (Россияда тіпті ұсақ буржуазиялық трудовиктер де кредиттерді жақтап дауыс бермегенін біз білеміз.) Бірақ ол социал-шовинизмге қарсы наразылық та білдірген жоқ.

Біздің партияның саяси бағытын ұстаған Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы басқаша істеді. Ол соғысқа қарсы наразылық білдіріп, жұмысшы табының қалың тобына барды, ол империализмге қарсы уағызды орыс пролетарларының қалың бұқарасына жеткізді.

Сондықтан да ол жұмысшылар тарапынан өте-моте тілектестік ниетті кездестірді,— мұның өзі үкіметтің зәресін ұшырды, сөйтіп үкімет, өз заңдарын көріне көзге бұзып, біздің депутат жолдастарды тұтқынға алып, Сибирьге өмірлік қопыс аудару жөнінде үкім шығаруға мәжбүр болды. Біздің жолдастарды тұтқынға алу тура-

лы ең алғашқы ресми хабарда патша үкіметі былай деп жазды:

«Бұл жөпінен социал-демократиялық қоғамдардың кейбір мүшелері мүлдем ерекше бағыт ұстады; олар астыртын үндеу хаттар мен ауызекі насихат арқылы соғысқа қарсы үгіт жүргізу жолымен Россияның соғыс қуатын әлсіретуді өз қызметінің мақсаты етіп қойды».

Патша өкіметіне қарсы күресті «уақытша» тоқтату керек деген Вандервельденің белгілі үндеуіне—Бельгиядағы патшаның кіші елшісі князь Кудашевтің жауабынан Вандервельденің бұл үндеуді бір өзі емес, аталған патша елшісімен бірлесіп жазғандығы енді белгілі болып отыр — *тек қана* біздің партия, оның Орталық Комитеті, теріс жауап берді. Жойымпаздардың басшы орталығы Вандервельдемен келісті және ол «өз қызметімізде *соғысқа қарсы әрекет жасамаймыз»* деп баспасөзде ресми түрде мәлімдеді.

Патша үкіметі біздің депутат жолдастарды айыптағанда, алдымен Вандервельдеге берілген осы теріс жауапты жұмысшылар арасында насихаттады деп айыптады.

Патша прокуроры Ненарокомов мырза сотта біздің жолдастарға неміс және француз социалистерін үлгі етіп көрсетті. «Герман социал-демократтары, — деді ол,— соғыс кредиттеріне дауыс берді, сөйтіп үкіметтің достары болып шықты. Герман социал-демократтары осылай істеді, бірақ орыс социал-демократиясының қасіретті серілері бұлай істемеді... Бельгия мен Франция социалистері өздерінің басқа таптармен талас-тартыстарын дереу ұмытты, партиялық дау-жанжалдарын ұмытты, сөйтіп көп ойланбай-ақ ту астына жиналды». Ал Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының мүшелері бұлай істемеді, ол партияның Орталық Комитетінің директиваларына бағынды...

Сот біздің партияның пролетариат бұқарасы арасында соғысқа қарсы жүргізген кең көлемді құпия үгітінің әсерлі көрінісін жайып салды. Әлбетте, патша соты біздің жолдастардың бұл саладағы қызметін әсте толық «аша» алмады. Бірақ ашқанының өзі бірнеше айдың

ішіндегі қысқа мерзімде қаншама көп іс тындырылғандығын көрсетті.

Сотта біздің топтар мен комитеттердің соғысқа қарсы, интернационалдық тактиканы жақтаған құпия үндеу хаттары жарияланды. Бүкіл Россияның саналы жұмысшыларынан тартылған жіптің ұшы Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының мүшелеріне келіп жалғасып жатты, ал фракция соғысты марксизм тұрғысынан бағалауда оларға шама-шарқына қарай көмектесіп отыруға тырысты.

Харьков губерниясының жұмысшыларынан депутат Муранов жолдас сотта былай деді:

«Халық мені Мемлекеттік думаға жібергенде Думаның креслосын тоздыру үшін жібермегенін түсіндім де, мен жұмысшы табының пиғылын білу үшін жергілікті жерлерге барып тұрдым». Сотта ол біздің партияның құпия үгітшісі міндетін атқарғанын, Уралда Верхнеисетск заводында және басқа жерлерде жұмысшы комитетін ұйымдастырғанын мойындады. Сот Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының мүшелері соғыс басталғаннан кейін насихат жүргізу мақсатымен Россияны түгел дерлік аралап шыққанын, Муранов, Петровский, Бадаев және басқалар көптеген жұмысшы жиналыстарын өткізгенін, бұл жиналыстарда соғысқа қарсы қарарлар қабылдағанын, т. т. көрсетті.

Патша үкіметі сотталушыларды өлім жазасымен қорқытты. Осыған байланысты сотта олардың бәрі бірдей Муранов жолдас сияқты батыл сойлемеді. Олар патша прокурорларының бұларды айыптауын қиындатуға тырысты. Қазір мұны орыс социал-шовинистері жұмысшы табына қандай парламентаризм керек? деген сұрақтың мәнін бүркемелеу үшін қасақана пайдаланып отыр.

Парламентаризмді Зюдекум мен Гейне, Самба мен Вальян, Биссолати мен Муссолини, Чхеидзе мен Плеханов мойындап отыр. Парламентаризмді Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясындағы жолдастарымыз да мойындайды, шовинистерден қол үзген болгар және итальян жолдастар да мойындайды. Парламентаризмнің парламентаризмнен айырмашылығы

бар. Біреулер парламент аренасын өз үкіметтеріне қызмет ету үшін, немесе ең тәуір дегенде, Чхеидзенің фракциясы сияқты, бойын аулақ салу үшін пайдаланады. Басқа біреулер парламентаризмді ақырына дейін революционер болып қалу үшін, ең қиын жағдайларда да өздерінің социалистер және интернационалистер ретіндегі борышын орындау үшін пайдаланады. Біреулердің парламенттік қызметі оларды министрлік креслоға апарып отырғызады, басқа біреулердің парламенттік қызметі оларды түрмеге, жер аударылуға, каторгаға ұрындырады. Біреулер—буржуазияға, басқа біреулер—пролетариатқа қызмет етеді. Біреулер — социал-империалистер. Басқа біреулер — революцияшыл марксистер.

III ТАРАУ

ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Интернационалды қалай қалпына келтіру керек? Бірақ алдымен Интернационалды қалай қалпына *келтірмеу керектігі* туралы бірер сөз айталық.

СОЦИАЛ-ШОВИНИСТЕР МЕН «ЦЕНТРДІҢ» ӘДІСІ

О, барлық елдердің социал-шовинистері — үлкен «интернационалистер»! Олар соғыс басталған кезден-ақ Интернационал жөніндегі бейнетті арқалап жүр. Бір жағынан, олар Интернационалдың *күйреуі* туралы қауесет «асыра айтылып» жүр деп сендірмек болады. Шынында ерекше ештеңе бола қойған жоқ деседі. Каутскийді тыңдап көріңізші: Интернационал дегеніміз «бейбіт уақыттың» құралы ғана, соғыс кезінде бұл аспаптың өз дәрежесінде болмауы табиғи нәрсе. Екінші жағынан, барлық елдердің социал-шовинистері қолайсыз жағдайдан құтылудың өте оңай жолын—және ең басты жолын: интернационалдық жолын—тапты. Бұл өзі оңай жол: тек қана соғыстың ақырын күту керек, соғыс біткенге дейін әрбір елдің социалистері өз «отанын» қорғауға және «өз» үкіметтерін қолдауға тиіс, ал соғыс біткен соң,—бірін-бірі «кешіруге» тиіс, *бәрінікі де* жөн болды деп мойындауға тиіс, бейбіт кезде біз

бауырлас адамдардай болып тұрамыз, ал соғыс кезінде—пәлендей қарарлардың дәл негізіне сүйеніп — өздерінің француз бауырларын қыруға неміс жұмысшыларын шақырамыз және өздерінің неміс бауырларын қыруға француз жұмысшыларын шақырамыз.

Бұған Каутский де, Плеханов та, Виктор Адлер де, Гейне де бірдей келіседі. Виктор Адлер: «осы ауыр уақытты бастан кешіріп отырған кезімізде біздің ең бірінші міндетіміз—бір-біріміздің кінәмызды жіпке тізбеу»[227] деп жазады. Каутский: Интернационалдың тағдыры үшін «қауіптенерлік үндер осы күнге дейін байсалды социалистердің ешбір тарапынан шыққан жоқ» дейді. Плеханов: «кінәсыз өлтірілгендердің қанының иісі шығып тұрған қолды (герман социал-демократтарының қолын) қысу жиіркенішті» дейді. Бірақ ол ілешала «кешірім» ұсынады: «бұл жерде,— деп жазады ол,— *сезімді ақылға* жеңдірген әбден орынды. Өзінің ұлы ісі үшін Интернационал кешігіп айтылған өкінішті де еске алуға тиіс». Гейне «Sozialistische Monatshefte»-де Вандервельденің мінезін «ерлік және қайсарлық мінез» деп атайды да, оны неміс солшылдарына үлгі етіп көрсетеді[228].

Қысқасы, соғыс біткеннен кейін Каутский мен Плехановтан, Вандервельде мен Адлерден комиссия тағайындаңыз, сонда өзара кешірім жасау рухында дереу «бірауыздан» қарар жасала қояды. Талас ың-шыңсыз тыйыла қалады. Не болғанын түсінуде жұмысшыларға көмектесудің орнына, оларды қағаз жүзіндегі жалған «бірлікпен» алдай салады. Барлық елдердің социал-шовинистері мен екіжүзділерінің бірлестігі Интернационалды қалпына келтіру деп аталады.

Өзіңнен жасыратын түгі жоқ: бұлайша «қалпына келтірудің» қаупі өте-мөте зор. Бұған барлық елдердің социал-шовинистері бірдей мүдделі. Олардың бәрі де: социализм бе *әлде* ұлтшылдық па деген мәселені олардың елдеріндегі жұмысшы бұқара өз бетімен ажырата алмасын деп тілейді. Олардың бәрі де бір-бірінің күнәларын жасыруға мүдделі. Олардың бәрі де «интернационалдық» екіжүзділіктің асқан шебері Каутский ұсынған нәрседен басқа ештеңе ұсына алмайды.

Ал оның бер жағында бұл қауіп жайында өздеріне өздері оншалықты есеп бере қоймайды. Соғыстың бір жылы ішінде интернационалдық байланысты қалпына келтіру жөнінде бірқатар әрекеттер жасалғанын көрдік. Біз Лондонда және Венада болған конференцияларды айтпаймыз; ол конференцияларда өз «отандарының» бас штабтары мен буржуазиясына көмектесу үшін белгілі бір шовинистер бас қосқан болатын. Біз Луганодағы, Копенгагендегі[229] конференцияларды, интернационалдық әйелдер конференциясын және жастардың интернационалдық конференциясын[230] айтып отырмыз. Бұл жиналыстар ең абзал ниеттермен рухтанған еді. Бірақ олар жоғарыда аталған қауіпті мүлде көрмеді. Олар интернационалистердің айбынды бағытын белгілемеді. Олар Интернационалды социал-шовинистік әдіспен «қалпына келтіруден» туатын қауіпті пролетариатқа көрсетіп бермеді. Олар социал-шовинистерге қарсы күреспейінше социализм ісінен үміт күтуге болмайтынын жұмысшыларға көрсетіп бермеді, мықтағанда ескі қарарларды қайталаумен шектелді. Олар мықтағанда *бір орында тұрып адымдау* болды.

ОППОЗИЦИЯ ІШІНДЕГІ ІСТІҢ ЖАЙЫ

Барлық интернационалистер үшін неғұрлым қажетті нәрсе герман социал-демократиялық оппозициясының ішіндегі істің жайы екендігінде ешқандай күмән жоқ. II Интернационалда неғұрлым күшті және жетекші партия болып келген ресми герман социал-демократиясы жұмысшылардың халықаралық ұйымына ең ауыр соққы берді. Бірақ сонымен бірге неғұрлым күшті оппозиция да герман социал-демократиясында болып шықты. Европалық ірі партиялардың ішінде социализм туына өзінің адалдығын сақтаған жолдастардың қатты наразылық білдірген үні алғаш рет осы партиядан естілді. Біз «Lichtstrahlen» және «Die Internationale» журналдарын қуана оқыдық. Біз Германияда, мысалы, «Өз еліңдегі басты жау» деген үндеу хат сияқты революциялық құпия үндеу хаттардың таратылғанын одан да үлкен қуанышпен естіп білдік. Мұның өзі герман

жұмысшыларының ішінде социализм рухы ұмытылмағандығын, Германияда революциялық марксизмді қорғауға қабілетті кісілер әлі де бар екендігін көрсетті.

Герман социал-демократиясында қазіргі социализмдегі жікке бөліну неғұрлым айқын көрінді. Біз мұнда 3 ағымды мейлінше айқын көріп отырмыз, олар: құлдыраудың және ренегаттықтың Германиядағыдай дәрежесіне ешбір жерде жетіп көрмеген шовинист-оппортунистер; мұнда оппортунистердің малайы болудан басқа қандай да болсын өзге роль атқаруға өзінің мейлінше дәрменсіз екендігін көрсеткен каутскийшілдік «центр»; және — Германиядағы бірден-бір социал-демократтар болып табылатын солшылдар.

Әлбетте, біздің бәрінен де гөрі көбірек білгіміз келетіні — неміс солшылдарының ішіндегі істің жайы. Біз бұларды өзіміздің жолдастарымыз деп, барлық интернационалистік элементтердің үміті деп білеміз.

Ал енді бұл жағдай қандай?

«Die Internationale» журналы неміс солшылдарының ішінде әлі бәрі де толқу процесінде, онда әлі ірі қайта топталыстар болады, онда неғұрлым батыл элементтер де, батылдығы кем элементтер де бар деп әбден дұрыс айтты.

Біздер, орыс интернационалистері, әлбетте, өзіміздің солшыл неміс жолдастарымыздың ішкі істеріне титтей де араласпақшы емеспіз. Уақыт және орын жағдайларына қарай, оппортунистерге қарсы күресу жөніндегі өз әдістерін белгілеуді тек олардың өздері ғана жақсы білетінін біз түсінеміз. Біз тек істің жайы туралы өз пікірімізді ашық айтуды өзіміздің правомыз және борышымыз деп есептейміз.

«Die Internationale» журналы бас мақаласының авторы каутскийшілдік «центр» марксизм ісіне ашық социал-шовинизмнен гөрі көп зиян шектіреді дегенде, оның мейлінше дұрыс айтқандығына біз көз жеткіздік. Қазір кімде-кім алауыздықты бүркемелейтін болса, қазір кімде-кім марксизм деген атпен жұмысшыларға каутскийшілдердің уағыздап жүргенін уағыздайтын болса, ол адам жұмысшылардың қырағылығын жояды, ол адам мәселені қабырғасынан қоятын және ажыра-

тып түсінуге жұмысшыларды мәжбүр ететін Зюдекумдер мен Гейнелерден гөрі зиянды.

Соңғы кезде Каутский мен Гаазе «инстанцияларға» қарсы білдіріп жүрген наразылық ешкімді адастырмауға тиіс. Бұлар мен Шейдемандардың арасындағы алауыздықтар принциптік алауыздықтар емес. Біреулер Гинденбург пен Макензен *қазірдің өзінде* жеңіп отыр, сондықтан енді аннексияға қарсы наразылық білдіре беруге болады деп есептейді. Басқа біреулер Гинденбург пен Макензен *әлі* жеңген жоқ, сондықтан «ақырына дейін шыдау керек» деп санайды.

Каутскийшілдер «инстанцияларға» қарсы тек көз қылып қана күрес жүргізеді,— атап айтқанда, соғыстан кейін жұмысшылар алдында принциптік таласты бүркемелеу үшін және істі тұрлаусыз-«солшыл» рухтағы 1001-ші қалың қарармен бүркеп тастау үшін күрес жүргізеді, ал II Интернационалдың дипломаттары бұған сондай шебер.

Неміс оппозициясы «инстанцияларға» қарсы өзінің қиын күресінде каутскийшілдердің осы принципті емес наразылығын да пайдалануға тиіс екендігі әбден түсінікті. Бірақ қандай интернационалистің болсын неокаутскийшілдікке теріс көзқараста қалуы негізгі шарт болуға тиіс. Кімде-кім каутскийшілдікке қарсы күрессе, кімде-кім «центрдің» өз көсемдерінің жалған бетбұрысынан *кейін де* принциптік жағынан *шовинистер мен оппортунистердің одақтасы* болып қала беретінін түсінсе, тек сол адам ғана шын интернационалист болып табылады.

Жалпы алғанда Интернационалдағы ауытқушы элементтерге біздің көзқарасымыздың орасан зор маңызы бар. Бұл элементтер—көбінесе *пацифистік* сарындағы социалистер — бейтарап елдерде де, кейбір соғысушы елдерде де (Англияда, мысалы, Тәуелсіз жұмысшы партиясы) бар. Бұл элементтер бізге жолсерік бола алады. Социал-шовинистерге қарсы бұлармен жақындасу қажет. Бірақ мынаны есте сақтау керек: бұлар—*тек* жолсеріктер *ғана,* Интернационалды қалпына келтірерде басты және негізгі мәселеде бұл элементтер бізбен бірге болмайды, бізге қарсы шығады, Каутскиймен,

Шейдеманмен, Вандервельдемен, Самбамен бірге болады. Халықаралық кеңестерде өз программамызды бұл элементтер үшін қолайлы нәрселермен шектемеу керек. Әйтпесе ауытқушы пацифистердің тұзағына өзіміз барып түсеміз. Мысалы, Берндегі халықаралық әйелдер конференциясында осылай болған. Клара Цеткин жолдастың көзқарасын ұстаған неміс делегациясы іс жүзінде осы конференцияда «центрдің» ролін атқарды. Әйелдер конференциясы Трульстраның оппортунистік голланд партиясының делегат әйелдері үшін және I. L. P.-нің (Тәуелсіз жұмысшы партиясының),— ұмытып кетіп жүрмелік,—«келісім» шовинистерінің Лондондағы конференциясында Вандервельденің қарарына дауыс берген партияның — делегат әйелдері үшін қолайлы нәрсені ғана айтты. Біз соғыс кезінде ағылшын үкіметіне қарсы ерлік күрес жүргізгені үшін I. L. P.-ға зор құрмет көрсетеміз. Бірақ бұл партияның марксизм негізінде тұрмағандығын және қазір де бұл негізде емес екендігін біз білеміз. Ал біз қазіргі кезеңде социал-демократиялық оппозицияның басты міндеті — революциялық марксизмнің туын көтеру, империалистік соғыстарға өзіміздің қалай қарайтынымызды жұмысшыларға бекем және анық айтып беру, бұқаралық революциялық қимылдардың паролін айту, яғни империалистік соғыстар заманын азамат соғыстары заманының бастамасына айналдыру паролін айту деп есептейміз.

Революцияшыл социал-демократиялық элементтер, еш нәрсеге қарамастан, көптеген елдерде өмір сүріп отыр. Олар Германияда да, Россияда да, Скандинавияда да (Хёглунд жолдас өкілі болып табылатын беделді бағыт), Балқанда да (болгар «тесняктарының» партиясы), Италияда да, Англияда да (Британ социалистік партиясының бір бөлегі), Францияда да («L'Humanité»-де интернационалистердің наразылық білдірген хаттарын алғандығын, бірақ олардың бірде-бірін толық басып шығармағандығын Вальянның өзі мойындаған), Голландияда да (трибунистер[231]) бар, т. т. Осы маркстік элементтерді —бұлар алғашқы кезде қаншама аз болса да — біріктіру, осылардың атынан қазіргі шын

социализмнің ұмытылған сөздерін еске салу, барлық елдердің жұмысшыларын шовинистерден қол үзуге және марксизмнің бұрынғы туының астына жиналуға шақыру — бүгінгі күннің міндеті міне осы.

«Қимыл» программалары дейтіні бар кеңестер осы күнге дейін жай пацифизм программасының азды-көпті толық жариялануына сайып келді. Марксизм пацифизм емес. Соғысты неғұрлым тезірек тоқтату жолында күресу қажет. Бірақ тек *революциялық* күреске шақырғанда ғана «бітім» талабы пролетарлық мағына алады. Бірқатар революциялар болмайынша демократиялық бітім деген мещандық утопия болып табылады. Тек *маркстік* программа ғана, не болып, не қойғаны туралы бұқараға толық және анық жауап беретін, империализм деген не және онымен қалай күресу керек екенін түсіндіретін, II Интернационалдың күйреуіне оппортунизм әкеліп соқтырғанын ашық айтатын, маркстік Интернационалды оппортунистерсіз және оларға *қарсы* бағыттай отырып ашық құруға шақыратын *маркстік* программа ғана нағыз қимыл программасы болар еді. Тек осындай программа ғана, өзімізге сенетінімізді, марксизмге сенетінімізді, оппортунизмге қарсы өліспей беріспейтін күрес жариялайтынымызды көрсете алатын программа ғана бізге шын пролетарлық бұқараның тілектестігін, ерте ме, кеш пе, қамтамасыз етер еді.

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ ЖӘНЕ III ИНТЕРНАЦИОНАЛ

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы өзінің оппортунистерінен әлдеқашан ажырасқан болатын. Енді орыс оппортунистері оның үстіне шовинистер болып отыр. Мұның өзі социализм мүдделері үшін оппортунистерден ажырасу қажет деген пікірімізді тек қана нығайта түседі. Социал-демократтардың социал-шовинистермен қазіргі ажырасуы социалистер мен анархистердің арасындағыдан, социал-демократтар осы соңғылармен ажырасқандағыдан, ешбір кем емес екендігіне біздің көзіміз жетіп отыр. Оппортунист Monitor «Preußische Jahrbücher»-де оппортунистер мен буржуазия үшін қазіргі бірлік тиімді, өйткені бұл бірлік сол-

шылдарды шовинистерге бағынуға мәжбүр етеді және жұмысшылардың таластарды ажыратып түсінуіне, өздерінің шын жұмысшы, шын социалистік партиясын құруына кедергі жасайды деп дұрыс айтты. Істің жайы қазіргідей болып отырғанда — сарылардан, антисемиттерден, либералдық жұмысшы одақтарынан, т. т. ажырасудың артта қалған жұмысшылардың көзін тезірек ашу және оларды социал-демократиялық партия қатарына тарту мүдделері үшін, нақ осы үшін қажет болғаны сияқты,— оппортунистерден және шовинистерден ажырасу революционердің бірінші борышы екендігіне біз әбден көз жеткізіп отырмыз.

Үшінші Интернационал, біздің пікірімізше, нақ осы революциялық негізде құрылуға тиіс еді. Біздің партия үшін социал-шовинистерден қол үзу тиімді ме, тиімді емес пе деген мәселе жоқ. Біздің партия үшін бұл мәселе біржола шешілген. Біздің партия үшін тек осының өзі таяу уақытта интернационалдық көлемде жүзеге аса ма, жоқ па деген мәселе ғана бар.

Халықаралық маркстік ұйымды жүзеге асыру үшін *әр түрлі* елдерде дербес маркстік партия құруға әзір тұрушылық болуға тиіс екендігі әбден түсінікті. Неғұрлым ескі және неғұрлым күшті жұмысшы қозғалысының елі ретінде Германияның шешуші маңызы бар. Жаңа маркстік Интернационал құру үшін жағдайдың қаншалықты пісіп жетілгендігін таяудағы болашақ көрсетеді. Егер жағдай пісіп жетілген болса, онда біздің партия осындай, оппортунизм мен шовинизмнен тазартылған, III Интернационалға қуана-қуана кіреді. Олай болмаған күнде, мұның өзі осындай тазарту ісіне әлі де азды-көпті ұзақ эволюция керек екендігін көрсетеді. Ол кезде — қашан әр түрлі елдерде революциялық марксизмнің негізінде тұрған халықаралық жұмысшылар серіктігі үшін негіз жасалғанға дейін — біздің партия бұрынғы Интернационалдың ішінде шеткері оппозицияда болады.

Халықаралық аренада таяу жылдарда дамудың қалай өрістейтінін біз білмейміз және біле де алмаймыз. Бірақ *біздің* партия *біздің* елде *біздің* пролетариаттың арасында жоғарыда көрсетілген бағытта талмастан жұ-

мыс істей беретіндігіне және өзінің бүкіл күнбе-күнгі қызметінде *маркстік* Интернационалдың россиялық секциясын құруға тырысатындығына өзіміздің әбден көз жеткізгенімізді біз анық білеміз.

Біздің Россияда да ашық социал-шовинистер және «центрдің» топтары жеткілікті. Бұл адамдар маркстік Интернационал құруға қарсы күресетін болады. Плехановтың Зюдекуммен бір принциптік негізде тұрғанын және қазірдің өзінде Зюдекумге қол созып отырғанын біз білеміз. Аксельрод басқарған «Ұйымдастыру комитеті» дейтіннің орыс топырағында каутскийшілдікті уағыздайтынын біз білеміз. Бұл адамдар жұмысшы табының бірлігі деген сылтаумен оппортунистермен және осылар арқылы буржуазиямен бірлік жасауды уағыздап жүр. Бірақ Россиядағы жұмысшы қозғалысының қазіргі жағдайы туралы біздің білетініміздің бәрі Россияның саналы пролетариаты бұрынғысынша *біздің партиямен* бірге болатындығына бізді толық сендіреді.

IV ТАРАУ

ЖІККЕ БӨЛІНУДІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ РОССИЯДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

РСДРП-ның соғыс жөніндегі жоғарыда баяндалған тактикасы Россиядағы социал-демократияның отыз жылдық дамуының сөзсіз нәтижесі болып табылады. Біздің партияның тарихы жөнінде жете ойланбайынша бұл тактиканы, сондай-ақ біздің елдегі социал-демократияның қазіргі жағдайын да, дұрыс түсінуге болмайды. Міне сондықтан біз осы жерде де бұл тарихтың негізгі фактілерін оқушылардың есіне салып өтуге тиіспіз.

Идеялық ағым ретінде, социал-демократия 1883 жылы, шетелде «Еңбекті азат ету» тобы социал-демократиялық көзқарастарды Россияға бейімдеп алғаш рет жүйелі түрде баяндап берген кезде туды[232]. 90-жылдардың басына дейін социал-демократия Россиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысымен байланысы жоқ идеялық ағым болып келді. 90-жылдардың басында қоғамдық өрлеу, жұмысшылар арасындағы толқу және стач-

қалық қозғалыс социал-демократияны жұмысшы табының (әрі экономикалық, әрі саяси) күресімен тығыз байланысты белсенді саяси күшке айналдырды. Социал-демократияның «экономистер» және «искрашылдар» болып жікке бөлінуі осы кезден басталады.

«ЭКОНОМИСТЕР» ЖӘНЕ ЕСКІ «ИСКРА»(1894—1903)

«Экономизм» орыс социал-демократиясындағы оппортунистік ағым болды. Оның саяси мәні «жұмысшыларға — экономикалық күрес, либералдарға — саяси күрес» деген программаға келіп саяды. «Жария марксизм» дейтін немесе революцияшылдық атаулыдан мүлдем тазартылған және либерал буржуазияның тілегіне ыңғайластырылған «марксизмді» «мойындайтын» «струвизм» «экономизмнің» теориялық басты тірегі болды. Россиядағы жұмысшылар бұқарасының жеткілікті саналы еместігін сылтауратып, «бұқарамен бірге болғысы» келіп, «экономистер» жұмысшы қозғалысының міндеттері мен ауқымын экономикалық күреспен және либерализмді саяси жағынан қолдаумен шектеді, өзінің алдына дербес саяси міндеттерді және ешқандай революциялық міндеттерді қойған жоқ.

Ескі «Искра» (1900—1903) революциялық социал-демократияның принциптері үшін «экономизмге» қарсы жеңімпаз күрес жүргізді. Саналы пролетариаттың бүкіл алдыңғы қатарлылары «Искра» жағына шықты. Революциядан бірнеше жыл бұрын социал-демократия нағыз дәйекті және ымыраға келмейтін программаны ұсынды. Ал таптар күресі, 1905 жылғы революция кезінде бұқараның бой көрсетуі бұл программаны дәлелдей түсті. «Экономистер» бұқараның артта қалғандығына бейімделді. «Искра» жұмысшылардың бұқараны алға бастай алатын авангардын тәрбиеледі. Социал-шовинистердің қазіргі дәлелдерінің *бәрін* (бұқарамен есептесудің қажеттігі туралы, империализмнің прогресшілдігі туралы, революционерлердің «жалған үміттері», т. с. туралы) экономистер сол кезде-ақ келтірген болатын. «Марксизмді» оппортунистік тұрғыдан «струвизм» етіп өзгертумен социал-демократиялық Россия бұдан 20 жыл бұрын танысқан болатын.

МЕНЬШЕВИЗМ ЖӘНЕ БОЛЬШЕВИЗМ (1903—1908)

Буржуазиялық-демократиялық революция заманы социал-демократияның ішінде ағымдардың жаңа күресін туғызды; бұл күрес бұрынғы күрестің тікелей жалғасы болды. «Экономизм» «меньшевизм» болып өзгерді. Ескі «Искраның» революциялық тактикасын қорғау «большевизмді» тудырды.

Дауылды 1905—1907 жылдарда меньшевизм либерал буржуа қолдаған және жұмысшы қозғалысында либералдық-буржуазиялық тенденцияларды жүргізген оппортунистік ағым болды. Жұмысшы табының күресін либерализмге бейімдеу — оның мәні осында болды. Керісінше, большевизм, либерализмнің солқылдақтық көрсетуіне және опасыздық істеуіне қарамастан, демократияшыл шаруаларды революциялық күреске көтеруді социал-демократиялық жұмысшылардың міндеті етіп қойды. Сөйтіп, жұмысшылар бұқарасы революция кезіндегі ең ірі бой көрсетулердің бәрінде большевиктермен бірге болды; мұны меньшевиктердің өздері де талай рет мойындады.

1905 жылғы революция Россиядағы ымырасыз-революциялық социал-демократиялық тактиканы тексерді, нығайтты, тереңдетті және шыныктырды. Таптар мен партиялардың ашық бой көрсетуі социал-демократиялық оппортунизмнің («меньшевизмнің») либерализммен байланысын талай рет ашып берді.

МАРКСИЗМ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ (1908—1914)

Контрреволюциялық заман мүлде жаңа формада социал-демократияның оппортунистік және революциялық тактикасы туралы мәселені тағы да күн тәртібіне қойды. Меньшевизмнің басты арнасы, оның көптеген ең тәуір өкілдерінің наразылығына қарамастан, жойымпаздық ағымын тудырды, Россияда жаңа революция үшін күрестен безуді, құпия ұйым мен құпия жұмыстан безуді, «астыртын» жұмысқа, республика ұранына, т. т. менсінбей күле қарауды тудырды. «Наша Заря» журналы жария әдебиетшілерінің тобынан (Потресов,

Череванин мырзалар, т. т.) ескі социал-демократиялық партияға тәуелсіз ұйтқы құрылды; Россияның жұмысшыларды революциялық күрестен бездірмек болған либерал буржуазиясы бұл ұйтқыны мыңдаған әдістермен қолдап, дәріптеп, мәпелеп отырды.

РСДРП-ның 1912 жылғы январь конференциясы оппортунистердің бұл тобын партиядан шығарды; бұл конференция, толып жатқан шетелдік топтар мен топсымақтардың жанталаса қарсылық көрсетуіне қарамастан, партияны қалпына келтірді. Екі жылдан астам уақыт бойы (1912 жылдың басы — 1914 жылдың ортасы) социал-демократиялық екі партияның: 1912 ж. январьда сайланған Орталық Комитеттің және Январь конференциясын мойындамаған, «Наша Заря» тобымен бірлікті сақтай отырып, партияны басқаша қалпына келтіргісі келген «Ұйымдастыру комитетінің» арасында кескілескен күрес жүріп жатты. Жұмысшылардың күн сайын шығып тұратын екі газеті («Правда» мен «Луч»[233] және олардың мұрагерлері) арасында да, IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық екі фракция (правдистердің яғни марксистердің «Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясы» мен Чхеидзе бастаған жойымпаздардың «социал-демократиялық фракциясы») арасында да кескілескен күрес жүріп жатты.

Партияның революциялық өсиеттеріне адалдықты қорғай отырып, жұмысшы қозғалысының (әсіресе 1912 жылдың көктемінен кейін) басталып келе жатқан өрлеуін қолдай отырып, жария және құпия ұйымды, баспасөзді және үгітті біріктіре отырып, «правдистер» саналы жұмысшы табының басым көпшілігін өз төңірегіне топтастырды, ал жойымпаздар,— тек «Наша Заря» тобы арқылы ғана саяси күш ретінде әрекет жасап,— либералдық-буржуазиялық элементтердің жан-жақты қолдауына сүйенді.

Екі партияның да газеттеріне жұмысшы топтарының ашық жиналатын ақшалай жарналары, социал-демократтардың *мүшелік жарналарының* сол заманда орыс жағдайларына бейімделген (және жария түрде бірден-бір жол беруге болатын, жұрттың бәрі емін-еркін бақылай алатын) формасы болғандықтан, «правдистердің»

(марксистердің) күші мен ықпалының пролетарлық негізін, ал жойымпаздардың (және олардың «Ұйымдастыру комитетінің») күші мен ықпалының буржуазиялық-либералдық негізін айқын көрсетті. Осы жарналар туралы «Марксизм және жойымпаздық»[234] деген кітапта толық басылған, ал неміс социал-демократиясының «Лейпциг Халық Газетінде»[235] 1914 жылы 21 июльде қысқартылып басылған қысқаша мәліметтер мынадай.

Петербургтің күн сайын шығып тұратын газеттеріне, маркстік (правдистік) және жойымпаздық газеттерге, 1914 жылғы 1 январьдан 13 майға дейін жиналған жарналардың саны мен сомасы:

	Правдистер		Жойымпаздар	
	Жарналардың саны	Сомасы сом есебімен	Жарналардың саны	Сомасы сом есебімен
Жұмысшы топтарынан	2 873	18 934	671	5 296
Жұмысшы топтары еместерден	713	2 650	453	6 760

Сонымен, біздің партия 1914 жыл қарсаңында Россияның саналы жұмысшыларының $^4/_5$ бөлігін революциялық социал-демократиялық тактиканың төңірегіне біріктірді. Бүкіл 1913 жылдың ішінде правдистерде жұмысшы топтарынан жиналған жарналардың саны 2181, жойымпаздарда 661 болған. 1913 жылғы 1 январьдан 1914 жылғы 13 майға дейін сомасы былай болып шығады: «правдистерде» (яғни біздің партияда) жұмысшы топтарынан жиналған жарналар 5054, жойымпаздарда 1332, яғни 20,8%.

МАРКСИЗМ ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ШОВИНИЗМ (1914—1915)

1914—1915 жылдардағы ұлы европалық соғыс барлық европалық социал-демократтарға, сондай-ақ орыс социал-демократтарына өз тактикаларын бүкіл дүние жүзілік көлемдегі дағдарыста тексеріп алуына мүмкіндік берді. Басқа үкіметтер тарапынан алғандағыдан гөрі патша өкіметі тарапынан алғанда бұл соғыстың реакциялық, тонаушылық, құл иеленушілік сипаты анағұрлым айқын. Әйткенмен де жойымпаздардың негізгі

тобы (біздің топтан басқа, өзінің либералдық байланыстары арқасында Россияда елеулі ықпалы бар бірден-бір топ) социал-шовинизмге қарай бұрылып кетті! «Наша Заряның» бұл тобы өте ұзақ уақыт бойы жариялылық монополиясына ие болып келді де, бұқара арасында «соғысқа қарсылық жасамау», үш жақты (енді төрт жақты) келісім елдерінің жеңуін тілеу, герман империализмін «шектен тыс күнәлы» деп айыптау, т. с. мағынасында уағыз жүргізді. 1903 жылдан бастап өзінің нағыз саяси тұрлаусыздығының және оппортунистер жағына өтіп кетудің талай үлгілерін көрсеткен Плеханов Россияның бүкіл буржуазиялық баспасөзі мақтай жөнелген осы позицияны бұрынғыдан бетер қатты ұстады. Плехановтың құлдырағаны сонша — ол патша өкіметі тарапынан болып отырған соғысты әділетті соғыс деп жариялады және Италияны соғысқа тартпақшы болып, оның үкіметтік газеттерінде интервью бастырып шығарды!!

Сонымен, жойымпаздыққа берген бағамыздың және жойымпаздардың басты тобып партиямыздан шығаруымыздың дұрыстығы әбден дәлелденді. Жойымпаздардың нақты программасы және олардың бағытының нақты маңызы енді жалпы алғанда тек оппортунизмде ғана емес, сонымен бірге олардың ұлы державалық пұрсатты жағдайларды және великорус помещиктері мен буржуазиясының артықшылықтарын қорғайтындығында. Бұл — *национал-либералдық* жұмысшы саясатының бағыты. Бұл — радикал ұсақ буржуазияның бір бөлегінің және пұрсатты жағдайдағы жұмысшылардың болмашы тобының «өз» ұлттық буржуазиясымен қосылып, пролетариат бұқарасына қарсы жасаған одағы.

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНДАҒЫ ІСТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙЫ

Жоғарыда айтқанымыздай, жойымпаздар да, толып жатқан шетелдік топтар да (Плехановтың, Алексинскийдің, Троцкийдің және басқалардың топтары), «ұлттық» (ягни великорустық емес) социал-демократтар дейтіндер де біздің 1912 жылғы Январь конференциямызды мойындамады. Бізге жаудырған сансыз балағат-

тарының ішінде бізді «узурпаторлар» және «жікшілдер» деп айыптау бәрінен де гөрі жиі қайталанды. Бұған біздің партия Россияның саналы жұмысшыларының $^4/_5$ бөлігін біріктіріп отырғандығын дәлелдейтін дәл және объективтік жағынан тексеруге болатын цифрларды келтіру арқылы жауап бердік. Контрреволюциялық замандағы құпия жұмыстың барлық қиыншылықтарын ескерсек,— мұның өзі аз емес.

Егер Россияда социал-демократиялық тактиканың негізінде, «Наша Заря» тобын қоса есептегенде, «бірлік» орнату мүмкін болса, онда біздің толып жатқан қарсыластарымыз *тіпті өз араларында* бірлікті неліктен жүзеге асырмаған? 1912 жылдың январынан бері тұтас $3^1/_2$ жыл өтті, бірақ бүкіл осы уақыттың ішінде біздің қарсыластарымыз, қаншама ынталы болса да, бізге қарсы социал-демократиялық партия құра алмады. Бұл факт біздің партияны ең жақсы қорғау болып табылады.

Біздің партияға қарсы күресуші социал-демократиялық топтардың бүкіл тарихы — күйреу және ыдырау тарихы. Бізді балағаттауға келгенде 1912 жылғы мартта олар бірі қалмастан «бірікті». Бірақ 1912 жылғы августа-ақ, бізге қарсы «август блогы» дейтін құрылған кезде, оларда ыдырау басталды[236]. Топтардың бір бөлегі олардан бөлініп шықты. Олар партия мен Орталық Комитет құра алмады. Олар «бірлікті қалпына келтіру үшін» тек Ұйымдастыру комитетін ғана құрды. Бірақ іс жүзінде бұл Ұйымдастыру комитеті Россиядағы жойымпаздық топтың дәрменсіз бүркеуіші болып шықты. Россияда жұмысшы қозғалысы орасан зор өрге басқан және 1912—1914 жылдардағы бұқаралық стачкалар болған кезеңнің өн бойында бүкіл «август блогының» ішінен бұқара арасында жұмыс жүргізген бірден-бір топ либералдық байланыстарынан күш алып отырған «Наша Заря» тобы болды. Және 1914 жылдың басында латыш социал-демократтары «август блогынан» ресми түрде шықты (онда поляк социал-демократтары болған жоқ), ал блок көсемдерінің бірі Троцкий блоктан ресми емес түрде шығып, тағы да өзінің ерекше тобын құрды. 1914 жылы июльде Брюссельдегі конференцияда, Ха-

лықаралық социалистік бюро Атқару комитетінің, Каутскийдің, Вандервельденің қатысуымен, бізге қарсы «Брюссель блогы» дейтін құрылды; бұған латыштар кірген жоқ және одан поляк социал-демократтары — оппозиция — дереу бөлініп кетті. Соғыстан кейін бұл блок ыдырады. «Наша Заря», Плеханов, Алексинский, Кавказ социал-демократтарының көсемі Ан, Германияның жеңілуі қажеттігін уағыздап, ашық социал-шовинистерге айналды. Ұйымдастыру комитеті мен Бунд социал-шовинистерді және социал-шовинизмнің негіздерін қорғады. Чхеидзенің фракциясы соғыс кредиттеріне қарсы дауыс берсе де (Россияда тіпті буржуазиялық демократтар да, трудовиктер де, кредиттерге қарсы дауыс берген), «Наша Заряның» адал одақтасы күйінде қалды. Біздің барып тұрған социал-шовинистер, Плеханов пен Алексинский және К⁰, Чхеидзенің фракциясына әбден ырза. Парижде интернационализмді дерексіз қорғауды «Наша Зарямен», Ұйымдастыру комитетімен немесе Чхеидзенің фракциясымен бірлік жасауды сөзсіз талап етумен сыйыстырғылары келетін Мартов пен Троцкийдің көбірек қатысуымен «Наше Слово» (бұрынғы «Голос») газеті құрылды. Осы газеттің 250-номерінен кейін газеттің өзі өзінің ыдырауын мойындауға мәжбүр болды: редакцияның бір бөлегі біздің партияға қарай ауады, Мартов Ұйымдастыру комитеті жағында қалады, ол көпшілік алдында «Наше Словоны» «анархизмі» үшін жазғырады (Германиядағы оппортунистер, Давид және К⁰, «Internationale Korrespondenz»[237], Легин және К⁰ Либкнехт жолдасты анархизмі үшін айыптағаны сияқты); Троцкий Ұйымдастыру комитетінен өзінің қол үзетінін жариялайды, бірақ Чхеидзенің фракциясымен бірге болғысы келеді. Лидерлерінің бірі баяндаған Чхеидзе фракциясының программасы мен тактикасы мынадай. Плеханов пен Алексинскийдің бағытындағы журнал—«Современный Мирдің»[238] 1915 ж. 5-номерінде *Чхенкели* былай деп жазады:

«Герман социал-демократиясы өз елінің соғысқа кірісуіне кедергі жасай алушы еді, бірақ оны істеген жоқ деу не ол, тек өзінің ғана емес, сонымен

*бірге өз отанының да баррикадаларда жан тапсыруын астыртын тілегендік, немесе жанында жатқан заттарға анархиялық телескоп арқылы қарағандық болар еді»**.

Осы азын-аулақ сөздерде социал-шовинизмнің бүкіл мәні айтылған: қазіргі соғыста «отан қорғау» идеясын принцип жағынан ақтау да, революцияны уағыздауды және оны дайындауды — әскери цензураның рұқсатымен — әжуа ету де айтылған. Мәселе әсте герман социал-демократиясының соғысқа кедергі жасауға шамасы келген-келмегенінде емес, сондай-ақ жалпы алғанда революционерлер революцияның ойдағыдай бітуіне кепіл бола алатын-алмайтындығында да емес. Мәселе — өзіңді социалистерше ұстау керек пе, әлде империалистік буржуазияның құшағында шынымен «жан тапсыру» керек пе дегенде болып отыр.

БІЗДІҢ ПАРТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Россияда социал-демократия еліміздегі буржуазиялық-демократиялық революцияның (1905) алдында туды және революция мен контрреволюция кезінде нығайды. Бізде ұсақ буржуазиялық оппортунизмнің ағымдары мен сарындарының өте-мөте көптігі Россияның артта қалғандығынан болды, ал Европадағы марксизмнің ықпалы және соғысқа дейін жария социал-демократиялық партиялардың берік болуы біздегі үлгілі либералдардан «парасатты», «европалық» (революциялық емес), «жария» «маркстік» теория мен социал-демократияның нағыз дерлік табынушыларын жасап шығарды. Россияның жұмысшы табы өз партиясын оппортунизмнің барлық түрлеріне қарсы отыз жылдық батыл күресте құрмаса, басқаша құруы мүмкін емес еді. Европалық оппортунизмді масқара күйреуге душар еткен және біздің национал-либералдардың социал-шовинистік жо-

* «Современный Мир», 1915, № 5, 148-бет. Троцкий жуырда Интернационалда Чхеидзе фракциясының беделін көтеруді өзінің міндеті деп есептейтінін айтты. Күмән жоқ, Чхенкели, өз тарапынан, сондайлық жігермен Интернационалда Троцкийдің де беделін көтеретін болады...

йымпаздықпен одағын нығайтқан бүкіл дүние жүзілік соғыстың тәжірибесі біздің партия бұдан былай да нақ осы дәйекті революциялық жолмен жүре беруге тиіс екендігіне біздің сенімімізді бұрынғыдан да гөрі күшейте түседі.

ЕВРОПА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ ҰРАНЫ ТУРАЛЫ

Біз «Социал-Демократтың» 40-номерінде партиямыздың шетелдік секцияларының конференциясы «Европа Құрама Штаттары» ұраны туралы мәселені істің *экономикалық* жағы баспасөзде талқыланғанға дейін кейінге қалдыра тұру керек деп қаулы шығарғанын хабарлаған едік*.

Біздің конференциямызда бұл мәселе жөніндегі айтыс біржақты саяси сипатта болды. Мүмкін, ішінара мұның өзі ол ұран Орталық Комитеттің манифесінде тура саяси ұран ретінде (онда «таяудағы *саяси* ұран...» делінген) тұжырымдалғандықтан болар; оның бер жағында онда тек республикалық Европа Құрама Штаттары ғана ұсынылған жоқ, сонымен бірге «герман, австриялық және орыс монархияларын революциялық жолмен құлатпайынша» бұл ұран мағынасыз, жалған ұран болады деп әдейі атап көрсетілген.

Бұл ұранды саяси жағынан бағалау *шеңберінде* мәселені осылайша қоюға қарсы болу,— мәселен, мұның өзі социалистік революция ұранын көмескілейді немесе босаңсытады, т. с. деген тұрғыдан мәселе қоюға қарсы болу,— мүлде дұрыс емес. Нағыз демократиялық бағыттағы саяси өзгерістер, әсіресе саяси революциялар ешбір ретте де, еш уақытта да, қандай жағдай болғанда да әсте социалистік революция ұранын көмескілей де алмайды, босаңсыта да алмайды. Керісінше, олар әрқашан да

* Қараңыз: осы том, 170-бет. *Ред.*

социалистік революцияны жақындата түседі, ол үшін негізді кеңейтеді, социалистік күреске ұсақ буржуазия мен жартылай пролетарлық бұқараның жаңа топтарын тартады. Ал екінші жағынан, социалистік революцияның барысында саяси революциялар болмай қоймайды; социалистік революцияны бір акт деп қарамау керек, қайта, дауылдатқан саяси және экономикалық сілкіністердің заманы, барынша шиеленіскен тап күресінің, азамат соғысының, революциялар мен контрреволюциялардың заманы деп қарау керек.

Бірақ, егер басы орыс монархиясы болып, Европаның ең реакцияшыл үш монархиясын революциялық жолмен құлатуға байланыстырыла қойылған республикалық Европа Құрама Штаттары ұраны, саяси ұран ретінде, мүлдем мызғымас ұран болса, онда бұл ұранның экономикалық мазмұны мен маңызы туралы тағы да бір аса маңызды мәселе қалады. Империализмнің экономикалық жағдайлары тұрғысынан қарағанда, яғни «алдыңғы қатарлы» және «цивилизациялы» отарлы державалардың шетке капитал шығаруы және дүние жүзін бөлісіп алуы тұрғысынан қарағанда, капитализм тұсында Европа Құрама Штаттары не мүмкін емес, не реакцияшыл.

Капитал интернационалдық және монополиялық капитал болып отыр. Дүние жүзін ат төбеліндей ұлы державалар, яғни ұлттарды сұрапыл тонауда және езуде көбірек табысқа жеткен державалар, өзара бөлісіп алды. Европаның 250—300 миллион халқы бар, 7 млн. шаршы километрге таяу жері бар төрт ұлы державасы: Англия, Франция, Россия және Германия *жарты миллиард дерлік* (494,5 млн.) халқы бар, 64,6 млн. шаршы километр жері бар отарларға ие болып отыр, яғни жер шарының тең жартысындай (Поляр аймағын қоспағанда 133 млн. шаршы километр) жерге ие болып отыр. Бұған азиялық үш мемлекетті: Қытайды, Түркияны, Персияны қосыңыздар; бұларды қазір «азаттық» соғысын жүргізіп жатқан қарақшылар, атап айтқанда: Жапония, Россия, Англия және Франция борша-борша етіп жұлмалап жатыр. Жартылай отарлар деп атауға болатын (іс жүзінде олардың $^9/_{10}$ бөлігі — отарлар) азия-

лық осы үш мемлекеттің 360 млн. халқы бар, 14,5 млн. шаршы километр (яғни бүкіл Европа жерінен $1^1/_2$ есе артық дерлік) жері бар.

Содан соң, Англия, Франция және Германия шетелдерге кемінде 70 миллиард сом капитал орналастырып отыр. Осы әжептәуір сомадан «заңды» табыс алу үшін — жыл сайын үш миллиард сомнан астам кіріс алу үшін — миллионерлердің үкіметтер деп аталатын ұлттық комитеттері қызмет етеді; бұлар әскермен, соғыс флотымен жабдықталған, бұлар отарлар мен жартылай отарларға вице-корольдер, консулдар, елшілер, әр алуан чиновниктер, поптар және басқа сүліктер ретінде «миллиард мырзаның» балаларын, туған-туысқандарын «орналастырады».

Капитализмнің ең жоғары дәрежеде дамыған заманында ат төбеліндей ұлы державалардың жер шарының миллиардқа таяу халқын тонауы осылай ұйымдастырылған. Және де капитализм тұсында басқаша ұйымдастырылуы мүмкін емес. Отарлардан, «ықпал өрістерінен», шетке капитал шығарудан бас тарту ма? Бұл туралы ойлау өзіңді жексенбі сайын байларға христиан дінінің ұлылығын уағыздайтын, жарлыларға... жыл сайын бірнеше миллиард болмағанмен, бірнеше жүз сом қайыр-садақа беріңдер деп кеңес айтатын попсымақтың дәрежесіне түсіргендік болар еді.

Европа Құрама Штаттары, капитализм тұсында, отарларды бөлісу туралы келісім жасаумен тең. Бірақ капитализм тұсында отарларды бөлісудің күш жұмсаудан басқа негізі, басқа принципі болуы мүмкін емес. Миллиардер капиталистік елдің «ұлттық табысын» басқа біреумен бөліскенде пропорциялы түрде: тек «капиталына қарай» ғана бөліседі (онда да ең ірі капитал өзіне тиесілі сыбағадан артығырақ үстеме алады дегенді қосады). Капитализм дегеніміз өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің болуы және өндіріс анархиясы. Осындай негізде табысты «әділ» бөлісуді уағыздау — прудонизм, мещан мен филистердің топастығы. «Күшіне қарай» бөліседі, басқаша бөлісу мүмкін емес. Ал күш экономикалық дамудың барысына қарай өзгеріп отырады. Германия 1871 жылдан соң Англияға және

Францияға қарағанда 3—4 есе тез күшейді, Жапония Россияға қарағанда 10 есе тез күшейді. Капиталистік мемлекеттің нағыз күшін тексеру үшін соғыстан басқа ешқандай құрал жоқ және болуы да мүмкін емес. Соғыс жеке меншіктің негіздеріне қайшы келетін нәрсе емес, қайта сол негіздердің тура және лажсыз түрде дамуы. Капитализм тұсында жеке шаруашылықтардың және жеке мемлекеттердің экономикалық дамуының біркелкі өсуі мүмкін емес. Капитализм тұсында оқтын-оқтын бұзылып тұратын тепе-теңдікті қалпына келтірудің өнеркәсіпте дағдарыстан, саясатта соғыстан басқа құралы болуы мүмкін емес.

Әрине, капиталистердің арасында және державалардың арасында *уақытша* келісімдер болуы мүмкін. Осы мағынада, *европалық* капиталистердің келісімі ретінде, Европа Құрама Штаттарының құрылуы да мүмкін... бірақ бұл не туралы келісім? Европада социализмді бірлесіп жаншу туралы ғана, Жапония мен Америкаға *қарсы* басып алынған отарларды бірлесіп қорғау туралы ғана келісім; ал Жапония мен Америка отарлардың қазіргі бөлінісіне өте наразы болып отыр; олар кәріліктен шіри бастаған, артта қалған, монархиялық Европаға қарағанда соңғы жарты ғасырдың ішінде өлшеусіз тез күшейді. Америка Құрама Штаттарымен салыстырғанда, Европа тұтас алғанда экономикалық тоқырау болып табылады. Қазіргі экономикалық негізде, яғни капитализм тұсында, Европа Құрама Штаттары Американың неғұрлым тез дамуын бөгеу үшін реакцияны ұйымдастыру болып табылар еді. Демократия ісі мен социализм ісі тек Европамен ғана байланысты болған заман енді келмеске кетті.

Қашан коммунизмнің толық жеңісі мемлекет атаулының, соның ішінде демократиялық мемлекеттің де, біржола құруына жеткізгенше,— дүние жүзінің (Европаның емес) Құрама Штаттары ұлттарды біріктірудің және ұлт бостандығының мемлекеттік формасы, өзіміз социализммен байланыстырып жүрген формасы болып табылады. Алайда, дербес ұран ретінде, дүние жүзінің Құрама Штаттары ұраны дұрыс бола қоймас еді, өйткені, біріншіден, бұл ұран социализммен қосылып ке-

теді, екіншіден, бұл ұран социализм бір елде жеңуі мүмкін емес деген және мұндай елдің басқа елдерге қатынасы туралы теріс ұғым туғызған болар еді.

Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі — капитализмнің сөзсіз заңы. Бұдан социализмнің әуелі бірнеше елде немесе тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін деген қорытынды шығады. Бұл елдің жеңіп шыққан пролетариаты, капиталистерді экспроприациялап және өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастырып, қалған капиталистік дүниеге *қарсы* тұрар еді, басқа елдердің езілген таптарын өзіне тарта отырып, оларда капиталистерге қарсы көтеріліс туғыза отырып, қажет болған жағдайда қанаушы таптарға және олардың мемлекеттеріне қарсы тіпті әскери күшпен шығар еді. Буржуазияны құлатып, пролетариат жеңіп шығатын қоғамның саяси формасы демократиялық республика болады; бұл республика әлі де социализмге көшпеген мемлекеттерге қарсы күресте белгілі бір ұлттың немесе белгілі бір ұлттардың пролетариатының күштерін барған сайын орталықтандыра түседі. Езілген таптың, пролетариаттың, диктатурасы болмайынша таптарды жою мүмкін емес. Социалистік республикалардың артта қалған мемлекеттермен азды-көпті ұзаққа созылған, табанды күресінсіз ұлттардың ерікті түрде социализмге бірігуі мүмкін емес.

Міне, осы пікірлерге сүйене отырып, мәселені РСДРП-ның шетелдік секцияларының конференциясында және ол конференциядан соң да әлденеше рет талқылаудың нәтижесінде, Орталық Органның редакциясы Европа Құрама Штаттары ұраны дұрыс емес деген қорытындыға келді.

«Социал-Демократ» № 44,
23 август, 1915 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ СОҒЫС ТУРАЛЫ МАНИФЕСІНЕ «СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ ЕСКЕРТУІ

ЕВРОПА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ ҰРАНЫ ТУРАЛЫ[239]

Европа Құрама Штаттарын талап ету, Орталық Комитет манифесінің,— Россия, Австрия, Германия монархияларын құлатуға шақырумен толықтыра түскен манифестің,— ұсынғанындай талап ету, бұл ұранды Каутскийдің және басқалардың пацифистік мағынада түсіндіруінен өзгеше.

Біздің партияның Орталық Органы «Социал-Демократтың» 44-номерінде редакциялық мақала басылды; онда «Европа Құрама Штаттары» ұранының экономика жағынан дұрыс еместігі дәлелденген*. Не бұл — капитализм тұсында жүзеге аспайтын, жеке елдердің арасында отарларды, ықпал өрістерін және басқаларды бөлісуде дүние жүзілік шаруашылықтың жоспарлы түрде ұйымдасуын керек ететін талап. Не бұл — Европаның ұлы державаларының отарларды еміп-еркін езу және неғұрлым тез дамып бара жатқан Жапония мен Американы тонау үшін жасасқан уақытша одағы болып табылатын реакциялық ұран.

1915 ж. августа жазылған

1915 ж. августа Женевада «Социал-Демократ» газетінің редакциясы шығарған «Социализм және соғыс» деген кітапшада басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 378—382-беттер. *Ред.*

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«КАРЛ МАРКС» ДЕГЕН

Etwa*
100 бет
à** 600

*Yш Quellen****:
Ағылшын саяси экономиясы.
Неміс классикалық философиясы.
Француз саяси күресі.

Карл Маркс

Etwa:

1. Өмірбаяны. 2. Философия. Диалектикалық материализм. Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну. 3. Капитализмнің экономикалық теориясы. 4. Тап күресі, әсіресе пролетариаттың тап күресі. 5. Социализм.	1. Өмірбаяны 4. Экономикалық теория. 6. Социализм. 3. Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну. 2. Философиялық ілім.
Құн теориясы. Mehrwert****. Капитализм vs***** товар өндірісі. Ірі өндірістің өсуі және машиналар.	Mensch салыстырыңыз: *Philosophie* Register-де... Methodologie. Naturphilosophie Register-де...******
Капиталистік өндіріс әдісінің тарихи тенденциясы.	5. Жұмысшы табының күресіне байланысты саяси қызмет.

* — Шамалап, мөлшерлеп алғанда. *Ред.*
** — дейін. *Ред.*
*** — негіз. *Ред.*
**** — Қосымша құн. *Ред.*
***** versus — жөнінде алғанда. *Ред.*
****** — Адам салыстырыңыз: *Философия* Көрсеткіште... Методология, Натурфилософия Көрсеткіште..., [240]. *Ред.*

МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Саясат:

Марксизм ілімі бойынша, тап күресінің жан-жақты сипаты.	XVIII ғ. революция мен XIX ғ. революцияның тап күресі. Реставрация заманының тарихшылары. 1830, 1840 жж. (чартизм) тәжірибесі.
{ Әзірлік заманы. Батыл шайқастар заманы. }	1848, 1871...
Саяси өмірге қатысу үстінде жұмысшы табының өсуі.	Күштеу революциясына көзқарас.
{ Күрестің барлық формалары, тап күресі және оның «бейбіт» экономикалық күрестен азамат соғысына айналуы... }	Философиялық материализм. XVIII ғ. Материализм vs марксизм. Диалектикалық метод. XIX ғ. аяғындағы жаратылыс тану ғылымы. Юмизм мен кантшылдық vs материализм... (Marx Гексли туралы)... XX ғ. жаратылыс тану ғылымы. Дінге көзқарас.
Ұлт мәселесі («Коммунистік Манифест», «Хаттар»)...	

Капиталистік өндіріс әдісі тұсындағы жұмысшы табының жағдайы.
Жалпы еңбек. vs пролетардың ерек.

Ұсақ буржуазия мен шаруалар vs » »

Пролетариаттың анықтамасы (Register).

Жұмысшы қозғалысының мәні (оның өсу себептері).
Жұмысшы қозғалысының миссиясы.
Оның формалары (vs сектанттық және буржуазиялану)

Кәсіптік одақтар (1866 ж. қарар)...[241]

Педагогикалық теория...

Әйел жағдайы және *семья*...
Ірі қалалар...

Пролетариат және шаруалар...
Bauer* (*Register*-де).

Халықтың өсу заңы.

Капитализм және егіншілік.

Ackerbau** (Register)
Жұмыспен өтеу рентасы. etc.
Ақшалай рента.
Капиталистік рента.
law of diminishing returns***...

* — шаруа. *Ред.*
** — Егіншілік. *Ред.*
*** — Құнарлылықтың кеми беру заңы... *Ред.*

Өмірбаяны және жеке басына мінездеме... ||| 60 мың әріп.

Тұтас алғанда оның доктринасын, бірақ *негізінен* оның экономикалық жағын түгел баяндау. { +15 мың әріп библиография (дәл 15 000)[242] }

(Марксизм — ғылыми теория.)

Мүмкін, жеке мәселелер бойынша жақсырақ болар { Mehrwert қанау шоғырландыру жалақы }

Марксизм генезисін мейлінше жалпы түрде сөз етуге болар еді.

Қарсы пікірлерді (ревизионизм) қарастырмайынша болмайды... бұдан былайғы эволюция (Гильфердинг).

| ? К. Шмидт? |

1914 ж. мартта—июльде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 4-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ИМПЕРИАЛИСТІК СОҒЫСТЫ АЗАМАТ СОҒЫСЫНА АЙНАЛДЫРУ ҰРАНЫ ТУРАЛЫ[243]

Бірден-бір дұрыс пролетарлық ұран — қазіргі империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру. Қазіргі соғыс апатының барлық объективті жағдайларынан империалистік соғысты азамат соғысына нақ осылай айналдыру келіп шығады, жұмысшы партиялары Базельде өздеріне алған міндеттемелерін *осы* бағыттағы насихат және үгіт жұмысын ұдайы жүргізе отырып қана орындай алады.

Тек осындай тактика ғана жұмысшы табының жаңа тарихи заман жағдайларына сәйкес келетін шын революциялық тактикасы болады.

1914 ж. ерте дегенде сентябрьде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

«ЕВРОПАЛЫҚ СОҒЫС ЖӘНЕ ЕВРОПАЛЫҚ СОЦИАЛИЗМ» ДЕГЕН КІТАПШАНЫҢ ЖОСПАРЫ[244]

Европалық соғыс
және европалық социализм

1. Соғыстың сипаты: империализм (негізгі нәрсе ретінде).
   Империализм — капитализм дамуының *соңғы* сатысы.

2. Буржуазиялық заманның басындағы ұлттық соғыстар vs ——→ оның аяғындағы империалистік соғыстар.
   - *Ұлттық* соғыс: капитализмнің даму базасы ретінде ұлттық территорияны топтастыру, капитализмге дейінгі қалдықтарды жою.
   - *Империалистік* соғыс: батып бара жатқан капиталистік кемеде жұрттың бәріне қазірдің өзінде тар болып отыр, сондықтан басқаларды ығыстырып, капитализмнің құруын кешеуілдете түсу.

3. Соғыстың көптен бері (30—40 жыл) дипломатиялық жолмен әзірленуі: оның «табиғилығы», «болатындығы» (және «сеpуден қалды»: Адлер Халықаралық бюроның соңғы мәжілісінде[245]).

4. Ұлттық соғыстың (Сербия) қазіргі соғыстағы жанама сипаты.

5. Буржуазияның ұлттық соғыс дәстүрін пайдалануы: *«La patrie», Luzzatti**.

6. «Отан». «Коммунистік Манифестен» алынған цитат. Оны талдау.

* — «Отан», Луццатти. *Ред.*

7. (α) Жұмысшылардың отаны жоқ.
   (β) *Әуелі* ұлт шеңберінде ——→ cf.* 1790—1814, 1859, 1866, 1870 жж. соғыстар

   | Индияның немесе Қытайдың Жапониямен жүргізіп жатқан қазіргі соғысы ((eventuell**)) |

   (γ) оның өзі де буржуазиялық мағынада *емес.*
   (δ) Пролетарлар бірлесіп күш жұмсамайынша, азат болу мүмкін емес.
   (ε) Ұлттық межелердің жойылуы.
8. Осы ақиқатқа көзқарас: оппортунистердің ұлтшылдықты қорғауы (Jaurès «L'Armée nouvelle»-де)...[246]
   (H. Wendel *«Neue Zeit»*-те, 1914, N 19, S. *843; Жоресті жақтайды)*[247].
9. Интернационалдағы ауытқулар: қорғаныс соғысы мен шабуыл соғысы немесе «пролетарлық мүдде тұргысы»?
10. Бебельдің және басқалардың ескі мәлімдемелерінен алынған цитаттар және 1912 жылгы қарар туралы үндемеу.
11. Базель манифесі (α) Stuttgart-тан алынған цитаттар
    (β) азамат соғысы қаупі (1871 және 1905)
    (γ) «қылмыс»
12. «Инвазия ауыртпалықтары***» = софизм (Каутский)...
    «Толстойшылдық» = id.****

* — confer — салыстыр, салғастыр. *Ред.*
** — болжап айтқанда. *Ред.*
*** — шапқыншылық. *Ред.*
**** — idem — бұл да. *Ред.*

«Практикалық мәселе: *өз* елінің жеңуі немесе жеңілуі» = софизм[248].
Осылардың бәрі 2 лагерь туралы мәселеге тіреледі.
Иә, бірақ қандай 2 лагерь? Ұлттар ма немесе таптар ма?
Жұмысшылар отанға қоса не жоғалтады? Отандағы «мәңгілік» нәрсе.
Буржуазиялық мемлекет ретіндегі отан және оның шекаралары,— тіл, территория ретіндегі отан etc.

13. Социалистердің қазіргі соғыс жөніндегі практикалық әрекеттері:
Соғысқа дейін: H. Wendel «Neue Zeit»-те. 1914 N 18.[249]
id. *«Vorwärts»*

«Leipziger Volkszeitung» «патша өкіметіне» қарсы соғыс туралы
id. *«Vorwärts»*[250].

14. Соғыстан кейін: серб социалистері. [шапқыншылық? бағындыру?] 10 бет көшірме.

15. Орыс социал-демократтары (залдан кетіп қалу әсер ету емес, салыстырыңыз: Fischer.[251])

Ad 15.
Орыстардың Париждегі «волонтерлығы»??
(1) Орыс социалистерінің декларациясы.
(2) Ледер мен К°-нің » [252].
«Голос» № 9.[253]

Плехановтың позициясы
||| «Современное Слово» *көшірмелер*[254].
«Голос» № 3 (15. IX).[255]

Смирнов (Е) және П.Маслов[256].

16. Франциялық және бельгиялық социалистер.
Тұншықтырып жатыр ма? Сондықтан... буржуазиялық министр болу керек пе??
Вандервельде. Guesde. (Беделділер ме?)
Кредиттерге дауыс беру ме?
Не істеу керек? Азамат соғысын уағыздау және әзірлеу керек. Министрлікке емес, қайта құпия насихатшылыққа көшу керек!!
Vaillant пен К⁰-нің «L'Humanite»-дегі *шовинизмі*[257].
Compère-Morel 1792 ж. туралы [258] және...
...Польшадағы орыстар.
Жексұрын G. Hervé және анархист-синдикалистер[259].
«Демократия» — ал патшамен одақтасу ше??

17. Ағылшын социалистері
Hyndman және оған неміс социал-демократиялық баспасөзінің соғысқа дейінгі көзқарасы[260].
Kair-Hardie және Макдональд.
Өз елінің шовинизміне қарсы күрес.
Пруссия милитаризмі, ал Египет ше?
ал әйелдерді бұғауда ұстау ше?
Жасақтау ісіне қатысу.

18. Неміс социал-демократтары. Басты мәселе. Интернационалдағы гегемондық. «Кімнен көп талап етілсе»...
Haase-нің сөзі... Соғысты ақтау[261].
Кредиттерге дауыс беру = опасыздық!
«Патша өкіметі». Софизм және өтірік!!
Буржуазиялық өтірік!!
Bernstein «Vorwärts»-те Энгельс туралы (1859)...[262]

Энгельс 1890[263] (contra *Меринг)*[264]
«Hamburger Echo» *vs* «Vorwärts».[265]

19. Зеріктіргіш және екіжүзді шовинизм vs айуандық шовинизм.

20. R. Fischer және оған жауап[266].
(Бельгияның бейтараптығын бұзуды жақтау.)
«Sozialistische Monatshefte»: Бельгияның бейтараптығын бұзуды моральдық жағынан ақтау[267].

21. Неміс социализміндегі екі ағым К. Liebknecht («Голос» № 12[268] және ағылшын газеттері).
«Bremer Bürger Zeitung»[269]—Mehring—Halle[270]

(жасқаншақ наразылықтар)...

22. Интернационалдың күйреуі { «Bremer Bürger Zeitung»[271] / Mehring / Швейцария газеттері } *Интернационалдың күйреуі* туралы

«Volksrecht»[272]

Француздар мен немістердің айтысы
Француздар мен бельгиялықтардың манифесі (Халықаралық бюро?)[273].

«Қалпына келтірілген және түрлаусыздардан арылған Интернационал».

«Французлардағы үкімет көзқарасы»
(ал немістердегі ше??)

«Тұрлаусыздардан арылған Интернационал» («Голос» № 12).[274]

23. Интернационалдың күйреуін *боямалап көрсету.*

Вандервельде және Каутский
«Көкек пен қораз».
«Екеуінікі де дұрыс»
«kleinmütige Freunde»??*

NB

Südekum-нің сапары[275]. Француз және неміс буржуазиясының мүдделері.

24. Интернационалдың күйреу себептері: оппортунизм.
1907 ж. Stuttgart.
1910 ж. Копенгагенде болған солшылдар кеңесі[276].

25. Оппортунистердің идеялары және қазіргі мінез-құлық {оппортунизм туралы Дания қарарынан [277].}

26. Бүкіл Интернационал ма?
Жоқ!!! Сербтер
Кейр-Гарди
Фишерге жауап.
Үшінші Интернационалдың элементтері.
Беделділер: Каутский, *Гед,* Вандервельде??
(беделділерге көзқарас)...

27. Интернационалдағы «центр» vs оппортунизм.
{«Sozialistische Monatshefte».
Социал-демократиялық газеттердің көпшілігі.
«Vorwärts»-тің тәсілдері
Каутский.}
{Екіжүзділік немесе боямалап көрсету.}

28. Соғысқа қарсы бітім бе немесе ұлттық соғысқа қарсы азамат соғысы ма? (Буржуазиямен біріккен оппортунистердің бітімі.)

«Мейірбан бітім» — ұсақ буржуазиялық радикалдардың, ұсақ буржуазияның ұраны (салыстырыңыз: Англиядағы Trevelyan & К⁰ [278]). cf. «*Frankfurter Zeitung*», көшірмелер[279].

* — «күйрек достар»?? *Ред.*

29. Ұлттық соғысты азамат соғысына айналдыру
1871
1905

| Ұлттық соғысты азамат соғысына айналдырудың тарихи сипаты. |

«Weg zur Macht» және *«құлату талаптары»*.

Ұлттық соғысты азамат соғысына айналдыру тездігі бір басқа да, оған бағыт ұстау бір басқа.

30. Ұйымның жариялылығы мен құпиялылығы

Рига және Россиядағы Петербург комитеті (*«Русское Знаманың»* пікірі)[280]

Contra К. Каутский мен К° Россия жұмысшыларының «патриотизмі» туралы.

Әскерлермен салыстыру.

«Голос» № 18, 1-бағана және № 18, 4-бағана.[281]

30 bis. «Vorwärts» және *тап күресі.*

(«W. C. Modell 70»)[282]

| жария ұйымнан бас тартпау керек, бірақ онымен шектеліп қалмау керек |

31. «Volkskrieg»*. Иә! Бірақ бұдан басқаша қорытындылар шығады.

→ милиция әсте тек қорғану үшін ғана емес.

→ Соғысты мадақтау және 42 cm.!![283]

---

32. Frank және «Opfertod»**
...«социал-демократия тұрғысынан қарағанда»...

* — «Халықтық соғыс». *Ред.*
** — Франк және «өз өміріңді құрбан ету». *Ред.*

32 bis. Соғыс үкіметтердің де, социалистік партиялардың да барлық әлсіз жерлерін ашып көрсетті.

33. Соғыс ауыртпалықтары және оның зардаптары. Революциялық қозғалыс —және «центрдің» болмашы дипломатиясының күйреуі.

33 bis. Соғыстың реакциялық мақсаттары *«Kreuz Zeitung»*[284] және *«Новое Время»*[285].
Макдональдтің «пессимизмі»?[286]
Ұлтшылдықтың *күшеюі*.
Соңғы соғыс па?

Е. Смирнов «Русские Ведомостидің» 202-номерінде.[287]
Россиядағы ұлтшылдық. *Конституцияшыл демократтар* және социалист революционерлер. «Волонтерлық»: 15-параграфты қараңыз.

34. Жұмыс бағыты: кредиттерге дауыс беру=соғыс кернейшісі.

(1) Кредиттерге дауыс бермеу керек. Дауыс беру —опасыздық.
(2) *Өз* елінің шовинистеріне қарсы.
(3) Жария ұйыммен шектеліп қалмау керек.
(4) Азамат соғысымен қорқыту туралы Базель манифесін ұмытпау керек.

35. Мүмкін, социалистік революцияға дейін әлі де жарты ғасыр құлдықта болармыз, бірақ *біздің* заманымыз не қалдырар екен, біз не енгізер екенбіз? Оппортунистер мен опасыздарға жиіркене қарауды ма немесе азамат соғысын *әзірлеуді* ме?

Мартов «Голостың» 21-номерінде
Коммуна ұранын көтеруге әлі де болмайды: қалың халық бұқарасынан ажырап қаламыз!!?[288]

1914 ж. сентябрьде — октябрьде жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП ШЕТЕЛДІК СЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҚАБЫЛДАҒАН «ОРТАЛЫҚ ОРГАН ЖӘНЕ ЖАҢА ГАЗЕТ» ДЕГЕН ҚАРАРДЫҢ ҮШІНШІ ПУНКТІНІҢ ЖОБАСЫ[289]

3. Орталық Органның шығуын одан әрі жиілету және Орталық Органның редакциясымен көпшілікке арналған күнделікті газет құру идеясына толық тілектестік білдіре отырып, конференция жаңа газет шығару ісіне негізгі міндет — Орталық Органды дұрыс жолға қою—қамтамасыз етілгеннен кейін кірісуге болады деп санайды.

Конференция шетелдегі жолдастардың бәрін осы бағытта дереу қызу жұмысқа кірісіп кетуге, әсіресе қызметкерлердің кеңестерін ұйымдастыруға байланысты Орталық Органды әдеби материалмен неғұрлым жүйелі түрде қолдап отыруға, т. б. шақырады.

1915 ж. 14 және 19 февраль (27 февраль мен 4 март) аралығында жазылған

1915 ж. гектографта басылып шығарылған «РСДРП шетелдік ұйымдарының конференциясы» деген листовкада басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БІРІНШІ МАЙ ЖӘНЕ СОҒЫС[290]

КІРІСПЕ

1. Интернационалдық пролетарлық қозғалыстың демонстрациясы биыл аса зор европалық соғыс уақытына тура келіп отыр.

2. «Күштерді байқау» үшін,
«табыстар мен жеңілістерді» салыстыру үшін, буржуазия дүниесі мен пролетариат дүниесін қарама-қарсы қою үшін, мүмкін, 1915 жылы істейтін ештеңе жоқ шығар?—өйткені сырттай қарағанда=*бәрі* талқандалған сияқты.

3. Бірақ мұның өзі бұлай емес. Соғыс=аса зор дағдарыс. Дағдарыс *атаулының* бәрі (*уақытша* кідіріс пен регресс мүмкін болғанда)
(α) дамудың тездеуін
(γ) (β) қайшылықтардың шиеленісуін
(β) (γ) олардың білінуін
(δ) **шірігеннің** бәрінің күйреуін, т. т. көрсетеді.

Дағдарысты міне осы тұрғыдан (бірінші май күні): мұнда дағдарыс *атаулының* прогрестік, пайдалы жақтары жоқ па екен деген тұрғыдан алып қарау керек.

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-ҰЛТТЫҚ ОТАНДАРДЫҢ КҮЙРЕУІ

4. «Отандарды қорғау» және соғыстың шын сипаты. Бұлардың мәні неде? Ұлтшылдық versus империализм.

5. 1789—1871 (100 жыл шамасы)...
және 1905 —?

6. «Отандарды қорғау» (Бельгия? Галиция? Құл иеленушілік олжаларды бөлісуге бола)
vs «шекара жойылсын». Ұлттық отандардың күйреуі ме?
Күйресе күйресін!!

7. Ескі және жаңа империализм,—*Рим* мен *Англия vs Германия.* { Жер тонау / Отарлар / Дүние жүзін бөлісу / Шетке капитал шығару }

8. Социализм үшін объективтік жағдайлардың толысып жетілуі.

9. Status quo-ны қалай қорғап қалу керек? Социализм жолындағы революциялық күресті қалай жүргізу керек?

10. Ұлт бостандығы *vs* империализм. Езуші ұлттар мен езілуші ұлттардың пролетариаты.

11. Соғыстар жөніндегі көзқарастағы «халықаралықтық». ((«Қандай буржуазия жақсы»? немесе пролетариаттың дербес бой көрсетуі ме?))

12. Кейін шегіну (ұлттық отанға қарай) немесе алға басу (социалистік революцияға қарай).

Σ* = ұлттық тар өрістіліктің күйреуі.

РЕСМИ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРДЫҢ КҮЙРЕУІ

13. Жұмысшы қозғалысының тарихындағы шұғыл өзгерісті жұрттың бәрі (ұғынды демесек) сезіп отыр. Интернационалдың дағдарысқа ұшырауы және күйреуі. Мәселе неде? Интернационал біртұтас болды ма әлде екі тенденция болды ма?

14. Соғыс жөнінде басты-басты елдердің жұмысшы қозғалысында болып отырған көзқарастарға шолу:

* — Жиыны. *Ред.*



В. И. Лениннің «Бірінші май және соғыс» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1915 ж.

Кішірейтілген

Германия: 4 август vs Borchardt және *Die Internationale»*[291]
Англия:
Франция: (Гед+Самба versus Merrheim)
Россия.

Италия
Швейцария
Швеция
} | Іс жүзінде барлық жерде екі партия |

15. Мәні неде? Ағылшын және герман жұмысшы қозғалысын салыстыр=
Буржуазиялық тенденциялар және жұмысшы қозғалысындағы ықпал.

16. Оппортунизмге қарсы 15 жылдық күрес және оппортунизмнің Батыс Европада өсуі. Оппортунизмнің күйреуі жұмысшы қозғалысы үшін пайдалы. ((Гед — Гайндман — Каутский — Плеханов)).

17. Ресми марксизмнің дағдарысы (1895—1915).
Өлікті тірілтудің қажеті жоқ, оппортунистік «марксизмсымаққа» қарсы революциялық марксизмді дамыту керек.

18. Марксизм versus струвизм...
Диалектика versus эклектика...

19. Жыртылған ту ма? Штутгарт 1907
(жалған үміттердің жоғалуы) Хемниц 1910*
Базель 1912

20. Революциялық қимылдан *басқа* «мүмкіндіктердің бәрі».

21. Анархизм=оппортунизм (ұсақ буржуазиялық).
«La Bataille Syndicaliste»[292] { Cornelissen / Grave / Kropotkine }

22. Abdankung der deutschen Sozialdemokratie**.
Жарамсыз ұйымдар қирады немесе, дұрысырақ

* Бұл арада, сірә, Копенгагендегі Халықаралық социалистік конгресс туралы айтылып отырса керек. *Ред.*
** — Герман социал-демократиясының жолдан таюы. *Ред.*

айтқанда, құрыды — жақсы ұйымдар үшін жолды тазарту керек.

«Әбден толысып жетілу» (пролетариат толысып жетілмеді емес): салыстыр 1907.

КАПИТАЛИЗМ ЖӨНІНДЕГІ ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ЖАЛҒАН ҮМІТТЕРДІҢ КҮЙРЕУІ

23. Бір жағынан, соғыс біртұтас ұлттық іс болып көрінеді, екінші жағынан, қалыпты жағдайдың жоқтығы, «бейбіт» капитализмнің бұзылуы болып көрінеді etc.

Бұл жалған үміттердің екеуі де зиянды. Және бұл жалған үміттердің екеуін де соғыс жойып отыр.

24. «Burgfrieden»*, «ұлттық блок», соғыс уақытында да «l'union sacrée»** ме??

25. Соғыс — «сұмдық» нәрсе ме? Иә. Бірақ ол сұмдық *пайдалы* нәрсе.

160 миллиард > 60 миллиард сом.

Mehrwert = 10—20 *миллиард* сом.

26. Индустрияны соғыс жағдайларына «бейімдеу». (Күйзеліс. Тез шоғырлану.)

27. Соғыс және капитализмнің негіздері.

«Бейбіт демократизм», «мәдениет», «праволық тәртіп» etc. versus соғыс сұмдықтары??

Дұрыс емес.

Жеке меншік және айырбас. Біреулердің күйзелуінің кепілі, зорлық-зомбылықтың кепілі мен негізі.

28. Отарлар мен концессиялар.

«Адал концессионер»?

«Қайырымды» отаршы?

29. Соғыс = сұмдық пайдалы нәрсе

= капитализмнің тікелей және болмай қоймайтын жемісі.

---

* — «Азаматтық татулық». *Ред.*

** — «қасиетті одақ». *Ред.*

30. Зиянды жалған үміттер капитализмге қарсы күресті тек бөгей ғана алады.

ПАЦИФИЗМ АРМАНДАРЫНЫҢ КҮЙРЕУІ

31. Империализм *болмайтын* капитализм?
(Артқа қарау?)

32. Теория жүзінде (абстракт түрде) отарларсыз да мүмкін болады etc.

33. 4 сағаттық жұмыс күнімен сияқты, minimum 3000 жұмысшы...

ad 33 «Капитализм сауда толық еркін болған жағдайда империализм*сіз*, соғыстарсыз, отарларсыз дами *алады»*.

Солай ма?

Капитализм ондаған миллиардтарды соғысқа емес, пауперлер мен жұмысшыларға көмекке бере *алады,* сөйтіп мұнысымен капиталистер табының үстемдігін мәңгілік етеді!

Теория жағынан бірдей қағидалар. «Жұмысшы табының мәжбүр ететін қысымы және буржуаның адамгершілік шаралары». Мәселенің мәнінің өзі де мынада: мұндай нәрселерге *жалпы* қысым мәжбүр ете алмайды, нағыз революцияның күші бар *қысым* керек. Ал революция мен контрреволюция күресті анағұрлым мәнді нәрсеге дейін шиеленістіреді.

Мәселе реформалар жолындағы күреске тіреліп отыр. Бұл күрес заңды және белгілі мөлшерде керек те, viz.*: 1) революциялық жағдайдың болмауы;— 2) жақсартулардың ішінара сипаты, таптардың күресін революцияға дейін баратындай етіп шиеленістірмеу.—

34. Не үшін? соғыс сұмдықтары үшін бе? (ал сұмдық көп пайдалар ше?)
Пролетариаттың қысымы үшін бе?
(ал оппортунизмнің опасыздығы ше?)

---

* — Videlicet — атап айтқанда. *Ред.*

35. Аннексияларсыз бітім, қарусыздану etc. etc. — «Құпия дипломатияны жою»?

Объективтік мағына: *поптың жұбатуы* ((Фейербах: дін жұбатады. Пайдалы ма?)). — «Utopia or hell»?* NB [«Volksrecht»-тің **Forel** туралы пікірі]

36. Реформалар үшін күресу ме?
Иә.— Оның шектері.
Жеке мәселе.
Реформалар заманы, **революциялық жағдайдың** *жоқтығы*.
Мәселенің түйіні осында.

ЖАЛҒАН ҮМІТТЕРДІҢ КҮЙРЕУІНІҢ ЖЕМІСТЕРІ

37. Революциялық жағдайлар
(α) төмендегілер тілемейді, жоғарыдағылар билей алмайды
(β) күйзелушіліктің күшеюі
(γ) айрықша белсенділік.

38. Өсудің баяулығы мен бұралаңдығы.
Салыстыр 1900 versus 1905.

39. Капиталистердің тонауы және үкіметтердің алдауы? — «Kriegssklaverei»**

40. Соғыс және техниканың кереметтері?

41. Соғыс және қайта топтасу.
(жұмысшылар versus шаруалар)

42. Үш психология
(α) ашыну және дін
(β) жауға өшпенділік
(γ) жалпы капитализмге ғана емес, сонымен бірге *өз* үкіметің мен буржуазияңа өшпенділік.

43. «Гапоншылдық».

44. Хат: «Mundspitzen»
(«Kamarades»)

---

* — «Утопия немесе тозақ»? *Ред.*
** — «әскери құлдық». *Ред.*

45. Дағдарыс атаулының қайсысы болсын біреулерді әлсіретеді, екінші біреулерді *ш ы н ы қ т ы р а д ы.*

46. Социалистік революция үшін — шынықтырады.
ΣΣ* =
Жұмысшы қозғалысындағы зиянды, шірік нәрсенің күйреуі = революциялық шайқастарға кездесетін кедергілерді жою.

Капиталистердің пайдалары

Айтпақшы. Германиядағы 10 миллиардтық заем. Заем 5 процентін береді. Үкімет былай істеген: *жинақ* кассалары (әлгі заемға жазылу үшін) *қарыз* кассаларынан (Darlehenskassen) ақша алып, оларға $5^1/_4$ процентін төлейді. Ал қарыз кассаларына ақшаны үкімет береді!! Алдау.
«D a s V o l k s r e c h t» (Zürich), den 27. IV. 1915.[293]

«Мейірбан» утопиялардың қисынсыздығы: құпия дипломатия болмасын,— айталық, соғыстың мақсаты — аннексияларсыз бітім etc. etc. Көңілшектік және реакциялық сандырақ.

Ескі ұлттар (respective** буржуазиялық мемлекеттер) *versus* «шекара жойылсын»!

Россияның тәжірибесі: 1900 *versus* 1905
самодержавие жойылсын (1900) және «халық»...
революциялық ұрандар және революциялық қозғалыстың өсуі...

1915 ж. апрельдің аяғында жазылған

Бірінші рет 1929 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Жалпы жиыны. *Ред.*
** — сәйкес. *Ред.*

ИМПЕРИАЛИСТІК СОҒЫСТА ӨЗ ЕЛІНІҢ ЖЕҢІЛУІ ТУРАЛЫ МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Заметка:

Империалистік соғыста өз елінің жеңілуі туралы

1. 1-ші үлгідегі Аксельрод (жеңілісті жақтайды, бірақ негіздердің жеңілісін емес).
2. 2-ші үлгідегі Аксельрод (қарсы).
3. Буржуазия және оның революциялары
   { 1870 республикалық оппозиция
   1905 Россия }
4. Қандай да болсын елге және барлық үкіметтерге жеңіліс — қисынсыздық немесе азамат соғысына көшушілік.
5. Барлық елдердің келісімі бойынша ма? Күту керек пе?
6. Россия: буржуазиялық революция
   ұлт мәселесі.
7. Россияның жеңілуі + неміс шовинизмі мен Австрия шовинизмі.
8. «Жеңіс те, жеңіліс те болмасын»? = Status quo...

9*. *«Hochland»* социал-демократия туралы[294]

10*. «Өз еліндегі басты жау».

* Жұлдызшалармен белгіленген пункттер қолжазбаның шеттеріне кейін жоғарғы жағынан және тұсынан жазылып қосылған. *Ред.*

11. Шовинизмге саңылау қалдыру=«жеңілістен» безу...

12*. Жеңіліс және халық күйзелісі... (софизм)...

13*. Отарлардан (және езілген ұлттардан) «құтылу» — революция үшін игілік. (Империалистік соғыс = отарларды қайта бөлісу үшін және ұлы державалық пұрсаттылықтар үшін соғыс.)

14*. «Ұлы державалық пұрсаттылықтарды қорғау ма»?

15*. Өшпенділіктің үш бағыты.

1915 ж. 8 (21) июльден ертерек жазылған

Бірінші рет 1934 ж. Лениннің XXIX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Жұлдызшалармен белгіленген пункттер қолжазбаның шеттеріне кейін жоғарғы жағынан және тұсынан жазылып қосылған.— *Ред.*

СОЛШЫЛ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ БІРІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНФЕРЕНЦИЯҒА АРНАҒАН ҚАРАРЫ ЖОБАСЫНЫҢ НҰСҚАСЫ

Жоба

Қазіргі соғысты империализм туғызып отыр, яғни өндіргіш күштердің дамуы мен капиталдың өсуі жеке ұлттық мемлекеттердің тар шеңберінен асып түсіп, «ұлы» державаларды шикізат көздері және шетке капитал шығаратын жерлер ретінде өзге ұлттарды құлдыққа салуға және отарлар басып алуға ұмтылдыратын кездегі капитализмнің жоғары сатысы туғызып отыр.

Социализмнің объективтік шарттары әбден пісіп жетілді, сондықтан ұлы державалар қазіргі соғыста отарлардың тәуелділігін сақтап, күшейту арқылы, дүние жүзілік рынокта пұрсатты жағдайларды қолға алу арқылы, жұмысшылардың интернационалдық революциялық күресін жікке бөлу, сөйтіп оны жаныштау арқылы капитализмнің құритын кезін әдейі соза түсу үшін күресуде.

Социал-демократтар барлық ұлттардың бостандық алуы қажеттігін толық мойындайды. Феодализмге, абсолютизмге және бөтен ұлттың езгісіне қарсы күрес заманында олар отан қорғауды мойындаған-ды,—олар қазіргі уақытта да езілген ұлттардың (әсіресе отарлардың) өздерін езушілерге қарсы, «ұлы» державаларға қарсы жүргізетін соғысын заңды деп біледі.

Бірақ ұлы державалардың арасындағы қазіргі соғыс — құл иеленушілердің құлдықты күшейтіп, нығайта түсу үшін, отарларды қайта бөлісу үшін, өзге ұлттарды езуге «право» алу үшін, ұлы державалық капитал-

дың пұрсатты жағдайлары үшін, жұмысшы қозғалысын реакциялық жолмен жаныштау үшін жүргізіп отырған соғысы. Сондықтан соғысушы державалардың екі тобының да «отан қорғау» жөніндегі жел сөздері буржуазияның халықты алдауы болып табылады. Қазіргі үкіметтердің қайсысының болсын жеңісі де, status quo ante bellum*-ге қайтып оралу да ұлттардың бостандығын империалистік ұлы державалардан сақтап қала алмайды, тіпті ең ерікті деген елдерде де қымбатшылықтан, трестерден, милитаризмнен және сонымен байланысты саяси реакциядан барған сайын қатты қысым көріп отырған жұмысшы табының ептеп тіршілік етуіне мүмкіндік те бермейді.

Қазіргі соғыстағы «отан қорғау» ұранының шын мәнісі ұлы державалық пұрсатты жағдайлар мен артықшылықтарды қорғау, белгілі бір буржуазияның өзге ұлттарды езу «правосын» қорғау деген сөз, национал-либералдық жұмысшы саясаты деген сөз, пролетарлар мен қаналушылар бұқарасына қарсы жұмысшылардың шағын бөлегінің «өзінің» ұлттық буржуазиясымен жасасқан одағы деген сөз. Мұндай саясат жүргізуші социалистер іс жүзінде шовинистер, социал-шовинистер болып табылады. Соғыс кредиттеріп жақтап дауыс беру, министрліктерге ену, Burgfrieden саясаты, т. с.—оппортунизм саясаты, социализмге опасыздық жасау деген сөз. Сондықтан жұмысшы табы оппортунизм мен социал-шовинизмге қарсы батыл күрес жүргізбейінше, еңбекті азат ету жөніндегі өзінің ұлы мақсаттарына жете алмайды.

Қазір ұлы державалар арасында жүріп жатқан нақ осындай соғысты алдын ала болжап бірауыздан қабылданған 1912 жылғы Базель манифесі осы соғыстың реакциялық, империалистік сипатын айқын танып, нақ осындай соғысқа байланысты *пролетарлық революцияның* жақындап келе жатқандығын анық мәлімдеді. Шынында да, соғыс революциялық жағдай жасады, революциялық пиғылдар мен толқулар туғызды. Социал-демократтардың міндеті—бұларды қолдап, өршіте

* — соғыстан бұрынғы жағдайға. *Ред.*

беру, бұқараның революциялық санасының оянуына, оның санасының буржуазиялық және социалистік шовинизм өтірігінен арылуына көмектесу, империализмге қарсы, социализм үшін революциялық бұқаралық күрес әрекеттерінің қандайына болса да көмектесу, империалистік соғысты социализм жолындағы азамат соғысына айналдыруға ұмтылу.

Социал-демократтар бұқараның бейбітшілікті аңсаған тілегінің өсуін, бұқараның ашынғанын және оның революциялық санасының ояна бастағанын көрсететін тілектің өсуін революциялық үгітті күшейту үшін пайдалануға тиіс. Бірақ сонымен бірге социал-демократтар қазіргі үкіметтерді революциялық жолмен құлатпайынша, ұлттарды езушілік болмайтын, жедел, азды-көпті баянды, демократиялық бітім жасауға болады деген үмітпен халықты алдамауға тиіс.

1915 ж. 13 (26) июльден ертерек жазылған

Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Июль, 1914 — август, 1915)

1914 ж.

Э. ВАНДЕРВЕЛЬДЕНІҢ ТЕЛЕГРАММАСЫНА ДУМАДАҒЫ БОЛЬШЕВИКТІК ФРАКЦИЯНЫҢ ЖАУАБЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Орыс жұмысшыларын соғысты қолдауға шақырған Э. Вандервельденің телеграммасына РСДЖ Фракциясының жауабын Думадағы большевиктік фракция 1914 жылы 30 сентябрьде — 1 октябрьде (13—14 октябрьде) болған жиналыста жазып, шетелге Ленинге жіберген. В. И. Ленин 1914 ж. 4 (17) октябрьде А. Г. Шляпниковқа жолдаған хатында былай деп жазды: «Вандервельдеге арналған жауапты оқыдым, осы жауап жөніндегі өз пікірімді ұсынып отырмын» (Шығармалар, 35-том, 138-бет).

РСДРП ЛОЗАННА СЕКЦИЯСЫНЫҢ ТЕЛЕГРАММАСЫ

Ф. Ильин өзінің естеліктерінде былай деп жазады: Лозанна секциясының Г. В. Плехановтың рефераты 1914 жылғы 11 октябрьге белгіленгені туралы В. И. Ленинге телеграммаға жауап ретінде секция В. И. Лениннен телеграмма алды, онда ол өзінің Лозаннаға келетін уақыты туралы хабарлады (қараңыз: «Ленин институтының жазбалары», I том, 1931, 123-бет).

А. К. ВОРОНСКИЙГЕ (ВАЛЕНТИНГЕ) ХАТ

Бұл хатты алғаны туралы А. К. Воронский 1914 жылы 18 (31) октябрьде И. Ф. Армандқа жолдаған хатында хабарлаған. Лениннің хатында М. Ф. Владимирскийден қолжазбалар мен хаттардың жайын сұрау жөнінде өтініш айтылған.

К.-Я. БРАНТИНГКЕ ТЕЛЕГРАММА

1914 жылы 12 (25) ноябрьде А. Г. Шляпниковқа жолдаған хатында В. И. Ленин былай деп жазды: «Питер түбінде 11 адамның (оның ішінде РСДЖ Фракциясы 5 мүшесінің) қамауға алынғаны туралы кеше кешке оқып, РСДЖ Фракциясы 5 мүшесінің тұтқынға алынған-алынбағанын, қамалған-қамалма-

ғанын Сіз анықтасын (le cas échéant* финдер арқылы) деп бүгін Брантингке телеграмма жібердік» (Шығармалар, 36-том, 299-бет).

А. Г. ШЛЯПНИКОВҚА ХАТТАР

Бұл хаттар туралы В. И. Ленин 1914 жылы декабрьдің аяқ кезінде А. Г. Шляпниковқа жазған хатында еске алады: «Менің Сізге жазған хаттарым, сірә, не жоғалып кетеді, не кешігіп қалады: мен Кобецкийге талай рет жаздым» (Шығармалар, 36-том, 303-бет). Осы хаттардың бірі туралы Ленин А. М. Коллонтайға жолдаған хатында еске алады: «Александрдан Кобецкиймен... танысуды және одан менің өзіне (Александрға) жазған хатымды алуды өтініңіз» (Шығармалар, 35-том, 150-бет).

М. М. ЛИТВИНОВҚА ХАТТАР

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында В. И. Ленин Лондонда болған М. М. Литвиновпен жиі-жиі хат жазысып тұрды. «Мен бір лондондық жолдаспен (Mr. Litvinoff) хат жазысып тұрамын»,— деп хабарлады Ленин 1914 жылы ноябрьде А. М. Коллонтайға жолдаған хатында (Шығармалар, 36-том, 300-бет).

«БЕЙБІТШІЛІК» ҰРАНЫНА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ХАТ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Ленин қол қойған бұл хаттың қолжазбасының соңғы (21-ші) беті сақтаулы. Документ, сірә, ағылшын Тәуелсіз жұмысшы партиясының 1914 жылы декабрьде А. М. Коллонтай арқылы жіберген сауалына Лениннің қайтарған жауабы болса керек.

1914—1915 жж.

Г. Л. САФАРОВҚА ХАТ

В. И. Ленин бұл хатты Г. Л. Сафаровтың 1914 жылдың аяғында немесе 1915 жылдың басында жазылған хатына жауап ретінде жолдаған; хатта бейтарап елдер социалистері конференциясының шақырылуы туралы хабарланған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

* — егер реті келсе. *Ред.*

С. Г. БУАЧИДЗЕГЕ ХАТТАР

Соғыс кезінде, 1914—1915 жылдары, В. И. Ленин С. Г. Буачидзенің Балқандағы революциялық қозғалыс және социал-демократияның қызметі туралы хабарлап, Софиядан жазған хаттарын бірнеше рет алды. Буачидзенің Ленинге жазған хаттары сақталған, бұл хаттар Лениннің Буачидземен хат жазысып тұрғандығын дәлелдейді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Г. Я. БЕЛЕНЬКИЙГЕ ХАТТАР

Г. Я. Беленький В. И. Лениннің хаттарын алғаны туралы 1914 жылдың аяғында — 1915 жылдың басында Ленинге жазған хаттарында бірнеше рет хабарлаған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

С. И. ГОПНЕРГЕ ХАТТАР

В. И. Лениннің С. И. Гопнермен 1914 жылдың аяғында — 1915 жылдың басында хат жазысып тұрғандығын С. И. Гопнердің Н. К. Крупскаяға жазған хаттары дәлелдейді; бұл хаттар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

Л. Н. СТАЛЬҒА ХАТТАР

В. И. Лениннің Л. Н. Стальмен 1914 жылдың аяғында —1915 жылдың басында хат жазысып тұрғандығы Стальдың Ленинге жазған хаттарынан белгілі; бұл хаттар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

1915 ж.

Н. И. БУХАРИНГЕ ХАТ

1915 жылдың басында В. И. Ленинге жазған хатында Н. И. Бухарин Лениннің «жеңілу» ұраны туралы мәселе жөніндегі хатын алғаны жайында хабарлаған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

САЗОНОВҚА (МАРТЫНҒА) ХАТ

В. И. Ленинге жолдаған, 1915 жылғы 12 (25) және 13 (26) февраль деп жазылған күндері көрсетілген хатында А. Г. Шляпников Лениннің хатын Сазоновқа (Мартынға) салып жібергендігін хабарлаған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Н. И. БУХАРИНГЕ ХАТ

Бұл хатты алғаны туралы Н. И. Бухарин өзінің 1915 жылы февральда В. И. Ленинге жазған хатында хабарлаған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Н. И. БУХАРИНГЕ ХАТ

В. И. Ленинге жолданған, 1915 жылғы 17 февраль (2 март) деп жазылған күні көрсетілген хатында Бухарин Лениннің хатын алғаны туралы хабарлаған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

М. Н. ПОКРОВСКИЙГЕ ХАТ

Бұл хатты М. Н. Покровский В. И. Ленинге жолдаған, 1915 жылғы 14 (27) май деп жазылған күні көрсетілген жауап хатында еске алады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Я. БОГРОВСКИЙГЕ ХАТ

Я. Богровский В. И. Ленинге жазған хатында былай деп хабарлаған: «Сіздің 1915 жылы 23 июньде жазған заказды хатыңызды алдым» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

М. К. ЗАКС-ГЛАДНЕВКЕ ХАТТАР

В. И. Ленинге жолданған, 1915 жылғы 16 (29) июнь деп жазылған күні көрсетілген хатында М. К. Закс-Гладнев былай деп хабарлаған: «...Сізден бірнеше открытка алдым...» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. А. КАРПИНСКИЙГЕ ТЕЛЕГРАММА

Бұл телеграмма туралы В. И. Ленин 1915 жылы 8 (21) июльде В. А. Карпинскийге жолдаған хатында былай деп жазған: «Орталық Органның кезекті номерінде менің «Социал-демократиядағы істің жайы туралы» деген мақаламды пацифизм

туралы мақаламен (Григорийдің мақаласымен) ауыстыруды өтініп, Сізге бүгін телеграмма салдым» (Лениннің XI жинағы, 156-бет).

Д. ВАЙНКОПҚА ХАТТАР

Бұл хаттар туралы В. И. Ленин Циммервальд конференциясына әзірленуге байланысты 1915 жылы июльде К. Б. Радекке жазған хатында былай деп еске алады: «Менің Wynkoop-қа жазған хатымды оқыңыз да, өзіне жіберіңіз. Мұның алдындағы хатты жіберді ғой деп сенем» (Шығармалар, 36-том, 322-бет).

К. Б. РАДЕККЕ ХАТ

Ленин 1915 жылы июльде К. Б. Радекке жолдаған хатында былай деп жазған: «Сіз маған жазған кезде мен Жинақты жіберіп, Сізге (открытка) жазғанмын» (Шығармалар, 36-том, 319-бет).

Г. Е. ЗИНОВЬЕВКЕ ХАТ

Бұл хат В. И. Лениннің 1915 жылы 2 (15) немесе 3 (16) августа С. Н. Равичке жазған хатында былай деп еске алынады: «Мен кітапша шығарғалы жатырмын деп Григорийге жазып отырмын...» (Лениннің XI жинағы, 162-бет).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» ГАЗЕТІ

№ 33—1 ноябрь, 1914 ж.
№ 34 — 5 декабрь, 1914 ж.
№ 35 — 12 декабрь, 1914 ж.
№ 36 — 9 январь, 1915 ж.
№ 37 — 1 февраль, 1915 ж.
№ 38 — 12 февраль, 1915 ж.
№ 39 — 3 март, 1915 ж.
№ 40 — 29 март, 1915 ж.
№ 41 — 1 май, 1915 ж.
№ 42 — 21 май, 1915 ж.
42-номерге қосымша — 1 июнь, 1915 ж.
№ 43 — 26 июль, 1915 ж.
№ 44 — 23 август, 1915 ж.

«КОММУНИСТ» ЖУРНАЛЫ

№ 1 — 2 — сентябрь, 1915 ж.

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«РЕДАКЦИЯДАН» ДЕГЕН ЗАМЕТКА

«Редакциядан» деген заметка «Социал-Демократтың» 1915 жылғы 12 февральдағы 38-номерінде қол қойылмай басылған. Заметка В. И. Лениннің «Мұнан әрі не істеу керек? (Жұмысшы партияларының оппортунизм мен социал-шовинизм жөніндегі міндеттері туралы)» деген мақаласы жөнінде ескертпелер жасалған М. Ю. Лариннің «Социал-Демократтың» редакциясына жазған хатына жауап болған, ал Лениннің мақаласында Лариннің жәпе меньшевиктік Ұйымдастыру комитетінің оппортунистік позициясы сыналған-ды. Мұның өзі заметканы жазған В. И. Ленин деп топшылауға негіз бола алады.

ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТЕРДІҢ ПАРИЖ КЛУБЫНЫҢ ҚАРАРЫ

1915 жылы 9 (22) апрельде В. И. Ленинге жазған хатында Г. Я. Беленький интернационалистер клубына арнап декларация жазуды өтінген. 1915 ж. июньнің аяғында Г. Е. Зиновьевке жазған хатында Ленин оған интернационалистер клубының қарарын танысу үшін жіберіп отырғандығын хабарлайды; 1915 жылы июльде жазған екінші бір хатында Ленин интернационалистер клубының қарарын өзіне қайтаруды өтінеді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Мұның өзі қарарды жазған В. И. Ленин деп топшылауға негіз бола алады.

«АКСЕЛЬРОД ТОБЫ СОЦИАЛ-ШОВИНИСТЕРМЕН ОДАҚТАСЫП ОТЫР»

Заметка «Социал-Демократ» газетінің 1915 жылғы 26 июльдегі 43-номерінде басылған. Заметкада П. Б. Аксельродтың екіжүзді интернационализмі сыналған; Россиядан алынып, Вена-

ның «Arbeiter Zeitung»-ында басылған хаттан цитат келтірілген, ал ол хатта Аксельрод тобының социал-шовинизмге кеңшілік жасап отырғандығы атап көрсетілген-ді. «Arbeiter Zeitung» газетінің В. И. Ленин белгі салған қиындысы сақталған. 1915 жылы жазда Г. Е. Зиновьевке жолдаған хатында Ленин: «Wiener Arb. Ztg.-те бір керемет: Аксельродтың оппортунизмге кеңшілік жасап отырғандығы туралы Россиядан келген хат» басылды деп жазды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Мұның өзі заметканы жазған В. И. Ленин деп топшылауға негіз бола алады.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] «Соғыс туралы тезистер» деген атпен тарихқа енген бұл документ большевиктік партияның және халықаралық революциялық социал-демократияның дүние жүзілік империалистік соғыс жөніндегі позициясын белгілеген бірінші документ болды. В. И. Ленин тезистерді соғыстың алғашқы күндерінен-ақ ойластырып, 1914 жылы сентябрьдің басында жазды.

1914 жылы 6 сентябрьде (жаңаша), Поронинвен (Австро-Венгрия) Бернге (Швейцария) келген күнінің ертеңінде, В. И. Ленин эмигрант-большевиктердің Берн тобының жиналысында соғысқа көзқарас жөнінде баяндама жасады, онда «Соғыс туралы тезистерде» тұжырымдалған қағидаларды баяндады және түсіндіріп берді. Бұл жиналысқа И. Ф. Арманд, Н. К. Крупская, IV Мемлекеттік думаның депутаты Ф. Н. Самойлов, В. М. Каспаров, Г. Л. Шкловский және басқалар қатысты. Лениннің тезистері жан-жақты талқыланып, кеңестің қарары ретінде қабылданды. «Социал-демократтардың, РСДРП мүшелерінің бір тобы» деп қол қойылған тезистер шетелдегі басқа да большевиктер секцияларына жіберілді. Құпиялылықты сақтау мақсатында Н. К. Крупская жазған көшірмеге В. И. Ленин: «Данияда шығарылған үндеу хаттың көшірмесі» деп жазды. Басқа бір данасында: «Россияда шығарылған үндеу хаттың көшірмесі» деп жазылған. Тезистер Орталық Комитеттің Россиядағы бөлегінің, IV Мемлекеттік думадағы большевиктік фракцияның және партия ұйымдарының талқылауы үшін Ф. Н. Самойловпен Россияға жіберілді. Россияда тезистер кеңінен таратылды. Тезистер Петроградта, Москвада, Иваново-Вознесенскіде, Нижний Новгородта, Вологдада, Красноярскіде, Киевте, Екатеринославта, Харьковте, Бакуде, Тифлисте және басқа қалаларда талқыланды.

Сондай-ақ тезистер Швейцария социал-демократтары арқылы 1914 жылы 27 сентябрьде Луганода (Швейцария) өтіп жатқан Италия және Швейцария социалистерінің біріккен

конференциясына табыс етілді; осы тезистердің кейбір қағидалары конференцияның қарарына енді.

Тезистерді неғұрлым кең тарату мақсатымен оларды большевиктердің Берн кеңесінің қарары ретінде жеке листок етіп басып шығару ұйғарылған еді. Осыған байланысты В. И. Ленин тезистерге кіріспе жазды. Бірақ көп кешікпей тезистердің орнына РСДРП мүшелерінің бір тобы атынан «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген тақырыппен манифест басып шығару жөнінде шешім қабылданды. Ленин манифесті өзінің тезистері негізінде жазды. «Біз,— деп жазды В. И. Ленин В. А. Карпинскийге,— оқуға ыңғайсыздау тезистердің орнына *ұсынылып отырған* манифесті шығаруға ұйғардық» (Шығармалар, 35-том, 129-бет). КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы жатқан манифестің көшірмесінің соңғы бетінде: «P. S. Бұл үндеу хатты Орталық Комитеттің басшылығын мойындаған, Россия социал-демократтарының Дания кеңесінің тезистерін негізге алған және Россиядағы ықпалды социал-демократтармен қарым-қатынас жасау арқылы ол тезистердің шынында да партия пікірін білдіретіндіктеріне көз жеткізуге мүмкіндіктері болған РСДРП мүшелерінің Скандинавия тобы басып шығарды» деп жазылған.

1914 жылы октябрьде, манифест жеке листок болып терілген кезде, В. И. Ленин Орталық Комитеттің Россиядағы бөлегінің, большевиктердің Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының және партия ұйымдарының соғыс туралы тезистерді мақұлдағандығы туралы Россиядан хабар алды. Манифесті РСДРП Орталық Комитеті атынан басып шығару ұйғарылды. Дәл осы кезде РСДРП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетін қайта шығаруға мүмкіндік болатыны анықталғаннан кейін, манифесті жеке листок етіп шығармай, «Социал-Демократтың» бірінші номерінде жариялау жөнінде шешім қабылданды. Ленин осы шешім жайында хабарлап, «Социал-Демократ» шығуға тиісті Женевадағы В. А. Карпинскийге 1914 жылы 17 октябрьде былай деп жазды: «Сізге дүйсенбіге дейін манифеске енгізілетін кішкене түзету жібереміз және қол қоюшыларды *өзгертеміз* (өйткені Россиямен қатынасқаннан кейін біз енді *ресмилеу* сөйлесеміз)» (Шығармалар, 35-том, 132—133-беттер). Манифест «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген тақырыппен «Россия С.-Д. Жұмысшы Партиясының Орталық Комитеті» деген қол қойылып, РСДРП Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің 1914 жылғы 1 ноябрьдегі 33-номерінде бас мақала ретінде басылды (қараңыз: осы том, 13—23-беттер).— *1.*

2 1914 жылы 4 августа рейхстагта социал-демократиялық фракция буржуазия өкілдерімен бірге кайзерлік үкіметке 5 миллиард соғыс заемын беруді жақтап дауыс берді, сөйтіп, II

Вильгельмнің империалистік саясатын мақұлдады. Кейін анықталғанындай, социал-демократиялық фракция бұл мәселені рейхстаг мәжілісіне дейін талқылаған кезде солшыл социал-демократтар үкіметке соғыс кредитін беруге қарсы болған, бірақ социал-демократиялық фракцияның оппортунистік көпшілігінің шешіміне бағынып, кредит беруді жақтап дауыс берген. Бүкіл социал-демократиялық фракция атынан Г. Гаазе декларацияны жариялады, онда былай делінген: «Енді біздің алдымызда соғыстың қатал фактісі тұр. Бізге жау шапқыншылығының сұмдықтары төніп тұр. Біз енді соғысты жақтап немесе соғысқа қарсы дауыс беріп жатпай-ақ, елді қорғауға қажетті қаржы бөлу мәселесін шешуіміз керек». Декларация социал-демократтардың «қажетті кредитті жақтап дауыс беру» жөнінде алған міндеттемесімен аяқталды.— *2.*

[8] Бельгия социалистерінің оппортунистік лидерлері соғыс басталмай тұрып-ақ социал-шовинистік позиция ұстады. 1914 жылы 2 августа, соғыс қаупі туралы мәселе талқыланғаннан кейін, Бельгия жұмысшы партиясы Бас советінің мәжілісі көше манифестацияларынан, оның ішінде 3 августқа белгіленген манифестациядан бас тарту жөнінде қаулы қабылдады, сөйтіп парламент депутаттарына — социалистерге палата мәжілісінде соғыс кредитін жақтап дауыс беруді тапсырды. Келесі күні Бельгия жұмысшы партиясының басшылығы халықты соғысты қолдауға шақырған шовинистік үндеу хат шығарды. Депутаттар палатасында социалистер соғыс кредитін жақтап бірауыздан дауыс берді. Бельгия социалистерінің лидері және II Интернационалдың халықаралық социалистік бюросының председателі Э. Вандервельде Бельгия үкіметінің құрамына кіріп, юстиция министрі болды.

Француз социалистік партиясының лидерлері де осындай бағыт ұстады. 1914 жылы 2 августа Парижде болған партия жиналысында социалистер басшыларының бірі Э. Вальян, бұрын буржуазия тудырған соғысқа жаппай стачкамен жауап беруді талап етсе, енді әсіре шовинистік сөз сөйлеп, егер соғыс бола қалса, «социалистер отан алдында, республика мен революция алдында өз борышын орындайды» деп мәлімдеді. 4 августа социалистер парламентте соғыс кредитін жақтап, соғыс жағдайын, соғыс цензурасын енгізуді жақтап, яғни стачкаларға, жиналыстарға, т. б. тыйым салуды жақтап бірауыздан дауыс берді. Августың аяғында социалистер Ж. Гед пен М. Самба, сәл кейінірек А. Тома да Францияның империалистік үкіметіне («ұлттық қорғаныс» министрлігіне) кірді. Министрліктер мен қалалық өзін өзі басқару органдарында социалистер мен кәсіподақтардың басшы қайраткерлері де соғысты жүргізу ісінде буржуазияға белсене көмектесе бастады.— *2.*

[4] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 444-бет.— *2.*

[5] *«Социалистік Әрайлық»* («Sozialistische Monatshefte») — журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықаралық ревизионизм органдарының бірі. 1897 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позиция ұстады.— *5.*

[6] *Кадеттер* — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды.

Кадеттер Россияны соғысқа әзірлеуде белсенді роль атқарды. Патша үкіметінің басқыншылық жоспарларын сөзсіз қолдай отырып, кадеттер соғыс заказдарынан, қару-жарақ жеткізуден көп пайда табуды, буржуазияның жағдайын нығайтуды және елдегі революциялық қозғалысты басып-жаншуды көздеді.

Дүние жүзілік империалистік соғыс басталысымен кадеттер: «Соғысты жеңіске жеткенге дейін жүргізе берейік!» деген ұран ұсынды. 1915 жылы, патша үкіметінің әскерлері майданда жеңіліске ұшырап, елде революциялық дағдарыс шиеленісе түскен кезде, кадеттердің мемлекеттік Думадағы П. Н. Милюков бастаған өкілдері буржуазия мен помещиктердің басқа да өкілдерімен бірге «прогрестік» блок құрды, бұл блок революцияға жол бермеуді, монархияны сақтап қалуды және соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беруді мақсат етіп қойды. Кадеттер Әскери-өнеркәсіптік комитеттерді құруға белсене қатысты.— *6.*

[7] Бұл арада *эсерлер, энестер* партиялары және *Еңбек тобы* айтылып отыр.

Эсерлер (социалист-революционерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», Социалист-революционерлер партиясы және басқалар) бірігуі нәтижесінде пайда болды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қоспасы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» бітеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет).

Энестер («халықтық социалистер») — ұсақ буржуазиялық Халықтық социалистік еңбек партиясының мүшелері; бұл партия 1906 жылы социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шықты. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлер арасында ауытқып жүрген «социал-кадеттер», «мещан-оппортунистер», «эсер-меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 26-бет) деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды.

Еңбек тобы (трудовиктер) — Мемлекеттік думалардағы ұсақ буржуазияшыл демократтар тобы; бұл топта халықшылдық сарындағы шаруалар мен интеллигенттер болды. Трудовиктер фракциясы 1906 жылы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруа депутаттарынан құрылды. Думада трудовиктер кадеттер мен социал-демократтардың арасында ауытқумен болды.

Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында эсерлердің, энестердің және трудовиктердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.— *6.*

[8] «Европа Құрама Штаттары» ұраны туралы В. И. Лениннің «РСДРП шетелдік секцияларының конференциясы», «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» және «РСДРП Орталық Комитетінің соғыс туралы манифесіне «Социал-Демократ» редакциясының ескертуі» деген мақалаларын (осы том, 170—177, 378—382 және 383-беттер) қараңыз. — *7.*

[9] *«Avanti!»* («Алға!») — күнделікті газет, Итальян социалистік партиясының орталық органы; 1896 жылы декабрьде Римде құрылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) газет дәйексіз-интернационалистік позиция ұстады, реформистермен байланысын үзген жоқ. 1926 жылы Муссолинидің фашистік үкіметі газетті жауып тастады, бірақ газет шетелде (үзілістермен) шығып тұрды; 1943 жылы Италияда қайтадан шыға бастады. Қазіргі кезде «Avanti!» — Итальян социалистік партиясының орталық органы.— *9.*

[10] *«Volksrecht»* («Халықтық Право») — күнделікті газет, Швейцария социал-демократиялық партиясының органы; 1898 жылдан қазіргі кезге дейін Цюрихте шығып тұрады. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) газет солшыл социал-демократтардың мақалаларын басты. Газетте Лениннің: «Г. Грейлихтің отан қорғауды қорғауы туралы қысқаша он екі тезис», «РСДРП-ның орыс революциясындағы міндеттері туралы», «Республикалық шовинистердің әрекеттері» және басқа мақалалары басылды. —*9.*

[11] *«Bremer Bürger-Zeitung»* («Бремен Азаматтық Газеті») — күнделікті социал-демократиялық газет, 1890 жылдан 1919 жылға дейін шығып тұрды; 1916 жылға дейін Бремен солшыл демократтарының ықпалында болды, одан кейін социал-шовинистердің қолына көшті.— *9.*

[12] *«Vorwärts»* («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халықтық Газеті») газетінің жалғасы ретінде, партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *9.*

[13] *Wiener «Arbeiter-Zeitung»* (Вена «Жұмысшы Газеті») — күнделікті газет, Австрия социал-демократиясының орталық органы. 1889 жылы Венада В. Адлер негізін салған. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) социал-шовинистік позицияда болды. Ленин оны «социализмнің веналық опасыздарының» газеті деп атады (Шығармалар, 29-том, 394-бет). 1934 жылы газет жабылды. Австрия социалистік партиясының орталық органы ретінде 1945 жылы қайта шыға бастады.— *9.*

[14] *«Hamburger Echo»* («Гамбург Жаңғырығы») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясы Гамбург ұйымының органы; 1875 жылы «Hamburg-Altonaer Volksblatt» («Гамбург-Альтон Халық Листогы») ретінде құрылды. 1887 жылдан қазіргі кезге дейін «Hamburger Echo» деген атпен шығып келеді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) социал-шовинистік позиция ұстады. 1933 жылы мартта газетті нацистік үкімет жауып тастады. 1946 жылдың апрелінен қайта шыға бастады.— *9.*

[15] *«L'Humanité»* («Адамзат») — күнделікті газет, француз социалистік партиясының органы ретінде 1904 жылы Ж. Жорес негізін қалаған. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) газет француз социалистік партиясының барып тұрған оң қанатының қолында болып, социал-шовинистік позиция ұстады.

1918 жылы француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері Марсель Кашен газеттің

басшысы және оның саяси директоры болды. 1918—1920 жылдары газет қарулы күштерін Совет республикасына қарсы күресуге жұмсаған француз үкіметінің империалистік саясатына қарсы шықты. 1920 жылғы декабрьден бастап, Француз социалистік партиясы жікке бөлініп, Франция Коммунистік партиясы құрылғаннан кейін, газет оның Орталық органы болды.— *9.*

[16] Ленин бұл арада Халықаралық социалистік бюродағы Франция және Бельгия делегацияларының герман халқына арналған үндеу хатын айтып отыр. Үндеу хат «L'Humanité»-нің 1914 жылғы 6 сентябрьдегі 3794-номерінде жарияланды. Онда Бельгия және Франция социалистері герман үкіметін басқыншылық мақсатты көздеді деп, ал неміс солдаттарын — оккупацияланған жерлерде айуандық жасады деп айыптады. Герман социал-демократиялық партиясының басқармасы 10 сентябрьде «Vorwärts» газетінің 247-номерінде бұл үндеу хатқа қарсы наразылық жариялады. Осыған байланысты баспасөз бетінде француз және неміс социал-шовинистері арасында айтыс өріс алды, онда екі жағы да өз елі үкіметінің соғысқа қатысуын ақтауға, айыпты басқа елдердің үкіметтеріне аударуға тырысты.— *9.*

[17] Бұл арада большевиктердің Бернде өткен кеңесі қабылдаған қарар айтылып отыр (қараңыз: осы том, 1—7-беттер).— *10.*

[18] Итальян социалистік партиясының негізі қаланған кезден (1892) бастап-ақ оның ішінде партияның саясаты мен тактикасы мәселелері жөнінде келіспейтін екі бағыттың — оппортунистік және революциялық бағыттардың шиеленіскен идеялық күресі жүріп жатты. 1912 жылы Реджио-Эмилиадағы съезде солшылдардың қысымымен ең ашық реформистер — соғысты және үкіметпен, буржуазиямен ынтымақтасуды жақтаушылар (Бономи, Биссолати) партиядан шығарылды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан бастап және Италия соғысқа кіргенге дейін Итальян социалистік партиясы соғысқа қарсы болды. «Соғысқа қарсы, бейтараптылық үшін!» деген ұран ұсынды. 1914 жылы декабрьде буржуазияның империалистік саясатын қорғаған, соғысты жақтаған бір топ ренегаттар (Муссолини және басқалар) партиядан шығарылды. Италия социалистері Швейцария социалистерімен бірге Луганода (1914) конференция өткізді, Циммервальдтағы (1915) және Кинтальдағы (1916) халықаралық социалистік конференцияларға белсене қатысты. Алайда Итальян социалистік партиясы негізінен центристік позицияда болды. 1915 жылы майда Италияның Антанта жағында соғысқа кіруінен бастап, Итальян социалистік партиясы империалистік соғысқа қарсы күрестен бас тартты және «Соғысқа қатыспау да керек, оған саботаж жасамау да ке-

рек» деген ұран тастады, іс жүзінде бұл ұран соғысты қолдау болды.— *11.*

[19] *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылғы октябрьге дейін К. Каутский, одан соң — Г. Кунов редакциялады. «Die Neue Zeit»-те К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір шығармалары бірінші рет жарияланды. Энгельс журналдың редакциясына ақыл-кеңес беріп көмектесіп отырды және журналда марксизмнен шегінушілікке жол берілгені үшін оны жиі сынады. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары жиі басылатын болды, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын бастаған Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалары жарияланды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) журнал центристік позиция ұстап, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады.— *11.*

[20] *«Соғыс және россиялық социал-демократия»* манифесі РСДРП Орталық Комитетінің жаңа басталған дүние жүзілік империалистік соғыс жөнінде большевиктік партияның позициясын білдірген бірінші ресми документі болды. Манифест 1914 жылы 1 ноябрьде РСДРП Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің 33-номерінде бас мақала ретінде басылды, номер 1500 дана тиражбен шықты. Манифест Россияда және шетелде кең таралды. Шетелдегі большевиктік секцияларға және Россияға жіберілген «Социал-Демократ» газетінің 33-номері партияның жергілікті ұйымдарына үлкен көмек көрсетті және олар оны іс-қимыл жасауда басшылыққа алды. Соғыс жылдары астана аудандарының бірінде астыртын жұмыс жүргізуді ұйымдастырған Питер жұмысшысы большевик Кондратьев жолдас кейінірек өзінің естеліктерінде «Социал-Демократтың» 33-номерінің Петербургтегі большевиктік ұйымдарға тигізген «орасан зор әсері» жөнінде жазды. Ноябрьдің бас кезінде, деп жазады Кондратьев жолдас, Петербургте алынған бұл хабар «жаңа күшті леп болды, бізге қайрат берді, қанат бітірді, жүрегімізге қуат құйып, еш нәрседен тайсалмай, алға ұмтыла беруге деген үмітімізді арттыра түсті... Есімде, сол номерді оқығанымыз соншалық, ол май-май болып, әбден тозып, әріптері тіпті танып болмайтындай, тіпті оқып болмайтындай халге жетті» («Красная Летопись», 1922, № 5, 236-бет). РСДРП-ның соғыс жөніндегі позициясын баяндайтын ресми документ ретінде РСДРП Орталық Комитетінің манифесі Халықаралық социалистік бюроға (II Интернационалдың атқару органына) және Англияның, Германияның, Францияның, Швецияның, Швейцарияның бірқатар социалистік газеттеріне жіберілді. 1914 жылы 13 ноябрьде манифест Швейцарияда (Шо-де-Фон-

да) шығатын және интернационалистік позиция ұстаған социалистік «La Sentinelle» газетінің 265-номерінде біраз қысқартылып басылды. В. И. Лениннің нұсқауымен РСДРП Орталық Комитетінің манифесі бейтарап елдер социалистерінің конференциясына жіберілді.

Россияда манифестің толық тексті 1915 жылы февральда РСДРП Петербург комитеті шығарып тұрған большевиктік «Пролетарский Голос» газетінің 1-номерінде басылды. Манифесте жария етілген аса маңызды қағидалар мен партияның ұрандары Россияның көптеген ірі өнеркәсіпті орталықтарында шығарылып тұрған большевиктік листовкаларда бейнеленді. — *13.*

[21] Соғыс басталысымен-ақ IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары А. Е. Бадаев, М. К. Муранов, Г. И. Петровский, Ф. Н. Самойлов және Н. Р. Шагов жұмысшы табының мүдделерін батыл қорғады. Олар партияның бағытын жүргізе отырып, патша өкіметіне соғыс кредитін жақтап дауыс беруден бас тартты, соғыстың империалистік, халыққа қарсы сипатын әшкереледі, соғыс жөніндегі шындықты жұмысшыларға түсіндірді, оларды патша өкіметіне қарсы, буржуазия мен помещиктерге қарсы күреске көтерді. Большевик-депутаттар соғыс кезіндегі революциялық қызметі үшін сотталып, Сибирьге жер аударылды. Бұл жөнінде В. И. Лениннің «РСДЖК Фракциясын соттау нені дәлелдеді?» деген мақаласын қараңыз (осы том, 178—186-беттер).— *19.*

[2] Соғыс басталғаннан кейін көп кешікпей большевиктердің Петербург комитеті жұмысшылар мен солдаттарды соғысқа, самодержавиеге қарсы күреске ұйымдасуға шақырған: «Самодержавиелік монархия жойылсын!», «Социализм жасасын!», «Демократиялық республика жасасын!» деген ұрандары бар листовка шығарды. Августа Петербург комитеті соғысқа қарсы ұйымдасуға және қару жинауға шақырған тағы да бір құпия үндеу хат шығарды.— *20.*

[23] *Штутгарттағы Халықаралық социалистік конгресс* (II Интернационалдың VII конгресі) 1907 жылы 18—24 августа болып өтті. Конгреске 886 делегат — социалистік партиялар мен кәсіптік одақтардың өкілдері қатысты. 37 делегат РСДРП-ның өкілдері болды. Большевиктер делегациясының құрамына В. И. Ленин, А. А. Богданов, И. П. Гольденберг (Мешковский), Б. А. Кнунянц, М. М. Литвинов, А. В. Луначарский, Н. А. Семашко, М. Цхакая және басқалар енді.

Конгресс мына мәселелерді қарады: 1) Милитаризм және халықаралық жанжалдар; 2) Саяси партиялар мен кәсіптік одақтар арасындағы қарым-қатынастар; 3) Отар мәселесі; 4) Жұмысшылардың иммиграциясы мен эмиграциясы және 5) Әйелдердің сайлау правосы.

Конгресс кезінде В. И. Ленин оппортунистерге және ревизионистерге қарсы батыл күресе отырып, халықаралық социал-демократиядағы солшыл күштерді топтастыру жөнінде үлкен жұмыс істеді. В. И. Лениннің солшылдардың өкілдерімен (К. Цеткин, Р. Люксембург, Л. Тышка, Г. Ледебур және басқалар) ұйымдастырған кеңестері империализм заманында халықаралық социалистік қозғалыстағы революцияшыл марксистерді топтастырудың алғашқы қадамы болды.

Конгрестің негізгі жұмыстары комиссияларда шоғырланды, оларда пленум мәжілістеріне арнап қарарлардың жобалары дайындалды. В. И. Ленин «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» деген басты мәселе жөніндегі комиссияның жұмысына қатысты. А. Бебель ұсынған қарардың жобасын талқылау кезінде В. И. Ленин өзінің түзетулерімен оны революциялық марксизм рухында түбірінен өзгертті, ол түзетулерді поляк социал-демократиясының өкілдері қолдады. Қарарға мынадай аса маңызды принципті қағида енгізілді: «Ал егер соғыс қалайда бола қалған күнде, олар (әр түрлі елдердің жұмысшы табы және оның парламенттердегі өкілдері. *Ред.)* ... қолдағы бар мүмкіндіктерді жұмсай отырып, соғыс тудырған экономикалық және саяси дағдарысты халық бұқарасын көтеруге пайдалануға және капиталистік таптық үстемдіктің құлауын тездетуге әрекет жасауға тиіс» («Пролетарий» № 17, 20 октябрь, 1907 жыл, 6-бет).

«Бұл түзетуді түпкілікті редакцияламастан бұрын Бебельмен біздің тікелей ұзақ келіс сөздер жүргізгеніміз менің жақсы есімде,— деп жазды В. И. Ленин кейінірек.— Бірінші редакциясында революциялық үгіт пен революциялық қимылдар туралы әлдеқайда тура айтылған-ды. Біз оны Бебельге көрсеттік; ол: қабылдамаймын, өйткені онда прокурорлық өкімет орны біздің партия ұйымдарын таратып жібереді, ал біз бұған бара алмаймыз, әзірге елеулі ештеңе жоқ деп жауап берді. Маман юристермен кеңескеннен кейін және нақ сол пікірді жария білдіру үшін текстті сан рет қайта өңдегеннен кейін түпкілікті формула табылды, мұны қабылдауға Бебель келісім берді» (Шығармалар, 36-том, 477-бет).

«Милитаризм және халықаралық жанжалдар» деген қарардың қабылдануы халықаралық жұмысшы қозғалысында революциялық қанаттың оппортунистік қанатты жеңудегі зор табысы болды (қараңыз: В. И. Лениннің «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген мақалалары, Шығармалар толық жинағы, 16-том, 72—79, 82—94-беттер).— *20.*

[24] *Копенгагендегі Халықаралық социалистік конгресс* (II Интернационалдың VIII конгресі) 1910 жылы 28 августан 3 сентябрьге дейін болды. Конгреске 896 делегат қатысты. Конгресте В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, А. М. Коллонтай, А. В. Луначарский және басқалар РСДРП-ның өкілдері бол-

ды. Жеке мәселелерді алдын ала талқылап, қарарлар дайындау үшін бес комиссия құрылды: кооперативтік; кәсіподақтар, халықаралық ынтымақ және Австриядағы кәсіподақтар қозғалысының бірлігі жөнінде; соғысқа қарсы күрес жөнінде; жұмысшы заңдары және жұмыссыздық туралы мәселе; әр түрлі қарарлар дайындау, оның ішінде социалистік бірлік жөнінде, өлім жазасы жөнінде, Финляндия, Аргентина, Персия жөнінде және басқалар. Ленин конгрестің негізгі комиссияларының бірі — кооперативтік комиссияға енді.

Революцияшыл марксистерді халықаралық аренада топтастыру мақсатын көздеп, Ленин конгреске қатысқан солшыл социал-демократтармен конгресс кезінде кеңес өткізді.

Соғысқа қарсы күрес туралы мәселе жөніндегі «Аралық соттар және қарусыздандыру» деген қарарда конгресс Штутгарт конгресінің (1907) «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» деген қарарын қуаттады, оған В. И. Ленин мен Р. Люксембургтің барлық елдердің социалистерінен соғыс тудырған экономикалық және саяси дағдарысты буржуазияны құлату үшін пайдалануды талап еткен түзетулері енді. Копенгаген конгресінің қарары сондай-ақ социалистік партиялар мен олардың парламенттердегі өкілдерін өз үкіметтерінен қару-жарақты қысқартуды, мемлекеттер арасындағы жанжалдарды аралық сот арқылы шешуді талап етуге міндеттеді, барлық елдердің жұмысшыларын соғыс қаупіне қарсы наразылық ұйымдастыруға шақырды.— *20.*

[25] *Базель конгресі* — 1912 жылы 24—25 ноябрьде Базельде өткен Төтенше халықаралық социалистік конгресс. Конгресс дүние жүзілік империалистік соғыстың төніп келе жатқан қатеріне қарсы күресу туралы мәселені шешу үшін шақырылды, бұл соғыс қаупі бірінші Балқан соғысы басталғаннан кейін бұрынғыдан да бетер арта түскен еді. Конгреске 555 делегат қатысты. РСДРП Орталық Комитеті 6 делегат жіберді. Конгресс ашылатын күні соғысқа қарсы көп адам қатысқан демонстрация және соғысқа наразылық білдірген халықаралық митинг болды.

25 ноябрьде конгресте соғыс туралы манифест бірауыздан қабылданды. Манифест халықтарды төніп келе жатқан дүние жүзілік соғыс қаупінен сақтандырды. «Кез келген мезетте,— делінген манифесте,— ұлы европалық халықтар біріне-бірі қарсы айдап салынуы мүмкін, ал адамшылыққа және парасаттылыққа қарсы мұндай қылмыс қандай да болсын халық мүддесі үшін деген зәредей де сылтаумен ақталуға тиіс емес... Егер үкіметтер дүние жүзілік соғыстың жойқындығы жөніндегі ойдың бір өзі ғана жұмысшы табының ызасын, ашуын келтіретінін түсінбесе, ол есуастық болар еді. Капиталистерге түсетін пайда үшін, әулеттердің даңққұмарлығы үшін, құпия дипломатиялық шарттарды орындау үшін біріне бірінің оқ атуын пролетариат қылмыс деп есептейді» (қараңыз: «Außerordentlicher Internationaler

Sozialistenkongreβ zu Basel am 24. und 25. November 1912». Berlin, 1912, S. 23, 26).

Манифест империалистер әзірлеп жатқан соғыстың тонаушылық мақсатын ашып берді және барлық елдердің жұмысшыларын соғыс қаупіне қарсы бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын қарсы қоюға» шақырды. Манифест социалистерге империалистік соғыс басталa қалған күнде соғыс тудыратын экономикалық және саяси дағдарысты социалистік революция үшін күреске пайдалану жөнінде кеңес берді.

II Интернационалдың көсемдері (Каутский, Вандервельде және басқалар) конгресте соғысқа қарсы манифесті қабылдауды жақтап дауыс берді. Бірақ дүние жүзілік империалистік соғыс басталысымен олар, халықаралық социалистік конгрестердің соғысқа қарсы күрес туралы басқа да шешімдері сияқты, Базель манифесін де естен шығарды және өздерінің империалистік үкіметтері жағына шықты.— *20.*

[26] Г. В. Плехановтың «Социалистердің соғысқа көзқарасы туралы» деген рефератын 1914 жылы 28 сентябрьде (11 октябрьде) Лозаннада жергілікті меньшевиктік топ ұйымдастырды.

Г. В. Плехановтың рефераты бойынша жарыс сөзде тек қана В. И. Ленин сөйледі. Жиналыс жөнінде, Плехановтың баяндамасы мен Лениннің сөзі жөнінде есеп «И. К.» деп қол қойылып, меньшевиктік «Голос» газетінің 1914 жылғы 18, 20 және 21 октябрьдегі 31, 32 және 33-номерлерінде осы газет тілшісінің жазбалары бойынша басылды.

В. И. Лениннің рефераттан және Г. В. Плехановтың қорытынды сөзінен жасаған жазбалары, сондай-ақ Лениннің Плехановтың рефераты бойынша сөйлеген өз сөзіне жасаған заметкалары сақталған (қараңыз: Лениннің XIV жинағы, 124—131-беттер). — *24.*

[27] *«Лугано қарары»*—Италия және Швейцария социалистерінің біріккен конференциясы қабылдаған қарар, конференция 1914 жылы 27 сентябрьде Луганода (Швейцария) болып өтті. Конференция жұмысына Италиядан — Д. Серрати, К. Лаццари, О. Моргари, Ф. Турати, Д. Модильяни, А. Балабанова және басқалар, Швейцариядан — Р. Гримм, П. Пфлюгер және басқалар қатысты. Бұл социалистердің соғыс кезінде интернационалдық байланысты қалпына келтіруге тырысқан бірінші конференциясы болды.

Большевиктердің империалистік соғыс жөніндегі позициясымен делегаттарды таныстыру үшін В. И. Лениннің соғыс туралы тезистері Швейцария социал-демократтары арқылы конференцияға табыс етілді. Осы тезистердің кейбір қағидалары конференцияның қарарларына енді.

«Ұлы державалардың империалистік саясатының салдарынан туған» дүние жүзілік соғыс «бөтен елдерде жаңа рыноктар басып алу жолындағы капиталистік күрес... пролетариат пен социал-демократияның қозғалысын жоюға тырысқан қылмысты әрекет» болып табылады деп конференция атап көрсетті. Қарарда сондай-ақ «жұмысшы табының жекелеген фракцияларының шовинистік ағымдардың ықпалына түскені» де, халықаралық пролетариаттың бірлігі принципін қорғау социалистердің міндеті екені де көрсетілді. Бірақ конференция империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру туралы, соғыста «өз» үкіметінің жеңіліс табуы туралы большевиктік ұрандарды қолдамады, социал-шовинистерден үзілді-кесілді қол үзуді жақтап пікір айтпады. Конференция социалистерді соғыстың одан әрі басқа елдерге таралуына қарсы барлық құралмен күресуге шақырумен шектелді және бейтарап елдердің социалистеріне «таяу арада адам айтқысыз қырғынды тоқтатуды көздеп, соғысып жатқан елдер үкіметтерінің арасында дипломатиялық келіс сөздер жүргізуді бастау» жөнінде өз үкіметтерінің алдына мәселе қоюды ұсынды. Конференция Швейцария социал-демократиялық партиясының басқармасына Итальян социалистік партиясы басқармасының мүшелерімен бірге халықаралық жағдайды талқылау үшін бейтарап елдер социалистерінің конгресін шақыру ісін ұйымдастыруды тапсырды. — *24.*

[28] Бұл арада К. Каутскийдің «Die Neue Zeit» журналының 1914 жылғы 2 октябрьдегі 1-номерінде басылған «Die Sozialdemokratie im Kriege» («Соғыс кезіндегі социал-демократия») деген мақаласы айтылып отыр. — *24.*

[29] *Серб социал-демократиялық партиясы* 1903 жылы құрылды. Партия ұйымдасқан кезден бастап оның Р. Драгович пен Д. Туцович бастаған революциялық қанаты оппортунистерге қарсы шықты. Серб социал-демократиялық партиясы өз елінің буржуазиясына қарсы және халықаралық империализмнің Балқандағы басқыншылық жоспарларына қарсы күресті. Бұл партия Балқан елдері социал-демократиялық партияларының конференциясын шақырудың инициаторы болды, конференция 1909 жылы өтті. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған кезде серб социал-демократтары интернационалистік позиция ұстады, олардың скупщинадағы (парламенттегі) депутаттары соғыс кредиттеріне қарсы дауыс берді.

1919 жылы апрельде серб социал-демократиялық партиясының инициативасы бойынша Белградта Югославия социал-демократиялық партияларының бірігу съезі шақырылды, осы съезде олар (Словен социал-демократтарынан басқалары) Югославия біртұтас Социалистік жұмысшы (коммунистер) партиясы болып бірікті. Съезд жаңа партияның III,

Коммунистік Интернационалға кіретіні туралы шешім қабылдады. — *25.*

[30] «Пролетариат және соғыс» деген тақырыпқа рефератты В. И. Ленин 1914 жылы 1 (14) октябрьде Лозаннада, осы қалада Г. В. Плеханов ағылшын-француз коалициясында соғысып жатқан елдердің социал-демократиялық партиялары лидерлерінің социал-шовинистік позициясын қорғап реферат оқығаннан соң екі күннен кейін оқыды. Ленин рефератының тексті сақталмаған, сондықтан бұдан бұрынғы басылымдардағы сияқты, бұл томда да реферат «Голос» газеті тілшісінің жазбасы бойынша басылып отыр. 1914 жылғы 25 және 27 октябрьде «Голостың» 37 және 38-номерлерінде реферат жөніндегі «И. К.» деп қол қойылып басылған корреспонденцияда «Лениннің баяндамасына халық көп жиналды» деп атап көрсетілген.

Келесі күні, 2 (15) октябрьде, В. И. Ленин Женевада «Европалық соғыс және социализм» деген реферат оқыды. Бұл рефераттың да тексті сақталмаған. Сірә, бұл рефератта В. И. Ленин өзі әзірлеп жатқан «Европалық соғыс және европалық социализм» деген кітапшасы (қараңыз: осы том, 391—399-беттер) үшін жинаған материалдарын пайдаланса керек. — *27.*

[31] Ф. Энгельс. «Германиядағы социализм» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 245-бет).— *31.*

[32] 1914 жылы 27 сентябрьде герман социал-демократиясының орталық органы «Vorwärts» «Германия және шетел» деген мақала басып, онда неміс және француз жұмысшылары соғысқа еріксіз тартылды деген жасқаншақ пікір айтқан. Осыған байланысты Бранденбург округының командапысы генерал фон Кессель «Vorwärts» газетін шығаруға тыйым салды. Газет редакциясы (Г. Гаазе мен Р. Фишер) тыйым салуды бұзуды сұрады. Кессель бұған көнді, бірақ «Vorwärts» «бұдан былай таптық өшпенділік және таптар күресі тақырыбын ауызға алмасын» деген шарт қойды. Редакция бұл шартты қабылдады. «Vorwärts» 1 октябрьде шықты, ал бірінші бетінде генерал Кессельдің тыйым салуды өзгерткені жөніндегі жарлығы басылды. — *31.*

[33] *«Социалистік интернационалдың жағдайы мен міндеттері»* деген мақала «Социал-Демократ» газетінің 1914 жылғы 1 ноябрьдегі 33-номерінде басылды.

«Социал-Демократ»— құпия газет, РСДРП-ның Орталық Органы; 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығарылып тұрды. Россияда газеттің 1-номерін шығару әрекеті сәтсіздікке ұшырағаннан кейін газетті шығару шетелге көшірілді; 2—32-номерлері (февраль, 1909—декабрь, 1913)

Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914—январь, 1917) Женевада шықты. Барлығы 58 номері шықты, оның ішінде бесеуінің қосымшасы болды. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады. Газетте Лениннің 80-пен астам мақалалары мен заметкалары жарияланды.

Реакцияның ауыр жылдарында және революциялық қозғалыстың жаңа өрлеуі дәуірінде большевиктердің құпия маркстік партияны сақтап қалу, оның бірлігін нығайту, оның бұқарамен байланысын күшейту жолында жойымпаздарға, троцкистерге, шақырымпаздарға қарсы күресінде «Социал-Демократтың» зор маңызы болды.

1913 жылы 15 (28) декабрьде шыққан 32-номерінен кейін «Социал-Демократты» шығару уақытша тоқтатылғанымен, дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында қайта қолға алынды. В. И. Ленин 1914 жылы сентябрьде Швейцарияға келісімен іле-шала партияның Орталық Органы—«Социал-Демократ» газетін шығаруды қайта қолға алу жөнінде зор жұмыс өрістетті. 1914 жылы 1 ноябрьде газеттің кезекті 33-номері шықты. Соғыс кезінің қиыншылықтарына қарамастан, «Социал-Демократ» уақтылы шығып тұрды. Ленин газетті шығару жөніндегі істердің бәріне басшылық етті, әрбір номерінің мазмұнын айқындады, материалдарды редакциялады, газетті безендіру және басу мәселелерімен шұғылданды.

Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында халықаралық оппортунизмге, ұлтшылдық пен шовинизмге қарсы күресте, большевиктік ұранды насихаттауда, жұмысшы табы мен еңбекшілер бұқарасын империалистік соғысқа және оның дем берушілеріне қарсы, самодержавие мен капитализмге қарсы күреске жұмылдыруда «Социал-Демократ» аса көрнекті роль атқарды. «Социал-Демократта» революциялық жұмысшы қозғалысының барлық аса маңызды мәселелері жазылып, соғыстың империалистік мақсаттары ашып көрсетілді, социал-шовинистер мен центристердің екіжүзділік сөздері мен оппортунистік әрекеттері әшкереленді, пролетариаттың империалистік соғыс жағдайындағы революциялық күресінің бірден-бір дұрыс жолдары көрсетілді. Газет бетінде В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттарының ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды; социализм бастапқыда бір елде жеңуі мүмкін деген қорытындыны Ленин алғашқы рет осы мақаласында тұжырымдады. «Социал-Демократтың» Россияда таратылуы, оның аса маңызды мақалаларының жергілікті большевиктік газеттерде көшіріліп басылуы Россия пролетариатын саяси жағынан ағартуға, оған интернационалдық тәрбие беруге, бұқараны революцияға әзірлеуге жәрдемдесті.

Халықаралық социал-демократияның интернационалистік элементтерін топтастыру ісінде «Социал-Демократ» зор роль атқарды. Соғыс жағдайынан туған кедергілердің бәрін жеңе отырып, «Социал-Демократ» көптеген елдерге жол таба білді.

«Социал-Демократтың» елуінші номерінің шығуы құрметіне жиналған қаржылар мен өткізілген мерекелік кештер, редакцияның адресіне Париждең, Лондоннан, Лионнан, Цюрихтен, Женевадан, Лозаннадан, Берннен, Шо-де-Фоннан, Копенгагеннен, Чикагодан, Тулузадан, Генуядан, Нью-Йорктен, Христианиядан (Осло), Стокгольмнен, Глазгодан және басқа қалалардан келіп түскен құттықтаулар «Социал-Демократтың» қалай таралғанын және қандай беделге ие болғанын дәлелдейді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде «Социал-Демократтың» сіңірген еңбегін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе: «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін саналы жұмысшылардың бірде-бірі» (Шығармалар, 27-том, 212-бет) онда басылған мақалаларды зерттемей тұра алмайды деп жазды. — *36.*

[34] *Британ социалистік партиясы* 1911 жылы Манчестерде Социал-демократиялық партияның басқа социалистік топтармен бірігуі нәтижесінде құрылды. Британ социалистік партиясы марксизм идеялары рухында үгіт жүргізді және «оппортунистік емес, *шынында да* либералдарға тәуелді емес» (В. И .Ленин. Шығармалар толық жинағы, 23-том, 378-бет) партия болды. Алайда партияның сан жағынан аздығы және оның бұқарамен байланысының әлсіздігі оған біраз сектанттық сипат берді.

Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) партияда интернационалистік ағым (У. Галлахер, А. Инкпин, Д. Маклин, Ф. Ротштейн және басқалар) мен Гайндман бастаған социал-шовинистік ағым арасында шиеленіскен күрес өріс алды. Интернационалистік ағым ішінде бірқатар мәселелер жөнінде центристік позиция ұстаған дәйексіз элементтер болды. 1916 жылдың февралында Британ социалистік партиясының бір топ қайраткерлері «The Call» («Үндеу») газетінің негізін қалады, бұл газет интернационалистерді топтастыруда маңызды роль атқарды. Британ социалистік партиясының 1916 жылдың апрелінде Солфордта өткен жыл сайынғы конференциясы Гайндман мен оның жақтастарының социал-шовинистік позициясын айыптады, сөйтіп олар партиядан шығып кетті.

Британ социалистік партиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап қарсы алды. Британ социалистік партиясының мүшелері ағылшын еңбекшілерінің Советтік Россияны шетел интервенциясынан қорғау жолындағы қозғалысында зор роль атқарды. 1919 жылы партияның жергілікті ұйымдарының көпшілігі (4 ұйымға қарсы 98 ұйым) Коммунистік Интернационалға кіруді жақтады.

Британ социалистік партиясы Коммунистік бірлік тобымен бірге Великобритания Коммунистік партиясын құруда басты роль атқарды 1920 жылы өткен бірінші бірігу съезінде

Британ социалистік партиясы жергілікті ұйымдарының басым көпшілігі Коммунистік партияға қосылды. — *37.*

[35] *Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы* (Independent Labour Party)—стачкалық күрес жанданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партияларға тәуелсіз болу жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары негізін қалаған реформистік ұйым. Тәуелсіз жұмысшы партиясына «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар ескі кәсіподақтардың мүшелері, фабийшылдардың ықпалындағы интеллигенция мен ұсақ буржуазияның өкілдері кірді. Партияны Кейр-Гарди басқарды.

Тәуелсіз жұмысшы партиясы құрылғаннан бастап-ақ буржуазиялық-реформистік позиция ұстады, негізгі назарын күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік мәмлеге келуге аударды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «іс жүзінде мұның өзі әрқашан да буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия» (Шығармалар, 29-том, 494-бет).

Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде Тәуелсіз жұмысшы партиясы соғысқа қарсы манифест ұсынды, алайда көп ұзамай ол социал-шовинизм позициясына түсті. — *37.*

[36] Соғыстың бас кезінде РСДРП шетелдік ұйымдарының Париждегі Комитеті мүшелерінің бір бөлегі және большевиктердің Париж секциясы мүшелерінің бір бөлегі—Н. И. Сапожков (Кузнецов), А. В. Бритман (Антонов) және басқалары меньшевиктермен, эсерлермен бірге «орыс республикашылары» атынан декларация қабылдап, оны француз баспасөзінде жариялап, майданға аттанды. «L'Humanité»-де поляк социал-демократ волонтерлерінің де мәлімдемесі басылды. — *38.*

[37] *Париж секциясы* немесе РСДРП-ға жәрдемдесетін топ 1908 жылы 5 (18) ноябрьде ұйымдасты. Ол меньшевиктермен ортақ Париж тобынан бөлініп, большевиктерді біріктірді; кейін топқа партияшыл-меньшевиктер мен впередшілдер де кірді.

Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Париж секциясына Н. А. Семашко, М. Ф. Владимирский, И. Ф. Арманд, С. И. Гопнер, Л. Н. Сталь, В. К. Таратута, А. С. Шаповалов және басқалары кірді. Париж секциясы интернационалистік позиция ұстады және В. И. Лениннің басшылығымен империалистік соғысқа және оппортунистерге қарсы белсенді күрес жүргізді. — *38.*

[38] Бұл арада социал-шовинистерді әшкерелеген Ф. Мерингтің наразылығы айтылып отыр, олар өздерінің сатқындық саясатын ақтамақ болып, Ф. Энгельстің «Германиядағы социализм» деген мақаласына сілтеме жасады. Наразылық 1914

жылы 14 сентябрьде «Bremer Bürger-Zeitung» газетінің 214-номерінде басылды. — *39.*

[39] *«Голос»* («Үн»)—меньшевиктік күнделікті газет; 1914 жылғы сентябрьден 1915 жылғы январьға дейін Парижде шығып тұрды. Газетте Л. Троцкий басшылық роль атқарды. Алғашқы 5 номері «Наш Голос» деген атпен шықты. Газет центристік позиция ұстады. Дүние жүзілік империалистік соғыстың алғашқы күндерінде «Голоста» социал-шовинистерге қарсы Л. Мартовтың мақалалары басылды. Газеттің қызметі жөніндегі В. И. Лениннің жағымды пікірі осы кезде айтылған еді. Мартов оңшылдыққа бет бұрғаннан кейін газет «социал-шовинизммен ымыраға бармайтын адамдармен жақындасудан да гөрі, социал-шовинистермен бірігуді» (осы том, 123-бет) артық көріп, социал-шовинистерді барған сайын, қорғай түсті. 1915 жылғы январьдан бастап «Голостың» орнына «Наше Слово» деген газет шыға бастады.—*42.*

[40] *«Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)»* деген мақаласын В. И. Ленин сол кезде Россияда мейлінше кең тараған Гранат энциклопедиялық сөздігіне арнап жазды. 1918 жылы жеке кітапша болып шыққан осы мақаланың басылымына арнап жазған алғы сөзінде Ленин мақаланың жазылған мезгілін еске түсіріп—1913 жыл деп белгіледі. Ал шындығында ол мақаланы жазуға 1914 жылы көктемде Поронинде кірісті; бірақ партия қызметіне және «Правда» газетіне басшылық жасаудан мүлде қолы босамай, Ленин мақала жазуды тоқтатуға мәжбүр болды. 1914 жылы 8 (21) июльде Гранат басылымдарының редакциясына жолдаған хатында былай деп жазды: «Өте-мөте өкінетінім—бірсыпыра мүлде тотенше және тосыннан болған жағдайлардың салдарынан... мен жаза бастаған Маркс туралы мақаланы нақ бас кезінде тоқтатуға мәжбүр болдым, сондықтан мен, оны жаза түсуге уақыт табуға біраз босқа әуреленгеннен кейін, бұл жұмысты күзге дейін істей алмаймын деген қорытындыға келуге тиіс болдым. Шын жүректен ғапу өтінемін және сіздің өте пайдалы басылымыңыздың редакциясы басқа бір марксисті тауып, одан мерзімінде мақала алып үлгірер деп сенемін» (Шығармалар, 35-том, 126-бет). Гранат басылымдары редакциясының секретары 12 (25) июльде В. И. Ленинге былай деп жауап берді: «Сіздің, Маркс және марксизм деген мақаладан бас тартқандық деуге болатын, бүгінгі хатыңыз біздерді мықтап-ақ абыржытып тастады... Орыс есімдерінен басқа шетелдік есімдерді де ақтара келіп, автор таба алмай отырмыз. Сізден өте-мөте өтініп сұраймыз, осы мақаланы өзіңіз жазатын болыңыз. Бәлкім, қазіргі кезде Сөздіктің демократиялық аудиториясы үшін Сіздің мақалаңыздың үлкен маңызы болар деген ойлар, сірә, Сізді бастапқыда келісім беруге көндірген ойлар қазір де шешуші бола алар және Сізді уәдеңізді бұзбауға көнді-

рер. Мынадай жеңілдік беруге, мерзімін 15 авгусқа дейін едәуір ұзартуға және айырбас құны жөніндегі мәселені, егер Сіз лайық деп тапсаңыз, бөліп қарауға, мұны кейінге қалдыра тұруға біз әзірміз. Библиографияны да бір апта күте тұруға болар еді. Осы мақаланың бағалы да, қажетті іс екенін бізбен бірге көре отырып, Сіздің мақаланы жазудан бас тартпауыңызды тағы да қатты өтініп сұрағымыз келеді» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. И. Ленин мақаланы одан әрі жазуға көнді, бірақ көп кешікпей соғыс басталып кетті де, Австрия өкімет орындары Ленинді тұтқынға алды. Тек сентябрьде ғана, Бернге келген соң барып, Ленин мақала жазумен қайтадан шұғылданды, сөйтіп ноябрьдің бірінші жартысында оны жазып бітірді. 4 (17) ноябрьде Гранат басылымдары редакциясына жолдаған хатында ол былай деп жазды: «Мен бүгін Сізге заказды бандерольмен сөздікке арналған Маркс пен марксизм туралы мақаланы жібердім. Оны баяндауды 75 мың немесе осы шамалас әріптің шеңберіне сыйғызу жөніндегі қиын міндетті өзімнің қаншалық дәрежеде орындай алғандығымды бағалау менің ісім емес. Тек ескертетінім — әдебиеттерді қатты сығымдауға тура келді (қойылған ультиматум 15 000), сондықтан мен әр түрлі бағыттардың *мәнді* жерлерін (әрине, Марксті *жақтайтын* басым жерлерін) алуға тиіс болдым» (Шығармалар, 35-том, 146-бет).

«Карл Маркс» деген мақала В. Ильин деп қол қойылып, 1915 жылы Энциклопедиялық сөздіктің (7-басылуы) 28-томында толық емес күйінде басылды. Цензура жағдайына байланысты сөздіктің редакциясы мақаланың «Социализм» және «Пролетариаттың тап күресінің тактикасы» деген екі бөлімін басқан жоқ және мақаланың текстіне бірқатар өзгерістер енгізді. Мақаланың соңында қосымша түрінде «Марксизм библиографиясы» басылды.

1918 жылы «Прибой» баспасы Энциклопедиялық сөздіктің тексті бойынша мақаланы жеке кітапша етіп басып шығарды, ал «Марксизм библиографиясы» дегенді берген жоқ. Осы басылымға арнап Ленин алғы соз жазды, ол осы томда басылып отыр.

Қолжазба бойынша мақаланың толық тексті бірінші рет 1925 жылы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Ленин институты шығарған мына жинақта басылды: В. И. Ленин. «Маркс, Энгельс, марксизм». Осы томның «Дайындық материалдар» деген бөлімінде де «Карл Маркс» деген мақаланың жоспары беріліп отыр (қараңыз: 386—389-беттер). — *43.*

[41] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 93-бет. — *45.*

[42] Ф. Энгельс. «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Эн-

гельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 348-бет). — *47.*

[43] Бұл арада «Карл Маркс» деген мақалаға (қараңыз: осы том, 84—96-беттер) В. И. Ленин құрастырған библиография айтылып отыр. — *47.*

[44] Әңгіме К. Маркстің «Мозель тілшісін ақтау» деген мақаласы (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 187—217-беттер) жайында болып отыр. — *47.*

[45] К. Маркс. «Гегельдің право философиясына сын жөнінде. Кіріспе» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 422-бет). — *48.*

[46] Бұл арада 1848 жылы февральда болған Франциядағы буржуазиялық революция айтылып отыр. — *48.*

[47] Әңгіме 1848 жылы мартта басталған Германия мен Австриядағы буржуазиялық революция туралы болып отыр. — *48.*

[48] Әңгіме 1848 жылғы революция орнатқан конституциялық тәртіптерді президент пен Заң шығару жиналысы көпшілігінің бұзуына қарсы наразылық білдіру ретінде, ұсақ буржуазия партиясы («Гора») ұйымдастырған Париждегі халық демонстрациясы туралы болып отыр. Демонстрацияны үкімет қуып таратты. — *49.*

[49] В. И. Ленин бұл арада 1913 жылы сентябрьде Германияда төрт том болып жарық көрген К. Маркс пен Ф. Энгельстің жазысқан хаттарының басылымы туралы айтып отыр, басылым мынадай атпен жарық көрді: «Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx 1844 bis 1883», herausgegeben von A. Bebel und Ed. Bernstein. Vier Bände, Stuttgart, 1913 («Фридрих Энгельс пен Карл Маркстің 1844 жылдан 1883 жылға дейін жазысқан хаттары», А. Бебель мен Эд. Бернштейн шығарған. Төрт том, Штутгарт, 1913).

К. Маркс пен Ф. Энгельстің жазысқан хаттары 1500-ден асады, бұл хаттар олардың теориялық мұрасының аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл хаттарда бағалы өмірбаяндық деректермен қатар ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың ұйымдастырушылық және теориялық қызметін бейнелейтін өте бай материалдар бар. Ленин Маркс пен Энгельстің жазысқан хаттарын терең зерттеді. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Лениннің көлемді (76 бет) қолжазба-дәптері сақтаулы, онда «Хаттардың» төрт томдық басылымының конспектісі, Маркс пен Энгельстің теориялық жағынан аса маңызды деген хаттарынан алынған үзінділер және конспект жөніндегі қысқаша тақырыптық

көрсеткіш берілген. Сондай-ақ «Хаттардың» барлық төрт томы сақталған, олардың тексті мен шеттеріне Ленин түрлі түсті қарындаштармен белгілер салған.

«Хаттардың» конспектісі көптеген жылдар бойы Ленин үшін әдеби деректеме болды, оларды Ленин «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы», «Карл Маркс», «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы», «Империализм және социализмнің жікке бөлінуі», «Мемлекет және революция», «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген және басқа бірқатар шығармаларында пайдаланды.

1959 жылы «Хаттардың» материалдары берілген Лениннің қолжазбасын КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты ««К. Маркс пен Ф. Энгельстің 1844—1883 жылдары жазысқан хаттарының» конспектісі» деген атпен жеке кітап етіп бастырып шығарды, 1968 жылы екінші басылымы шықты. — *49.*

[50] Ленин бұл арада К. Маркстің «Фогт мырза» деген памфлетін айтып отыр, памфлет бонапарттық агент К. Фогттың «Менің «Allgemeine Zeitung»»-ке қарсы процесім» деген жалақорлық кітапшасына жауап ретінде жазылған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 14-том, 395—691-беттер).—*49.*

[51] Бұл арада «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің құрылтай манифесі» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 3—11-беттер) туралы айтылып отыр. — *49.*

[52] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 139-бет. — *52.*

[53] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 21-бет. — *52.*

[54] Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», 1957, 42, 56—57, 34, 24-беттер. — *52.*

[55] Ф. Энгельс. «Людвиг Фейербах және неміСтің классикалық философиясының ақыры» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 349—350 және 352-беттер). — *53.*

[56] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 387-бет. — *53.*

[57] Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», 1957, 107, 10, 22—23-беттер. — *55.*

[58] Ф. Энгельс. «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры» (қараңыз: Таңдамалы шығармала-

рының екі томдығы, II том, 1955, 368, 343—344, 367-беттер).— *55.*

[59] Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», 1957, 25-бет. — *55.*

[60] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIV том, 1931, 5-бет.—*56.*

[61] Ф. Энгельс. «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры» (қараңыз: Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 356-бет). — *56.*

[62] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 383-бет. — *56.*

[63] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 6—7-беттер. — *58.*

[64] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз мемл. баспасы, 1958, 194—195-беттер. — *58.*

[65] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 424—425, 433, 434-беттер. — *61.*

[66] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 10-бет. — *61.*

[67] К. Маркс. «Капитал», I том, (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 84-бет). — *62.*

[68] К. Маркс. «Саяси экономия сыны жөнінде» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 16-бет). — *63.*

[69] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 180—181-беттер. — *64.*

[70] К. Маркс. «Капитал», I том (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 177-бет). — *64.*

[71] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 770, 771—773-беттер. — *68.*

[72] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 138—143 және 144—145-беттер. — *71.*

[73] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 860-бет. — *72.*

[74] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 757-бет. — *72.*

[75] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 657-бет. — *72.*

[76] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 85—86-беттер. — *73.*

[77] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 211-бет. — *73.*

[78] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 85-бет. — *73.*

[79] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 868, 870-беттер.— *74.*

[80] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 514—515-беттер. — *74.*

[81] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 500—501 және 495-беттер. — *76.*

[82] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 444-бет. — *77.*

[83] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 303—304-беттер. — *77.*

[84] Қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», 1957, 264—265-беттер. — *77.*

[85] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 305-бет. — *78.*

[86] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 414—415-беттер. — *78.*

[87] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 152-бет. — *79.*

[88] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 183-бет. — *80.*

[89] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXI том, 1932, 144-бет. — *80.*

[90] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXII том, 1931, 271 және 360-беттер. — *80.*

[91] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 142, 145 және 336-беттер. — *80.*

[92] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIV том, 1931, 252 және 529-беттер. — *81.*

[93] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 458-бет. — *81.*

[94] Әңгіме 1815 жылдан бастап Австрияның, Пруссияның және Россияның бірігіп бақылауына берілген Краков республикасындағы ұлт-азаттық, демократиялық көтеріліс туралы болып отыр. Котерілістің барысында көтерілісшілер Ұлттық үкімет құрды, бұл үкімет феодалдық міндеткерлікті жою жөнінде манифест шығарды және шаруалардың меншігіне төлем ақысыз жер беруге уәде етті. Басқа үндеу хаттарында үкімет ұлттық шеберханалар құру жөнінде, оларда жалақыны көбейту жөнінде, азаматтық теңдік орнату жөнінде жариялады. Бірақ көп кешікпей көтеріліс басып тасталды.

«Краков революциясы,— деді К. Маркс,— ұлттық істі демократия ісімен және езілген тапты азат ету ісімен қатар қойып, бүкіл Европаға даңқты өнеге көрсетті» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 490-бет). — *81.*

[95] Қараңыз: К. Маркс. «Буржуазия және контрреволюция» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 6-том, 116—117-беттер). — *82.*

[96] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 93-бет. — *82.*

[97] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 232, 239-беттер. — *82.*

[98] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 152, 154—155, 166, 199, 225—226, 232, 237—238, 461, 482, 488-беттер. — *83.*

[99] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 274—282-беттер. — *83.*

[100] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 443—444-беттер. — *83.*

[101] *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу мақсатымен Германияда 1878 жылы Бисмарк үкіметі енгізді. Осы заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды; социалистік әдебиет конфискеленді; социал-демократтар қуғынға ұшыратылды, жер аударылды. Бұқаралық қозғалыс пен барған сайын күшейе түскен жұмысшы

қозғалысының тегеурінімен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды. — *83.*

[102] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIV том, 1931, 480—481, 488, 505—506, 513, 515-беттер. — *83.*

[103] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 355-бет. — *98.*

[104] Әңгіме герман социал-демократы — ревизионист Э. Бернштейннің пікірлестері мен ізбасарлары жайында болып отыр; Бернштейн XIX ғасырдың аяғында Германияда пайда болған және өзінің есімімен аталған оппортунистік ағымға басшылық етті. Бернштейн герман социал-демократиясы ішіндегі, әсіресе Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін мықтап бөл алған ревизионизмді ашық білдіруші болды. XIX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының аяғында Бернштейн марксизмді еркін ревизиялауды талап ету болған «сын бостандығы» деген ұранды бетке ұстап, маркстік ілімнің басты қағидаларына ревизия жасады. Ол К. Маркстің жұмысшы табының қайыршылануы туралы, таптық қайшылықтардың өсуі және олардың шиеленісуі туралы, дағдарыстар туралы, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция мен пролетариат диктатурасы туралы ілімін теріске шығарды. Ол «ең бастысы—қозғалыс, түпкі мақсат— түк те емес» деген формулада бейнеленген социал-реформизм программасын жұмысшы табын азат ету жолындағы, социализм жолындағы күрестің маркстік программасына қарсы қойды. Герман социал-демократиялық партиясының съездерінде К. Каутский бернштейншілдікті сынады, бірақ марксизмді ревизиялау социал-демократияның қатарында болумен сыйыспайтындығы жөнінде мәселені үзілді-кесілді коймады. В. И. Лениннің «Россия социал-демократтарының наразылығы», «Біздің программа», «Не істеу керек?», «Марксизм және ревизионизм», «Европа жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» деген (Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 196—201-беттер; 6-том, 1—211-беттер; 17-том, 15—26-беттер, Шығармалар, 20-том, 68—77-беттер) және басқа еңбектері бернштейншілдікті сынауға арналған.— *98.*

[105] Бұл арада буржуазиялық патриотизм және патшалық Россияның Германияға қарсы соғысын ақтау рухында жазылған «Жазушылардан, суретшілерден және артистерден» деген үндеу хат айтылып отыр. Үндеу хатқа құрметті академиктер, белгілі суретшілер А. Васнецов, В. Васнецов, К. Коровин, мүсінші С. Меркуров, Ф. Шаляпин және Москва театрларының басқа да көрнекті артистері, жазушылар М. Горький, А. Серафимович, Скиталец және басқалар, журналдардың редакторлары П. Струве, Н. Михайлов, Д. Тихомиров және басқалары қол қойды.

Үндеу хат 1914 жылы 28 сентябрьде (11 октябрьде) «Русское Слово» газетінің 223-номерінде басылды. — *99.*

[106] Әңгіме К. Маркстің «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» деген еңбегіне Ф. Энгельс жазған «Кіріспе» жайында болып отыр. 1895 жылы 30 мартта Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Vorwärts» («Алға») газетінде «Кіріспенің» мазмұнын және одан үзінділер бергенде пролетариаттың революциялық күресі жөніндегі аса маңызды қағидалар қалдырылып кеткен, бұған Энгельс қатты наразылық білдірді. Ол 1895 жылы 1 апрельде К. Каутскийге жолдаған хатында былай деп жазды: «Мені өте қатты таңдандырып отырған нәрсе, мен бүгін «Vorwärts»-тен менің «Кіріспемнен» алынып, *менің рұқсатымсыз* басылған үзінділі көріп отырмын, ал «Кіріспені» сондай етіп шолтитқан, мен онда қалай болған күнде де заңдылықтың бейбіт табынушысы болып шыққанмын» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 516-бет; қараңыз: бұл да сонда, П. Лафаргке хат, 517-бет).

Энгельс «Кіріспенің» толық басылуын талап етті. «Кіріспе» 1895 жылы «Die Neue Zeit» журналында жарияланды, бірақ Герман социал-демократиялық партиясы басшылығының талап етуімен мықтап қысқартылды. Одан кейінгі жерде герман социал-демократиясының оппортунист лидерлері өздерінің реформистік тактикасын ақтау мақсатын көздеп, өздері бұрмалаған документті Энгельстің революциядан, қарулы көтеріліс пен баррикадалық күрестен бас тартқаны деп түсіндіріп бақты. «Кіріспенің» нағыз текстісі бірінші рет СССР-де ғана жарияланды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 91—110-беттер).— *102.*

[107] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 365-бет.— *103.*

[108] Бұл арада Ф. Мерингтің «Erinnerungen aus dem Kriegsjahre 1870» («1870 жылғы соғыс туралы естеліктер») деген мақаласы айтылып отыр, мақала 1914 жылы 2 октябрьде «Die Neue Zeit» журналының 1-номерінде басылды. — *104.*

[109] *Мильеранизм* — француз социалисі А.-Э. Мильеранның есімімен аталған оппортунистік ағым, Мильеран 1899 жылы Францияның реакциялық буржуазиялық үкіметіне еніп, буржуазияның өз саясатын жүзеге асыруына көмектесті.

Мильеранизм туралы мәселе 1900 жылы II Интернационалдың Париж конгресінде талқыланды. Конгресс К. Каутский ұсынған ымырашылдық қарар қабылдады, бұл қарар социалистердің буржуазиялық үкіметке қатысуын айыптады, бірақ мұны «төтенше» жағдайларда мүмкін деп есептеді. Мұ-

ны француз социалистері дүние жүзілік империалистік соғыс дәуірінде империалистік буржуазияның үкіметіне өздерінің кіруін ақтау үшін пайдаланды.— *105.*

[110] *Ескі «Искра»* — 1900 жылы В. И. Ленин негізін қалаган және Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет. Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылы декабрьде Лейпцигте шықты; келесі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден—Лондонда және 1903 жылдың көктемінен—Женевада шығып тұрды. Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын жасады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП II съезін әзірледі, бұл съезде Россиядағы революциялық маркстік партияның негізі қаланды.

Партияның II съезінен кейін көп кешікпей меньшевиктер Плехановтың қолдауымен «Искраны» өз қолдарына алды. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің органы болудан қалды.— *106.*

[111] *Гора* мен *Жиронда* — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы кезіндегі буржуазиялық екі саяси топтың аты. Абсолютизм мен феодализмді жоюдың қажеттігін жақтаған, өз дәуірінің революцияшыл табы — буржуазияның неғұрлым батыл өкілдері Гора — якобиншілдер деп аталды. Якобиншілдерден өзгеше, жирондистер революция мен контрреволюция арасында ауытқумен болды және монархиямен мәмлеге келу жолына түсті.

Ленин социал-демократиядағы оппортунистік ағымды «социалистік Жиронда» деп, революцияшыл социал-демократтарды пролетарлық якобиншілдер, «Гора» деп атады. РСДРП большевиктер және меньшевиктер болып жікке бөлінгеннен кейін Ленин меньшевиктер жұмысшы қозғалысындағы жирондистік ағым болып табылады деп талай рет атап көрсетті.— *106.*

[112] Бұл арада Н. В. Гогольдің «Иван Ивановичтің Иван Никифоровичпен қалай жанжалдасқаны туралы повесть» деген шығармасындағы кейіпкерлер айтылып отыр.— *106.*

[113] А. Паннекуктің «Der Zusammenbruch der Internationale» («Интернационалдың күйреуі») деген мақаласы 1914 жылы 20, 21 және 22 октябрьде Швейцарияның социалистік газеті— «Berner Tagwacht»-тің 245, 246 және 247-номерлерінде басылды.— *107.*

[114] *Халықаралық социалистік бюро (ХСБ)* — II Интернационалдың тұрақты атқару-информациялық органы. Халықаралық социалистік бюро құру туралы шешім II Интернационалдың

Париж конгресінде (1900) қабылданды. Халықаралық социалистік бюроның тұрағы Брюссель қаласы болды. Оның құрамына әрбір ұлттық партиядан 2 делегат кірді. Халықаралық социалистік бюро жылына төрт рет бас қосуға тиіс болды, ал оның мәжілістері аралықтарында Бюро жұмысына басшылық ету Бельгия жұмысшы партиясының Атқару комитетіне жүктелді. Халықаралық социалистік бюроның председателі Э. Вандервельде, секретары — К. Гюисманс болды. 1905 жылдан бастап В. И. Ленин Халықаралық социалистік бюрога РСДРП өкілі ретінде кірді. Бүкіл россиялық VI (Прага) партия конференциясы 1912 жылы В. И. Ленинді Халықаралық социалистік бюроға РСДРП өкілі етіп қайта сайлады. Кейініректе В. И. Лениннің ұсынысы бойынша РСДРП Орталық Комитетінің Халықаралық социалистік бюродағы өкілі болып М. М. Литвинов тағайындалды.

Халықаралық социалистік бюроның Ленин жазып отырған соңғы мәжілісі Австро-Венгрияның Сербияға соғыс жариялауына байланысты 1914 жылы 29 июльде Брюссельде өтті. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталғаннан кейін Халықаралық социалистік бюро социал-шовинистердің қол шоқпарына айналды.— *108.*

[115] *Біріккен дворяндар советі* — крепостник-помещиктердің контрреволюциялық ұйымы, 1906 жылы майда губерниялық дворяндар қоғамдары уәкілдерінің бірінші съезінде құрылып, 1917 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Ұйымның басты мақсаты самодержавиелік құрылысты, ірі помещиктік жер иелігін және дворяндардың пұрсаттылықтарын қорғау болды. Біріккен дворяндар советін басқарғандар: граф А. А. Бобринский, князь Н. Ф. Касаткин-Ростовский, граф Д. А. Олсуфьев, В. М. Пуришкевич және басқалар. Ленин Біріккен дворяндар советін «біріккен крепостниктер советі» деп атады. Біріккен дворяндар советі іс жүзінде үкіметті крепостниктердің мүдделерін қорғауға бағытталған заң шығару шараларын белгілеуге мәжбүр етіп отырған жартылай үкімет органына айналды. Біріккен дворяндар советі мүшелерінің едәуір бөлегі Мемлекеттік советке және қаражүздік ұйымдардың басшы орталық орындарына енді.— *111.*

[116] В. И. Ленин Н. Г. Чернышевскийдің «Пролог» деген романынан (қараңыз: Н. Г. Чернышевский. Шығармалар толық жинағы, XIII том, 1949, 197-бет) цитат келтіріп отыр.— *111.*

[117] Ф. Энгельс. «Эмигранттық әдебиет» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 223-бет).— *112.*

[118] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 179-бет.— *113.*

[119] 1914 жылы 6 (19) ноябрьге қараған түнде IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттары тұтқынға алынды. Оларды

тұтқынға алуға тікелей сылтау болған нәрсе Петроград маңындағы Озерки селосында өздері шақырған конференцияға қатысуы еді.

Озеркидегі конференция 1914 жылы 2—4 (15—17) ноябрьде өтті. Оған IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттарынан басқа, Петроградтың, Иваново-Вознесенскінің, Харьковтың және Риганың большевиктік ұйымдарының өкілдері қатысты.

4 (17) ноябрьде, кеңес жұмысын тек енді ғана аяқтаған кезде, жиналыстың болатын жерін арандатушыдан біліп алған полиция Озеркиге сау ете қалды. IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары Г. И. Петровскийден, А. Е. Бадаевтан және басқаларынан тінту кезінде Лениннің соғыс туралы тезистері және РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесі басылған «Социал-Демократ» газетінің 33-номері алынды. Кеңеске қатысқандардың большевик-депутаттардан басқалары түгел тұтқынға алынды; депутатқа тиюге болмайтындықтан большевик-депутаттар тұтқыннан аман қалды. Бірақ екі күннен кейін олар да тұтқынға алынды, одан соң сотқа тартылып, Шығыс Сибирьде мәңгі тұруға жер аударылды. Большевик-депутаттарға болған соттың қорытындысына арнап Ленин «РСДЖ Фракциясын соттау нені дәлелдеді?» деген арнаулы мақала жазды, мақала «Социал-Демократ» газетінің 1915 жылғы 29 марттағы 40-номерінде басылды (қараңыз: осы том, 178—186-беттер).— *117.*

120 В. И. Ленин атап отырған Швед социал-демократиялық партиясының съезі 1914 жылы 23 ноябрьде Стокгольмде өтті. Съездің басты мәселесі соғысқа көзқарас жөніндегі мәселе болды. Съезде А. Г. Шляпников РСДРП Орталық Комитетінің атынан құттықтап сөз сөйледі, ол социал-шовинизм жолына түскен герман социал-демократиясы мен басқа елдердің социалистік партиялары лидерлерінің опасыздықтарын айыптаған және империалистік соғысқа қарсы күреске шақырған декларацияны оқып берді. Осыған байланысты швед социал-демократиясы оң қанатының басшысы К.-Я. Брантинг декларацияның герман социал-демократиясының әрекеті айыпталған пункті жөнінде өкініш білдіру керек деп ұсыныс жасады, швед социал-демократтарының съезіне «басқа партияларды айыптап пікір айту лайықсыз» деп мәлімдеді. Швед солшыл социал-демократтарының басшысы З. Хёглунд К.-Я. Брантингтің ұсынысына қарсы шығып, көптеген швед социал-демократтары РСДРП Орталық Комитетінің декларациясында айтылған пікірге қосылады деп көрсетті. Бірақ съезд көпшілік дауыспен Брантингтің ұсынысын қабылдады. Съезде меньшевиктік Ұйымдастыру комитеті атынан Ю. Ларин сөз сөйледі. Съезд жұмысы жөніндегі есеп «Социал-Демократ» газетінің 1915 жылғы 9 январьдағы 36-номерінде басылды.— *117.*

[121] *Ұйымдастыру комитеті (ҰК)*— меньшевиктердің басшы орталығы; 1912 жылы жойымпаздардың август конференциясында құрылған. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Ұйымдастыру комитеті социал-шовинизм позициясында болды, патша өкіметі тарапынан жүргізілген соғысты ақтады, ұлтшылдық және шовинизм идеяларын уағыздады. Ұйымдастыру комитеті «Наша Заря» журналын, ол жабылғаннан кейін — «Наше Дело», одан соң «Дело» журналдарын және «Рабочее Утро», одан соң «Утро» газеттерін шығарып тұрды. Ұйымдастыру комитеті 1917 жылғы августа меньшевиктік партияның Орталық Комитеті сайланғанға дейін өмір сүрді. Россиядағы Ұйымдастыру комитетінен басқа құрамында бес секретары бар (П. Б. Аксельрод, И. С. Астров-Повес, Ю. О. Мартов, А. С. Мартынов, С. Ю. Семковский) Ұйымдастыру комитетінің Шетелдік секретариаты болды, секретариат центризмге жақын позиция ұстады және де интернационалистік жел сөздерді бүркеніп, іс жүзінде Россия социал-шовинистерін қолдады. Ұйымдастыру комитетінің Шетелдік секретариаты өз органын — «Известия Заграничного Секретариата Организационного Комитета Российской Социал-Демократической Рабочей Партии» газетін шығарып тұрды; газет 1915 жылғы февральдан 1917 жылғы мартқа дейін шықты.— *117.*

[122] Бұл арада жойымпаздарды қолдаған Кавказ жойымпаз-меньшевиктері, Бунд («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») және Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД) өкілдері айтылып отыр.— *118.*

[123] Г. В. Плехановтың 1914 жылы декабрьдің аяқ кезінде шыққан «Соғыс туралы. З. П. жолдасқа жауап» деген кітапшасын В. И. Ленин «Орыс Зюдекумдері» деген мақаласында (қараңыз: осы том, 125—132-беттер) және басқа шығармаларында сынады. — *118.*

[124] Ленин бұл арада Э. Вандервельденің орыс социал-демократтарын соғысқа қарсы әрекет жасамауға шақырған телеграммасына Петербург жойымпаздарының (П. П. Масловтың, А. Н. Потресовтың, Н. Череванинның (Ф. А. Липкин) және басқалардың) «Социал-Демократтың» 34-номерінде басылған жауабын айтып отыр. Жойымпаздар өздерінің жауабында Бельгия, Франция және Англия социалистерінің буржуазиялық үкіметке кіруін ақтады, социал-шовинистердің позициясын толық мақұлдады және өздерінің Россиядағы қызметінде соғысқа қарсы әрекет жасамайтынын мәлімдеді.— *121.*

[125] *«Berner Tagwacht»* («Берн Сақшысы») — газет, Швейцария социал-демократиялық партиясының органы; 1893 жылдан Бернде шығады. 1909—1918 жылдары газеттің редакторы

Р. Гримм болды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде газетте К. Либкнехттің, Ф. Мерингтің және басқа солшыл социал-демократтардың мақалалары жарияланды. 1917 жылдан бастап газет социал-шовинистерді ашық қолдады. Қазіргі кезде газеттің ішкі және сыртқы саясаттың негізгі мәселелері жөніндегі позициясы буржуазиялық газеттердің позицияларымен сәйкес келеді.— *122.*

[126] Меньшевиктердің Ұйымдастыру комитеті өзінің органы «Откликиді» шығару жөнінде хабарлады, бірақ басылымды шығару жүзеге аспады.— *123.*

[127] Бұл арада «Berner Tagwacht» газетінің 1914 жылғы 12 декабрьдегі 291-номерінде басылған «Von der russischen Sozialdemokratie im Auslande» («Шетелдегі орыс социал-демократиялық топтарынан») деген заметка айтылып отыр.— *123.*

[128] *«Мысль»* («Ой») — эсерлер партиясының күнделікті газеті; 1914 жылғы ноябрьден 1915 жылғы мартқа дейін Парижде М. Натансон мен В. Черновтың редакциялауымен шығып тұрды. Француз үкіметінің жарлығы бойынша жабылды.— *123.*

[129] Ленин бұл арада РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген кеңесі қабылдаған «Халықшылдар туралы» қарарды айтып отыр; кеңес 1913 жылы 23 сентябрьде — 1 октябрьде (6—14 октябрьде) Поронин деревнясында (Краковтан алыс емес) өтті және құпиялылықты сақтау мақсатымен «жазғы» кеңес немесе «август» кеңесі деп аталды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 66—68-беттер).— *124.*

[130] *Үш жақты келісім* немесе *Үш жақты келісу* (Антанта) — Англияның, Францияның, патшалық Россияның империалистік блогы; ол Германияның, Австро-Венгрияның және Италияның империалистік Үш жақты одағына қарама-қарсы 1907 жылы біржола қалыптасып болды. Антанта құрылар алдында 1891—1893 жылдары француз-орыс одағы және 1904 жылы ағылшын-француз келісімі жасалды. 1907 жылы ағылшын-орыс келісіміне қол қойылуы Антантаның құрылуын аяқтады. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Англияның, Францияның және Россияның әскери-саяси блогына Америка Құрама Штаттары, Жапония, Италия және басқа бірқатар мемлекеттер қосылды.— *125.*

[131] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 260—263-беттер.— *126.*

[132] Ленин бұл арада Ф. Энгельстің «По және Рейн» деген еңбегін айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 233—281-беттер).— *126.*

[133] *«Наша Заря»* («Біздің Таң») — жойымпаз-меньшевиктердің ай сайын шыққан жария журналы; 1910 жылғы январьдан 1914 жылғы сентябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға А. Н. Потресов басшылық етті, оған Ф. И. Дан, С. О. Цедербаум және басқалар қатысты. «Наша Заряның» төңірегінде Россиядағы жойымпаздардың орталығы құрылды. 1912 жылғы РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының қарарында былай деп атап көрсетілген: «социал-демократияның «Наша Заря» мен «Дело Жизни» журналдарының төңірегіне топтасқан бір бөлегі бүкіл партия пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың нәтижесі деп таныған ағымды ашық қорғап шықты» (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 166-бет).— *127.*

[134] В. И. Ленин бұл арада П. Б. Аксельродтың 1914 жылы 2 декабрьде Цюрихте «Голос» газетінің қызметкері Р. Григорьевке берген интервьюін айтып отыр. Интервью «Голос» газетінің 1914 жылғы 22 және 23 декабрьдегі 86 және 87-номерлерінде басылды.— *128.*

[135] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 171-бет.— *129.*

[136] Бұл арада II Интернационалдың Париж конгресі (1900) мильеранизм туралы мәселені талқылағанда қабылдаған «Өкіметті жеңіп алу және буржуазиялық партиялармен одақ жасау» деген қарар айтылып отыр. Каутский ұсынған қарарда: «жеке социалистің буржуазиялық үкіметтің қатарына енуін саяси өкіметті жеңіп алудың дұрыс бастамасы деп қарауға болмайды, бірақ ауыр жағдайлармен күресудің мәжбүр етілген уақытша және ерекше құралы деп қарауға болады» делінген еді. Кейін оппортунистер өздерінің буржуазиямен қызметтес болғанын ақтау үшін қарардың осы пунктіне жиі сүйенетін болды.— *131.*

[137] *«Ларин швед съезінде қандай «бірлікті» жариялады?»* деген мақаласын В. И. Ленин меньшевик Ю. Лариннің (М. А. Лурье) 1914 жылы 23 ноябрьде Стокгольмде Швед социал-демократиялық партиясының съезінде сөйлеген сөзіне байланысты жазды.

В. И. Ленин келтіріп отырған РСДРП-дағы бірлік шарттарының 14 пункті өзі жазған «Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасы және ондағы Орталық Комитет делегациясына берілген жетекші нұсқаулардан» алынған (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 25-том, 401—440-беттер).— *133.*

[138] *«Үшінші июль»* немесе *Брюссель блогы* — 1914 жылы 3 (16) июльде ашылған Брюссельдегі «бірігу» кеңесінен кейін өткен жойымпаздардың, троцкистердің, впередшілдердің, плехановшылдардың, бундшылдардың, Закавказье облыстық ұйымы өкілдерінің жеке кеңесінде большевиктерге қарсы құрылған блок.

Брюссель «бірігу» кеңесін Халықаралық социалистік бюроның 1913 жылғы декабрь сессиясының шешіміне сәйкес Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті шақырды, кеңес 1914 жылы 16—18 июльде өтті. Кеңесте: РСДРП Орталық Комитетінен (большевиктер); Ұйымдастыру комитетінен (меньшевиктер), Плехановтың «Бірлік» тобынан, «Вперед» тобынан, Бундтан, Латыш өлкесі социал-демократиясынан, Литва социал-демократиясынан, поляк социал-демократтарынан, поляк социал-демократиялық оппозициясынан, Поляк социалистік партиясынан («солшылдарынан») өкілдер болды. Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитетінен Э. Вандервельде, К. Гюисманс, К. Каутский, А. Немец және басқалары қатысты. Кеңес өткізілместен көп бұрын Халықаралық социалистік бюроның басшылары большевиктерге қарсы бірігіп қимыл жасау жөнінде жойымпаздармен жасырын сөз байласты.

Ленин, большевиктер кеңесті ұйымдастырушылардың көздеген шын мақсатын түсінді, бірақ кеңеске қатысуды орынды деп тапты, өйткені кеңеске қатысудан бас тартуды Россия жұмысшылары түсінбей қалуы мүмкін еді. РСДРП Орталық Комитеті кеңеске өзінің делегациясын жіберді, оның құрамында И. Ф. Арманд (Петрова), М. Ф. Владимирский (Камский), И. Ф. Попов (Павлов) болды. Ленин Орталық Комитеттің делегациясын кеңеске мұқият дайындады: оған баяндама және егжей-тегжейлі нұсқаулар жазып берді, оны жойымпаз-меньшевиктер мен олардың одақтастарының оппортунизмін әшкерелейтін қажетті материалдармен, документтермен және нақты деректермен қамтамасыз етті. Ленин Поронинде тұрып, Орталық Комитеттің делегациясына күнделікті басшылық жасады, практикалық нұсқаулар, кеңестер берді, делегация онымен өте-мөте тығыз байланыс жасап тұрды.

Кеңесте РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасының мазмұнын баяндап И. Ф. Арманд сөз сөйледі. Халықаралық социалистік бюроның басшылары оған баяндаманың текстін түгел оқытпады, сондықтан Арманд баяндаманың бір бөлегін ғана баяндап, большевиктер ұсынған бірлік шарттарын сипаттап беруге мәжбүр болды. Бұл шарттарды естігенде меньшевиктер мен II Интернационалдың лидерлері ашу шақырып, большевиктерге қоқан-лоққы көрсетті. Халықаралық социалистік бюро атынан К. Каутский РСДРП-ны біріктіру туралы қарар ұсынды, онда Россия социал-демократиясы ішінде бірігуге кедергі боларлық ешқандай елеулі алауыздықтар жоқ деген пікір айтылды. Каутскийді Ұйымдастыру

комитетінің өкілдері мен Плеханов қолдады, олар Орталық Комитеттің делегациясына және Ленинге өршелене қарсы шықты. Кеңесте Плехановпен, Вандервельдемен, Каутскиймен және басқаларымен бірге Р. Люксембург большевиктердің меньшевиктермен бірігуін жақтап, теріс позиция ұстады. Қарар қабылдау кеңестің уәкілдігіне жатпайтын, келісім бойынша ол пікір алысумен шектелуі керек болғандықтан, большевиктер мен латыш социал-демократтары қарарға дауыс беруге қатысудан бас тартты. Бірақ қарар көпшілік дауыспен қабылданды.

Ленин басқарған большевиктер Брюссель кеңесінің шешімдеріне бағынудан бас тартты және «біріктірушілердің» шын мақсатын халықаралық пролетариаттың алдында әшкереледі. II Интернационалдың оппортунист лидерлерінің большевиктік партияны жойып жібермекші болған әрекеті сәтсіздікке ұшырады.

«Брюссель» блогы оған қатысушылардың бәрінің саяси шірік позициясын екіжүзділікпен бүркемелеу болды, сөйтіп көп кешікпей ыдырап кетті.— *133.*

[139] *«Солшылдар»* — Поляк социалистік партиясының (ППС) — реформистік социалистік партияның, осы партия жікке бөлінгеннен кейін 1906 жылы дербес фракция болып бөлініп шыққан сол қанаты. «Солшылдар» ұлтшылдықты толық жоққа шығармай, Поляк социалистік партиясының бірқатар ұлтшылдық талаптарынан және күрестің террорлық әдістерінен бас тартты. Тактикалық мәселелер жөнінде олар орыс жойымпаз-меньшевиктеріне жақын болды және большевизмге қарсы күресте солармен бірікті. Брюссель кеңесінде де «солшылдардың» өкілі большевиктерге қарсы меньшевиктермен блок жасасты.

Большевиктер партиясының ықпалымен, сондай-ақ Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД) әсер етуімен «солшылдар» бірте-бірте дәйекті революциялық позицияға көшті. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» басым бөлегі интернационалистік позиция ұстады. 1918 жылы декабрьде ол Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірге бір партия — Польша Коммунистік жұмысшы партиясы болып бірікті (1925 жылға дейін Польша Коммунистік партиясы осылай аталды).— *133.*

[140] Бұл арада 1908 жылы 21—27 декабрьде (1909 жылы 3—9 январьда) Парижде өткен РСДРП (жалпы россиялық) V конференциясының есептер бойынша қабылдаған қарары және 1910 жылы 2—23 январьда (15 январьда — 5 февральда) Парижде өткен РСДРП Орталық Комитетінің пленумы қабылдаған «Партия ішіндегі істің жайы» деген қарар (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері,

1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 268—281, 314—317-беттер) айтылып отыр.— *133.*

[141] *«Наша Рабочая Газета»* («Біздің Жұмысшы Газеті») — жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті газеті; 1914 жылғы майдан июльге дейін Петербургте жария түрде шығып тұрды.— *133.*

[142] *«Мәдени-ұлттық автономия»* — ұлт мәселесін шешудің антимарксистік, буржуазиялық-ұлтшылдық программасы; оны Австрия социал-демократтары О. Бауэр мен К. Реннер жасады және Австрия социал-демократиялық партиясы мен II Интернационалдың басқа партиялары қабылдады. Россияда жойымпаз-меньшевиктер мен бундшылдар ұлт мәселесін шешудің большевиктік программасының негізгі пункті — «ұлттардың өзін өзі билеу правосына» қарсы шығып, «мәдени-ұлттық автономия» талабын алға тартты. Ленин «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар», «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 127—166-беттер және 25-том, 283—354-беттер) деген және басқа шығармаларында «мәдени-ұлттық автономия» талабын өлтіре сынады.— *134.*

[143] Бұл арада РСДРП II съезінің «Социалист-революционерлер туралы» шешімі (1903) және РСДРП V (Лондон) съезінің «Пролетарлық емес партияларға көзқарас туралы» шешімі (1907) (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 77—78 және 229—231-беттер) айтылып отыр.— *134.*

[144] *Қауіпсіздендіру советін* Петербург жұмысшылары 1914 жылы 2 (15) мартта сайлады. Советке сайлауда жойымпаз-меньшевиктер мықтап жеңілді — сайламшылар жиналысына қатысқандардың төрттен үш болігі большевиктік аманат-тапсырманы жақтап, жойымпаздар мен эсерлер блогы ұсынған аманат-тапсырманы қабылдамай тастады. Қауіпсіздендіру советінің құрамына большевиктер ұсынған тізім бойынша жұмысшылар енді. Совет мүшелері болып: Г. М. Шкапин (Путилов заводы), С. Д. Чудин (Металл заводы), Г. И. Осипов (соғыс снарядтарын жасайтын завод), Н. И. Ильин (Нева стеарин заводы), С. И. Янкин (Шеге жасау заводы) сайланды; орынбасарлары болып: Н. М. Шверник (Эриксон заводы), А. С. Куклин (жаңа Лесснер заводы), Ф. А. Амосов (Нева стеарин заводы), В. М. Цаплин (Нева кеме жасау заводы), П. И. Судаков (Металл заводы) және басқалар сайланды. Жойымпаз-меньшевиктер жұмысшыларды Қауіпсіздендіру советінің шешімдеріне бағынбауға шақырды.— *134.*

[145] *«Страхование Рабочих»* («Жұмысшыларды Қауіпсіздендіру») — жойымпаз-меньшевиктердің журналы; 1912—1918 жылдары Петербургте шығып тұрды.— *134*.

[146] *Чхеидзе фракциясы* — IV Мемлекеттік думадағы Н. С. Чхеидзе бастаған меньшевиктік фракция. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Думадағы меньшевиктік фракция центристік позиция ұстай отырып, іс жүзінде барлық жағынан орыс социал-шовинистерінің саясатын қолдады. В. И. Ленин «Чхеидзе фракциясы және оның ролі», «Ұйымдастыру комитетінің және Чхеидзе фракциясының өз бағыты бар ма?» деген мақалалары мен басқа да шығармаларында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 30-том) Чхеидзе фракциясының оппортунистік бағытын сынады. — *134*.

[147] *«Антанта елдері социалистерінің Лондон конференциясына арналған РСДРП Орталық Комитеті декларациясының жобасын»* В. И. Ленин конференцияның шақырылатыны жөнінде М. М. Литвиновтан хабар алысымен жазып, конференцияда жариялау үшін соның атына Лондонга жіберді. Н. К. Крупская А. Г. Шляпниковқа жазған хатында Лондон конференциясының шақырылатыны жөнінде хабарлап, оған декларация жобасының көшірмесін жіберді және жобаның Литвиновқа жіберілгенін ескертті.

«Үш жақты келісу» елдері социалистерінің конференциясы 1915 жылы 14 февральда Лондонда шақырылды. Оған Англияның, Францияның, Бельгияның, Россияның социал-шовинистері мен пацифистік топтарынан: Тәуелсіз жұмысшы партиясынан (Б. Кейр-Гарди, Р. Макдональд және басқалары), Британ социалистік партиясынан, Жұмысшы партиясынан, Фабий қоғамынан, Француз социалистік партиясынан (М. Самба, Э. Вальян, Ж. Лонге, А. Тома, А. Компер-Морель), Еңбек бас конфедерациясынан (Л. Жуо), Бельгия социалистік партиясынан (Э. Вандервельде және басқалары), эсерлерден (В. М. Чернов, Бобров (М. А. Натансон), И. А. Рубанович) өкілдер қатысты. Меньшевиктік Ұйымдастыру комитетінен конференцияда В. Майский өкіл болды.

Конференцияның күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) Ұлттардың праволары; 2) Отарлар; 3) Болашақ бейбітшіліктің кепілдіктері.

Большевиктер конференцияға шақырылған жоқ, бірақ В. И. Лениннің тапсыруымен М. М. Литвинов РСДРП Орталық Комитетінің декларациясын жариялау үшін конференцияға барды. В. И. Ленин жазған жоба декларацияның негізі етіліп алынды. Декларацияда социалистердің буржуазиялық үкіметтерден шығуы туралы, империалистерден іргені біржолата аулақ салу, олармен ынтымақтас болудан бас тарту, империалистік үкіметтерге қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізу және соғыс кредиттерін жақтап дауыс беруді айыптау талаптары қойылды. Декларацияны жариялап тұрған кезінде

Литвиновтың сөзін бөліп жіберді, тіпті оны сөйлетпей қойды, сондықтан ол декларацияның текстін президиумға тапсырып, конференциядан кетіп қалды. Бұл декларация РСДРП Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің 1915 жылғы 29 марттағы 40-номерінде басылды. В. И. Лениннің «Лондон конференциясы туралы» және «Лондон конференциясы жөнінде» деген мақалаларын қараңыз (осы том, 167—169, 187—189-беттер). — *136.*

«Дзвін» («Қоңырау») — ай сайын шыққан жария буржуазиялық-ұлтшылдық журнал; 1913 жылдың январынан 1914 жылдың орта кезіне дейін Киевте украин тілінде шығарылды. Барлығы 18 номері шықты. Журналға В. Левинский, В. Винниченко, Л. Юркевич (Рыбалка), Д. Донцов, С. Петлюра, Г. Алексинский, П. Аксельрод, Л. Троцкий және басқалар қатысып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде журналдың шығарылуы тоқтатылды.

«Украина және соғыс» деген мақаланың авторы В. Левинский болатын.— *138.*

149 *«Украинаны азат ету одағы»* («Союз визволення Украіні») — 1914 жылы, дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде, бір топ украин буржуазияшыл ұлтшылдары құрған буржуазиялық-ұлтшылдық ұйым. «Одақ» патшалық Россияны соғыста жеңіледі деп есептеп, Украинаны Россиядан бөліп алуға және неміс протекторатымен буржуазиялық-помещиктік украин монархиясын құруға жету міндетін көздеді.— *138.*

150 *«Бөтеннің жалауы астында»* деген мақаласын В. И. Ленин маркстік жария жинаққа арнап жазды, жинақ 1915 жылы Россияда шығарылмақшы еді. Жинақты патша цензурасы тоқтатып тастады, сондықтан ол цензура өзгерткен түрінде Февраль революциясынан кейін ғана жарық көрді.

Жинақты 1917 жылы мартта Москвада бірінші кітап ретінде «Прилив» кітап баспасы шығарды. Оған В. И. Лениннің «Бөтеннің жалауы астында» (Н. Константинов деп қол қойылған), Я. М. Свердловтың «Герман социал-демократиясындағы жікке бөлінушілік» (А. Михайлович деп қол қойылған), В. П. Ногиннің «Соғыс және жұмысшы табының экономикалық жағдайы» (М. Фабричный деп қол қойылған), М. С. Ольминскийдің «Орыс либералдарының жоспары» деген мақалалары және басқа мақалалар кірді.— *139.*

151 *«Наше Дело»* («Біздің Іс») — жойымпаз-меньшевиктердің ай сайын шығып тұрған органы, жабылып қалған «Наша Заря» журналының орнына 1915 жылғы январьда шыға бастады. «Наше Дело» Россиядағы социал-шовинистердің басты органы болды. Оған А. Н. Потресов, Н. Череванин, П. П. Маслов, Е. Маевский және басқалары жазып тұрды. Не бары 6 номері шықты.— *141.*

[152] Бұл арада К. Каутскийдің «Халықаралықтық және соғыс» деген мақаласы айтылып отыр, мақала 1915 жылы «Наше Дело» журналының 1 және 2-номерлерінде басылды.— *150.*

[153] *Поссибилистер* — француз социалистік қозғалысындағы ұсақ буржуазиялық, реформистік ағым. Поссибилистер жұмысшылардың күресін «мүмкін нәрсенің» (possible) — олардың аты осыдан алынған — шеңберімен шектеуді ұсынды.— *158.*

[154] *«Общеделошылдар»* («широкий» социалистер деген атпен де белгілі) — Болгар социал-демократиялық партиясындағы оппортунистік ағым, ол 1900 жылдан бастап «Общо Дело» журналын шығарып тұрды. Социал-демократиялық партияның X съезіндегі жікке бөлінушіліктен кейін олар 1903 жылы Русе қаласында реформистік Болгар социал-демократиялық партиясын («широкий» социалистер) құрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс дәуірінде (1914—1918) «общеделошылдар» шовинистік позиция ұстады.

1942 жылы Болгар социал-демократиялық партиясының сол қанаты Коммунистік партияның басшылығымен құрылған Отан майданына қосылды. Сол қанат өз қатарын жат элементтерден тазартып, 1948 жылы августа марксизм-ленинизмнің идеялық негізі мен ұйымдық принципінде Коммунистік партиямен бірікті; Болгария Коммунистік партиясы Болгар жұмысшы (коммунистер) партиясы деп аталды.

«Тесняктар» — Болгар социал-демократиялық партиясындағы революциялық ағым, ол 1903 жылы дербес Болгар жұмысшы социал-демократиялық партиясы болып қалыптасты. «Тесняктардың» негізін салушы және көсемі Д. Благоев болды, одан соң «тесняктарға» Благоевтың шәкірттері — Г. Димитров, В. Коларов және басқалар басшылық етті. 1914—1918 жылдары «тесняктар» империалистік соғысқа қарсы шықты. 1919 жылы олар Коммунистік Интернационалға кірді және Болгария Коммунистік партиясын құрды.— *162.*

[155] *«Күнделікті Азамат»* («The Daily Citizen») — күнделікті газет, Жұмысшы партиясының, фабийшылдардың және Англия Тәуелсіз жұмысшы партиясының оппортунистік блогының органы; 1912 жылдан 1915 жылға дейін Лондонда және Манчестерде шығып тұрды.— *162.*

[156] *«Күнделікті Хабаршы»* («The Daily Herald») —Британ социалистік партиясының органы; 1912 жылғы апрельден Лондонда шығып тұрды; газет 1922 жылдан бастап лейбористік партияның органы болды.— *162.*

[157] *Фабийшылдар* — Фабий қоғамының, 1884 жылы құрылған ағылшын реформистік ұйымының мүшелері; қоғам біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда өмір сүрген Рим қолбас-

шысы Фабий Максимнің есімімен аталған. Фабий өзінің ыңғайлы сәтті күту тактикасы үшін, Ганнибалмен соғысқан кезде батыл ұрыс жүргізуден бой тарта бергені үшін «Кунктатор» («Сылбыр») деп аталып кеткен. Фабий қоғамының мүшелері көбінесе буржуазиялық интеллигенцияның өкілдері — ғалымдар, жазушылар, саяси қайраткерлер (мысалы, С. және Б. Веббтер, Б. Шоу, Р. Макдональд және басқалар) болды; олар пролетариаттың таптық күресі мен социалистік революцияның қажеттігін теріске шығарды және капитализмнен социализмге ұсақ реформалар жасау және қоғамды бірте-бірте өзгерту арқылы өтуге болады деп пайымдады. В. И. Ленин фабийшылдықты *«барып тұрған оппортунизм* бағыты» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 363-бет) деп сипаттады. 1900 жылы Фабий қоғамы лейбористік партияға кірді. «Фабийлық социализм» лейбористер идеологиясы негіздерінің бірі болып табылады.

Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) фабийшылдар социал-шовинизм позициясын ұстады. Фабийшылдарға берілген сипаттаманы В. И. Лениннің «Ағылшын пацифизмі және теорияны ағылшынша ұнатпаушылық» (осы том, 284—290-беттер) деген мақаласынан қараңыз.— *162.*

[158] *Жұмысшы партиясы* (Labour Party) — жұмысшы өкілдерін парламентке («Жұмысшы өкілдер комитетіне») өткізу мақсатында 1900 жылы кәсіподақтардың — тред-юниондардың, социалистік ұйымдар мен топтардың бірлестігі ретінде құрылды. 1906 жылы Комитет Жұмысшы партиясы (лейбористік партия) болып атын өзгертті. Тред-юниондардың мүшелері партиялық жарна төлеген жағдайда өзінен-өзі партия мүшесі бола береді. Лейбористік партияны Атқару комитеті басқарады, ол тред-юниондардың Бас советімен және Кооперативтік партияның Атқару комитетімен бірге Ұлттық еңбек советі дейтінді құрайды. Лейбористік партияға оған коллективтік мүше болу правосымен кіретін Кооперативтік партия және Тәуелсіз жұмысшы партиясы тығыз жанасады. Бастапқыда құрамы жағынан жұмысшы партиясы болып құрылған (кейін оған айтарлықтай мөлшерде ұсақ буржуазиялық элементтер кірді) лейбористік партия өзінің идеологиясы мен тактикасы жағынан оппортунистік ұйым болып табылады. Партия құрылған күннен бастан оның лидерлері буржуазиямен таптық ынтымақтасу саясатын жүргізіп келеді. «Жұмысшы партиясы—бүтіндей буржуазиялық партия, өйткені ол өзі жұмысшылардан құралса да, оған реакционерлер—толығынан буржуазия рухында әрекет жасайтын ең оңбаған реакционерлер—басшылық етіп отыр...» (В. И. Ленин. Шығармалар, 31-том, 259-бет). Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) лейбористік партияның лидерлері социал-шовинистік позиция ұстады.

Лейбористер бірнеше рет (1924, 1929, 1945 және 1950 жылдары) үкімет құрды, бұл үкіметтер ағылшын империализмінің саясатын бұлжытпай жүргізіп отырды. Ағылшын еңбекшілерінің лейбористік партия басшылығының реакциялық саясатына наразы болуы партия ішінде партия басшылығының ресми саясатына қарсы бағытталған солшыл ағымның құрылуына әкеліп соқтырды.— *162.*

159 Әңгіме «Berner Tagwacht» («Берн Сақшысы») газеті жайында болып отыр. Осы газеттің 1915 жылғы 13 январьдағы 9-номерінде «Parteinachrichten» («Партиялық хроника») бөлімінде В. И. Ленин цитат келтіріп отырған «Гота Халық Листогынан» үзінді берілген.— *164.*

160 *Чартизм* (ағылшынша charter — хартия деген нен шыққан) — ағылшын жұмысшыларының XIX ғасырдың 30—40-жылдарындағы бұқаралық революциялық қозғалысы. Бұл қозғалыстың ұйымдық орталығы «Жұмысшылардың Лондон ассоциациясы» болды. Ассоциация басшылығы парламентке петиция (Халықтық хартия) әзірледі, ол 1838 жылы майда жарияланды. Халықтық хартия мынадай алты пункттен тұратын программа ұсынды: 21 жасқа толған еркектер үшін жалпыға бірдей сайлау правосының болуы, дауыстың жасырын берілуі, сайлау округтарының тең болуы, парламентке депутаттыққа кандидаттар үшін мүлік цензін жою, депутаттарға ақша төлеу, парламентті жыл сайын қайта сайлап отыру. Қозғалыс орасан зор митинг-демонстрациялармен басталып, Халықтық хартияны жүзеге асыру жолындағы күрес ұранымен өтті. 1840 жылы июльде «Ұлттық чартистік ассоциация» құрылды, ол жұмысшы қозғалысы тарихында жұмысшылардың тұңғыш бұқаралық партиясы болды. 1842 жылы 2 майда парламентке чартистердің енді әлеуметтік сипаты бар бірқатар талаптар (жұмыс күнін қысқарту, жалақыны арттыру және басқалар) қосылған екінші петициясы тапсырылды. Петицияны парламент қабылдамай тастады. Чартистер бұған жауап ретінде жаппай ереуіл жасады. 1848 жылы чартистер үшінші петициямен парламентке жаппай шеру тартып бармақшы болды, бірақ үкімет әскер шақырып, бұл шеру тартуды болғызбай тастады. Петиция көп ай өткен соң қаралды, бірақ қабылданбады. 1848 жылдан кейін чартистік қозғалыс құлдырап кетті.

Чартистік қозғалыстың сәтсіздікке ұшырауының басты себебі оның айқын программасы мен тактикасының және дәйекті революциялық пролетарлық басшылығының жоқтығы болды. Алайда чартистер Англияның саяси тарихына да, сондай-ақ халықаралық жұмысшы қозғалысының дамуына да орасан зор ықпалын тигізді. В. И. Ленин чартизмді «бірінші кең көлемді, нағыз бұқаралық, саяси жағынан қалыптасқан, пролетарлық-революциялық қозғалыс» (Шығармалар, 29-том, 305-бет) ретінде сипаттады.— *166.*

[161] Бұл арада Париж пролетариатының 1848 жылғы 23—26 июньдегі көтерілісі айтылып отыр. Котеріліске 40—45 мың адам қатысты. Ұрыстардың барысында 600-ден астам баррикадалар тұрғызылды. Көтерілісшілердің ең көп тараған ұраны: «Демократиялық және әлеуметтік республика жасасын!» деген ұран болды. Көтеріліс аяусыз басып тасталды. Июнь көтерілісі Европадағы 1848—1849 жылдардағы революция дамуының ең жоғары шыңы болды. Ленин оны пролетариат пен буржуазия арасындағы тұңғыш ұлы азамат соғысы деп атады (қараңыз: Шығармалар, 29-том, 305-бет).— *166*.

[162] Бұл арада бірінші орыс революциясы кезінде 1905 жылы Москвада болған *Бүкіл российлық октябрь стачкасы* мен *декабрь қарулы көтерілісі* айтылып отыр.

Октябрьдегі жаппай стачкаға қатысқандардың саны екі миллионнан асты. Октябрь стачкасы самодержавиені құлату, Булыгин думасына белсенді бойкот жасау, құрылтай жиналысын шақыру және демократиялық республика орнату ұрандарымен өтті. Бүкіл российлық саяси стачка жұмысшы қозғалысының күші мен қуатын көрсетті, деревняда, армия мен флотта революциялық күрестің өрістеуіне қозғаушы болды. Октябрь стачкасы пролетариатты декабрь қарулы көтерілісіне алып келді. Октябрь стачкасы жөнінде В. И. Лениннің «Бүкіл российлық саяси стачка» деген мақаласын қараңыз: (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 1—4-беттер).

1905 жылы 5 (18) декабрьде большевиктердің Москва жалпы қалалық конференциясы, жұмысшылардың еркін білдіре отырып, жаппай ереуіл жариялау және қарулы күрес бастау жөнінде шешім қабылдады. Москва Советінің шақыруы бойынша 7 (20) декабрьде жаппай саяси ереуіл басталды. 10 (23) декабрьде стачка қарулы көтеріліске ұласты. Пресня, Замоскворечье, Рогожск-Симонов ауданы және Қазан темір жолы ауданы қарулы көтерілістің орталығы болды. Күрес тоғыз күнге созылды. Москва жұмысшылары жанқиярлықпен шайқасты, бірақ котерілісшілердің қарулы күрестен әлі тәжірибесі жоқ еді, қажетті қару-жарақ жетіспеді, әскермен айтарлықтай байланыс жасалмады. Күрестің барысында шабуыл тактикасы емес, қорғаныс тактикасы қолданылды. Көтеріліске басшылық ету бұқара қозғалысының стихиялы түрде өрлеуінен жалпы алғанда кейін қалып отырды. Көтерілістің бас кезінде большевиктердің Москва комитетінің басшы қызметкерлері тұтқынға алынды. Меньшевиктер мен эсерлер қарулы күресті тоқтатуды талап етіп, жауынгерлік қимылдардың өрістеуіне кедергі жасады. Москваға патша үкіметі Петербургтен, Тверьден, Батыс өлкеден әскер әкелді. 17 (30) декабрьде Пресняға шабуыл басталды, ол қанға боялды. Москва партия комитеті мен Москва Советі революциялық күштерді сақтап қалу үшін және болашақ күреске дайындалу үшін 1905 жылғы 19 декабрьден (1906 жылғы 1

январьдан) бастап қарулы қарсыласуды тоқтату жөнінде шешім қабылдады.

Москваның ізінше 1905 жылдың декабрінде және 1906 жылдың январында көтеріліс басқа да бірқатар жерлерде: Нижний Новгородта, Дондағы Ростовта, Новороссийскіде, Донбаста, Екатеринославта, Пермьде (Мотовилихада), Уфада, Красноярскіде, Читада қыза түсті. Закавказьеде, Польшада, Прибалтикада, Финляндияда ірі қарулы бой көрсетулер болып өтті. Бірақ бұл бытыраңқы көтерілістердің бәрін патша үкіметі аяусыз басып тастады.

Декабрь қарулы көтерілісі революцияның өрлеуінің жоғары шыңы болды. Декабрь қарулы көтерілісінің маңызын жоғары бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: халық «жауынгерлік сыннан өтті. Ол көтерілісте шынықты. Ол жауынгерлер топтарын әзірледі, олар 1917 ж. жеңіп шықты» (Шығармалар, 31-том, 554-бет). Декабрь қарулы көтерілісі жөнінде Лениннің «Москва көтерілісінің сабақтары» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 13-том, 407—415-беттер).— *166.*

163 *«Современник»* («Замандас»)— ай сайын шығып тұрған әдеби-саяси журнал; 1911—1915 жылдары Петербургте шығып тұрды. Журналдың төңірегіне жойымпаз-меньшевиктер, эсерлер, «халықтық социалистер» және солшыл либералдар топтасты. Журнал шыға бастаған кезде онда А. В. Амфитеатров көрнекті роль атқарды, 1913—1915 жылдары журналға Н. Суханов (Н. Н. Гиммер) басшылық етті. «Современник» қызметкерлерінің тізімінде Ф. И. Дан, Е. Д. Кускова, Л. Мартов, Г. В. Плеханов, С. Н. Прокопович, В. М. Чернов және басқалары болды. Журналдың жұмысшылар бұқарасымен ешқандай байланысы болмады. 1914 жылы Ленин «Современниктің» бағытын «халықшылдық пен марксизмнің қойыртпағы» (Шығармалар толық жинағы, 25-том, 160-бет) ретінде сипаттады. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында журнал социал-шовинизм позициясында болды.— *166.*

164 *«Labour Leader»* («Жұмысшы Көсем») — апта сайын шығатын газет, 1891 жылдан бастап шығып келеді; 1893 жылдан — Англия Тәуелсіз жұмысшы партиясының органы. 1922 жылдан бастап газет «New Leader» («Жаңа Көсем») деген атпен шықты; 1946 жылдан — «Socialist Leader» («Социалистік Көсем») деген атпен шығып келеді.— *169.*

165 *РСДРП шетелдік секцияларының конференциясы* 1915 жылы 14—19 февральда (27 февральда — 4 мартта) Бернде өтті. Конференция Лениннің инициативасы бойынша шақырылды және оның жалпы партиялық конференцияға барабар маңызы болды, өйткені соғыс кезінде партия съезін немесе РСДРП бүкіл россиялық конференциясын шақыру мүмкін емес еді.

Конференцияда РСДРП Орталық Комитетінің, РСДРП Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің, әйелдердің социал-демократиялық ұйымының өкілдері, РСДРП шетелдік секцияларының — Париж, Цюрих, Берн, Лозанна, Женева, Лондон секцияларының және Божи тобының өкілдері болды. Конференцияға В. И. Ленин, Н. К. Крупская, И. Ф. Арманд, В. М. Каспаров, Г. Л. Шкловский, Ф. Ильин, Н. В. Крыленко, И. Корнблюм, М. М. Харитонов, Г. Я. Беленький, Г. Е. Зиновьев, Н. И. Бухарин және басқалар қатысты. Конференцияға қонақ ретінде Берн секциясының барлық мүшелері, Лозанна секциясының және Божи тобының кейбір мүшелері қатысты. В. И. Ленин РСДРП Орталық Комитеті мен Орталық Органынан делегат болды. Ол конференцияның бүкіл жұмысына басшылық етті.

Конференцияның күн тәртібі мынадай еді: 1) Жергілікті жерлердің есептері; 2) Соғыс және партияның міндеттері (басқа саяси топтарға көзқарас); 3) Шетелдік ұйымдардың міндеттері (әр түрлі топтардың жалпы қимылдары мен ісіне көзқарас); 4) Орталық Орган және жаңа газет; 5) «Колониялық» істерге көзқарас (эмиганттық «колониялардың» мәселелері); 6) Шетелдік ұйымдар комитетінің сайлауы; 7) Әр түрлі мәселелер. Конференция күн тәртібінің негізгі мәселесі соғыс және партияның міндеттері туралы мәселе болды. Бұл мәселе бойынша Ленин баяндама жасады.

В. И. Ленин өзінің баяндамасында РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесіндегі қағидаларды дамытты. Монпелье секциясының, әсіресе Божи тобының конференцияға дейін қабылданған қарарлары көрсеткендей, большевиктік секциялардың кейбір мүшелері азамат соғысы туралы Ленин қойған мәселені түсінбеді; «өз» үкіметінің жеңілуі ұранына қарсы шықты, бейбітшілік ұранын ұсынды, центризммен күрестің қажеттілігін және маңыздылығын түсінбеді. Конференциядағы жарыс сөзде талқылау барысында бұл мәселелер анықталды, сөйтіп Лениннің тезистері бірауыздан қолдау тапты. Тек Бухарин ғана Божи тобы қарарының қате қағидаларын қорғады, партияның және халықаралық социал-демократияның Ленин ұсынған ұрандарына қарсы шықты. Бухарин өзінің тезистерінде — кейініректе В. И. Ленин «барып тұрған сөлекеттік; масқара; жартылай анархизм» (Шығармалар, 35-том, 189-бет) деп сипаттаған — тезистерінде ұлттардың өзін өзі билеу правосы талабына және жалпы программа-минимум талаптарына қарсы шықты, бұлар социалистік революцияға «қайшы келеді» деп мәлімдеді. Алайда конференцияда Бухариннің тезистерін ешкім қолдаған жоқ.

«Европа Құрама Штаттары» ұраны туралы мәселе қызу айтыс туғызды. Лениннің өзінің конференция қарарларына кіріспесінде жазғанындай, бұл айтыс бір жақты саяси сипат алды, сондықтан істің экономикалық жағын баспасөзде талқылағанға дейін мәселені кейінге қалдыра тұру ұйғарылды.

Бірақ «Европа Құрама Штаттары» ұраны баспасөзде кең талқыланған жоқ. Мәселе «Социал-Демократтың» 44-номерінде В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласын жариялаумен тынды; мақалада В. И. Ленин бұл ұранның қате екенін түсіндіріп берді (қараңыз: осы том, 378—382-беттер).

В. И. Лениннің баяндамасы бойынша қабылданған қарарларда Берн конференциясы большевиктік партияның империалистік соғыс жағдайындағы міндеттері мен тактикасын белгіледі.

Конференция сондай-ақ «РСДРП шетелдік ұйымдарының міндеттері», ««Колониялық» істерге көзқарас» және «Орталық Органның пайдасына қаржы жинау туралы» деген қарарлар қабылдады. Божи тобының РСДРП Орталық Органынан бөлек өз газетін ұйымдастыру әрекетіне байланысты, конференцияда «Орталық Орган және жаңа газет» деген мәселе қойылды. Бұл мәселе жөніндегі қарарда конференция өзінің Орталық Органның идеялық бағытына және оның соғыс жөніндегі позициясына толық қосылатынын мәлімдеді және Орталық Орган жиірек шығып тұруы қажет деп тапты; Ленин жазған 3-пунктте (қараңыз: осы том, 400-бет): конференция шетелдік секциялардың мүшелерін Орталық Органды үнемі қолдап отыруға шақырады делінген. Осы қарар жөніндегі жариялауға жатпайтын қосымшада конференция Божи тобының өз газетін шығаруының қажетсіз екенін көрсетті және барлық партиялық күшті конференция қарарларында белгіленген жалпы партиялық істердің төңірегіне топтастыруға шақырды. Конференция партияның Шетелдік ұйымдары комитетінің жаңа құрамын сайлады.

В. И. Ленин Берн конференциясының маңызын жоғары бағалады және оның шешімдерін негұрлым кең таратуға көп күш-жігер жұмсады, бұл шешімдер, Ленин атап көрсеткендей, партияның принциптері мен тактикасын дәл баяндап берді. Конференцияның барлық негізгі қарарлары Ленин оларға жазған кіріспемен бірге «Социал-Демократ» газетінде және қосымша ретінде В. И. Лениннің «Социализм және соғыс» деген кітапшасында басылды, кітапша орыс және неміс тілдерінде шықты. Берн конференциясының қарарлары француз тілінде де жеке листок болып шығарылды, ол Циммервальд социалистік конференциясының делегаттарына үлестіріліп берілді және халықаралық социал-демократияның солшыл элементтеріне жіберілді. Конференция қарарларын қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 450—458-беттер.— *170.*

166 Бундтың соғыс туралы мәселе жөніндегі ресми позициясы Бунд Орталық Комитетінің 1914 жылы ноябрьде қабылданған манифесінде тұжырымдалған болатын, манифест «Информа-

ционный Листоктың» 7-номерінде (январь, 1915) жарияланды. Бунд Орталық Комитеті «барлық соғысып жатқан елдердің үкіметтеріне ұйымдасқан түрде қысым жасау арқылы» бейбітшілік үшін күресуге шақырды. Ленин германофильдік шовинизм туралы айтқанда, сірә, Бунд лидерлерінің бірі В. Косовскийдің (М. Я. Левинсонның) 10 октябрьде Бернде оқыған рефератын және оның «Информационный Листоктың» 7-номеріндегі «Азаттық аңызы» деген мақаласын еске алған болса керек.— *176.*

[167] *«Наше Слово»* («Біздің Сөз») — меньшевиктік газет; «Голос» газетінің орнына 1915 жылғы январьдан 1916 жылғы сентябрьге дейін Троцкийдің белсене қатысуымен Парижде шығарылып тұрды. — *176.*

«Правда» («Шындық») — күнделікті большевиктік жария газет, газеттің бірінші номері 1912 жылы 22 апрельде (5 майда) Петербургте шықты.

Күнделікті бұқаралық жұмысшы газетін шығару қажеттігі туралы шешім РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының жұмыс барысында қабылданды.

«Правда» Ленадағы атқылауға байланысты бүкіл елде бұқаралық саяси стачкалар толқыны кең өріс алған жаңа революциялық өрлеу жағдайында жарыққа шықты. Газет жұмысшылардың өздері жинаған қаржыға шығарылып тұрды; ол 40 мың данаға дейін таратылды, жекелеген номерлерінің тиражы 60 мыңға дейін жетіп жүрді. Күнделікті жұмысшы газетін шығаруды жолға қоюды Ленин Петербург жұмысшылары жүзеге асырған ұлы тарихи іс деп сипаттады.

Ленин «Правдаға» идеялық басшылық етті, газетке күн сайын дерлік жазып тұрды, оның редакциясына нұсқаулар беріп отырды. Ол газеттің жауынгерлік, революциялық рухта болуына күш салды. Н. Н. Батурин, Демьян Бедный, А. И. Ульянова-Елизарова, К. С. Еремеев, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, С. В. Малышев, Л. Р. және В. Р. Менжинскийлер, В. М. Молотов, В. И. Невский, М. С. Ольминский, Н. И. Подвойский, Н. Г. Полетаев, М. А. Савельев, К. Н. Самойлова, Я. М. Свердлов, Н. А. Скрыпник, И. В. Сталин, П. И. Стучка және басқалар әр түрлі уақыттарда «Правда» редакциясының мүшелері және белсенді қызметкерлері болды. IV Мемлекеттік думаның большевик-депутаттары газетке белсене қатысып тұрды. А. М. Горький «Правдада» өзінің шығармаларын бастырды.

«Правда» партияны халықтың қалың бұқарасымен күн сайын байланыстырып отырды. Газет төңірегінде жұмысшы тілшілердің сансыз көп армиясы қалыптасты. Газеттің әрбір номерінде жұмысшылардың ондаған корреспонденциялары басылып тұрды. Екі жылдан астам уақыт ішінде жұмысшылардың 17 мыңнан астам корреспонденциясы жарияланды. Газет еңбекшілердің правосыздығы туралы жазды, жұмысшылардың экономикалық мұқтаждықтарын көрсететін

мысалдар келтірді, стачкалар мен ереуілдердің барысы туралы жазды, өскелең революциялық қозғалысқа басшылық ету жөнінде партияның саясатын жүргізді, бұқараны пролетарлық ынтымақ, пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеледі. Газетте патшалық Россиядағы шаруалардың жағдайын баяндауға едәуір орын берілді; газетте «Шаруалар бөлімі» болды. «Правданың» беттерінде Ленин болашақ революциядағы пролетариаттың гегемондығы жолында, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы жолында дәйекті күрес жүргізді, либерал буржуазияның контрреволюцияшылдығын әшкереледі.

«Правда» редакциясында партияның ұйымдастыру жұмысының едәуір бөлегі шоғырландырылды. Мұнда жергілікті партия ұяларының өкілдерімен кездесулер өткізіліп тұрды, фабрикалар мен заводтардағы партиялық жұмыс туралы мәліметтер осында түсіп отырды, партияның Орталық және Петербург Комитеттерінің партиялық директивалары осы жерден берілді.

«Правданы» полиция үнемі қудалады. Патша үкіметі газетті сегіз рет жауып тастады, бірақ ол: «Рабочая Правда», «Северная Правда», «Правда Труда», «За Правду», «Пролетарская Правда», «Путь Правды», «Рабочий», «Трудовая Правда» деген басқа аттармен шыға берді. Осындай қиын жағдайларда большевиктер екі жылдан астам уақыттың ішінде «Правданың» 636 номерін шығарды. 1914 жылы 8 (21) июльде газет жабылды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін ғана «Правда» қайтадан шығарылды. 1917 жылғы 5 (18) марттан бастап «Правда» РСДРП Орталық және Петербург Комитеттерінің органы ретінде шыға бастады. 1917 жылы июль — октябрьде контрреволюциялық буржуазиялық Уақытша үкімет қудалаған «Правда» өзінің атын бірнеше рет өзгертті, «Листок «Правды»», «Пролетарий», «Рабочий», «Рабочий Путь» деген аттармен шығып тұрды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, 1917 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) бастап газет өзінің «Правда» деген бұрынғы атымен шыға бастады.

Большевиктік партия мен революция тарихында «Правданың» маңызы ерекше зор. Партия саясатын жүзеге асыру жолындағы күресте газет коллективтік насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы болды. Ол партиялылық жолындағы күрестің бел ортасында болып, жойымпаз-меньшевиктермен, шақырымпаздармен, троцкистермен батыл күрес жүргізді. олардың сатқындық ролін әшкерелеп отырды. «Правда» халықаралық оппортунизм мен центризмге қарсы күрес жүргізді. Газет жұмысшыларды революциялық марксизм рухында тәрбиеледі. Ол партияның айтарлықтай өсуіне, оның қатарының топтасуына, оның бұқарамен байланысының нығаюына көмектесті. «Правданың» қызметі нәтижесінде бұқаралық большевиктік партияның берік іргетасы

қаланды. «Правда» тәрбиелеген алдыңғы қатарлы жұмысшылар ұрпағы Ұлы Октябрь социалистік революциясында және социализм құрылысында аса көрнекті роль атқарды.

«Правда» большевиктік баспасөз тарихында аса маңызды орын алады. Ол тұңғыш жария шығатын бұқаралық жұмысшы газеті болды және Россия жұмысшы табының және халықаралық пролетариаттың баспасөзін дамытудағы жаңа кезеңді бейнеледі. «Правданың» бірінші номері шыққан күн 1914 жылдан бастап жұмысшы баспасөзінің мерекесі күніне айналды.

Ленин мына мақалаларында «Правдаға» баға берді: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары», «Жұмысшылар және «Правда»», «Жұмысшы табы мен жұмысшы баспасөзі», «Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасы және ондағы Орталық Комитет делегациясына берілген жетекші нұсқаулар», «Жұмысшы баспасөзі күнінің қорытындылары жөнінде», ««Правданың» онжылдық мерекесіне» және басқалар (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 472—489-беттер; 22-том, 77—79-беттер; 25-том, 401—440-беттер; Шығармалар, 33-том, 345—348-беттер).— *176.*

[169] Озеркидегі құпия партия конференциясына қатысқан большевиктерге — IV Мемлекеттік думаның депутаттарына (А. Е. Бадаевқа, М. К. Мурановқа, Г. И. Петровскийге, Ф. Н. Самойловқа, Н. Р. Шаговқа) және басқа социал-демократтарға сот 1915 жылы 10 (23) февральда болды. Іс Петроград сот палатасының Ерекше мекемесінде қаралды. 102-статья бойынша (мемлекеттік құрылысты құлату міндетін көздеген ұйымға қатысу) айып тағылды. Тінту үстінде депутат-большевиктерден табылған Лениннің «Революциялық социал-демократияның европалық соғыстағы міндеттері» деген тезистері мен «Социал-Демократ» газетінде басылған РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесі (қараңыз: осы том, 1—7 және 13—23-беттер) оларға қарсы негізгі айыптау материалы болды.

Бес большевик-депутаттың бәрі де Туруханск өлкесінде (Шығыс Сибирь) мәңгі тұруға жер аударылуға кесілді. Думадағы социал-демократиялық фракцияға болған сот процесі жөніндегі есеп «Депутаттардың ісі» деген тақырыппен «День» газетінің 1915 жылғы 11—14 февральдағы 40—43-номерлерінде басылды.— *178.*

[170] *«День»* («Күн») — либералдық-буржуазиялық күнделікті газет. 1912 жылдан Петербургте шығарылып тұрды. Газетке жойымпаз-меньшевиктер қатысты. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін газет тұтас солардың қолына көшті. Газетті Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) жапты.— *181.*

[171] *«Речь»* («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) іс жү-

зінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциясымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің және басқалардың белсене ат салысуымен Петербургте шығып тұрды. Газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. 1918 жылғы августқа дейін «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып келді.— *181.*

172 *«Северная Рабочая Газета»* («Солтүстік Жұмысшы Газеті») — жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті жария газеті; 1914 жылдың 30 январынан (12 февралынан) 1 (14) майына дейін Петербургте шығып тұрды. В. И. Ленин оны мысқылдап, «Солтүстік Жойымпаздық Газет» деп атады.— *183.*

173 *«Le Temps»* («Уақыт») — күнделікті газет; 1861 жылдан 1942 жылға дейін Парижде шығып тұрды. Францияның билеуші топтарының мүддесіп көздеді және іс жүзінде сыртқы істер министрлігінің ресми органы болды.

«L'Echo de Paris» («Париж Жаңғырығы») — буржуазиялық, нағыз реакциялық газет; 1884 жылдан 1938 жылға дейін Парижде шығып тұрды.— *187.*

174 *«Journal des Débats Politiques et Littéraires»* («Саяси және Әдеби Айтыстар Журналы») — апта сайын шығып тұрған буржуазиялық журнал; 1894 жылдан 1934 жылға дейін Парижде шығып тұрды. Бұл арада Ленин журналдың 1915 жылғы 19 февральдағы 15-номерінде басылған «Социалистердің Лондондағы конференциясы» деген мақаланы айтып отыр.— *187.*

175 *«Информационный Листок Заграничной Организации Бунда»* («Бунд Шетелдік Ұйымының Информациялық Листогы») — 1911 жылғы июньнен 1916 жылғы июньге дейін Женевада шығып тұрды. Барлығы 11 номері шықты. «Бюллетень Заграничного Комитета Бунда» сол «Информационный Листоктың» жалғасы болды.— *188.*

176 *«Известия Заграничного Секретариата Организационного Комитета Российской Социал-Демократической Рабочей Партии»* («Россия Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясының Ұйымдастыру комитеті Шетелдік Секретариатының Хабарлары») — меньшевиктік газет, 1915 жылғы февральдан 1917 жылғы мартқа дейін Женевада шығарылды. 10 номері шықты.—*188.*

177 1915 жылы 14 февральда болып өткен Антанта елдері социалистерінің Лондон конференциясы қарсаңында «Наше Слово» редакциясы П. Б. Аксельрод (Ұйымдастыру комитеті) пен В. И. Ленинге (РСДРП Орталық Комитеті) алдағы кон-

ференцияда РСДРП интернационалистік элементтерінің бірлесіп қимыл жасауы жөнінде ұсыныс жасап хат жіберді.

1915 жылы 9 февральда «Наше Слово» редакциясына жазған жауап хатында Ленин: РСДРП Орталық Комитеті бірлесіп қимыл жасау жоспарын талқылау туралы ұсынысты қабыл алады деп хабарлады және Лондон конференциясында жариялауға арналған декларацияның жобасын баяндады, ол осы декларация негізінде келісімге келуге болады деп есептеді. Ленин өзінің хатында меньшевиктік Ұйымдастыру комитеті мен Бундтың социал-шовинистік позициясын атап көрсетті (қараңыз: Шығармалар, 21-том, 116—119-беттер). «Наше Слово» редакциясы большевиктердің декларациясы жобасымен келіспей, өз декларациясын жасады, онда Ұйымдастыру комитеті мен Бундтың позициясын қорғады. «Наше Словоның» декларациясы 1915 жылы 27 февральда газеттің 26-номерінде басылды. — *189.*

[178] *«Tägliche Rundschau»* («Күнделікті Шолу»)— ұлтшылдық бағыттағы буржуазиялық күнделікті газет; 1880 жылғы октябрьден Берлинде шығып тұрды. 1922 жылы «Deutsche Allgemeine Zeitung»-ке («Герман Жалпығаортақ Газетіне») сатылды. 1924 жылғы декабрьден 1928 жылға дейін «Neue Tägliche Rundschau» деген атпен қайта шықты; 1933 жылы шығуын тоқтатты. — *190.*

[179] Әңгіме К. Каутскийдің «Die Sozialdemokratie im Kriege» («Соғыс кезіндегі социал-демократия») деген мақаласы жайында болып отыр, мақала «Die Neue Zeit» журналының 1914 жылғы 2 октябрьдегі 1-номерінде басылды.— *191.*

[180] К. Каутскийдің «Die Internationalität und der Krieg» («Халықаралықтық және соғыс») деген еңбегі «Die Neue Zeit» журналының 1914 жылғы 27 ноябрьдегі 8-номерінде басылды. 1915 жылы «Vorwärts» редакциясы мақаланы жеке кітапша етіп шығарды. Бұл еңбек орыс тілінде «Наше Дело» журналының 1 және 2-номерлерінде жарияланды. В. И. Ленин сынап отырған А. Н. Потресовтың «Екі заман аралығында» деген мақаласы да журналдың сол номерінде жарияланды. — *192.*

[181] Әңгіме К. Каутскийдің «Krieg und Frieden» («Соғыс және бітім») деген мақаласы жайында болып отыр, мақала «Die Neue Zeit» журналының 1911 жылғы 28 апрельдегі 30-номерінде басылды. — *193.*

[182] Бұл арада В. И. Ленин жойымпаз-меньшевиктердің «Наша Заря» журналын айтып отыр. — *199.*

[183] Бундшыл Ионовтың (Ф. М. Койгеннің) «Интернационалды қалпына келтірудің ұйымдық әдістері» деген баяндамасы

1915 жылы марттың аяғында Нервиде (Швейцария) болды. — *199.*

[184] *«Вопросы Страхования»* («Қауіпсіздендіру Мәселелері») — большевиктік жария журнал; 1913 жылғы октябрьден 1918 жылғы мартқа дейін Петербургте үзілістермен шығып тұрды. Ол тек жұмысшыны қауіпсіздендіру ісін жүзеге асыру үшін ғана емес, сонымен бірге большевиктік «күзелмеген ұрандар» — 8 сағаттық жұмыс күні, помещик жерлерін конфискелеу және демократиялық республика үшін де күрес жүргізді. Журналға большевиктер А. Н. Винокуров, Н. А. Скрыпник, П. И. Стучка, Н. М. Шверник және басқалар қатысып тұрды. — *202.*

[185] *«Северный Голос»* («Солтүстік Үні») — апта сайын шығып тұрған меньшевиктік газет; 1915 жылғы январьдан мартқа дейін Петроградта шықты. — *202.*

[186] *«The Economist»* («Экономист») — экономика және саясат мәселелері жөнінде апта сайын шығатын ағылшын журналы; ірі өнеркәсіп буржуазиясының органы; Лондонда 1843 жылдан шығады. — *203.*

[187] «Наше Слово» газетінің 85-номерінде «Наше Слово» редакциясы мен Париждегі қызметкерлерінің коллегиясы жиналысының қарары басылды, онда редакцияның міндеттері туралы мәселе жөніндегі редакцияның көзқарасы, оның саяси позициясы тұжырымдалды. Редакцияның екі мүшесі өздерінің ерекше пікірлері бар екенін мәлімдеді, олар — В. А. Антонов-Овсеенко және Д. З. Мануильский. — *206.*

[188] Бұл арада И. С. Тургеневтің «Соны сүрлеу» романының кейіпкері — С. қаласының губернаторы айтылып отыр. — *207.*

[189] *«Lichtstrahlen»* («Жарық Сәулесі») — Германия солшыл социал-демократтары тобының («Германияның интернационалдық социалистері» тобының) органы, Ю. Борхардттың редакциясымен ай сайын шыққан журнал. Журнал 1913 жылдан 1921 жылға дейін Берлинде үзілістермен шығып тұрды. Журналға А. Паннекук, А. Балабанова және басқалар қатысты. — *208.*

[190] *«Интернационал»* («Die Internationale») — Р. Люксембург пен Ф. Меринг негізін салған, «марксизмнің практикасы мен теориясы мәселелері жөніндегі» журнал; журналдың бірінші номері 1915 жылы апрельде шықты. Онда Р. Люксембургтің «Интернационалды қалпына келтіру», Ф. Мерингтің «Біздің ұстаздарымыз және партиялық инстанциялар саясаты», К. Цеткиннің «Бейбітшілік үшін» деген және басқа мақала-

лар басылды. Журнал Дюссельдорфте 9000 дана болып басылды. Журналдың матрицалары Швейцарияға және басқа елдерге арнап тираж дайындау үшін Бернге Р. Гриммге жіберіліп тұрды. Журнал 1918 жылы Германиядағы Ноябрь революциясынан кейін қайта шығарылды. Журнал фашистік диктатура дәуірінде де, 1939 жылға дейін құпия шығып тұрды. — *208.*

[191] Бұл арада 1912 жылы 5—17 (18—30) январьда Прагада өткен РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясы айтылып отыр. Іс жүзінде Прага конференциясы съездің ролін атқарды. Конференцияға В. И. Ленин басшылық етті. Ол қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы, Халықаралық социалистік бюроның жұмысы туралы баяндамалар жасады, сондай-ақ басқа мәселелер жөнінде сөз сөйледі. Ленин конференцияның күн тәртібіне қойылған барлық аса маңызды мәселелер бойынша қарарлар жобаларының авторы болды.

Конференция қабылдаған «Жойымпаздық туралы және жойымпаздар тобы туралы», «Шетелдегі партия ұйымы туралы» қарарлардың орасан зор принциптік және практикалық маңызы болды. Конференция жойымпаздар өз қылығымен өздерін біржолата партиядан тыс қойды деп мәлімдеді және оларды РСДРП-дан шығарды. Конференция шетелдегі антипартиялық топтардың — голосшыл меньшевиктердің, впередшілдердің, троцкистердің әрекеттерін айыптады. Конференция шетелде Орталық Комитеттің бақылауымен және басшылығымен партияға жәрдемдесу жұмысын жүргізетін біртұтас партия ұйымының болуын сөзсіз қажет деп таныды және «социал-демократиялық жұмыстың орыстық орталығына, яғни Орталық Комитетке бағынбайтын және Россиямен Орталық Комитеттен тыс ерекше қатынастар жасау арқылы жұмысқа іріткі салатын шетелдік топтар РСДРП атағымен пайдалана алмайды» деп көрсетті. Конференция «Партия жұмысының сипаты және ұйымдық формалары туралы» қарар қабылдады, партияның ұйымдық уставының В. И. Ленин ұсынған жобасын бекітті, РСДРП Орталық Органы етіп «Социал-Демократ» газетін бекітті, партияның Орталық Комитетін сайлады және Орталық Комитеттің Орыс бюросын құрды.

РСДРП-ның Прага конференциясы большевиктер партиясының—жаңа тұрпатты партияның құрылысында, оның бірлігінің нығаюында аса көрнекті роль атқарды. Ол большевиктердің меньшевиктерге қарсы күресінің тұтас бір тарихи кезеңінің қорытындысын шығарды, жойымпаз-меньшевиктерді партиядан қуып шығып, большевиктердің жеңісін баянды етті; конференция партияның жаңа революциялық өрлеу жағдайындағы саяси бағыты мен тактикасын анықтап берді.

Прага конференциясының зор халықаралық маңызы болды. Ол II Интернационал партияларының революциялық элементтеріне оппортунизмге қарсы батыл күресудің үлгісін көрсетті, бұл күресті оппортунистермен ұйымдық жағынан толық ажырасуға дейін жеткізді. Прага конференциясы туралы неғұрлым толық деректі Шығармалар толық жинағы 21-томының 133—172-беттерінен қараңыз. — *211.*

[192] 1912 жылдың күзінде IV Мемлекеттік дума сайлауы болып, Думаға алты большевик сайланды. Большевик-депутаттар Россия пролетариатының бестен төрті шоғырланған негізгі өнеркәсіпті губерниялардан сайланды. Большевиктік депутаттар Думада партияның көзқарасын қорғай отырып, жұмысшы табының талаптары жөнінде батыл мәселе қойды, олардың қызметіне Ленин бағыт беріп отырды. Олар империалистік соғысты әзірлеуге қарсы шықты, жұмысшылар мен шаруалардың ауыр жағдайы жөнінде, ұлттық езгі жөнінде айтты. Большевик-депутаттар патша өкіметінің халыққа қарсы саясатын әшкерелей отырып, үкіметке өмірдің көкейтесті мәселелері бойынша сұрау қоюды Думаға енгізу сияқты насихат формасын кең қолданды. Олар IV Думаға: Лена оқиғалары жөнінде, жұмысшылардың кәсіптік одақтарының қуғынға ұшырауы жөнінде, жиналыстар, қауіпсіздендіру органдарының сайлауларын өткізуге тыйым салынуы жөнінде, Охтинск заводындағы жарылыс пен каторга түрмелерінде саяси тұтқындардың азапталуы жөнінде, стачкашылардың жазалануы жөнінде, тоқыма фабрикаларындағы локауттар жөнінде және басқа сұраулар қойды. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған кезде Думадағы большевиктік депутаттар соғыс кредиттерін жақтап дауыс беруден бас тартты және бұқара арасында революциялық жұмыс жүргізді.— *211.*

[193] *Халықаралық социалистік әйелдер конференциясы* 1915 жылы 26—28 мартта Бернде өтті. Конференция «Работница» журналы шетелдік ұйымының инициативасы бойынша, сол кезде социалист-әйелдердің Халықаралық бюросының председателі болған Клара Цеткиннің белсенді ат салысуымен шақырылды. Конференцияны шақыру жөніндегі бүкіл әзірлік жұмысын В. И. Лениннің басшылығымен И. Ф. Арманд, Н. К. Крупская және басқалар жүргізді. «Халықаралық майданда күресу үшін күштерді жинауға,— деп жазды кейініректе Н. К. Крупская,— Ильич жан-тәнімен беріле жұмыс істеді. «Қатарымыз санаулы-ақ, бірақ оған өкінбеу керек,— деді ол бірде,— миллиондар бізбен бірге болады». Ол Берндегі әйелдер конференциясына арналған біздің қарарды да жазып берді, конференцияның бүкіл жұмысын қадағалап отырды» (Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. 1957, 244-бет). Швейцариядағы конференцияға баратын делегат әйелдерге түрлі кедергілер жасалды; өкімет орындары олар-

ға жолға шығуға рұқсаты бар паспорт бергілері келмеді, ал социалистік партиялардың оппортунистік басшылары делегат әйелдерді партиядан шығарамыз деп қоқан-лоққы көрсетті. Конференцияға Англияның, Германияның, Голландияның, Францияның, Польшаның, Россияның, Швейцарияның әйелдер ұйымдарынан 29 делегат қатысты. Орыс делегациясына 7 адам: РСДРП Орталық Комитетінен 4 адам (Арманд, Крупская және басқалар) және Ұйымдастыру комитетінен 3 адам кірді.

Конференциядағы делегат әйелдердің көпшілігі центристердің ықпалында болды, сондықтан соғысқа байланысты жалпы социалистік міндеттерді талқылаудың орнына конференция өзінің жұмысын К. Цеткиннің «Социалист-әйелдердің бейбітшілік пайдасы үшін интернационалдық қимыл жасауы туралы» деген баяндамасын талқылаумен шектеді. Бұл мәселе жөніндегі қарарды Англия мен Голландиядан келген делегат әйелдердің қатысуымен К. Цеткин әзірлеген-ді, сондықтан ол центристік сипатта болды. Конференциядағы РСДРП Орталық Комитетінің өкілдері Ленин жазған қарардың жобасын ұсынды, бұл жоба социалист-әйелдерге соғысқа және халықаралық оппортунизмге қарсы күрестің революциялық жолын нұсқады. Конференцияда осы жобаны жақтап И. Ф. Арманд сөз сөйледі. Конференция К. Цеткин дайындаған қарарды қабылдады.

В. И. Ленин конференцияны интернационалдық байланыстарды қалпына келтіруге ұмтылушылық деп бағалады, сөйтіп оны интернационалистік элементтерді революциялық позицияда топтастыру мақсатына пайдалануға тырысты. Бірақ кейін атап көрсеткеніндей, осы конференция және сол кезеңде болып өткен интернационалистердің басқа да халықаралық конференциялары, жақсы ниетті көздегенімен, «интернационалистердің айбынды бағытын белгілемеді», «ескі қарарларды қайталаумен шектелді» және «мықтағанда *бір орында тұрып адымдау* болды» (осы том, 362-бет).

Халықаралық социалистік әйелдер конференциясының материалдары «Социал-Демократ» газетінің 1915 жылғы 1 июньдегі 42-номеріне берілген қосымшада басылды. — *212.*

194 *«II Интернационалдың күйреуі»* деген мақала «Коммунист» журналының 1915 жылы сентябрьде жарыққа шыққан 1—2-номерінде басылды.

«Коммунист» журналын Ленин ұйымдастырды, оны «Социал-Демократ» газетінің редакциясы журналды қаржыландырушылар Г. Л. Пятаковпен және Е. Б. Бошпен бірігіп шығарды. Журналдың редакциясына Н. И. Бухарин де кірді. Не бары бір (қосарлас) номері шықты. Онда Лениннің «II Интернационалдың күйреуі» деген мақаласымен қоса тағы да: «Француз социалисінің адал үні» және «Италиядағы империализм және социализм» деген екі мақаласы басылды.

Журналды шығару жоспарын Ленин 1915 жылдың көкте-

мінде-ақ жасаған болатын. Лениннің басшылығымен журнал редакциясының ұйымдастыру жиналысы болды. Ленин «Коммунисті» солшыл социал-демократтардың органы етуді көздеді. Бірақ көп ұзамай «Социал-Демократ» редакциясының Бухаринмен—Пятаковпен және Бошпен елеулі алауыздықтары бар екені байқалды, ал журналдың 1—2-номері жарыққа шыққаннан кейін бұл алауыздықтар шиеленісе түсті. Бухарин—Пятаков және Бош тобы партияның программасы мен тактикасының бірқатар принципті мәселелері жөнінде—ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы, демократиялық талаптардың және жалпы алғанда программа-минимумның ролі туралы және басқа мәселелер жөнінде—теріс позиция ұстады, сөйтіп журналды өздерінің фракциялық мақсаттарына пайдалануға тырысты. Ленин журнал редакциясы ішінде Бухарин—Пятаков және Бош тобына қарсы күрес жүргізді, олардың большевиктерге қарсы көзқарастары мен фракцияшылдық іс-әрекеттерін әшкереледі. Зиновьев пен Шляпниковтың осы топ жөніндегі ымырашылдық позициясын қатты сынады.

Осы топтың антипартиялық әрекетіне байланысты «Социал-Демократ» газетінің редакциясы, Лениннің ұсынысы бойынша, журналды бұдан әрі шығару мүмкін емес деп есептейтіндігін мәлімдеді. Россиядағы Орталық Комитеттің бюросы «Коммунист» редакциясы ішіндегі алауыздықтар туралы хабарламаны тыңдап, Орталық Орган—«Социал-Демократ» редакциясымен өзінің бүтіндей келісетіндігін мәлімдеді және «Орталық Комитеттің барлық басылымдары мейлінше ұстамды бағытта, Орталық Комитеттің соғыс басталғаннан бергі ұстаған бағытына толық сәйкес редакциялансын» деген тілек білдірді. 1916 жылғы октябрьден «Социал-Демократ» газетінің редакциясы ««Социал-Демократ» жинағын» шығара бастады.— *221.*

[195] Бұл арада герман социал-демократиясының Хемниц съезінің империализм және социалистердің соғысқа көзқарасы туралы мәселе бойынша 1912 жылы 20 сентябрьде қабылдаған қарары айтылып отыр. Қарарда империалистік саясат айыпталып, бейбітшілік жолындағы күрестің маңызы атап көрсетілген: «Партейтаг ұлттардың бірі-бірімен тіл табысуын қамтамасыз ету үшін және бейбітшілікті сақтау үшін қолдап келгеннің бәрін істеуге батыл кірісетінін білдіреді. Партейтаг бейбітшілікке қауіп төндіріп отырған және адамзатты сұмдық апатқа... тездетіп әкеле жатқан жанталаса қарулану бәсекесін халықаралық келісімдер жасасу жолымен тоқтатуды талап етеді. Партейтаг партия мүшелері империализм құлатылғанға дейін империализмге қарсы еселенген күш-жігермен күресуге өзінің барлық күшін... аямай жұмсайды деп сенеді» («Handbuch der sozialdemokratischen Parteitage von 1910 bis 1913», München, 1917, S. 243—244). — *225.*

[196] Бұл арада Э. Давидтің мына кітапшасы айтылып отыр: «Die Sozialdemokratie und Vaterlandsverteidigung» («Социал-демократия және отанды қорғау»), Берлин, 1915 ж. — *226.*

[197] *«Струвелік теория»,* струвизм — марксизмді либералдық-буржуазиялық тұрғыдан бұрмалаушылық; ол Россиядағы «жария марксизмнің» басты өкілі П. Б. Струвенің есімімен струвизм деп аталды. «Жария марксизм» Россияның либералдық-буржуазиялық интеллигенциясы арасындағы қоғамдық-саяси ағым ретінде XIX ғасырдың 90-жылдарында пайда болды. Струве бастаған «жария марксистер» марксизмді буржуазияның мүдделеріне пайдалануға тырысты. Ленин былай деп көрсетті: струвизм марксизмнен либерал буржуазияға қолайлы дегеннің бәрін алып, марксизмнің асыл мәнін — оның революцияшылдығын, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасы туралы ілімін ысырып тастайды. Струве капиталистік тәртіпті мадақтады, «капитализмнен үйренуге» шақырды. Ленин «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген еңбегінде «жария марксизмді» қатты сынға алады, оны марксизмнің буржуазиялық әдебиеттегі көрінісі деп атады, «жария марксистерді» либерал буржуазияның идеологтары ретінде әшкереледі. «Жария марксистерге» берілген лениндік сипаттама кейін толық дәлелденді: олардың көбі көрнекті кадеттер, содан соң барып тұрған ақ гвардияшылар болды.

Лениннің Россиядағы «жария марксизмге» қарсы үзілді-кесілді күресі сонымен бірге халықаралық ревизионизмге қарсы күрес болды және маркстік теорияны бұрмалаушылыққа деген идеялық ымырасыздықтың үлгісі болды. — *240.*

[198] Бұл нақыл сөз немістің ұлы ақыны И.-В. Гётенікі.— *251.*

[199] Бұл арада 1905 жылы 6 (19) августа жарияланған патша манифесі —Мемлекеттік дума құру туралы заң және Дума сайлауы туралы ереже айтылып отыр. Дума—патша Думаның жобасын жасауды тапсырған ішкі істер министрі А. Г. Булыгиннің есімімен—Булыгин Думасы деп аталды. Думаға сайлау үшін тек помещиктерге, капиталистерге және аздаған үй иесі-шаруаларға ғана сайлау правосы берілді. Халықтың көпшілігі—жұмысшылар, кедей шаруалар, батырақтар, демократияшыл интеллигенция—сайлау правосынан айрылды; әйелдер, әскери қызметшілер, оқушылар, жиырма жасқа толмаған кісілер, патшалық Россияның бірқатар езілген ұлттары сайлауға қатыстырылмайтын болды. Мемлекеттік думаның ешқандай заң қабылдауға правосы болған жоқ, ол тек патшаның жанындағы кеңесші орган ретінде ғана кейбір мәселелерді талқылай алатын еді. Ленин Булыгин Думасын сипаттай келіп, бұл ««халық өкілдігін» барып тұр-

ған арсыздықпен қорлаушылық» деп жазды (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 196-бет).

Большевиктер бүкіл үгіт науқанын қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет деген ұрандар төңірегіне шоғырландыра отырып, жұмысшылар мен шаруаларды Булыгин Думасына белсенді бойкот жасауға шақырды. Булыгин Думасына бойкот жасау науқанын большевиктер барлық революциялық күштерді жұмылдыруға, бұқаралық саяси стачкалар өткізуге және қарулы көтерілісті әзірлеуге пайдаланды.

Булыгин Думасына сайлау өткізілмеді, сондықтан үкімет Думаны шақыра алмады; революцияның күшейіп, өрге басуы және 1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы Думаның талқанын шығарды.

Булыгин Думасы туралы В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: «Конституциялық базар», «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс», ««Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі»», «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» және т. б. (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 72—77-беттер; 11-том, 176—185, 192—202, 211—225-беттер). — *253.*

200 *Жоресшілдер* — француз социалисі Ж. Жорестің жақтастары; олар марксизмнің негізгі қағидаларын ревизияламақ болды және пролетариаттың буржуазиямен таптық ынтымақтасуын уағыздады. 1902 жылы жоресшілдер реформистік позицияда болған Француз социалистік партиясын құрды. 1905 жылы бұл партия Францияның гедшілдік Социалистік партиясымен бір партия — Француз социалистік партиясы болып бірікті.

Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) Француз социалистік партиясының басшылығында басым болған жоресшілдер империалистік соғысты ашық қолдады және социал-шовинизм позициясын ұстады. — *260.*

201 *«Социализм»* («Le Socialisme»)—журнал; 1907 жылдан 1914 жылғы июньге дейін Парижде шығып тұрды; француз социалисі Ж. Гед шығарды және редакциялады. — *260.*

202 *Гедтің бағыты*—гедшілдер, гедшілдік ағым — XIX ғасырдың аяғы— XX ғасырдың басында француз социалистік қозғалысындағы Ж. Гед бастаған революциялық маркстік ағым. Ж. Гед бастаған революциялық тап күресін жақтаушылар 1901 жылы Франция социалистік партиясын құрды. 1905 жылы гедшілдер реформистік Француз социалистік партиясымен бірікті. Француз социалистік партиясының ішінде гедшілдер центристік позиция ұстады. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында олар социал-шовинизм жағына шықты. Ж. Гед, М. Самба Францияның империалистік үкіметіне кірді. — *260.*

[203] Бұл арада мына кітап айтылып отыр: A. Sartorius von Waltershausen. «Das Volkswirtschaftliche System der Kapitalanlage im Auslande». Berlin, 1907 (А. Сарториус фон Вальтерсхаузен. «Шетелде капитал орналастырудың халық шаруашылық жүйесі», Берлин, 1907 ж.).— *265.*

[204] Әңгіме Рюдорфердің (Riezler, K.) «Grundzüge der Weltpolitik in der Gegenwart» («Қазіргі дүние жүзілік саясаттың негізгі белгілері») деген кітабы жайында болып отыр. Кітап 1913 жылы Берлинде шықты. — *265.*

[205] *«Новое Время»* («Ново Време») («Жаңа Заман») — журнал, болгар социал-демократиясы («тесняктар») революциялық қанатының ғылыми-теориялық органы; 1897 жылы Пловдивте Д. Благоев негізін салған; одан әрі журналды шығару Софияға көшірілді. 1903 жылдан бастап журнал Болгар жұмысшы социал-демократиялық партиясының («тесняктар») органы болды; 1916 жылғы февральға дейін шығып тұрды. Одан соң журнал 1919 жылы қайта шыға бастады. Журналды Д. Благоев редакциялады, оған Г. Георгиев, Г. Кирков, Х. Кабакчиев, В. Коларов, Т. Петров және басқалар жазып тұрды. 1923 жылы болгар реакциялық үкіметі журналды жауып тастады. 1947 жылдан «Ново Време» — Болгар Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің ай сайын шығатын теориялық органы. — *267.*

[206] Бұл арада К. Либкнехт жазған «Der Hauptfeind steht im eigenem Land!» («Өз еліңдегі басты жау!») деген үндеу хат айтылып отыр. Үндеу хат «Ein kräftiger Mahnruf» деген тақырыппен «Berner Tagwacht» газетінің 1915 жылғы 31 майдағы 123-номерінде басылды. — *270.*

[207] *«Пруссия Әржылдығы»* («Preußische Jahrbücher») —немістің саясат, тарих және әдебиет мәселелері жөніндегі консервативтік әрайлығы; 1858 жылдан 1935 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. — *270.*

[208] *«Гапоншылдық»*— священник Гапонның есімімен аталған. Гапон бірінші орыс революциясы қарсаңында жұмысшылардың назарын революциялық күрестен аудару мақсатып көздеп, охранканың тапсырмасымен Зубатовтық типтегі «Фабрика-завод жұмысшыларының орыс қоғамы» деген ұйым құрды. 1905 жылы 9 (22) январьда Гапон патшаға петиция тапсыру үшін жұмысшыларды Қысқы сарайға бару манифестациясын жасауға арандатты. Патшаның бұйрығы бойынша манифестацияға оқ атылды. Сонымен бірге артта қалған жұмысшылардың патшаға деген аңғал сенімі де құрыды. Бірінші орыс революциясының басталуы болған 9 январь оқиғалары Россия пролетарлық бұқарасының саяси

жағынан оянуына түрткі болды; наразылық стачкаларының толқыны бүкіл елге жайылды. — *281.*

[209] *«Экономизм»*—XIX ғасырдың аяғы—XX ғасырдың басындағы Россия социал-демократиясындағы оппортунистік ағым, халықаралық оппортунизмнің бір түрі. «Экономистер» саяси күрес либерал буржуазияның ісі деп санап, жұмысшы табының міндеттерін жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту және т. б. жолындағы экономикалық күреспен шектеді, жұмысшы табы партиясының басшылық ролін теріске шығарды. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иген «экономистер» революциялық теорияның маңызын төмендетті, жұмысшы қозғалысына социалистік сананы сырттан, маркстік партияның енгізуі қажеттігін теріске шығарды, сөйтіп бұл арқылы буржуазиялық идеологияға жол ашып берді. «Экономистер» жұмысшы табының бір орталықтан басқарылатын партиясын құрудың қажеттігіне қарсы шығып, социал-демократиялық қозғалыстағы бытыраңқылық пен майдагерлікті қорғады.

Лениннің мына шығармалары «экономистердің» көзқарастарын жан-жақты сынауға арналған: «Россия социал-демократтарының наразылығы», «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты», ««Profession de foi» жөнінде», «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 260—297, 337—348-беттер; 5-том, 392—400-беттер). Ленин «Не істеу керек?» деген кітабында «экономизмді» идеялық жағынан біржола талқандады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер). «Экономизммен» күресте лениндік «Искра» үлкен роль атқарды. — *282.*

[210] *«Рабочая Мысль»* («Жұмысшы Ойы») — газет, Россияда «экономистер» тобы шығарып тұрды; 1897 жылғы октябрьден 1902 жылғы декабрьге дейін шықты, К. М. Тахтарев және басқалар редакциялады.

«Рабочее Дело» («Жұмысшы Ісі») — журнал, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» органы. Женевада 1899 жылдың апрелінен 1902 жылдың февралына дейін Б. Н. Кричевскийдің, П. Ф. Тепловтың (Сибиряктің), В. П. Иваншиннің, ал кейін А. С. Мартыновтың да редакциялауымен шығып тұрды; 12 номері (тоғыз кітап) шықты. «Рабочее Делоның» редакциясы «экономистердің» шетелдік орталығы болды; «Рабочее Дело» марксизмді «сынау еркіндігі» дейтін бернштейншілдік ұранды қолдады, орыс социал-демократиясының тактикасы мен ұйымдық міндеттері мәселелерінде оппортунистік позицияда болды.— *282.*

[211] В. И. Ленин бұл арада Э. Бернштейннің, Г. Гаазенің, К. Каутскийдің қолдары қойылып басылған «Аннексияға қарсы» деген мақала-манифесті айтып отыр. Манифест орыс тілінде

«Наше Слово» газетінің 1915 жылғы 25 июньдегі 123-номерінде басылды. В. И. Ленин бұл манифесті өзінің мақалалары мен хаттарында сынға алды (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 164-бет).— *283.*

[212] Ленин бұл арада мына басылымдарды айтып отыр: 1) «И. Ф. Беккердің, И. Дицгеннің, Ф. Энгельстің, К. Маркстің және басқалардың Ф. А. Зоргеге және басқаларға жазған хаттары». Н. Лениннің алғы сөзімен шыққан, С.-Петербург, П. Г. Дауге бастырған, 1907; 2) «К. Маркстің, Фр. Энгельстің және басқалардың Ф. Зоргеге және басқаларға жазған хаттары». П. Аксельродтың редакциясымен және алғы сөзімен шыққан, С.-Петербург, «Қоғамдық пайда» кітапханасы бастырған, 1908.—*285.*

[213] *«The New Statesman»* («Жаңа Мемлекет Қайраткері»)—Фабий қоғамының апталық журналы; 1913 жылы Лондонда негізі қаланды. 1931 жылдан журнал «The New Statesman and Nation» («Жаңа Мемлекет Қайраткері және Ұлт») деген атпен шыға бастады. Қазіргі кезде лейбористік партияның сол қанатының козқарасын білдіреді. — *285.*

[214] Әңгіме, сірә, сол кезде баспаға дайындалып жатқан «Коммунист» журналы туралы болса керек. — *291.*

[215] Бұл арада Э. Давидтің 1903 жылы Берлинде шыққан «Der Sozialism und Landwirtschaft» («Социализм және ауыл шаруашылығы») деген кітабы айтылып отыр. В. И. Ленин бұл кітапты «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады және өзінің аграрлық мәселе жөніндегі еңбектерінде қатты сынады. — *296.*

[216] Бұл документ Италия және Швейцария социалистерінің инициативасы бойынша шақырылмақшы болған бірінші халықаралық социалистік конференцияны әзірлеуге байланысты жазылды. Конференцияны шақыруға әзірлік 1915 жылдың жазында басталды. Конференцияны ұйымдастыру ісін центристік позиция ұстаған Р. Гримм басқарды. 1915 жылы 11 июльде Р. Гримм Бернде алдын ала кеңес (Vorkonferenz) шақырды, оған «Berner Tagwacht» редакциясының өкілі саналатын Р. Гриммнен басқа Итальян социалистік партиясының, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының, Ұйымдастыру комитетінің және РСДРП Орталық Комитетінің өкілдері қатысты. Р. Гриммнің интернационалистер деген атақты бетке ұстап, центристік көпшілік болуды қамтамасыз етуге және конференцияны центризм рухында өткізуге ұмтылғаны осы кеңесте анықталды.

Алдын ала откізілген кеңес тіпті конференциядағы окілдік туралы мәселені де шешпей, екінші кеңес откізу туралы шешім қабылдаумен шектелді, екінші кеңесті 7 августа шақы-

ру белгіленді. Көп кешікпей Р. Гримм кеңесті шақыру мерзімін 20 авгусқа қалдырды. Кеңес шақырылған жоқ.

Каутскийшілдер мен дәйексіз интернационалистер конференцияда көпшілік болатынын, олардың «іске мынадай бағыт бергісі келетінін: ...қазіргі кезеңде тек... титықтату программасын, күрестен бас тарту программасын, жұмысшыларды революция*дан* бездіру программасын, жұмысшыларды *солшыл* сөздермен *жұбату* программасын ұсынатынын» (Шығармалар, 36-том, 320-бет, редакцияның аудармасы) Ленин алдын ала білді. Дегенмен ол большевиктер партиясының конференцияға қатысуын қажет деп тапты және әр түрлі елдердің солшыл социалистері конференцияда қарардың (немесе декларацияның) бірыңғай жобасын ұсынуы үшін, өздерінің принциптері туралы айқын, толық, дәл мәлімдеме жасауы үшін оларды күн ілгері топтастыру міндетін алға қойды. «Бізше,— деп жазды Ленин,— солшылдар ортақ *идеялық* декларация жасап, (1) социал-шовинистер мен оппортунистерді міндетті түрде кінәлауға тиіс; (2) революциялық қимыл программасын жасауға тиіс (азамат соғысы деу керек пе, революциялық бұқаралық іс-қимыл деу керек пе — мұның онша мән-маңызы жоқ) — (3) «отан қорғау» уранына, т. т. қарсы шығуға тиіс» (Шығармалар, 35-том, 166—167-беттер).

Ленин конференцияға орасан зор әзірлік жұмысын жүргізді, ортақ декларация жасау туралы мәселе жөнінде солшыл социалистермен жиі хат алысты, оларға большевиктік партияның позициясын түсіндірді. Июльде халықаралық социалистік конференцияға арналған солшылдар қарарының жарияланып отырған жобасын жазды, оны әр түрлі елдердің солшылдарына жолдап, олардан ескертпелерін, жобаларын жіберуді сұрады. Одан әрі хат-хабар алысудың және солшылдармен өткізілген кеңестердің нәтижесінде солшылдар қарарының басқа жобасы жасалды, олар 1915 жылы 5—8 сентябрьде Циммервальдта өткен конференцияда сол жобаны енгізді.

Осы томдағы «Дайындық материалдар» бөлімінде солшылдар қарары жобасы нұсқаларының бірі жарияланып отыр (қараңыз: осы том, 412—414-беттер). — *301.*

[217] Бұл арада 1905 жылы 17 (30) октябрьде жарияланган патша манифесі айтылып отыр, онда «азаматтық бостандық» беру және «заң шығаратын Дума» шақыру жөнінде уәде етілген болатын. Манифест патша өкіметінен революциялық күрес арқылы тартып алынған жеңілдік еді, бірақ бұл жеңілдік, либералдар мен меньшевиктер айтқандай, революцияның тағдырын тіпті де шешпеді. Большевиктер патша манифесінің бүкіл жалғандығын әшкереледі және күресті жүргізе беруге, самодержавиені құлатуға шақырды.

Бірінші орыс революциясы басқа елдердің, оның ішінде Австро-Венгрияның жұмысшы қозғалысына революциялан-

дырғыш үлкен әсер етті. Орыс патшасының жеңілдік беруге еріксіз көнгені және «бостандық» беруге уәде етіп, манифест шығарғаны туралы хабар, Ленин көрсеткендей, «Австрияда жалпыға бірдей сайлау правосының біржола жеңіп шығуында шешуші роль» атқарды (Шығармалар, 23-том, 267-бет). Венада және Австро-Венгрияның басқа да өнеркәсіпті қалаларында айбынды демонстрациялар болды. Прагада баррикадалар тұрғызылды. Осының нәтижесінде Австрияда жалпыға бірдей сайлау правосы енгізілді. — *308.*

[218] Бұл арада 1915 жылы апрельде Венада өткен Германия мен Австро-Венгрия социалистерінің конференциясы айтылып отыр. Конференция соғысты ақтаған Германия мен Австрия социалистік партиялары басшыларының социал-шовинистік позициясын мақұлдады және өзінің шешімдерінде: бұл бейбітшілік жолындағы күресте пролетарлық ынтымаққа және жұмысшылардың халықаралық топтасуына қайшы келмейді-міс деп мәлімдеді. — *321.*

[219] *«Социализм және соғыс (РСДРП-ның соғысқа көзқарасы)»* деген кітапшаны В. И. Ленин бірінші халықаралық социалистік конференцияға әзірленуге байланысты жазбақшы болды. Кітапшаны жазуға Г. Е. Зиновьев қатысты, бірақ кітапшаны негізінен В. И. Ленин жазды. Бүкіл кітапшаның жалпы редакциясын да өзі жасады.

«Социализм және соғыс» деген шығарманы Ленин «біздің партияның қарарларына түсініктеме, яғни оларды айқын түсіндіріп беру» деп атады. Циммервальдта шақырылатын бірінші халықаралық социалистік конференцияны халықаралық социал-демократияның солшыл элементтерін революциялық позицияда топтастыру мақсатында пайдалануды аса маңызды міндет деп санап, Ленин конференция шақырылатын кезге дейін кітапшаның басылып шығуына барлық күш-жігерін жұмсады.

«Социализм және соғыс» деген еңбек Циммервальд конференциясының қарсаңында шағын кітапша түрінде орыс және неміс тілдерінде басылып шықты және конференцияға қатысушыларға таратылып берілді. Кітапшаның соңында: РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесі, В. И. Лениннің «РСДРП шетелдік секцияларының конференциясы» деген мақаласы мен «Социал-Демократта» жарияланған сол конференцияның қарарлары және РСДРП Орталық Комитетінің 1913 жылы октябрьде партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесінде қабылданған ұлт мәселесі жөніндегі қарар қосымша ретінде басылды. Циммервальд конференциясынан кейін кітапша Францияда француз тілінде басылып шықты. Ол норвег тілінде норвег солшыл социал-демократтарының органында толық басылды. Сол кезде В. И. Ленин осы кітапшаны Америкада ағылшын тілінде шығаруға бірнеше рет талаптан-

ды. Бірақ мұндай басылымды шығару ол кезде жүзеге аспады.

В. И. Ленин «Социализм және соғыс» деген еңбектің мүмкіндігіне қарай көбірек таралуына зор маңыз берді. Ол Россиядағы 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — «тым болмағанда «Патша өкіметінің соңғы жылдардағы тарихынан» деген тақырыппен» — «Социал-Демократ» газетін, «Социализм және соғыс» деген кітапшаны, «Коммунист» журналын және ««Социал-Демократ» жинағын» Петроградта қайта басып шығаруды мейлінше қатты талап етті.

«Социализм және соғыс (РСДРП-ның соғысқа көзқарасы)» деген еңбек 1918 жылы Петроградта жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Петроград Советінің бастыруымен кітапша болып шықты. Ол кеңінен таралды. Кітапша жеке басылым түрінде көптеген тілдерде басылды.— *329.*

220 В. И. Ленин бұл арада В. Либкнехттің 1891 жылы герман социал-демократиясының Эрфурт съезінде сөйлеген сөзін айтып отыр.— *335.*

221 Бұл арада К. Клаузевицтің өзінің «Соғыс туралы» деген кітабында айтқандары жайында сөз болып отыр (қараңыз: К. Клаузевиц. «Соғыс туралы», I том, 5-басылуы, 1941, 43-бет).— *338.*

222 *Төрт жақты келісу* — Англияның, Францияның, Россияның және Италияның империалистік одағы; 1915 жылы Италия Үш жақты одақтан шығып, Үш жақты келісуге (Антантаға) қосылды.— *339.*

223 1915 жылы 11 мартта Лозаннада француз социалисі П. Голэй «Өліп бара жатқан социализм және жандануға тиіс социализм» деген тақырыпта реферат оқыды. Ол сол жылы мынадай кітапша шығарды: «Le socialisme qui meurt et le socialisme qui doit renaître», Lausanne, 1915. Бұл кітапша жөніндегі толық деректі В. И. Лениннің «Француз социалисінің адал үні» деген мақаласынан қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 27-том).— *347.*

224 *Брентанизм* — неміс экономисі Луйо Брентаноның буржуазиялық-реформистік ілімі, марксизмді буржуазиялық тұрғыдан бұрмалаудың бір түрі. Брентано капиталистік қоғамдағы «әлеуметтік татулықты», капитализмнің әлеуметтік қайшылықтарын тап күресінсіз жою мүмкіндігін уағыздады, реформистік кәсіподақтар ұйымдастыру және фабрикалық заң шығару арқылы жұмысшы мәселесін шешуге, жұмысшылар мен капиталистердің мүдделерін келістіруге болады-мыс деп пайымдады. Брентано және оның ізбасарлары маркстік сөздерді құр бетке ұстап, жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүддесіне бағындыруға тырысты.— *347.*

[225] *«Новости»* («Жаңалықтар») — эсерлер партиясының күнделікті газеті; 1914 жылғы августан 1915 жылғы майға дейін Парижде шығып тұрды.— *354.*

[226] *«Пролетарский Голос»* («Пролетар Үні») — құпия газет, РСДРП Петербург комитетінің органы; 1915 жылғы февральдан 1916 жылғы декабрьге дейін шығарылып тұрды. Төрт номері шықты. Соңғы номерін полиция конфискеледі, тек азын-аулақ данасын ғана аман алып қалудың сәті түсті. Газеттің бірінші номерінде РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесі басылды.— *356.*

[227] Ленин В. Адлердің «Hoffnungsschimmer» («Үміт ұшқыны») деген мақаласынан цитат алып отыр, мақала «Arbeiter Zeitung» газетінің 1915 жылғы 14 февральдағы 45-номерінде басылған.— *361.*

[228] В. И. Ленин бұл арада В. Гейненің «Die deutsche Sozialdemokratie im deutschen Volk» («Неміс социал-демократиясы және неміс халқы») деген мақаласын айтып отыр, мақала «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының 1915 жылғы 8 июльдегі 13-номерінде басылған.— *361.*

[229] *Копенгаген конференциясы* —1915 жылы 17—18 январьда Копенгагенде өткен бейтарап елдер социалистерінің конференциясы. Оған Швеция, Дания, Норвегия және Голландия социалистік партияларының өкілдері қатысты. Конференция қарар қабылдап, онда бейтарап елдердің парламенттеріндегі социал-демократ депутаттарға өз үкіметтерін соғысып жатқан елдердің арасында делдалдық міндет атқаруға, сөйтіп бейбітшілікті қалпына келтіруді тездетуге бейімдеу ұсынылды.— *362.*

[230] *Халықаралық социалистік жастар конференциясы* 1915 жылы 4—6 апрельде Бернде өтті. Оған 10 елдің — Болгарияның, Германияның, Голландияның, Данияның, Италияның, Норвегияның, Польшаның, Россияның, Швейцарияның, Швецияның жасөспірімдер ұйымдарының өкілдері қатысты. «Соғыс және социалистік жасөспірімдер ұйымдарының міндеттері» деген мәселе конференцияның күн тәртібінде негізгі мәселе болды. Конференцияны ұйымдастыру және әзірлеу центрист Р. Гриммнің ықпалымен жүргізілді, мұның өзі конференция жұмысының қорытындысына әсерін тигізді. РСДРП Орталық Комитеті конференцияны жастардың интернационалистік элементтерін топтастыру мақсатына пайдалану міндетін көздеп, оған өзінің өкілдерін (И. Ф. Арманд пен Г. И. Сафаровты) жіберді. РСДРП Орталық Комитетінің делегациясы конференцияның қарауына большевиктік партияның соғыс ту-

ралы мәселе жөніндегі негізгі қағидаларын білдіретін қарардың жобасын ұсынды. Бұл жоба халықаралық социалистік әйелдер конференциясына арнап В. И. Ленин жазған жобаның (қараңыз: осы том, 218—220-беттер) негізінде әзірленген еді. Бірақ конференция центристік рухта жазылған қарарды қабылдады.

Осы конференция жөнінде Н. К. Крупская А. М. Коллонтайға жолдаған хатында былай деп жазды: «Онда солшыл элементтер (голландтар, норвегтер, немістер, болгар, поляк) айтарлықтай көп болды, бірақ ешбір жақындасу болмады. Оларды үнемі орыстарға қарсы қойды, ал Орталық Комитеттің орыс делегациясы қарарды бірлесіп талқылаудың қажеттігі жөнінде талап еткен кезде, орыстарға сөз берілсе де, сөйлеттірмей қойды, сөйтіп олар шығып кеткеннен кейін ғана солшыл жұртшылық наразылық білдірді, орыстарды қайта шақыртты, бірақ қарарды талқылау оңға баспады, ал орыстар үшін қарарды Гримм мен Балабанова жазды» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Конференция социалистік жастардың Халықаралық бюросын сайлады, социалистік жастардың халықаралық органын — «Интернационал Молодежи» журналын шығару туралы және жыл сайын халықаралық жасөспірімдер күнін өткізіп тұру туралы шешімдер қабылдады.— *362.*

[231] *Трибунистер* — Голландия Социал-демократиялық партиясының мүшелері, «Трибуна» газеті осы партияның органы болды. Трибунистердің лидерлері Д. Вайнкоп, Г. Гортер, А. Паннекук, Г. Роланд-Гольст болды. Трибунистер дәйекті революциялық партия емес еді, бірақ Голландиядағы жұмысшы қозғалысының сол қанатының өкілдері болды және дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) негізінен интернационалистік позиция ұстады. 1918 жылы трибунистер Голландия Коммунистік партиясын құрды.— *365.*

[232] *«Еңбекті азат ету» тобы* — 1883 жылы Женевада Г. В. Плеханов құрған орыстың тұңғыш маркстік тобы. Топқа Плехановтан басқа П. Б. Аксельрод, Л. Г. Дейч, В. И. Засулич, В. Н. Игнатов кірді. «Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмді насихаттау жөнінде зор жұмыс жүргізді және Россияда марксизмді тарату, социал-демократиялық қозғалысты дамыту жолында басты идеялық кедергі болған халықшылдыққа елеулі соққы берді. Плеханов жазған және «Еңбекті азат ету» тобы бастырып шығарған орыс социал-демократтары программасы екі жобасының (1883 және 1885) Россияда социал-демократиялық партия құруға әзірленуде және оны құруда зор маңызы болды.

В. И. Ленин былай деп көрсетті: «Еңбекті азат ету» тобы «социал-демократияны тек теория жағынан ғана негіздеп,

жұмысшы қозғалысына қарай бір адым аяқ басты» (Шығармалар, 20-том, 281-бет).— *368.*

[233] *«Луч»* («Сәуле») — жойымпаз-меньшевиктердің күнделікті газеті, 1912 жылғы 16 (29) сентябрьден 1913 жылғы 5 (18) июльге дейін Петербургте шығып тұрды. 237 номері шықты. Газет негізінен либералдардың ақшалай жәрдемі есебінен өмір сүрді. Газетке идеялық басшылық ету П. Б. Аксельродтың, Ф. И. Данның, Л. Мартовтың, А. С. Мартыновтың қолында болды. Газет беттерінде жойымпаздар большевиктердің революциялық тактикасына қарсы шықты, «ашық партия» дейтінді құру жөніндегі оппортунистік ұранды уағыздады, жұмысшылардың революциялық бұқаралық стачкаларына қарсы шықты, партия программасының аса маңызды қағидаларын ревизиялауға әрекет жасады. Ленин ««Луч» либералдық саясаттың құлдығына түскен» деп жазып, газетті ренегаттардың органы деп атады. — *371.*

«Марксизм және жойымпаздық. Қазіргі жұмысшы қозғалысының негізгі мәселелері туралы мақалалар жинағы. II бөлім» 1914 жылы июльде партиялық «Прибой» баспасында жарыққа шықты. Бұл жинақта Лениннің жойымпаздарға қарсы бағытталған бірқатар мақалалары басылды. Жинаққа сілтеме жасағанда, Ленин өзінің мына мақалаларын айтып отыр: «Жұмысшы табы және жұмысшы баспасөзі», «Мемлекеттік думада Россия социал-демократиялық жұмысшы фракциясының құрылуына жұмысшылардың пікірі» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 25-том, 249—258, 451—459-беттер).— *372.*

«Leipziger Volkszeitung» («Лейпциг Халық Газеті»)—социал-демократиялық күнделікті газет; 1894 жылдан 1933 жылға дейін шығып тұрды; бірқатар жылдар бойына газетті Ф. Меринг пен Р. Люксембург редакциялады және газет солшыл социал-демократтардың органы болды. 1917 жылдан 1922 жылға дейін газет герман «тәуелсіздерінің» органы болды; 1922 жылдан кейін — оңшыл социал-демократтардың органы.— *372.*

[236] *«Август блогы»* — жойымпаздардың, троцкистердің және басқа оппортунистердің большевиктерге қарсы бағытталған антипартиялық блогы. Блоктың ұйымдастырушысы Троцкий болды. Блок антипартиялық топтар мен ағымдар өкілдерінің 1912 жылы августа Венада болған конференциясында құрылды. Конференцияға Бундтың, Закавказье облыстық комитетінің, Латыш өлкесі социал-демократиясының және шетелдік жойымпаздық, троцкистік, шақырымпаздық топсымақтардың — «Голос Социал-Демократа», Троцкийдің Венадағы «Правдасы» редакцияларының және «Вперед» тобының өкілдері қатысты. Россиядан жойымпаздардың Петербургтегі жә-

не Москвадағы «инициативтік топтары», Красноярск ұйымы, «Севастополь социал-демократиялық әскери ұйымы», жойымпаздық басылымдар — «Наша Заря» мен «Невский Голос» редакциялары делегаттар жіберді; сондай-ақ конференцияға «Спилки» шетелдік комитетінің өкілі қатысты. Делегаттардың басым көпшілігі шетелдерде тұратын, Россияның жұмысшы табынан қол үзген, жергілікті жердегі партиялық жұмыспен тікелей байланысы жоқ адамдар болды. Конференция социал-демократиялық тактиканың барлық мәселелері бойынша антипартиялық, жойымпаздық шешімдер қабылдады және құпия партияның өмір сүруіне қарсы шықты.

Жойымпаздардың Россияда өздерінің центристік партиясын құру жөніндегі әрекетін жұмысшылар қолдамады. Жойымпаздар Орталық Комитет сайлай алмады, тек ұйымдастыру комитетін құрумен шектелді. Ала-құла элементтерден құралған антибольшевиктік блок құру конференцияның басты міндеті болған еді, бірақ бұл блок конференция үстінде ыдырай бастады. Конференцияның аяқталуын күтпей-ақ впередшіл кетіп қалды, көп кешікпей латыш социал-демократтары, одан соң қалған қатысушылар кетті. Август блогы большевиктердің соққысынан бір — бір жарым жылдан кейін іс жүзінде ыдырап кетті. Август блогының ыдырауы туралы В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: ««Август» блогының ыдырауы», ««Август» өтірігін әшкерелеу», «Бірлік жөніндегі байбаламды бүркеніп, бірлікті бұзушылық туралы» (Шығармалар толық жинағы, 25-том, 1—4, 29—32 және 201—226-беттер).— *374*.

[237] *«Internationale Korrespondenz»* («Халықаралық Корреспонденция») — герман социал-шовинистерінің апталық журналы; 1914 жылғы сентябрьдің аяғынан 1918 жылғы 1 октябрьге дейін Берлинде шығып тұрды.— *375*.

[238] *«Современный Мир»* («Қазіргі Дүние») — ай сайын шыққан әдеби, ғылыми және саяси журнал; 1906 жылғы октябрьден 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға меньшевиктер, оның ішінде Г. В. Плеханов белсенді ат салысты. Плехановшылдармен блок дәуірінде және 1914 жылдың бас кезінде журналға большевиктер де қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында журнал социал-шовинистердің органы болды.— *375*.

[239] РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесі жөніндегі осы ескертуді В. И. Ленин «Социализм және соғыс» деген кітапшаны баспаға дайындауға байланысты жазды, манифесті, РСДРП шетелдік секцияларының Берн конференциясының қарарын және РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесінің (1913) ұлт мәселесі туралы қарарын осы кітапшаға қосымша етіп басу ұйғарылған еді.

Кітапша теріліп жатқан Женеваға В. А. Карпинскийге жолдаған хатында В. И. Ленин бұл ескерту жайында былай деп жазды: «Манифеске арналып, осымен бірге жіберіліп отырған ескерту кітапшаға енуге тиіс... [Орталық Комитет манифесінің («Социал-Демократ» № 33) Европа Құрама Штаттары туралы айтылатын абзацына]» (Шығармалар, 36-том, 328-бет). РСДРП Орталық Комитетінің манифесі жөніндегі ескерту В. И. Лениннің нұсқауы бойынша басылды.— *383.*

240 В. И. Ленин бұл арада, сірә, «К. Маркстің Ф. Энгельспен жазысқан хаттары» (қараңыз: «Der Briefwechsel zwischen F. Engels und K. Marx 1844 bis 1883. Herausgegeben von A. Bebel und Ed. Bernstein. Bd. 4, Stuttgart, Dietz. 1913, S. 507—536) жөніндегі «Есімдер мен атаулар көрсеткішін» («Namen- und Sachregister») айтып отыр.— *386.*

241 Бұл арада I Интернационалдың Женева конгресінде қабылданған кәсіптік одақтар туралы қарар айтылып отыр, конгресс 1866 жылы сентябрьде болып өтті (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 200—202-беттер).— *388.*

242 Гранат Энциклопедиялық сөздігі редакциясының ұсынысы бойынша В. И. Ленин көлемі 60 мың әріп мақала және 15 мың әріп әдебиет көрсеткішін беруге тиіс еді.— *389.*

243 Бұл документ қосымша деген белгі қойылып, жеке бетке жазылған. Бұл қосымша нақ қай мақалаға арналғаны жайында КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтында дәл деректер жоқ. Бұл документ РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифеске немесе большевиктердің соғыс туралы қарарларының біріне арналған қосымша нұсқаларының бірі болуы ықтимал.— *390.*

244 В. И. Ленин *«Европалық соғыс және европалық социализм»* деген кітапшасын жазуды Бернге келгеннен кейін көп кешікпей қолға алды. Ол көп материал жинады, бірақ кітапшаны жазған жоқ. Ол дайындалған материалдардың біразын рефераттарға, «Социал-Демократта» жарияланған мақалаларға және «Социализм және соғыс» деген кітапшаға пайдаланды. «Европалық соғыс және европалық социализм» деген кітапшаның неғұрлым толық жоспары осы томда басылып отыр. Бұл кітапшаға арналған дайындық материалдардың бәрі Лениннің XIV жинағының 14—123-беттерінде басылған.— *391.*

245 Әңгіме В. Адлердің 1914 жылы 29 июльде Брюссельде болған Халықаралық социалистік бюроның мәжілісінде сөйлеген сөзі жайында болып отыр. Адлердің осы сөзі жайында

В. И. Ленин «Өлі шовинизм және тірі социализм» деген мақалада (қараңыз: осы том, 108-бет) айтады.— *391.*

[246] Әңгіме Ж. Жорестің «L'organisation socialiste de la France. L'Armée nouvelle» («Францияның социалистік ұйымы. Жаңа Армия») деген кітабы жайында болып отыр, кітап 1911 жылы Парижде басылды.— *392.*

[247] В. И. Ленин бұл арада Г. Вендельдің «Жорес» деген мақаласын айтып отыр, мақала «Die Neue Zeit» журналының 1914 жылғы 21 августағы 19-номерінде басылды.— *392.*

[248] В. И. Ленин К. Каутскийдің «Die Neue Zeit»-тің 1914 жылғы 2 октябрьдегі 1-номерінде басылған «Die Sozialdemokratie im Krieg» («Соғыс кезіндегі социал-демократия») деген мақаласынан бір сөйлемді цитатқа алып отыр. Бұл мақаланы В. И. Ленин «Өлі шовинизм және тірі социализм» деген мақаласында (қараңыз: осы том, 101—109-беттер) сынайды.— *393.*

[249] Әңгіме Г. Вендельдің «Европаға өрт қаупі төніп тұр» деген мақаласы жайында болып отыр, мақала «Die Neue Zeit»-тің 1914 жылғы 31 июльдегі 18-номерінде басылды. В. И. Лениннің осы мақаладан алған көшірмелері мен жасаған ескертпелерін Лениннің XIV жинағының 47—49-беттерінен қараңыз.— *393.*

[250] Әңгіме «Vorwärts» газетінің 1914 жылғы 25 июльдегі 200-номерінде басылған «Ultimatum» («Ультиматум») деген мақала, «Leipziger Volkszeitung»-тің 1914 жылғы 31 июльдегі 174-номеріне қосымшада басылған «Verdechtige Tiranentöter!» («Күдікті кісі өлтіруші қапыпезерлер!») деген заметка және «Vorwärts» газетінің 1914 жылғы 3 августағы 209-номерінде басылған «Der Kampf gegen den Zarismus» («Патша өкіметіне қарсы күрес») деген мақала жайында болып отыр.— *393.*

[251] Бұл арада Р. Фишердің «Vandalen» деген мақаласы айтылып отыр, мақала 1914 жылы 5 сентябрьде «Volksrecht» газетінің 206-номерінде басылды. Осы мақаладан В. И. Ленин жасаған көшірмелер Лениннің XIV жинағының 61-бетінде басылған.— *393.*

[252] Қараңыз: 36-ескерту.— *393.*

[253] 1914 жылы 22 сентябрьде «Голос» газетінің 9-номерінде поляк социалистерінің социал-шовинистік декларациясының тексті басылған, оған Ледер, Кон, Зененбаум және басқалар қол қойған.— *393.*

[254] *«Современное Слово»* («Қазіргі Сөз») — күнделікті газет, 1907 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте кадеттер шығарып

тұрды. Бұл арада әңгіме «Современное Словоның» 1914 жылғы 23 августағы (5 сентябрьдегі) 2374-номерінде басылған «Г. В. Плеханов соғыс туралы» деген заметкадан В. И. Ленин жасаған көшірмелер туралы болып отыр (қараңыз: Лениннің XIV жинағы, 114-бет).— *393.*

255 В. И. Ленин бұл арада «Голос» газетінің 1914 жылғы 15 сентябрьдегі 3-номеріндегі «Баспасөзге шолу» бөлімін айтып отыр, онда «L'Humanité»-нің 1914 жылғы 14 сентябрьдегі 3802-номерінде жарияланған Гескьердің «Notre devoir» («Біздің парызымыз») деген социал-шовинистік мақаласынан үзінді келтірілген. Мақалада Француз социалистік партиясы басшылығының империалистік соғыстағы социал-шовинистік саясаты, партияның тап күресінен бас тартуы ақталды және француз социалистері соғыс біткен кезде өздерінің социалистік парызын орындайтын болады деп мәлімделді. Осы үзіндіге қоса «Голос» газеті редакциядан ескертпе басып, «Vorwärts» газеті мен Г. В. Плехановтың дәл осындай позиция ұстап отырғандығын қуаттады.— *393.*

256 В. И. Ленин бұл арада Е. Смирновтың (Гуревичтің) 1914 жылы 3 (16) сентябрьде «Русские Ведомости» газетінің 202-номерінде жарияланған «Соғыс және европалық демократия» деген мақаласын және П. Масловтың осы газеттің редакциясына жазған, 1914 жылы 10 (23) сентябрьде «Соғыс және сауда шарттары» деген тақырыппен газеттің 207-номерінде басылған хатын айтып отыр.— *393.*

257 Әңгіме Э. Вальянның «Формалист-доктринерлер» деген мақаласы жайында болып отыр, ол бұл мақаланы өзінің социал-шовинистік позициясын сынаған социалистерден хат алуына байланысты жазды. Мақала «L'Humanité» газетінің 1914 жылғы 9 октябрьдегі 3827-номерінде бас мақала болып басылды. Газеттен В. И. Ленин жасаған көшірмелерді Лениннің XIV жинағының 97-бетінен қараңыз.— *394.*

258 Бұл арада Компер-Морельдің «Les commissaires à la nation» («Халық комиссарлары») деген мақаласы айтылып отыр, мақала 1914 жылы 31 августа «L'Humanité» газетінің 3788-номерінде басылды. Осы мақаладан В. И. Ленин жасаған көшірмелерді Лениннің XIV жинағының 67-бетінен қараңыз.— *394.*

259 Бұл арада Г. Эрвенің мақалалары айтылып отыр, ол өзінің мақалаларында соғыста Франция патшамен одақ жасамай тұра алмайды және демократиялық Англия мен демократиялық Италия көмектескен патша өкіметі жақсара түседі-міс деп, республикалық Францияның патшалық Россиямен жасаған одағын қорғап, ақтады.— *394.*

[260] Г.-М. Гайндман соғысқа дейін-ақ империализмді ашықтан-ашық қорғау позициясын ұстады, сол үшін герман социал-демократиясы мен оның органы «Die Neue Zeit»-тің тарапынан қатты сынға алынды.— *394*.

[261] Бұл арада 1914 жылы 4 августа герман рейхстагында соғыс кредитіне дауыс беру кезінде социалист Г. Гаазе оқыған социал-демократиялық фракцияның социал-шовинистік декларациясы айтылып отыр.— *394*.

[262] Әңгіме «Vorwärts» газетінің 1914 жылғы 26 августағы 232-номерінде басылған Э. Бернштейннің «Abrechnung mit Rußland» («Россиямен есеп айырысу») деген мақаласы жайында болып отыр. Бернштейн бұл мақаласында Ф. Энгельстің француз-орыс одағының Германияға қауіп төндіретіні туралы айтқан «Савойя, Ницца және Рейн» деген шығармасынан қалай болса, солай үзінділер алды да, Энгельске сілтеме жасау арқылы, герман социал-демократиясы басшылығының империалистік соғыстағы оппортунистік саясатын ақтауға тырысты. Ф. Энгельстің «Савойя, Ницца және Рейн» деген кітапшасынан В. И. Ленин жасаған көшірмелерді Лениннің XIV жинағының 41—43-беттерінен қараңыз.— *394*.

[263] Бұл арада «Die Neue Zeit» журналының 19-номерінде (1-том, 1891—1892 жылдар) басылған Ф. Энгельстің «Der Sozialismus in Deutschland» («Германиядағы социализм») деген мақаласы айтылып отыр, мақаланы герман социал-шовинистері өздерінің империалистік соғыстағы оппортунистік позициясын ақтау үшін пайдалануға тырысты.— *395*.

[264] Бұл арада герман социал-шовинистерінің Ф. Энгельске сілтеме жасау арқылы өздерінің империалистік соғыс дәуіріндегі оппортунистік саясатын ақтауға тырысқан әрекеттерін әшкерелеген Ф. Мерингтің наразылығы жайында айтылып отыр. Қараңыз: 38-ескертуде бұл туралы толығырақ айтылған.— *395*.

[265] 1914 жылы 10 сентябрьде «Hamburger Echo» газетінің 211-номерінде «Eine notwendige Erklärung» («Қажетті түсіндіру») деген мақала басылған, онда герман социал-демократиясы басшылығының социал-шовинистік позициясын ақтау мақсатында Ф. Энгельстің «Германиядағы социализм» деген мақаласы бұрмаланады. Осы газеттен В. И. Ленин жасаған көшірмелерді Лениннің XIV жинағының 67-бетінен қараңыз.
«Vorwärts» газетінің 1914 жылғы 12 сентябрьдегі 249-номерінде «Die Auffassung der italienischen Sozialisten» («Итальян социалистерінің көзқарасы») деген мақала басылған.— *395*.

[266] Әңгіме 1914 жылы 5 сентябрьде «Volksrecht» газетінің 206-номерінде басылған герман социал-шовинисі Р. Фишердің

«Vandalen» («Вандалдар») деген мақаласы және оған берілген жауап — «Неміс социалисінің хаты» жайында болып отыр. Сірә, хат «Berner Tagwacht»-та жариялануға арналса керек. Осы хаттан В. И. Ленин жасаған көшірмелер бар, шеттеріне мынадай белгі салынған: «((1—7-беттер)) (жазу машинкасымен «Berner Tagwacht» редакциясына)» (қараңыз: Лениннің XIV жинағы, 61—63-беттер). Бірақ бұл газетте хат басылған жоқ. «Неміс социалисінің хатынан» үзінділер «Grütlianer» газетінің 1914 жылғы 13 және 14 сентябрьдегі 213 және 214-номерлерінде «Die Sozialdemokratie und der Krieg» («Социал-демократия және соғыс») деген бас мақалада басылды.— *395.*

[267] В. И. Ленин «Sozialistische Monatshefte» журналының 16-номерінде басылған И. Блохтың «Der Krieg und Sozialdemokratie» («Соғыс және социал-демократия») деген мақаласынан сөздер келтіріп отыр.— *395.*

[268] «Голос» газетінің 1914 жылғы 25 сентябрьдегі 12-номеріндегі «Баспасөзге шолу» деген заметкада К. Либкнехттің хатының мазмұны басылған; хат «Bremer Bürger-Zeitung» газетінде жарияланған және Рейхстагта социал-демократиялық фракцияның соғыс кредитіне дауыс беруі туралы мәселені баяндаған болатын.— *395.*

[269] Әңгіме 1914 жылы 14 сентябрьде «Bremer Bürger-Zeitung» газетінің 214-номерінде басылған солшыл социал-демократтардың наразылығы туралы және социал-демократиялық «Volksblatt» («Халық Листогы») газетінің 1914 жылғы 19 сентябрьдегі 220-номерінде басылған «Parteipflichten» («Партиялық міндеттер») деген мақала жайында болып отыр; бұларда герман социал-демократиясы басшылығының социал-шовинистік саясатына қарсы наразылық білдірілді, социал-демократтардың бәрі бірдей басшылықтың пікіріне қосылмайды деп мәлімделді, халықаралық ынтымаққа ұмтылушылық атап көрсетілді.— *395.*

[270] Әңгіме Галльде шыққан неміс социал-демократиялық «Volksblatt» («Халық Листогы») газетінің ұстаған позициясы жайында болып отыр. Газет герман социал-демократиясы басшылығының социал-шовинистік позициясын сынады және халықаралық ынтымаққа шақырды.— *395.*

[271] Бұл арада 1914 жылы 10 сентябрьде «Bremer Bürger-Zeitung»-тің 211-номерінде басылған «Die Zertrümmerte Internationale» («Күйреген Интернационал») деген мақала айтылып отыр. Осы газеттен В. И. Ленин жасаған көшірмелерді Лениннің XIV жинағының 83-бетінен қараңыз.— *395.*

[272] В. И. Ленин бұл арада 1914 жылы 11 сентябрьде «Volksrecht» газетінің 211-номерінде басылған «Zwei Internationalen»

(«Екі Интернационал») деген мақаланы айтып отыр. Осы мақаладан В. И. Ленин жасаған көшірмелерді Лениннің XIV жинағының 58-бетінен қараңыз.— *395.*

[273] Әңгіме Халықаралық социалистік бюродағы Франция және Бельгия делегацияларының герман халқына арнаған үндеу хаты жайында болып отыр. Мұны 16-ескертуден қараңыз.— *395.*

[274] Бұл арада 1914 жылы 25 сентябрьде «Голос» газетінің 12-номерінде басылған Л. Мартовтың Г. Эрвеге жазған хаты айтылып отыр.— *395.*

[275] Әңгіме Герман социал-демократиялық партиясы лидерлерінің бірі, барып тұрған социал-шовинист А. Зюдекумнің Италияға сапары туралы болып отыр. Ол бұл сапарға Герман социал-демократиялық партиясы Басқармасының тапсырмасымен барды. Зюдекумның итальян социалистерімен әңгімесінің жазбасы «Avanti!»-де басылды, кейін әр түрлі социалистік газеттерге «Avanti!»-ден көшіріліп басылды. Жазба орыс тілінде меньшевиктік «Наша Заря» журналының 1914 жылғы 7—8—9-номерлерінде басылды. — *396.*

[276] Әңгіме Копенгаген конгресі жүріп жатқан кезде В. И. Лениннің инициативасымен өткізілген солшыл социал-демократтардың кеңесі жайында болып отыр. «Европалық соғыс және европалық социализм» деген кітапшаның жоспарында Ленин кеңеске қатысушыларды атайды: «Франциядан — Ж. Гед пен Ш. Раппопорт; Бельгиядан — Л. Де-Брукер; Германиядан — Р. Люксембург пен Э. Вурм; Польшадан — Ю. Мархлевский (Карский); Испаниядан — П. Иглесиас; Австриядан — А. Браун; Россиядан — В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және басқалар қатысты (қараңыз: Лениннің XIV жинағы, 22-бет).— *396.*

[277]*«Дания қарары»* деп В. И. Ленин «Революциялық социал-демократияның европалық соғыстағы міндеттері» деген карарды айтады; қарар большевиктердің Берндегі кеңесінде Лениннің баяндамасы бойынша қабылданды. Құпиялықты сақтау мақсатымен осы документтің бір данасына «Данияда шығарылған үндеу хаттың көшірмесі» деп жазылған. Қараңыз: 1-ескертуде бұл туралы толығырақ айтылған.— *396.*

[278] Ағылшын ағарту министрлігінің парламенттік секретары Ч.-Ф. Тревельян өзінің сайлаушыларына арнаған ашық хатында былай деді: империалистік соғыста өз ұлтының мүддесі бәрінен де жоғары, ал ол мүдде бейбітшілік болып табылады.— *396.*

[279] 1914 жылы 13 сентябрьде «Frankfurter Zeitung» газетінің 254-номерінде Ф. Оппенгеймердің «Neue Rom und neue

Kargageno» («Жаңа Рим және жаңа Карфаген») деген мақаласы басылған. Осы мақаладан В. И. Ленин жасаған көшірмелерді Лениннің XIV жинағының 85-бетінен қараңыз.— *396*.

[280] *«Русское Знамя»* («Орыс Туы») — қаражүздік газет, «Орыс халқы одағының» органы; 1905 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды.

Бұл арада Ленин «Русское Знаманың» 1914 жылғы 30 августағы 105-номерінде басылған бас мақала туралы айтып отыр. Онда РСДРП Петербург комитетінің прокламациялары жайында сөз болған-ды.— *397*.

[281] В. И. Ленин бұл арада К. Каутскийдің «Бейбітшілік перспективасы» деген мақаласын айтып отыр, бұл мақаладан үзінділер «Голос» газетінің 1914 жылғы 2 және 3 октябрьдегі 18 және 19-номерлерінде басылды.— *397*.

[282] Әңгіме 1914 жылы 21 августа «Vorwärts» газетінің 227-номерінде басылған «W. C. Modell 70» деген заметка туралы болып отыр.— *397*.

[283] Бұл арада, сірә, Германияда Крупп заводтары шығарған және бірінші рет 1914—1918 жылдардағы соғыста қолданылған 42 сантиметрлік зеңбірек айтылып отырған болуы керек.— *397*.

[284] *«Kreuz-Zeitung»* («Кресті Газет») — немістің барып тұрған реакциялық күнделікті газеті «Neue Preuβische Zeitung»-тің («Жаңа Пруссия Газеті») жұртқа мәлім аты, газеттің тақырыбында крест суреті салынған. Газет неміс консерваторларының органы болды, 1848 жылдан 1939 жылға дейін Берлинде шығарылды. 1911 жылдан бастап «Neue Preuβische (Kreuz) Zeitung», 1932 жылдан — «Kreuz-Zeitung» деп аталды.— *398*.

[285] *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; әр түрлі бастырушылардың қолында болды, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық газет болды, ал 1876 жылы бастырушысы А. С. Суворин болғаннан кейін ол реакциялық дворяндық және чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды, ұлы державалық шовинизмді, антисемитизмді насихаттады және үкімет алдында жарамсақтануы арқылы «Не қалайсыз?» деген атқа ие болды. 1905 жылдан — қаражүздіктердің органы. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет контрреволюциялық позицияда болып, большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылы 26 октябрьде (8 но-

ябрьде) газетті жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Время-ны» сатылғыш газеттердің үлгісі деп атады. ««Нововремяшылдық», дегеніміз — деп жазды ол,— шегінушілік, ренегаттық, жағымпаздық ұғымдарымен бір мағыналы сөз болды» (Шығармалар толық жинағы, 22-том, 49-бет).— *398.*

286 В. И. Ленин бұл арада «Голос» газетінің 1914 жылғы 27 сентябрьдегі 14-номеріндегі «Баспасөзге шолуды» айтып отыр, онда ағылшын социалистерінің позициясы баяндалған және Кейр-Гарди мен Макдональдтің мақалаларынан үзінділер келтірілген. Заметкада: Макдональдтің «қазіргі соғыстың барлық зардабына баға беруде пессимизмге тым көп бой ұрғаны байқалады» делінген.— *398.*

287 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан Москвада шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдары газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалар қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан газет кадеттердің оң қанатының органы болды. «Русские Ведомости»,— деп атап көрсетті Ленин,— *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 212-бет) өзінше ұштастырды. 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа да контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды.— *398.*

288 Бұл арада 1914 жылы 6 октябрьде «Голос» газетінің 21-номерінде бас мақала болып басылған «Евнухтар, үндеріңді өшіріңдер!» деген мақала айтылып отыр, онда егер орыс әскерінен шегініп келе жатқан Германия жағдайында, герман социал-демократиясы «революциялық Коммуна ұранын көтерген болса», мұның өзі оны қалың бұқарадан оқшаулаған болар еді, сөйтіп герман социал-демократиясы өзінің беделіне дақ түсірген болар еді делінген.— *399.*

289 «Орталық Орган және жаңа газет» деген мәселе РСДРП шетелдік секцияларының Бернде өткен конференциясында РСДРП-ның кейбір шетелдік ұйымдарының (Божи тобының, Париж секциясының) Орталық Органнан бөлек жергілікті газеттер шығаруды сепаратты түрде ұйымдастыру әрекетіне байланысты қойылды. Божи тобының (Н. И. Бухарин, Е. Ф. Розмирович, Н. В. Крыленко) осындай газет шығармақшы болған әрекетін В. И. Ленин И. Ф. Армандтың хатынан әлдеқалай білді. Соғыс жағдайында, қаржы мен әдеби күштердің тым тапшы болуы себепті, большевиктердің неғұрлым тығыз қарым-қатынас жасауы және аса маңызды мәселелерді бірігіп талқылауы қажет болғандықтан, Ленин жергілікті жерлерде газеттер шығаруды тиімсіз деп есептеп,

осы мәселе туралы конференцияның талқылауына берілген қарар жобасының үшінші пунктін өзгерту жөнінде ұсыныс жасады. Конференция Лениннің ұсынысын қабылдап, қарардың 3-пункті оның редакциясы бойынша алынды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 457-бет).— *400.*

[290] Рефераттың немесе мақаланың егжей-тегжейлі жоспары болып табылатын бұл документ 1915 жылғы 1 майға арнап жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтында бұл документ жөнінде толық мәлімет жоқ.— *401.*

[291] Бұл арада *I. S. D.* тобы — *«Internationale Sozialisten Deutschlands»* («Германияның интернационалдық социалистері»)—дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында «Lichtstrahlen» («Жарық Сәулесі») журналының (1913 жылдан 1921 жылға дейін Берлинде шығарылды) төңірегіне топтасқан герман солшыл социал-демократтарының тобы айтылып отыр. «Германияның интернационалдық социалистері» «Интернационал» тобымен бірге Герман социал-демократиялық партиясында солшыл оппозиция болды. I. S. D. соғысқа, оппортунизмге ашық қарсы шықты; социал-шовинистер мен центристерден іргені аулақ салу жөніндегі мәселеде бұлар неғұрлым дәйекті позиция ұстады. Циммервальд конференциясында I. S. D. тобының өкілі—Ю. Борхардт Циммервальд солшылдары қарарының жобасына қол қойды. Конференциядан кейін көп кешікпей Циммервальд солшылдарының бюросы «Германияның интернационалдық социалистері» тобы оларға қосылатыны жөнінде хабар алды. Бірақ топтың бұқарамен кең байланысы болмады да, көп кешікпей ыдырап кетті.— *405.*

[292] *«La Bataille Syndicaliste»* («Синдикалистік Күрес») — анархистік-синдикалистік күнделікті газет; 1911 жылғы апрельден 1915 жылғы октябрьге дейін Парижде шығып тұрды. Оған Жуо, Грав, Корнелиссен және анархо-синдикализмнің басқа да өкілдері қатысып, басшылық жасады. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде газет барып тұрған шовинистік позиция ұстады. «La Bataille Syndicaliste»-нің орнына «La Bataille» газеті шыға бастады.— *405.*

[293] Бұл арада «Volksrecht» газетінің 1915 жылғы 27 апрельдегі 97-нөмерінде басылған «Die Anleihenspirale» («Заем спиралі») деген заметка айтылып отыр. Заметкада герман үкіметінің финанс министрі К. Гельферихтің екінші 10 миллиардтық соғыс заемын қамтамасыз ету мақсатында жасаған финанс айла-шарғысы әшкереленді.— *409.*

[294] *«Hochland»* («Тау елі») — неміс клерикалдарының органы; 1903 жылдан бастап Мюнхенде шығарылып тұрады. Бұл арада, сірә, 1915 жылы майда «Hochland»-тың 8-кітабында басылған Т. Брауэрдің «Соғыс және социализм» деген мақаласы айтылып отырған болуы керек. Осы мақаладан В. И. Ленин жасаған көшірмелерді, оның ескертпелері мен салған белгілерін Шығармаларының 39-томының 305—307-беттерінен қараңыз.— *410.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ[1]

А. П. — *қараңыз:* Panneckoek, А.

Аксельрод, П. Б. и Семковский, С. Ю. Международному социалистическому бюро. —«Известия Заграничного Секретариата Организационного Комитета Российской Социал-Демократической Рабочей Партии», [Женева], 1915, № 1, 22 февраля, стр. 1. — *188, 309, 310, 311, 351, 410.*

[*Алексинский, Г. А.*] *Объяснения г. Алексинского.* (Письмо в редакцию).—«Речь», Пг., 1915, № 143 (3166), 27 мая (9 июня), стр. 3. — *313.*

*— *С кем большинство?*—В кн.: Война. Сборник статей. При участии: И. Аксельрод и др. [Paris, «Ideal», 1915], стр. 97—106. — *317—318.*

Безработный, И. и др. К организационному вопросу. [Особое мнение 2-х членов редакции и 2-х сотрудников «Нашего Слова», оглашенное на собрании редакции и коллегии парижских сотрудников].—«Наше Слово», Париж, 1915, № 107, 6 июня, стр. 1—2. — *315, 375.*

Буквоед — *қараңыз:* Рязанов, Д. Б.

Вожди русской с.-д. о войне.—«Голос», Париж, 1914, № 31, 18 октября, стр. 1; № 32, 20 октября, стр. 1; № 33, 21 октября, стр. 1. Подпись: И. К. — *24, 25, 31, 108.*

[1] «Карл Маркс» деген мақаланың «Әдебиеттер» деген бөлімінде (қараңыз: осы том, 84—96-беттер) В. И. Ленин ауызға алған шығармалар көрсеткішке енген жоқ.

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді, бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

[1] Бірінші рет 1929 ж. мына кітапта басылған: Ленин, В. И. Шығармалар, 2—3-басылуы, XVII том, 541—571-беттер.

[1] Бірінші рет 1929 ж. мына кітапта басылған: Ленин, В. И. Шығармалар, 2—3-басылуы, XVIII том, 44—46-беттер.

[1] Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған, 201—203-беттер.

*— *На пороге двадцатого века.* —«Искра», [Мюнхен], 1901, № 2, февраль, стр. 1. — *106.*

— *О войне.* Ответ товарищу З. П. Paris, «Union», 1914. 32 стр.— *118, 122, 125—126, 227, 235—236.*

— *Открытое письмо тов. Плеханова в редакцию газеты «Речь».*— «Голос», Париж, 1914, № 39, 28 октября, стр. 1.— *21, 38.*

**По поводу войны.* От писателей, художников и артистов.— «Русское Слово», М., 1914, № 223, 28 сентября (11 октября), стр. 4.— *99—100.*

По стопам Меньшикова.— «Социал-Демократ», Женева, 1914, № 34, 5 декабря, стр. 2.— *123—124.*

Поворот Мартова. (Письмо из Берна).— «Социал-Демократ», Женева, 1915, № 36, 9 января, стр. 2. На газ. дата: 12 декабря 1914.— *122, 259.*

Положение дел в партии. [Резолюция, принятая на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.].— «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10, в отд.: Из партии.— *133, 134.*

*[*Потресов, А. Н.*] *Критические наброски.* I. Некоторые сюрпризы истории.— «Наша Заря», Спб., 1914, № 7—8—9, стр. 121—129. Подпись: А. П—в.— *127, 141.*

*— *На рубеже двух эпох.*— «Наше Дело», Пг., 1915, № 1, стр. 65—82. Подпись: А. П—в.— *141—159, 192—194, 196—197.*

«Правда», Спб.—*176, 185, 186, 371.*

Правительственное сообщение.— «День», Пг., 1914, № 305 (747), 9 ноября, стр. 2. Подпись: («О. Б.»).— *117, 357—358.*

«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 1.— *253.*

[*Примечание редакции к резолюции, принятой собранием редакции и коллегии парижских сотрудников «Нашего Слова»*].— «Наше Слово», Париж, 1915, № 85, 9 мая, стр. 1.— *206, 208.*

[*Примечание редакции к статье «Г. В. Плеханов и П. Б. Аксельрод о войне»*].— «Наше Дело», Пг., 1915, № 2, стр. 103, в отд.: По России и за границей.— *293, 313.*

*[*Примечание редакции к статье М. Борисова «Об «освободительной миссии» и о «патриотизме»»*].— «Информационный Листок Заграничной Организации Бунда», [Женева], 1915, № 7, январь, стр. 7.— *188.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд

[*Резолюция ЦК РСДРП о работе в профессиональных союзах*].—«Социал-Демократ», [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 38—39, в отд.: Из партии.— *134.*

Реферат Г. В. Плеханова «Об отношении социалистов не» — қараңыз: Вожди русской с.-д. о войне.

Речь Керенского — қараңыз: Заявление трудовой группы.

«Речь», Пг., 1915, № 45 (3068), 16 февраля (1 марта), стр. 1.— *181.*

— 1915, № 143 (3166), 27 мая (9 июня), стр. 3.— *313.*

«Русские Ведомости», [М.], 1914, № 202, 3 сентября, стр. 2—3.—*21, 38, 121, 393, 398.*

*— 1914, № 207, 10 сентября, стр. 2.— *21, 38, 121, 393.*

«Русское Знамя», Пг., 1914, № 195, 30 августа (12 сентября), стр. 1—2.— *397.*

**«Русское Слово»,* М., 1914, № 223, 28 сентября (11 октября), стр. 4.— *99—100.*

Рюдорфер — қараңыз: Riezler, K.

[*Рязанов, Д. Б.*] *Победа или поражение?*— «Известия Заграничного Секретариата Организационного Комитета Российской Социал-Демократической Рабочей Партии», [Женева], 1915, № 2, 14 июня, стр. 2—3. Подпись: Буквоед.— *305, 306, 308—309, 310.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. Забытые слова.— 101, 225.

— Пестрые письма.— 210.

— Признаки времени.— 158.

С.-Петербург. (Письмо рабочего).— «Социал-Демократ», Женева, 1914, № 33, 1 ноября, стр. 2, в отд.: Хроника.— *123.*

С.-Петербург. (Письмо рабочего). 10 октября ст. ст.—«Социал-Демократ», Женева, 1914, № 35, 12 декабря, стр. 2, в отд.: Хроника.— *123.*

«Северная Рабочая Газета», Спб.— *183, 314.*

«Северный Голос», Пг.— *202.*

Семковский, С. Ю. Опасные уклоны.— «Известия Заграничного Секретариата Организационного Комитета Российской Социал-Демократической Рабочей Партии», [Женева], 1915, № 2, 14 июня, стр. 1—2.— *294, 305, 306, 309, 310, 311, 315—316, 351, 410.*

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. 1876—1878 гг.— *52—53, 54—55, 77.*

— *Введение [к работе К. Маркса «Классовая борьба во Франции с 1848 по 1850 г.»].* 6 марта 1895 г.— *102.*

— *К аграрному вопросу на Западе.* Пер. с нем. [Одесса], Алексеева, 1905. 24 стр.— *78.*

— *Людвиг Фейербах и конец классической немецкой философии.* Начало 1886 г.— *47, 55, 56.*

— *Письмо К. Каутскому.* 1 апреля 1895 г.— *102.*

— *По и Рейн.* Конец февраля — начало марта 1859 г.— *126, 238—239, 394.*

— *Предисловие к немецкому изданию 1883 года [«Манифеста Коммунистической партии»].* 28 июня 1883 г.— *59.*

— *Происхождение семьи, частной собственности и государства.* Апрель — май 1884 г.— *77.*

— *Социализм в Германии.* Около 24 октября и конец декабря 1891 г.— *31, 105, 126, 343, 350, 395.*

— *Эмигрантская литература.* Май 1874 г.— апрель 1875 г.— *112, 326—327, 352—353.*

**Энциклопедический словарь т-ва «Бр. А. и И. Гранат и К°».* 7-е, совершен. переработ. изд. под ред. Ю. С. Гамбарова и др. Т. 28. М., [1914], стлб. 219—243, 243′—246′.— *45, 386—389.*

Adler, V. Hoffnungsschimmer.—«Arbeiter-Zeitung». Morgenblatt, Wien, 1915, Nr. 45, 14. Februar, S. 1—2.— *361.*

**Aldo di Lea. A colloquio col pioniere del marxismo russo Giorgio Plehkanov.*—«Il Giornale d'Italia», Roma, 1915, N. 63, 4 Marzo.—*374.*

[*An die Redaktion des «Vorwärts».* Распоряжение генерала Кесселя о возобновлении издания газеты «Vorwärts»].—«Vorwärts», Berlin, 1914, Nr. (265—267) 268, 1. Oktober, S. 1.— *31, 262.*

Die Anleihenspirale.— «Volksrecht», Zürich, 1915, Nr. 97, 27. April, S. [4], в одт.: Ausland. Deutschland.—*409.*

**«Arbeiter-Zeitung».* Morgenblatt, Wien, 1914, Nr. 252, 11. September, S. 1.— *9.*

— 1915, Nr. 45, 14. Februar, S. 1—2.— *361.*

— 1915, Nr. 176, 27. Juni, S. 3.— *319—320.*

Die Auffassung der italienischen Sozialisten.— «Vorwärts», Berlin, 1914, Nr. 249, 12. September. Bezirks-Beilage des «Vorwärts» für Norden-Osten, S. [1].— *394.*

**Ein Aufruf und seine Zurückweisung.* — «Arbeiter-Zeitung». Morgenblatt, Wien, 1914, Nr. 252, 11. September, S. 1.— *9.*

Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. II. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Juli 1844 bis November 1847. Stuttgart, Dietz, 1902. VIII, 482 S.— *52, 53.*

Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902. VI, 491 S.— *82.*

«Avanti!», Milano.— *11, 38.*

— 1914, N. 241, 1 Settembre, p. 1.— *35.*

— 1914, N. 242, 2 Settembre, p. 1, 2.— *9, 10—11, 19.*

— 1914, N. 268, 28 Settembre, p. 4.— *24.*

Axelrod, P. Rußland und der Krieg.— «Berner Tagwacht», 1914, Nr. 250, 26. Oktober, S. 1; Nr. 251, 27. Oktober, S. 1.— *122.*

«La Bataille Syndicaliste», Paris.— *405.*

Belger, E. Die Sozialdemokratie nach dem Kriege. Berlin, Concordia, Deutsche Verlags-Anstalt, 1915. 45 S. — *264—265.*

«Berner Tagwacht».— *212, 267, 322.*

— 1914, Nr. 245, 20. Oktober, S. 1; Nr. 246, 21. Oktober, S. 1;
*Nr. 247, 22. Oktober, S. 1.— *37, 107—108.*

— 1914, Nr. 250, 26. Oktober, S. 1; Nr. 251, 27. Oktober, S. 1.— *122.*

— 1914, Nr. 254, 30. Oktober, S. 1.— *37.*

— 1914, Nr. 291, 12. Dezember, S. 3.— *123.*

— 1915, Nr. 5, 8. Januar, S. 1—2.— *190.*

— 1915, Nr. 9, 13. Januar, S. 3.— *164—165.*

*— 1915, Nr. 73, 29. März, S. 1; Nr. 75, 31. März, S. 1.— *322, 323, 324.*

— 1915, Nr. 101, 3. Mai, S. 2—3.— *207—208, 227.*

— 1915, Nr. 123, 31. Mai, S. 1.— *270, 363, 410.*

Bernstein, E. Abrechnung mit Rußland. Ein Vermächtnis unserer Vorkämpfer.— «Vorwärts», Berlin, 1914, Nr. 232, 26. August, S. [1—2].— *394.*

**Bernstein, E., Haase, H. und Kautsky, K. Das Gebot der Stunde.*—«Leipziger Volkszeitung», 1915, Nr. 139, 19. Juni, S. 1—2.— *283, 316—317.*

Die Bewilligung der Kriegskredite.— «Vorwärts», Berlin, 1914, Nr. 211, 5. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2.— *1—2, 394.*

**Blatchford, R. The Grim logic of facts.* An Answer to Upton Sinclair.— В кн.: Sinclair, U. and Blatchford, R. Socialism and War. London, Clarion, б. г., p. 11—15. (Pass on pamphlets. No. 27. Id.).— *288—290.*

Bloch, I. Der Krieg und die Sozialdemokratie.— «Sozialistische Monatshefte», Berlin, 1914, Bd. 2, Hft. 16, 13. August, S. 1023—1027.— *395.*

**Borchardt, J. Vor und nach dem 4. August 1914.* Hat die deutsche Sozialdemokratie abgedankt? Berlin, «Lichtstrahlen», 1915. 32 S.— *165.*

Brailsford, H. N. The War of Steel and Gold. A Study of the Armed Peace. London, Bell, 1914. 320 p.— *236—237.*

**Brauer, Th. Krieg und Sozialismus.*— «Hochland», München, 1915, Hft. 8, S. 176—189.— *410.*

«Bremer Bürger-Zeitung», 1914, Nr. 211, 10. September, S. 1.— *9, 39, 395.*

— 1914, Nr. 251, 27. Oktober, S. 3.— *37, 395.*

**Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx.* 1844 bis 1883. Hrsg. von A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 1—4. Stuttgart, Dietz, 1913. 4 Bd.— *49, 78—79, 387.*

*— Bd. 1. XX, 448 S.— *79—80.*

*— Bd. 2. XXIV, 429 S.— *45, 79—80, 82.*

*— Bd. 3. XXIV, 442 S.— *52—53, 58, 71, 79—80, 81—82.*

*— Bd. 4. XX, 536 S.— *56, 79—80, 83, 126, 386, 388.*

The budget. Daily cost of the war. Enormous borrowing. No new taxes.— «The Daily Telegraph», London, 1915, May 5, p.6.— *236, 245.*

Una dichiarazione di principio. [Резолюция, принятая на итало-швейцарской социалистической конференции в Лугано]. — «Avanti!», Milano, 1914, N. 268, 28 Settembre, p. 4. Под общ. загл.: La conferenza a Lugano fra socialisti svizzeri e italiani. — *24.*

**Dumas, Ch. La Paix que nous voulons.* Paris, Rivière, 1915. 36 p. — *226.*

«L'Echo de Paris». — *187.*

«The Economist», London. — *203.*

— 1915, v. LXXX, No. 3,729, February 13, p. 262—263. — *203, 204.*

— 1915, v. LXXX, No. 3,735, March 27, p. 614—615. — *203—204.*

— 1915, v. LXXX, No. 3,740, May 1, p. 846—847. — *246.*

Engels, F. Die Bauernfrage in Frankreich und Deutschland. — «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1894—1895, Jg. XIII, Bd. I, Nr. 10, S. 292—306. — *77—78.*

— *[Brief an K. Marx].* 5. Februar 1851.— В кн.: Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx. 1844 bis 1883. Hrsg. von A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 1. Stuttgart, Dietz, 1913, S. 134—137. — *79—80.*

— *[Brief an K. Marx].* 17. Dezember 1857.— Ibidem, Bd 2, S. 217—219. — *79—80.*

— *[Brief an K. Marx].* 7. Oktober 1858. — Ibidem, S. 289—291. — *79—80.*

*— *[Brief an K. Marx].* 8. April 1863.—Ibidem, Bd. 3, S. 124—125. — *79—80.*

*— *[Brief an K. Marx].* 11. Juni 1863.— Ibidem, S. 133—134— *83.*

— *[Brief an K. Marx].* 24. November 1863. — Ibidem, S. 146—147. — *83.*

*— *[Brief an K. Marx].* 4. September 1864.— Ibidem, S. 179—181. — *83.*

— *[Brief an K. Marx].* 27. Januar 1865.—Ibidem, S. 209—210.— *82.*

— *[Brief an K. Marx].* 5. Februar 1865.— Ibidem, S. 216—218. — *82—83.*

— *[Brief an K. Marx].* 22. Oktober 1867.— Ibidem, S. 417—419. — *83.*

*— *[Brief an K. Marx].* 6. Dezember 1867.— Ibidem, S. 437. — *83.*

— [*Brief an K. Marx*]. 19. November 1869. — Ibidem, Bd. 4, S. 208—213. — *79—80.*

*— [*Brief an K. Marx*]. 15. August 1870.— Ibidem, S. 318—321. — *126.*

— [*Brief an K. Marx*]. 20. August 1879.—Ibidem, S. 418. — *83.*

— [*Brief an K. Marx*]. 9. September 1879.— Ibidem, S. 421—423. — *83.*

— [*Brief an K. Marx*]. 11. August 1881.—Ibidem, S. 432—433. — *79—80.*

— *Ludwig Feuerbach und der Ausgang der klassischen deutschen Philosophie.* Revidierter Sonderabdruck aus der «Neuen Zeit». Mit Anhang: Karl Marx über Feuerbach vom Jahre 1845. Stuttgart, Dietz, 1888. VII, 72 S. — *52—53.*

Erklärung.—«Vorwärts», Berlin, 1914. Nr. 247, 10. September. Unterhaltungsblatt des «Vorwärts», Nr. 179, S. [3]. — *9.*

Die Eroberung der staatlichen Macht und die Bündnisse mit bürgerlichen Parteien. [Резолюция, принятая на Парижском конгрессе II Интернационала].— В кн.: Internationaler Sozialistenkongreß zu Paris. 23. bis 27. September 1900. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1900, S. 16—18. — *130—131.*

Feuerbach, L. Grundsätze der Philosophie der Zukunft. Zürich—Winterthur, 1843, IV, 84 S. — *46—47.*

— *Vorlesungen über das Wesen der Religion.* Nebst Zusätzen und Anmerkungen. Leipzig, Wigand, 1851. VIII, 463 S. — *251.*

— *Das Wesen des Christentums.* Leipzig. Wigand, 1841. XII, 450 S. — *46—47.*

Financial arrangements and the war debts of Europe.—«The Economist», London, 1915, v. LXXX, No. 3,729, February 13, p. 262—263. — *203, 204.*

«Finanz-Archiv», Stuttgart — Berlin, 1915, Jg. 32, Bd. 1, S. 125—133. — *248.*

Fischer, R. «Vandalen».—«Volksrecht», Zürich, 1914, Nr. 206, 5. September, S. 1. — *393, 395.*

«Frankfurter Zeitung», 1914, Nr. 254, 13. September. 1. Morgenblatt, S. 1. — *396.*

Friedenssehnsucht.—«Berner Tagwacht», 1915, Nr. 73, 29. März, S. 1. — *322, 324.*

Friedliche Annäherungen zwischen den Schützengräben verboten.—«Berner Tagwacht», 1915, Nr. 5, 8. Januar, S. 1—2. Под общ. загл.: Zur Kriegslage.— *190.*

Gesetz gegen die gemeingefährlichen Bestrebungen der Sozialdemokratie. Vom 21. Oktober 1878.— «Reichsgesetzblatt», Berlin, 1878, Nr. 34, S. 351—358. — *83, 98, 273—274.*

«Il Giornale d'Italia», Roma, 1915, N. 63, 4 Marzo.— *374.*

**Golay, P. Le Socialisme qui meurt et le Socialisme qui doit renaître.* Conférence donnée à la Maison du Peuple de Lausanne, le 11 mars 1915. Lausanne, 1915. 22 p. — *347.*

Gorter, H. Het Imperialisme, de Wereldoorlog en de Sociaal-Democratie. Amsterdam, Brochurehandel Sociaal-Democratische Partij, [1914]. 116 p. — *195, 348.*

**«Gothaer Volksblatt»,* 1915, Nr. 8, 9. Januar. Beilage zum «Gothaer Volksblatt», S. [2]. — *164.*

Haenisch, K. Der deutsche «Verrat» an der Internationale.—«Hamburger Echo», 1914, Nr. 286, 8. Dezember, S. 1—2. — *122.*

«Hamburger Echo», 1914, Nr. 211, 10. September, S. 1—2. — *9, 395.*

— 1914, Nr. 286, 8. Dezember, S. 1—2. — *122.*

Harms, B. Probleme der Weltwirtschaft — *қараңыз:* Harms, B. Volkswirtschaft und Weltwirtschaft.

— *Volkswirtschaft und Weltwirtschaft.* Versuch der Begründung einer Weltwirtschaftslehre. Mit zwei litogr. Taf. Jena, Fischer, 1912. XV, 495 S. (Probleme der Weltwirtschaft. Schriften des Instituts für Seeverkehr und Weltwirtschaft an der Universität Kiel. Hrsg. von B. Harms. VI). — *245.*

Heine, W. Die deutsche Sozialdemokratie im deutschen Volk. — «Sozialistische Monatshefte», Berlin, 1915, Bd. 2, Hft. 13, 8. Juli, S. 628—636. — *361.*

**«Hochland»,* München, 1915, Hft. 8, S. 176—189. — *410.*

Hübner, O. Geographisch-statistische Tabellen aller Länder der Erde. Fortgefürt und ausgestaltet von F. Juraschek. 63. umgearb. Ausgabe für das Jahr 1914, Frankfurt a. M., Keller, 1914. XV, 155 S. — *336—337.*

«L'Humanité», Paris. — *316.*

— 1914, N 3788, 31 août, p. 1. — *394.*

*— 1914, N 3794, 6 septembre, p. 1. — *9, 395.*

*— 1914, N 3808, 20 septembre, p. 2. — *38, 393.*

— 1914, N 3827, 9 octobre, p. 1. — *37, 268, 365, 394.*

Der Imperialismus. [Резолюция, принятая на Хемницком съезде Германской социал-демократической партии].— В кн.: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten in Chemnitz vom 15. bis 21. September 1912. Berlin, Singer, 1912, S. 529—530, в отд.: Anhang. — *225, 254, 405.*

Интернационалътъ и войната.—«Ново Време», София, 1915, № 3, 15 февруари, стр. 65—70. — *267.*

Die Internationale.— «Berner Tagwacht», 1915, Nr. 101, 3. Mai, S. 2—3. — *208, 227.*

«Die Internationale», Berlin. — *208, 227, 258, 363, 405.*

*— 1915, Hft. 1, 15. April, S. 1—10, 41—54, 60—70. — *253, 258, 270, 282—283, 363.*

«Internationale Korrespondenz», Berlin. — *375.*

Invisible et présente.—«Le Temps», Paris, 1915, N 19583, 17 février, p. 1. — *187.*

Jaurès, J. L'Armée nouvelle. Paris, Rouff, [1911]. 686 p. (L'organisation socialiste de la France). — *392.*

«Journal des Débats Politiques et Littéraires», Paris, 1915, N 1097, 19 février, p. 251—252. — *187.*

«Journal of the Royal Statistical Society», London, 1911, v. LXXIV, part II, January, p. 167—187. — *245.*

Der Kampf gegen den Zarismus.—«Vorwärts», Berlin, 1914, Nr. 209, 3. August, S. 1. Под общ. загл.: Die eisernen Würfel rollen! — *393.*

Kautsky, K. Allerhand Revolutionäres.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1903—1904, Jg. 22, Bd. 1, Nr. 19, S. 620—627. — *255.*

*— *Die Internationalität und der Krieg.* Berlin, Singer, 1915. 40 S. — *192, 193—195, 196, 276—278, 312, 360—361.*

— *Krieg und Frieden.* (Betrachtungen zur Maifeier).—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1911, Jg. 29, Bd. 2, Nr. 30, 28. April, S. 97—107. — *193.*

— *Nationalstaat, Imperialistischer Staat und Staatenbund.* Nürnberg, 1915. 80 S. — *243—244, 246—247, 248—250, 252—253, 254.*

*— *Nochmals unsere Illusionen.* Eine Entgegnung. —«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1915, Jg. 33, Bd. 2, Nr. 9, 28. Mai, S. 264—275. — *254—255, 257—258, 259—261.*

*— *Die Sozialdemokratie im Kriege.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1914, Jg. 33, Bd. 1, Nr. 1, 2. Oktober, S. 1—8. — *24—25,*

— *Socialisme og Krig.*— «Klassenkampen», Kristiania, 1916, Nr. 1, 8 januar, s. 2—3; Nr. 2, 15 januar, s. 2—3. Перед загл. авт.: G. Zinowjew og N. Lenin.— *332.*

— *Sozialismus und Krieg.* (Stellung der S.-D. A.-P. Rußlands zum Kriege). Б. м., 1915. 36 S. (S.-D. A.-P.). После загл. авт.: G. Zinowjew und N. Lenin.— *332.*

Lensch, P. Die deutsche Sozialdemokratie und der Weltkrieg. Eine politische Studie. Berlin, Singer, 1915. 64 S.— *232, 240.*

«Lichtstrahlen», Berlin.— *208, 362.*

Liebknecht, K. [*Ein Brief dem «Vorwärts»*].— «Bremer Bürger-Zeitung», 1914, Nr. 251, 27 Oktober, S. 3. Под общ. загл.: Umschau.— *37, 395.*

— *Ein kräftiger Mahnruf.*— «Berner Tagwacht», 1915, Nr, 123, 31. Mai, S. 1.— *270, 363, 410.*

Lucas, C. P. Greater Rome and greater Britain. Oxford, Clarendon Press, 1912. 184 p.— *264.*

**Luxemburg, R. Der Wiederaufbau der Internationalen.*— «Die Internationale», Berlin, 1915, Hft. 1, 15. April, S. 1—10.— *253, 258, 282—283, 363.*

Manifest der Internationale zur gegenwärtigen Lage, [*angenommen auf dem Außerordentlichen Internationalen Sozialistenkongreß zu Basel*].— В кн: Außerordentlicher Internationaler Sozialistenkongreß zu Basel am 24. und 25, November 1912. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1912, S. 23—27.— *20, 23, 25, 32, 40—41, 104, 125, 129, 130, 136, 172, 194, 196, 206, 213, 215, 218—219, 223—224, 226—227, 228, 229—230, 232, 234, 235, 244, 254, 279, 298, 303, 308, 327, 342, 344, 347, 349, 390, 392, 398, 405, 413.*

**Un manifeste des partis socialistes belge et français à l'Internationale.*— «L'Humanité», Paris, 1914, N 3794, 6 septembre, p. 1.— *9, 399.*

Marx, K. und Engels, F. Die heilige Familie oder Kritik der kritischen Kritik. Gegen Bruno Bauer und Konsorten.— В кн.: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. II. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Juli 1844 bis November 1847. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 63—326.— *51, 52.*

— *Manifest der Kommunistischen Partei.* London, «Bildungs-Gesellschaft für Arbeiter», 1848. 30 S.— *48.*

Marx, K. Aus der Rheinischen Zeitung.— В кн.: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. I. Gesammelte Schriften von

K. Marx und F. Engels. Von März 1841 bis März 1844. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 169—328.— *47.*

Marx, K. Bilanz der preußischen Revolution. В кн.: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 206—229.— *82.*

— [*Brief an F. Engels*]. 16. April 1856.— В кн.: Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx. 1844 bis 1883. Hrsg. von A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 2. Stuttgart, Dietz, 1913, S. 106—108.— *45, 82.*

— [*Brief an F. Engels*]. 2. August 1862.— Ibidem, Bd. 3, S. 77—82.— *71.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 9. August 1862.— Ibidem, S. 86—87.— *71.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 9. April 1863.— Ibidem, S. 125—127.— *79—80.*

— [*Brief an F. Engels*]. 12. Juni 1863.— Ibidem, S. 135—136.— *83.*

— [*Brief an F. Engels*]. 10. Dezember 1864.— Ibidem, S. 203—206.— *83.*

— [*Brief an F. Engels*]. 3. Februar 1865.— Ibidem. S. 214—216. — *83.*

*—[*Brief an F. Engels*]. 11. Februar 1865.—Ibidem, S. 223—224.—*82.*

— [*Brief an F. Engels*]. 18. Februar 1865.— Ibidem, S. 229—231.— *83.*

— [*Brief an F. Engels*]. 2. April 1866.— Ibidem, S. 304—306.— *79—80.*

— [*Brief an F. Engels*]. 7. Juli 1866.— Ibidem, S. 329—332.— *58.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 12. Dezember 1866.— Ibidem, S. 355—356.— *53.*

*— [*Brief an F. Engels*]. 17. Dezember 1867.— Ibidem, S. 440—441.— *83.*

— [*Brief an F. Engels*]. 8. Januar 1868.— Ibidem, Bd. 4, S. 5.— *56.*

— [*Brief an F. Engels*]. 23. Juli 1877.— Ibidem, S. 396—398.— *83.*

— [*Brief an F. Engels*]. 1. August 1877.— Ibidem, S. 404—407.— *83.*

— [*Brief an F. Engels*]. 10. September 1879.— Ibidem, S. 423—424.— *83.*

— [*Brief an A. Ruge*]. September 1843.— «Deutsch-Französische Jahrbücher», Paris, 1844, Lfrg. 1—2, S. 36—40. — *47—48.*

— *Der Bürgerkrieg in Frankreich.* Adresse des Generalrats der Internationalen Arbeiter-Assoziation an alle Mitglieder in Europa und der Vereinigten Staaten. Sonderabdr. aus dem «Volksstaat». Leipzig, Exped. des «Volksstaates», 1871. 52 S.— *49.*

— *Herr Vogt.* London, Petsch, 1860. VI, 191 S.— *49.*

— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. I. Buch I: Der Produktionsprozeß des Kapitals. Hamburg, Meißner, 1867. XII, 784 S. — *49.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. I. Buch I: Der Produktionsprozeß des Kapitals. 2. Aufl. Hamburg, Meißner, 1872. 830 S. — *72, 73—74, 75—76.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 2. Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Kapitel XXIX bis LII. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894. IV, 422 S. — *72, 73.*

— *Rechtfertigung des Korrespondenten von der Mosel.*—«Rheinische Zeitung für Politik, Handel und Gewerbe», Köln, 1843, Nr. 15, 15. Januar, S. 1—2; Nr. 17, 17. Januar, S. 1; Nr. 18, 18. Januar, S. 1—2; Nr. 19, 19. Januar, S. 1—2; Nr. 20, 20. Januar, S. 1. — *47.*

— *Zur Judenfrage.*—«Deutsch-Französische Jahrbücher», Paris, 1844, Lfrg. 1—2, S. 182—214. — *47—48.*

— *Zur Kritik der Hegel'schen Rechts-Philosophie.* Einleitung. — Ibidem, S. 71—85. — *47—48.*

— *Zur Kritik der politischen Ökonomie.* Hft. 1. Berlin, Duncker, 1859. VIII, 170 S. — *49.*

**Mehring, F. Erinnerungen aus dem Kriegsjahre 1870.* Ein Wort zum Burgfrieden.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1914, Jg. 33, Bd. 1, Nr. 1, 2 Oktober, S. 9—17. — *104.*

— *Ein Protest.*—«Vorwärts», Berlin, 1914, Nr. 250, 13. September. Beilage des «Vorwärts» Berliner Volksblatt, S. [2], в отд.: Aus der Partei. — *9, 37, 39, 395.*

— *Unsere Altmeister und die Instanzenpolitik.*—«Die Internationale», Berlin, 1915, Hft. 1, 15. April, S. 60—70. — *258.*

Der Militarismus und die internationalen Konflikte. [Резолюция, принятая на Штутгартском конгрессе II Интернационала].—

В кн.: Internationaler Sozialistenkongreβ zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907, S. 64—66. — *20, 35, 40—41, 104, 195, 196, 206, 213, 215, 218—219, 223—224, 279, 342, 392, 396, 405.*

Monitor. Die Sozialdemokratie und der Weltkrieg.— «Preuβische Jahrbücher», Berlin, 1915, Bd. 160, April bis Juni, S. 30—53. — *270, 367.*

**Morel, E. D. The outbreak of the War.* Б. м., б. г., 18 p. — *286—287.*

Namen-und Sachregister. Ausgearbeitet von M. Beer (London) und ergänzt von Ed. Bernstein.— В кн.: Der Briefwechsel zwischen F. Engels und K. Marx. 1844 bis 1883. Hrsg. von A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 4. Stuttgart, Dietz, 1913, S. 507—536. — *386, 388.*

«Die Nationalliberale Korrespondenz», Berlin. — *319—320.*

«Neue Preuβische Zeitung», Berlin. — *398.*

«Neue Rheinische Zeitung», Köln. — *48.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart.— *11, 259—260.*

— 1894—1895, Jg. XIII, Bd. I, Nr. 10, S. 292—306. — *78.*

— 1903—1904, Jg. 22, Bd. 1, Nr. 19, S. 620—627. — *255.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1911, Jg. 29, Bd. 2, Nr. 30, 28. April, S. 97—107. — *193.*

*— 1914, Jg. 32, Bd. 2, Nr. 18, 31. Juli, S. 793—796. — *393.*

*— 1914, Jg. 32, Bd. 2, Nr. 19, 21. August, S. 841—843. — *39, 392.*

*— 1914, Jg. 33, Bd. 1, Nr. 1, 2. Oktober, S. 1—8, 9—17. — *24—25, 39, 103—104, 190, 191, 227, 232, 237—238, 240—241, 308, 343, 392.*

*— 1915, Jg. 33, Bd. 2, Nr. 5, 30. April, S. 138—146. — *243, 244, 246—247.*

*— 1915, Jg. 33, Bd. 2, Nr. 9, 28. Mai, S. 264—275. — *254—255, 258, 259—262.*

«Neue Wege, Blätter für religiöse Arbeit», Zürich, 1914, September. — *97—98.*

«The New Statesman», London. — *285.*

«Ново Време», София, 1915, № 3, 15 февруари, стр. 65—70.—*267.*

«Norddeutsche Allgemeine Zeitung», Berlin.— *319—320.*

Eine notwendige Erklärung.— «Hamburger Echo», 1914, Nr. 211, 10. September, S. 1—2. — *9, 395.*

The objects of the war.—«The Economist», London, 1915, v. LXXX, No. 3,735, March 27, p. 614—615. — *203—204.*

Oppenheimer, F. Neu-Rom und Neu-Karthago.— «Frankfurter Zeitung», 1914, Nr. 254, 13. September. 1. Morgenblatt, S. 1.— *396.*

Paish, G. Great Britain's Capital Investments in Individual Colonial and Foreign Countries.—«Journal of the Royal Statistical Society», London, 1911, v. LXXIV, part II, January, p. 167—187. — *245.*

*[*Pannekoek, A.*] Sozialistische Friedensbedingungen.*—«Berner Tagwacht», 1915, Nr. 73, 29. März, S. 1; Nr. 75, 31. März, S. 1. Подпись: A. P. — *322, 323.*

*— *Der Zusammenbruch der Internationale.*—«Berner Tagwacht», 1914, Nr. 245, 20. Oktober, S. 1; Nr. 246, 21. Oktober, S. 1; Nr. 247, 22. Oktober, S. 1. — *37, 107.*

Parteipflichten! —«Volksblatt», Halle, 1914, Nr. 220, 19. September, S. 2—3. — *395.*

«Preußische Jahrbücher», Berlin, 1915, Bd. 160, April bis Juni, S. 30—53. — *270, 367.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts», 1891. 368 S. — *335.*

«Reichsgesetzblatt», Berlin, 1878, Nr. 34, S. 351—358. — *83, 98, 273—274.*

«Rheinische Zeitung für Politik, Handel und Gewerbe», Köln. — *47.*

— 1843, Nr. 15, 15. Januar, S. 1—2; Nr. 17, 17. Januar, S. 1; Nr. 18, 18. Januar, S. 1—2; Nr. 19, 19. Januar, S. 1—2; Nr. 20, 20. Januar, S. 1.— *47.*

Rien de Trop.—«Le Temps», Paris, 1915, N 19582, 16 février, p. 1. — *187.*

[*Riezler, K.*] *Grundzüge der Weltpolitik in der Gegenwart.* Stuttgart — Berlin, Deutsche Verlags-Anstalt, 1913. XIII, 252 S. Перед загл. авт.: Ruedorffer, J. J. — *265.*

Sartorius von Waltershausen, A. Das volkswirtschaftliche System der Kapitalanlage im Auslande. Berlin, Reimer, 1907. 442 S. — *265.*

Schultze, E. Das französische Kapital in Rußland.—«Finanz-Archiv», Stuttgart — Berlin, 1915, Jg. 32, Bd. 1, S. 125—133. — *248.*

Trades' Unions. Their past, present, and future. [Резолюция, принятая на Женевском конгрессе I Интернационала]. — В кн.: The International Working Men's Association. Resolutions of the Congress of Geneva, 1866, and the Congress of Brussels, 1868. London, Lane, [1869], p. 8—9. Под общ. загл.: Resolutions of First Congress Assembled at Geneva, September, 1866. — *388.*

**Trotzky, L. Der Krieg und die Internationale.* Б. м., «Borba» («Der Kampf»), [1914]. 162 S. — *156, 157, 158, 159.*

Ultimatum. — «Vorwärts», Berlin, 1914, Nr. 200, 25. Juli, S. 1. Под общ. загл.: Krieg? — *393.*

Vaillant, E. Formalistes doctrinaires. — «L'Humanité», Paris, 1914, N 3827, 9 octobre, p. 1. — *37, 268, 365, 394.*

Verdächtige Tyrannentöter! — «Leipziger Volkszeitung», 1914, Nr. 174, 31. Juli. 1. Beilage der «Leipziger Volkszeitung», S. [1]. — *393.*

«Volksblatt», Halle, 1914, Nr. 220, 19. September, S. 2—3. — *395.*

«Volksrecht», Zürich. — *267, 408.*

— 1914, Nr. 206, 5. September, S. 1. — *393, 395.*

— 1914, Nr. 211, 11. September, S. 1. — *9, 39, 395.*

— 1915, Nr. 97, 27. April, S. [4]. — *409.*

Von der russischen Sozialdemokratie im Auslande. — «Berner Tagwacht», 1914, Nr. 291, 12. Dezember, S. 3. — *123.*

«Vorwärts», Berlin. — *31, 38, 315, 320, 396—397.*

— 1895, Nr. 76, 30. März, S. 1—2. — *102.*

— 1914, Nr. 200, 25. Juli, S. 1. — *393.*

— 1914, Nr. 209, 3. August, S. 1. — *393.*

— 1914, Nr. 211, 5. August. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 1—2. — *1—2, 394.*

*— 1914, Nr. 227, 21. August. Unterhaltungsblatt des «Vorwärts», Nr. 162, S. [2]. — *396.*

— 1914, Nr. 232, 26. August, S. [1—2]. — *394.*

— 1914, Nr. 247, 10. September. Unterhaltungsblatt des «Vorwärts», Nr. 179, S. [3]. — *9.*

— 1914, Nr. 249, 12. September. Bezirks-Beilage des «Vorwärts» für Norden-Osten, S. [1]. — *395.*

— 1914, Nr. 250, 13. September. Beilage des «Vorwärts» Berliner Volksblatt, S. [2]. — *9, 37, 39, 395.*

— 1914, Nr. (265—267) 268, 1. Oktober, S. 1. — *31, 262.*

W. C. Modell 70.—«Vorwärts», Berlin, 1914, Nr. 227, 21. August. Unterhaltungsblatt des «Vorwärts», Nr. 162, S. [2], в отд.: Kleines Feuilleton. — *397.*

*[*Wendel, H.*] Europa in Feuersgefahr.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1914, Jg. 32, Bd. 2, Nr. 18, 31. Juli, S. 793—796.— *393.*

*— *Jaurès.* —«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1914, Jg. 32, Bd. 2, Nr. 19, 21. August, S. 841—843. — *39, 392.*

Wie man heute Revolutionen macht.—«Vorwärts», Berlin, 1895, Nr. 76, 30. März, S. 1—2. — *102.*

Die zertrümmerte Internationale.—«Bremer Bürger-Zeitung», 1914, Nr. 211, 10. September, S. 1. — *9, 39, 395.*

Zibordi, G. Il Socialismo europeo e il Socialismo italiano.—«Avanti!», Milano, 1914, N. 242, 2 Settembre, p. 2. Под общ. загл.: Intorno alla guerra. — *9, 10—11.*

Zwei Internationalen.—«Volksrecht», Zürich, 1914, Nr. 211, 11. September, S. 1. — *9, 39, 395.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

татурасын да теріске шығарды, пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік-тарихи ролін түсінбеді, жұмысшы табының дербес саяси партиясын құруға ашықтан-ашық қарсы шықты, жұмысшыларды саяси қызметке қатыстырудан аулақ ұстау туралы доктринаны қорғады. К. Маркс пен Ф. Энгельс Бакуниннің реакциялық көзқарастарына қарсы батыл күрес жүргізді. Іріткі салушылық әрекеттері үшін Бакунин 1872 жылы Интернационалдан шығарылды.— *50.*

Баррес (Barrés), *Морис* (1862—1923) — француздың буржуазияшыл жазушысы және публицисі, католицизм мен империалистік реакцияның соғысқұмар идеологы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде антигермандық шовинизмді насихаттады, нағыз реакциялық буржуазиялық газет «L'Echo de Paris»-ге («Париж Жаңғырығы») жазып тұрды. — *310.*

Бауэр (Bauer), *Бруно* (1809—1882) — немістің идеалист-философы, аса көрнекті жас гегельшілдердің бірі. Публицистік қызметінің бас кезінде — буржуазияшыл радикал. 60-жылдардан бастап — Бисмаркты жақтаушы. Бауэрдің идеалистік көзқарастары К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Қасиетті әулет, немесе сыншыл сынға сын. Бруно Бауэрге және оның компаниясына қарсы» (1844) және «Неміс идеологиясы» (1845—1846) деген еңбектерінде сыналған.— *46, 47.*

Бауэр (Bauer), *Отто* (1882—1938) — Австрия социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, революциялық марксизмнен, пролетариаттың таптық күресінен бас тартуды маркстік сөздермен бүркемелеген «австромарксизм» дейтіннің идеологы. «Мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі буржуазиялық-ұлтшылдық теория авторларының бірі. Октябрь социалистік революциясы жөнінде Бауэр теріс көзқараста болды. 1918—1919 жылдары Австрия буржуазиялық республикасының сыртқы істер министрі болды. 1919, 1927 және 1934 жылдары Австрия жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін басуға белсене қатысты. Ол өзінің антикоммунистік сөздері арқылы фашизммен үндесті, пангермандық насихатты қолдап отырды.— *352.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Саяси қызметті 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; талай рет рейхстагқа депутат болып сайланды. 1870—1871 жылдардағы Франция — Пруссия соғысы кезінде рейхстагта соғыс кредиттеріне қарсы дауыс берді. 90-жылдары және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясы қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейн-

шілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 405-бет) деп санады. Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипаттағы бірқатар қателіктер жіберді. — *343, 392.*

Беленин — қараңыз: Шляпников, А. Г.

Бельгер (Belger), *Эрвин* (1875 ж.— 1919—1922 жж. аралығында) — немістің буржуазияшыл саяси қайраткері және публицисі, монархист және шовинист, герман империализмінің апологеті. Дүние жүзілік империалистік соғыстың алдында дворяндық-буржуазиялық монархиялық блок өкілдерінің реакциялық саяси ұйымы—«Социал-демократияға қарсы империялық одақтың» бас секретары болды. 1915 жылы өзінің «Социал-демократия соғыстан кейін» деген кітапшасында герман социал-демократиясы оппортунистік қанатының Германияның үстем таптарымен империалистік соғыс кезіндегі белсенді ынтымағын мадақтады. — *264—265.*

Берзин (*Берзинь,* Зиемелис*), *Я. А.* (1881—1938) — Латвияда революциялық қозғалысқа ең байырғы қатысушылардың бірі, кейін — партия және мемлекет қайраткері. 1902 жылдан партия мүшесі. 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысушы. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті, РСДРП Орталық Комитеті Шетелдік бюросының (1910) және Латыш өлкесі социал-демократиясының шетелдік топтары бюросының мүшесі болды. Латыш өлкесі социал-демократиясы IV съезінің (январь, 1914) делегаты. Съезден кейін — Латыш өлкесі социал-демократиясы Шетелдік комитетінің мүшесі және партияның орталық органы Ziņa» («Күрес») газеті редакциясының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационалистік позицияда болды. Циммервальд конференциясына және Циммервальд солшылдарын ұйымдастыруға қатысты. 1917 жылдың жазында Петроградқа қайтып келіп, Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. 1918 жылы—Совет республикасының Швейцариядағы уәкілетті өкілі. 1919 жылы — Советтік Латвия халық ағарту комиссары. 1920 жылдан бастап — қайтадан дипломатиялық жұмыста болды. 1932 жылдан бастап — СССР және РСФСР Орталық Архив басқармасының бастығы.— *169.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап араласты. 1881 жылдан 1889 жылға

---
* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

дейін—Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы—«Der Soźialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген атпен сериялы мақалалар жариялады, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн жұмысшы қозғалысының негізгі міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы— қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде социал-шовинистік позицияда болды. Бұдан кейінгі жылдарда Бернштейн империалистік буржуазияның саясатын қолдаумен болды, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы шықты.— *87, 93, 283, 316—317, 321, 394.*

Бисмарк (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты. Бисмарктің негізгі мақсаты бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру болды. 1871 жылы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті, сөйтіп 20 жыл бойына ол Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты. 1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде кауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда Бисмарктің болымсыз садақалармен жұмысшы қозғалысын аздырмақ болған әрекетінен ештеңе шықпады. 1890 жылы отставкаға кетті. — *18, 28, 82, 114, 126, 146, 306.*

Биссолати (Bissolati), *Леонида* (1857—1920) — Итальян социалистік партиясын құрушылардың және оның әсіре оңшыл реформистік қанаты лидерлерінің бірі. 1896—1904 және 1908—1910 жылдары социалистік партияның орталық органы—«Avanti!» («Алға!») газетінің редакторы болды. 1897 жылдан — парламент мүшесі. 1912 жылы Итальян социалистік партиясынан шығарылғаннан кейін ол «социал-реформистік партия» құрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Италияның Антанта жағында соғысқа қатысуын жақтаушы. 1916—1918 жылдары портфельсіз министр ретінде үкіметке кірді.— *10, 37, 120, 124, 161, 267, 355, 359.*

Блэчфорд (Blatchford), *Роберт Пил Глэнвилл* (1851—1943) — ағылшынның реформист-социалисі, журналист және жазушы. 1891 жылдан бастап социалистік «Clarion» («Керней») апталығын шығарып тұрды. Реформистік Тәуелсіз жұмысшы партиясының негізін салушылардың және оның идеологтарының бірі болды. 1899—1902 жылдардағы ағылшын-бур соғысы кезінен бастап социал-шовинизм позициясын ұстады. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бастапқы кезінде ағылшын баспасөзінің ең шовинистік органдарына жазып тұрды. 1916 жылы Гайндманмен бірге шовинистік-сектанттық Ұлттық социалистік партияны құрды.— *288—290.*

Бобринский, В. А. (1868 ж. туған) — граф, реакцияшыл саяси қайраткер, ірі жер иесі және қант заводының иесі. Тула губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. Думаларда оң қанатқа қосылды. Барып тұрған ұлтшыл болған ол Россияның ұлттық шет аймақтарын күшпен орыстандыруды жақтады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. 1919 жылы шетелге эмиграцияға кетті.— *112, 114.*

Бобров — қараңыз: Натансон, М. А.

Борисов, М.— қараңыз: Ратнер, М. Б.

Борхардт (Borchardt), *Юлиан* (1868—1932) — неміс социал-демократы, экономист және публицист. 1900 жылдан 1906 жылға дейін — социал-демократиялық органдар «Volksblatt» («Халық Листогы») пен «Volksżeitung»-тың («Халық Газеті») редакторы. 1911—1913 жылдары Пруссия ландтагының депутаты. 1913—1916 және 1918—1921 жылдары солшыл социал-демократиялық журнал «Lichtstrahlen»-нің («Жарық Сәулесі») редакторы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Борхардт осы журналдың төңірегіне топтасқан «Германияның интернационалдық социалистері» деген солшыл социал-демократиялық топты басқарып, социал-шовинизмге және империалистік соғысқа қарсы күрес жүргізді; Циммервальд конференциясына қатысты, Циммервальд солшылдарына қосылды. Бірақ Борхардт және оның тобы социал-шовинистерден толық ажырасудың және жұмысшы табының дербес саяси партиясын құрудың қажеттігін түсінбеді, сөйтіп соғыстың аяқ кезінде синдикалистік позицияға көшті. Соғыстан кейін Борхардт белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *165, 405.*

Брантинг (Branting), *Карл Яльмар* (1860—1925) — Швеция социал-демократиялық партиясының лидері, II Интернационал басшыларының бірі. Оппортунистік позицияда болды. 1884 жылдан либералдық «Tiden» («Уақыт») газетінің қызметкері, кейін редакторы болды; 1887—1917 жылдары (үзілістермен) — социал-демократиялық партияның орталық органы —«Sozialdemokra-

ten» («Социал-Демократ») газетінің редакторы; 1897—1925 жылдары риксдаг депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылы Эденнің коалициялық либерал-социалистік үкіметіне енді, Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын қолдады. 1920, 1921—1923 және 1924—1925 жылдары социал-демократиялық үкіметтерді басқарды.— *117, 161, 267.*

Браун (Braun), *Отто* (1872—1955) — герман социал-демократиясы оң қанаты лидерлерінің бірі. 1912 жылдан — Герман социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі. 1913 жылдан — Пруссия ландтагының депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1918 жылғы ноябрьден — Пруссияның ауыл шаруашылық министрі. Герман Ұлттық жиналысының мүшесі және рейхстаг депутаты болды. 1920—1932 жылдары (үзілістермен) Пруссияның коалициялық үкіметін басқарды, үкімет социал-демократиялық және буржуазиялық партиялардың өкілдерінен құралды. Герман пролетариатының революциялық және ереуіл қозғалыстарын басуға белсене қатысты, талай рет КПСС пен СССР-ге өршелене қарсы шықты.— *165.*

Бронштейн, Л. Д.— қараңыз: Троцкий, Л. Д.

Бронштейн, С. Ю.— қараңыз: Семковский, С.

Брэйлсфорд (Brailsford), *Генри Ноэль* (1873 ж. туған) — ағылшынның буржуазияшыл публицисі, пацифист. Балқандағы, Ирландиядағы, Египет пен Индиядағы ұлт-азаттық қозғалысын қолдап отырды. Ағылшынның либералдық және жұмысшы баспасөзіне белсене жазып тұрды. Англия үкіметінің империалистік саясатымен келіспей, 1907 жылы Тәуелсіз жұмысшы партиясына қосылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталысымен—пацифистік Демократиялық бақылау одағы басшыларының бірі. 1922—1926 жылдары—Тәуелсіз жұмысшы партиясының органы «The New Leader»-дің («Жаңа Лидер») редакторы. 1920 және 1927 жылдары СССР-ге келіп кетті, ниеттес болды. — *236—237.*

Буквоед — қараңыз: Рязанов, Д. Б.

Бурцев, В. Л. (1862—1936) — 80-жылдардағы революциялық қозғалысқа қатысты, халық ерікшілеріне жақын болды. Тұтқында болғаннан кейін шетелге қашты, онда революциялық қозғалыстың документтерін жинап, жариялаумен шұғылданды. «Былое» журналын шығарды. Бірінші орыс революциясының алдында эсерлерге жақын болды, революция жеңіліске ұшырағаннан кейін кадеттерді қолдады. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — нағыз шовинист. Россияға қайтып келіп, большевиктерге қарсы контрреволюция жағында әрекет жаса-

ды. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, СССР-ге қарсы күресу үшін ақ гвардиялық-монархистік ұйымдарды құруға қатысты.— *110, 355.*

Буше (Boucher), *Эжен Артюр* (1847—1933) — генерал, француз милитаризмі идеологтарының бірі. Франция-Пруссия соғысына (1870—1871) және француз отаршыларының Алжирдегі ұлт-азаттық қозғалысты басуына қатысты. 80-жылдардың аяғынан бастап француз армиясы бас штабының офицері ретінде Франция мен Россияның Германияға қарсы шабуыл жасау соғысының жоспарларын дайындауға қатысты, дүние жүзілік империалистік соғыстан бірнеше жыл бұрын өзінің бірқатар еңбектерінде осы жоспарлар жөнінде пікірлер айтқан болатын. Соғыс кезінде француз армиясы бөлімдерін басқарды.— *287.*

Бюхнер (Büchner), *Фридрих Карл Христиан Людвиг* (1824—1899) — немістің буржуазияшыл философы, тұрпайы материализмнің басты өкілдерінің бірі, буржуазияшыл реформист; кәсібі жөнінен дәрігер. 1852 жылдан — Тюбинген университетінде сот медицинасы кафедрасының приват-доценті. Өзінің «Күш және материя» деген негізгі шығармасында тұрпайы материализмді жүйелі түрде баяндап берді. Жаратылыс тану ғылымын дүниеге көзқарастың негізі деп санай отырып, Бюхнер, алайда, диалектикаға мән бермеді, табиғат пен қоғамға механистік көзқарастарды жаңғыртты. «Адам және оның табиғаттағы орны...», «Дарвинизм және социализм» деген және басқа кітаптардың авторы.— *54.*

В

Вальян (Вайян) (Vaillant), *Эдуар Мари* (1840—1915) — француз социалисі, II Интернационал басшыларының бірі. Ертеректе I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі болды, Париж Коммунасы Атқару комиссиясына енді. Франция Социалистік партиясын құруға инициатор болғандардың бірі (1901). 1905 жылы Франция социалистік партиясы реформистік Француз социалистік партиясымен біріккеннен кейін Вальян аса маңызды мәселелер жөнінде оппортунистік позицияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист.— *37—38, 167, 168, 259—260, 268, 298, 359, 365, 394.*

Вандервельде (Vandervelde), *Эмиль* (1866—1938) — Бельгия жұмысшы партиясының лидері, II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының председателі, барып тұрған оппортунистік позицияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, буржуазиялық үкіметке кірді, әр түрлі министрлік қызметтерде болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін империалистік соғысты одан әрі жүргізуге үгіттеу үшін Россияға келді. Вандервельде Октябрь социалистік революциясына дұшпан-

дық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияға белсене жәрдемдесті; II Интернационалды қалпына келтіру үшін аз күш жұмсаған жоқ. 1925—1927 жылдарда — Бельгияның сыртқы істер министрі, СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін (1925) жасасуға қатысты, коммунистер мен социалистердің біртұтас антифашистік майданын құруға қарсы белсене күресті. Вандервельде — бірқатар кітаптар мен кітапшалардың авторы. В. И. Ленин атап көрсеткендей, Вандервельденің еңбектерінде «мещандық эклектицизм» «марксизмге қарсы, софистика диалектикаға қарсы, филистерлік реформизм пролетарлық революцияға қарсы шығады» (Шығармалар, 28-том, 327-бет).— *2, 24, 106, 120, 124, 129, 163, 167, 168, 191, 201, 215, 227, 268, 269, 279, 358, 361, 364—365, 374—375, 394, 396.*

Вебб (Webb), *Сидней* (1859—1947) — белгілі ағылшын қоғам қайраткері, реформист. Зайыбы Беатриса Веббпен бірге ағылшын жұмысшы қозғалысының тарихы мен теориясы жөнінде бірқатар еңбектер жазды. Ұсақ буржуазия мен жұмысшы аристократиясының идеологы болған Сидней Вебб өзінің еңбектерінде жұмысшы мәселесін капиталистік қоғам шеңберінде бейбіт жолмен шешу идеясын ұсынды. Реформистік Фабий қоғамының негізін салушылардың бірі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында социал-шовинизм позициясын ұстады. Бірінші (1924) және екінші (1929—1931) лейбористік үкіметтерге кірді. Совет Одағына дұрыс ниетте болды.— *285.*

Вендель (Wendel), *Герман* (1884—1936) — неміс социал-демократы, публицист және жазушы. Дүние жүзілік империалистік соғыстың алдында герман социал-демократиясының сол қанатына қосылды. Герман социал-демократиясының баспасөзіне, оның ішінде теориялық «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналына белсене жазып тұрды. 1911—1918 жылдары рейхстаг мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. Соғыстан кейін белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *392, 393.*

Вестфален — қараңыз: Маркс, Женни.

Вестфален (Westphalen), *Фердинанд Отто Вильгельм Хеннинг* (1799—1876) — Пруссияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, Пруссияның феодалдық аристократиясы өкілдерінің бірі, монархист; К. Маркстің әйелі — Ж. Вестфаленнің ағасы. 1850—1858 жылдары — Пруссияның ішкі істер министрі, реакциялық саясат жүргізді.— *47.*

Вивиани (Viviani), *Рене* (1863—1925) — француздың саяси және мемлекет қайраткері; кәсібі жөнінен адвокат. 1893 жылдан бастап бірнеше рет парламент мүшесі болып сайланды, парламентте буржуазиялық партиялармен ашықтан-ашық ын-

тымақтасқан «тәуелсіз социалистер» деп аталатындарға қосылды. 1906 жылы социалистік партиядан қол үзіп, Мильеранмен және басқа ренегаттармен бірге 1911 жылы буржуазиялық «республикалық социалистік партия» деп аталатынды құрды. 1906—1917 жылдары әр түрлі министрлік қызметтер атқарды. 1914 жылдан 1915 жылға дейін — премьер-министр. 1920—1921 жылдары Ұлттар лигасында Францияның өкілі болды, 1921—1922 жылдары Вашингтон конференциясында Францияның өкілі болды.— *187.*

Виллих (Willich), *Август* (1810—1878) — Германиядағы революциялық қозғалысқа қатысушы. 1847 жылы Коммунистер одағына кірді. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революция кезеңінде оңтүстік герман республикашылдарының бірқатар қарулы бой корсетулеріне қатысты. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға, одан кейін Англияға эмиграцияға кетті. 1850 жылы Коммунистер одағынан бөлініп шыққан сектанттық-авантюристік фракция лидерлерінің бірі болды. К. Маркс пен Ф. Энгельс Виллихтің және оның жақтастарының тактикасына қарсы шықты. 1853 жылы Виллих Америка Құрама Штаттарына кетті, онда азамат соғысына (1861—1865) белсене қатысып, солтүстіктегілер армиясында әр түрлі командалық қызметтер атқарды.— *82.*

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941) — герман императоры және Пруссия королі (1888—1918) — *5, 16, 238.*

Г

Гаазе (Haase), *Гуго* (1863—1919) — герман социал-демократиясы лидерлерінің бірі, центрист. 1911 жылы Герман социал-демократиялық партиясы басқармасының председателі болып сайланды. 1897—1907 және 1912—1918 жылдары рейхстаг депутаты. 1912 жылдан —рейхстагтағы социал-демократиялық фракцияның председателі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позицияда болды. 1917 жылы Каутскиймен бірлесіп «Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясын» құрған. Ленин Гаазені және неміс «тәуелсіздер» партиясының басқа да лидерлерін «малай жандар, доктринерлер, қорқақтар, буржуазияның жігерсіз жәрдемшілері және реформистер» (Шығармалар, 29-том, 565-бет) деп атады. Германияда 1918 жылы болған Ноябрь революциясы кезінде Гаазе революциялық қозғалысты басып-жаншу саясатын жүргізген Халық уәкілдерінің советі дейтіннің құрамына кірді.— *97—98, 106, 215, 269, 270, 283, 316, 364, 394.*

Гайндман (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921) — ағылшын социалисі, реформист. 1881 жылы Демократиялық федерацияны құрды, ол 1884 жылы Социал-демократиялық федерация

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё)* (1845—1922) — француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. Саяси қызметін 60-жылдардың екінші жартысында бастады. К. Маркс пен Ф. Энгельс еңбектерінің ықпалымен марксизм позициясына көшті; 1877 жылы «L'Égalité» («Теңдік») газетінің негізін салушылардың бірі болды, бұл газет 1879 жылы француз пролетариатының тұңғыш дербес саяси партиясы — Франция Жұмысшы партиясын құруда шешуші роль атқарды. Маркс пен Энгельстің қолдауымен Гед Лафаргпен бірлесіп партияның программасын жазды, ол Гавр конгресінде (1880) қабылданды. 1901 жылы Гед және оның жақтастары Франция Социалистік партиясын құрды, бұл партия 1905 жылы реформистік Француз социалистік партиясымен қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деп аталды. Францияда марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін Гед көп жұмыс істеді.

Бірақ, оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық сипаттағы қателіктер жіберді: ол жұмысшы табының күресінде партияның ролін жете бағаламады, пролетариаттың соғысқа көзқарасы туралы мәселе жөнінде теріс позиция ұстады. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталғанда, Гед социал-шовинистік позиция ұстап, Францияның буржуазиялық үкіметіне кірді. Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі (1920) көпшілігіне қосылмады. — *2, 37, 119—120, 124, 130—131, 191, 214—215, 225, 226, 259—260, 272, 394, 396, 405.*

Гейне (Heine), *Вольфганг* (1861—1944) — немістің саяси қайраткері, оңшыл социал-демократ, кәсібі жөнінен — адвокат. 1898 жылы рейхстагқа сайланды, бірақ көп ұзамай социал-демократтар ұйымдастырған саяси демонстрацияға қатысудан бас тартқаны үшін мандатынан айрылды. «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының қызметкері болды. Ревизионистік сипаттағы мақалалары үшін Бебель, Меринг және басқалар тарапынан қатты сынға алынды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Гейне юстиция министрі, ал 1919—1920 жылдары Пруссия үкіметінің ішкі істер министрі болды. 1920 жылдан кейін саяси қызметтен шеттеп, адвокаттық істермен айналысты. 1933 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетті.— *261, 359, 361, 364.*

Гексли (Huxley), *Томас Генри* (1825—1895) — ағылшын жаратылыс зерттеушісі, 1871 жылдан — Лондон корольдік қоғамының секретары, 1883—1885 жылдары — осы қоғамның президенті. Ч. Дарвиннің ең жақын серігі және оның ілімін таратушы, Гекслидің зоология, палеонтология, антропология және салыстырмалы анатомия саласындағы зерттеулерінің, атап айт-

қанда, жоғары сатыдағы маймылдардың морфологиялық жағынан адамға жақындығын дәлелдеуінің Дарвин ілімін негіздеу үшін маңызы зор болды. Энгельстің сөзімен айтқанда, стихиялық, «ұялшақ» материалист бола отырып, Гексли сонымен қатар материализмнен бас тартты, өзін агностик деп жариялады (ол осы терминді философияға бірінші рет енгізді). «Нақ сол Махтың философиясы сияқты, Гекслидің философиясы да,— деп жазды В. И. Ленин,— юмизм мен берклишілдіктің қоспасы. Бірақ Гекслидің берклишілдік шаптығулары — кездейсоқ нәрсе, ал оның агностицизмі материализмді бүркемелеу болып табылады» (Шығармалар толық жинағы, 18-том, 233-бет).

Гекслидің негізгі еңбектері: «Органикалық тіршілік иелері арасында адамның алатын орны туралы», «Юм», «Эволюция және этика» және басқалар.— *53, 387.*

Гендерсон (Henderson), *Артур* (1863—1935) — лейбористік партия мен ағылшын кәсіптік қозғалысы лидерлерінің бірі. 1908—1910 және 1914—1917 жылдары — лейбористердің парламенттік фракциясының председателі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Асквит коалициялық үкіметіне, одан соң Ллойд Джорджның әскери кабинетіне кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін соғысты жүргізе беруге үгіттеу үшін Россияға келді. 1919 жылы — Берн (II) Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі, 1923 жылдан бастап — біріккен (II) Социалистік жұмысшы Интернационалы Атқару Комитетінің председателі. Англияның буржуазиялық үкіметіне бірнеше рет кірді.— *279.*

Гениш (Haenisch), *Конрад* (1876—1925) — неміс социал-демократы, публицист. Пруссия ландтагының депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — герман социал-шовинизмі идеологтарының бірі; 1915 жылғы октябрьден бастап социал-шовинистердің органы — «Die Glocke» («Қоңырау») журналының редакторы болды. 1918—1921 жылдары — Пруссияның дін және ағарту министрі.— *163, 201, 260—261.*

Гёте (Goethe), *Иоганн Вольфганг* (1749—1832) — немістің ұлы ақыны және ойшылы. Бірқатар романдардың, драмалардың және трагедиялардың авторы. 1794 жылы Ф. Шиллермен бірге ұсақ буржуазиялық филистерлікке қарсы бағытталған «Момақан Ксениялар» деп аталатын эпиграммалар сериясын жариялады.— *251.*

Гизо (Guizot), *Франсуа Пьер Гийом* (1787—1874) — француздың буржуазияшыл тарихшысы және мемлекет қайраткері. Тап күресі жөніндегі буржуазиялық теорияны шығарушылардың бірі болды, сол теория арқылы өкімет басына буржуазияның келуін негіздеуге тырысты. Бұл теорияның мәні мүліктік қатынас — таптық өзгешеліктер мен тап күресінің негізі бола-

ды дегенге келіп саяды. Гизо өзінің буржуазиялық өресіздігінен меншіктің шын тегі жөнінде мәселе көтермеді, қанау қатынастарын таптық тұрғыдан аша алмады. Дворяндармен ымыраға келуді жақтай отырып, ол халық бұқарасының күресіне барып тұрған дұшпандық көзқараста болды. 1840—1848 жылдары Гизо іс жүзінде Францияның сыртқы және ішкі саясатына басшылық етті. 1848 жылы февральда басталған революция Гизо кабинетінің құлауына әкеліп соқтырды.

Гизоның ең маңызды еңбектері: «Европадағы цивилизацияның тарихы», «Франциядағы цивилизацияның тарихы», «Ағылшын революциясының тарихы» және басқалар.— *60, 207.*

Гильом (Guillaume), *Джемс* (1844—1916) — анархист, публицист, марксизмнің қас жауы. I Интернационалдың мүшесі болды, оның бірқатар конгрестеріне қатысты. 60-жылдардың аяқ кезінен бастап — Бакуниннің серігі; бакуниндік құпия социалистік демократия Альянсы ұйымдастырушыларының және басшыларының бірі, оның Интернационалға қарсы іріткі салу-бүлдіру әрекеттеріне және Интернационалдың басшылары — Маркс пен Энгельске қарсы жала жабу науқандарына белсене қатысты. 1872 жылы Гаага конгресінде Гильом Бакунинмен бірге Интернационалдан шығарылды. 1872—1877 жылдары — халықаралық анархистік ұйым басшыларының бірі. 1878 жылдан бастап Францияда тұрды, онда XX ғасырдың басынан бастап анархистік-синдикалистік қозғалысқа қатысты. 1905—1910 жылдары I Интернационал туралы төрт томдық еңбек шығарды, онда Интернационалдың тарихын бұрмалап, марксизмнің өңін айналдырды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист.— *343.*

Гильфердинг (Hilferding), *Рудольф* (1877—1941) — герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың оппортунист лидерлерінің бірі; «австромарксизм» дейтіннің теоретигі. 1907 жылдан 1915 жылға дейін — Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Vorwärts» («Алға») газетінің редакторы. 1910 жылы «Финанс капиталы» деген еңбек жариялады, бұл еңбек монополистік капитализмді зерттеуде белгілі бір дәрежеде игі роль атқарды, сонымен қатар онда елеулі теориялық қателер және оппортунистік қағидалар да бар еді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, социал-империалистермен бірлікті жақтады. Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейін «ұйымдасқан капитализм» теориясының авторы ретінде, мемлекеттік-монополистік капитализмнің апологеті ретінде көрінді. 1917 жылдан — Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының лидері, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасының ашық жауы. Веймар республикасы буржуазиялық үкіметінің құрамына бірнеше рет кірді. Өкімет басына фашизм келгеннен кейін Францияға эмиграцияға кетті. — *389.*

Гинденбург (Hindenburg), *Пауль* (1847—1934) — герман әскери және мемлекет қайраткері, фельдмаршал, герман империализмінің реакциялық және шовинистік элементтерінің өкілі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — Шығыс майданындағы герман армиясының қолбасшысы, одан соң — бас штабтың бастығы. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін — Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын белсенді ұйымдастырушылардың бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясын басуға қатысты. 1925—1934 жылдары — Веймар республикасының президенті. 1933 жылы Гитлерге үкімет құруды тапсырды, сөйтіп ресми түрде бүкіл өкімет билігін фашистердің қолына берді.— *316, 321, 322—323, 327, 364.*

Голиок — қараңыз: Холиок.

Гольдендах, Д. Б.— қараңыз: Рязанов, Д. Б.

Голэй (Golay), *Поль* — Швейцария социал-демократы, Швейцарияның батыс (француз) бөлегі социал-демократиялық ұйымының мүшесі, публицист. Лозаннадағы социалистік «Le Grutléen» («Грютлиандық») газетінің редакторы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде II Интернационалдағы оппортунизм мен социал-шовинизмге қарсы шықты. Бірақ сол кездің өзінде-ақ оппортунистерге ымырашылдық көзқарасы аңғарыла бастады. Голэй Циммервальд конференциясына келмеді, оған оны В. И. Ленин шақырған еді, содан соң көп ұзамай центристік-пацифистік позицияға көшті.— *347.*

Гортер (Górter), *Герман* (1864—1927) — голланд социал-демократы, ақын және публицист. 1897 жылы социал-демократтарға қосылды. 1907 жылы голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясы сол қанатының органы — «De Tribune» («Трибуна») газетінің негізін салушылардың бірі болды, бұл қанат 1909 жылы Голландия Социал-демократиялық партиясы («трибунистер» партиясы) болып қалыптасты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд солшылдарын жақтаушы. 1918—1921 жылдары Голландия Коммунистік партиясына кірді және Коминтерннің жұмысына қатысты; әсіре солшыл, сектанттық позиция ұстады. 1921 жылы компартиядан шықты, содан соң белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті.— *161, 196, 267, 348.*

Горький (Пешков), А. М. (1868—1936) — пролетариаттың ұлы жазушысы, социалистік реализмнің негізін қалаушы, совет әдебиетінің атасы. Революциялық қозғалысқа қатысты, социал-демократиялық партияға көмек көрсетті. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында буржуазиялық патриотизм жағына ауытқуына жол берді. В. И. Ленин Горькиймен жақын таныс болды, оның талантын жоғары бағалады, оған қателіктерін

көрсетіп, дұрыс позиция ұстауына көмектесіп, ол жөнінде ұдайы қамқорлық жасады.— *99—100.*

Грав (Grave), *Жан* (1854—1939) — француздың ұсақ буржуазияшыл социалисі, анархизм теоретиктерінің бірі. Анархистік органдар «Le Révolté»-нің («Бүлікші») және «La Révolte»-нің («Бүлік») редакторы; анархизм жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. XX ғасырдың бас кезінде анархо-синдикализм позициясында болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, «La Bataille Syndicaliste» («Синдикалистік Күрес») газетінің қызметкері.— *405.*

Грей (Grey), *Эдуард* (1862—1933) — ағылшын дипломаты және мемлекет қайраткері, империалистік буржуазия өкілдерінің және Англия либералдық партиясы оң қапаты лидерлерінің бірі. 1885 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1916 жылдары — либералдық үкіметтерде сыртқы істер министрі. Дүние жүзілік империалистік соғысқа әзірлік саясатын жүргізді, оны бейбітшілікті қамтамасыз ету, құлдықтағы халықтарды азат ету, т. т. жөніндегі жел сөздермен бүркемеледі. 1915—1916 жылдары Англияның империалистік соғыстағы одақтастарымен дүние жүзін қайта бөлісу жөнінде бірқатар құпия келісімдер жасасты.— *35, 203—204.*

Грейлих (Greulich), *Герман* (1842—1925) — Швейцария социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың бірі, оның оң қанатының лидері, публицист. 1869 жылдан 1880 жылға дейін Цюрихте социал-демократиялық «Tagwacht» («Сақшы») газетін редакциялады; 1887—1925 жылдары — Швейцар жұмысшы одағының секретары. Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі болды. 1890 жылдан — Цюрих кантондық советінің, ал 1902 жылдан Швейцария парламентінің мүшесі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Циммервальд солшылдарына қарсы күресті.— *161, 267.*

Гримм (Grimm), *Роберт* (1881—1958) — Швейцария социал-демократиялық партиясы лидерлерінің бірі. 1909—1918 жылдары — «Berner Tagwacht» («Берн Сақшысы») газетінің бас редакторы және Швейцария Социал-демократиялық партиясының секретары. 1911 жылдан бастап — Швейцария парламентінің мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдары — центрист, Циммервальд және Кинталь конференцияларының председателі, Халықаралық социалистік комиссияның председателі. Вена ($2^1/_2$) Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1945—1946 жылдары — Швейцария Ұлттық советінің председателі. — *161, 267.*

Гуревич, Э. Л. (Смирнов, Е.) (1865 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу

жылдарында — жойымпаз, жойымпаз-меньшевиктердің «Наша Заря» журналының негізін салушылардың бірі және оның қызметкері. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — социал-шовинист.— *21, 38, 110, 121, 122, 393, 398.*

Гучков, А. И. (1862—1936) — ірі капиталист, октябристер партиясын ұйымдастырушы және оның лидері. Бірінші орыс революциясы дәуірінде үкіметтің жұмысшы табы мен шаруаларды аяусыз жазалау жөніндегі саясатын қолдады. 1910—1911 жылдары — III Мемлекеттік думаның председателі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің председателі және қорғаныс жөніндегі Ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамының әскери және теңіз министрі. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті, ақ эмигрант.— *111, 239.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930) — герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, ревизионист, кәсібі жөнінен экономист. Неміс оппортунистерінің «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының негізін салушылардың бірі болды. 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітап шығарды, бұл кітапты В. И. Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. 1903 жылдан бастап рейхстагтың депутаты болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. «Социал-демократия бүкіл дүние жүзілік соғыста» деген кітапта (1915) неміс социал-демократиясы оң қанатының империалистік соғыстағы оппортунистік позициясын қорғады. 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметіне кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары — үкіметтің Гессендегі өкілі; герман империализмінің реваншистік талаптарын қолдады, СССР-ге дұшпандық көзқараста болды. — *226, 261, 275, 295—299, 309, 343, 375.*

Делэзи (Delaisi), *Франсис* (1873 ж. туған) — француздың ұсақ буржуазияшыл экономисі, синдикалист, пацифист. Өзінің еңбектерінде финанс олигархиясының үстемдігін, барлық елдердің империалистері жүргізген бірінші дүние жүзілік соғыстың тонаушылық сипатын әшкереледі. Сонымен қатар ол тап күресіне және революциялық интернационализмге үзілді-кесілді қарсы шықты, «әлеуметтік ынтымақ» теориясын уағыздады, жұмысшылар синдикаттары мен капиталистер синдикаттары арасындағы таптық ынтымақты және осы ынтымақ негізінде «Дүние жүзі құрама штаттарын» құру жөнінде утопиялық про-

грамма ұсынды, мұны бәсекені, дағдарыстар мен соғыстарды болдырмаудың кепілі деп білді. 30-жылдары фашизмге және империалистердің екінші дүние жүзілік соғысты әзірлеуіне қарсы шықты.— *228.*

Джиффен (Giffen), *Роберт* (1837—1910) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі және статистигі, ағылшын капитализмінің апологеті. 60-жылдардан бастап бірқатар буржуазиялық мерзімді басылымдарға жазып тұрды. 1876—1897 жылдары — Англия сауда министрлігі статистика департаментінің директоры. Ағылшынның бірнеше статистикалық және экономикалық қоғамдарының президенті және негізін салушысы, көптеген парламенттік комиссиялардың сарапшысы болды. Экономика, финанс және статистика жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *237.*

Долгоруков, Павел Дм. (1866—1930) — князь, ірі помещик, кадет. 1893—1906 жылдары Москва губерниясында уездік дворяндар жетекшісі болды. Кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, 1905—1911 жылдары — оның Орталық Комитетінің председателі, кейін председателінің орынбасары. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы ақ гвардиялық заговорларға белсене қатысты. Контрреволюциялық қызметі үшін сотталды.— *111.*

Дюма (Dumas), *Шарль* (1883 ж. туған) — журналист және публицист, Франция Социалистік партиясының мүшесі, парламент депутаты. Француздың және шетелдің бірқатар социалистік баспасөз органдарына жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист.— *226.*

Ж

Желябов, А. И. (1850—1881) — орыстың аса көрнекті революционері, «Халық еркі» партиясының ұйымдастырушысы және басшысы. Желябов патша өкіметіне қарсы саяси күрестің қажеттігін халықшылдардың ішінде алғашқылардың бірі болып мойындады, оның пікірінше, бұл күресті революционерлердің ерекше ұйымы ғана ойдағыдай жүргізе алатын еді. Талантты ұйымдастырушы болған Желябов патша өкіметінің саясатына наразы адамдардың бәрін «Халық еркі» партиясының төңірегіне біріктіріп, студенттер арасында, армия мен флотта, қала жұмысшылары арасында астыртын топтар құруға тырысты; оның инициативасы бойынша Россияда тұңғыш рет жұмысшыларға арналған газет шығарылды, ол ««Халық еркіне» мүше жұмысшылардың программасы» авторларының бірі болды. Алайда Желябов жұмысшы табының тарихи ролін әлі түсінбеді, ғылыми социализмнен алыс болды, патша самодержавиесіне қарсы күресте жеке-дара террор тактикасының шешуші ролі

бар деп есептеді. Оның басшылығымен II Александрға бірнеше рет қастандық жасалды. 1881 жылғы 1 мартта патшаны өлтіруді ұйымдастырғаны үшін Желябов пен оның жолдастары — халық ерікшілері: Перовская, Кибальчич, Михайлов және Рысаков — дарға асылды.— *239.*

Жордания, Н. Н. (Ан) (1870—1953) — социал-демократ, кавказдық меньшевиктер лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Жордания формальды түрде партияшыл-меньшевиктерге қосылды, іс жүзінде жойымпаздарды қолдады. 1914 жылы Троцкийдің «Борьба» журналына жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі болды, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды; 1921 жылдан — ақ эмигрант.— *375.*

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың корнекті қайраткері, тарихшы. 1902 жылы Жорес және оның жақтастары Француз социалистік партиясын құрды, 1905 жылы бұл партия Франция социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деген ат алды. 1885—1889, 1893—1898, 1902—1914 жылдары парламент мүшесі; парламенттік социалистік фракция лидерлерінің бірі. 1904 жылы «L'Humanité» («Адамзат») газетінің негізін қалап, оны өз өмірінің ақырына дейін редакциялады. Жорес демократияны, халық бостандығын қажырлылықпен қорғап, бейбітшілік үшін, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы күресті. Соғыстарды және отарлық езгіні тек социализм ғана біржола жоятынына ол кәміл сенді. Алайда Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі жолымен емес, «демократиялық идеяның гүлденуі» нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Ленин Жорестің оны оппортунизм жолына қарай итермелеген реформистік көзқарастарын қатал сынады.

Жорестің бейбітшілік үшін күресі, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған өшпенділігін тудырды. Дүние жүзілік империалистік соғыс қарсаңында Жоресті реакцияның жұмсаған адамы өлтірді.— *392.*

Жоффр (Joffre), *Жозеф Жак Сезер* (1852—1931) — маршал, француз империалистік соғысқұмарларының өкілі. Франция-Пруссия соғысына (1870—1871) және Францияның Шығыс Азия мен Африкадағы отар жаулап алу жорығына қатысты. 1908 жылдан бастап — корпустың қолбасшысы, бірқатар жылдар бойы Жоғары әскери советтің мүшесі болды. Бас штабтың бастығы болған кезінде, француз армиясын соғысқа әзірлеуге басшылық етті. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас ке-

зінде — француз армиясының бас қолбасшысы. 1917 жылы Америкадан Францияға соғыста көмек алу мақсатын көздеп, Америка Құрама Штаттарына барған француз әскери миссиясын басқарды. Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды.— *316, 321, 322—323, 327.*

З

Зиборди (Zibordi), *Джованни* (1870—1943) — итальян социалисі, жазушы. Католиктік шіркеудің қаратүнек кертартпалығына қарсы шықты. Реформистік «La Giustizia» («Әділет») және «Critica Sociale» («Әлеуметтік Сын») журналдарына жазып тұрды. 1914—1921 жылдары — Италия депутаттар палатасының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде II Интернационалдың социалистік партияларындағы социал-шовинизмді әшкереледі, бірақ соғысқа қарсы революциялық күресті ұйымдастыруды мүмкін емес деп білді.— *9, 10.*

Зорге (Sorge), *Фридрих Адольф* (1828—1906) — неміс социалисі, халықаралық жұмысшы және социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, К. Маркс пен Ф. Энгельстің досы және серігі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға, одан соң Америкаға эмиграцияға кетті. Америкада I Интернационалдың секцияларын ұйымдастырушы, I Интернационалдың Бас Советінің секретары (1872—1874). Америка Құрама Штаттары Социалистік жұмысшы партиясының және Интернационалдық жұмысшы одағының негізін қалауға белсене қатысты. Зорге өзінің К. Маркспен, Ф. Энгельспен және басқа адамдармен жазысқан хаттарын баспаға әзірледі. Ленин Зоргенің қызметін жоғары бағалады, оны I Интернационалдың ардагері деп атады. — *83, 285.*

Зюдекум (Südekum), *Альберт* (1871—1944) — герман социал-демократиясының оппортунистік лидерлерінің бірі, ревизионист. 1900 жылдан 1918 жылға дейін — рейхстагтың депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист. Отар мәселесі жөнінен империалистік көзқарастарды уағыздады, жұмысшы табының революциялық қозғалысына қарсы күресті. 1918—1920 жылдары — Пруссияның финанс министрі. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Зюдекумді қатаң сынға алып, оны және оның жақтаушыларын «кайзердің және буржуазияның лағынет атқан малай» бандасы деп атады. «Зюдекум» деген сөз барып тұрған оппортунист пен социал-шовинистің бейнесін сипаттайтын жалпы есімдік мағынаға айналып кетті.— *9, 31, 97—98, 118, 122—123, 124, 125, 131—132, 166, 232—233, 253—254, 257—258, 268—269, 279, 280, 283, 316, 320, 321, 359, 363—364, 368, 396.*

И

Икс — қараңыз: Маслов, П. П.

Ионов (Койген, Ф. М.) (1870—1923) — социал-демократ, Бунд лидерлерінің бірі, кейін — Коммунистік партияның мүшесі. 1893 жылдан бастап Одессада социал-демократиялық үйірмелерде істеді. 1903 жылы Бунд Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1908 жылы декабрьде РСДРП V конференциясының жұмысына қатысты, негізгі мәселелер жөнінде партияшыл-меньшевиктер платформасында болды; кейіннен жойымпаздарға ымырашылдық көзқараста болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Бундтың центризмге жақын позиция ұстаған интернационалистік қанатында болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін РКП(б)-ға кірді, Вотск облыстық партия комитетінде істеді.— *199, 313.*

Иорданский, Н. И. (1876—1928) — социал-демократ, меньшевик. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде соғысты қолдады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің Оңтүстік-Батыс майдан армияларындағы комиссары болды. 1921 жылы РКП (б) қатарына кірді; 1922 жылы Сыртқы істер халық комиссариатында және Мемлекеттік баспада істеді, одан кейін Италияда уәкілетті өкіл болды. 1924 жылдан бастап әдеби қызметпен шұғылданды.— *178.*

К

Кайо (Caillaux), *Жозеф* (1863—1944) — француздың мемлекет қайраткері, Франция буржуазиялық радикалдық партиясы лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғысқа дейін — финанс министрі, Министрлер советінің председателі және ішкі істер министрі. 1911 жылы Африкада отарлық ықпал өрістеріп бөлісу жөнінде және герман капиталының француз биржасына енуіне жол беру жөнінде француз-герман келісімін жасасты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Франция мен Германия арасында империалистік мәмлеге жетуді көздеді, мұның өзі Францияның антигермандық шовинистік топтарының оған қарсы шығуына әкеліп соқты. 1925 жылдан бастап — сенатор. 1925 және 1926 жылдары финанс министрі болды. 30-жылдары — Францияның билеуші топтарының фашистік Германиямен мәмлеге келуге бағытталған халыққа қарсы саясатына дем берушілердің бірі. 1940 жылдан бастап саяси қызметтен шеттеп кетті.— *236.*

Каменев (Розенфельд), Л. Б. (1883—1936) — 1901 жылдан РСДРП мүшесі. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция жылдарында жойымпаздар, шақырымпаздар

және троцкистер жөнінде ымырашылдық позицияда болды. 1915 жылы, қамауға алынған кезінде, патша сотының алдында империалистік соғыста патша үкіметінің жеңіліске ұшырауын жақтаған большевиктік ұраннан бас тартты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған бағытына және В. И. Лениннің Апрель тезистеріне қарсы шықты. 1917 жылы октябрьде Зиновьевпен бірге жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің шешімімен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады, сөйтіп партияның жоспарын буржуазиялық Уақытша үкіметке білдіріп қойды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқатар жауапты қызметтерде болды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, 1925 жылы—«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блоктың лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *178.*

Кант (Kant), *Иммануил* (1724—1804) — классикалық неміс философиясының негізін салушы, 1770 жылдан Кёнигсберг университетінің профессоры. Канттың философиясы субъективтік идеализм мен агностицизмнің бір түрі, бірақ сонымен бірге онда «өзіндік зат» туралы ілімнен және біздің білімдеріміздің тәжірибелік сипатын мойындаудан көрінетін белгілі бір материалистік тенденция да бар. Канттшылдықтың ықпалымен классикалық неміс идеализмінің кейініректегі өкілдері (Фихте, Шеллинг, Гегель) қалыптасты, буржуазиялық философиялық ойдың неокантшылдық, позитивизм және басқалар сияқты бағыттары пайда болды. Кантқа қайтып оралуға немесе марксизмді кантшылдықпен ымыраластыруға тырысу ревизионистерге әрқашан да тән болды.

Кант философиясының қайшылықтылығы мен дәйексіздік сипаты «оңнан» да (негұрлым дәйекті субъективтік идеалистер), «солдан» да (Фейербах, Чернышевский, диалектикалық материализмнің өкілдері) сынға алынды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 18-том, 216—228, 410—413-беттер).

Канттың негізгі шығармалары: «Жалпы табиғи тарих және аспан теориясы», «Таза парасат сыны», «Практикалық парасат сыны», «Пікір қабілетінің сыны» және басқалар. — *53.*

Думада біраз уақыт трудовиктер тобына қосылды, оның председателі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — нағыз қорғампаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметтің министрі, одан кейін премьер-министрі және жоғарғы бас қолбасшысы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсенді күресті, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда жүріп антисоветтік насихат жүргізді.— *124, 354.*

Кессель (Kessel), *Густав* (1846—1918) — герман генерал-полковнигі. 80-жылдардан бастап герман армиясындағы гвардиялық бөлімдердің командирі болды. 1909—1918 жылдары—Берлин губернаторы және Бранденбург провинциясындағы әскердің бас қолбасшысы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Берлин пролетариатының ереуіл және соғысқа қарсы қозғалысын аяусыз басып отырды, социал-демократиялық баспасөзде соғысқа қарсы пікірлер айтқандарды қуғындады. — *31.*

Китченер (Kitchener), *Горацио Герберт* (1850—1916) —фельдмаршал, граф, нағыз отаршылардың және ағылшын империалистік соғысқұмарлары өкілдерінің бірі. 1896—1898 жылдары ағылшын отаршыларының армиясы Китченердің басқаруымен Шығыс Суданды басып алып, Судан патриоттарын айуандықпен жазалады. 1899—1902 жылдары Китченер Оңтүстік Африкадағы Бур республикаларына қарсы басқыншылық соғыста штаб бастығы және бас қолбасшы болды. 1902—1909 жылдары—Индиядағы ағылшын отаршылары әскерлерінің бас қолбасшысы. 1911—1914 жылдары, Египетте ағылшын өкілі және бас консул болған кезінде, іс жүзінде ел биледі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — Англияның әскери министрі.— *322—323.*

Клаузевиц (Clausewitz), *Карл* (1780—1831) — Пруссия генералы, буржуазияшыл аса ірі әскери теоретик. Пруссия (1806, 1814, 1815) және орыс (1812—1814) армияларының штаб офицері ретінде наполеондық Францияға қарсы соғыстарға қатысты. 1818—1830 жылдары Берлиндегі әскери академияның директоры болды. Клаузевиц — наполеондық және басқа да соғыстардың тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. Өзінің «Соғыс туралы» атты басты еңбегінде соғыс — саясатты басқа құралдармен жалғастыру деген терең қағиданы айтты. Алайда Клаузевиц «таптан жоғары» мемлекет жөніндегі идеалистік теорияны негізге алып, саясат пен соғыстың таптық табиғатын түсінбеді; ол саясатқа мемлекет ішіндегі әр түрлі таптар мүдделері «үйлесімділігінің» көрінісі ретінде қарады, сыртқы саясатты ішкі саясаттан метафизикалық түрде бөліп алды, соғысты мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шешудің «мәңгілік» құралы деп есептеп, оны абсолюттендірді. Клаузевицтің соғыс теориясының осы және осы тәріздес басқа да қағидала-

рын германның кайзерлік және фашистік милитаристері өздерінің агрессиялық-авантюристік соғыс доктриналарын жасауда негіз етіп алды. — *237, 238, 338—339.*

Клюк (Kluck), *Александр* (1846—1934) — генерал-полковник, герман империалистік соғысқұмарларының өкілі. Австрия-Пруссия (1866) және Франция-Пруссия (1870—1871) соғыстарына қатысты. 1906 жылдан корпус командашысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде Солтүстік Францияда соғысқан 1-герман армиясының бас қолбасшысы болды. 1916 жылы отставкаға кетті. — *106.*

Койген, Ф. М. — *қараңыз:* Ионов.

Компер-Морель (Compère-Morel), *Адеодат Констан Адольф* (1872 ж. туған) — француз социалисі, публицист. Француздың көптеген социалистік газеттері мен журналдарының редакторы және белсенді қызметкері болды. 1909 жылдан бастап — Франция депутаттар палатасының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғысқа дейін Француз социалистік партиясының сол қанатына қосылды. Соғыс басталысымен барып тұрған оңшыл, социал-шовинистік позицияға көшті, солшыл социал-демократтарға қарсы күрес жүргізді. 1933 жылдан бастап Француз социалистік партиясынан бөлініп шыққан оңшылдар (неосоциалистер дейтіндер) тобы лидерлерінің бірі болды. Одан кейінгі жерде белсенді роль атқарған жоқ. — *394.*

Корнелиссен (Cornelissen), *Христиан* — голланд анархисі, П. А. Кропоткиннің ізбасары; марксизмге қарсы шықты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — шовинист; француздың «La Bataille Syndicaliste» («Синдикалистік Күрес») газетіне жазып тұрды. — *405.*

Косовский, В. (Левинсон, М. Я.) (1870—1941) — Бундтың негізін салушылардың және оның лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. Бундтың орталық органы «Die Arbeiter Stimme» («Жұмысшы Үні») газетінің бас редакторы болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаз-меньшевиктердің органдары—«Наша Заря» журналы мен «Луч» газетіне жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, германофилдық позицияда болды. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, эмиграцияға кетіп, Польшадағы Бунд ұйымдарында істеді. 1939 жылы Америка Құрама Штаттарына кетті. — *159, 188, 223, 279, 313—314.*

Крестовников, Г. А. (1855 ж. туған) — октябрист, ірі өнеркәсіпші және биржашы. Москва көпестік банк басқармасы мен Москва биржа қоғамының председателі болды. 1906 жылы сауда-өнеркәсіп буржуазиясынан Мемлекеттік советке мүше болып сайланды. — *111.*

Кропоткин, П. А. (1842—1921) — анархизмнің басты қайраткерлерінің және теоретиктерінің бірі, князь. 1872 жылы шетелде жүріп Бакунин тобына қосылды. Россияға қайтып келгеннен кейін анархист ретінде халықшылдық қозғалысқа қатысты, сол үшін 1874 жылы тұтқынға алынып, Петропавл қамалына отырғызылды. 1876 жылы шетелге қашып кетті, онда марксизмге қарсы белсенді күрес жүргізді, К. Маркстің тап күресі және пролетариат диктатурасы туралы іліміне қарсы шықты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — шовинист. 1917 жылы эмиграциядан қайтып келіп, буржуазиялық позицияда болды, алайда 1920 жылы Европа жұмысшыларына хат жазып, Октябрь социалистік революциясының тарихи маңызын мойындады және жұмысшыларды Советтік Россияға қарсы жүргізілген соғыс интервенциясына бөгет жасауға шақырды. География және геология жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *110, 355, 405.*

Кугельман (Kugelmann), *Людвиг* (1830—1902) —неміс социал-демократы, К. Маркстің досы, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы, I Интернационалдың мүшесі. Интернационалдың Лозанна (1867) және Гаага (1872) конгрестеріне делегат болды, Маркстің «Капиталының» басылып шығуына және таратылуына жәрдемдесті. 1862 жылдан 1874 жылға дейін К. Маркспен хат-хабар алысып, Германиядағы істің жайын оған хабарлап тұрды. Маркстің Кугельманға жазған хаттары бірінші рет 1902 жылы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында басылды; 1907 жылы бұл хаттар орыс тіліне аударылып, В. И. Лениннің алғы сөзімен басылып шықты. — *83, 88.*

Кудашев, И. А. (1859 ж. туған) — патша дипломаты, князь. 1907 жылдан 1910 жылға дейін Данияда орыс елшісі болды. 1911 жылдан 1916 жылға дейін — Бельгияда елші. 1914 жылы IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияны патша өкіметіне қарсы күресті тоқтатуға және Германияға қарсы соғысты қолдауға шақырған Э. Вандервельденің телеграммасын жазуға қатысты. 1917 жылы — Испанияда орыс елшісі. — *358.*

Кунов (Cunow), *Генрих* (1862—1936) — немістің оңшыл социал-демократы, тарихшы, социолог және этнограф, профессор. 1917 жылдан 1923 жылға дейін — Герман социал-демократиялық партиясының органы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы. Бастапқы кезде марксистерге қосылды, кейін ревизионист және марксизмді бұрмалаушы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-империализмнің теоретигі. Ленин Куновты «империализм мен аннексиялардың неміс апологеті» (Шығармалар, 22-том, 283-бет) деп атады. — *229—230, 232, 234, 240, 254, 282.*

Кутлер, Н. Н. (1859—1924) — кадеттер партиясының көрнекті қайраткері; финанс министрлігінің чиновнигі; 1905—1906 жылдары — егіншілік және жерге орналастыру министрі; II және III Мемлекеттік думалардың мүшесі, кадеттердің аграрлық программасының жобасы авторларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Финанс халық комиссариатында істеді. — *111.*

Л

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздар лидерлерінің бірі. 1912 жылы Троцкий ұйымдастырған антипартиялық Август блогына қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында центристерге қосылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «Интернационал» журналын шығарған интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық ұйымдарында істеді. — *117, 118, 122, 133, 135, 176.*

Лассаль (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі—лассальшылдықтың негізін қалаушы. Лассаль Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін салушылардың бірі болды. Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, бірақ Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға салды. Лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жария үгіт жүргізу арқылы, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндірістік ассоциациялар құру арқылы «еркіті халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакциялық Пруссияның гегемондығымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационалдың қызметіне және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшылардың таптық санасын қалыптастыруға бөгет жасады.

Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастары марксизм-ленинизм классиктері тарапынан қатаң сынға алынды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын»; В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар).— *82, 89, 144, 145—146, 154, 251, 297.*

Лафарг (Lafargue), *Лаура* (1845—1911) — Франция жұмысшы қозғалысының қайраткері, К. Маркстің қызы. Марксизмді Францияда таратуға үлкен еңбек сіңірді; күйеуі Поль Лафаргпен бірге «Коммунистік партияның Манифесін» француз тіліне аударды, К. Маркстің «Саяси экономия сыны жөнінде», Ф. Энгельстің «Людвиг Фейербах және немістің классикалық

философиясының ақыры» деген еңбектерін, ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың басқа да шығармаларын француз тіліне аудару оның үлесіне тиді.—*51.*

Лафарг (Lafargue), *Поль* (1842—1911) — француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, талантты публицист, Франциядағы ғылыми коммунизмнің алғашқы ізбасарларының бірі, К. Маркс пен Ф. Энгельстің жақын досы әрі серігі. I Интернационалдың мүшесі болды. Ж. Гедпен бірге Франция Жұмысшы партиясын құрды, оның органы «L'Égalité» («Теңдік») газетінің редакторы болды. Лафарг II Интернационалдағы оппортунизмге қарсы белсене күресті, орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құттықтады, кейін большевиктерге іш тартып қарады. Өзінің көптеген еңбектерінде Лафарг саяси экономия, философия, тарих, тіл білімі саласында марксизм идеяларын насихаттады және қорғады; реформизм мен ревизионизмге қарсы күресті. Алайда Лафаргтың еңбектері, атап айтқанда, шаруа және ұлт мәселелері жөнінде, социалистік революцияның міндеттері туралы мәселе жөнінде қате теориялық қағидалардан ада емес еді.— *51, 91.*

Левинский, В. П. (1880—1953) — Галициядағы украин социал-демократиясы қайраткерлерінің бірі. 1913—1914 жылдары буржуазиялық-ұлтшылдық жария журнал «Дзвінге» («Қоңырау») белсене қатысты. Октябрь революциясынан кейін Совет өкіметінің ашық жаулары лагеріне ауысты. — *138.*

Левинсон, М. Я. — қараңыз: Косовский, В.

Легин (Legien), *Карл* (1861—1920) — неміс оңшыл социал-демократы, неміс кәсіподақтары лидерлерінің бірі, ревизионист. 1890 жылдан — Германия кәсіподақтары Бас комиссиясының председателі. 1903 жылдан—Кәсіподақтардың халықаралық секретариатының секретары, ал 1913 жылдан — председателі. 1893 жылдан 1920 жылға дейін (арасында үзілістер болды) — герман социал-демократиясынан рейхстагқа депутат. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист. 1919—1920 жылдары — Веймар республикасының Ұлттық жиналысының мүшесі. Буржуазия саясатын қолдады, пролетариаттың революциялық қозғалысына қарсы күресті.— *261, 270, 273—275, 276—277, 279, 375.*

Ледер, В. Л. (1882—1938) — поляк жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі. 1900 жылдан Польша мен Литва социал-демократиясының мүшесі. 1910—1911 жылдары— Польша Корольдігі мен Литва Социал-демократиясының бас басқармасының секретары және Польша Корольдігі мен Литва Социал-демократиясының РСДРП Орталық Органы «Социал-Демократ» редакциясындағы өкілі; ымырашылдардың больше-

сайланды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында тонаушылық соғыста «өз» үкіметін қолдауға қарсы шықты. 1914 жылы 2 декабрьде бүкіл рейхстагта жалғыз өзі соғыс кредиттеріне қарсы дауыс берді. К. Либкнехт «Интернационал» тобын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды, бұл топ кейін «Спартак» тобы, ал одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1916 жылы каторгаға кесілді. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Р. Люксембургпен бірге неміс жұмысшыларының революциялық авангардын басқарды, «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін редакциялады. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы көтерілісін басқарушылардың бірі болды. Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін Носке бандалары айуандықпен өлтіріп кетті. К. Либкнехттің қызметін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «бұл есім — көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализммен сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар, 28-том, 444-бет).— *37, 220, 275, 332, 375, 395.*

Липкин, Ф. А. — *қараңыз:* Череванин, Н.

Литвинов, М. М. (Максимович) (1876—1951) — социал-демократ, большевик, көрнекті совет дипломаты. Революциялық қызметін 1898 жылы бастады, «Искраның» агенті болды, 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясына қатысты. 1907 жылы Штутгарттағы Халықаралық социалистік конгрестің делегаты және Россия делегациясының секретары болды. РСДРП Орталық Комитетінің Халықаралық социалистік бюродағы өкілі, РСДРП Лондон большевиктік секциясының мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін дипломатиялық жұмыста болды. 1921 жылдан — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. 1930 жылдан 1939 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссары. 1941—1943 жылдары — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары және СССР-дің Америка Құрама Штаттарындағы елшісі; Америка Құрама Штаттарынан қайтып оралғаннан кейін 1946 жылға дейін — сыртқы істер министрінің орынбасары. — *167—169, 187, 188, 189.*

*Ллойд Джордж (*Lloyd George), *Дэвид* (1863—1945) — ағылшынның мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партиясының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары—сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. Англия үкіметінің дүние жүзілік империалистік соғысты әзірлеудегі саяси бағытын белгілеуде көрнекті роль атқарды. Арбау, алдау арқылы, жұмысшыларға уәде беру арқылы Англияда жұмысшы табының революциялық партиясын құруды тоқтатуға немесе болдырмауға тырысты. В. И. Ленин: «Ллойд Джордж буржуазияға айта қалғандай қызмет етеді

және оған нақ жұмысшылардың *арасында* қызмет етеді, *нақ* пролетариаттың ішінде, бұқараны моральдық жағынан өзіне бағындыру бәрінен гөрі керек, бәрінен гөрі қиын жерде буржуазияның ықпалын жүргізіп отырады» (Шығармалар, 23-том, 119—120-беттер) деп жазды. 1916—1922 жылдары — премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позициясын нығайтуға тырысып бақты, отар және тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын қаталдықпен басып-жаншып отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы бағытталған соғыс интервенциясы мен блокаданы ұйымдастырушылардың, оған дем берушілердің бірі. 1922 жылы, бірқатар саяси сәтсіздіктерден кейін, отставкаға шықты, бірақ өмірінің соңғы күніне дейін саяси ықпалын белгілі дәрежеде сақтап келді. — *237, 245.*

Лонге (Longuet), *Жан* (1876—1938) — Француз социалистік партиясының және II Интернационалдың қайраткері, публицист; Шарль Лонге мен Женни Маркстің баласы. Француз және халықаралық социалистік баспасөзге жиі жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Француз социалистік партиясының центристік-пацифистік азшылығын басқарды. 1914 және 1924 жылдары Франция депутаттар палатасының мүшесі болып сайланды. Социалистік «Le Populaire»-нің («Халық Газеті») негізін салушылардың (1916) және редакторларының бірі болды. Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын айыптады. 1920 жылдан бастап — Француз социалистік партиясының центристік қанаты лидерлерінің бірі. 30-жылдары социалистер мен коммунистердің фашизмге қарсы бірлесіп қимыл жасауын жақтады, фашизмге және соғысқа қарсы күресу жөніндегі халықаралық ұйымдарға қатысты. — *51.*

Лонге (Longuet), *Женни* (1844—1883) — халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері; Карл Маркстің үлкен қызы, Шарль Лонгенің әйелі. Мерзімді баспасөзге пролетарлық интернационализм позициясында жазып тұрды. — *51.*

Лонге (Longuet), *Шарль* (1839—1903) — француз жұмысшы қозғалысының қайраткері, прудонист, журналист. 1866—1867 және 1871—1872 жылдары I Интернационал Бас Советінің мүшесі болды, Интернационалдың бірқатар конгрестеріне қатысты. 1871 жылы — Париж Коммунасының мүшесі. Париж Коммунасы жеңіліске ұшырағаннан кейін Англияға эмиграцияға кетті, мұнда 1880 жылға дейін тұрды. Францияға қайтып оралғаннан кейін поссибилистерге — Франция Жұмысшы партиясындағы оппортунистік ағымға қосылды. — *51.*

Лукас (Lucas), *Чарлз Прествуд* (1853—1931) — ағылшынның отаршыл чиновнигі және тарихшысы, ағылшын империалзмі-

М

Малиновский, Р. В. (1876—1918) — арандатушы, Москва охранка бөлімінің құпия қызметкері. 1906 жылы арам ниетпен жұмысшы қозғалысына қосылды, металлистер одағы жұмысшылар комитетінің мүшесі, басқарма секретары болды. 1907 жылдан полицияға өз еркімен мәліметтер беріп тұрды, ал 1910 жылы патша охранкасының құпия агенті болып алынды. 1912 жылы РСДРП Прага конференциясында Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды, патша охранкасының көмегіне сүйеніп, Москва губерниясының жұмысшы куриясынан IV Мемлекеттік думаға депутаттыққа өтті. 1914 жылы шетелге өтіп кетті. 1918 жылы Советтік Россияға келді, сотқа тартылып, Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Жоғарғы трибуналының үкімі бойынша атылды. — *134.*

Маньков, И. Н. (1881 ж. туған) — жойымпаз-меньшевик, Иркутск губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, кәсібі жөнінен кеңсе қызметшісі. Думада социал-демократиялық фракцияға кірді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист, 1915 жылы фракцияның шешіміне қарама-қарсы Думада соғыс бюджетін жақтап дауыс берді, бұл үшін фракциядан шығарылды. — *176.*

Маркс (Marx), *Генрих* (1782—1838) — К. Маркстің әкесі; адвокат, одан соң Трирде юстиция кеңесшісі; либералдық көзқарасты жақтады. — *46.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз — осы том, 43—96-беттер). — *25, 27, 30, 43, 45, 46—96, 98, 112, 113, 114, 126, 129, 143, 144—146, 147—148, 153, 154, 155, 158, 160, 192, 194, 195, 227, 237, 238—239, 241, 256—257, 284, 285, 297, 326, 333, 338—339, 343, 344, 349, 352—353, 386—389.*

Маркс (фон Вестфален) (Marx; von Westphalen), *Женни* (1814—1881) — Карл Маркстің әйелі, сенімді досы, көмекшісі. — *47, 50.*

Маркс-Эвелинг (Marx-Aveling), *Элеонора* (1855—1898) — ағылшын және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері, К. Маркстің кіші қызы. Англияның Социалистік лигасының (1884) және Тәуелсіз жұмысшы партиясының (1893) негізін қалаушылардың қатарында болды. К. Маркс қайтыс болғаннан кейін Ф. Энгельстің тікелей басшылығымен жұмыс істеді, мамандығы жоқ жұмысшылардың бұқаралық қозғалысына жігерлі түрде қатысты, Лондон докерлерінің 1889 жылғы ірі стачкасын ұйымдастырушылардың бірі болды. Ағылшын және неміс социалистік баспасөзіне белсене қатысты. К. Маркстің «Жалақы, баға және пайда» деген еңбегін, Маркстің шығыс мәселе-

социал-шовинистерден біржола қол үзіп кетуден қорқушылық 1916 жылдың аяғында оны центристік-пацифистік позицияға, ал 1918 жылдың басында — ашық социал-шовинизм және реформизм позициясына алып келді. СССР-ге дұшпандық көзқараста болды. — *405.*

Меринг (Mehring), *Франц* (1846—1919) — Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демократиясы сол қанатының лидерлері мен теоретиктерінің бірі. Партияның теориялық органы—«Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналы редакторларының бірі болды; кейінірек «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг Халық Газеті») редакциялады. Меринг II Интернационал қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады, бірақ сонымен бірге оппортунистерден ұйымдық жағынан ажырасудан қорыққан герман солшылдарының қателіктерін қолдады. Интернационализмді дәйекті түрде қорғады. Октябрь социалистік революциясын құттықтады. Революциялық «Спартак одағы» басшыларының бірі болды, Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды.— *37, 39, 104, 146, 227, 253, 258, 395.*

Мильеран (Millerand), *Александр Этьенн* (1859—1943) — француз саяси қайраткері; 80-жылдары — ұсақ буржуазияшыл радикал; 90-жылдары социалистерге қосылды, француз социалистік қозғалысындағы оппортунистік бағытты басқарды. 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакциялық буржуазиялық үкіметіне кіріп, онда Париж Коммунасының жендеті болған генерал Галифемен бірге қызмет істеді. В. И. Ленин мильеранизмді пролетариат мүдделеріне сатқындық ретінде, ревизионизмнің іс жүзіндегі көрінісі ретінде әшкерелеп, оның әлеуметтік түп-тамырларын ашып көрсетті.

1904 жылы социалистік партиядан шығарылғаннан кейін Мильеран басқа да бұрынғы социалистермен (Бриан, Вивиани) бірге «тәуелсіз социалистер» тобын құрды. 1909—1910, 1912—1913, 1914—1915 жылдары әр түрлі министрлік қызмет атқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Мильеран антисоветтік интервенцияны ұйымдастырушылардың бірі болды; 1920—1924 жылдары — Француз республикасының президенті. 1924 жылғы июньде, солшыл буржуазиялық партиялар сайлауда жеңіп шығып, онымен қызмет істеуден бас тартқаннан кейін отставкаға кетуге мәжбүр болды. 1925—1927 жылдары сенатор болып сайланды.— *239.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының идеологы, тарихшы және публицист. Либералдардың шетелде шығып тұрған «Освобождение» журналына 1902 жылдан белсене қатысты. 1905 жылғы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және

орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі, империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беру саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері.— *291—292.*

Минье (Mignet), *Франсуа Огюст Мари* (1796—1884)—француздың либералдық бағыттағы буржуазияшыл тарихшысы. Реставрация дәуіріндегі басқа да либерал тарихшылар тәрізді тап күресінің тарихтағы ролін мойындады, бірақ оны тек жер иеленуші аристократия мен буржуазия арасындағы күреске ғана әкеліп тіреді. Өзінің еңбектерінде буржуазияның саяси өкіметке деген правосын негіздеуге тырысты, халық бұқарасының революциялық күресіне теріс көзқараста болды. Миньенің басты еңбегі — «Француз революциясының тарихы».— *60.*

Молешотт (Moleschott), *Якоб* (1822—1893) — ғалым-физиолог, Гейдельберг университетінің приват-доценті (1847—1854), Цюрих (1856—1861), Турин (1861—1879) және Рим (1879—1893) университеттерінің профессоры. Тұрпайы материализмнің басты өкілдерінің бірі; табиғат пен қоғамға механистік көзқарастарды жаңғыртты. Физиология жөнінде бірқатар еңбектер жазды; негізгі философиялық шығармасы — «Өмір айналысы»,— *54.*

Монитор (Monitor) —осындай бүркеншік атпен неміс социал-демократтарының біреуі, оппортунист, 1915 жылы апрельде консервативтік «Preußische Jahrbücher»-де («Пруссия Әржылдығында») мақала жариялады. Мақала авторы социал-демократияның центристік сипатын ашық мадақтады, оппортунистер мен буржуазияға пайдалы болғандықтан бұл сипатты одан әрі сақтауды ұсынды, өйткені ол оппортунистерге буржуазиямен таптық ынтымақтасу саясатын «солшыл» бос сөздермен бүркемелеуге мүмкіндік беретін еді.— *270, 366—367.*

Морел (Morel), *Эдмунд Дин* (1873—1924) — ағылшынның буржуазияшыл публицисі, пацифист. XX ғасырдың бас кезінде Конгода Бельгия отаршыларына қарсы ұлт-азаттық қозғалысына қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғысқа дейін либералдық партияның сол қанатына қосылды, соғыс басталысымен Тәуелсіз жұмысшы партиясына кірді. Пацифистік Демократиялық бақылау одағының негізін салушылардың және басшыларының бірі. Өзінің бірқатар еңбектерінде ағылшын үкіметінің дүние жүзілік соғысқа әзірлену ісіндегі империалистік саясатын белсенді түрде әшкереледі. 1917 жылы антимилитаристік насихаты үшін түрмеге қамалды. 1922 жылдан бастап — парламент мүшесі. — *286—287.*

Мост (Most), *Иоганн Иосиф* (1846—1906) — неміс социал-демократы, одан соң анархист. 1874—1878 жылдары рейхстагтың депутаты болып сайланды. 1878 жылы социалистерге қарсы ерекше заң шығарылған соң, Мост Лондонға эмиграцияға кетіп, онда анархистік «Freiheit» («Бостандық») газетін шығарды. 1882 жылы Америка Құрама Штаттарына көшіп барып, мұнда «Freiheit»-ті шығаруды жалғастырды. Кейінгі жылдары жұмысшы қозғалысынан шеттеп кетті. — *83.*

Муранов, М. К. (1873—1959) — большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-слесарь. 1904 жылдан РСДРП мүшесі; Харьковта партиялық жұмыс жүргізді. Харьков губерниясы жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. Большевиктік «Правда» газетіне жазып тұрды. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін басқа да большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. 1917—1923 жылдары РКП(б) Орталық Комитетінің аппаратында істеді. Партияның VI, VIII және IX съездерінде Орталық Комитеттің құрамына сайланды. 1922 жылдан 1934 жылға дейін ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болды. — *178, 182, 183, 279, 359.*

Муссолини (Mussolini), *Бенито* (1883—1945) — итальян фашистерінің басшысы, 1922—1943 жылдары Италияның фашистік диктаторы, соғыстың басты қылмыскерлерінің бірі. Саяси қызметін социалистік партияның қатарында жүріп бастады. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде ашықтан-ашық империалистік буржуазия жағына шығып кетті, сол үшін 1914 жылы декабрьде партиядан шығарылды. 1919 жылы революциялық қозғалысқа қарсы күресу үшін фашистік отрядтар құрды, сойтіп 1922 жылы өкіметті басып алды. Гитлерлік Германиямен бірге фашистік Италия екінші дүние жүзілік соғысты бастады, ал 1941 жылы СССР-ге шабуыл жасады. Герман және итальян әскерлерін күл-талқан етіп жеңу және Италияда антифашистік қозғалыстың күшеюі 1943 жылы июльде Муссолини диктатурасының құлауына жеткізді. 1943—1945 жылдары Италияның гитлершілдер оккупациялаған территориясындағы үкіметті басқарды. 1945 жылы апрельде итальян партизандары Муссолиниді ұстап алып, Солтүстік Италияның Ұлттық азаттық комитетінің әскери трибуналының үкімі бойынша өлтірілді. — *120, 359.*

Н

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873)—Францияның 1852 жылдан 1870 жылға дейінгі императоры. I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851 жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс

жасады. III Наполеонға сипаттама К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінде берілген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 115—217-беттер). — *144, 146, 239, 334, 343.*

Натансон (Бобров), *М. А.* (1850—1919) — революцияшыл халықшылдықтың өкілі, кейіннен эсер. Революциялық қозғалысқа 1869 жылдан бастап қатысты. «Жер және ерік» партиясының негізін қалаушылардың бірі болды, 1893 жылы «Халықтық право» партиясын құруға белсене қатысты. 900-жылдардың бас кезінен — эсерлер партиясының мүшесі, оның Орталық Комитетінің құрамына кірді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позицияны дәйекті түрде ұстай алмады, центризм жағына қарай ауытқи берді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін солшыл эсерлер партиясының негізін салушылардың бірі болды. 1918 жылы солшыл эсерлердің Совет өкіметіне қарсы бүлігін айыптады.— *167, 169.*

Ненарокомов, Г. П. (1874 ж. туған) — патшалық сот палатасының прокуроры. 1915 жылы февральда IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттарына патша өкімет орындары ұйымдастырған сотта айыптаушы ретінде сөз сөйледі. — *358.*

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылғы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды. — *18—19, 110, 114, 238, 253, 322—323, 353.*

П

Паннекук (Pannekoek), *Антони* (А. П.) (1873—1960) — голланд социал-демократы. 1907 жылы голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясы сол қанатының органы—«De Tribune» («Трибуна») газетінің негізін салушылардың бірі болды; бұл қанат 1909 жылы Голландия Социал-демократиялық партиясы («трибунистер» партиясы) болып қалыптасты. 1910 жылдан бастап герман солшыл социал-демократтарымен тығыз байланысты болды, олардың органдарына белсенді жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд солшылдарының теориялық органы — «Vorbote» («Жаршы») журналын шығаруға қатысты. 1918—1921 жылдары Голландия Коммунистік партиясында болды, Коминтерннің жұмысына қатысты. Әсіре солшыл, сектанттық позиция ұстады. В. И. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде Паннекуктің және басқа «әсі-

ре солшылдардың» көзқарастарын қатты сынға алды. 1921 жылы Паннекук компартиядан шықты, көп ұзамай белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *37, 107, 161, 230, 267, 322, 323, 348.*

Петровский, Г. И. (1878—1958) — революциялық жұмысшы қозғалысына ертеден қатысушылардың бірі, большевик, кейін советтің көрнекті партия және мемлекет қайраткері. 1897 жылдан РСДРП мүшесі. Бірінші орыс революциясы кезінде — Екатеринославта (қазір Днепропетровск) жұмысшы қозғалысы басшыларының бірі. Екатеринослав губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін басқа да большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. 1917—1919 жылдары—РСФСР ішкі істер халық комиссары, 1919 жылдан 1938 жылға дейін Бүкіл украиналық Орталық Атқару Комитетінің председателі болды, СССР құрылғаннан кейін — СССР Орталық Атқару Комитеті Председательдерінің бірі, 1938—1940 жылдары — СССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары. 1926—1939 жылдары — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат. 1940 жылдан — СССР Революция музейі директорының орынбасары. — *178, 182, 183, 185, 359.*

Пешков, А. М. — қараңыз: Горький, А. М.

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы—«Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған «Социализм және саяси күрес», «Біздегі алауыздықтар», «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде», «Материализм тарихы жөніндегі очерктер», «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарастарының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясын ұстады, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы дәуірінде барлық негізгі мәселелер бойынша меньшевиктік позицияларда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік

микалық қайшылықтар системасы немесе Қайыршылық философиясы» деген кітабын шығарды, онда өзінің ұсақ буржуазиялық философиялық-экономикалық көзқарастарын баяндады. Маркс «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде Прудон кітабының ғылыми жағынан негізсіз екенін көрсетіп, оны өлтіре сынады. 1848 жылғы революция кезінде Құрылтай жиналысына сайланған Прудон жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін айыптады; 1851 жылғы 2 декабрьдегі бонапартистік төңкерісті мақұлдады, ал бұл төңкерістен кейін Францияда Екінші империя режимі орнаған болатын. — *48, 50, 85.*

Пуанкаре (Poincaré), *Раймон* (1860—1934) — француз буржуазиясының саяси қайраткері, кәсібі жөнінен адвокат. 1887 жылы депутаттар палатасына сайланды. 1893 жылдан бастап бірнеше рет француз үкіметінің құрамына кірді, француз буржуазиясының неғұрлым агрессияшыл топтарының пікірін білдіруші болды. 1912 жылы Францияның премьер-министрі, ал 1913 жылдан 1920 жылға дейін президенті болған. Бұл қызметтерінде өзін дүние жүзілік империалистік соғысты әзірлеудің белсенді жақтаушысы етіп көрсетті, сол үшін «Пуанкаре-соғыс» деген атқа ие болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1922—1924 және 1926—1929 жылдары — Францияның премьер-министрі. Оның саясатының ерекшелігі барынша антисоветтік бағытта болғандығы, француз еңбекшілерінің өмірлік праволары мен демократиялық бостандықтарына шабуыл жасағандығы, француз коммунистерін қуғындағандығы болды. — *18.*

Пуришкевич, В. М. (1870—1920) — ірі помещик, нағыз реакционер-қаражүздік, монархист. Қаражүздік «Орыс халқы одағын» құру инициаторларының бірі болды; 1907 жылы бұл одақтан шығып, монархиялық контрреволюциялық жаңа ұйым — «Михаил Архангел палатасын» құрды. II, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты, Думада ойран салуға шақырған, антисемиттік сөздер сөйлеуімен кеңінен әйгілі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті.— *112, 114, 127, 292, 293.*

Пэйш (Paish), *Джордж* (1867—1957) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі және статистигі, пацифист. Ағылшынның консервативтік «The Statist» («Статистик») газеті редакциясының қызметкері (1881—1900) және редакторларының бірі (1900—1916) болды. 1914—1916 жылдары — ағылшын казначейлігінің финанс және экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшісі. Бірнеше экономикалық және статистикалық ғылыми қоғамдардың президенті және мүшесі болды. Дүние жүзілік экономика және саясат мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *237, 245.*

Р

Радек, К. Б. (1885—1939) — 900-жылдардың басынан бастап Галицияда, Польшада және Германияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты; герман солшыл социал-демократтарының басылымдарына қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационалистік позицияда болды, алайда центризмге қарай ауытқып отырды; ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде қате позиция ұстады. 1917 жылдан бастап большевиктік партияда болды. Брест бітімін талқылау кезеңінде—«солшыл коммунист». 1923 жылдан бастап — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері, сол үшін 1927 жылы ВКП(б) XV съезі партиядан шығарды. 1930 жылы қайта қабылданғаннан кейін, 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан қайта шығарылды. — *230.*

Радищев, А. Н. (1749—1802) —орыстың аса көрнекті жазушысы, революцияшыл ағартушы, 1790 жылы құпия түрде 650 дана болып басылған «Петербургтен Москваға саяхат» деген әйгілі шығарманың авторы. Самодержавиелік-крепостниктік тәртіптерді және орыс халқының ауыр жағдайын әшкерелеген бұл кітап орыс әдебиетінде крепостниктік правоға тұңғыш рет ашықтан-ашық қарсы шыққан шығарма болды, ол халықтық революцияға, патша өкіметін құлатуға жалынды жігермен шақырды.

II Екатеринаның бұйрығы бойынша Радищев тұтқынға алынып, Петропавл қамалына отырғызылды, сөйтіп өлім жазасына кесілді, кейін бұл үкім 10 жылға Сибирьге (Илим абақтысы) айдауға жіберілумен ауыстырылды, ал оның кітабы өртеліп жіберілді. 1801 жылы Радищевке Петербургке қайтып келуге рұқсат етілді, ол Заңдар жинағын әзірлеу жөніндегі комиссияның жұмысына қатыстырылды; бұл комиссияда ол крепостниктік правоны дереу жою және заң алдында барлық сословиелердің тең екендігін жариялау туралы ұсыныс енгізді. Патша үкіметі тарапынан тағы да қуғындауға түсуден қауіптенген ол өзін өзі өлтірді.

Радищевтің еңбектері мен қызметі Россияда революциялық-азаттық қозғалыстың дамуында орасан зор роль атқарды. — *111.*

Раковский, Х. Г. (1873—1941) — 90-жылдардың басында Болгарияда, Румынияда, Швейцарияда, Францияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—центрист. 1917 жылдан бастап большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында болды. 1918 жылдан бастап — Украина Халық комиссарлары советінің председателі, 1923 жылдан бастап— Англияда және Францияда дипломаттық жұмыста. Троцкистік оппозицияның белсенді қайраткерлерінің бірі, сол үшін 1927 жылы ВКП(б) XV съезі партиядан шығар-

ды. 1935 жылы партияға қайта қабылданғаннан кейін, 1938 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан қайта шығарылды. — *348.*

Ратнер, М. Б. (Борисов, М.) — бундшыл, публицист. 1898 жылы «Русское Богатство» журналында Маркстің «Капиталын» ревизионистік тұрғыдан сынады. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинистік позицияда болды; Бундтың «Информационный Листогының» 1915 жылғы 7-номерінде басылған ««Азаттық миссиясы» туралы және «патриотизм» туралы» деген мақаланың авторы. — *188.*

Реннер (Renner), *Карл* (1870—1950) — австриялық саяси қайраткер, Австрияның оңшыл социал-демократтарының лидері және теоретигі. «Австромарксизм» дейтіннің идеологтарының және «мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі буржуазиялық-ұлтшылдық теория авторларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. 1919—1920 жылдары — Австрия канцлері, 1945—1950 жылдары — Австрия президенті. — *352.*

Репингтон (Repington), *Чарлз Корт* (1858—1925) — офицер және әскери журналист, ағылшынның империалистік соғысқұмарлары өкілдерінің бірі. Ағылшын отаршыларының Ауғанстанға, Шығыс Суданға және Оңтүстік Африкадағы Бур республикаларына қарсы басқыншылық соғыстарына қатысты. Ағылшынның буржуазиялық «The Times» («Замана») және «Daily Telegraph» («Күнделікті Телеграф») газеттерінде әскери тілші болып істеді. Дүние жүзілік империалистік соғысты өзірлеу жөніндегі және соғыстың барысы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *287.*

Рикардо (Ricardo), *Давид* (1772—1823) — ағылшынның аса көрнекті экономисі, «Саяси экономия мен салық салудың бастаулары», «Егіншілікке қамқорлық туралы» деген және басқа еңбектердің авторы, бұл еңбектерде классикалық буржуазиялық саяси экономия қорытылып аяқталды. Феодализм қалдықтарымен күресте буржуазияның мүдделерін қорғай отырып, Рикардо еркін бәсеке принципін жақтады, капиталистік өндірістің дамуына кедергі болатын барлық шектеулерді жоюды талап етті. Рикардоның экономика ғылымы үшін тарихи маңызы ең алдымен оның еңбек құны теориясында, ол бұл теорияны бүкіл саяси экономияның негізі етіп алуға тырысты. А. Смиттің құн теориясын дамыта келіп, Рикардо құн товарды өндіруге жұмсалған еңбекпен белгіленеді және жұмысшының жалақысы да, еңбексіз табыстар — пайда мен рента да осы негізден келіп шығады деп дәлелдеді. Рикардо жұмысшының жалақысы мен капиталистің пайдасы арасындағы қарама-қарсылықты ашты, яғни пролетариат пен буржуазия мүдделерінің

қақтығысатынын анықтады. Алайда Рикардоның таптық тар өрістілігі оның капитализмге шын мәнінде ғылыми талдау жасауына, капиталистік қанаудың сырын ашуына кедергі болды. Рикардо товар өндірісі мен капитализмді қоғамдық өндірістің мәңгілік және табиғи формасы деп санады. Ол құнның әлеуметтік жаратылысын аша алмады, құн мен өндіріс бағасы арасындағы айырмашылықты көрмеді және ақшаның пайда болуы мен мәнін түсіне алмады.

Рикардоның теориялық көзқарастары К. Маркстің «Капиталында», «Қосымша құн теорияларында» және басқа шығармаларында сыналған. — *70.*

Рицлер (Riezler), *Курт* (Рюдорфер) (1882—1955)—неміс дипломаты, философ және публицист, Германия империалистік буржуазиясының либералдық-монархиялық қанаты өкілдерінің бірі. 1906 жылдан бастап Германия сыртқы істер министрлігінің саяси бөлімінде қызмет істеді. 1915—1917 жылдары Германияның рейхсканцлері Бетман-Гольвегтің кеңесшісі болды, империалистік соғыста герман социал-демократиясының оппортунистік қанатымен ынтымақтасу жөніндегі ол жүргізген саясатты белсенді түрде қолдады. 1918 жылы — Москвадағы герман елшілігінің кеңесшісі. Дүние жүзілік саясат мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *265.*

Робеспьер (Robespierre), *Максимильен Мари Изидор* (1758—1794)—XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы көсемдерінің бірі; феодалдық реакцияға еңбекшілер бұқарасымен бірге қарсы шыққан революциялық-демократиялық буржуазияның, негізінен ұсақ буржуазияның мүддесін көксеген якобиндік үкіметтің басшысы. Робеспьер халық бұқарасы арасында кеңінен белгілі болды. 1794 жылғы 27 июльдегі (республикалық календарь бойынша 9 термидорда) контрреволюциялық төңкеріс кезінде якобиндік үкімет құлатылды, Робеспьер мен оның жақтастары тұтқынға алынып, сотсыз дарға асылды. — *239.*

Родбертус-Ягецов (Rodbertus-Jagetzow), *Иоганн Карл* (1805—1875) — немістің тұрпайы экономисі, Пруссиядағы ірі жер иесі, «мемлекеттік социализм» теоретиктерінің бірі. Родбертус еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтар Пруссияның юнкерлік мемлекеті жүргізген бірқатар реформалардың көмегімен шешілуі мүмкін деп есептеді. Қосымша құнның шығуы мен капитализмнің негізгі қайшылығының мәнін түсінбеген Родбертус халық бұқарасы тұтынуының кемдігін экономикалық дағдарыстардың себебі деп есептеді. Ол жер рентасының болуы ауыл шаруашылығында шикізатқа арналған шығынның жоқтығынан деп түсіндірді. Родбертустің негізгі еңбектері: «Біздің мемлекеттік-шаруашылық құрылысымызды танып-білу жөнінде», «Фон Кирхманға арналған әлеуметтік хаттар». — *70.*

Родичев, Ф. И. (1856 ж. туған) — Тверь помещигі және земство қайраткері, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. I, II, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің Финляндия істері жөніндегі комиссары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант. — *111.*

Розенфельд, Л. Б. — *қараңыз:* Каменев, Л. Б.

Роланд-Гольст (Roland Holst), *Генриэтта* (1869—1952) — голланд социалисі, жазушы. Әйелдер одақтарын ұйымдастыру жолында жұмыс істеді, 1907 жылдан бастап «De Tribune» («Трибуна») газетінің төңірегіне топтасқан және 1909 жылы Голландия Социал-демократиялық партиясы болып қалыптасқан Голланд социал-демократтарының сол қанатына қосылды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде центристік позиция ұстады, кейін интернационалистерге қосылды, Циммервальд солшылдарының теориялық органы — «Vorbote» («Жаршы») журналын шығаруға қатысты. 1918—1927 жылдары Голландия Коммунистік партиясында болды және Коминтерннің жұмысына қатысты. 1927 жылы компартиядан шықты; одан әрі христиан социализмі позициясында болды. — *348.*

Романовтар — 1613 жылдан 1917 жылға дейін патшалық еткен орыс патшалары мен императорларының әулеті. —*112, 359.*

Ропшин, В. — *қараңыз:* Савинков, В. В.

Рубанович, И. А. (1860—1920) — эсерлер лидерлерінің бірі. Амстердамдағы (1904) және Штутгарттағы (1907) Халықаралық социалистік конгрестерде эсерлер партиясының өкілі болды. Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің дұшпаны.— *110, 122, 123, 167, 168, 169, 303, 354—355.*

Руге (Ruge), *Арнольд* (1802—1880) — неміс публицисі, жас гегельшіл; буржуазияшыл радикал. 1844 жылы Парижде К. Markспен бірге «Deutsch-Französische Jahrbücher» («Неміс-Француз Өржылдығы») журналын шығарды (алғашқы қосарланған кітабы шықты). Көп кешікпей Маркс Ругемен байланысын үзді. 1848 жылы Руге Франкфурт ұлттық жиналысының депутаты болды, сол қанатқа қосылды; 50-жылдары — Англиядағы немістің ұсақ буржуазияшыл эмиграциясы лидерлерінің бірі; 1866 жылдан кейін — национал-либерал, Бисмаркты жақтаушы, баспасөзде Пруссияның билеуімен Германияны біріктіруді жақтады.— *48, 84.*

Рюдорфер — *қараңыз:* Рицлер, Курт.

Рязанов (Гольдендах), Д. Б. (Буквоед) (1870—1938)—социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, меньшевиктік «Голос» және «Наше Слово» газеттеріне жазып тұрды. Партияның VI съезінде (1917) РСДРП(б)-га қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіптік қозғалыс саласында істеді; К. Маркс пен Ф. Энгельс институтын ұйымдастырушылардың бірі және 1931 жылға дейін оның директоры болды. 1918 жылдың басында Брест бітімі туралы мәселе бойынша келіспеушіліктің себебінен уақытша партиядан шықты; кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық позиция ұстады, сөйтіп кәсіподақтарда жұмыс істеуден шеттетілді. 1931 жылы февральда меньшевиктердің контрреволюциялық қызметіне көмектескені үшін ВКП(б)-дан шығарылды. — *305, 306, 309—310.*

С

Савинков, Б. В. (Ропшин, В.) (1879—1925) — эсерлер партиясының көрнекті қайраткері, оның «жауынгерлік ұйымы» басшыларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — әскери министрдің орынбасары, ал кейін Петроградтың әскери генерал-губернаторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — бірқатар контрреволюциялық бүліктерді ұйымдастырушы, Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясына жәрдемдесті. 1924 жылы СССР-ге жасырынып келді, сонда тұтқынға алынды. СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы Савинковты атуға үкім шығарды, СССР Орталық Атқару Комитетінің шешімімен бұл ең жоғары жаза 10 жыл мерзімге түрмеде отырумен ауыстырылды. 1925 жылы түрмеде отырғанында өзін өзі өлтірді.— *166, 239.*

Саландра (Salandra), *Антонио* (1853—1931) — итальян мемлекет қайраткері, Италияның өнеркәсіп монополиялары мен ірі аграрийлері «либералдық блогының» барып тұрған оң қанаты лидерлерінің бірі. 1886 жылдан бастап — Италия депутаттар палатасының мүшесі. Ауыл шаруашылық министрі, финанс министрі және мемлекеттік қазына министрі болды. 1914 жылдан 1916 жылға дейін — Италия Министрлер советінің председателі, Италияның дүние жүзілік империалистік соғысқа Антанта жағында қатысуының инициаторларының бірі болды. Соғыстан кейін — Париж бейбітшілік конференциясында және Ұлттар лигасында Италияның өкілі. Өкімет билігі жолындағы күресте итальян фашизмін қолдады, фашистер өкімет басына келгеннен кейін 1922—1924 жылдары Муссолини үкіметіне қызмет етті. 1925 жылдан бастап белсенді саяси қызметтен қол үзді. — *239.*

Самба (Sembat), *Марсель* (1862—1922) — Француз социалистік партиясының реформист лидерлерінің бірі, журналист. Француз социалистік баспасөзіне жиі жазып тұрды. 1893 жылдан бастап депутаттар палатасының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1914 жылғы августан 1917 жылғы сентябрьге дейін Францияның империалистік «ұлттық қорғаныс үкіметінде» қоғамдық жұмыстар министрі болды. 1915 жылы февральда Антанта елдері социалистерінің Лондон конференциясына қатысты, конференция оларды социал-шовинизм программасы негізінде біріктіру мақсатын көздеп шақырылған болатын. — *2, 106, 167, 215, 268, 269, 279, 321, 359, 364—365, 405.*

Самойлов, Ф. Н. (1882—1952) — большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-тоқымашы. 1903 жылдан РСДРП мүшесі, бірінші орыс революциясына белсене қатысты, Иваново-Вознесенскіде партиялық жұмыс жүргізді. Владимир губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. 1914 жылы ноябрьде басқа да большевик-депутаттармен бірге империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясысынан кейін Иваново-Вознесенскіде партия және совет жұмысында болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинада және Москвада істеді. 1921 жылдан —Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, 1922 жылдан РКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясында және РКП(б) Орталық Комитетінің Истпартында істеді, Бүкіл одақтық қарт большевиктер қоғамы председателінің орынбасары, ал 1937—1941 жылдары — СССР Революция Музейінің директоры болды. — *178.*

Сарториус фон Вальтерсхаузен (Sartorius von Waltershausen), *Август* (1852 ж. туған) — немістің буржуазияшыл экономисі, герман империализмінің апологеті. 1888—1918 жылдары Страсбург университетінің профессоры; дүние жүзілік экономика мен саясат мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды. —*265.*

Семковский, С. (Бронштейн, С. Ю.) (1882 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Троцкийдің Вена «Правдасының» редакциясына кірді, жойымпаз-меньшевиктердің органдарына және шетелдік социал-демократиялық баспасөзге жазып тұрды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Семковскийдің ұлт мәселесі және басқа мәселелер жөніндегі позициясын қатты сынады. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде—центрист. 1917 жылы эмиграциядан Россияға оралғаннан кейін меньшевиктік Орталық Комитет құрамына кірді. 1920 жылы меньшевиктерден қол үзді. Кейін Украина жоғары оқу орындарында профессор болды, ғылыми-әдеби жұмыспен айналысты. — *293—294, 299, 305, 306, 308—309, 310, 314, 315—316.*

Синклер (Sinclair), *Эптон* (1878 ж. туған) — американ жазушысы. Капиталдың еңбекті айуандықпен қанауын реалистік тұрғыдан айыптаған, буржуазиялық өмір салтының арсыздығын әшкерелеген бірқатар әлеуметтік романдар жазды («Джунгли», «Король Уголь», «Мұнай» жәпе басқалар). Алайда өзінің дүниеге көзқарасы жағынан утопист-социалист және ұсақ буржуазияшыл реформист болып қала берді. Дүние жүзілік империалистік соғысқа да осы позициядан қарсы шықты.— *288—290.*

Смирнов, Е. — қараңыз: Гуревич, Э. Л.

Смит (Smith), *Адам* (1723—1790) — ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілі. «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» деген еңбегінде, өндірістің қай саласына жұмсалса да, еңбек құнның қайнар көзі деп тұңғыш рет жариялады. Осы қағидаға сүйене отырып, Смит жұмысшының жалақысы оның өндірген өнімінің бір бөлегі болып табылады және ол жұмысшының күн көріс құралдарының құнымен анықталады, капиталистер мен жер иелері табыстарының қайнар көзі де жұмысшылардың еңбегі болып табылады деген өте маңызды қорытынды жасады. Смит капиталистік қоғамның таптық құрылымын тұңғыш рет сипаттап, оның үш тапқа: жұмысшыларға, капиталистерге және жер иелеріне бөлінетінін көрсетіп берді. Бірақ дүниеге буржуазиялық көзқарас шегінде қалған ол капиталистік қоғамда тап күресінің бар екенін теріске шығарды. Смиттің саяси экономияны дамытудағы еңбектерін атап айта келіп, Маркс сонымен бірге оның көзқарастарының буржуазиялық тар өрістілігін, қайшылықтылығын және қателігін атап көрсетті. Товар құнының оған сіңірілген жұмыс уақытымен дұрыс анықталуын Смит еңбектің өзінің құнымен шатастырды. Капитализм тұсында құн тек қана табыстардан—жалақыдан, пайдадан және рентадан құралады деп пайымдай отырып, товар өндірген кезде жұмсалған тұрақты капиталдың құнын қалдырып қойып, қате жасады. Смиттің қате қағидаларын буржуазияшыл тұрпайы экономистер капитализмді идеологиялық жағынан қорғау мақсатында пайдаланды. — *66.*

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдары— «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтыруға» және «сынауға» әрекеттенді, марксизм мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бейімдеуге тырысты. Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» (1903—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі және оның құпия органы —«Освобождение» журналының редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап—оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының

бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант. — *99—100, 240.*

Т

Тевзая, В. — *қараңыз:* Машинадзе, Б.

Тома (Thomas), *Альбер* (1878—1932) — француздың саяси қайраткері, социал-реформист. 1910 жылдан бастап — социалистік партияның парламенттік фракциясы лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Францияның буржуазиялық үкіметі құрамына қару-жарақ ісі жөніндегі министр болып кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін соғысты соза беруге үгіт жүргізу үшін Россияға келді. 1919 жылы — Берн (II) Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі. 1919—1932 жылдары Ұлттар лигасы жанындағы Халықаралық Еңбек бюросын басқарды. — *2.*

Тревельян (Trevelyan), *Чарлз Филипс* (1870 ж. туған) — ағылшынның саяси қайраткері, пацифист. 1899—1918 жылдары — либералдық партиядан парламент мүшесі. 1908 жылдан бастап — ағарту министрлігінің парламенттік секретары. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде Англия үкіметінің империалистік саясатына наразылық білдіру ретінде осы қызметтен отставкаға кетті. Пацифистік Демократиялық бақылау одағының негізін салушылардың және басшыларының бірі болды. 1918 жылы Тәуелсіз жұмысшы партиясына қосылды. 1922—1931 жылдары — парламент мүшесі. 1924 және 1929—1931 жылдары Р. Макдональдтың лейбористік үкіметінде ағарту министрі болды.— *396.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады, соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «ауданаралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқатар мемлекеттік қызметтерде болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасы-

на қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *133, 155—156, 157, 158—159, 305—306, 309, 315, 316—317, 318, 320, 348, 373—374, 375.*

Трульстра (Troelstra), *Питер Йеллес* (1860—1930) — голланд жұмысшы қозғалысының қайраткері, оңшыл социалист. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрушылардың (1894) және оның лидерлерінің бірі болды. XX ғасырдың басында интернационалистік позициядан шеттеп, барып тұрған оппортунизм позициясына көшті. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясының 1907 жылдан бастап «De Tribune» («Трибуна») газетінің төңірегіне топтасқан және 1909 жылы Голландия Социал-демократиялық партиясы болып қалыптасқан сол қанатына қарсы күресті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—германофилдық бағдардағы социал-шовинист. В. И. Ленин Трульстраның оппортунистік саясатын талай рет қатты сынады, оны «буржуазияға қызмет етуші және жұмысшыларды алдаушы сатылғыш, оппортунистік көсемнің» үлгісі деп атады (Шығармалар, 30-том, 20-бет). — *161, 212, 214, 267, 365.*

Тургенев, И. С. (1818—1883)—орыстың ұлы жазушысы.—*207.*

Тьер (Thiers), *Адольф* (1797—1877) — француздың буржуазияшыл мемлекет қайраткері және тарихшы. Екінші империя құлағаннан кейін (4 сентябрь, 1870 жыл)—реакциялық үкіметтің іс жүзіндегі басшыларының бірі, 1871 жылы 17 февральда үкімет басына келді. Азамат соғысын бастауды және Париж Коммунасын басып-жаншуды негізгі ұйымдастырушылардың бірі болды. Тарихшы ретінде Реставрация дәуіріндегі тарихнаманың буржуазиялық бағытына қосылды. Тьердің Франция тарихындағы ролін К. Маркс «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегінде толық сипаттады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 461—467-беттер). — *60, 306.*

Тьерри (Thierry), *Огюстен* (1795—1856) — француздың либералдық бағыттағы буржуазияшыл тарихшысы, тап күресі жөніндегі буржуазиялық теорияның негізін салушылардың бірі. Тьерри қоғамның таптарға бөлінуін және буржуазияның дворяндарға қарсы тап күресін мойындай отырып, феодалдық Европада таптар бір халықты екінші халықтың басып алуы нәтижесінде пайда болған деп дәлелдеуге тырысты. «Үшінші

сословиенің» тарихын зерттеуге көп көңіл бөлді, бірақ оны бірыңғай тап деп қарады. Халық бұқарасының революциялық қимылдарына теріс көзқараста болды.

Тьерридің аса маңызды еңбектері: «Норманндардың Англияны жаулап алу тарихы», «Үшінші сословиенің шығу және табысқа жету тарихы» және басқалар. — *60.*

Ф

Фейербах (Feuerbach), *Людвиг Андреас* (1804—1872) — немістің аса көрнекті материалист-философы және атеист, марксизм ізашарларының бірі. Фейербах Гегельдің идеалистік философиясын сынға алды, идеализмнің дінмен байланысын көрсетті; алайда қоғамдық құбылыстарды түсінуде Фейербах идеалист болып қала берді. Оның материализмі метафизикалық және меңзеу материализмі болды. Фейербах таным және қоғамдық даму процесіндегі практиканың ролін түсіне алмады. Фейербах өмірінің соңғы жылдарында социалистік әдебиетке ынта қойды, Маркстің «Капиталын» оқыды және 1870 жылы Германия социал-демократиялық партиясына кірді.

Фейербах философиясына К. Маркстің «Фейербах туралы тезистерінде» және К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Неміс идеологиясында», Ф. Энгельстің «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры» деген еңбегінде, сондай-ақ В. И. Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында жан-жақты талдау жасалған.— *46—47, 51, 52, 54, 85, 251, 408.*

Фишер (Fischer), *Рихард* (1855—1926) — неміс социал-демократы; 1880—1890 жылдары Цюрих пен Лондонда социал-демократиялық баспаханаларда істеді; 1890—1893 жылдары социал-демократиялық партияның секретары болды; 1893—1903 жылдары партиялық социал-демократиялық кітап баспасын басқарды, партияның орталық органы «Vorwärts»-тің («Алға») бастырып шығарушысы және әкімі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—социал-шовинист. — *393, 395, 396.*

Фогт (Vogt), *Карл* (1817—1895) — неміс жаратылыс зерттеушісі, тұрпайы материализмнің басты өкілдерінің бірі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға эмиграцияға кетті. Зоология, геология және физиология жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. Тұрпайы материализмнің жақтаушысы болып, «өттің бауырға немесе несептің бүйрекке қандай қатынасы болса, ойдың да миға қатынасы сондай деуге болады» («Физиологиялық хаттар», Спб., 1867, 298-бет) деді. Ғылыми социализмнің қас жауы болып, пролетарлық революционерлерді қудалауға қатысты, К. Маркс пен Ф. Энгельстің қызметі туралы жалақорлық мәлімдемелер жасады. Маркс «Фогт мырза» деген памфлетінде (1860) Фогтты Луи Бонапарттың жасы-

рын жалдама агенті деп әшкереледі (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 14-том, 395—691-беттер).— *54.*

Франк (Frank), *Людвиг* (1874—1914) — неміс социал-демократы, ревизионистер лидерлерінің бірі, социал-шовинист, кәсібі жөнінен адвокат. 1907 жылдан — рейхстаг мүшесі. Магдебург партейтагында (1910) соғыс кредиттеріне дауыс беруді жақтап сөйледі. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде өз еркімен армияға барды, майданда қаза тапты. — *397.*

Х

Хармс (Harms), *Бернхард* (1876—1939) — немістің буржуазияшыл экономисі, катедер-социализм өкілдерінің бірі, герман империализмінің апологеті. 1908 жылдан бастап Киль университетінің профессоры, Кильдегі дүние жүзілік экономика және теңіз қатынастары институтының негізін салушы және директоры (1911—1933). Дүние жүзілік экономика және саясат мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *245.*

Хёглунд (Höglund), *Карл Цет Константин* (1884—1956) —швед социал-демократы, Швециядағы социал-демократиялық қозғалыстың, сондай-ақ жасөспірімдер социалистік қозғалысының сол қанатының лидері. 1908—1918 жылдары: — «Stormklockan» («Дабыл») газетінің редакторы. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд социалистік конференциясында Циммервальд солшылдарына қосылды. 1916 жылы соғысқа қарсы насихат жүргізгені үшін сот жүзінде қуғындалды. 1917—1924 жылдары — Швеция Коммунистік партиясы басшыларының бірі. 1924 жылы оппортунизмі үшін және Коминтерннің V конгресінің шешімдеріне ашықтан-ашық қарсы шыққаны үшін компартиядан шығарылды. 1926 жылы социал-демократиялық партияға қайта келді. — *161, 267, 365.*

Холиок (Holyoake), *Джордж Джекоб* (1817—1906) — ағылшын кооперативтік қозғалысының қайраткері, реформист. 30—40-жылдары чартистерге және оуэнистерге қосылды, өзін өзі басқаратын жұмысшы кооперациясын жақтады. 40-жылдардан бастап — радикалдық-республикалық бағыттағы бірқатар мерзімді органдардың бастырып шығарушысы және қызметкері. 50-жылдардан бастап буржуазияшыл радикалдармен барған сайын тығыз ынтымақтасты, жұмысшылардың кооперативтік те, капиталистік те кәсіпорындардың пайдаларына қатысуы жөніндегі теорияны жақтады. 1869 жылы ноябрьде I Интернационалдың Бас Советінің мүшелігіне өзінің кандидатурасын ұсынды, бірақ Совет оны мақұлдамады. — *81.*

Ц

Цедербаум, Ю. О. — қараңыз: Мартов, Л.

Цеткин (Zetkin), *Клара* (1857—1933) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі, талантты жазушы, жалынды шешен, трибун. Герман социал-демократиясының сол қанатында болған Цеткин Р. Люксембургпен, Ф. Мерингпен және К. Либкнехтпен бірлесіп, Бернштейнге және басқа да оппортунистерге қарсы күреске белсене қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында революциялық интернационализм позициясында болды, социал-шовинизмге қарсы шықты. Алайда 1915 жылы мартта Бернде болған Халықаралық социалистік әйелдер конференциясында центризм жағына ауытқыды. 1916 жылы «Интернационал» тобына, кейін «Спартак одағына» енді. 1919 жылдан — Германия Коммунистік партиясының мүшесі; партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Коммунистік Интернационалдың III конгресінде Коминтерн Атқару Комитетіне сайланды, Коминтерннің халықаралық әйелдер секретариатын басқарды. 1924 жылдан революция күрескерлеріне көмек берудің Халықаралық ұйымы (МОПР) Атқару Комитетінің үзбестен председателі болды. — *365.*

Цицерон, Марк Туллий (б. з. б. 106—43) — аса көрнекті шешен, адвокат, жазушы және Ежелгі Римнің саяси қайраткері. — *32.*

Ч

Череванин, Н. (Липкин, Ф. А.) (1868—1938) — меньшевизм лидерлерінің бірі, барып тұрған жойымпаз. 1912 жылғы антипартиялық август конференциясынан кейін — меньшевиктік орталықтың (Ұйымдастыру комитетінің) мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылы меньшевиктердің орталық органы — «Рабочая Газета» редакторларының бірі, меньшевиктік Орталық Комитеттің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. — *127, 182, 149, 209, 356, 371.*

Чернов, В. М. (Гарденин, Ю.) (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі. 1902—1905 жылдары — эсерлердің орталық органы — «Революционная Россия» газетінің редакторы. Марксизмге қарсы бағытталған мақалалар жазды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында солшылдық сөздерді бетке ұстап, социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің егіншілік министрі, помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы қатал жазалау саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдасты-

Ш

Шагов, Н. Р. (1882—1918) — революциялық қозғалысқа белсене қатысушы, большевик, Кострома губерниясынан IV Мемлекеттік думаға депутат, кәсібі жөнінен жұмысшы-тоқымашы. Думада большевиктік фракцияға кірді. 1914 жылы Думадағы большевиктік фракцияның басқа да мүшелерімен бірге соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін тұтқынға алынып, 1915 жылы Сибирьде қоныстануға жер аударылды, одан тек 1917 жылы ғана қайтып оралды.— *178.*

Шаляпин, Ф. И. (1873—1938) — орыстың аса көрнекті әншісі, дүние жүзілік опера өнеріне үлкен әсерін тигізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Мариин театрының көркемдік жағын басқарды, Үлкен драма театрын құруға қатысты. 1918 жылы Шаляпинге Республика халық артисі атағы берілді. 1922 жылы шетелге эмиграцияға кетті.— *99.*

Шаппер (Schapper), *Карл* (1812—1870) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. Коммунистер одағының қызметіне белсене қатысты. 1849 жылдың февраль — майында Кёльн Жұмысшылар одағының председателі болды. 1850 жылдың июлінде Англияға эмиграцияға кетті; Коммунистер одағының Орталық Комитетіне енді, А. Виллихпен бірге К. Маркс пен Ф. Энгельс бастаған Орталық комитет көпшілігіне қарсы шықты, Одақтың сектанттық-авантюристік фракциясы лидерлерінің бірі болды. Өз позициясының қате екенін түсініп, 1856 жылы Маркспен және Энгельспен қайта жақындасты; 1865 жылы Маркстің ұсынысы бойынша I Интернационалдың Бас Советіне кооптацияланды.— *82.*

Шейдеман (Scheidemann), *Филипп* (1865—1939) — герман социал-демократиясының нағыз оцшыл оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі. 1903 жылдан бастап рейхстагтағы социал-демократиялық фракцияға кірді. 1911 жылдан бастап — Германия социал-демократиялық партиясы Басқармасының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — барып тұрған социал-шовинист. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде халық уәкілдері контрреволюциялық Советінің құрамына кірді, спартакшылдарға қарсы ойран жасау үгітіне дем беруші болды. 1919 жылғы февраль — июньде Веймар республикасының коалициялық үкіметін басқарды, 1918—1921 жылдардағы неміс жұмысшы қозғалысын қанға бояп басуды ұйымдастырушылардың бірі болды. Одан кейінгі жерде белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *215, 261, 270, 279, 280—281, 321, 364—365.*

Шляпников, А. Г. (Беленин) (1885—1937) — 1901 жылдан бастап партияда болды. Сормовода, Петербургте, Муромда және Москвада партиялық жұмыс жүргізді. 1914 жылы РСДРП Орта-

лық Комитетінің тапсыруымен Стокгольмде болды, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы мен Орталық Комитеттің орыс бөлегінің және Петербург комитетінің арасында байланыс орнату жолында жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—РСДРП(б) Петербург комитетінің мүшесі, Жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі және Петроград металлистер одағының председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақ және шаруашылық жұмысында болды. 1920—1922 жылдары—антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобының ұйымдастырушысы және лидері. 1933 жылы партияны тазарту кезінде ВКП(б) қатарынан шығарылды.— *117*.

Шмидт (Schmidt), *Конрад* (1863—1932) — неміс экономисі және философ. Қызметінің бастапқы кезінде Маркстің экономикалық ілімін мойындауға бейім болды, кейіннен — ревизионист. Философия саласында неокантшылдық позицияда болды.— *389*.

Штейн (Stein), *Лоренц* (1815—1890) — немістің буржуазияшыл мемлекет зерттеушісі, тұрпайы экономист; Киль (1846—1851) және Вена (1855—1885) университеттерінің профессоры. Өзінің дүниеге көзқарасында Гегельдің «таптан жоғары» монархия жөніндегі консервативтік-идеалистік ілімін негізге ала отырып, идеализм мен материализмді эклектикалық тұрғыда ұштастырды. Әлеуметтік-саяси шындыққа талдау жасауда апологеттік сипаты бар идеалистік диалектиканы қолданды. Өз еңбектерінде дворяндық-буржуазиялық конституциялық монархияны мадақтады, оны бейне бір бүкіл халықтың ортақ мүдделерін білдіретін және антагонистік таптық қайшылықтарды ымыраластыратын «әлеуметтік» монархия ретінде суреттеді. Энгельс Штейнді «шетел авторларының қағидаларын олар түсіне алмаған Гегельдің тіліне аударған ақылдысымақ спекулятивтік философтардың» қатарына жатқызды (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 490-бет).— *56*.

Штребель (Ströbel), *Генрих* (1869—1945) — неміс социал-демократы, центрист. 1905—1916 жылдары — герман социал-демократиясының Орталық органы — «Vorwärts» («Алға») газеті редакциясының мүшесі. 1908—1918 жылдары — Пруссия ландтагының депутаты. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде Штребель социал-шовинизмге және империалистік соғысқа қарсы шықты, солшыл «Интернационал» тобына қосылды, онда каутскийшілдікке қарай ауытқыған ағымның өкілі болды. 1916 жылы каутскийшілдік позицияға біржола көшті; 1917 жылы Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясын құру инициаторларының бірі болды. 1918 жылғы ноябрь — 1919 жылғы январьда Пруссия үкіметінің мүшесі болды. 1919 жылы социал-демократиялық партияға қайтып келді, бірақ партия басшылығының саясатына келіспей, 1931 жылы партиядан шықты. 1922

жылдан бастап герман рейхстагының мүшесі болды. Большевиктік партияға және СССР-ге өршелене қарсы шықты.— *270.*

Шульце (Schultze), *Эрнст* (1874—1943)—немістің буржуазияшыл экономисі, герман империализмінің апологеті. 1922 жылдан бастап — Лейпцигтегі жоғары сауда мектебінің профессоры, 1925 жылдан бастап — дүние жүзілік экономика институтының директоры. Дүние жүзілік экономика және саясат мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *248.*

Э

Эвелинг (Aveling), *Эдуард* (1851—1898) — ағылшын социалисі, жазушы және публицист; Маркстің қызы — Элеонораның күйеуі. Атеист және дарвинист болып жүріп, 70-жылдардың бас кезінде радикалдық «еркін ойлылар» қозғалысына қосылды. Көп кешікпей, Markспен және Энгельспен танысып, марксист болды. 80-жылдардың аяғы — 90-жылдардың басында мамандығы жоқ жұмысшылар мен жұмыссыздардың бұқаралық қозғалысын және оларды бұқаралық жаңа тред-юниондар дейтінге біріктіруді ұйымдастырушылардың бірі болды. 1893—1895 жылдары Тәуелсіз жұмысшы партиясында болды. Эвелинг — Маркстің «Капиталының» I томын және Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбегін ағылшын тіліне аударушылардың бірі, марксизм мен дарвинизмді насихаттау жөніндегі, сондай-ақ жұмысшы қозғалысының мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *51.*

Эвелинг, Элеонора — қараңыз: Маркс-Эвелинг, Элеонора.

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер).— *31, 45, 47, 48, 49, 52—55, 56, 58, 59, 71, 77—80, 81—82, 83, 84—85, 86—87, 89—90, 91, 96, 102—103, 105, 112, 126—127, 144, 146, 147—148, 158, 160, 237, 238—239, 285, 297, 339, 343, 350, 352—353, 394—395.*

Эпикур (б. з. б. шамамен 341 — шамамен 270) — ежелгі грек материалист-философы, атеист.— *46, 84.*

Эрве (Hervé), *Гюстав* (1871—1944) — француз социалисі, публицист және адвокат. 1906 жылы «La Guerre Sociale» («Әлеуметтік Соғыс») газетінің негізін салды, газет бетінде милитаризммен күресу жөнінде жартылай анархистік программаны насихаттады, II Интернационалдың Штутгарт конгресінде (1907) осы программаны қорғап, соғыс атаулыға қарсы стачкамен, көтерілiспен жауап беруді ұсынды. В. И. Ленин өзінің еңбектерінде эрвеизмнің ұсақ буржуазиялық сипатын ашып

Ю

B

C

F

G

H

J

K

L

M

V

W

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Июль, 1914 — август, 1915)

1914

Июль, 1914— август, 1915. Ленин Поронин деревнясында (Австро-Венгрия), ал одан кейін Бернде (Швейцария) тұрады; большевиктік партия мен Россия жұмысшы табының империалистік соғысқа қарсы, патша өкіметі мен капитализмді құлату жолындағы күресіне басшылық етеді; партияның соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөніндегі теориясы мен тактикасын талдап жасайды; «Социал-Демократ» газетін редакциялайды; халықаралық социал-демократияның революцияшыл элементтерін топтастырады.

19 июль (1 август). Поронин деревнясында тұрғанында Ленин Германияның Россияға соғыс жариялағанын естиді. Ол өзінің пәтеріне жиналған большевиктермен туып отырған жағдайды талқылайды; партиялық жұмыстың соғыс уақытына лайық жаңа формалары мен әдістерін табу, Россиядағы партия ұйымдарымен соғыстың салдарынан үзілген байланысты қалпына келтіру қажеттігін атап көрсетеді; соғыс революцияны тездетеді деген сенім айтады.

20 июль (2 август). Ленин Копенгагенге (Дания) М. В. Кобецкийге жазған хатында одан Поронинде қолға түспейтін газеттердегі аса маңызды деректерден (әсіресе Россия туралы) мағлұмат беруді және оларды хабарлап тұруды өтінеді; Кобецкийден Стокгольммен байланысың бар ма, хаттарды жіберіп тұра аласың ба деп сұрайды.

25 июль (7 август). Лениннің шпиондыққа қатысы бар екен деп айып тағылған жалған сыбыс бойынша оның

	пәтерінде Австрия өкімет орындарының нұсқауымен тінту жүргізіледі. Галицияның Жаңа Тарг деген уездік қаласындағы жандармерияға бару жөнінде Ленинге бұйрық беріледі.
	Өзінің саяси эмигрант екендігін растауды өтініп және заңсыз ұсталғанына наразылық білдіріп, Ленин Краков полициясының директорына телеграмма жібереді.
26 июль (8 август).	Ленин жандармерияның шақыруы бойынша Жаңа Таргқа келеді, мұнда қамауға алынып, түрмеге жабылады.
26 июль — 6 август (8—19 август).	Ленин Жаңа Таргта түрмеде отырады; камерада ол қамаудағы шаруалармен әңгімелеседі, олардың істерінің шешілуіне қалай тезірек және дұрысырақ жету жөнінде кеңес береді, өтініштерін, арыздарын, т. б. жазып береді. Түрмеде болған кезінде Ленин басталған империалистік соғыспен байланысты большевиктер партиясының алдына қойылатын міндеттер мен тактиканы ойластырады.
5 (18) август.	«Тергеу жүргізуге негіз болмағандықтан», Лениннің ісі тоқтатылады.
6 (19) август.	Ленин түрмеден босатылып, Поронинге қайтып келеді.
7 (20) август.	Н. К. Крупскаяның В. Адлерге жолдаған хатына жазған қосымшасында Ленин В. Адлер мен Г. Диамандқа қамаудан босатылуына көмектескендері үшін алғыс айтады.
13 (26) август.	Жаңа Таргта Ленин Поронинпен Венаға Краков арқылы баруға рұқсат алады.
13 және 23 август (26 август және 5 сентябрь) аралығында.	Н. К. Крупскаямен және оның анасы Елизавета Васильевнамен бірге Ленин Поронинпен Краковқа жүріп кетеді. Краковта Ленин Австриядан бейтарап ел — Швейцарияға баруға рұқсат алады. Швейцарияға бара жатып Ленин бір күн Венада аялдап, В. Адлерге жолығады.
23 август (5 сентябрь).	Цюрихтен Бернге кетіп бара жатып Ленин Австро-Венгриядан Швейцарияға өтерде көмектескені үшін В. Адлерге алғыс айтып, открытка жолдайды.

Ленин семьясымен Бернге келеді.

Кешке Ленин Швейцария социал-демократиялық партиясының секретары Р. Гриммге жолығып, онымен соғыстың сипаты туралы, II Интернационалдың күйреуі туралы, жұмысшы табының және оның партияларының соғыс жағдайындағы міндеттері мен тактикасы туралы мәселелер жөнінде әңгімелеседі.

23—24 август (5—6 сентябрь). Ленин соғыс туралы тезистерді жазады.

24 август (6 сентябрь). Ленин Женеваға В. А. Карпинскийге жазған хатында Бернге аман-есен келгенін және осында қоныстануға ұйғарғанын хабарлайды; Женевадағы тұрмыс жағдайын хабарлауды, Женевадағы «Оқушылар қоғамы» кітапханасын пайдалану мүмкіндігін анықтауды өтінеді; онда баспахана бар ма, соғысқа қарсы және социал-шовинистерге қарсы «листок, т. б.» басып шығаруға бола ма деп сұрайды; Женевада басқа да большевиктердің, оның ішінде Россияға баратын большевиктердің бар-жоғын білгісі келеді.

24—26 август (6—8 сентябрь). Ленин Бернде большевиктердің кеңесіне басшылық етеді, большевиктік партияның соғысқа көзқарасы туралы баяндама жасайды. Лениннің тезистері «социал-демократтар тобының қарары» ретінде қабылданады.

26 августан (8 сентябрьден) кешірек. Ленин соғыс туралы тезистерге — большевиктердің Берн кеңесінің қарарына — кіріспе жазады. «Революциялық социал-демократияның европалық соғыстағы міндеттері» деген тезистер бірнеше дана болып қолдан көшіріледі де, «Социал-демократтардың, РСДРП мүшелерінің тобы» деп қол қойылып, РСДРП-ның шетелдік секцияларына таратылады. В. И. Ленин IV Мемлекеттік думаның депутаты Ф. Н. Самойловқа тезистерді Россияға жеткізуді жүктейді. Ленин тезистерді жеке листок етіп басып шығаруға әзірлейді.

Ленин Лозаннадан Берндегі оған келген большевиктермен кездеседі және әңгімелеседі.

27 август (9 сентябрь). Ленин Поронинге В. А. Тихомирновқа хат жазып, онда өзінің Бернге келгенін, Ф. Н. Самойловтың Россияға тез арада қайтатынын

және Россиямен байланыс орнатудың жолдарын хабарлайды.

Августың аяғы — сентябрь. Ленин Берн кітапханасында жұмыс істейді; империализм туралы, соғыс туралы, әлеуметтік және экономикалық мәселелер жөніндегі әдебиеттерді зерттейді. «Соғыс туралы заметкалар» деп аталған дәптерге Ленин неміс, француз, швейцар және итальян газеттері мен журналдарынан көшірмелер жасайды; әдебиет тізімін жасайды.

Ленин «Европалық соғыс және халықаралық социализм» деген мақала жазады. Мақала аяқталмаған.

2 (15) сентябрь. Ленин Гранат басылымдарының редакциясына жазған хатында өзінің Бернде тұруға уйғарғанын хабарлайды; Гранат энциклопедиялық сөздігіне арнап жазу жөнінде өзіне заказ берілген «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаланы табыс етудің жаңа мерзімі туралы өзіне хабарлауды өтінеді.

14 (27) сентябрьден кешірек. Ленин В. А. Карпинскийге жауап хатында большевиктік әдебиет басып шығару ісінің жолға қойылғаны туралы жазады, Карпинскийдің неміс социал-демократиясын сынауды жұмсарту жөнінде «соғыс туралы тезистерге» жасаған ескертпелеріне қарсылық білдіреді, «масқара шовинизмге барлық күшті сала қарсы шығу» қажеттігін атап корсетеді.

Сентябрьдің бірінші жартысы — ноябрь. Ленин «Карл Маркс» деген мақаласын одан әрі жазады; К. Маркс пен Ф. Энгельстің еңбектерін, К. Маркстің Ф. Энгельспен және басқа адамдармен жазысқан хаттарын, Маркс және марксизм туралы әдебиетті зерттейді.

Сентябрьдің бірінші жартысы — 1915 жыл. Ленин философия мәселелері жөніндегі әдебиетті зерттейді, Гегельдің «Логика ғылымы», «Философия тарихы жөніндегі лекциялар» деген кітаптарынан, Фейербахтың «Лейбництің философиясын баяндау, талдау және сынау» деген кітабынан және басқа авторлардың еңбектерінен конспектілер жасайды; өзі оқыған кітаптарының негізгі мазмұнын ескертпелерімен қоса қысқаша жазып алады; «Диалектика туралы мәселе жөнінде» деген фрагмент жазады.

15 (28) сентябрь.	Ленин Поронинге Я. С. Ганецкийге жазған хатында тінту кезінде өзінен тартып алынған «қағаздардың» (аграрлық мәселе жөніндегі қолжазба) Швейцарияға жөнелтілген-жөнелтілмегендігін Неймаркта анықтауды өтінеді.
Сентябрьдің екінші жартысы — октябрь.	Ленин «Европалық соғыс және европалық социализм» деген кітапшасын жазады; материал жинайды, кітаптардан, шетел баспасөзі мен орыс баспасөзіндегі мақалалар мен заметкалардан көшірмелер жасайды, оларға өз ескертпелерін жазады, кітапшаның жоспарын жасайды. Кітапша жазылмай қалды.
27 сентябрьден (10 октябрьден) ертерек.	Ленин Бернде соғыс туралы реферат оқиды.
27 сентябрь (10 октябрь).	Ленин Бернде Бунд лидерлерінің бірі В. Косовскийдің (М. Я. Левинсонның) «Соғыс және социал-демократия» деген рефератына қатысады; рефераттан қысқаша жазбалар жасайды және жарыс сөзде оны сынап сөз сөйлейді.
28 сентябрьден (11 октябрьден) ертерек.	Ленин «Революциялық социал-демократияның европалық соғыстағы міндеттері» деген тезистерін РСДРП мүшелерінің бір тобы атынан жазылған манифест етіп қайта өңдейді. Ленин В. А. Карпинскийге манифесті хатпен бірге жібереді және құпиялықты мұқият сақтай отырып, оны басып шығару ісін ұйымдастыруды тапсырады. Ленин социалистердің соғысқа көзқарасы туралы Г. В. Плехановтың Лозаннада оқитын рефераты жөнінде сонда тұрған большевиктермен хат жазысады; өзінің реферат оқылғанда болғысы келетінін және Лозаннаға баратын уақытын хабарлайды.
28 сентябрь (11 октябрь).	Ленин Берннен Лозаннаға келеді; сондағы большевиктермен кездеседі және әңгімеледеді; кешке Г. В. Плехановтың рефератында болады, дәптерге рефераттан қысқаша жазба жасайды және жарыс сөзде Плехановтың шовинистік көзқарастарын сынап сөз сөйлейді. Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында Г. В. Плехановтың рефератында сөз сөйлегенін, ал 13 октябрьде (жаңаша) Лозаннада,

келесі күні — Женевада «Европалық соғыс және европалық социализм» деген реферат оқымақшы екенін хабарлайды. «Халық maximum болуын, полицияның білуі және полицияның араласуы minimum болуын» ұштастыра отырып, осы рефератты ұйымдастыруды өтінеді.

1 (14) октябрь. Ленин Лозаннада «Пролетариат және соғыс» деген тақырыпта реферат оқиды.

2 (15) октябрь. Ленин Женевада «Европалық соғыс және социализм» деген тақырыпта реферат оқиды және реферат жөніндегі жарыс сөздің мазмұнын қысқаша жазып алады.

3 (16) октябрь. Бернге қайтып келгесін Ленин РСДРП Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің Стокгольмде жүрген өкілі А. Г. Шляпниковтың хаттарын алады; бұл хаттарда РСДРП Орталық Комитеті россиялық бөлегінің, Думадағы большевиктік фракцияның және Россиядағы партия ұйымдарының Лениннің соғыс туралы тезистерін мақұлдағаны, ол тезистерге қосылғаны хабарланады; хаттарда Россиядағы істің жайы айтылған және партияның империалистік соғыс жағдайындағы тактикасы мен ұрандары мәселелерін неғұрлым толық түсіндіру жөнінде Ленинге өтініш жасалады.

4 (17) октябрь — 1915 жылғы август. Ленин және, оның тапсыруы бойынша, Н. К. Крупская А. Г. Шляпников арқылы Россиядағы РСДРП Орталық Комитетінің Бюросымен, Петроград комитетімен, IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттарымен және жергілікті партия ұйымдарымен кең көлемде хат жазысады.

4 (17) октябрь. Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында оның хаттарын алғанын хабарлайды және ол арқылы «барлық орыс достарға» сәлем жолдайды; соғыс жағдайындағы революциялық социал-демократияның тактикасы мен большевиктік ұрандарды егжей-тегжейлі түсіндіреді; шовинизмге, «халықаралық оппортунизмге және оны қорғаушыларға» қарсы дәйекті түрде және ұйымдасып күрес жүргізудің маңыздылығын атап көрсетеді, центризм-каутскийшілдіктің өте-мөте зияндылы-

ғына назар аударады; Петроград комитетінің соғыс туралы листогын толығырақ баяндауды, жұмысшылардың пікірлерін, сондай-ақ Петроградтың партия ұйымдарындағы күштердің арақатынасын хабарлауды өтінеді.

Э. Вандервельденің Германияға қарсы соғыста патша үкіметін қолдауға шақырып, Думадағы социал-демократиялық фракцияға жолдаған телеграммасына большевиктер қайтаратын жауаптың Россиядан өзіне жіберілген жобасына Ленин өзінің ескертпелерін жазады.

Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында Россиядан «қуанышты хабарлар» алғанын, РСДРП-ның Орталық Органы —«Социал-Демократ» газетін шығару ісі қайтадан қолға алынғанын, кезекті 33-номерінде большевиктердің соғысқа көзқарасы туралы манифесі басылмақшы екенін хабарлайды: «Сізге,—деп жазады Ленин,— дүйсенбіге дейін манифеске енгізілетін кішкене түзету жіберемін және қол қоюшыларды *өзгертемін* (өйткені Россиямен қатынасқаннан кейін біз енді *ресмилеу* сөйлесеміз)». В. А. Карпинскийге Женевада «Социал-Демократты» басып шығару ісін ұйымдастыруды тапсырады.

4 (17) немесе 5 (18) октябрь. Ленин В. А. Карпинскийге манифеске енгізген түзетулері мен «Вандервельдеге жауапты» жібереді, «Социал-Демократтың» 33-номерін теру туралы нұсқау береді, корректурасын жіберуді өтінеді.

8 (21) октябрь. Ленин А. Г. Шляпниковқа хат жазып, онда Дума шақырыла қалған күнде большевиктік фракцияның пікір білдіруі және «дәйекті көзқарасын» мәлімдеуі қажеттігін көрсетеді; жойымпаздар мен оппортунистердің әзәзілдік әрекеттерінің қауіптілігін ескертеді, принципті бағыт ұстау қажеттігін және халықаралық оппортунизмге қарсы күресуге тастүйін бекіну керектігін атап айтады. Ленин «Вандервельдеге жауап» жөніндегі өзінің ескертпелерін осы хатқа қоса жібереді.

13 (26) октябрь. Ленин Кларанда (Швейцария) соғыс туралы реферат оқиды және реферат жөніндегі жарыс сөздің мазмұнын қысқаша жазып алады.

14(27) октябрь. Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында Россиядағы оқиғалар жайында Орталық Органға арнап жіберген деректері үшін алғыс айтады; «хаттарды да (1), адамдарды да (2), әдебиетті де (3)» Россияға Стокгольм арқылы жеткізу ісіп жолға қою жөнінде нұсқау береді; Каутскийдің, Трульстраның және басқа оппортунистердің позициясын қатты сынайды, олардың айла-шарғысын әшкерелейді; Хёглундпен және басқа солшыл швед социал-демократтарымен жақындасудың жолдарын іздестіруге кеңес береді; «қазір Россиядағы міндеттердің бүкіл түйіні Интернационалдың оппортунистері мен Каутскийге идеялық соққы беру ісін ұйымдастыру» екендігін атап көрсетеді.

Ерте дегенде 14 (27) октябрь. Ленин Цюрихтегі Халық үйінде «Соғыс және социал-демократия» деген реферат оқиды; реферат жөнінде екі кеш бойы өткен жарыс сөздің мазмұнын жазып алады. Рефератқа 400-ге жуық адам қатысты, олардың арасында түрлі елдердің социал-демократтары болды.

17 (30) октябрь. Копенгагенге М. В. Кобецкийге жазған хатында Н. К. Крупская оған В. И. Лениннің өтінішін — II Интернационалдың күйрегенін дәлелдейтін дат газеттеріндегі материалдардың қиындыларын жіберіп тұру керектігін хабарлайды.

18 (31) октябрь. Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында социал-шовинистер мен центристер шақыратын конференциялардың ешқайсысына большевиктер бармайды деп атап көрсетеді; «оппортунистердің ешқайсысына» «тікелей де, жанамалап та титтей сенім» білдірмеуді талап етеді; Швецияда социал-демократиялық әдебиет басып шығару мүмкіндігін анықтауды тапсырады; революциялық социал-демократияның басты міндеті—«отан қорғау» туралы ұранмен бүркемеленіп отырған шовинизмге қарсы, әсіресе Плехановтың, Гедтің, Каутскийдің «социалистік шовинизміне» қарсы аяусыз күрес жүргізу және революцияны насихаттау, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыруды насихаттау деп атап көрсетеді.

19 октябрьден (1 ноябрьден) ертерек.	Ленин большевиктердің Париж секциясына хат жазып, онда секция көпшілігінің революциялық социализм позициясына адал болып қалғандығына қанағаттанғандығын білдіреді.
19 октябрь (1 ноябрь).	Лениннің редакциялауымен, бір жылдық үзілістен кейін, РСДРП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің 33-номері шығады; онда РСДРП Орталық Комитетінің Ленин жазған «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесі, «Социалистік Интернационалдың жағдайы мен міндеттері» деген мақала жарияланады.
Ерте дегенде 19 октябрь (1 ноябрь).	Ленин РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесін Халықаралық социалистік бюроға жібереді.
29 октябрь мен 8 ноябрь (11 және 21 ноябрь) аралығында.	Ленин «Vorwärts» және «Arbeiter-Zeitung» газеттерінің редакцияларына хат жазып, онда өзінің Цюрихте оқылған соғыс және социализм туралы рефератын бұл газеттердің бұрмалауына қарсы наразылық білдіреді.
Ерте дегенде 31 октябрь (13 ноябрь).	Ленин немістің солшыл социал-демократтарының басылымдарына қатысқан К. Радекке жазған хатында РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесін неміс тілінде басып шығару мүмкіндігі туралы сұрайды.
Октябрь — 1915 жылғы август.	Ленин және, оның тапсыруы бойынша, Н. К. Крупская РСДРП Париж секциясымен осы секцияның секретары Г. Я. Беленький, секция мүшелері С. И. Гоппер, Л. Н. Сталь және басқалар арқылы хат жазысады.
1 (14) ноябрь.	Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында «Социал-Демократтың» 33-номері шекараға жақын маңдағы пункттердің біріне жеткізілгенін, таяу уақытта ол Россияға жөнелтілетінін хабарлайды; РСДРП Орталық Комитеті манифесінің Ла Шо-де-Фонда (Швейцария) шығатын «La Sentinelle» газетінде қысқартылып басылғаны туралы жазады және оны Женева газеттерінде бастыртуға тілек білдіреді.
	Ленин Петроградқа апасы — А. И. Ульянова-Елизароваға жазған хатында одан және

М. Т. Елизаровтан хаттар алғаны туралы хабарлайды; өзінің Берндегі өмірі мен жұмысы туралы, «Карл Маркс» деген мақаласын жазып бітіргені туралы жазады; Поронинде қалдырып кеткен кітаптарына алаңдайтынын білдіреді; «Просвещение» журналын басып шығаруды қайта қолға алудың мүмкіндіктері туралы хабарлауды өтінеді.

Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында оның «Орталық Органды алдық, тиісті жеріне жіберіледі» деген хабарына қанағаттанғандығын білдіреді; швед социал-демократтарының съезінде қалай сөз сөйлеу керектігі жөнінде Шляпниковқа нұсқаулар береді; империалистік соғыс жағдайындағы «бейбітшілік» ұранының қате екендігін егжей-тегжейлі түсіндіреді.

Лениннің тапсыруы бойынша РСДРП Орталық Комитетінің манифесі швед және норвег солшыл социал-демократтарының газеттерінде жариялату үшін А. М. Коллонтайға жіберіледі.

4 (17) ноябрь. Ленин «Карл Маркс» деген мақаласының қолжазбасын Россияға, Гранат Энциклопедиялық сөздігінің редакциясына жібереді.

Ленин Гранат басылымдары редакциясының секретарына жазған хатында «Карл Маркс» деген мақаласын жібергенін хабарлайды; К. Маркс пен Ф. Энгельстің шығармалары мен хаттарынан алынып, мақалада келтірілген, марксизмнің аса маңызды қағидалары бар цитаттардың бәрі сақталса екен деген тілек білдіреді; мақаланың корректурасын немесе оттискісін жіберуді өтінеді.

5 (18) ноябрь. Ленин Н. К. Крупскаяның В. А. Карпинскийге жолдаған хатына жазған қосымшасында «La Sentinelle»-нің РСДРП Орталық Комитетінің манифесі жарияланған 265-номерін оған салып жібергенін хабарлайды және Карпинскийден бұл манифесті басқа газеттерде бастыртуды өтінеді; манифесті кейбір француз, ағылшын және неміс газеттеріне жібергенін жазады.

7 (20) ноябрь. Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында «Социал-Демократ» газетінің 33-номерінің та-

ғы да 1000 данасын басып шығаруға нұсқау береді.

8 (21) ноябрь. Г. В. Плехановтың шовинистік үгіт жүргізуіне байланысты, Ленин В. А. Карпинскийге «Соғысқа көзқарас жөнінде орыс социалистері арасындағы әр түрлі ағымдар» деген тақырыпта И. Ф. Армандтың француз тілінде реферат оқуын ұйымдастыруды тапсырады.

9 (22) ноябрь— 1915 жылғы август. Ленин В. А. Карпинскийге жазған хаттарында «Социал-Демократ» газетінің 34—44-номерлерін шығаруға әзірлену жөнінде практикалық нұсқаулар береді.

12 (25) ноябрь. Озеркидегі (Петроград түбінде) кеңеске қатысушы большевиктердің қамауға алынғаны туралы газеттердегі хабарды оқығаннан кейін Ленин РСДЖ Фракциясының осы кеңесте болған мүшелерінің қамауға алынған-алынбағандығын анықтауды өтініп, швед социал-демократиясы басшыларының бірі К.-Я. Брантингке телеграмма жібереді.

Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында К.-Я. Брантингке телеграмма жібергенін хабарлайды; А. Г. Шляпниковтың Стокгольмнен Даннияға көшуіне үзілді-кесілді қарсылық білдіреді; Россиямен үнемі, жиі және кең көлемде байланыс жасап отырудың маңыздылығын атап көрсетеді.

15 (28) ноябрь. Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында К.-Я. Брантингтің РСДЖ Фракциясы мүшелерінің қамауға алынғанын растайтын жауап телеграммасын алғаны туралы хабарлайды; партия жұмысының қиындықтарын айтады, большевиктердің бұл қиындықтарды жеңетіндігіне сенім білдіреді; Шляпниковтан «Питерде байланыс жасауға барлық күшті» салуын талап етеді.

15 және 25 ноябрь (28 ноябрь мен 8 декабрь) аралығында. Ленин Христианияға (Осло) А. М. Коллонтайға жазған хатында РСДРП-ға жәрдемдесу жөніндегі Стокгольм тобы мүшелерінің әйелдерге арнап қабылдаған үндеу хатын жібергені үшін және Орталық Органға арнап Англия туралы деректер жіберу жөнінде ұсыныс жасағаны үшін оған алғыс айтады; солшыл интернационалистердің жақындасуы және

қарым-қатынас жасасуы қажеттігін атап көрсете келіп, Ленин Коллонтайдың «азамат соғысы» және «бейбітшілік» ұрандары туралы мәселе жөніндегі көзқарасының қате екенін түсіндіреді, «беталды бірігімпаздықтың» қауіпті әрі зиянды екендігін атап көрсетеді.

22 ноябрьден (5 декабрьден) ертерек. Ленин басқалармен бірге М. Горький де қол қойған және «Русское Слово» газетінің 223-номерінде басылған «Жазушылардан, суретшілерден және артистерден» деген үндеуді оқып, белгілер салады, кей сөздердің астын сызады; «Социал-Демократқа» арнап ««Сұңқар туралы жырдың» авторына» деген заметка жазады.

22 ноябрь (5 декабрь). Лениннің «Соғыс туралы бір неміс үні» және ««Сұңқар туралы жырдың» авторына» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 34-номерінде жарияланады.

22 ноябрьден (5 декабрьден) кешірек. Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында Женевада тұратын С. М. Семков ««Vorwärts»-тің іс-әрекетін қадағалап отыру үшін» «Vorwärts» газетіндегі ең қызықты және маңызды деген материалдардың қысқаша көшірмелерін, сондай-ақ Америкадағы неміс газеттерінен алынған көшірмелерді маған жіберіп тұрса екен деген тілек білдіреді.

26 ноябрь (9 декабрь). Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында «Социал-Демократтың» 36-номерін «кідірте тұруға тура келеді» деп жазады; Карпинскийдің «Великоростардың ұлттық мақтанышы туралы» деген мақала жөніндегі ескертпелерімен келіспейтіндігін білдіреді.

29 ноябрь (12 декабрь). Лениннің «Өлі шовинизм және тірі социализм (Интернационалды қалай қалпына келтіру керек?)» және «Великоростардың ұлттық мақтанышы туралы» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 35-номерінде жарияланады.

3(16) декабрьден ертерек. Ленин М. В. Кобецкийге хат жазып, одан Скандинавия елдеріндегі жұмысшы қозғалысы және социал-шовинизмге қарсы қимылдар туралы хабарлап тұруды өтінеді.

3 (16) декабрь. Ленин Бернде Л. Мартовтың «Соғыс және социализм дағдарысы» деген рефератына

	қатысады және жарыс сөзде оның позициясын сынап сөз сөйлейді.
9 (22) декабрь.	Ленин Москваға М. И. Ульяноваға жазған хатында одан аграрлық мәселе жөнінде өзі жазғалы жүрген кітапты бастырып шығарушы кісі іздеп табуын, сондай-ақ өзінің «Карл Маркс» деген мақаласын алған-алмағандығын Гранат басылымдары редакциясынан анықтауын өтінеді.
Ерте дегенде 15 (28) декабрь.	Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында бейтарап елдер социалистерінің Копенгагендегі январь конференциясына қатыса қалған күнде оның ұстауға тиісті позициясын белгілейді, ал хатқа жазған қосымшасында бұл конференцияға мүлде қатыспағанның өзі жақсы деген пікір айтады.
18 декабрьден 19 декабрьге (31 декабрьден 1915 жылғы 1 январьға) қараған түн.	Ленин жаңа жылға арналған кеште өзіне келген РСДРП Божи тобының және кейбір секцияларының мүшелерімен кездесіп, әңгімелеседі.
21 декабрь (1915 жылғы 3 январь).	Ленин Гранат басылымдары редакциясының секретарына жіберген телеграммасында «Карл Маркс» деген мақаласының цензуралық себептерге байланысты қысқартылуына келісетінін білдіреді.
	Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында «Социал-Демократ» газетін апта сайын шығарып тұру мүмкіндігі туралы мәселені ойластыруды өтінеді.
21 декабрь мен 1915 жылғы 3 январь (3—16 январь) аралығында.	Ленин бейтарап елдер социалистерінің 17 январьда Копенгагенде шақырылатын конференциясына көзқарас туралы мәселе жөнінде Р. Гриммен әңгімелеседі.
	Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында оған Копенгаген конференциясына қатыспай, РСДРП Орталық Комитетінің манифесін жіберумен шектелуге нұсқау береді.
22 декабрь (1915 жылғы 4 январь).	Ленин Гранат басылымдары редакциясының секретарына жазған хатында «Карл Маркс» деген мақаласының «Социализм» және «Пролетариаттың тап күресінің тактикасы»

деген екі тарауын цензура шарттарына байланысты алып тастауға өзінің келісім бергендігін растайды және осы жөнінде өкінішін білдіреді; диалектика туралы бөлімге кейбір түзетулер енгізу мүмкіндігі туралы сұрайды; саяси экономия, саясат, жұмысшы қозғалысы, философия және басқа мәселелер жөнінде Энциклопедиялық сөздікке арнап мақалалар жазғысы келетіндігін айтады; сонымен бірге педагогика мәселелері жөнінде мақалалар жазуды Н. К. Крупская өз міндетіне алар еді деп хабарлайды.

25 декабрь (1915 жылғы 7 январь).

Ленин «Социал-Демократ» редакциясы мен РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросы атынан Божи тобына жазған хатында Орталық Органнан бөлек «Звезда» газетін құруға жол беруге болмайтындығын ескертеді, материалдық қаржы мен әдеби күшті Орталық Органды шығаруға жұмылдырудың маңыздылығын атап көрсетеді.

27 декабрь (1915 жылғы 9 январь).

Лениннің «Мұнан әрі не істеу керек? (Жұмысшы партияларының оппортунизм мен социал-шовинизм жөніндегі міндеттері туралы)» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 36-номерінде жарияланады.

28 декабрь (1915 жылғы 10 январь).

Ленин Орталық Комитет Шетелдік бюросының шетелдік секцияларға хатының жобасын редакциялайды; онда шетелдік секциялардың алдағы съезі туралы және басқа мәселелер жөнінде хабарланған болатын.

30 декабрь (1915 жылғы 12 январь).

Ленин Константинопольге, буржуазиялық-ұлтшылдық бағыттағы «Украинаны азат ету одағы» басшыларының бірі М. М. Меленевскийге (Басокқа) жазған хатында оның бірлесіп қимыл жасау туралы ұсынысын қабылдамайды, революциялық социал-демократия көзқарасындағы большевиктердің буржуазияның ұлтшылдық мүдделерін қорғайтын «Одақпен» «жолы бір емес» екендігін атап көрсетеді.

Декабрьдің аяғы.

Ленин А. М. Коллонтайға жазған хатында большевиктердің соғысқа және бейбітшілік ұранына көзқарасы туралы сұрақтарға жауап беруді өтінген анкетаны—оған ағылшын Тәуелсіз жұмысшы партиясы атынан жіберіл-

	ген анкетаны алғанын хабарлайды; «құпия ұйымды және пролетариаттың буржуазияға қарсы азамат соғысын уағыздауды» бірінші орынға қою керектігін атап көрсетеді.
	Ленин ағылшын Тәуелсіз жұмысшы партиясына жауап жазып, онда большевиктердің позициясын баяндайды.
Декабрь — 1915 жылғы январь.	Ленин және, оның тапсыруы бойынша, Н. К. Крупская Софияда жүрген С. Г. Буачидземен (Ноймен) хат жазысады.
Декабрь — 1915 жылғы август.	Ленин және, оның тапсыруы бойынша, Н. К. Крупская РСДРП Лондон секциясының секретары М. М. Литвиновпен хат жазысады.

1915

4 және 11 (17 және 24) январь.	Ленин И. Ф. Армандқа жазған хаттарында жұмысшы әйелдерге арналатын кітапшаның ол жасаған жоспарына егжей-тегжейлі сын ескертпелер айтады.
14 (27) январьдан кешірек.	Ленин мына кітапшаға белгілер салады: C. Legien. «Warum müssen die Gewerkschaftsfunktionnäre sich mehr am inneren Parteileben beteiligen?». Berlin, 1915 (К. Легин. «Кәсіптік одақтардың чиновниктері партияның ішкі өміріне неліктен көбірек қатысуы керек?». Берлин, 1915). Бұл кітапшаны Ленин өзінің «II Интернационалдың күйреуі» деген еңбегінде сынайды.
17 немесе 18 (30 немесе 31) январь.	Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында оның Россияға бару жөніндегі жоспарын мақұлдайды және «оны мүмкіндігінше негұрлым жүйелі әрі толық етіп әзірлеуге» кеңес береді; «Голостың» орнына шыға бастаған «Наше Слово» газетін алғаны туралы, жойымпаздардың лагеріндегі алауыздықтар туралы хабарлайды; «Социал-Демократтың» 37-номерінің таяу уақытта шығатынын жазады.
19 январь (1 февраль).	Лениннің «Орыс Зюдекумдері» және «Ларин швед съезінде қандай «бірлікті» жариялады?» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 37-номерінде жарияланады.

23 январьдан (5 февральдан) ертерек.

Ленин А. Г. Шляпниковқа Россияға жөнелтілуге тиісті листовкаларды жібереді.

27 январьдан (9 февральдан) ертерек.

Ленин РСДРП Орталық Комитетінің Антанта елдері социалистерінің Лондонда болатын конференциясына арналған декларациясының жобасын жазады.

Ленин М. М. Литвиновқа жазған хатында Антанта елдері социалистерінің конференциясында оқылуы үшін РСДРП Орталық Комитеті декларациясының жобасын жібереді.

27 январь (9 февраль).

Ленин «Наше Словоның» редакциясына хат жазып, онда Антанта елдері социалистерінің конференциясына байланысты «ресми социал-патриотизмге» қарсы бірлесіп қимыл жасау жоспарын талқылау жөніндегі редакцияның ұсынысымен РСДРП Орталық Комитеті атынан келісетіндігін білдіреді және РСДРП Орталық Комитетінің декларациясы жобасының текстін келтіреді; Ұйымдастыру комитеті мен Бундтың «ресми социал-патриотизмді» жақтайтынын көрсетеді.

Ленин М. И. Ульяноваға жазған хатында кітаптар жібергені үшін алғыс айтады, өзінің Берндегі өмірі туралы хабарлайды; Герман социал-демократиялық партиясында антишовинистік пиғылдың өсіп келе жатқандығын көрсетеді және өзіне кітаптар, оппортунизм туралы мәселе жөнінде газеттер мен журналдардан қиындылар жіберуді өтінеді.

29 январь (11 февраль).

Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында «Наше Слово» редакциясының ұсынысы туралы хабарлайды; Халықаралық социалистік бюро Атқару комитетінің 20 февральда шақырылатыны, Англия, Франция және Россия делегаттарымен келіс сөз болатыны жөніндегі К. Гюисманстың хатын М. М. Литвиновтың салып жібергені туралы хабарлайды, бұл айла-шарғының мәнін ашады; «олармен келісімге келуге үміт аз» екенін атап көрсете отырып, «Наше Словоға» берілген жауап жайында жазады; «Россияда да, бүкіл дүние жүзінде де социал-демократияның ішінде жаңа негізгі топталыс белгіленіп келеді: шовинистер («социал-патриоттар»), олардың достары, жақтаушылары,— және антишовинистер» деп

	атап көрсетеді; Бернге келген екі плехановшылмен болған әңгіме туралы хабарлап, оларга козқарас жайында кеңестер береді.
Январьдың аяғы.	Ленин Нью-Йоркке Е. Б. Бош пен Г. Л. Пятаковқа жіберген телеграммасында Бернде РСДРП шетелдік секциялары конференциясының болатынын хабарлап, оларды конференцияға келуге шақырады.
Январьдан кешірек.	Ленин «Бөтеннің жалауы астында» деген мақала жазады.
7 (20) февраль.	Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында большевиктердің Женева секциясынан Орталық Орган—«Социал-Демократты» уақтылы шығарып тұруды жолға қою жөнінде шаралар қолдануды талап етеді.
10 (23) февраль.	Ленин Россияда Мемлекеттік думаның большевик-депутаттарының сотталуына наразылық білдірген социал-демократтар мен кәсіподақ мүшелерінің Берндегі халықаралық митингісіне қатысады.
14 (27) февральдан ертерек.	Ленин РСДРП шетелдік ұйымдарының конференциясына әзірлік ісіне басшылық жасайды, конференцияны шақыру жөнінде практикалық пұсқаулар береді, аса маңызды қарарлардың жобаларын жазады.
14—19 февраль (27 февраль — 4 март).	Ленин РСДРП шетелдік секцияларының Берндегі конференциясына басшылық етеді, конференцияның күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша «Соғыс және партияның міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасайды, конференция қарарларын талқылауға қатысады, делегаттармен әңгімелеседі.
	Ленин «Коммунист» журналын шығаруға әзірлік туралы Е. Б. Бошпен, Г. Л. Пятаковпен және Н. И. Бухаринмен Орталық Орган редакциясы атынан келіс сөз жүргізеді.
18 февральдан (3 марттан) ертерек.	Ленин мына кітапшаға белгілер салады: J. Borchardt. «Vor und nach dem 4. August 1914». Berlin, 1915 (Ю. Борхардт. «1914 жылғы 4 августқа дейін және одан кейін». Берлин, 1915); бұл кітапша туралы өзінің «Полиция мен реакционерлер герман социал-демо-

	кратиясының бірлігін қалай күзетіп отыр?» деген мақаласында жазады.
18 февраль (3 март).	Лениннің «Полиция мен реакционерлер герман социал-демократиясының бірлігін қалай күзетіп отыр?» және «Лондон конференциясы туралы» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 39-номерінде жарияланады.
27 февраль (12 март).	Ленин социалист-әйелдердің халықаралық конференциясына әзірлікке байланысты голланд социалисі Г. Роланд-Гольстке хат жазады.
10 (23) март.	Ленин интернационалистерді топтастыру жөнінде бірлесіп қимыл жасау туралы РСДРП Орталық Комитетіне Антанта елдері социалистерінің Лондон конференциясынан кейін тағы да ұсыныс жасаған «Наше Слово» газетінің редакциясына жауап хат жазады; іс жүзінде социал-шовинистерді қолдап отырған Бунд пен Ұйымдастыру комитетін «Наше Словоның» интернационалистерге әкеп қосуына өзінің келіспейтіндігін білдіреді; оппортунизмнің барлық түрлерінен ұйымдық жағынан үзілді-кесілді қол үзу интернационалистерді топтастырудың сөзсіз орындалуға тиісті шарты екенін атап көрсетеді.
11 (24) март.	Ленин Е. В. Крупскаяны жерлеуге қатысады.
13 (26) марттан ертерек.	Ленин Халықаралық социалистік әйелдер конференциясына арналған қарардың жобасын жазады.
13—15 (26—28) март.	Ленин Берндегі Халықаралық социалистік әйелдер конференциясына қатысушы РСДРП Орталық Комитеті делегациясының жұмысына басшылық етеді; конференция қарарының жобасы туралы Р. Гриммен әңгімелеседі.
13 және 15 (26 және 28) март аралығында.	Ленин ауруханада емделіп жатқан большевик А. Сковноға барып шығады.
16 (29) март.	В. И. Лениннің «РСДРП шетелдік секцияларының конференциясы», «РСДЖ Фракциясын соттау нені дәлелдеді?», «Лондон конференциясы жөнінде», «Азамат соғысы ұранының

дәлелдемесі жөнінде» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 40-номерінде жарияланады.

21 марттан (3 апрельден) ертерек.

Ленин Орталық Комитет делегациясының Халықаралық социалистік әйелдер конференциясындағы есебін қарап шығады; Халықаралық социалистік жастар конференциясына РСДРП Орталық Комитетінің делегациясын әзірлеу ісіне басшылық етеді.

21 март (3 апрель).

Ленин И. Ф. Арманд (Инесса) пен Г. И. Сафаровқа (Егоровқа) олар РСДРП Орталық Комитетіне қосылатын жастар ұйымдарынан Халықаралық социалистік жастар конференциясына өкіл болуға уәкілдік алды деген куәлік жазып (неміс тілінде), оған РСДРП Орталық Комитеті атынан қол қояды.

22—24 март (4—6 апрель).

Ленин Берндегі Халықаралық социалистік жастар конференциясына қатысушы РСДРП Орталық Комитеті делегациясының жұмысына басшылық етеді.

Марттан кешірек — сентябрьден ертерек.

Ленин француз социалисі П. Голэйдің (P. Golay) мына кітапшаларына ескертпелер жасап, белгілер салады: «Le socialisme qui meurt et le socialisme qui doit renaître». Lausanne, 1915 («Өліп бара жатқан социализм және жандануға тиіс социализм». Лозанна, 1915) және «Guerre de liberté?». Lausanne, 1915 («Соғыс бостандық үшін бе?». Лозанна, 1915). «Өліп бара жатқан социализм және жандануға тиіс социализм» деген кітапшаны талдауға Ленин «Француз социалисінің адал үні» деген мақаласын арнады.

4—6 (17—19) апрель.

Ленин Я. Богровскиймен және Я. С. Ганецкиймен жазысқан хаттарында «Социал-Демократ» редакциясының Стокгольмге көшу мүмкіндігі туралы мәселені талқылайды.

Ерте дегенде 14 (27) апрель.

Ленин «Бірінші май және соғыс» деген рефераттың немесе мақаланың жоспарын жазады.

18 апрельден (1 майдан) ертерек.

Ленин мына кітапшаға ескертпелер жасап, белгілер салады: K. Kautsky. «Die Internationalität und der Krieg». Berlin, 1915 (К. Каутский. «Халықаралықтық және соғыс». Бер-

	лин, 1915). Бұл кітапшаны Ленин өзінің «Социал-шовинистердің софизмдері» және «II Интернационалдың күйреуі» деген шығармаларында сынайды.
18 апрель (1 май).	Лениннің «Социал-шовинистердің софизмдері», «Интернационалистерді біріктіру туралы мәселе», «Буржуазияшыл филантроптар және революциялық социал-демократия» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 41-номерінде жарияланады.
19 апрельден (2 майдан) ертерек.	Ленин интернационалист-социал-демократтар клубын ұйымдастыру мәселелері жөнінде большевиктердің Париж секциясына нұсқау береді.
22 апрель (5 май).	Ленин голланд солшыл социал-демократы Г. Гортерге жазған хатында интернационалдық социалистік журнал шығару туралы идеяны мақұлдайды; неміс тілінде халықаралық социал-шовинизмге қарсы бағытталған кітапшалар шығару жоспарын ұсынады.
Апрель.	В. И. Ленин мен Н. К. Крупская 1 Майға байланысты большевиктердің Париж секциясына құттықтау жолдайды.
Апрельдің аяғы —майдың басы.	Ленин Бернде «Коммунист» журналы редакциясының ұйымдық жиналысын өткізеді.
Майдың басы— сентябрь.	Ленин «Коммунист» журналының 1-номерін шығаруға әзірлік жөніндегі жұмысқа басшылық етеді; журналға арнап мақалалар жазады; басқа кісілер жазған мақалаларды редакциялайды; бірқатар принципті мәселелер жөнінде қате позиция ұстаған және журналды өздерінің фракциялық органына айналдыруға тырысқан Н. И. Бухаринге, Г. Л. Пятаковқа және Е. Б. Бошқа қарсы күрес жүргізеді.
8 (21) май.	Лениннің «Желбуаз интернационализмнің күйреуі» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 42-номерінде жарияланады.
9 (22) майдан кешірек.	Лениннің А. М. Коллонтайға жазған хатында оның «Наше Словодағы» және «Коммуниске» арналған мақалалары жөнінде сын ескертпелер жасайды, бұл мақалаларда про-

грамма-минимумның «халықты қаруланды-ру» деген пунктіне қарсы болған Скандинавия елдері солшыл социал-демократтарының теріс позициясы мақұлданған болатын; «Коммуниске» арнап Скандинавия елдерінің социал-демократиясындағы екі ағымның—оппортунистік және революциялық ағымдардың—күресі туралы материал жинап, дайындауды өтінеді.

19 май (1 июнь).	Лениннің «Социал-шовинизмге қарсы күрес туралы» деген мақаласы, сондай-ақ ол жазған және Халықаралық социалистік әйелдер конференциясында РСДРП Орталық Комитетінің делегациясы енгізген қарар «Социал-Демократ» газетінің 42-номеріне қосымшада жарияланады. Ленин С. Г. Буачидзенің (Нойдың) болгар солшыл социал-демократтарының («тесняктардың») соғысқа қарсы күресі туралы Софиядан жазған хатын алады.
20 май (2 июнь).	Ленин С. Г. Буачидзенің (Нойдың) Балқан социал-демократиялық партиялары және олардың «Социал-Демократқа» көзқарасы туралы хабарлаған хатын алады.
20 майдан (2 июньнен) кешірек.	Ленин Болгариядан «Ново Време» журналының 3 кітабын, «Работнически Вестник» газетін және «широкий» социал-демократтардың органы —«Народ» журналының 3 кітабын алады.
24 майдан (6 июньнен) ертерек.	Н. К. Крупскаяның науқастануына байланысты Ленин Бернген таудағы шағын деревня—Зёренбергке (Швейцария) көшіп барады.
Кеш дегенде май.	Ленин К. Клаузевицтің мына кітабымен жұмыс істейді: «Vom Kriege», Band I—III («Соғыс туралы», I—III том); одан көшірмелер жасайды, ескертпелер жазады. Ленин өзінің «II Интернационалдың күйреуі», «Социализм және соғыс» деген шығармаларында осы кітаптан цитаттар келтіреді. Ленин мына кітапшаға ескертпелер жасап, белгілер салады: H. Cunow. «Parteizusammenbruch?». Berlin, 1915 (Г. Кунов. «Партияның күйрегені ме?». Берлин, 1915). Бұл кітапша-

ны Ленин өзінің «II Интернационалдың күйреуі» деген еңбегінде сынайды.

Майдың екінші жартысы — июньнің бірінші жартысы.

Ленин «Коммунист» журналына арнап «II Интернационалдың күйреуі» деген мақала жазады.

Июньнің басы — август,

Әр түрлі елдердің солшыл социал-демократтарын — интернационалистерін топтастыру және алдағы бірінші халықаралық социалистік конференцияда олармен бірлесіп қимыл жасауға әзірлену мақсатын көздеп, Ленин олармен хат жазысады; большевиктік секцияларға әр түрлі елдердегі интернационалистік элементтермен байланыс орнату жөнінде тапсырмалар береді; дүние жүзілік империалистік соғысқа байланысты партияның негізгі документтерін: РСДРП Орталық Комитетінің манифесін, Берн конференциясының қарарларын аудару және бастырып шығару ісін ұйымдастыруды тапсырады; Циммервальдта болатын халықаралық социалистік конференцияға әзірлік ісіне басшылық етеді.

6 (19) июньнен кешірек.

Ленин Бернге К. Радекке жазған хатында халықаралық социалистік конференцияны әзірлеу ісін РСДРП Орталық Комитетінен тыс жүргізгісі және онда центристік программа ұсынғысы келген Р. Гриммнің іс-әрекетін айыптайды; большевиктердің позициясын былай тұжырымдайды: «1) егер шақырса, бару керек; 2) «солшылдарды», *яғни өз* үкіметіне қарсы *революциялық қимылдарды* жақтаушыларды *ерте бастап* топтастыру керек»; 3) большевиктер атынан, голланд және неміс солшылдары атынан каутскийшілдерге қарсы қарар жобасын ұсыну керек; 4) конференцияда 2—3 шешенді сөйлету керек.

Ленин Зволлеге (Голландия) голланд социалисі Д. Вайнкопқа жазған хатында басталып келе жатқан революциялық толқуды және бейбітшілік туралы «солшыл сөздер» айту арқылы сол толқуды «тұншықтырғысы» келген К. Каутскийдің және басқа центристердің әрекеттерін атап көрсетеді; империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұранымен революциялық қозғалыстың дамуын

қолдау қажеттігін баса көрсетеді; интернационалистердің өткізілгелі отырған конференциясы туралы хабарлайды, голланд солшыл социал-демократтарының партиясы конференцияға өкіл жібере ала ма, Вайнкоп РСДРП мен голланд солшылдарының партиясы конференцияда ортақ декларацияны (немесе қарарды) бірлесіп ұсынуы мүмкін деп есептей ме деп сұрайды.

11 (24) июнь. Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында «Известия ОК»-ның 2-номерін жіберуді, сондай-ақ Женевада шығып жатқан барлық жаңа әдебиетті жіберуді өтінеді; оның жазғы демалысы мен емделуі қалай өтіп жатқанын сұрайды; көбірек велосипед тебуге және суға шомылуға кеңес береді.

11 (24) июньнен кешірек. Ленин «Коммунист» журналына арнап «Реакцияға малайлық етуді демократияны тәлкек етумен қалай ұштастырады?» деген мақала жазады.

28 июньнен (11 июльден) кешірек. Ленин А. М. Коллонтайға жазған хатында халықаралық социалистік конференцияға әзірлік жөнінде болған бірінші кеңес және алда болатын екінші кеңес туралы хабарлайды, оған швед және норвег солшыл социал-демократтарының келуі қажеттігі жайында жазады; РСДРП Орталық Комитетінің манифесін, РСДРП шетелдік секцияларының Берн конференциясының қарарларын тезірек швед және норвег тілдеріне аударуды, Скандинавия елдері солшылдарының осы негізде ортақ декларация немесе қарар әзірлеуге келісетін-келіспейтіндігін білу үшін олармен байланыс жасауды өтінеді; РСДРП Орталық Комитетінің позициясын түсіндіреді, солшылдар конференцияда ортақ идеялық декларация — социал-шовинистер мен оппортунистер міндетті түрде айыпталатын, революциялық қимылдар программасын қамтитын, «отан қорғау» ұранына және басқаларына қарсы декларация ұсынулары керек екенін атап көрсетеді.

Ленин Бернге К. Радекке жазған хатында халықаралық социалистік конференцияны әзірлеу жөнінде алдын ала болған кеңесте РСДРП Орталық Комитеті делегатының жа-

	сағаи есебін оған жіберетіндігін хабарлайды, көшірмесін алуды және оны «Lichtstrahlen» журналына жариялау үшін жіберуді өтінеді; неміс солшылдарының топтасуы және олардың бірлесіп қимыл жасауы қажет екендігін атап көрсетеді; неміс солшылдарының бір бөлегімен кеңесуді өте маңызды деп есептейтінін айтады және Радектен мұны ұйымдастыруды өтінеді.
Кеш дегенде июнь.	Ленин мына кітапшаларға белгілер салады: «Socialism and War» («Социализм және соғыс»), The Clarion Press, London; E. D. Morel. «The outbreak of the War» (Э. Д. Морел. «Соғыс қалай бұрқ ете түсті»). Бұл кітапшалар туралы Ленин «Ағылшын пацифизмі және теорияны ағылшынша ұнатпаушылық» деген мақаласында жазады.
Июнь.	Ленин «Ағылшын пацифизмі және теорияны ағылшынша ұнатпаушылық» деген мақала жазады.
Июнь — июль.	Ленин мына кітапқа белгілер салады: E. David. «Die Sozialdemokratie im Weltkrieg». Berlin, 1915 (Э. Давид. «Социал-демократия дүние жүзілік соғыста». Берлин, 1915). Бұл кітапты Ленин «Неміс оппортунизмінің соғыс туралы басты еңбегі» деген мақаласында сын көзбен талдайды және басқа еңбектерінде атап өтеді.
	Ленин «Коммунист» журналына арнап «Неміс оппортунизмінің соғыс туралы басты еңбегі» деген мақала жазады.
Июнь— август.	Ленин Орталық Орган мен «Коммунист» журналын шығару мәселелері жөнінде «Социал-Демократ» редакциясының мүшесі Г. Е. Зиновьевпен Зёренбергтен хат жазысады.
Июнь — сентябрь.	Ленин М. Н. Покровскийдің «Коммунист» журналына арналып жазылған «Соғысқа кінәлылар» деген мақаласына ескертпелер жазады, сөйтіп бұл мақаланы бұл журналда беру мүмкін емес деген қорытынды жасайды.
Июльдің басы— август.	Ленин ««Бейбітшілік» ұранын бағалау жөнінде» және «Бейбітшілік туралы мәселе» деген мақалалар жазады.

Ленин «Социализм және соғыс (РСДРП-ның соғысқа көзқарасы)» деген кітапша жазады.

8 (21) июльден ертерек.

Ленин «Империалистік соғыста өз еліңің жеңілуі туралы» деген мақаласының жоспарын жазады.

8 (21) июль.

Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында «Социализм және соғыс» деген кітапшаны Женевада арзандау ақыға тергізуге бола ма деп сұрайды; дәл смета жасап беруді және теру мерзімін көрсетуді өтінеді.

11 (24) июльден кешірек.

Ленин Д. Вайнкопқа жазған хатында оның назарын «маркстік солшылдар ұстайтын принциптердің интернационалдық декларациясын» әзірлеуді тез арада ойдағыдай аяқтау қажеттігіне аударады; солшыл социал-демократтардың халықты қаруландыру туралы мәселе жөніндегі қателерін сынайды, ұлттардың өзін өзі билеу правосын қорғаудың маңыздылығын атап көрсетеді; Г. Роланд-Гольсттің центристік позициясын айыптайды; солшыл социал-демократтардың аса маңызды міндеті —«бір жағынан, марксист солшылдардың, екінші жағынан, оппортунистердің (және каутскийшілдердің), анархистердің арасын айқын айыру» екендігін көрсетеді; революциялық күрес мәселелерін құпия баспасөзде бұқараға түсіндіру қажеттігін атап айтады.

13 (26) июльден ертерек.

Ленин солшыл социал-демократтардың алда болатын бірінші халықаралық социалистік конференцияға арналған қарарының (декларациясының) жобасын жазады.

13 (26) июль.

Ленин А. М. Коллонтайға жазған хатында ұлттардың өзін өзі билеу правосы сияқты, халықты қаруландыру туралы программалық талаптың да маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіреді, кейбір солшылдардың бұл мәселелер жөніндегі позициясының қате екенін атап айтады; солшыл интернационалистердің халықаралық социалистік конференцияға арналған декларациясы (қарары) жобасының Коллонтайға жіберілгенін хабарлайды, оны аударып, Швеция мен Норвегиядағы солшылдарға табыс етуді және өз ескертпелерін хабарлауды өтінеді.

Лениннің «Империалистік соғыста өз үкіметінің жеңілуі туралы» және «Россия социал-демократиясындағы істің жайы туралы» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 43-номерінде жарияланады.

14 (27) июльден ертерек.

Ленин Д. Вайнкопқа жазған хатында оған солшылдардың бірінші халықаралық социалистік конференцияға арналған қарары жобасының жіберілгенін хабарлайды.

15 (28) июль.

Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында «Социализм және соғыс» деген кітапша «түгел жазылып болды» деп хабарлайды да, оның басылып шығуын тездетуді өтінеді.

17 (30) июльден кешірек.

Ленин Германиядағы орыс тұтқындардан бірқатар сұрақтарға жауап беруді өтінген хат алады.

Лениннің тапсыруы бойынша, Н. К. Крупская герман тұтқынындағы соғыс тұтқындарымен хат жазысады.

22 июльден (4 августан) ертерек.

Ленин К. Радекке жазған хатында оның Д. Вайнкопқа жазған хатын алғанын және өзінің жазған қосымшасымен бірге хатты тиісті жеріне салып жібергенін хабарлайды; халықаралық социалистік конференцияда декларацияны солшылдардың атынан енгізу үшін РСДРП Орталық Комитеті декларацияның жобасын әзірлеп қойғанын айтады, түзетулерді немесе қарсы жобаларды тезірек жіберуді өтінеді; солшыл социал-демократтарға принциптер туралы айқын, толық және дәл декларация бәрінен де гөрі маңыздырақ екендігін атап көрсетеді; неміс солшыл социал-демократтарының топтасуының және олардың дәл декларация ұсынуының маңыздылығын айтады; Радектің бұл мәселе жөніндегі теріс позициясын сынайды.

2 (15) август.

Ленин Д. Благоевтің Балқандағы революциялық қозғалыс және империалистік соғысқа қарсы күрес туралы хабарлаған хатын алады.

2 немесе 3 (15 немесе 16) август.

Ленин Женеваға С. Н. Равичке жазған хатында «Социализм және соғыс» деген кітапшаны басып шығару жөнінде нұсқау береді,

РСДРП Орталық Комитетінің манифесін, Орталық Комитеттің ұлт мәселесі жөнінде партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесінің (1913) қарарын және РСДРП шетелдік секциялары Берн конференциясының қарарларын кітапшаға қосымша ретінде беру қажеттігі туралы жазады.

3 немесе 4 (16 немесе 17) август. Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында РСДРП Орталық Комитетінің манифесіне Европа Құрама Штаттары ұраны туралы редакция атынан жазылған ескертудің текстін жібереді және оны манифестің тиісті жеріне енгізуді өтінеді.

6 (19) августан ертерек. Ленин А. М. Коллонтайға жазған хатында халықаралық социалистік конференцияға әзірлік жөнінде алдын ала болатын екінші кеңесті шақырудың кейінге қалдырылғанын хабарлайды; Швеция мен Норвегияның солшыл социал-демократтары конференцияға шақырылуға өздері күш салуға, ал өздерінің өтініштерін, мәлімдемелерін, декларацияларын РСДРП Орталық Комитетіне жіберуге тиісті екенін көрсетеді; декларацияның жобасы жөніндегі түзетулерді жіберуді өтінеді; «түрлі елдер солшылдарының бәрімізге ортақ манифесіне (конференцияға қарамастан)» Скандинавия солшылдары келісер ме екен деп сұрайды.

6 (19) август. Ленин Бернге В. М. Каспаровқа жазған хатында 5 сентябрьде халықаралық социалистік конференция ашылады деп хабарлайды; соған дейін «Социализм және соғыс» деген кітапшаның неміс тілінде шығуының маңыздылығын атап айтады; оған кітапшаның тезірек басылып шығуына жәрдемдесуді өтінеді.

Ленин К. Радекке жазған хатында халықаралық социалистік конференцияға арналған декларацияның ол жазған жобасын былай деп сынайды: «Социал-шовинизм және (=) оппортунизм туралы және бұларға қарсы күрес туралы бір ауыз сөз жоқ!! Зұлымдықты бүйтіп боямалаудың және жұмысшы бұқарасынан олардың социал-демократиялық партиялардағы басты жауын жасырудың не керегі бар?... Сіздің жобаңыз шектен тыс

«академиялық» нәрсе, айбынды үндеу емес, айбынды манифест емес»; декларацияның өзі жазған жобасының немісше аудармасын және РСДРП Орталық Комитетінің ұлт мәселесі жөнінде партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесі (1913) қарарының аудармасын жіберуді өтінеді; конференцияға дейін «Социализм және соғыс» деген кітапшаны неміс тілінде басып шығарудың маңыздылығын атап көрсетеді.

6 (19) августан кешірек.

Ленин А. М. Коллонтайға жазған хатында норвег солшылдарының мәлімдемесін алғанын хабарлайды; солшылдардың бірлесіп интернационалдық қимыл жасауының маңыздылығын атап көрсетеді; соғыс типтерін айыра білу және ұлт-азаттық соғыстарын қолдау қажеттігін түсіндіреді.

10 (23) август.

Ленин А. Г. Шляпниковқа жазған хатында оның Россияға баруына байланысты нұсқау береді; «Социал-Демократ» газетінің 44-номерінің, «Коммунист» журналының, «Социализм және соғыс» деген кітапшаның шыққанын хабарлайды; Россиядағы оқиғалар большевиктер позициясының және «өз үкіметінің соғыста жеңілуі» ұранының дұрыстығын растап отырғандығын қанағаттанғандықпен атап айтады, соғыстағы сәтсіздіктер патша өкіметін шайқалтуға көмектесетіндігін, Россияның және басқа елдердің революцияшыл жұмысшыларының одақтасуын жеңілдететіндігін атап көрсетеді; партияның патша өкіметін жеңген жағдайдағы тактикасын белгілейді; басшы топтарды 2—3 орталыққа мейлінше астыртын топтастыру, Россияда Орталық Комитеттің Бюросын қалпына келтіру, оның Орталық Комитеттің Шетелдік бюросымен байланысын берік әрі тұрақты етіп жолға қою қажеттігін көрсетеді.

В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 44-номерінде жарияланады.

10—14 (23—27) август.

Ленин «Социализм және соғыс» деген кітапшасының корректурасын оқиды; В. А. Карпинскийге және С. Н. Равичке жазған хаттарында корректурадағы түзетулер мен то-

лықтырулар туралы нұсқау береді, кітапшаның неміс тіліне аударылуын ұйымдастырады.

23 августан (5 сентябрьден) ертерек.

Ленин Лозаннаға Е. И. Ривлинаға жазған хатында халықаралық социалистік конференцияның ашылуы 5 сентябрьге белгіленді деп хабарлайды; социалистер П. Голэй мен Ш. Нэннің конференцияға қатысуы керек екені туралы олармен сөйлесуді және олардың пиғылы туралы өзіне жазып жіберуді өтінеді.

Ленин А. М. Коллонтайға жазған хатында конференция 5 сентябрьге белгіленді деп хабарлайды; швед және норвег солшыл социал-демократтарының өкілдері Швейцарияға 3 сентябрьден кешікпей жетуі үшін олардың келуін тездетуді өтінеді; «Prinzipienerklärung түрде *оппортунизмге*= социал-шовинизмге аяусыз (ажырасып кетуге дейін) күрес жариялау керек пе, жоқ па — бұл күрестің түйіні болады» деп атап көрсетеді.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1915 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Л 40 Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық. Т. 1— Алматы, «Қазақстан», 1973—- (Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм ин-тының филиалы).

Т. 26. Июль, 1914—август, 1915. 1978 С 632 бет.

3 К2

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
А. П. Смирнова

Дайындаушының көмекшісі
В. А. Мыльников

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Я. С. Цырульников

Есімдер көрсеткішін дайындағандар
С. Ф. Буточникова және *Г. Б. Кавганкин*

Редактор *В. Я. Зевин*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

ИБ №680

Сдано в набор 18/VII-1977 г. Подписано к печати 12/V-1978 г.
Формат 84×108 1/32—20,75+1 вкл. 1/16 п. л.—34,86 усл. п. л. (32,76 уч.-изд. л.)
Бумага № 1. Тираж 15000 экз. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан»
г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 2213. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.